

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ХРЕСТОМАТИЯ
2-ТОМ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ



ХРЕСТОМАТИЯ
2-ТОМ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

СЕРІК ЖҰМАБЕКҰЛЫ

ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛИСТИКА

ХРЕСТОМАТИЯ

2-том

Алматы,
«Қазақ университеті»
2025

ӘОЖ
КБЖ
Ж

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№ 4 хаттама, 20.12.2024 ж.);*

Пікір жазғандар:

Филология ғылымының докторы, профессор **К. Қамзин**
Филология ғылымының кандидаты, доцент **С. Медеубек**

Құрастырған:

Жұмат Орынбасар

Жұмабекұлы Серік

Журналистік шеберлік: Әскери-экономикалық журналистика.
Хрестоматия / С. Жұмабекұлы, құраст. О. Жұмат, Алматы: Қазақ универ-
ситеті. – 2025. – 436 бет.

ISBN

Кеңестік кезеңдегі одақтас республикалар тәуелсіздік алғаннан кейін ғана өз қарулы күштерін жасақтағаны белгілі. Бірақ қорғаныстың мықты болуы қашанда экономикамен тығыз байланысты. Сондықтан, бұл екі тақырыпқа қатар қалам тарту қажеттілігі сол кездегі журналистердің алдына жаңа міндеттер жүктеді.

С. Жұмабекұлының әскери өмір мен ел экономикасы жөнінде жазған мақалалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Қолдарыңыздағы жинақтың «Әскери-экономикалық журналистика» аталуы да сондықтан.

Хрестоматия жас журналистер мен жоғары оқу орындарының журналистика факультетінде оқып жүрген студенттерге, магистранттарға арналады.

Автордың редакциялауымен шығарылды.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Жұмабекұлы Серік, 2025
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2025

АЛҒЫ СӨЗ

Мен бұл жинаққа топтастырылған мақалалардың бәрін кезінде баспасөз беттерінен толық оқыдым және автордың кейбір орынды ой-пікірлерін өз жұмысыма пайдаланып отырдым десем, артық айтқандығым болмас.

1992 жылдың 7 мамырында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі құрылған сәттен бастап сол кездегі қорғаныс министрі, Кеңес одағының батыры, Халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтың, одан кейінгі армия генералы, Халық қаһарманы Мұхтар Алтынбаевтың, генерал полковниктер Әлібек Қасымов пен Сәт Тоқпақбаевтардың баспасөз хатшысы және министрліктің баспасөз қызметінің басшысы болып, отставкаға шыққанға дейін қызмет еттім. Сол кездегі қалыптасқан ахуалға байланысты Ел Тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және оның дамуын қорғау мақсатында кәсіби армия құру үшін жағдайлар жасалынды.

Қарулы Күштерді құрудың бастапқы кезеңінде ұлттық әскери кадрлардың жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналды. 1992 жылы Қазақстанда жалғыз әскери оқу орны – Алматы жоғары әскери командалық училищесі (АЖӘКУ) ғана болды. Сондықтан, алдымызға отандық әскери білім беру және ұлттық кадрларды даярлау жүйесін түбегейлі қайта құру жөнінде міндет қойылды. 1993 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасы әскери доктринасының алғашқы концепциясы қабылданды.

Қарулы Күштердің материалдық базасын үнемі нығайтуды және кадрлық құрамды жоғары білікті мамандармен толықтыру мәселесі үнемі назарда ұсталды. Бұл шартты түрде ішкі әскери реформа деп аталды. Осы бағытта әскери құрылыстың нақты кезеңдері белгіленді:

Бірінші кезең – келешектегі армия құрылысы үшін заңдық және нормативтік базаны жасау, келісім-шарт бойынша баламалық қызметке кезең-кезең бойынша көшу.

Екінші кезең – армияны қазіргі кездегі заманауи технологияға негізделіп жасалынған қару-жаракпен және техникамен қайта жабдықтау.

Үшінші кезең– армиямызды дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдері Қарулы күштерінің дәрежесіне жеткізу.

Қарулы Күштер құрылысы – өте күрделі, көп қырлы болып келеді. 1997 жылғы 17 қаңтардағы Қарулы Күштердің үш түрі құрылды және Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштер Бас штабы арасындағы міндеттер бөлініп берілді. Осы мезеттен бастап әскерді реформалау барлық әскери қызметшілер міндетіне айналды. Қарулы Күштер басшылығы мен бүкіл жеке құрам қазіргі жағдайға түсіністікпен қарай отырып, болашаққа үлкен сенім артты және әскери құрылыс жөніндегі белгіленген мемлекеттік жоспарды орындауға кірісті. Қарулы Күштерімізді жаңғырту мүддесіндегі мемлекеттің ішкі саясаты Қорғаныс министрлігі қызметінің негізгі жұмысы болып табылды. Жетекші мемлекеттер – Ресей, Қытай, АҚШ, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт формасында және НАТО бағдарламалары шеңберінде екі жақты әскери ынтымақтастық табысты дамыды.

1997 жылы Ресей Қарулы күштерімен бірге бірнеше әскери жаттығулар өткіздік. Сол жылы Америка әскерілерімен бірге «Баланс-Каяк» әскери жаттығулары әріптестер тарапынан жоғары бағаға ие болды. «Ортазбат-97» әскери жаттығулары бінеше жыл бойы өз жалғасын тапты. Алыс-жақын шетелдермен бірлескен халықаралық деңгейдегі мұндай әскери оқу-жаттығулары бүгінге дейін жалғасын тауып келеді. Сөйтіп, біз өзімізді қорғау үшін ғана қолға қару ұстайтынымызды бүкіл әлемге дәлелдедік. Осы жаттығулар мен әрбір әскери оқиғаларды республикалық басылымдарда көрсетіп отыру ісі баспасөз қызметіне жүктелді. Редакциялардан әскери өмірдің қырсырын білетін журналистерді тартуға тырыстық.

Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстандағы» құқық бөлімі «Құқық және әскери патриоттық тәрбие» деп аталынып, уақыт талабына сай қайта құрылды. Осы кезден бастап оның меңгерушісі С.Жұмабекұлы бізбен және басқа да күштік құрылымдардың мамандарымен тығыз байланыста жұмыс жасады. Кез келген уақыт-

та әскерилермен бірге іссапарға аттануға даяр тұратын. Қазақстанның ішкі және сыртқы жақта да өтіп жатқан жаттығулардың ешқайсынан қалған емес.

Тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштерін құру басталғанда алдымен қазіргі өмір талаптарына сәйкес келетін әскери жарғыларды әзірлеудің қиын да жауапты жұмыстары қолға алынды. Әскери терминдерді мазмұн-мағынасына нұқсан келтірмей, жалпыға бірдей түсінікті етіп әзірлеу үшін тіл мамандарын, әскери тарихшыларды, журналистерді жұмылдыруға тура келді. Бұл іске де С. Жұмабекұлы белсене араласты.

С. Жұмабекұлы құқық, әскери тақырыптармен қоса, экономика тақырыбына да еркін қалам тартты. Себебі, әскердің мықты болуы елдің экономикасымен тікелей байланысты екендігі түсінікті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жанармай тапшылығы салдарынан еліміздегі соғыс техникаларының бәрі қаңтарылып қалғанын былайғы жұрт біле бермейді. «Егемен Қазақстан» газетінде экономика тақырыбына қалам тарқанда С.Жұмабекұлы оны міндетті түрде әскери қорғаныспен байланыстыра жазатын. Қорғаныс министрлігіне мемлекеттен бөлінетін қаражат көлемінің аздық ететінін, оны көтеру қажеттігін дәлелдеп жазған талдамалы мақалалары парламентшілердің назарын аудартқаны да есімізде.

Қорғаныс министрлігі, Республика парламенті оның бұл табанды еңбегін дер кезінде бағалай білді. Сол ізденістердің нәтижесінде өз қаламынан туған, әскери және экономикалық тақырыптарды қаузаған журналистік шығармаларын топтастырып, студенттерге көмекші құрал ретінде ұсынған мына ниетін қуана құптаймын, сәттілік тілеймін!

Алтынбай Дәуренбеков,
ҚР Қорғаныс министрінің алғашқы
баспасөз хатшысы,
отставкадағы полковник



I БӨЛІМ

ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТИКА



1.1. ОТАНШЫЛДЫҚ РУХПЕН



ҰЛТТЫҚ АРМИЯ ҚҰРУ ҚИЫН ЕМЕС

«Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің Қарулы Күштерін құруға құқылы»... делінген желтоқсанның 16-сы күні қабылданған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заңының 16-бабында. Осыған байланысты республикамыздың халық депутаты, ішкі әскери полктің командирі, подполковник Болат Бақытжанұлы Жаңасаевқа жолығып, одан көкейде жүрген бірер сауалдарға жауап алудың сәті түскен еді.

– Бәке, республикамыз міне, өз тәуелсіздігін жариялады. Алайда шынайы тәуелсіздікке қол жеткізу үшін әлі талай шараларды жүзеге асыруға тура келеді. Соның ішіндегі ең маңыздысы – республиканың өз Қарулы Күштерін, дәлірек айтсақ, ұлттық армия құру мәселесі болып табылады. Ендеше өзіңіз сияқты қол бастаған сап командирінің осы жөніндегі пікірін білгіміз келеді.

– Тұрасын айтайын. Бізге ұлттық армия бүгінгі таңда ауадай қажет.

Мен өзім басқаратын полкіммен бұрынғы Одақтың «қиян-кескі» жерлерінің бәрінде болып қайттым. Небір сұмдықтың куәсі болдық. Бір түсінгенім, сыртқы күштің көмегімен бір елдің ішіндегі дау-жанжалды шешу мүмкін емес.

Бұған дейін «халық пен армия біртұтас» деп ұрандап келдік. Ал, халқымыз біртұтас болмай шықты ғой. Әрқайсысы өз тәуелсіздігін алып, жеке отау құрып жатыр. Бұл – құптарлық жайт. Енді, қарапайым логикаға жүгінсек, армия да бұрынғыдай біртұтас күйінде қала алмайтыны ақиқат.

– Сонда мұның соңы неге әкеп соғады? Ертең сәл нәрсеге бола бұрынғы одақтастар бір-біріне мылтық кезеніп шыға келмей ме?

– Қазақта «Өз қотырыңды өзін қасы» деген нақыл бар. Яғни, өзіңнің ауырған жерінді өзіңнен артық ешкім жақсы сезіне алмайды деген сөз бұл.

Ал біз біреулердің «ауырған» жерін «емдеп» береміз деп жүріп, талай рет жараның аузын жұлып алғанымызды байқамадық... Ойымды жеткізе алдым ба сізге?

–Түсінікті...

– Одан әрі тыңдаңыз. Бір-бірімізге ешқашан мылтық кезенбейміз. Егер әр республиканың Қарулы Күштері тек өз Президентіне бағынатын болса, қалайша ондайға жол берілмек? Көрші мемлекеттердің қарулы күштері ел басшысының рұқсатынсыз өз беттерімен әлдекімдерге қарсы шабуыл жасапты дегенді естігеніңіз бар ма?

– Дегенмен, біздің армияның негізгі күретамыры, дәлірек айтсақ, ядролық қару бұрынғы орталықтың билігінде қалатыны белгілі...

– Дұрыс айтасыз. Ол солай. Ядролық қаруға бір орталықтан қадағалау жасалмаса, бүкіл Жер шарына қатер төнуі мүмкін. Сондықтан, бір үйлестіру орталығының болғаны дұрыс.

– Сонда ол үйлестіруші кім? Сол «үйлестірушіміз» күндердің күнінде тағы да «үйретуші ағайымыз» болып шыға келмесіне кім кепіл.

– Сіз мені үлкен саяси тақырыпқа қарай жетелеп бара жатқандайсыз. Өзіңізбен сөйлесіп отырған-қатардағы көп командирлердің бірі ғана екенін ұмытпағайсыз.

– Сіз қатардағы командир ғана емес, халық қалаулысы, республика парламентінде жеке дауысқа ие депутатсыз...

– Мейлің, бұл жайында тереңдей ой айтуға дайынмын, тек бәрін жарияласаңыз болды да.

«Үйретуші ағайдың» енді бізде болмайтынына сенген жөн. Кез-келген үйлестіру орталығы, мейлің ол экономика саласында, не саяси мәселеде болсын, оның статусы ынтымақтас мемлекеттердің статусынан төмен тұруы керек. Яғни, арадағы кеңесші, делдал, үйлестіруші қызметтен басқаға қол сұға алмайтындай болып құрылады деп ойлаймын.

– Ойыңызды түсіндім. КСРО Қарулы Күштерінің үйлестірушілік қызметі қазіргі республикааралық экономикалық үйлестіру кеңесі сияқты ғана роль атқарады демекшісіз ғой.

– Дәл солай болмағанмен, соған жуықтау...

— Енді өз ішкі әскеріміздің тәуелсіз мемлекет жағдайындағы құрылымына оралайықшы.

— Біздің ішкі әскер қазір тікелей Республика Президентінің құзырына қарайтын болды. Бірақ оның әлі толық жүйесі жасалған жоқ. Осыған орай, көкейде жүрген мына бір ойларды ортаға сала кетейін.

Біріншіден, республиканың ішкі әскерлері туралы арнайы заң қабылдап, оның статусын бекіту керек. Сондай-ақ, олардың міндеттері мен құқын, басқа органдармен арақатынасын айқындайтын өзіндік құқы мен айқындамасын анықтап алған дұрыс. Әскери сапта қызмет ететін адамдардың жеке басы мен жанұяларының қауіпсіздігіне кепілдік берілуі қажет.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, ішкі әскери бөлімшелер тек қана республика Президенті мен республика Жоғарғы Кеңесіне бағынатындай етіліп жасақталуы керек. Себебі, Қазақстан Президентінің «Әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығында «Әскерге шақырылғандарды Қазақ ССР-нен тысқары жердегі «әскери-құрылыс отряды мен ішкі әскерлерге жіберуге жол берілмесін» делінген. Ал, Горбачевтің «КСРО Ішкі істер министрлігіне қарасты ішкі әскери құрамалар туралы» Жарлығында ішкі әскерлер республикааралық Қарулы Күшке бағынатындығын айта келіп, олар өз республикаларынан тыс жерлерге пайдаланылмайды дейді. Мұны қалай түсінуге болады? Бүйтіп бұлталақтатудың керегі жоқ. Менің ойымша, ішкі әскери құрамалар тек өз республикамызда шоғырланып, тек бірақ адамға, Президентке бағынғаны дұрыс.

— Болашақ ұлттық армияның негізі осылай қаланады демекшісіз ғой?

— Дәл қазір ұлттық армия құруға бізде мамандар жеткіліксіз. Оны жылдам арада дайындау үшін республикамыздағы әскери оқу орындарына жергілікті ұлт өкілдерін көптеп қабылдап, олардың кедергісіз түсуіне жеңілдіктер жасалғанын қалар едім. Республика Ішкі істер министрлігінің жоғары мектебінің жанынан әскери факультеттер ашылса, ондағы дәріс қазақ тілінде жүргізілсе қандай ғанибет. Жоғары шенді командирлер

дайындаудың бір жолы осы. Ал кіші командирлерді қысқа мерзім ішінде өзімізде-ақ (бөлімшелерде) дайындай аламыз.

– Тек қазақ жастарынан ба?

– Енді... өздері ынта білдірсе басқа ұлт өкілдерінің де қолын қағуға болмайды ғой.

– Шындығын айтыңызшы, біз өз ұлттық армиямызды құра аламыз ба?

– Ол соншалық қиын шаруа емес. Тек құр сөз бен желбуаз теорияның жетегіне ере бермей, ақылмен іс жасасақ болды. Еп-теп сабырлылық та қажет. Уақыт өзі бәрін орнына қояды.

– Кейінгі жылдары армияда қазақ балаларына теперіш көрсететіні туралы көп айтылып жүр. Сіз басқаратын полктегі жағдай қандай?

– Мен басқаратын полкте ондай келеңсіз құбылыс болған емес, болмайды да. Ресейдегі әскери құрамаларда ұлтараздықтың ұшқыны бар екені рас. Өз республикамызда әскери борышын өтеп жүрген жігіттерден ондайды естіген емеспін.

– Сіз басқаратын полктің ұлттық құрамы қандай?

– Қазір барлығы қазақтар десем де болады.

– Ал командирлер ше?

– Өзірге менен басқа төрт қазақ командирі бар. Біреуі рота, екеуі взвод басқарады. Енді біреуі полктің спорт жөніндегі бастығы.

– Өз семья жағдайыңыз қалай? Жасыңыз нешеде?

– Жасым отыз тоғызда, бір қызым, бір ұлым, бір әйелім бар (күлкі).

– Қай жерде туып өстіңіз?

– Ақтөбе облысының Темір қаласында.

– Ұлыңыз есейіп қалған шығар?

– Алтыда.

– Есейгенде кім болғысы келеді?

– Әкем сияқты кәмәндір болам дейді.

– Талабыңа нұр жаусын. Енді бір санаулы жылдардан кейін өзіңізді генерал шенінде көргенге жазсын деп тілеймін.

– Айтқаныңыз келсін, рахмет!

САРБАЗ НЕГЕ САПТАН ҚАШАДЫ?

Бұрындары «Ойбай, қыз қашып кетіпті» дегенді естуші едік. Ал енді ел қорғаны-жауынгерлер айдың-күннің аманында саптан қашты дегені не сұмдық?..

Ұлтаралық қақтығыстар ушығып, қан төгіліп жатқан басқа республикалардағы жауынгерлер жөнінде әңгіме бір басқа. Оның үстіне әр республика өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері ұлттық армия құру, ант беру мәселесіне байланысты жағдай күрделене түсті. Сондықтан, оларды түсінуге болады.

«Біреу қыз алып қашса, біреуі босқа қашыпты» дегендей, өз республикамызда әскери қызметін өтеп жүргендерге не көрініпті сонда. Әлде олар өзі тұрған көшеде, өзінің үйінің ауласында әскери борышын өтегісі келе ме екен? Онда олардың есік алдында «тах-тух» ойнап жүрген балалардан айырмашылығы қайсы?

Республика қорғаныс комитетінің өкілдері бастаған арнайы комиссиямен бірге Шымкент маңындағы әскери әуе күштері полкіне бет түзеуімізге осындай оқиғалар себеп болған еді. Өйткені, ол полктен таяуда 5 жауынгер саптан қашқан. Солардың өзімен ауызба-ауыз тілдесіп, келеңсіз құбылыстың себеп-салдарына көз жеткізсек дегенбіз. Мұнда келгенде алғаш бас сұққан жеріміз командирлер асханасы болды. Асханадағы дастархан мәзірінде, даяшылардың қалқысыз қызметінде мін жоқ. Тағам түрлі де әр алуан. Астанадағы ең жоғары сапалы ресторандардың өзі бұған астар бола алмайтыны анық. Бұдан кейін қатардағы жауынгерлер тамақтанатын асханаға да бас сұқтық. Іші күнгірт, ойдым-ойдым тас еденді суық залдың әр жерінде үстелдермен орындықтар қойылыпты. Әйтеуір, асхана деген аты болмаса, адам тамақ ішетін жерге онша ұқсамайды. Сонау елуінші жылдарда, оның өзінде сол кезде бір-екі жылға ғана есептеліп уақытша салынған ескі ғимараттардан тұратын

әскери лашықтағы жауынгерлердің көңіл-күйлері пәс көрінді. Ешқайсысы әңгімелескісі жоқ.

Алматыдан келген қос полковникті бетке ұстап, казармаларды аралап жүрміз. Арамызда Шымкент облысының соғыс ардагерлері комитетінің төрағасы, бұрынғы полковник Петр Бораев, Шымкент облыстық әйелдер комитетінің төрағасы Зоя Руднева, республикалық Жастар комитетінің қызметкері Назымбек Боқаев, тағы басқа адамдар бар.

Біз ішке енгенде әскери тәртіппен «Сәлем!» беріліп, кезекші сержант республикалық Қорғаныс комитетінен келген полковник М. Шәмпиев жолдасқа қысқаша жағдайды баяндап өтті. Полковник олармен жылы шырай таныта амадасып, бір жағын әзілге бұра әңгімеге тартты.

– Қайдан келдің?

– Әзірбайжан республикасынан.

– Өз республикаңа «кету» ойда жоқ па?

– О не дегеніңіз, жолдас полковник, әскери борышымды аяқтап бір-ақ қайтам.

– Міне жігіт! Ал осындағы қазақстандықтардың кейбіреуі өз жерінде әскери борышын өтегісі келмей, үйлеріне қашқаны несі? Олар туралы не білесің?

– Қайдам, мамасы мен папасын сағынған шығар.

– Әлде, сендер ренжіттіңдер ме?

– Олай етсек шындықты өздері айтсын. Кінә бізде болса, қылша мойнымыз шылша...

Полковник пен жауынгерлердің арасында болған қысқаша әңгімені сол күйінде келтіріп отырған себебіміз, кейінгі кезде әскерилердің арасында ұлтараздық қатынастар ушығып кетті деген сыбыстар бар. Соны енді қатардағы жауынгердің өз аузынан бергіміз келген.

Сыртқа шыққан соң полк командирінің көмекшісі, подполковник С. Розев жолдастан осы полктен қашып кетіп, қайта оралған бес жігітпен кездестіруді өтіндім. Олар мұнда әлі қайтып оралмапты. Мен оларды қазақ жігіттері шығар деп

жорамалдағанмын. Себебі, кейінгі кезде редакциямызға жауынгерлерден келіп түсіп жатқан хаттардың бәрі өз жерлестерімізден. Көбісінің мағынасы басқа ұлт өкілдері тарапынан қорлық көріп жүрміз, елімізге қайтамыз деген сыңайда жазылатын. Сөйтсем, жаңағы қашқындардың екеуі – украин, біреуі өзбек жігіті екен. Бұдан кейін көңіліме күдік кірді. Себебі бұл полкта әскерин борышын өтеп жүргендерінің дені қазақтар. Басқа ұлт өкілдері саусақпен санарлықтай ғана. Құдай ұрғанда біздің қандастарымыз көптігін пайдаланып, өзгелерге қоқан-лоққы көрсетпесе игі еді деген ойдың ұшығы да жылт ете қалды. Енді осы төңіректе командирлерден сыр суыртпақтауға тырыстым. Бұл жөнінде полктағы праволық жұмыспен айналысатын майор А. Дранкин былай дейді:

«– Жасыратын несі бар, қай ұлт өкілі көп болса, солар жауынгерлердің арасында үстемдік жүргізеді. Осы індеттің алдын алу қиынға соғып тұр. Бұрынғы «дедовщина» дегеніміз мұның жанында түк емес екен. Оның үстіне кейінгі жылдары «ұлтараздығы» деген шықты. Бәрінен қауыпты осы болып тұр. Себебі, армияға жаңа ғана келген, әлі ештеңе білмейтін жастар алдыңғы аға буын өкілдерінен үйреніп, тәжірибе жинақтаудың орнына өздерінің ұлттық басымдылығын пайдаланып, соларға дегендерін істеуге тырысатынын қайтерсің. Армияда жас жауынгер өз бетімен бірдеңе үйренуі қиын. Олардың әр қайсысының жанына бір-бір командирден қоя алмайсың. Біздің полк әскери-әуе қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жасақ екені белгілі. Ал мұнда самолетпен аспанға ұшатындар, негізінен командирлер. Жердегі қызметтің көбісін қатардағы жауынгерлер мен механиктер атқарады. Біздер аспанда ұшып жүргенде бар тағдырымыз жердегілерге байланысты. Егер олар сәл мүлт кететін болса, зулап келе жатқан самолетті аспанда тоқтата алмайсың. Сонда іс тетігін білетін тәжірибелі жауынгер жаңа келген жауынгерлерге жалтақтап, өз міндетін дұрыс атқара алмай жатса, күніміздің не болғаны? Қазір осы полктағы жауынгерлердің барлығы дерлік қазақтар. Оған дейін әзербайжан-

дар көп болған. Мәселе қай ұлттың өкілі көп жиналғандықта емес, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұжымдаса қимыл жасамасақ, ештеңеге қол жеткізе алмаймыз. Менің ойымша, мына қалпымызбен біртұтас армияны сақтап тұрудың өзі қиынға түсер...»

Майор Драникикінің бұл әңгімесінен байқағанымыз, кейінгі жылдарда армияда тәртіп босап кеткен. Қатардағы жауынгерлер бірін-бірі сыйламақ түгілі, командирлердің өзін құрметтейтін сияқты. Сырт көз сыншыл келеді дегендей, полкты аралап жүргенімізде байқағанымыз, жауынгерлер полковниктен төменгі шенділерге сәлем беруді де қойған сыңайы бар. Сонда мұның себебі неде деген сұрақ еріксіз туындайды. Қазіргі кез келген азамат бір кезде әскери қызмет өтеген жауынгерлер екені белгілі. Еріксіз өзімнің жастық шағым еске оралды. Ол кезде әскери жарғы бойынша командирлер тұрмақ кіші сержант немесе ефретордың өзіне «сәлем» бермей жанынан өте алмаушы едік. Сол жарғы әзірге өзгерген жоқ. Ендеше оны орындауға не бөгет? Әлде заң-жарғыларды аяқ асты ету «ауруы» армияға да жеткен бе? Бір байқағанымыз, әйтеуір бір сылтаудың шеті көрінсе, соны тілге тиек етіп, ақтала кету әдеті жоғары шенді командирлерге де жүккан сияқты.

Осы райда прапоршик А. Мұратовтың мына бір сөзінің жаны барма деп ойлайсың.

– Былтыр бізде төтенше бір жағдай болды,— деп бастады сөзін прапоршик А. Мұратов. — Машинамен қарауылға кетіп бара жатқан жауынгерлерге жәй киім киген екі адам аяқ астынан шабуыл жасайды. Мұздай қаруланған қарауыл жасақтадың дәл сол жерде оларға қарсы оқ шығаруға хақылары бар-тұғын. Бірақ олар өйтпеді. Себебі, жаңағы екі «қарақшы» өздерімен бірге осында әскери борышын өтеп жүрген дағыстандық жігіттер екенін олар анадайдан таныған. Соған қарамастан әлгілер бұларды ұрып-соғып, қаруларын тартып алып, машиналарын айдалаға апарып тастаған. Кейін қылмыскерлер қолға түсті. Қаладағы ауруханада жатқан жаңағы екі жігіт әлдекімдерден жәй

киім тауып киіп келіп, өз жолдастарына өздері осылай опасыздық жасағаны таң қалдырады. Бір өкініштісі сол, бұзақылардың ешқайсысы жазаланбады. Командирлер өздеріне сөз келмес үшін бәрін жылы жауып қоя салды. Қазір ол жауынгерлер мұнда жоқ, әскери мерзімдері біткен соң үйлеріне қайтып кеткен. Мұны айтып тұрған себебім, кейде командирлердің өзі осындай сорақылықтарға жол беретіндігі. Ол ұлтараздықтың өрши түсуіне себепкер болатыны сөзсіз.

Аға механик қызметін атқарып жүрген прапорщик А. Мұратов бұл полктегі әлеуметтік әділетсіздіктерге де жаны ауыратынын жасырмады. Ұшқыш командирлерге ерекше жағдай жасалғанын біз өзіміз де көрдік. Олар не ішіп, не киім демейді. Ал қалғандары, мәселен, А. Мұратов сияқты прапоршикттер, механиктер мұндай үлестен құр алақан қалған. Неге бұлай? Бәрінің илейтіні бір терінің пұшпағы емес пе? Сөйте тұра біреуі аш, біреуі тоқ құрсақ жүруі түсініксіз. Бүкіл ғұмырларын әскери қызметке арнаған төменгі сатыдағы командирлердің тұрмысы әлгіндей болғанда, қатардағы жауынгерлердің хал-күйі қандай екені айтпаса да түсінікті. Әскерден қашқан жауынгерлердің осындай қиыншылыққа төзбегендіктен де жаңағындай ыңғайсыз жағдаларға баруы мүмкін.

Сырт қараған адамға бұл полктың ахуалы соншалықты жаман әсер қалдырмайды да. Өздерінің қосалқы шаруашылықтары бар екен. Онда етті мал бағылады. Кейін олардың игілігін өздері көреді. Алайда, сол игіліктің қызығын қатардағы жауынгерлердің бәрі бірдей пайдаланады десек, қателесуіміз мүмкін. Осы қосалқы шаруашылықпен танысып шыққаннан кейін сонда істейтін бір жауынгермен оңаша сөйлесудің сәті түсті. Жауынгер өзін «Саша» деп таныстырды.

— Армияда бәрін кезекпен істеуші еді ғой. Сені мұнда неге тұрақты қойып қойған?— деп сұрадым. Сонда Сашаның айтқаны:

— Казармадағы тірлік бұдан да қиын. Сондықтан, оңаша өмір сүруге тырысасың. Бұл жерде ешкім мазанды алмайды. Ұлттар арасындағы кикілжіңнен де аулақта жүресің. Бұған дейін

әзербайжан жігіттері күн көрсетпеп еді, енді қазақтар келді. Бізде қай ұлт көп болса, солар дегенін істетеді.

– Командирлер оған қарсы шара қолданбай ма?

– Шара қолданғанда қайтпек? Бәрін бірдей жазалау мүмкін емес... Арыз-шағым айтсаң «өсекші» (стукач) деген атаққа қаласың. Аман-есен әскери борышымды өтеп, Ресейге қайтсам, соның өзі мен үшін үлкен олжа.

Бұл әңгімеден кейін әр жауынгермен жеке-жеке сөйлесуді жөн көрдім. Жолда келе жатқанымда үсті-басы кір-қожалақ тағы бір орыс жігіті алдымнан шықты. Жан қалтасына нан қықымдарын сықап толтырып алыпты. Токтатып жөн сұрастық. Мектепті былтыр Алматы қаласында бітіріпті. Әскерде қызмет еткен мерзімі – 3 ай. Ол да жаңағы қосалқы шаруашылықта істейді екен. Қарны ашып жүргенін жасырмады. Сөз сынайына қарағанда Қазақстанда әскери борышын өтегісі келмейтіні байқалды. Өзі осы Қазақстанда туып-туып өссе де Ресей жақтағы туған-туыстарына қашып кетіп, сол жақта әскери қызметін жалғастырмақ ойы бар. Қазақтар бұған да қысымшылық жасаған. «Сонда қазақтар саған қандай зәбір көрсетті? Ұрып соқты ма, ұлттық намысыңа тиіп қорлады ма, түнде ұйқы бермей еден жуғызады ма?» деген сауалдардың бәріне ол «жоқ, жоқ» деп жауап қайтарды. «Ендеше неге Ресейге кеткің келеді?» деп сұрап едім, күмілжіп нақты жауап беруден тайсақтай бастады...

Бұдан кейін тағы да көңілге күдік кірді. Осы жерде бір араңдатушылық бар сияқты. Себеппен-себепсіз Қазақстаннан Ресейге кетем деген жауынгерлердің мына «мінездерін» түсіне алмай дал болдым. Тағы да басқа жауынгерлермен сұхбаттасудың сәті түсті. Міне, мына екі өзбек жігіті осы полктағы жылу жүйесінде от жағушы болып істейді. «Қазақтар сендерге қысымшылық жасады ма?» деген сауалыма олар: «Ой, әкә, о не дегеніңіз, біздер тусқан халықпыз ғой, не жетпепті сонша? Менің білуімше, қазақтар өте бауырмал халық, ешкімді ренжітпейді, бәріміз тату тұрамыз» деп жауап берді. Ал, орыс жігіттері неге «Ресейге кетуге ыңғайланып жүр» деген сауалыма олар мұның бәрі еліміздегі саяси ахуалға байланысты ғой деп түсіндіруге тырысты.

Анадайда темекі тартып тұрған бір топ қазақ жігіттеріне қарай жақындадым. Олардың арасында бір орыс жігіті де жайраңдай күліп, әзілі жарасып тұрғанын көріп, көңілім жылып қалды.

— Сендер басқа ұлт өкілдерін ренжітеді екенсіңдер ғой?— деп, өзімсіне «тиісе» бастағам. Олар:

— Ой, ағай, ренжітсек міне дәл қасымызда Витя тұр ғой. Біз бұған бір ауыз жаман сөз айттық па екен? Біздер көптігімізді пайдаланып ешқашан жалғыз-жарымға күш көрсетпейміз. Егер, әлдекімдер өздері соқтықса ата-бабамыздың салты бойынша «жекпе-жекпен» де мәселені шешу қиын емес.

— Олай болса, неге араларыңнан бес жігіт қашып кетті?

— Е, қиыншылыққа шыдамаған соң сөйтеді де. Кейбіреулері өз республикаларында әскери борышын өтегісі келеді. Бірақ оны ашық айта алмайды. Сондықтан, «анау соқты, мынау соқты» деп негізгі ой-ниеттерін жасырады. Оны біздер түсінбейді дейсіз бе. Ондай өсекке сенбеңіздер.

Бұдан кейін жігіттердің тұрмыс жағдайлары жөнінде әңгіме қозғадым.

— Жағдай мәз емес. Мұнда теледидар көрмейміз, сынып қалған. Газет оқымаймыз, оны бізге ешкім әкеліп бермейді. Қазақша газет деген атымен жоқ. Үйде жүргенде «Халық кеңесі» газетін үзбей оқушы едік. Енді ол көзден бұл-бұл ұшты. Екі жыл бойы дәл осылай бізді мына дүниеден бөлектеп тастаса, мүлдем мәңгүрт болып қалатынымыз айдан анық,- дейді толықша келген қара жігіт сөз сыңайын жартылай әзілге бұрып. Жігіттер бірінен соң бірі мұқтаждарын айтып жатыр. Соның ішінде қазір ең қиыны, темекі мәселесі екен. Жаңа байқадым, оншақты жігіт бір сүйем темекінің тұқылын кезек-кезек сорғылап тұр.

«Командирлерден темекі сұрай-сұрай ұят болды. Енді өзіңізден бір тал алсақ қайтеді?» деген соң қалтамдағы бүтін бір қорапты ұсындым. Жігіттер жерден жеті қоян тапқандай мәз болып жатыр. Еліміздегі жоқшылық пен зәрулік жауынгерлердің де жанына батып жүргенін көзбен көргенде не дерінді білмейсің. Бұрын қиыншылыққа төзіп көрмеген жас

жауынгерлерге осының өзі үлкен ауыртпалықтай әсер етуі мүмкін. Сонан кейін олар саптан қашпағанда қайтпек.

Алматыдан келген комиссия мүшелері полктың командирлер құрамымен кездесті. Онда да осы темекі мәселесі, теледидар мәселесі тілге тиек етілді. Мынадай қат заманда оны шеше қою ешкімнің қолынан келмейтіні тағы белгілі. Мүмкіндігінше шыдамдылық көрсетуге шақырудан басқа да амал барма?! Алайда, бұл жерден көңілім құлазып шықты. Себебі, бір офицер орнынан тұрып: «Қазақстан территориясындағы әскери жасақтардың бәрі республикаға қарайтын болса, біздер енді Ресейге қайта беруімізге рұқсат шығар?» деген сауал қойған. Білікті командирдің өзі түк білмегенсіп, осындай арандатушылық тұрғыда сауал қойған соң, басқадан не сұрауға болады. Соның алдында ғана Республика Мемлекеттік қорғаныс комитетінің өкілі комитет төрағасы С. Қ. Нұрмағанбетовтың атынан қазақстандық жауынгерлерге арналған үндеуді оқып беріп, мән-мағынасын түсіндірген еді. Сол кезде жаңағы офицер құлағын тасқып бекітіп алмаса, бәрі нақты айтылған.

Залдан тағы бір офицер тұрып: «Қазақстан өзінің ұлттық армиясын құрса, біздің мұнда қажетіміз қанша?» деген сыңайда тағы сауал тастады. «Қазақстанда ұлттық армия құрылмайды, ішкі әскери жасақтың негізінде «Республикалық гвардиясы» құрылады деп түсіндірді Алматыдан келген өкіл. Мұнан кейін командирлер үн-түнсіз бір-біріне қарасқан. Көздерінен «е, онда үрейленетін ештеңе жоқ екен ғой» дегендей.

Жау жоқ жерде жауынгер саптан қашыпты деп біз қатардағы жауынгерді кінәлап жүрсек, оған себепші болған осы командирлердің өздері ме деген күдік көкейде кете барды. Осынау бір алмағайып заманда әркім аузына келгенін айта берсе, ара жігіміздің оншалықты мықты болмайтыны белгілі. Сондықтан, ойланып жұмыс істейтін мезгіл жеткен сияқты.

«Халық кеңесі» газеті,
18 ақпан, 1992 жыл.

**ҰЛТТЫҚ АРМИЯ ҚҰРУ ОҢАЙ ЕМЕС
алайда, қолға алған мәселені түпкілікті шешу –
міндет,- дейді Қазақстан республикасы Мемлекеттік
Қорғаныс Комитетінің әскерлерді әлеуметтік-құқықтық
жағынан қорғау және тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімінің
бастығы, полковник Меліс Шәмпиев.**

– Бұрынғы Одақ тарап, әр республика өз тәуелсіздігін жариялағаннан бері өмір ағысы өзгеше бір арнаға бет бұрғанын көріп отырмыз. Экономикалық, әлеуметтік саладағы қиыншылықтарды бірдеңе етіп шешерміз-ау, армия мәселесі қалай болмақ?

– Ашығын айтсақ, жағдай қиын. Еліміздегі саяси ахуал, экономикадағы дағдарыстың кесірі бұрынғы біртұтас Қарулы Күштеріміздің арасына іріткі тудырып бітті. Дәл осылай кете берсе, соңы неге әкеп соқтырарын кім білсін? Тек, 1991 жылдың ішінде ғана бірнеше мыңдаған жерлесіміз армия қатарынан рұқсатсыз кетіп қалды. Оның жартысынан көбісі қайтып оралса, ал қалғандары әзірге қайда жүргендері белгісіз...

– Шынында да қиын екен... Енді осының себеп-салдарына тоқталсаңыз.

– Бұрынғы одақтас республикалардың біразы өз ұлттық армиясын құруға кірісті. Таяуда Әзірбайжан, Беларусь, Украина мен Молдава республикалары өздерінің ұлттық армияларын құратындығы туралы ашықтан-ашық жариялағанын білесіз. Ол республикаларда біздің жерлестеріміз де қызмет етуде. Ұлттық армия болғаннан кейін онда қызмет ететін жауынгерлер сол республика үшін ант беруге тиісті. Бұл басқа республиканың өкілдерін қанағаттандырмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

– Ендеше, ол жақтағы азаматтарымызды «қашқын» атандырмай-ақ, неге өзіміз ресми түрде шақырып алмаймыз?

– Өткен жылғы Минск кездесуіндегі келісімде армияны бөлшектемейміз, ТМД-ның біріккен қарулы күштерін сақтаймыз

деп келіскенбіз. Бірақ, ол келісімнің ғұмыры ұзаққа бармады. Украина аяқ астынан уәдеден тайқып шықты. Оның соңынан жоғарыда аталған басқа республикалар да ілесті.

– Енді, бізде әскери борышын өтеп жүрген басқа республиканың азаматтары өз Отанына, ол жақтағылар біз жаққа қарай «үдере көшуі» заңды құбылысқа айналатын сияқты. Сіздер оған қарсы қандай шаралар қолданбақшысыздар?

– Басқа республикалардан келген жауынгерлерге ешқандай шара қолданылмайды. Ол жөнінде Президентіміздің арнайы бұйрығы бар. Әскери борышының қалған мерзімін өтеу үшін, оларды өз республикамыздағы әскери бөлімдерге орналастырып жатырмыз. Закавказье республикаларындағы жігіттеріміздің бәрін қайтарып алдық. Бұдан былай, яғни осы жылғы көктемнен бастап, Ресейден басқа республикаларға біздің әскерлер шақырылмайды. Бұл екі республиканың арасында келісім-шарт жасалды. Ресей азаматтары бізде, біздің жігіттер онда әскери борышын өтейтін болады.

– Сонда біздегі әскери биліктің бәрі Ресейдің қолына көшкені ме?

– Олай емес. Алдымен мына жағдайды түсіндіріп өтейін. Біздегі Қарулы күштер құрамы жағынан үлкен екі топқа бөлінеді.

Біріншісі, стратегиялық қарулы күштер. Оған жататындар – ракеталық құрамалар, әскери теңіз флоты, әскери әуе күштері. Екіншісі, жалпы мақсаттағы әскери күштер. Бұған құрлықтағы барлық жасақтар кіреді. Міне, осының біріншісі, яғни стратегиялық қарулы күштер ортақ бағыныста болады. Әскери антқа қол қойған 8 мемлекет тарапынан қаржыландырады. Ал, екінші, жалпы мақсаттағы әскери күштер ТМД-ға мүше әр республиканың жеке иелігінде қалуға тиіс.

Жаңағы сіздің сұрағыңыздың төркіні түсінікті. Әскери биліктің бәрін Ресейдің қолына беріп қойып, қарап отырсақ, тәуелсіз мемлекет болғанымыздың мәні қайсы? Онда Республикалық Қорғаныс Комитетін құрудың қажеті қанша?

Мәселе мынада. Біз Ресейге немесе Ресей бізге қару кезенеді деп қауіптенудің дәл бүгін жөні жоқ. Көршілес басқа

мемлекеттермен де әзірге қарым-қатынасымыз жақсы. Осы сөзіме орай, армиядағы кейбір ұлтараздық, шекара жөніндегі дау-дамайлар жөнінде сұрақ қоятыныңызды алдын ала сезіп отырмын. Әңгімені ұзаққа созбас үшін бұл туралы да пікірімді білдіре кеткенім артық болмас.

Рас, армияда да ұлтараздықтың нышандары кейінгі кезде айқын көріне бастады. Қай жерде қай ұлттың өкілі көп жиналса, сол басымдық көрсетеді. Ол үшін тек әскери басшыларды кінәлау орынсыз. Бүгінгі жауынгер кеше ғана мектеп партасынан түлеп ұшқан жеткіншектер емес пе? Ендеше, сол кезден бастап дұрыс тәрбие бермедік. Енді келіп қысқа мерзім ішінде оларды жөнге сала қоймадың деп, командирлерді кінәлау қалай болар екен? Қазақта «құяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл бар. Бұл тектен-тек айтылмаған. Біздер әскерге жаңа келген жауынгерді нағыз азамат етіп тәрбиелеуді басты міндетіміз деп білеміз. Алайда, ол бір күннің ішінде орнына келе қоятын шаруа емес екендігін түсінген жөн.

— Осы арада сөзіңізді бөлейін....

— Кешіріңіз, бастағаннан кейін енді осы ойымды толық аяқтап шықсам деймін.

Шекара жөніндегі дау-дамайға келейік. Былтырғы жылы Орал казактары Орал қаласында біраз шу шығарғаны белгілі. Осы кезде республикалық «Азат» қозғалысы іске кірісіп, бәрін қан төгіссіз тыныштандыра білді. Егер, осы бір арандатушылыққа қарсы қарулы күш қолдансақ, соңы немен тынар еді? Мұны мен не үшін айтып отырмын. Осындай арандатушылықтар кейінгі кезде ұлттар арасында үрей туғыза бастағандай. «Біз де өз әскери жасақтарымызды құрайық. Оларға тойтарыс берейік!» деген сияқты тілектер жиі естіліп қалады. Бізді бұл жайт алаңдатпайды дейсіздер ме? Қатты алаңдатады. Бәрін саяси жолмен шешуге мүмкіндік бар. Оған жаңа айтқан «азаттықтардың» алғашқы қадамдары дәлел бола алады.

Әрине, тәуелсіз мемлекет болған соң, сол тәуелсіздікті қорғайтын өз әскери жарағың болғанға не жетсін. Алайда, шынайы

тәуелсіздікке қол жеткізіп алмай тұрып, «Мен тәуелсізбін!» деп әлдекімдерге қарсы қаруынды шошандата бергеннен не шығады? Оның соңынан жау жоқ жерден жау тауып алуымыз да мүмкін ғой.

– Сонымен, Қазақстандағы жалпы мақсаттағы әскери жасақтар кімге бағынатын болады?

– Қазақстан Президентіне және Қазақстан Республикасының Қорғаныс Комитетіне. Онда қызмет ететін жауынгерлер тек Қазақстанға, біздің Президентімізге ант береді.

– Ресейде әскери борышын өтейтін біздің азаматтар Ресейге, бізде әскери борышын өтеп жүрген ресейлік азаматтар Қазақстанға ант береді ғой сонда.

– Әрине, солай.

– Егер ол анттарын бұзса, әскери борышын өтеуден бастартса ше?

– Онда ол жауынгер сатқын (дезертир) ретінде жазаланады. Өйткені, ол екі ел арасындағы келісімді бұзған, Отанына опасыздық жасаған адам болып шығады.

Дәл осы кезде бөлмеге орта жастағы бір әйел мен бір жауынгер кірді. Олардың полковникпен арада болған әңгімесінен түсінгенім, жас жауынгер Отар станциясындағы әскери борышын өтеп жүрген жерінен мұнда қашып келіпті. Нәсілі славян жұртынан. Туып өскен жері – Қазақстан. Шешесінің айтуына қарағанда, оны әлдекімдер ұрып-соққан. Ұнжырғасы түскен жауынгердің өзі үндемейді. Ақыры оны Қапшағай жаққа қарай ауыстыратын болып келісті-ау деймін. Осы көріністен кейін полковникпен әңгімемізді одан әрі жалғастырдық!

– Мәке, өзіңіз әскерде қатардағы жауынгер болып қызмет атқардыңыз ба?

– Мен әскери қызметімді қатардағы жауынгер болып бастағанмын. Ол кездегі әскери мерзім 3 жыл еді ғой...

– Ендеше, айтыңызшы, ол кездерде «дедовщина» деген болды ма?

– Болды. «Дедовщина» деген – бұл жауынгерлердің бірін-бірі тәрбиелеуі деп түсінген жөн. Мысалы, мен танкішілер

жасағында қызмет еттім. Алдымен, алты айдай оқытты. Осы қысқа мерзім ішінде күрделі техниканың бүге-шігесін біліп шығу мүмкін емес. Сол олқылықтың орнын алдыңғы аға буын жауынгерлерден үйрене жүріп, толтыруға тура келетін. Олардың орнын өзің басқан соң, кейінгі жас буынға өзің үйретесің. Кәдімгі осы өмірдегі сияқты құбылыс қой. Оқу бітіріп жұмысқа келген жас маман алдыңғы ағаларынан үйрене жүріп тәжірибе жинақтамай ма? Ал әскер тілінде алдыңғы буын өкілдерін «старик», «дед» деп атау дәстүрге айналған. Міне, «дедовщина» деген терминнің шығу төркіні осылай. Алайда, кейінгі жылдары бұл басқаша сипат алып кеткен сияқты. Қоғам қандай болса, армия да сондай. Қоғамда тәртіпсіздік белең алып еді, ол армияға да жетті. Кезінде «халық пен армия біртұтас» дегенді жиі айтатынбыз. Кейін оны жоққа шығара бастадық. Сонда біздің жақсылығымыз біртұтас та, жамандығымыз бөлек-бөлек болуы керек пе екен? Өмір заңдылығы, логикалық пайымдау тұрғысынан келетін болсақ, бұл әрине ақылға сыймайды.

– Жаңа мен осында кіріп келе жатқанда есік алдында сіздің қабылдауыңызды күтіп тұрған бір топ жауынгерлерге көзім түскен еді. Мен олардың да, сіздің де уақытыңызды алып отырмын-ау деймін.

– Ештеңе етпейді, егер қарсы болмасаңыз олардың бұйым-тайларын тыңдай отырып, әңгімемізді жалғастырсақ қайтеді?

– Мейліңіз, солай етейік.

Міне, мына аға лейтенант Украинада әскери қызметін өтеп жүрген көрінеді. Ұлты – орыс. Енді әскер қатарынан шығу ойы бар. Себебі, Украинаға ант бергісі келмейді. Сөйтіп, ол ондағы баспанасынан да, әскери адамға тиесілі барлық жеңілдіктерден де айырылады. Бұл офицер осы күзде Қазақстаннан Украинаға шақырылған болашақ жауынгерлерді әкетіп бара жатқанда біздің 19 жерлесіміз жолда ебін тауып қашып кетіпті. Жай кетпей, өздерінің құжаттарын да ала кеткен. Енді солардан бір хабар бар ма деген оймен осында келіп отыр. Өкінішке орай, олардан әлі хабар жоқ екен. Осындай көңілсіз жағдайларға қарамастан, сәлден кейін үзілген әңгімемізді қайта жалғастырдық.

– Бұрынғы одақты да қанша жамап-жасқағаныңызбен одан ештеңе шықпады. Мына күйімізбен біртұтас армияны да сақтау мүмкін емес сияқты. Одан да әркім өзінің ұлттық армиясын жасақтап, өзімен-өзі күн көргені дұрыс емес пе?

– Бұл арада ұлттық құрамымызға көз салайық та. Таяуда Президентіміз Республиканың Ішкі әскерлерін жасақтау туралы бұйрығын шығарды. Бұдан былай Республиканың ішкі жағдайына солар тікелей жауап береді. Осының негізінде кейін Республика гвардиясы құрылуы мүмкін. Келе-келе өмір бәрін өз орнына қояды ғой. Әзірге асықпайық. Менің ойымша, «ұлт, ұлт» деп ұрандағанның бәрі патриот емес. Сабырлықпен нақты іс жасай білетін адам ғана нағыз ұлт жанашыры деп білемін. Ондай адамдар Республика Қорғаныс Комитетінде де жетерлік. Алдағы уақытта олардың саны көбейе түседі деген сенімдемін. Таяу арада тағы біраз өзгерістер болып қалар. 14 ақпанда ТМД-ның басшылары Минскіде бас қоспақшы. Сіз бен біз тілге тиек етіп отырған мәселелердің бәрі сонда жаңа қырынан шешімін табады деп ойлаймын.

Жауынгерлердің арасына барып, туысқандарымыздың әскери дайындығын көзбен көріп, өздерімен ауызба-ауыз сойлесіп, оларды ел тірегі болардай ер етіп тәрбиелеуге аз да болса өз үлесімізді қосайық та. Мен сіздерді осыған шақырамын.

– Бұл сөзіңізді мен де қуана құптаймын. Сіздермен қоян-қолтық жұмыс жүргізуге дайынбыз.

– Е, міне, манадан бері осылай демейсіз бе?!!

**«Халық кеңесі» газеті,
12 ақпан, 1992 жыл.**

ӘСКЕРІМІЗДІҢ АЙБЫНЫН АРТТЫРАЙЫҚ!

Қазақстан әскерінің төл мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевқа «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі бір-неше сұрақтар қойған еді. Министр бұл сауалдарға ықылыспен жауап қайтарды.

– 7 мамыр – Қазақстан қарулы Күштері үшін де және бүкіл қазақстандықтар үшін де біздің әскеріміздің туған күні болып есептеледі. Бұл күн бұдан жеті жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Отан қорғау күні деп жарияланғаны белгілі. Оның үстіне өзіміз сөз еткелі отырған мереке жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында тойланады. Мұның өзі бір тарихи сәйкестікті аңғартып тұрғандай. Жарасымды ғой. Тек қазіргі әскерилер ғана емес, Отан соғысының ардагерлері, ел басына күн туғанда тылда талай еңбек еткен апаларымыз бен аналарымыз да осы күнді өз мерекелеріндей сезінеді. Ал үстіміздегі жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» болып жарияланды. Ендеше, Қазақстан әскерінің биылғы 7 жылдық тойы қай жағынан алып қарағанда да өз жарасымын тауып тұрғандай.

– Енді осы Қарулы Күштеріміздің қазіргі жағдайы мен болашағы туралы тоқталып өтсеңіз.

– Қазіргі кезде біздер Қазақстан Қарулы күштерінің болашағы қандай болуы керек деген бағытта жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Бұл – мемлекеттік деңгейде анықталатын концепциялардың бірі. Себебі, әскер мәселесі ең алдымен мемлекеттің экономикасы мен ғылыми-техникасына, әлеуметтік құрылымдар мен қоғамдық сананың дамуына да тікелей байланысты. Міне, осы нысандар бір-бірімен үйлесімділік тапқанда ғана әскеріміздің айбыны арта бермек.

Біздің әскеріміз негізінен Тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыру, кез-келген қарулы қақтығыстардың алдын

алу мақсатында құрылғанын мен бұған дейін де талай айтқанмын. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев осы мәселе жөнінде тоқтала келіп, әлем жұртшылығы қарулы қақтығыстардан ешкімге пайда келмейтініне көздері жеткенін, соған қарамастан салықалы мемлекет басқа біреудің уәдесіне сеніп отыра бермей, өз қорғанысын да күшейте беруге тиіс екенін баса көрсетті. Маңайымызға көз салып қарайықшы. Ауғанстандағы әскери қақтығыстар, Тәжікстандағы текетірес, Пәкістан мен Үндістанның арасындағы ядролық қарулар бәсекелестігі. Міне, осының бәрі кімді болса да ойландырмай қоймайды. Сондықтан да, Елбасының өзі біздің Қарулы Күштерімізді жаңа техника түрлерімен қамтамасыз етуге, қару-жарақтардың ең озық түрлерін меңгеруге, әскери мамандардың білімі мен біліктілігін жетілдіруге зор мән беріп отыр. Соған сәйкес қайта жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Біз қорғаныс қабілетімізді күшейте отырып, ынтымақтас елдермен бірге әскери тәжірибелерімізді жетілдіре бермекпіз.

– Шағын да мықты әскер жасақтау мақсатында сіздерде біраз құрылымдық өзгерістер жүргізілгені белгілі. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Иә, қазіргі Қазақстан Қарулы Күштері негізгі үш саладан тұрады. Ол жөнінде бұған дейін талай рет айтылғандықтан нақтыламай-ақ қояйын. Бас штаб пен Қорғаныс министрлігінің міндеттері де жеке-жеке сараланғаны белгілі. Мұның өзі ауқымы кеңейіп кеткен басқару аппаратын біршама қысқартуға мүмкіндік тудырды. Енді бұрынғыдай әскерге кім болса соны қабылдай бермей, кәсіби шеберлігі мықты кадрларды тартатын боламыз. Осылайша кәсіби армия құруға жол ашылмақ. Білікті мамандар көбейгеннен кейін тек белгілі іске бейімделген бөлімшелер дүниеге келеді. Бұл тәжірибені жүзеге асыру мәселесі басталып та кетті. Өзіміздің әскери өндіріс кешеніміз жұмыс істеуде.

– Әскер болғаннан кейін оның әскери ғылымы қарыштай дамымаса, болашақтан үміт күту қиын. Бұл салада қандай жетістік бар?

– Әскери ғылым саласы бізде енді өркен жая бастады және ол жеке дара дамуы мүмкін де емес. Ол үшін республикадағы ғылыми мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жүргізуге тура келеді. Сондықтан да, Қорғаныс министрлігі Білім министрлігімен бірге ведомстволық ғылыми техникалық кеңесін және Қорғаныс Министрлігінің әскери ғылыми орталығын құрды. Ал былтырғы жылдан бері өзіміздің әскери теориялық «Бағдар» журналын шығара бастадық. Мұнда Қазақстандағы әскери ғылымның жетістіктерімен қоса әскери мамандардың мақалалары жарық көріп тұрады.

Халықаралық әскери байланыстарымыздың нығая түсуіне орай шет тілдерін оқып үйрену ісі қолға алына бастады. Осы мақсатта Қорғаныс министрлігінің лингвистикалық орталығы дүниеге келді. Онда қазір 200-ден астам сардарлар шет тілдерінен дәріс алууда.

Әскери ғылым жөнінде сөз өткен соң өзіміздің Әскери академиямызды қалай айтпай кетеміз. Мұнда әсіресе ұлттық әскери ғылымға қатты көңіл бөлінеді. Әскери ғылыми-кадрлардың өркен жаюы үшін осы академияның жанынан адъютантура құрылған. Әскери академияда білім алған сардарлар түлегі биыл алғаш рет қанат қақпақшы. Ал Ақтөбедегі Т.Бигелдинов атындағы Жоғары әскери авиация училищесін былтыр тұңғыш рет тамамдаған ұшқышар тобы қазір Қазақстан аспанында қырандай қалықтап жүр. Сондай-ақ, биылғы жылы Кадет корпусынан да алғашқы түлектер ұшпақшы.

Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысымен биылғы жылы Астанада Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы С.Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебі өз оқушыларына есігін айқара ашпақшы.

– Әскери оқу орындары бірінен кейін бірі ашылуда. Бұл жақсы, әрине. Екінші жағынан Қарулы Күштерді қысқартамыз дейсіздер. Сонда, мұны қалай түсінуге болады?

– Әскери оқу орнын бітіргендер – кәсіби мамандар. Кәсіби армия құру үшін ең алдымен білікті мамандар қажет болады.

Әскери іс-тетігін техника шешеді. Мұндайда арнайы мамандығы жоқ сарбаздарды орынсыз көбейте берудің қажеті қанша. Әскерге шақыру мерзімі де қысқартылады. Яғни, жастарды әскерге жылына бірақ рет шақыратын боламыз. Жалпы әскерде басқару жүйесінің жұмысын қысқарту ісі қарқында жүргізілмекші. Әскери комисариаттар, кейбір бөлімшелер, тағы басқа құрылымдар мемлекеттің бюджет саясатына сәйкес әлі де ықшамдалады. Әрине, мұның өзі біздің алдымызға біршама қиындықтарды тартады. Соған қарамастан біздер еліміздің қорғаныс саласын басқа елдермен салыстырғанда алдыңғы қатарға шығаруға тиіспіз.

– Таяу арада Қазақстанға әскери қауіп төнуі мүмкін бе? Мүмкін болса, ол қай жақтан келеді деп ойлайсыз?

– Қазақстанға қазір ешкімнен де, еш жақтан да қауіп төніп тұрған жоқ. Таяу көршілерімізбен қарым-қатынасымыз жақсы. Оны одан әрі жақсарту түсу үшін біздер жан-жақты саяси бағыт ұстанудамыз. Қазақстан қазір ТМД біріккен әуе күштеріне мүше болып табылады. Осы құрамда өткізілген әскери жаттығуларда шоқтығымыз биік болғанын жақсы білесіздер. Мен өз басым көрші елдердің біраз министрлерімен ресми кездесулер өткізіп жүрмін. Солардың ішінде іргеміздегі ұлы елдер – Қытай мен Ресейдегі әріптестеріммен болған әңгімелердің орны бөлек. Бұл екі министр де Қазақстанда биыл келіссөздер жүргізу ісін құптап отыр. Мұның өзі бізге, біздің Қаруды Күштерімізге деген құрметтің белгісі. Былтырғы жылы Қытаймен қоса Ақшқа, Орталық және Шығыс Еуропаға ресми сапарлармен барып қайттық. Осындай қарым-қатынастарды басқа елдермен де, әсіресе Орта Азия мемлекеттерімен де жалғастыра береміз деп ойлаймын. Өткен жылдың қараша айында АҚШ-тың қорғаныс министрімен Ынтымақтастық бағдарламасы және әскери байланыстар жоспары жөнінде келісімдерге қол қойдық. Жалпы біз әскери ынтымақтастық негізінде 15 мемлекетпен, 100-ден аса келісім-шарттарға қол қойыппыз. Осының өзінен-ақ Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік белдеуін кеңейте түскенін байқау қиын емес.

Біздің ел Ислам конференциясы ұйымының белді мүшесі. Осы арқылы мұсылман елдерімен тікелей достық байланысқа шығуымызға мүмкіндік туады. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Президентінің Азиядағы сенім мен ынымақтастықты дамыту жөнінде Кеңес шақыру туралы бастамасы ұйымның Азиядағы тыныштықты сақтауға орасан зор септігін тигізері анық. Сонымен қатар, Орта Азиядағы үш мемлекетпен мәңгілік достыққа қол жеткіздік.

– Шетелдік әскерилердің көзімен қарағанда Қазақстан Қарулы Күштерінің қазіргі даму деңгейі қандай дәрежеде деп ойлайсыз?–

– Бұған дейін біздер шетелдік әріптестерімізбен бірігіп бірнеше әскери жаттығулар өткіздік. Сонда байқағанымыз, шетелдік әскери қолбасшылар біздің әскери дайындығымызға шын мәнінде жоғары бағалар берді. Мысалы, былтырғы жылы Ресей, Қырғызстан, Қазақстан Қарулы Күштері бірігіп «Достық-98» әскери жаттығуларын өткізді. Бұл жаттығуда біздің өзімізде шығарылған ракеталар сынақтан өтіп, әріптестер тарапынан жоғары бағаға ие болды. Біздің әскерилер бұған дейін «Бейбітшілік жолындағы әріптестік», «Кооператив-Оспрей», «Кооператив-Нагет», «Бейбітшілік көпірі», «Баланс-Каяк» деп аталатын халықаралық әскери жаттығуларда өнер көрсетіп, үлкен абыройға ие болып қайтқанын өздеріңіз газет бетінде жаздыңыздар да. Ал, «Ортазбат» деп аталатын әскери жаттығуларымыз дәстүрге айналып келеді. Биыл бұл жаттығуды Америка жерінде өткізу жоспарланып отыр. Сөйтіп, Қазақстанның ішкі-сыртқы қауіпсіздігі бұдан былай да нығая бермекші.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Егемен Қазақстан» газеті,
7 мамыр, 1999 жыл.

БАРЫС ЕЛДІҢ ӘСКЕРИ БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі, генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевпен «Егемен Қазақстан» газетінің Бас редакторы, саясаткер Уалихан Қалижанның арасында болған сұхбатқа ұжым мүшелері де қатысып, тартымды әңгімені ұйып тыңдаған еді. Бүгін сол сұхбатты қалың оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Уалихан Қалижан: – Мұха, бұдан бес-алты жыл бұрын тәй-тәй басқан тәуелсіздігімізді қалай да аяғынан тік тұрғызып, іргелі ел болу жолында жанұшыра жанталасқан сәттеріміз енді, міне, тарих қойнауына кетіп бара жатқандай. Елдігімізді бүкіл әлемнің алдында тағы да бір қырымыздан паш еттік. Таяуда ғана көк байрағымызды жаңа астананың төрінде Сарыарқаның самалымен желбіреді. Заман тұрғысынан қарағанда, қас қағым ғана сәт болып табылатын осы уақыттың ішінде тәуелсіздігіміздің негізгі тіреу-қадаларын мызғымастай етіп қағып үлгерген сияқтымыз. Соның бірі – Қарулы Күштеріміз екені анық. Дегенмен, кейінгі кезде әскеріміздің бүгіні мен болашағына әлдекімдер күдік келтіріп, әртүрлі пікір айтып қалып жүргендері де рас. Мұндайда қай-қайсымыздың да қанымыз қызып, намыс оты кеудені қарып өтетіні белгілі. Ендеше, бүгін әскеріміздегі жетістіктеріміз бен олқылықтарымызды ортаға сала отырып, оқырман алдында бір шешілсек деймін. Меніңше, бұдан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Мұхтар Алтынбаев: Бәрекелді, менің де ойымдағы осы еді. Алдымен мына редакцияларыңызға, қасиетті қара шаңырағымызға шақырып, ашық әңгіме ұйымдастырғаныңызға көп рахмет. Бас газетіміз «Егемен Қазақстанның» бетінде біз жайында жазылған мақалаларды өзім жіті қадағалап отырамын. Себебі, астана мен ауылдың арасын, елбасы мен қарапайым халықтың арасын жалғастырып жатқан алтын көпір іспеттес аға

басылымның қашан да орны бөлек. Ал енді ел басына күн туса атқа мініп, найза ұстар ұлдарымыздың көбісі ауылдан шыққан қара домалақтар болып келетіні тағы шындық. Сондықтан, «Егемен Қазақстанның» оқырмандарының алдында бүкпесіз ақтарылуға мен дайынмын.

У.Қ: – Онда, Мұха, алғашқы ресми сұрақ мынандай: 1993 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің арнайы қаулысымен Қазақстан Республикасы әскери доктринасының концепциясы қабылданды. Сіз басқаратын ведомствода осы әскери доктринаның қағидаларын орындау жөнінде нендей жұмыстар жасалып жатыр? Жалпы, «доктрина» деген сөздің өзі қандай ұғымды білдіретінін қарапайым тілмен түсіндіре кетсеңіз?

М.А: – Әскери доктрина қағидаларын орындау жөнінде сөз қозғамас бұрын, шынында да әскери доктрина туралы түсінік бере кеткен дұрыс екен.

Әскери доктрина дегеніміз – соғыстың алдын алуға, әскери құрылысқа қатысты, республика Қарулы Күштерін Отан қорғауға әзірлеу, қарулы күресті ұйымдастыру мен жүргізу тәсілдеріне бағытталған ресми түрде қабылданған негізгі көзқарастар жүйесі.

Әскери доктрина терминін кең және тар мағынада қарастыруға да болады. Кең мағынада, әскери доктрина – соғыс және бейбітшілік, әскери құрылыс, Қарулы Күштерді әзірлеу мен дамыту мәселелері жөнінде мемлекет тарапынан ашық мәлімделетін әскери-саяси және стратегиялық бағыттар. Мұндай тұжырымдамалар мемлекеттік заң актілерінде, мемлекет басшыларының сөйлеген сөзінде өз көрінісін табады. Бұл салада атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, біз Қазақстан Республикасында қабылданған Қазақстан Республикасының «Қауіпсіздік туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы», «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы», «Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарын және тағы басқаларды айта аламыз.

Тар мағынада әскери доктринаны – Қарулы Күштерді ұрыс қимылдарын жүргізуге даярлау, оған басшылық жасау және әскери құрылысының негізгі мәселелері баяндалған өте маңызды құжат деп түсіну керек. Өзіңіз байқап отырған шығарсыз, әскери доктринаны бұл тұрғыда жан-жақты талдау, ол жайында қандай да болмасын нақты мәлімет беру дұрыс болмайтын сияқты. Қазіргі уақытта мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әскери доктринаның жаңа редакциясын әзірлеу жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

1993 жылғы әскери доктрина Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін қалыптастыру мен дамытуда үлкен рөл атқарғаны сөзсіз. Алайда, ол қазіргі уақыт талабына сай келмейді. Бүгінде Қарулы Күштеріміздегі бірлестіктер мен құрамалардың тек түрлері ғана емес, олардың міндеттері де өзгерді. Мұның бәрі әскери доктринаға өзгеріс енгізуді талап етеді. Өйткені, дүниежүзілік тәжірибеге назар салсақ, әрбір мемлекет өз әскери доктринасын уақыт талабына сай қайта жаңғыртып отыратынын көреміз. Себебі, әскери доктрина мемлекет дамуының стратегиялық және ағымдағы жоспарларына сай келуі қажет.

Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында: «...Қарулы Күштеріміздің құрылысы мен жаңартылуына, олардың кәсіби даярлығы мен жауынгерлік әзірлігінің деңгейіне және оларды қарудың осы заманғы құралдарымен жарақтандыруға зор басымдық берілетіні сөзсіз» деп көрсетілгенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Жаңа доктринаның негізі осы құжаттардан бастау алатынын тағы да еске сала кетейін.

У.Қ: – Президент халыққа Жолдауында «...Әскери қаты-ғыстардың жосықсыз екенін әлемнің ұғынғанына зор сенім артсақ та, парасатты мемлекет басқа үкіметтердің уәдесіне сүйеніп қана қоймай, өз елінің қуатына да сүйенетінін ұмытпағанымыз жөн» деп әскери саладағы өз көзқарасын ашық жариялады. Бұл дегеніміз – ата-бабаларымыздан қалған ұлан-ғайыр жерімізді өзімізден басқа ешкім қорғамайды, яғни қазақтың жерін қазақ қорғайды деген сөз емес пе?. Егер, түсінген адамға осы құжатта

жүрегінді жұлқып кететіндей небір сөздер жазылған. Бұрындар дәл бұлай айтылмайтын сияқты еді. Осы орайда Жолдаудағы мына бір үзіндіні мен тағы да мысалға келтіре кетсем артық болмас: «...Еліміздің этникалық құрамы соншама алуан түрлі болып келеді, біздің мүдделеріміз де өте маңызды, ал келешегіміз өте зор. Сондықтан да, біз қандай да бір елмен арадағы қатынасқа тәуелді болып қалуға, немесе оған иек артуға жол бере алмаймыз» деген сөздерінің астарында небір сырлар жатыр емес пе?

М.А: – Дұрыс айтасыз, ата-бабамыздан мұра болып қалған қасиетті қазақ жерін оның бүгінгі ұрпақтары қорғамағанда, кім қорғайды? Осыны әрбір ер-азамат ес білгеннен бастап жадында сақтап өсуі тиісті. Ол үшін ең алдымен ілім-білімге ұмтылу керек. Кезкелген қақтығысты білектің күші, найзаның ұшымен шешетін уақыт өтіп кеткелі қашан. Енді біздер алдыңғы қатарлы техника мен технологияларды игермесек, өркениетті елдермен нық теңестіруіміз қиынға түседі.

Биыл жыл басында Президент Қазақстан Әскери академиясында сөйлеген сөзінде әскердегі кадр мәселесіне тоқтала келіп, біздің мамандар әлемдегі ең озық қару-жарақ пен техника тілдерін оқып үйренулері қажеттігін баса көрсетті. Мен өзім таяуда Қауіпсіздік кеңесінде тікелей осы мәселе жөнінде баяндама жасағам. Онда сыртқы елдермен қарым-қатынас тұрғысындағы әскери реформа жөнінде өзекті ойлар ортаға салынды.

Қазақ елі қашанда бейбітшілік жолды ұстанатын, ешкімнің жеріне, байлығына көз алартпайтынын баршаға мәлімдеуден жалыққан емеспіз. Жанымыздағы көршілеріміз – Ресеймен, Қытаймен арадағы келісімдердің біз үшін ауадай қажет екендігін кез келген қазақстандық айтқызбай-ақ түсінеді ғой деп ойлаймын. Ал, АҚШ-пен әскери ынтымақтастығымызды артыруымыздың орны бөлек...

У.Қ: – Сіз жаңа «сыртқы реформа» деген сөзді айтып қалдыңыз. Олай болса, ішкі әскери реформа да болғаны ма? Осы жағына толығырақ тоқталсақ қайтеді.

М.А: – Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің шешіміне сәйкес әскерімізді түбегейлі реформалау жұмыстары жүргізіліп жатқанын жаңа айтып өттім. Осының негізінде Қарулы Күштеріміздің құрылысын жетілдіруге, кадрлардың кәсіби даярлығын көтеруге, әскерімізді қазіргі кездегі құралдармен жабдықтауға үнемі көңіл бөліп, Қарулы Күштердің материалдық базасын үнемі нығайтуды және кадрлық құраманы жоғары білікті мамандармен толықтыруды үнемі назарда ұстап келеміз. Мұны шартты түрде ішкі әскери реформа деп атауға болатын сияқты. Осы бағытта біз әскери құрылыстың бұдан былайғы нақты кезеңдерін белгіледік:

Бірінші кезең (2005-1998 жж.) – келешектегі армия құрылысы үшін заң және нормативтік базаны жасау, келісім-шарт негізінде баламалық қызметке кезең-кезең бойынша көшу.

Екінші кезең (2006-2015 жж.) – армияны қазіргі кездегі технология негізінде өндірілген қару-жарақпен және техникамен қайта жабдықтау.

Үшінші кезең (2016-2030 жж.) – армиямызды дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдері дәрежесіне жеткізу.

Қазір 2005 жылға дейін әскерлерді жаңа қару-жарақпен жабдықтау жолындағы Мемлекеттік бағдарлама әзірленуде.

Қарулы Күштер құрылысы – өте күрделі, көп қырлы және қымбатқа түсетін процесс. Республика Президентінің 1997 жылғы 17 қаңтардағы Жарлығымен Қарулы Күштердің үш түрі құрылды және Қорғаныс министрлігі мен Қарулы Күштер Бас штабы арасындағы міндеттер бөлініп берілді. Осы мезеттен бастап әскерді реформалау барлық әскери қызметшілер мен әр адамның міндетіне айналды. Қарулы Күштер басшылығы мен бүкіл жеке құрам қазіргі жағдайға түсіністікпен қарай отырып, болашаққа үлкен сенім артады және әскери құрылыс жөніндегі белгіленген мемлекеттік жоспарды орындауға дайын.

У.Қ: - Сонда, өзі, әскердегі билік пен міндет бөлісу әрекеті «бақа – көлге, шаян – шөлге» дегеннің керін келтіріп жүрмей ме? Мұны мен әсіресе, Қорғаныс министрлігі мен Бас штабтың

арасындағы міндеттер бөлісіне байланысты айтып отырмын. «Әскери билік неге бір адамның қолында болмайды?» деген пікірлер де айтылып қалуда. Бұл жөніндегі өз ойыңыз қандай?

М.А.: – Өте жақсы сұрақ қойдыңыз, Уәке. Таяуда мен ресми сапармен Еуропа елдерінде – Чехия, Болгария және Польшада болып қайттым. Олардың кейбіреуінде қорғаныс министрі әскери адам емес, кәдімгі қарапайым адам екен. Бір байқағаным, жаңағы сіз айтқандай министр бір жаққа, штаб бастығы екінші жаққа қарап отырғандай әсер етті. Ал, министр қарапайым азамат болғандықтан ол белгілі бір партияның мүшесі бола да алады. Сөйтіп, ол өз партиясының мүддесін қорғауға да қызмет етеді. Меніңше, мұндай құрылымнан сақтанған дұрыс. Сондықтан, қорғаныс министрі әскери адам болмасын деген қағиданы бізде қолдануға әлі ерте.

Ал, енді біздегі Қорғаныс министрі мен Бас штаб бастығының міндет бөлісіне келсек, қорғаныс министрі негізінен әскерге байланысты сыртқы жұмыстармен – бюджет мәселесімен үкімет деңгейінде шешілуі тиісті шаруалармен, әскери саясатпен айналысады. Басштаб бастығы әскердегі ішкі тәртіп, әскери дайындықты жоспарлау, соғыс қимылдарын жүргізу және тағы басқа міндеттерді жүзеге асырады.

Жоғары әскери билік неге бір адамның қолында шоғырланбайды дегенге келсек, Қазақстан әскерін басқару, оны қай кезде ұрысқа қолдану, дабылмен көтеріп, соғысқа қатыстыру билігі бір-ақ адамның, яғни Қазақстан Қарулы күштерінің Жоғары Бас қолбасшысы, Республика Президентінің қолында.

Сонымен, ең жоғарыдан төменге қарай берілетін әскери бұйрық сатысы мынандай: Жоғары Бас қолбасшы әскери дабылмен көтеру туралы бұйрықты қорғаныс министріне береді. Қорғаныс министрі бұл бұйрықты Қарулы Күштердің негізгі үш саласын (Жалпы күштер, Әскери әуе күштері, Шекара қорғаныс күштері) басқаратын үш қолбасшыға береді. Әскери дабылмен көтеріліп, іске кіріскеннен кейін Бас штаб бастығы әскери ұрыс қимылдарын басқаруды тікелей өз қолына алады. Олай болса,

біздің әскери құрылымыз бір адамның қолындағы билікке шоғырланған деп түсінуіміз керек.

У.Қ: – Қазақстан өзін ядролық қарусыз мемлекет ретінде жариялай отырып, өз мемлекетінің қауіпсіздігі мен шекарасының тұтастығына ешкімнің қол сұқпайтындығы жайында дүние жүзіндегі ірі державалардың кепілдігін алғаны белгілі. Осыны арқаланғандықтан ба, әлде басқадай пиғылдан ба, кейбіреулер Қазақстанға әскердің керегі не, егер қақтығыс бола қалған күнде ол бәрібір үлкен елдердің екпініне төтеп бере алмайды деген пікірлер айтып қалады. Бұған сіз не дер едіңіз?

М.А: – Ел болған соң сол елдің тыныштығын қорғайтын әскері де болуға тиісті. Ал енді басқыншылық мақсатта әскер ұстаудың жөні бөлек. Тарихтағы талай басқыншылық соғысты білеміз және сол соғыс арқылы ешкімнің мәңгілік бақытқа қол жеткізе алмағанын тағы білеміз. Егер жер шары түгелдей бейбітшілік құшағында тербеліп тұрса, мүлдем әскер ұстамайтын мемлекет құруға болатын шығар. Ал, біздің үлкен көршілеріміздің қарулы күштерін былай қойғанда, іргеміздегі Тәжікстан, Ауғанстан, Кавказ өңірінің әр жерінен отты нүктелер бұрқ ете қалып жатқанда қалайша шекарамыздың бәрін ашық тастап, ұлттық байлығымызды талан-таржға түсіріп, қол қусырып қарап отырамыз. Көлденең көк аттыға жем болып, төрінде әркімді тасыраңдатып қойсаң, тектілігіңе сын емес пе. Ер азаматтары Барыс елінің болашағы үшін қарулы күзетте қалт етпей тұрғанда енді біреулері жаңағыдай ойласа, ол сатқындықтан басқа ештеңе емес деп ойлаймын.

У.Қ: – Дегенмен осы ойды тереңдете, ашып айтсақ. Қазіргі біздің әскери терминде «Қауіпсіздік белдеуі» деген тіркес пайда болды. Мұны қарапайым тілмен қалай түсіндіруге болады? «Қауіпсіздік белдеуінің» астарында не жатыр?

М.А: – Жаңа айттық, еліміздің екі жағында ең үлкен көршілеріміз – Ресей мен Қытай мемлекеті тұр. Мына жақта Орта Азия елдері. Каспий жағында Кавказ елдері. Бұл мемлекеттермен саяси-экономикалық қатынастармен қоса, әскери

ынтымақтастықты нығайта беруіміз керек. Соның бір белгісі ретінде Тәжікстандағы бітімгершілік күштері батальонын айтар едім.

Сондай-ақ, біз ТМД елдері Әскери әуе шабуылынан қорғаныс күштері құрамасының белді мүшесіміз. Ал ол құраманың тірек-қосыны Алматыда орналаспақшы.

1993 жылдан бері ТМД елдерінің ұжымдық қауіпсіздігі туралы бірлескен келісімге қол қойған болатынбыз. 1995 жылдан бері Ислам конференциясы ұйымының толыққанды мүшесіміз.

1997 жылы Ресей Қарулы күштерімен бірге «Редут-97» деп аталатын әскери жаттығулар өткіздік. Тағы да сол жылы Америка әскерілерімен бірге «Баланс-Каяк» әскери жаттығуларын өткізіп, әріптестер тарапынан жоғары бағаға ие болдық. Ресеймен, Қытаймен шекара мәселелерінде дауымыз жоқ. Қытаймен аздаған жер телімін келісіп шешетін жағдайлар бар. Ол жағынан екі жақтың да мүдделері ескеріліп, әділ шешім қабылданыны сөзсіз. Былтыр өткен «Ортазбат-97» әскери жаттығулары биыл өзінің жалғасын табады деп күтілуде. Сөйтіп, біз өзімізді қорғау үшін ғана қолға қару ұстайтынымызды бүкіл әлемге дәлелдедік. Сондықтан да, Қазақстанды «Қауіпсіздік белдеуі» деп атамағанда не деп атау керек?

У.Қ: – Ендігі бір мәселе – Қазақстанның қарулануы жөнінде. Кейбір тәуелсіз басылымдар мен оппозициялық топтың өкілдері: «Біздің әскери қарулардың бәрі ескірген, егер оны жаңалауға тырыссақ, Ресейден қалған ескі қаруларды қыруар қаржыға сатып алғанша, неге батыс елдерінен жаңасын сатып алмаймыз?» деген пікірлер таратуда. Шындығында солай ма, осы жағын өз аузыңыздан естісек.

М.А: – Шындығына келсек, Қазақстан қару-жараққа кенде емес. Кеңес өкіметі кезіндегі қарулардың көбісі біздің жерімізде сақталғанын екіншісі біле бермеуі мүмкін. Сол қарулардың бәрі бүгін өз қолымызда. Ал оларды жаңалап отыру ісі жайындағы әңгіме басқа. Біз Ресейден ескі, жарамсыз техниканы ешқашан сатып алған емеспіз, сатып алмаймыз да. Мәселен,

СУ-27 ұшағын екінші сортты ұшақ, ал С-300 зымыранын екінші сортты зымырандық кешен деп айтуға кімнің аузы барар екен. Сондай-ақ, Ресей мемлекеті ең озық қару-жарақ пен ұрыс техникасын әлемдік рынокқа шығарушы бірден-бір мемлекет болып табылады. Оған қоса, қазіргі кезде ғылым мен техниканың тез дамып жатқан шағында қандай ұшақ немесе тікұшақтың жақсы екендігі жөнінде талас тудырудың қажеті жоқ сияқты.

Дүние жүзі мемлекеттері армияларындағы ұрыс техникасы мен қару-жарағының техникалық және жауынгерлік мүмкіндіктері бірдей, немесе әскери адамдардың айтуына қарағанда – мөлшерлес. Сондықтан, бұл жағдайда бұйымның шығарылған жылы емес, техника мен қару-жаракты меңгеру, ұшқыштар мен танкішілердің шеберлігі, дағдылары туралы сөз болуы керек деп ойлаймын. Ең бастысы – Қазақстан армиясы тендер негізінде жаңа, алдыңғы қатарлы техникамен жабдықталатын болады. Әрине, бұл мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне де тікелей байланысты.

У.Қ: – Мұха, халықтан жасырып-жабар ештеңе жоқ, кейінгі кезде кейбір бұрынғы әскерилер, яғни бүгінгі әскерилерге көңілі толмайтындар баспасөз беттерінде сын-пікірлеріп айтып жатады. Мәселен, солардың бірі – Кеңес үкіметі жылдары республика әскери комиссары болған полковник Леонид Бақаев. Ол кісі қазіргі қорғаныс күштерімізді кейде іске алғысыз етіп тастайтыны бар. «Әскер санын көбейту – генералдар санын көбейту үшін ғана қажет» деген пікір айтады. Егер құпия болмаса, Қазақстандағы әскер саны қанша? Оған жұмсалып жатқан қаражат көлемі қандай мөлшерде?

М.А: – Леонид мырзаның газет беттерінде айтқан соңғы пікірлерімен мен де таныспын. Сонда бір байқағаным, Л.Бақаев Қазақстан әскеріне баяғы сол кеңестік армияның өлшемімен, яғни әскери комиссардың көзімен ғана қарайтын тәрізді. Келесі бір әскери жаттығуларға ол кісіні өзіммен бірге ала жүріп, әскери ұшаққа отырғызып, бүгінгі әскеріміздің жаттығу ұрыс-қимылдарын биіктен көрсетемін-ау деймін. Әйтпесе, үйде,

теледидардың алдында отырып алып әскери жаттығуларға жа-лаң теориялық тұрғыдан баға беремін деп ол өзін де, өзгені де шатастырып алуы мүмкін.

Ал енді әскер санына келетін болсақ, бұл жөнінде дүние жүзі бойынша қалыптасқан заңды өлшем бар. Яғни, бейбіт уақытта әрбір мемлекеттің әскер саны оның халқының 1 процентінен аспауы керек. Бізде халықтың саны – 16 миллион. Оның 1 проценти – 160 мың болады. Қазақстанда бұған дейін 80 мыңдай әскер болған. Кейінгі кезде шекара әскерлерінің Қорғаныс министрлігінің құрамына кіруіне байланысты жалпы әскер саны 100-105 мыңдай болып қалды. Болашақта оның саны өспейді. Негізінен біздің ұстанып отырған бағытымыз – әскер санын қысқарту, білікті мамандар санын көбейту, сөйтіп, жаңа техника мен технологияны әскерге енгізу болып табылады. Таяуда мен Қарулы Күштерге мемлекет тарапынан бөлінетін қаржының жұмсалуды ретін қайта есептетіп көріп едім, бүгіннің өзінде-ақ одан үнем жасауға мүмкіндік бар екеніне көзім жетті.

У.Қ: – Тәуелсіз еліміздің ұлттық армиясын құру үшін, ең алдымен, білікті ұлт кадрларының санын көбейту керек екені айтпаса да түсінікті жәйт. Осы тұрғыдан қарағанда, қазіргі әскеріміздің ұлттық құрамы қандай?

М.Қ: – Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін онда одақтық құрылым негізіндегі салалық министрліктің бәрі болды, тек Қорғаныс министрлігі ғана болған жоқ. Біздің жерімізде тұрған әскерилердің дені КСРО әскері еді. Міне, осы тұста қыруар қару-жарақты сақтай отырып, өзіміздің әскерімізді құру, Қорғаныс министрлігін құру тіпті де оңайға түскен жоқ. Ұлты басқа әскери басшылардың көбісі жан-жаққа бытырай жөнелгенімен қоймай, қару-жарақ, техникаларды өздерімен қоса ала кетуге тырысты. Алалмағандарын бүлдіріп, одан қалғандарын өз қарабастарының қамы үшін арзан бағаға сатып жібергендері де бар. Сол ауыртпалықты жеңе білген қазақстандық азаматтарға бүгінде алғыстан басқа не айтамыз.

Мәселен, мен Қазақстанға келіп, Әуе күштерінің қолбасшысы болып тағайындалғаннан кейін Ақтөбедегі әскери

ұшқыштар дайындайтын училищеге барып көрсем, ондағы әр жылы қабылданатын 500 курсанттың екеуі ғана қазақ ұлтынан болып келіпті. Мұны олар «дәстүрге» айналдырып алған екен. Осыдан-ақ Кеңес өкіметі кезінде біздің ұлттан қанша әскери маман дайындалғанын аңғаруға болмай ма? Қысқа мерзім ішінде бұл олқылықтардың орнын толтыра бастадық. Қазір Қазақстандағы әскери оқу орындарының 70-80 процентін өз ұлтымыздың өкілдері құрайды десек, артық айтқанымыз емес. Енді бір бес жылдан кейін әскеріміздің ұлттық құрамы жайында сөз қозғалмайтын шығар деп ойлаймын. Лайым, соған жеткізсін дейік.

У.Қ: – Кәсіби армия құру және әскери қызметшілерді әскерге шақырудың келісім-шарттық жүйесі жөнінде әңгіме қозғалғанына да біраз уақыт болды. Ол жөнінде нақты не істеліп жатқанын былайғы жұрт біле бермейді. Ендеше, осы мәселені тағы да талдай түсіндіргеннің артықтығы болмас деп ойлаймын.

М.А: – Кәсіби армия мәселесіне келетін болсақ, мана айттық, Республика Президенті биылғы жылы Қазақстан Қарулы Күштері әскери академиясы жеке құрамының алдында сөйлеген сөзіне кадр мәселесіне тоқтала келіп, біздегі әскери мамандар әлемдегі ең озық қару-жарақ пен техника тілдерін оқып-үйренуге тиіс екенін баса айтты. Бұл – құрамы бойынша саны аз, бірақ ұтқыр, жақсы атыс құралы бар, тез әрі тиімді маневр жасауға икемді жойқын армия құрудың бірден-бір жол екені айтпаса да түсінікті. Бұл армия қару-жарағы автоматтандырылған жүйеден тұратын, байланыс пен навигацияның қазіргі құралдарымен жабдықталған, Отанның абыройы мен тәуелсіздігі үшін жанын пида етуге даяр армия болмақ. Сонымен қоса, кәсіби армия құру үшін ең алдымен жоғары білікті офицерлер даярлау қажет екенін ұмытпағанымыз жөн. Осы мақсатта әскери академиямыз құрылды. Оның базасында адыонктура өз қызметін жүзеге асыруда. Адыонктура дегеніміз – Қорғаныс министрлігінің әскери-ғылыми орталығы екенін естеріңізге сала кетейін. Мұны құрудағы мақсат – жеке әскери-ғылыми базаны дамыту, кезкелген бастаманы шұғыл түрде шешу болып табылады.

Келісім-шарттық жүйеде әскери қызметшілерді әскерге шақыруға байланысты мынаны айтар едім: бізде мерзімінен тыс қызмет атқаратын әскери қызметшілердің барлығы келісім-шарт негізінде қызмет етеді.

1997 жылдан бастап белгіленген міндетті әскери қызметін өткерген әскери қызметшілерді келісім-шарт бойынша өз еріктерімен армияда қалдыру тәжірибесі біршама жолға қойылды. Келісім-шарт бойынша құрылатын әскери қызметтің кейбір кемшіліктері де бар. Соғыс уақытында жұмылдыру ресурстарына деген жетіспеушілік байқалады және қосымша резервтерге қажеттілік туындайды. Қарулы Күштерді ерікті негізде жасақтау жүйесі, яғни кәсіби армияға өту, оған жұмсалатын қаражатқа тікелей байланысты. Басқаша айтқанда, армияны келісім-шарт негізінде жасақтай отырып, оны кәсіби негізге өткізу кезінде армияға жұмсалатын қаражат біршама өседі. Сондықтан, осы мәселе жөнінде асығыстық жасамау керектігін алдын ала ескерткім келеді. АҚШ-та кәсіби әскер жасақтаудың келісім-шарттық тәсіліне көшу процесі 20 жылдай уақыт алды. Бұл түйінді мәселенің екінші бір жағын ескеруіміз керек. Өтпелі кезең жағдайында армия қатарына жәй өмірде өзіне жол таба алмаған, нақты жалақы іздеген кездейсоқ адамдар да кіріп кетуі мүмкін.

Сарбаздарды оқыту және тәрбиелеуде кіші командирлердің, сержанттар мен старшиналардың ролін көтеру мақсатында Кадет корпусы құрылды. Оның мақсаты – армия тірегі – кәсіпқой сержанттарды даярлау.

У.Қ: – Мұха, манағы бір сұрақты толық ашпай кеткен сияқтымыз. Ол – әскердегі генералдар санының көптігіне байланысты еді ғой. Осы мәселеге тағы бір оралып, Қазақстан армиясындағы генералдар құрамына баға бере кеткеніңіз дұрыс болар еді.

М.А: – «Генерал» деген сөз негізінен латын сөзі. «Жалпы», «Бас» деген мағынаны береді. Осы сөз қай елдің болсын әскеріндегі жоғары офицер құрамының жоғары шені ретінде қалыптасып кеткен. Теориялық тұрғыдан қарағанда әрбір әскери

шен армия жүйесінің лауазым сатысында атқаратын қызмет дәрежесіне сәйкес келуі керек. Бірақ, іс жүзінде генерал лауазымында отырғандардың барлығына бұл атақ үлестіріле бермейді.

Ал Қазақстан Қорғаныс министрлігінде генерал лауазымына тиесілі қызмет атқарып жүрген полковниктер аз емес.

Әрине, бүгінгі күнде генерал атағы бар офицерлерді өз қызмет саласында жоғары білікті кәсіпкерлер деп айта аламыз. Мәселен, мен генерал шеніндегі өзімнің орынбасарларымның ешқайсысы өзге елдердің генералдарынан біліктілігі жағынан да, адамгершілік қасиеттері жағынан да артық болмаса, кем емес деп сеніммен айтуға қақым бар. Жалпы, Қарулы Күштердің жоғары басшылығын қызметке тағайындау және қызметтен босату жөніндегі конституциялық құқық Қазақстан Республикасының Президентіне берілген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Президенті мемлекет басшысы және Қарулы Күштердің Бас Қолбасшысы ретінде жоғары офицерлер құрамының орын ауыстыруға жататын лауазымдар тізбесін бекітеді.

У.Қ: – Қорғаныс министрімен ашық әңгіме үстінде отырып, әскердегі тәртіп, ондағы кездесіп қалатын «әлімжеттік» мәселелері туралы айтпасақ, әділетсіздік болар еді. «Нашар сарбаздар» қайдан шығады? «Дедовщина» деген дерттің тамырына балта шабу мүмкін бе?

М.А: – Әскери мамандық алу кезінде сабақ үлгерімі төмен болған сарбаздарды нашар сарбаз деп білсек, оған кінәлі тек командирі екенін айта кетуіміз керек.

Ал тәртіп бұзушылық – әлем армияларының бәрінде бар құбылыс. Онымен күресу үшін алдымен бұзақылықтың тамырына балта шабу қажет. Ал баршаңызға белгілі, тәртіп сақтауды қаталдықпен, қатыгездікпен емес, қолданылған жазаның нәтижесімен және тәртіп бұзушылықтың алдын алумен ғана қол жеткізуге болады. Ең аяныштысы – осындай бұзақылықтың салдарынан жас жігіттердің қаза табатындығы болып отыр. Бұл мен үшін де, олардың ата-аналары үшін де, Қазақстан Қарулы Күштері үшін де үлкен қасірет. Кейбір жекелеген ақпарат

құралдарының өкілдері осынау келеңсіз құбылыстарды дабыра етіп көрсету арқылы елдің назарын өздеріне аударып, сол арқылы бедел жинағысы келетіні өкінішті-ақ. Бұл дегеніңіз, астаудағы кір суды оның ішіндегі баламен қоса қоқысқа төге салғанымен бірдей екенін олар өздері аңғармай жатады.

У.Қ: – Әскери өмір мен оның қызметін анықтайтын бірден-бір құжат – ол әскери жарғылар болып табылады. Несіне жасырамыз, тәуелсіз еліміздің бүгінгі әскері кешегі КСРО-дан қалған әскери жарғыларды пайдаланып, сонымен өмір сүріп келгені рас қой. Енді өз Қарулы Күштеріміздің, өз соғыс өнеріміздің жарғысын жасайтын уақыт жетті емес пе? Бұл жөнінде нендей ізгі істер бар? Осы жөнінде айта отырсаңыз.

М.А:– Егемен еліміздің Қарулы Күштерін құру басталғанда алдымен қазіргі өмір талаптарына сәйкес келетін әскери жарғыларды әзірлеудің қиын да жауапты жұмыстары қолға алынды. Әскери терминдерді мазмұн-мағынасына нұқсан келтірмей, жалпыға бірдей түсінікті етіп әзірлеу үшін тіл мамандарын, әскери тарихшыларды, тағы басқа білікті азаматтарды жұмылдыруға тура келді. Бұл істе біраз мәселе шешілген сияқты. «Көш жүре түзеледі» деген ғой. Жіберген кемшіліктерімізді жұмыс барысында жөндеуге тырысамыз. Ал жарғылар мәселесіне келетін болсақ, бұрынғы жарғылардың бәрін ысырып қойып, түгелдей өзіміздің жаңа жарғыларымызды екі тілде жасап шығардық. Қазір әскеріміз сол құжаттар негізінде тіршілік етіп жатыр.

У.Қ: – Сонымен, жоғары кәсіпқой сарбазды даярлау үшін қанша уақыт керек?

М.А: – Жоғары кәсіпқой сарбаздар даярлау мерзімі туралы сөз қозғасақ, онда қандай сарбаздар даярлау туралы әңгіме өзінен-өзі туындайды. Егер әңгіме кәсіпқой армиядағы сарбаз туралы болса, онда негізгі мамандығы бойынша келісім-шарт жасасқан қатардағы құрамның ерікті жауынгерлерін даярлау бір жылға созылады. Содан соң ол нақты бір әскери бөлімде өзі игерген мамандығын одан әрі жетілдіреді. Ал біздің армия қатарындағы сарбазға келетін болсақ, олар 6 айлық дайындық-

тан өткен соң өз әскери мамандығы бойынша бірден іс жүзінде жауынгерлік даярлықтың толық бағдарламасын өтеуден бастайды. Сарбаздың өз мамандығын қаншалықты игергенін оқу жылының аяғында өткізілетін қорытынды тексеруден кейін анықтауға болады.

Бұдан кейін Бас редактор мен қорғаныс министрінің арасындағы әңгіме бағыты әскер мен діни ұйымдардың өзара байланыс жөнінде, патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік туралы, Қарулы Күштеріміздің болашағы жайында өрбіді.

Генерал-полковник Мұхтар Алтынбаев мырза өзінің жастық шағында бастан өткерген қызықтар мен қиындықтары жайында ұжым мүшелеріне әңгімелеп берді. Елудің бел ортасына келіп қалса да әлі күнге дейін әскери ұшақтарды ұршықша үйіріп жүрген бұл азаматтың қайталанбас қабілетінің қыр-сырларын біліп тәнті болдық.

Ол КСРО кезінде ғарышкерлер сапына қосылудың сәл алдында тұрыпты. Бала кезінен арманын аспан төрінен іздеген Мұхаң бүгінде сол арманының асқар шыңына шығып отыр десек, артық айтқандық емес. Жеке әңгімеде кез-келген адаммен өте кішіпейіл, қарапайым жүздесетін Мұхаң Бас редакторымызға қызықты кездесу ұйымдастырғаны үшін алғыс айтып, ендігі сұхбаттасу сәтін Қорғаныс министрлігінде жалғастырайық деген ниетін білдірді. Ал Уәлихан Қалижан мырза құрамы редакция қызметкерлерінен және сарбаз аналарынан, соғыс ардагерлерінен тұратын топ ұйымдастырып, Қорғаныс министрлігінің өкілдерімен бірге алыстағы әскери гарнизондарға ресми сапар ұйымдастыру идеясын ортаға тастады.

Сөйтіп, Қарулы Күштеріміздегі бүгінгі бетбұрыстарды өз көзімізбен көре отырып, Отан күзетіндегі ұлдарымыздың нақты образын жасасақ деген ізгі ниет екі жақтан да қызу қолдау тапты.

Өмірдерек

Генерал-полковник Мұхтар Қапашұлы Алтынбаев 1945 жылы Қарағанды қаласында көп балалы шахтердің отбасында дүниеге келген.

17 жасында сол қаладағы Қазақ орта мектебін тәмамдағаннан кейін еңбек жолын шахтада жұмысшы болып бастайды. Өндірістен қол үзбей жүріп, ол Қарағандыдағы авиациялық оқу-жаттығу орталығында оқиды. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтей жүріп, 1966 жылы әскери ұшқыштардың Кинель-Черкас оқу-жаттығу орталығында истребитель-ұшқыш оқуын бітіреді. Сосын, Әуе қорғанысы күштеріндегі ұшқыштық қызметке жіберіледі. Әуе қорғанысы күштерінің Армавир жоғары әскери авиация полкінде аға ұшқыш қызметінен өсе келе авиациялық истребитель полкінің командиріне дейін көтеріледі.

1982-1985 жылдары Г.К.Жуков атындағы Әскери командалық академияда оқып, оны үздік бітіріп шығады. Бұдан кейін Кеңес армиясында дивизия және корпус командирі дәрежесіне дейін көтеріледі.

Еліміз егемендік алғаннан кейін ол Қазақстан қорғаныс министрінің орынбасары – Әуе қорғанысы корпусының командирі, Әскери-әуе күштерінің қолбасшысы қызметін атқарады. 1996 жылдың 30 қазанынан бері Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі.

Ұшқыштық мамандықтың ең жоғарғы «мерген-ұшқыш» атағын алған. Мұхтар Алтынбаев ЯК-18, МИГ-15, МИГ-17, МИГ-19, МИГ-25, МИГ-29, СУ-27, АН-14, американдық F-16 сияқты әртүрлі мақсатқа қолданылатын әскери ұшақтарды шебер меңгерген.

Әке жолын қуған ұлы Мүсілім Мұхтарұлы да әскери ұшқыш, подполковник. Қазіргі таңда әскери дипломатиялық академияның тыңдаушысы.

Жазып алған Серік Жұмабекұлы
«Егемен Қазақстан» газеті,
1 шілде, 1998 жыл.

ЖАС ОФИЦЕРЛЕР САПҚА ТҰРДЫ

Өткен жексенбі күні Алматыдағы Республика алаңында әскери мереке болды. Бұл мерекеге Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы, Президент қатысты. Осы күні тұңғыш рет офицер погонын иықтарына таққан бұрынғы курсанттар сапқа тұрды. Алматы Жоғары әскери училищесінің, Радиоэлектроника және байланыс инженерлік институтының, Спорт әскери колледжінің курсанттарымен қатар әскери академияны бітірген сақа офицерлер де бүгін осы сапта. Оларға да диплом тапсырылады. Президент Әскери оқу орнын бітірушілерге құттықтау сөз арнады.

– Офицер – армияның алтын дінгегі. Сол себепті де он жыл бойы өзіміздегі әскери оқу орындарының жұмысына қатты көңіл бөлдік. Осы уақыт аралығында Әскери академияның жанынан әскери педагогтар мен ғалымдар даярлайтын құрылым ашылды. Соның арқасында жоғары шенді біраз офицер қазіргі кезде әскери ғылымды дамыту саласында еңбек етуде. Ал, осы Әскери академиядан білім алған офицерлердің көбісі қазір ірі-ірі құрамалар мен бөлімшелерді басқарып жүр. Біразы генерал дәрежесіне дейін көтерілді.

Жалпы офицерлерді мемлекеттік қызметшілер деп қана емес, мемлекет адам деп білу керек. Өйткені, соғыс жағдайында мемлекет тағдыры офицерлердің қолына көшеді,- дей келіп, Президент нағыз командирлердің қандай болуы қажеттігіне тереңірек тоқталды.

Иықтарына жарқырата лейтенант погонын таққан арулар да бүгінгі салтанатты саптың сәнін аша түскендей. Бұл қыздар Әскери академияға алғаш рет қабылданғанда үлкен жаңалық ретінде көргенбіз. Міне сол қарлығаштар енді қанат қағып барады. Мамандықтары – әскери байланысшы. Жоғарғы Бас қолбасшы бұл қыздарға деген алғысын ерекше тебіреніспен

жеткізді. Әскери академияны үздік аяқтаған полковник Қойбақов пен Алматы Жоғары әскери училищесінің түлектері Жұманов, Илющенкоға дипломды Президент өз қолымен тапсырды.

Өз кезегінде сөз алған әскери оқу орындарының түлектері осы жылдар аралығында Елбасының өздеріне көрсеткен қамқорлығына шексіз ризашылықтарын білдіріп, ел сенімін ақтайтындарына сендірді. Салтанатты жиын соңында әртүрлі әскери өнерлер көрсетілді. Жас офицерлер өздері дәріс алған оқу орнының жауынгерлік туымен тізе бүгіп, бас иіп тұрып қоштасты. Оның соңы қоштасу вальсіне ұласты. Енді толық офицерге айналған жігіттер мен қыздар дөңгелене билеп кетті. Президент мінберден түсіп, олардың ортасына қарай аяндады. Кенет музыка тоқтады да, билеп жүргендер Президентті қоршап алды. Бұл жерде олар Елбасымен ұзақ әңгімелесті.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
25 маусым, 2002 жыл.**

ЖАТТЫҒУДА ҚИЫН БОЛСА, ҰРЫСТА ОҢАЙ

Үшарал қаласының маңында өтіп жатқан халықаралық әскери жаттығулардың бірінші бөлімі кеше аяқталды.

Бұл күні таңертең Қазақстан мен Қырғыстан Қарулы Күштерінің барлаушылар тобы Жайнақ елді мекенінің тұсындағы шекарадан жасырын өтіп, бері келе жатқан белгісіз қарулы адамдар жөнінде Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің штабына дереу хабарлады. Барлаушыларға оларды көзден таса қылмауға тапсырма берілді. Дереу қосымша күштер іске қосылды. Жаяу әскерлер тобы ауыр техникаларды алға салып, шабуылға шықты. Бұлардың соңынан жылжымалы артиллерия батареясы ілесті. Тапсырма: «Лаңкестерді екі жақтан қоршауға ала отырып, жойып жіберу».

«Операция-17» деп аталатын барлау-бақылау тобы, лаңкестер атыса шегініп бара жатқаның мәлімдеді. Мұны естіген ШЫҰ штаб бастығы тікұшақтарды аспанға көтеруге бұйрық берді. Осы кезде лаңкестер жақтан атылған граната біздің бір ауыр техникаға дөп тиді де, оны қою қара түгінге орады. Бұдан кейін айқас қыза түсті. Қазақстан мен Қырғызстан жауынгерлері бір сәтте шабуылға шығып, лаңкестерді екі бүйірден қысуға кірісті. Әрбір атылған снаряд көздеген жерге дөп тиюде. Осымен олардың шаруасы тынған шығар деп ойлап үлгергенімізше, сайдың ішінен тағы бір белгісіз адамдар тобы бері қарай лап қойды. Енді снарядтар легі солай қарай бағытталды. Өңмендеген содырлар жер бауырлауға мәжбүр болды. Осы кезде манағы екі тікұшақ қайтып оралып, дұшпан жасырынған жаққа қарай оқ боратып өтті. Сөйтті де олар тағы да қайырылды. Жаңағы көрініс тағы қайталанды. Тікұшақтар үшінші рет қайтып оралғанда одан шабуылдаушы десантшылар секіріп түсіп, атысқа кірісті. Жаяу әскерлердің техникалары іске қосылды. Орта тұстан Қазақстанның мотоатқыштар ротасы лап қойды.

«Тірі қалған» дұшпанның біразы бас сауғалай кері шегінді. Сол жақтан Ресейдің мотоатқыштар ротасы алға жылжыды. Олардың соңынан ілесе миномет бататреясы оқ жаудыруда. Бұлардың арасында «Шилка» атты зениттік қондырғылар да кетіп барады. Зуылдаған оқ пен снарядтардың гүрсілінен жер сілкініп, тау дірілдеп тұрғандай. Бүкіл қойнау қара түтін мен қою шаңға бөгіп жатыр. О баста жүз шақты адамдай көрінген лаңкестер легі бұдан әлдеқайда көп екендігі анықталды. Тайсалмай қарсыласуына қарағанда өздеріне тым сенімді сияқты. Ақыры жартысынан көбісі қырылып, қалғандары қолға түсті.

Осы арада Алматы облыстық ішкі істер бас басқармасының електен өткізу орталығы іске кірісті. Олар тұтқынға алынғандардың құжаттарын тексеріп, қай елден келгендерін анықтауды қолға алды. Бұлар мұның алдында жолаушылар ұшағын адамдарымен қоса кепілдікке алған «Седой» атты лаңкестің тобына көмекке келе жатқандар болып шықты. Дұшпанның қолында кепілдікте болған бейбіт адамдар да мұқият тексеруден өткізілді. Жараланғандар мен сырқаттарға дәрігерлік көмектер көрсетілуде.

Міне, Шанхай ұйымына мүше елдердің Қазақстандағы «Өзара іс-қимыл-2003» деп аталатын алғашқы әскери жаттығуларының бірінші бөлімі осылай аяқталды. Бұл ойындарға Қытай елінің әскерилері әзірге тікелей араласа қойған жоқ. Қытай елінде өтетін жаттығудың екінші бөлімінде олар өз өнерлерін көрсетуге дайындалуда.

Қытай Халық Республикасы Ланьджоу әскери округінің қолбасшысы, генерал-лейтенант Ли Сяньюань, Орал әскери округінің қолбасшысы генерал-полковник Алекседр Баранов мырзалар Қазақстан жерінде өткен бұл әскери жаттығуға жоғары баға берді. Әсіресе, ұйымдастыру ісіндегі жетістіктерді баса көрсетті.

Шынында да, ен далаға санаулы уақыттың ішінде әскери күркелерден шағын қалашық орната қою оңай шаруа емес.

Мұнда адамға қажетті жағдайлардың бәрі жасалынған. Журналистер үшін арнайы 12 қанатты киіз үйлер тігіліп, ішіне компьютерлер қойылыпты. Спутниктік байланыс жүйелері мүлтіксіз жұмыс істеуде. Осының бәрін ыждағатпен ұйымдастыра білген Шығыс әскери округінің қолбасшысы, генерал-майор Нұрлан Жолмановқа жиналғандардың бәрі алғыстарын жаудыруда.

Қысқасы, нағыз әскерилер үшін әскери жаттығудан асқан үлкен мереке жоқ екендігіне осы жолы тағы да көзіміз жете түсті.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
9 тамыз, 2003 жыл.**

СОҒЫСТАР МЕН ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕН БАСТАЛАДЫ

**(Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі,
генерал-лейтенант Сәт Тоқпақбаевпен сұхбат)**

— Сәт Бәсімбайұлы, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің соңғы мәжілісінде мемлекеттің жаңа әскери доктринасы талқыланып, сосын ол Президенттің бекітуіне ұсынылғанын естігенбіз. Енді міне, сол жаңа доктринааның негізгі мазмұны баспасөз беттерінде жарияланып, қолымызға тиіп отыр. Жалпы, жаңа әскери доктринааны қабылдауға не себеп болды?

— Жаңа доктринааны қабылдауға еліміздің ішкі, сыртқы жағдайларының әртүрлі мәселелері себепкер болып отыр.

Ең бастысы, 1993 жылғы ақпан айында алғашқы әскери доктринамыз қабылданғаннан бері еліміздің ішкі өмірінде айтарлықтай өзгерістер болғаны белгілі. Мәселен, бұл аралықта Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды. Онда еліміздің Президенті, әрі Жоғары Бас қолбасшының өкілеттілігі жаңа қырынан толықтырылып, ұлттық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік құрылымдардың міндеттері бұрынғыдан да айқындала түсті.

Сондай-ақ, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі негізгі даму бағдарламасы қабылданды. Оның ішінде Қазақстанның 1999-2005 жылдар аралығындағы ұлттық қауіпсіздік жөніндегі тұғырнамасы да көрініс тапты, яғни әскери қауіпсіздік саласындағы негізгі бағдарлар нақтыланды. Соның ішінде Қарулы күштердің өзі де кәдімгідей өзгерістерге ұшырады. Бұл жерде әскердің алдындағы негізгі міндеттері ғана емес, оның құрамы мен құрылымы да жаңа қырынан жаңғырды.

Ал сыртқы жағдайға келетін болсақ, көршілес жатқан елдер мен тату-тәтті қарым-қатынас орнатып, қауіпсіздік белдеуін

нығайта түскенімізге қарамастан, мемлекетіміздің қауіпсіздігіне күтпеген жақтардан жаңа қатерлер төне бастағаны жасырын емес. Экстремизм мен халықаралық терроризм деген дерт біздің аймаққа да аяқ басты. Азия аумағында жаңадан ядролық және жаппай қырып-жоятын қаруы бар мемлекеттер пайда болды. Міне, осының бәрі Қазақстанның жаңа әскери доктринасын қабылдауға себепкер болды. Халықаралық өлшемдер мен ұлттық қажеттілікке сүйене отырып, әскери доктрина қорғаныс саласындағы мемлекеттің жекелеген институттарының ара қатынасын ретке келтіріп отырады. Әскери доктринада ең бастысы, мемлекет өз ұлттық қауіпсіздігін сақтау жолында әскери күштерін қашан, қалай және не үшін қолдану керектігі анықталады.

– Соңғы кезде Орталық Азияда халықаралық терроризмнің белгілері жиі бой көрсетуде. Осыған байланысты еліміздің іргесін бекітіп, қауіпсіздігін нығайту үшін не жасалуда?

– Орталық Азиядағы өткен жылғы оқиға бұл өңірдегі әскери-саяси жағдайлардың аяқ асты ушығып кетуі оп-оңай екенін тағы да көрсетіп берді. Осыған байланысты Қазақстан Қорғаныс министрлігі мұндай қауіп-қатердің алдын алу төңірегінде біраз жұмыстар жүргізді. Қарулы күштерімізді кез-келген шабуылға тойтарыс бере алатындай етіп даярлауды жедел түрде қолға алдық. Әсіресе, еліміздің оңтүстік өңірінде террористер мен содырлардың бас көтеру қаупі бар екені жасырын емес. Сондықтан, бұл мәселеде нақты шаралар жүзеге асуда. Құрлықтағы әскерлер тобын осы жаққа шоғырландыруға кірістік. Әскерлерімізді еліміздің кез-келген түкпіріндегі шиеленіс ошағын сол сәтте шұғыл түрде тұмшалай білуге үйретудеміз.

– Халықаралық байланыстар мен әскери ынтымақтастық саласында қандай шаралар атқарылуда? Жылда өткізілетін «Ортазбат» сияқты бейбіт мақсаттағы әскери жаттығулардан бізге пайда бар ма?

– Мен Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастығын дамыту ісі – Қорғаныс министрлігінің басты міндеттерінің бірі,

әрі оның үлкен саяси мәні бар шара деп есептеймін. Сол себепті де, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі алыс-жақын 35 мемлекеттің әскери ведомстволарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бұл елдермен екі жақты байланысты дамыту ісінде қазір жүзден астам келісім-шарттарға қол қойылған. Қазақстан үшін бұл – халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті нығайтудың бірден-бір кепілі болып табылады.

Біз үшін халықаралық әскери ынтымақтастықты дамытудың мынандай жақтары бар. Атап айтқанда:

1. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі туралы шарты шеңберінде оны әрі қарай жетілдіру мен қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеуді ескере отырып, әскери және әскери-техникалық саладағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту.

2. «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы шеңберінде НАТО-мен әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту.

3. Бейбітшілікті қамтамасыз ету жолында әскери жасақтарымыздың халықаралық операцияларға қатысуы.

Осы тұрғыда біздің әскерилердің «Ортазбат» сияқты бірнеше елдің әскерилері бас қосқан жаттығуларда өздерін сынап-байқауы үлкен жетістік болып табылады.

Биылғы жылы дәстүрлі осы әскери жаттығу «Ортазбат-2000» деген атпен тағы да өз жалғасын таппақшы. Бұл жолы Қызғыстан, Өзбекстан, Ресей, АҚШ әскерилерімен қоса Ұлыбритания, Франция, Түркия, тағы басқа мемлекеттердің жасақтары осынау бейбітшілік мақсатта өтетін әскери жаттығуларда өз өнерлерін көрсетеді. Қазақстан тарапынан «Қазбат» деп аталатын жаңадан құрылған жасақ биыл бұл әскери жаттығуда жаңа қырынан танылады деген үміттеміз. Осы батальон келешекте БҰҰ аясында баянды бейбітшілік жөніндегі халықаралық операцияларға қатысатын болады. Бір сөзбен айтқанда, бұл әскери жаттығулар біздің халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайта беруімізге жол ашады, бейбітшілік жөніндегі операцияларда тәжірибе жинақтауымызға көмегін тигізеді.

– Министр мырза, болашақта біздегі әскери реформа қандай бағытта дамуға тиісті? Нағыз кәсіби армия құра аламыз ба?

– Кейінгі кезде Қазақстандағы әскери реформаның барысы көпшіліктің назарын аудара бастады. Оны баспасөз беттерінде жиі жарық көріп жүрген жарияланымдардан да байқауға болады. Бұл жерде мен «әскери реформа» және «Қарулы Күштерді реформалау» деген екі ұғымның арасы алшақ екенін түсіндіре кеткім келіп отыр.

Әскери реформа дегеніміз – Қарулы Күштермен қоса Қазақстанның басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын, әскери басқару органдарын, қорғаныс өндірісі мен кәсіпорындарын және соларға қатысты мемлекеттік органдары мен мемлекеттік қорғаныс және қауіпсіздік мекемелерін қамтиды. Әскери реформаны жүзеге асыру мемлекеттің міндеті болып табылады да, оны тікелей орындау Үкіметке жүктеледі.

Жаңа әскери доктринаның қабылдануына байланысты мемлекетте әскери реформаның концепциясы жасалынып жатыр. Қорғаныс министрлігі осы құжат төңірегінде жұмыстар жүргізуде. Себебі, мемлекеттің әскери ұйымдарының негізгі діңгегі Қарулы Күштер болып табылады. Қазақстан Қарулы Күштерін, басқа да әскери және әскери құрылымдарын мемлекеттің экономикалық, ғылыми-техникалық мүмкіндіктерімен қамтамасыз ете отырып қауіпті қатерге қарсы пайдалана білу – әскери реформаның басты бағыттарының бірі. Сонымен қатар, біздің әскери құрылымдарымыз басқа елдердің әскери құрылымдарымен сайма-сай келіп, солардың өзгешеліктерін сол күйінде қайталауы міндет емес. Біздің еліміздің ұлттық құрамы мен салт дәстүрі, экономикасы мен саяси құрылымы, жерінің геосаяси тұрпаты қайталанбас өзгеше бір құбылыс болса, сол өзгешелік әскерде де көрініс табатыны сөзсіз.

Ал енді Қарулы Күштерді реформалау дегенге келетін болсақ, ол әскери реформаның бір тармағы ғана болып есептелінеді. Бүгінде бұл салада да аз жұмыстар жасалынып жатқан жоқ.

Құрамы аса көп емес, соғысқа қабілетті, жұдырықтай жұмылған әскер құруға кірістік. Ол үшін Қарулы Күштердің түрлерінен бастап, басқару органдары мен құрылымдар түгелдей ықшамдалды. Бұл жерде саннан гөрі сапа мәселесіне қатты көңіл бөлінеді. Пайдасы шамалы кейбір құрылымдар мен жасақтар мүлдем қысқартылды. Қазір бар назарды әскердің кадр мәселесіне, олардың білімі мен біліктілігін арттыруға аударып отырмыз. Әсіресе, ұлттық әскери білімді көтеруге көп көңіл бөлінуде. Әскери академияның алғашқы түлектері сардарлық өмірге қадам басты. Кадет корпусының алғашқы қырандары сапқа тұрды. Республикалық «Жас ұлан» мектебінде алғашқы сабақ басталып та кетті. Қорғаныс министрлігінің оқу орталығы жұмысқа кірісті. Онда Отандық әскери ғылымның негізі қаланған.

Кәсіби армия құру ісі бір күннің шаруасы емес. Оған біраз шығын жұмсауға тура келеді. Кәсіби армияның дамыған елдердің бірен-саранында ғана болуының өзі осыны аңғартса керек. Соған қарамастан бізде Әуе қорғаныс күштері мен Ұтқыр әскерилерді біртіндеп контрактілік-кәсіби жүйеге көшірудің базасы жасалынып жатыр. Әрине, еліміздің экономикалық дамуы барысында кәсіби армия да жасақтала бермек.

– Әскери реформаны жемісті жүргізу үшін алдымен қаражат керек. Ендеше, қорғаныс министрі ретінде қазіргі Қарулы Күштерді қаржыландыру ісіне көңіліңіз тола ма?

– Сіз менің жаныма жақын, жүрегіме ауыр сұрақты қойдыңыз. Қаржы мәселесі қай салада да қиын болып тұр. Соған қарамастан біздің жігіттер өз қызметтерін адал атқаруда. 2000 жылғы бюджеттен қарулы күштерге 12 миллиард 196 миллион теңге бөлінген болатын. Шекара әскерлері бізден алынып, ҰҚК құрамына өтуіне байланысты оларға өз үлестері ретінде 300 миллион теңгесін қайтарып бердік.

Қазіргі кезде әскерді қаржыландыру ісі ішкі жалпы өнімнің 0,57 пайызын құрайды. Осы жағдайды ескере келе жаңа доктринада жыл сайын Қарулы Күштерге ішкі жалпы өнімнің 1 пайызы көлемінде қаржы бөлініп тұру қарастырылды. Бұл бұрынғыға қарағанда әжептәуір қаражат екені түсінікті шығар.

– Сәт Бесімбайұлы, әскерилер былтырдан бері бүкіл жеңілдіктерден айырылды. Енді олардың өздерін және жан-ұяларын әлеуметтік тұрғыдан қорғау үшін қандай шаралар атқарылады?

– 1999 жылы әскерилерден біраз жеңілдіктер мен өтемақылар алынып тасталғаннан кейін олардың әлеуметтік жағдайлары 1997 жылмен салыстырғанда екі есеге төмендеп кетті. Таяуда өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Президент Қарулы Күштердің әскери қызметшілерінің айлық жалақысын өсіру жөнінде Үкіметке тапсырма берді. Сонымен қоса, әскери қызметшілерге жеңілдік пен ұзақ мерзімге кредит беру, Астанадан оларға арнайы үй бөлу, әлеуметтік жағдайларын жақсартып, олардың беделін көтеру қажеттігін баса айтты. Бұдан былай әскерилердің әлеуметтік жағдайымен тікелей өзі айналысатынын ескертті. Ендеше алдағы уақытта ахуалымыз жақсаратынына сеніміміз мол.

– Таяуда сіз қару-жарақ сатумен айналысатын «Казспецэкспорт» республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайтадан Қорғаныс министрлігінің қарамағына берілуі қажеттігі жайын да пікір айттыңыз. Сөйтіп, одан түсетін қаржы әскерилердің қажеттілігіне жұмсалуды керек дедіңіз. Бұл жөнінде не шешіліп жатыр?

– Бұрын «Қару-жарақ» деп аталатын бұл мекеме Қорғаныс министрлігінің қарамағында болып келген. Кейіннен оның аты өзгертіліп «Казспецэкспорт» деп аталды да, басқа саланың қарамағына өткізілді. Ондағы мақсат – сыртқа сатылатын артық қару-жарақтарды қатаң қадағалау еді. Алайда, мұнын салдары басқа проблемаларды тудырды. Әскери білімі мен арнайы мамандығы жоқ қарапайым адамдар біздегі артық қаруларды басқаларға сатады, басқалардан бізге жаңасын сатып алып береді. Әскери техникадан бейхабар адам сонда өздері қандай қаруларды сатып, әрі сатып алынып жатқанын біле бермейді.

Ескірген техникалар біздің қоймаларда, базаларда сақталады. Егер сату құқығы бізде болса, оларды жөндеп, сапасын

жақсартып барып жоғары бағаға өткізер едік. Сатып аларда да біз олардың құны мен қасиетін сараптан өткізіп, салмақтар едік. Өйткені, әскери мамандар бұл құралдардың бүге-шігесін жақсы біледі.

Қазіргі кезде «Казспецэкспорттың» бізбен байланысын үзуі осындай қиындықтарға әкеліп соқтыруда. Бір сөзбен айтсақ, қару-жарақтарды арзанға сатып, қымбатқа сатып алудамыз. Мұның өзі біздің экономикамызға зиянын тигізуде.

Меніңше, «Казспецэкспортты» Қорғаныс министрлігінің қарамағына өткізу арқылы біз жоғарыда айтылған қиындықтарды түбегейлі шеше аламыз деп ойлаймын. Бұдан мемлекет ұтпаса ұтылмайды. Сол себепті де, мәселе оң шешіледі деген үміттемін.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
18 ақпан, 2000 жыл.**

ҚЫТАЙ ЖЕРІНДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАР СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ

7 тамызда Қазақстан жерінде бастау алған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің «Өзара іс-қимыл-2003» деп аталатын біріккен әскери жаттығулары 11 тамызда Қытай жерінде жалғасты.

9 тамызда таң бозынан жолға шыққан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей мемлекеттерінің әскери өкілдері тура сағат 10-да Қытай Халық Республикасының шекарасынан өтті. Сол маңайда салтанатты қарсы алу рәсімі болды.

Жол-жөнекей айдынды көлдердің жағасында, жасыл жайлауды мекендеген ауылдар жиі көзге түседі. Біздер Қытайдағы Іле-Қазақ автономиялы облысының жерінде келе жатырмыз. Әскери жаттығулар облыс орталығы – Құлжа қаласының маңайында өтетіні белгілі болды. Бұл қаланы қазір Қытай тілінде Инин деп атайды. Халқының саны үш жарым миллиондай.

Құлжада 3 онжылдық қазақ мектебі, бір жоғарғы оқу орны бар. Үш телеарна, бір радиоарна қазақ тілінде хабар таратады. Қазақтар көбінесе ауылды жерлерде тұрады.

Үшаралда өткен жаттығудағыдай, мұнда да дала қостары тігілген. Күннің ыстығына қарамастан, біздің әскерилер мұнда да жауынгерлік дайындықтарының жоғарғы екенін көрсете білді.

11 тамыз күні Қытай Коммунистік партиясы әскери кеңесі төрағасының орынбасары, ҚХР Қорғаныс министрі генерал-полковник Цао Танчуань Қазақстан Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Николай Поспелов бастаған әскери делегациямен жүздесті.

– ШЫҰ-ға мүше елдердің алғашқы әскери жаттығуларының бірінші бөлігі Қазақстан жерінде өте жоғары деңгейде өткеніне өз атымнан және Қытай халқының атынан ризашылығымды

білдіремін,- деді Цао Танчуань. –Халықаралық лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресте бұдан да жоғары әскери дайындықтарға жете беруімізге тілектеспін.

Өз кезегінде сөз алған Н.Поспелов ҚХР Қорғаныс министірінің жылы лебізі үшін алғысын білдірді. Аймақта тыныштық пен бейбітшілікті сақтау жолында Қазақстан Президенті ұстанып отырған бағытты жүзеге асыруда Қазақстан әскерилері ештеңеден тайынбайтындығын баса көрсетті.

Бұл күні Тәжікстанның Қорғаныс министрі генерал-полковник Шерәлі Хайруллаевпен оңаша әңгімелесудің сәті түсіп қалды.

Жері шалғай болғандықтан, осынау халықаралық әскери жаттығуларға Тәжікстан әскерилері тікелей қатыса алмағандығын, алдағы уақытта Қазақстанда өтетін әскери ойындарға міндетті түрде қатысатындықтарын мәлімдеді. Өйткені, ол жаттығуда қару-жараққа, оқ-дәріге кететін шығынды Қазақстан өз мойнына алмақшы. Сондай-ақ, Қазақстанда тәжік әскерилері оқып, білімдерін көтеруде. Нағыз ынтымақтастық осылай іс жүзінде көрініп жатуы керек,- дейді Ш.Хайруллаев.

«Халықаралық лаңкестікке қарсы ынтымықтастықты нығайту – аймақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау кепілі» деп аталатын Қытай жеріндегі жаттығулар 12 тамыз күні өзінің шарықтау шегіне жетті.

3 миллионнан астам әскері бар алып мемлекетпен бірге 5 миллион халқы бар Қырғызстан мемлекеті жауынгерлерінің қимылдары үйлесіп отырды десек, артық айтқандығымыз емес.

Қырғызстан Қорғаныс министрі генерал-полковник Эсен Топоевтың айтуына қарағанда, қырғыз жауынгерлерінің Баткент шайқасында алған жарақаттары әлі толық жазыла қоймаған сияқты. Айтса айтқандай-ақ, Қытай жерінде өздерінің әскери шеберліктерін көрсеткен 40-тан астам қырғыз жауынгерлерінің бәрі Баткент оқиғасына қатысып, шындалған жігіттер екен.

Таңғы сағат 10-да Құлжа қаласының маңындағы елді мекенді басып алған «лаңкестерді» ауыздықтау әрекеттері нағыз өмірдің өзіндегідей өтті. Жаттығуға сол елді мекеннің тұрғын-

дары да қатыстырылды. Тау басынан қараған адамға мұнда шынымен-ақ лаңкестер ойран салып жүргендей әсер етеді. Мұнда тек құр дәрімен оқталған қару-жарақтар қолданылды. Біздегі жаттығуларда шынайы оқтар атылыпты. Айырмашылығы осы ғана. Бұдан кейін тау қойнауына жасырынған «дұшпандарға» қарсы шабуыл басталды. Бұл «ұрыста» да жаттығуға қатысқан әскерлердің өзара іс-қимылдары үйлесім тауып жатты. Өйткені, ШЫҰ-ға мүше елдердің біріккен штабында әрбір әрекет бүгешігесіне дейін жоспарланып, бекітілген. Ең басты міндет – әр елдің әскері әр жаққа бытырамай, «ортақ жауға» қарсы бір кісідей, бір бұйрықта соғысуға үйрену болса, ол, міне, ойдағыдай орындалды.

Енді осы бес мемлекет әскерилерінің бәрі бірдей неге әскери жаттығуларға қатыспады деген сауалдың басын аша кетейік. ТМД елдері әскерилерінің араласып-құраласуында ешқандай бөгет жоқ. Оның саяси да, құқықтық та негіздері жасалған.

Ал, Қытай жеріне ТМД әскерилерінің, сондай-ақ Қытай әскерилерінің басқа елдерге қарумен кіруі жөніндегі жағдайлар құқықтық негізде реттелмеptі. Тек Қытай мен Қырғыз елінің әскерилері арасында ғана ерекше келісім бар екен. Басқаларында жоқ. Болашақта осы мәселе құқықтық тұрғыдан реттелетініне ШЫҰ-ға мүше елдерің әскерилері сенімді. Сонда Қытай мен Қазақстан әскерилері де бір-бірімен еркін араласуға мүмкіндік алады.

Қорыта айтсақ, Шанхай ынтымақтастық ұйымы өз өміршеңдігін уақыт өткен сайын дәлелдей түсуде. Жетілдіруді қажет ететін тетіктер де жеткілікті. Ең бастысы, ниет дұрыс «Көңіл сыйса, бәрі сыяды» деп халқымыз бекер айтпаған ғой.

«Егемен Қазақстан» газеті,
13 тамыз, 2003 жыл

ОТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ ОҢАЛА МА?

Бұдан он шақты жыл бұрын Отар станциясындағы танкішілер полкінің аты тек жаман жағынан шығатын. Мұнда полк командирлері тұрақтамай-ақ қойған. Өсіп жатса бір сәрі ғой, бәрі орнынан алынып, көшіп кетіп жататын. Санап көрсек осы уақыт аралығында олардың да саны онға жетіп жығылыпты.

Қазір бұл полкті Руслан Әлімбаев деген азамат басқарады. Қорғаныс министрлігіндегі жігіттер полктегі жетістіктерді тілге тиек етіп, оның командирін сырттай мадақтай бастағанда есімі құлағыма таныс естілді. Ал кездескен сәтте бір-бірімізді бірден таныдық.

1991 жылдың қара күзі еді. КСРО құлап, Қарулы күштеріміз быт-шыт боп тарап жатқан кез. Оған дейін КСРО Министрлер Кеңесінің құрамында келген республикалық Қорғаныс министрліктері сол құрамымен бұрынғы жұмыстарын жалғастырып жүре берді. Ал, республикалық Қорғаныс министрлігі бізде ешқашан болмағанын сонда ғана қатты сезінгенбіз.

Президент Жарлығымен дереу республикалық Қорғаныс комитеті құрылды. Оның төрағасы болып генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағанбетов тағайындалған. Бір күні полковник Меліс Шәмпиев, полковник А.С.Татаренко және майор Руслан Әлімбаев бастаған үш офицер мен бірге арнайы ұшақпен Шымкент, Балқаш, Талдықорған өңірлеріне журналистік іс-сапармен барып қайту сәті түскен. Онда, біздер, негізінен Әскери әуе күштерінің гарнизондарын аралағанбыз. Себебі, бөлімшелердегі әскери ұшқыштар тұтастай эскадрилясымен Ресейге қарай жасырын түрде ұшып кетіп жатыр деген сыбыс шыққан.

Міне, дәл осы мәселелерге байланысты әскерилердің арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатымен шыққан шағын топтың сол тұстағы ерен істерін республикалық басылымдарда жазғанбызда.

Ол кездегі талдырмаш майор Руслан бүгінде күркіреген танкішілер полкінің командирі. Сардарлар жатақханасының бір бөлмесінде тұрып жатқан оның шағын дастарқанынан дәм тата отырып, біраз әңгімелестік. Сарбаздардың жататын орындары мен асханалары, клуб пен кітапхана, тағы басқалары түгілі осы сардарлар жатақханасының өзінде он жылға дейін жылу болмапты. Қазір бұл бөлмедегі техникалар тұрған ғимараттардың ішіне кірсеңіз, сыртындағы суыққа қайта шыққыңыз келмейтіндей. Бұған қалай қол жеткізгенін Руслан жалықпай баяндады. Бірақ, мен одан Отардағы әскери бөлімшелердің жағдайы соңғы жылдары неге күрт төмендеп кеткен себебін сұрағанмын.

– Халық біле бермейді, енді ол жөнінде ашық айтуға болады. Шындығында, Қазақстан Қарулы Күштері 1995 жылы ғана өз аяғынан толық тұра бастады. Оған дейін Республикамыздағы қару-жарақтардың тоз-тоз болып, көрші елдердің көлденең табысына айналмауы үшін ғана күш салдық. Несін жасырамыз, қарапайым офицер тұрмақ, полк, дивизия командирлерінің көбісі Ресейге кетіп қалды. Жай кеткен жоқ, бәрін бүлдіріп, сататынын сатып, қолдарына іліккендерінің бәрін түк қалдырмай ала жөнелді. Ал, Отарда жалғыз танкішілер полкі ғана емес, бірнеше полктерден тұратын үлкен құрама бар. Қысылтаяң кезеңде офицерлік қызметке сұранғандардың бәрін қабылдауға мәжбүр болдық. Сөйтсек, арамызда кездейсоқ адамдар да пайда бола бастапты. Мен осы полкке келе салысымен 60-қа жуық офицерді бірден жұмыстан шығардым. Соңынан байқасам, он сегіз-ақ офицерім қалыпты. Жаманның барынан жоғы емес пе, шағын топпен-ақ жұмысты жолға қойып, кейіннен бәрінің орнын жас мамандармен толтырдық. Өткен жылдың қорытындысына байланысты шыққан көрсеткіште Отар құрамасындағы полктердің алдыңғы легінен орын алдық. Ойда талай жұмыс жоспары бар. Аманшылық болса, енді бірер жылдан кейін келсеңіздер, сонда көрсетермін,- деген подполковниктің сөзінде нық сенім бар.

Русланның өзге әскер басшыларынан өзгешелігі – ол әскери кітаптарды көп оқиды екен.

– Тек әскери жарғыны ғана біліп, сонымен ғана өмір сүрген командирден өз басым үлкен іс күтпеймін,- деген еді ол.

– Сарбазды жарғының шеңберінде, бұйрықпен ғана емес, интеллектімен тәрбиелеу керек. Қамалды бұйрықпен жойқын шабуылдың күшімен бұзуға болар, адамды ондай әдіспен ала алмайсың. Өйткені, оның әр қайсысы алынбас бір қамал екенін ескеруіміз керек...

Міне, бір кезде штабта жүрген қарапайым майор бүгінде осындай сап командирі дәрежесіне жеткен. Ендеше, «Отар» деген соншалықты қорқынышты, алынбайтындай қамал емес. Ондағы жағдай жақсаруға қарай бет алған. Оны біз балаларының ант қабылдау рәсімі қарсаңында Отарға жиналған ата-аналардың да аузынан естідік.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
23 қаңтар, 1998 жыл.**

ӨМІР МҮЛДЕМ ӨЗГЕРДІ, АЛ ӘСКЕР ШЕ?

**Қазақстан Республикасы Әуе шабуылынан қорғаныс
күштерінің штаб бастығы, генерал-майор Ахмадиев Көпен
Қабылқасымұлымен болған әңгімеден үзінділер**

Өзі жайында

—1955 жылы Өскемен қаласында туғам. Сол қаладағы №5 мектепті бітіріп, 1973 жылы Орджоникидзедегі зенитка-ракета училищесіне түстім. 1976 жылы оны тәмамдағаннан кейін Қиыр Шығыстағы әскери округке кеттім. Ондағы зенитка-ракета полкінде взвод командирінен бастап, дивизон командиріне дейін көтерілдім. 1986 жылы Жуков атындағы әскери академияға түстім. 1989 жылы оны бітіргеннен кейін Барнаул қаласындағы полкке полк командирінің орынбасары болып орналастым. Бұдан кейін Томскі қаласындағы полкке штаб бастығы болып тағайындалдым. 1992 жылы Жаңғызтөбе стансасындағы зенитка-ракета полкінің командирі, 1994 жылдан бері осы қызметімді атқарып келемін. Үйлі-барандымын. Үш ұл, бір қызым бар.

Қызметі жайында

– Әуе шабуылынан қорғаныс күштері қай кезден бастап өмірге келді деген сұраққа, аспанда ұшатын зымырандар қашан пайда болса, ол да сол кезде пайда болды деп жауап берер едім.

1911 жылы штабс-капитан Питеров деген орыс азаматы Австрияның барлаушы ұшағын өз ұшағымен қуып жүріп атқан. Бұл – әуе шабуылы қорғаныс күштерінің ең алғашқы сәтті қадамы деп есептелінеді. Бұдан кейін 1932-34 жылдары Ащепков деген оқымысты-құрастырушы радиотолқындары арқылы аспандағы нысандардың орнын анықтау әдісін ойлап тапты. Осы кезден бастап әуе шабуылынан қорғаныс күштері қанатын кеңге жая бастады. Бұдан кейін іле-шала радиотехникалық

күштер, зенитка-ракеталық күш пен истребительді-авиация дүниеге келді. Ұлы Отан соғысы кезінде бұл аталған күштер ерліктің ерен үлгісін көрсетті.

Кеңес Одағы ыдыраған кезде Қазақстан Қарулы Күштерінің тізгінін ұстап қалу оңайға түскен жоқ. Ал әуе шабуылынан қорғаныс күштері туралы әңгіме қозғаудың өзі қиын еді. Бүкіл республикада бір полктай ғана жасақ қалған. Техника жағы жетерліктей болғанымен, бұл саланы білікті мамандардың көмегінсіз игеру мүмкін емес. Міне, осы тұста қазіргі қорғаныс министріміз Мұхтар Алтынбаев мырза, ол кезде осы әуе шабуылынан қорғаныс күштері саласының білікті маманы, өзі ғана аз уақыттың ішінде бәрін жолға қоя білді. Соның арқасында бүгінгі күні туған еліміздің аспанына басқа елден «бір торғай» да ұшып келе алмайды десем артық айтқандығым емес.

Біздер ТМД әуе шабуылынан қорғаныс күштерімен әлі де ынтымақтаса жұмыс жүргізіп, жиі-жиі тәжірибе алмасып тұрамыз. Әскери жаттығуларды да бірге өткіземіз. Биылғы сәуір айының ортасында болған әскери жаттығуда қазақстандықтар алдыңғы саптан көріне білді. Бұл – үлкен жетістік.

Офицерлер жайында

– Шындығын айтсам, бұл мәселеде әлі де қиындықтар баршылық. КСРО тараған кезде біздегі орыс тілді сардарлардың (офицерлердің) көбісі Ресей, Украина, Беларусь, тағы басқа елдерге көптеп кете бастады. Шетте жүрген мен сияқтылар елге қайттық. Алайда біздер тым аз едік. Әскери училищелерді бітірген жас буын енді-енді сапымызды толықтыру үстінде. Байқап қарасам, қырықтан жаңа асқан біздермен кейінгі толқынның арасындағы 20 жылдай уақыт маған бос кеңістіктей әсер етеді. Соңымыздан еруге тиісті сардарлар легі үзіліп қалғандай.

Орыс тілді сардарлар баршылық, бірақ олар түбінде бәрібір өз елдеріне кетеді. Өзірге Ресейде әскерилерге жалақы төлеу мәселесі қиындау. Оның үстіне Ресейге қарай жан-жақтан ағылған әскерилердің көптігінен онда жұмыссыздар пайда бола

бастады. Сондықтан, біздегі қалғандары әзірге іркіліп тұр. Осы сәтті ұтымды пайдаланып, туған елдің аспанын қорғайтын азаматтарды көптеп дайындап алуымыз керек. Әскеріміз жаман болсын, жақсы болсын, бізге енді ешкім сырттан әскер әкеліп бермейді. Соны түсінсек екен.

Сарбаздар жайында

– Сөз сыңайына қарасам, сіз де, мен де әскери борышымызды сонау Қиыр Шығыста өтеген екенбіз. Сонда біздерді соңымыздан біреу іздеп келуші ме еді? Ол кездегі әскери қызмет өте ауыр, тәртіп тым қатал еді ғой. Содан қандай зиян көрдік? Ешқандай да.

Қазіргі сарбаздарға өзінің туған елінде, тіпті өзінің туған ауылында әскери борышын өтеуге мүмкіндік беріліп отыр. Бұдан артық не керек? Киімдері бүтін, тамақтары тоқ. Енді не жетпейді? Неге бұзақылыққа, тағы басқа келеңсіздіктерге жол беріледі дейсіздер ғой. Қоғам қандай болса, әскер де сондай.

Мектеп қабырғасынан-ақ темекіге, есірткіге, ішімдікке әуестенген зінгіттей азаматтарды әскерге шақырылысымен-ақ дұп-дұрыс азамат етіп тәрбиелей қоймадың деп, әскерилерді кінәлау дұрыс па?

Адам машина емес. Алдымен оның санасына сәуле түсіріп, көкірек көзін ашпасаң, айтқаныңды істетуге қиын. Әрине, бұйрықты орындау әр сарбаздың міндеті. Бірақ қашанғы оның жанында бұйрық беріп тұра бересін.

Сондықтан, әскердегі жекелеген кемшіліктер мен оқыс оқиғаларды бүкіл әлемге дабырлатқаннан ештеңе ұтпаймыз. Ең бастысы, туған Отанға деген сүйімменшілікті нығайтайық. Ал Отан от басынан басталады,- дей келіп, Көпен Қабылқасымұлы туған Қазақстанға қайтып оралған сәттегі алғашқы әсерлерін тебірене еске алды.

Елге деген махаббат

– Жаңғызтөбедегі полкте полк командирі болып жүргенде жергілікті азаматтардың бірі Уатқанов Серік деген жігітпен

жолғысады. Жақын маңдағы Георгиевка деген селода тұратын ол Көпенді үйіне шақырады, апасы Қоқамен, шешесі Нағыммен таныстырады.

— Ел анасы боларлық Қоқа апамыз шеттен келген мені бауырына басып, жақын тартып, ұмыта бастаған ана тіліммен, салт-дәстүрімен қайта табыстырғандай болды,- деп еді сөз арасында.

Біздер бұдан кейін әскери әңгімеден гөрі қазақы әңгімеге көштік. Ол Серік досының туған ауылы – Ақсуатта, ондағы қасиетті баба – Ырғызбай ақсақалдың мазарында болып, тәуап еткенін, сол күндерден бастап өміріне түбегейлі өзгерістер ене бастағанын сыр қылып шертті.

Туған елге деген бір махаббат болса, осындай болсын деп ойладым мен ол кісімен қоштасар сәтте.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
27 мамыр, 1997 жыл.**

САРЫШАҒАН – ЕРЛІК СЫНАҒЫ

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті «Сарышаған» полигонында өтіп жатқан «Отан қалқаны-2002» стратегиялық жаттығуларына қатысып, әскери әзірлікті тексерді.

Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына он жыл толуы қарсаңындағы өзіндік сынақ болып табылатын бұл жаттығулардың жүріп жатқанына біраз болды. Оған қатысты «алғаш рет» деген сөздерді сан мәрте қолдануға тура келеді. Өйткені, алғаш рет осындай ауқымды жаттығуға Қарулы Күштердің барлық түрлері мен барлық жасақтары қатысып отыр. Алғаш рет өте дәл ататын қару жүйелері қолданылды. Алғаш рет шартты қарсыласқа топтастырылған авиа-соққы берілді.

Мемлекет басшысының келу құрметіне орай бұл күні сардарларымыз барлық өнерін ортаға салды. Қорғаныс министрі генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевтың айтуына қарағанда, мұндай кең ауқымды әскери жаттығуға барлық округтердің жауынгерлері үлкен әзірлік жүргізіпті. Құрлықтағы соғыста қолданылатын «Точка-У», «Смельчак» деп аталатын атыс қарулары мұнда сынақтан өтуде. «С-300» деп аталатын зенитті-зымырандық кешен Сарышаған жерінен нысананы көздеп соққы берді. «Миг-31», «СУ-27» жойғыш ұшақтар мен тұла бойы отқаруға толы тікұшақтар жердегі жылжымалы ауыр соғыс құралдарымен қоса бір мезгілде шабуылға шығудың жаңа әдістерін мүлтіксіз орындады. Сонымен қоса, жас жауынгерлер мен командирлердің жаңа үлгідегі техниканы өз деңгейінде меңгеріп алғаны айқын көрінді. Өуе қорғаныс күштерінің ұшқыштары Тәуелсіз еліміздің аспанын күзету жолында ешқашан қалт кетпейтіндерін осы жолы тағы да дәлелдей түсті. Еліміз Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы өзі куә болған осы жаттығуға өте жоғары баға берді:

–Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында көңілге көп күдік ұялатып, болашағы бұлыңғырлау болып тұрған әскеріміз

бүгінде дос сүйетіндей, дұшпан күйінетіндей жағдайға жеткенін байқаған шығарсыздар. Мықты елдің алдымен әскері мықты болуы керек. Біз тәуелсіз ел ретінде осынау он жыл ішінде аяғымыздан нық тұрғанымызға бүгін тағы да көпшіліктің көзін жеткізген сияқтымыз. Енді тек осы істі алға бастап апаратын жастарымыздың жүрегіне отансүйгіштік қасиетті ұялата білейік,- деді Президент әскери жаттығудың соңында сөйлеген қорытынды сөзінде.

Сарышағандағы әскери жаттығуларды бақылауға шақырылған Қазақстандағы шетелдік елшіліктердің әскери атташелері мен тағы басқа мамандар жас мемлекетіміздің жалындап тұрған жауынгерлеріне тәнті екендіктерін ашық айтты.

«Отан» қалқаны – 2002» деген атпен өтіп жатқан бұл әскери жаттығу әлі біраз күнге созылады. Ол жайындағы толық репортажды газетіміздің алдағы сандарынан оқи аласыздар.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
17 сәуір, 2002 жыл.**

САРЫШАҒАН СЫНАҒЫНАН ЕСЕЙІП ШЫҚТЫҚ

Қазақстан Қарулы күштерінің 10 жылдығына орай өткен «Отан қалқаны -2002» стратегиялық жаттығуы елдігімізді нығайтып, ерлік дәстүрі жалғасып келе жатқанын танытты.

Бұдан бір ай бұрын Сарышағандағы полигонда басталған әскери оқу-жаттығу бүгінде аяқталып келеді. Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына он жыл толуына орай ұйымдастырылған стратегиялық жаттығуға әзірлік шаралары республиканың әр түкпірінде жүріп, солардың нәтижелері осында тоғысып жатты.

Бұған дейін журналист ретінде талай рет әскери жаттығуларға қатысып, ол жайында әр түрлі жанрларда ақпараттар берген едік. КСРО кезінде, армия қатарында жүргенде де талай әскери жаттығуларды бастан өткергенбіз. Өлі күнге дейін естен кетпес сол көріністермен бүгінгі жаттығуды салыстырып байқасам, арасы жер мен көктей сияқты.

16 сәуір күні Қазақстан Президенті, Қарулы Күштеріміздің Жоғарғы Бас қолбасшысының ұшағы осы полигондағы межелі жерге келіп қонғанша, біздер әскерилердің тыныс-тіршілігімен біршама танысып үлгердік. Көшпелі қостар мен қосындардан құралған әскери қалашықта адам тұрмысына қажеттің бәрі жасалыныпты: асхана, жататын орын, дәрігерлік көмек бөлмесі, жуылатын жерлер және тағы басқалар. Қалашықтың «көшелеріне» ұзындығы 5 метр, ені 2 метр бетон плиталар төселініпті. Жел соғып, жаңбыр жауса да аяқ киіміңізге бір түйір шаң қонбайды. Оқу-жаттығу өтетін жаққа қарай үлкен екі байқау тұрақтары қойылыпты. Оның бірінде Жоғарғы Бас қолбасшы мен Қорғаныс министрі, тағы басқа арнайы шақырылған қонақтар отыратынын білдік. Одан беріде үлкен мінбер тұр. Онда жоғары шенді офицерлер жайғасқан. Журналистер бергі байқау тұрағына орналасып, әскери ойындарды осы жерден бақылайды. Алдыңғы жақтағы «соғыс өтетін» жазықта әзір ештеңе көзге

түспейді. Тып-тыныш. Бұл жерде тек жоғары шенді сардарлар жүр. Қатардағы сарбаздар жоқ.

Көктемнің қара суығы еттен өтіп, сүйекке жетіп жауратып барады. Сағат түскі 12-ге таяп қалды. Міне, Президент мінген тікұшақ та келіп қонды. Осы сәтте жел басылып, аспан ашылып, күн нұры төгілді. Мұны біздер Президенттің келуіне байланысты ғой деп жақсылыққа жорыдық.

Президент Қорғаныс министрімен бірге өз орындарына жайғасқан соң, сонадай жердегі әскери техниканың төбесіне орнатылған репродуктор іске қосылды. Даланы жаңғырта саңқылдаған дауыс «Отан қалқаны-2002» әскери оқу-жаттығудың мақсаты мен мәнін түсіндіре бастады.

Қазақстан Республикасының әскери доктринасында еліміздің әскері тек сыртқы жаудан қорғану үшін құрылғандығы баса көрсетілген. Соған сәйкес «Отан қалқаны-2002» әскери жаттығулары өтуде. Мақсат – еліміздің шекарасын тұтқиылдан басып кірген «жауға» тойтарыс берудің алғашқы әдістеріне машықтану. Оған Қазақстан Қарулы Күштерінің барлық түрлері мен тектері қамтылып отыр. Олардың ең бастылары – Әуе қорғаныс күштерінің әскери авиациясы, Әуе шабуылына қарсы әскері, Құрлықтағы әуе шабуылына қарсы әскерлер, Артиллерия және зымыран әскерлері болып табылады.

Жаттығу кезінде жеке құрамалар мен жасақтардың жауынгерлері соғыс өнеріне қаншалықты төселгенін танытып, бұған дейін жинақталған тәжірибелері мен шеберліктерін одан әрі шыңдай түсуге тиісті.

«Отан қалқаны-2002» оқу-жаттығуын тікелей жүргізетін жетекші – қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Николай Поспелов.

Бұдан бір ай бұрын басталған бұл шараға республика бойынша 28 мың адам жұмылдырылыпты. Әскери техникалар мен қару-жарақтар негізінен темір жол арқылы тасылып жеткізілген.

Кәдімгі соғыстағыдай

Кенет репродуктордан: «Оң жақтарыңызға назар салыңыздар! СУ-25 ұшақтары шабуылға шықты. Бұл топты басқарып келе жатқан 1-сыныпты әскери ұшқыш, полковник Амрозов» деген дауыс естілді. Жалт қарастық. Қатарласа ұшқан төрт әскери ұшақ жақындап қалыпты. Міне, зу етіп төбемізден өте шықты. Пулеметтен оқ жаудыра бастады. Оны біз ұшақтың бауырынан шашырай ұшқан от-моншақтардан сезіп тұрмыз. Сәлден кейін ауада қарындашпен сызып-сызып қалғандай қара жолақтар пайда бола қалды. Бұл – ұшақ бауырынан көлбеу ұшқан бомбалар. Ұшақтың өзі бір жақта, нысана басқа жақта. Сонау тұстан бүрк-бүрк еткен қою түгіндер аспанға көтерілді. «Көздеген жерлеріне дөп тигізді» деп хабарланды. Жарылыс дауыстары сәлден кейін ғана гүрс-гүрс етіп құлақты жаңғырықтырды.

«Тағы да оң жақтарыңызға назар салыңыздар! СУ-24 ұшақтарынан тұратын топты подполковник Ахметов бастап келеді!» деген үн құлағымызға жетті. Бұл жолы да хабарлаушының сөзінен ұққанымыз – СУ-24 ұшағына ауа райы да, жарық пен қараңғы да бөгет жасай алмайды екен. Қандай жағдайда да көздеген нысанасына дөп тигізгу ол үшін түк емес. Айтқандай-ақ, солай болды. Мана байқамаған екенбіз, сонау қыраттардың қойнауына бірнеше нысаналар қойылыпты. Солардың бәрінің күлі көкке ұшты.

«МИГ-27 ұшақтарынан тұратын звеноны полковник Қойшығұлов бастап келеді. Олардың соңында СУ-27 ұшақтарынан тұратын топты полковник Орманбетов бастап келеді!» деген дауысты естіп, тағы да көк жүзіне көз тіктік. Қатарласа сап түзей самғаған ұшақтар қырғидай шүйіліп келіп, мандай тұсымыздан зу ете қалды. Кеудеге мақтаныш сезімі ұялай бастағандай. Енді ше, көк аспанның төрінде қандастарымыз ойнақ салып барады ғой.

Әне, олар алдымыздағы кең жазықтың астан-кестенін шығарды. Бәрі де нысанаға дөп тигізіпті. Яғни, қарсы шапқан «дүшпандар» жер жастанды деген сөз.

«Сол жақтарыңызға назар салыңыздар! МИГ-24 тікұшақтары шабуылға шықты!»

Енді сол жаққа қарай назар аудардық. Жер бауырлай ұшқан тікұшақтар біз тұрған тұстан көлбей өтіп барып, қарсы жаққа оқ жаудыруға кірісті. Қара жерді жүн сабалағандай, ту-талақайын шығарды. Әуе қорғаныс күштерінің әскери авиациясы «өз өнерлерін» көпшілікке паш етіп болып, ұрыс сахнасынан шығып кетті. Бұл әскери саланың қолбасшысы, генерал-майор Көпен Ахмадиев. Қырықты орталап қалған азамат жайында бұдан бес жыл бұрын «Егемен Қазақстанда» мақала жазғанбыз. Ол кезде Көпен әуе шабуылына қарсы күштердің штаб бастығы болатын. Бірақ Көпен мұндағы сардарлардың арасынан көзіме түспеді. Сұрастырып едім, алдыңғы шепте тікелей басшылық жасауда деген жауап алдым.

Дәл алдымыздағы төбешіктің астынан зу-зу етіп ракеталар атылып қалғанда, қадағалау тұрағында жайбарақат жүрген біздер селк ете қалыстық. Сөйтсек, артиллерия және зымыран әскерлері шабуылға шығыпты. «Ураган», «Гиацинт» тәрізді кешенді қарулар іске қосылғанда қара жер қақ айырылардай тітіренді.

Сәлден кейін «Штурм-С» деп аталатын танкке қарсы қолданылатын артиллерия құралы күркіреп қоя берді. Оған «Круг», «Куб», «Стрела» кешенді құралдары бір жақтан үн қосты. Бұлар дегеніміз секөнтіне 400 метр жылдамдықпен ұшып келе жатқан жаудың ұшақтарын үш шақырым қашықтықтан-ақ қағып тастайтын көрінеді.

Енді, міне, зенитті-зымыран кешені іске қосылды. Олар нысанаға бірден дөп тигізді. «Жарайсыңдар, сержант Бәйкенов және Біләлов!» деген хабарлаушының қуанышты үні естілді.

Бұдан кейін Нұрмағанбетов, Смайылов, Повацкий, Нұрбаев деген сарбаздарға алғыс айтылып жатты.

«Стингер» деп аталатын қарулар тобын басқарып тұрған подполковник Казаковтың фамилиясы да ерекше аталды.

Ал енді «Смельчак» деген мина жаудырғыш құралдың әзірге өзіне жер бетінде теңдесі жоқ екен. Бұл бүгін «Сарышаған»

полигонында бірінші рет сынақтан өтіп отыр. Одан ұшқан оқ төрт шақырым жердегі нысананы қалпақтай түсіреді. Негізі ол он шақырым жердегі нысананы көздеуге есептелінген. «Бұл – кешенді мина атқыш, егер арнайы жасаған тағы бір қосалқы бөлшектерді осы құралға қосып қойып атса, 20 шақырымдағы нысананың өзі ол үшін түк емес» дейді кейбір білгіштер.

Осы тектес қару-жарақтың соңғы үлгісі болып саналатын «Точка-У» атты зениттік қондырғы жайында сөз етсек, әңгіме тіпті ұзаққа созылатындай. Ол басқа техникалар сияқты бір орнында қаңқиып тұрып алмай, өзі жүреді. Қас дұшпанның қуып жүріп, зымыранның астына алады.

«Артиллерия» деген жалпылама ұғымның астарына үңілсек, неше түрлі қару-жарақтың аты-жөнін естиміз. Олардың әрқайсысының өз ерекшеліктері мен артықшылықтары жетерлік.

Мәселен САУ-2СЗ деген артиллерияны бір түрі де өзі жүретін құрал. Ескендіров, Тоғызақов, Рахимов сынды азаматтар осы САУ-дан зымырандар сауылдатқанда көпшілік оларға қол шапалақтай ризашылық білдірді. ПВО-ның жұдырығы іспетті С-300, С-200, С-75, С-125 деп аталатын артиллериялық кешендік қарулар өздеріне тиесілі нысандардың бәріне дөп тигізді. «Ұрыс даласында» қыбырлаған адамдар көрінбейді. Тек жер астынан атылғандай болып зымырандар аспанға зулағанда ғана сол жерде бір құпия бар екенін сезесің. Біздің жауынгерлер өздері жасырынған жерлерінде отырып-ақ қарсы дұшпандарын баудай түсіруде.

Естуімізше, осы жаттығуда бітімгершілік мақсатта құрылған «Қазбат», «Ұтқыр» күштер құрамасы да өз өнерлерін ортаға салыпты.

Екі сағатқа созылған жаттығу аяқталды.

Жоғары баға берілді

Қадағалау тұрағынан түсіп, Жоғарғы Бас қолбасшы мен қоғаныс министрі отырған жерге қарай жақындадық. Сәлден кейін ол кісілер журналистердің ортасына келіп, бүгінгі «соғыстан» алған әсерлерімен бөлісті:

– 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстан Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойғанымды білесіздер,– деді Президент. – Оған да ,міне, биыл 10 жыл толып отыр. Осы қарсаңда өткізілген мына әскери ойындар біздің он жыл ішінде жеткен жетістіктеріміздің айғағы болып табылады. Мұндай кешенді әскери қару-жарақтардың бәрі бірдей жұмылдырылған ауқымды әскери жаттығу бұрын соңды Қазақстан жерінде өткен емес. Әрине, жекелеген құрамалар мен әскери сала күштерінің жаттығулары өз кезегімен өтіп жатады. Ол жайында әңгіме басқа. Ал ТМД-да теңдесі жоқ «Сарышаған» полигонында өнер көрсету оңай емес екенін әскерилер ғана жақсы біледі. Кеңес үкіметі кезінде өзінің қорғаныс министрлігі де болмаған біз сияқты жас, тәуелсіз мемлекеттің Қарулы Күштерінің мұндай «үлкен сахнада» еркін өнер көрсетуі – үлкен жетістік. Мен ризамын. Әскери жаттығуға жоғары баға бергім келеді. Мен әскери адам емеспін, бірақ сарбаздарымыз бен сардарларымыздың өсіп-жетіліп келе жатқаны жай көздің өзіне-ақ көрініп тұрған жоқ па?!. Енді жастарымызды ел қорғауға, отансүйгіштікке баули білейік. Бұл өз елдігіміз бен ерлігіміз сынға түкен сәт болды. Сырттан келетін дұшпандар болса, кез келген уақытта тойтарыс бере алатынымызға сенімдімін. Біз ешкімге қарсы соғыс ашпаймыз. Ешкімнің жеріне көз алартпаймыз. Бар мақсатымыз – тыныштықты, бейбітшілікті сақтау, тәуелсіздігімізді қорғау екенін тағы да қайталаудан жалықпаймын. Өйткені, жатсам-тұрсам ойлайтыным осы,– деп Президент әскерилерге ризашылығын білдірді.

Жігіттерге ризамын!

Журналистер тарапынан қойылған келесі сауалдарға Қорғаныс министрі генерал-полковник Мұхтар Алтынбаев жауап қайтарды:

– Мен алдымен біздің бүгінгі оқу жаттығуымызға уақытын бөліп, іс қимылдарымызды мұқият қадағалаған Президентіміз, Жоғары Бас қолбасшымызға алғысымды білдіргім келеді.

Қарулы күштерге қазір мемлекет тарапынан көп қамқорлық жасалып отыр. Соның арқасында бүгінгі ауқымды оқу жаттығу шараларын өткізудің мүмкіндіктері туды. Қазіргі кезде әскери реформа қарқынды жүргізілуде. Жаңадан техникалар сатып алдық. Оларды жетік меңгерген жас мамандар өсіп шықты. Әсіресе, әскери авиация мен артиллерияның жинақы да ауқымды әрекеттері көңілге қуаныш ұялатады. Жігіттерге ризамын!-деді министр.

Әуеде қалықтаған арулар

Біздер Президентпен жүздесіп тұрған сәтте дәл қасымызға қалықтап келіп парашютшілер қона бастаған болатын. Олар енді парашюттерін жинап үлгеріпті. Араларында әйелдер де бар екен. Солардың бір екеуін әңгімеге тарттық.

Өзін Елене Филина деп таныстырған келіншектің әскери шені аға прапорщик. Спорт шебері. Қапшағайдағы шабуылдаушы десантшылар бригадасында қызмет етеді. 4470 рет аспаннан төмен қарай парашютпен қалықтапты.

Ал Наталья Крупнованың да әскери шені прапорщик. Жасы 36-да. Күйеуі бар, бірақ ол кісі әскери емес. Соған қарамастан Наталья 19 жылдан бері парашютпен секіріп келеді. Бала-шағалы. Әскерде қызмет еткелі 7 жыл өтіпті. Спорт шебері. Бұл өнерді ДОСААФ та жүріп үйреніпті. Қазір ондай мекеме жоқ. Сондықтан әскерге келген.

Бүгін ол Президенттің қолынан жақсы қызметі үшін сыйлыққа алтын сағат алды.

- Президент сізге не деді?– деп сұрадық.
- Қызметіңе алғыс айтамын,—деді.
- Сіз не дедіңіз?
- Тәуелсіз Қазақстанға қызмет етемін!– дедім.

Депутаттың пікірі

Президент пен Қорғаныс министрі алғы шептен қайтып оралғанша мұндағы әскери мамандармен, арнайы шақырылған қонақтармен еркін әңгімелесуге мүмкіндік туды.

Парламент Мәжілісіндегі Халықаралық істер және қорғаныс жөніндегі комитетінің төрағасы Шәріп Омаров әскери үлгідегі киіммен келіпті. Шені –полковник. Әңгімеге тарттық.

– Осы ғұмырыма дейін мұндай ауқымды әскери жаттығуды бірінші рет көріп тұрмын. Ана бір дағдарыс жылдары әскерді жамандаушылар көбейіп кеткен еді. Он жылдың ішінде Қарулы Күштеріміз мүлдем өзгеріпті. Озық әскери техниканың құлағында ойнап келе жатқан қандастарымыздың аты- жөнін жаңа репродуктордан естігенде көңілімде бір мақтаныш сезімі құйқылжып өтті. Іштей иә, сәт деп тақымыңды қысады екенсің. Енді біздер әскерилерге көмектесуге тиіспіз.

Алдағы уақытта біздің комитет Астанада әскери ардагерлермен дөңгелек үстел ұйымдастырмақшы. Сол кезде көкейдегі ойларды ортаға саламыз. Әлі де шешімін күткен мәселелер аз емес. Ақылдасармыз. Нағыз тәуелсіз ел болдық деген осы. Осы шыққан биігімізден төмендемесек екен. Ең бастысы, аспанымыз ашық, еліміз тыныш, азаматтарымыз ауызбірлікті болғай деп тілейік.

Астананың аспанын күзетеді.

Әуе қорғанысы күштері қолбасшының орынбасары полковник Оқас Сапаровпен осыдан 5 жыл бұрын танысқан едім. Ол кезде подполковник шеніндегі бригада командирі болатын. Сол тұстағы жағдайларды еске алыстық. Бүгінгі әскери ұшқыштардың өнеріне тәнті болғанымызды айтып, әңгімеге тарттым.

Оқас сол баяғы тұйықтау мінезінен әлі өзгермеген. Қысқа қайырды.

– ПВО бүгін барлық жасақтарымен шабуылға шықты. «Круг» деп аталатын зенитті зымыран кешенін іске қалай қосқанымызды өздеріңіз де байқаған шығарсыздар. Ал С-300 зымыран кешені осы жолы алғаш рет мүмкіндігін танытты. Бәрі күткеніміздей мүлтіксіз өтті. С-300 Астананың аспанын күзететін болады.

Жаттығу аяқталғаннан кейін бәрін сол жаққа апарамыз. Орын дайындалып қойылған. Әуе шабуылына қарсы тұратын

бұл қарулармен әлі шеберлікті күннен күнге арттыра түспесек, жоғары көрсеткіштерге жету қиын ғой,- дейді ол.

Осы кезде алғы шептен Әскери қорғаныс күштерінің қолбасшысы генерал-майор Көпен Ахмадиевтің өзі келіп қалды. Аман саулықтан кейін орынбасарының ойын одан әрі жалғастыруын өтініп, әңгімеге тартқан едік:

– Қазір қатты толқу үстіндемін. Жақсы баға алып жатырмыз,. Басқа не айтайын,- деп қысқа қайырды.

Шетел генералы не дейді?

Украина елшілігінде әскери атташе болып қызмет істейтін генерал майор Владимир Барабаш бір топ журналистермен әңгімелесіп тұр екен. Жайлап келіп бір шеттен құлақ түрдік. Әңгіме төркіні Украина қарулы күштерінің бүгінгі ахуалы жайында өрбіп жатқан көрінеді. Сөз соңында әскери адам ретінде Қазақстан жауынгерлерінің бүгінгі жаттығуына қалай қарайтынын сұрадық.

Мен КСРО кезінде дәл мұндай сәтті өткен әскери жаттығуларды сирек кездестіргем. Қысқа мерзім ішінде Қазақстан әскерилері көптеген жетістіктерге қол жеткізгеніне бүгін куә болдым. Қазақстанда тұрғаныма бес жыл. Осы уақыт аралығында мұндайды кездестірген емеспін. Әскер тілімен айтсақ, сіздердің жігіттеріңіз нағыз ерліктің үлгісін көрсетті,- деді ол ағынан жарылып.

«Смельчактың» құпиясы

Артиллерия және зымыран әскерлерінің қолбасшысы Қажымұрат Мейірманов жоғары дәлдікпен ататын қарулардың өзіндік ерекшеліктерін сипаттай келіп, « Смельчак» деп аталатын қаруға кеңірек тоқталды:

– Бұл қару да Сарышаған полигонында бірінші рет сынақтан өтіп отыр. Мана сіздер бірінші кезекте «өнерін» тамашалаған «тюльпан» деген мина атқыш 500 оқ шығару арқылы негізгі қарсыласты жоюға есептелген.

Ал, «Смельчак» 2-3 оқ шығару арқылы-ақ сол нысаналарды түгелдей жойып жібере алады. Соған қарамастан оның құны да

арзан. Жұмсалатын шығын да аз. Бұл қарулардың бәрін біз Ресейден сатып алдық.

Мамандар да сол жақтан оқып келіп жатыр. Екі ел Президентінің арасындағы түсіністікке толы қатынастың арқасында қол жеткізген табыстадың нәтижесі осы. Алдағы уақытта бұдан жоғары биіктерге шығатынымызға өз басым сенімдімін,— дейді генерал.

Қолбасшылар қобалжымайды

Алғы шептен қайтып оралған Елбасы мен Қорғаныс министрі жоғары шенді офицерлердің арасына келіп, әрқайсымен жеке-жеке әңгімелесті.

Президент төрт әскери округтың қолбасшыларын өзіне шақырды. Нендей жеке өтініштері бар екенін сұрады. Олардың бәрі қазіргі тұрмыстарына разы екендіктерін білдірді.

— Бұл жігіттердің бәріне Астанада пәтер бөлінді ме?— деп сұрады қорғаныс министрінен.

— Бәрінің Астанада пәтерлері бар,— деп жауап қайтарды министр.

Сосын Ресейдің екі генералына қарай жақындады.

— Бұл кісілер біздің әскери оқу орындарында сабақ беріп жүр,— деп таныстырды Қорғаныс министрі.

— Жөн екен...Ресей академиясын бітірген өзіміздің генералдарымыз аз емес қой. Оларды да оқытушылық қызметке тартқан дұрыс,— деді Президент Қорғаныс министріне қарап.

— Алдағы уақытта солай етеміз,— деді Қорғаныс министрі

Бұдан кейін Президент әскерилердің ортасына отырып суретке түсті.

Даладағы шеру

Манағы атыс құралдарының бәрі Президенттің алдынан салтанатты шеру жасап, өтіп бара жатты.

Жасырын окоптарда тұрып «өнер» көрсеткен қару жарақтарды енді жақыннан тамашалаудың мүмкіндігі туды.

Өрқайсысының маңдайында тәуелсіз Қазақстанның туы желбіреген жылжымалы соғыс техникалар легі жарты сағат уақыт ішінде әрең өтіп бітті. Осыдан-ақ бұл әскери жаттығуға қаншама күштер жұмылдырылғанын аңғару қиын емес.

Елбасының арнайы сәлемі

Жаттығу басталар алдында түске дейін күн қатты суық болды. Ал Президент келер сәтте күн ашылып, маңайдың бәрі шуаққа толып кеткендей жадырап сала берген. Осы жадыраған сәт жаттығу аяқталып, Президент қайтқанға дейін сақталып тұрды. Мына қызықты қараңыз. Президент өзі мініп келген ұшаққа беттей бастағанда күн райы қайта бұзылды. Аспанды бұлт торлап алды. Мұның бәрі, әрине, кездейсоқтық шығар. Дегенмен, «Президент жүрген жерде шуақ шашылып, нұр жауады деген сөз рас болғаны ма?» деп күлісіп жатқан дауыстарды естідік.

Тікұшақ сәл ұзап барып, қайта оралды да әскери қалашықтың үстінен айналып ұшты. Жердегілер жоғарыға қарап қол бұлғап тұр. Өне иллюминатордан Президенттің бізге қол бұлғағанын байқадық. Бәріміз балаша шулап, қол бұлғауға кірісіп кеттік. Елбасы Отан қорғаушыларын көріп барады, әрине, соған мәзбіз.

Бұл күні еңсеміз көтеріліп, көңіліміз ерекше бір сергіп қалғанын сезіндік.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
19 сәуір, 2002 жыл.**

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖИЕГІН БАСЫП ЖҮРГЕН

Біз Үшарал шекара отрядының штаб бастығы майор В.Федорченко мен отряд бастығының орынбасары майор Ә.Төлегеновпен қысқа ғана әңгімелестік. Отряд бастығы кезекті еңбек демалысында екен.

Үшарал шекара отряды Қазақстан Республикасы шекара қызметі құрамдарының арасында барлық көрсеткіштер бойынша соңғы үш жыл ішінде қатарынан бірінші орынды иеленіп келе жатқан көрінеді. Сондықтан да, мереке қарсаңында біз осы жаққа қарай ат басын арнайы бұрғанбыз.

Алматыдан келген журналистер екі-екіден әртүрлі шекара бекеттеріне (заставаға) баратын болдық. Мен Жалаңашкөл бекетіне бөліндім.

Бұл – 1969 жылы КСРО мен Қытай мемлекеттерінің ара қатынасы ушығып тұрған кезде қанды қақтығыс болған жер. Кейінгі буын өкілдері ол жайында аздау білетіні аңғарылып қалды. Тіпті, «маоистер» деген сөздің өзі кейбір әріптестеріміз үшін түсініксіздеу екен. Мұның бәрін майор А.Кудряшов деген азамат ерінбей-ақ әңгімелеп берді.

«Жоңғар қақпасының» алдында

Үшарал қаласынан шыққаннан кейін біраздан соң тас жолдың шұрық-тесік жерлері көбейе бастады. Автобустың жүрісі баяулады. Үш сағатқа жуық уақыт өткеннен кейін сол жақ қапталымызда ілесіп келе жатқан Алакөлдің мол суы жіңішкеріп барып қалып қойды. Оның есесіне анадайдан жарқырап Жалаңашкөл көрінді.

Оның оң жағы мен сол жағындағы тау сілемдері бір-бірімен жарыса қатарласып келеді де, қайтадан айырылысып үлкен арнаға ұласады. Одан әрі – Қытай мемлекеті. Міне осы тұс «Жоңғар қақпасы» деп аталады. Қысы-жазы өкпек жел үріп тұрады.

Арғы жақтан бері соққан желді «Ебінің желі» дейді. Бергі жақтан ол жаққа қарай соққан жел «Сайхан желі» деп аталады.

Осы «Жоңғар қақпасының» сол жақ қапталының етек жағымен Қазақстан шекарасының бір бөлігі өтеді. Оны күзететін Жалаңашкөл застава­сының шекарашылары. Застава дегеніміз кәдімгі екі қабатты әскери казарма. Сырты биік бетон дуалмен қоршалған. Кіре беріс қақпаның сол жағында үлкен ескерткіш орнатылыпты. Онда 1969 жылдың 13 тамызы күні маоистерге қарсы күресте шейт болған шекарашылардың есімдері жазылған.

Застава бастығы – 23 жасар аға лейтенант Асланбек Таухиев деген азамат. Оның орынбасары – 22 жасар лейтенант Мұхит Тұрғанбиев деген жігіт. Казармаға кіре беріс есіктің оң жағында, терезе алдында үш бәйтерек оқшау өсіп тұр. Олардың әрқайсысына тақтайша қағылып, былай деп жазылыпты: «Бұл ағаштарды В.Рязановтың, Н.Дулесовтың, Г.Степановтың туыстары отырғызған». Ал сол теректердің жоғарғы жағындағы биік жапсарға үш қарлығаш ұя салыпты. Сарыауыз балапандары ұшуға дайындалып отырғандай.

Тыныштық тынысы

Сол күні кешке жақын застава бастығы А.Тахауиевпен бірге шекара қақпасынан ішке қарай өттік. Кеңес үкіметінен қалған «Уаз» жеңіл автокөлігі ойлы-қырлы жерлерден орғып өтіп, бейтарап аймақтағы күзет мұнарасының қасына келіп тоқтады. Онда кіші сержант Сансызбай Сәрсенбаев пен ефрейтор Руслан Қасымов деген екі сарбаз өз қызметтерін атқаруда. Мұнараға көтеріліп, шекарашылардың арнайы бақылау құралдарымен қарсы жақтың тірлігіне көз тіктік. Алайда, ол жақтан не көргендерімізді жазуға болмайды. Сондықтан, «шекарада тыныштық» деген бір ауыз сөзбен ғана бәрін жеткізуімізге тура келеді.

«Шекара бұзушы» ұсталды

Қас қарая бере заставада дабыл қағылды. Екі «Уазға» тығыздала отырған бірнеше шекарашылар қару-жарақтарымен

қоса иттерін алып әп-сәтте жөнep берді. Соңдарынан біз де ілестік. Бұл енді тележурналистер үшін «сценарий» бойынша жасалынып жатқан әрекет. Дегенмен бәрі табиғи көрініс тапқан. Шекараны кесіп өткен із сайрап жатыр. Иісшіл иттер «шпионның» соңына түсіп берді. Көп ұзамай таяу жерде жасырынған ол иісшіл иттен құтылмасын біліп, бұта түбінен тұра қашты. Азулы ит оның дәл арқасынан келіп ала түсті де, жерге алып ұрды. Жұлқылап талап жатыр. Мына қарқынмен жарып жіберуі мүмкін. Қуғыншылар да жетіп үлгерді. Ит әрең ажыратылып алынды. Шекара бұзушының қолына кісен салынды.

«Шекара бұзушы» өзін Марат Әуезовпін деп таныстырды. Иттің тісі өтпес үшін киген арнайы қалың киімін шешіп, денесін қарап жатырмыз. Екі жерден иттің тісі қатты батыңқыраған екен.

– Қорықтың ба? – деп сұрадық.

– Әрине, қорқынышты. Бірінші рет қой. Бұрын кім итке таланып көріпті,– дейді ол жайбарақат қана.

Өткен күндер елесі

Майор А.Кудряшов күндіз бізге 1969 жылғы Жалаңашкөл оқиғасымен қоса содан бері шекара өмірінде болған төтенше жағдайлар жөнінде қызықты әңгімелер айтқан. Енді соның бәрі ұйықтар алдында көз алдымнан кетсеші.

Казарма іші тып-тыныш. Кезекті ауысымнан оралған шекарашы сарбаздар пысылдап қалың ұйқының құшағына енген. Казарманың түкпір жағындағы солдаттың темір төсегінде жатқан мен бұдан отыз жыл бұрынғы жастық шағым, әскердегі екі жылым қайтып оралғандай.

1969 жылдың 13 тамызы күні таңғы сағат төрт жарымда күтпеген жерден дабыл қағылғанда осы төсектен мына одеялды серпіп тастап, атып тұрған шекарашылар анау жердегі қарулар тұрған бөлмеге қарай ұмтылғаны сөзсіз. Сосын таң қараңғылығын қақ жарып, тікен сым тартылған шекара бойымен жүгіріп бара жатты. Бұл кезде Каменный деп аталатын жотаға мықтап

бекінген маошылдармен Михаил Дулепов пен Виталий Рязанов бастаған екі наряд тобы ұрысқа кірісіп кеткен.

Дулепов бастаған шекарашылар сол жақтан, Рязанов бастаған шекарашылар оң жақтан жотаға қарай шабуылға шықты. Рязанов лақтырған граната дұшпан бекінісіне дөп түсті. Бірақ осы сәтте өзіне де оқ тиген еді. Көп ұзамай көз жұмды. Алғы шептегі Дулепов та талай маошылдарды жер жастандырды. Өкінішке орай, өзі де бірнеше жерден жарақат алып, о дүниеге аттанды. Жалаңашкөл заставасының шекарашылары қосымша күш келіп үлгергенше мықты қаруланған қырық шақты Қытай әскерлерін түгелдей жойып жіберген. 1971 жылдың 7 тамызында маошылдардың киратушы барлау тобы Арқанкерген деп аталатын өзеннен бері өтіп, тағы да біздің шекарашыларға қарай лап қойған. Бірақ өздері түгелдей осы арада жер жастанды. Бұл ұрыста Геннадий Степанов ерлікпен қаза тапты.

Қазіргі кезде есік алдында үнсіз шайқалып тұрған үш бәйтерек сол боздақтардың рухы іспеттес. Дәл осы бәйтеректердің тұсына үш қарлығаштың ұя салуы да тегін емес сияқты...

Өртүрлі ойлармен жатып ұйықтап кетіппін...

Дабыл! Дабыл!

Кенет сатыр-сұтыр дыбыстардан селт етіп ояндым. Дабыл белгісі аңырай естіліп тұр. Бұл – шекарадағы тікенек сымдарға әлдене соқтығысты деген сөз. Электр желілермен жабдықталған қондырғылардың құпиясын мана Асланбектен естігенмін. «Шекарашылармен бірге барсам ба» деген оймен сыртқа шықтым. Екі машинаға тиелген жігіттер сақадай сай қалпында жүргелі тұр.

– Өуре болмай жата беріңіз. Мұндай жағдайлар бізде жиі қайталанады. Шекара бұзушы болса, ұстап әкелеміз ғой,- деген командирдің жайбарақат сөзі онсыз да ұйқымды қимай тұрған мені жылы төсекке қайта алып келді. Таңертең сұрасырсам, қатты желдің екпініне шыдамай тікенек сымдардың бірі үзілген екен.

Жапан түз, жастық шақ

Застава бастығы Асланбек былтыр үйленіпті. Жұбайы екеуі казармада, үйленгендерге арналған бөлмеде тұрады. Оның орынбасарлары үйленбеген жас жігіттер.

– Бұл жақта қыздар жоқ, қашан, қалай үйленесіңдер?– деймін.

– Демалысқа барғанда қыздармен танысуға тырысамыз ғой...– дейді бір-біріне жымия қарап.

Өздері құралпы жігіттер қазір қаладағы ойын-сауықтарда селкілдеп билеп, темекі шегіп, арақ ішіп жүргенде жапан түзде жастық шақтарының ең қызықты сәттерін өткізіп жатқан осынау қайсар жігіттерге сүйсіне қарадым. Себебі, бұлардың қарамағындағы қатардағы сарбаздар екі жыл мерзімдерін өтеп, елге қайтады. Ал бұлар, яғни, офицерлер зейнет жасына дейін осылай жапан түзде Отан қорғаумен өмірлерін өткізеді. Мұндай азаматтардың жанын түсінетін Құртқалар мен Қарлығалар бүгінде бар ма өзі деген сауалдар санаға келіп еді. Бар ғой, әрине бар...

**«Егемен Қазақстан» газеті,
3 қыркүйек, 2002 жыл.**

АЙДАРЫНАН ЖЕЛ ЕСКЕН ЖАСАҚ КЕРЕК **(Қазақстан Республикасы Ішкі әскерлер қолбасшысының** **бірінші орынбасары, генерал-майор Болат Бақытжанұлы** **Жаңасаевпен сұхбат)**

Бұдан бес-алты жыл бұрын ол Жоғарғы Кеңестің депутаты болатын. Сондағы Қауіпсіздік және қорғаныс комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Сонымен қатар, Қаракемірдегі ішкі әскер полкінің сардары қызметінде болды.

КСРО тарағаннан кейін Қазақстан Қарулы Күштерін қалай сақтап қаламыз, оны өзіміз игеріп әкете аламыз ба деген бір алмағайып кезең туған. Міне, осы кезде Жаңасаевке арнайы жолығып, әскеріміздің болашағы туралы пікірін сұрағанбыз. Ол кісі өз ойындағысын жасырмаған. Бүгінгі әңгімеде де сол кезде қойылған бір сауал көкейімізге орала берген.

– Биылғы жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Ішкі әскерінің құрылғанына бес жыл толды,- деп бастады әңгімесін Болат Бақытжанұлы. – КСРО ыдыраған кезде ішкі әскер бөлімшелері республикамыздың екі-үш-ақ қаласында болса, бүгінде 17 қалада, яғни, 14 облыста ірі-ірі бөлімшелеріміз бар. Негізгі міндетіміз – Ішкі істер министрлігіне қарасты еңбекпен түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан қылмыскерлерді күзету. Сондай-ақ, өзіміздегі милиция бөлімшелері тәртіп сақшыларымен түнгі қала тыныштығын сақтауға ат салысады. Республикадағы 12 министрлік пен ведомстволардың аса маңызды нысандарын күзету де біздің мойнымызға жүктелген. Олар – атом реакторлары, ұлттық ядролық орталық, ақша шығаратын мекеме, тағы басқалар.

– Сіздерде арнайы жасақтар деген бар емес пе, олар немен айналысады?

– Біздегі арнайы жасақтар көбінесе төтенше жағдайларда бейбіт халыққа көмек көрсету үшін, оларды күтпеген қатерден құтқару үшін қажет. Сонымен қатар, олар ел тыныштығын сақтау жолындағы айбынды күштердің бірі ретінде саналады. Мәселен, тәжік-ауған шекарасындағы Қазақстан құрама батальонының сапында ішкі әскердің арнайы жасақтары қызмет етуде.

– Ішкі әскер бұрындар өз алдына жеке ведомство еді, қазір Ішкі істер министрлігінің құрамына енді. Ішкі істер министрі ішкі әскердің тікелей қолбасшысы болып есептелінеді. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Иә, ішкі әскер бұған дейін республика Президентінің құзырында болып, Президентке тікелей бағынып келді. Қазір Ішкі істер министрлігіне тікелей бағынады. Илейтініміз бір терінің пұшпағы болғаннан кейін, бір кісідей қимылдамасақ, іс оңбайды екен. Мәселен, республикадағы еңбекпен түзеу колониясының бәрі Ішкі істер министрлігіне қарайды. Ал оны күндіз-түні күзететін – ішкі әскерлер.

Ереуіл, тағы басқа күш көрсету оқиғалары белең ала бастаса, біздер милициямен бірге қимылдаймыз. Осы сияқты ортақ міндеттеріміз толып жатыр. Ендеше біріміз сыртта, біріміз іште жүргенше бір шаңырақтың астында топтасқанымыз өзімізге де, елге де тиімді деп ойлаймын.

– Сонда сіздерді әскер деп қабылдауымыз керек пе, жоқ әлде ішкі істер қызметкерлері деп түсінуіміз керек пе?

– Біз кәдімгі Қарулы Күштердің жүріп-тұратын сақадай-сай әскеріміз. Нақтылап айтсақ, Ішкі істер министрлігінің құрамындағы әскери күшпіз.

– Кадр жағынан сіздерді кімдер қамтамасыз етеді?

– Ішкі әскерге арнайы кадрлар дайындайтын оқу орындары бұрын да болған, қазір де бар. Қазақстан Республикасы Шекара әскери институтында өзіміздің арнайы факультетіміз жұмыс істейді. Биыл тек осы факультетті бітіріп, лейтенант атағын алған 34 сардар сапымызға келіп қосылмақшы. КСРО тараған кезде елдеріне кеткен көптеген білікті мамандардың орнын бірте-бірте осылай толтыра береміз. Биылғы 18 наурызда Үкімет қаулысымен Петропавл қаласында ішкі әскер сарбаздарын дайындайтын жоғары әскери училище ашылды. Сабақ 1 қыркүйекте басталады. Биыл 220 адамды қабылдасақ, 4 жылдан кейін бұлар бізге білікті мамандар болып келе бастайды. Бұл оқу орындары ашылмай тұрғанда да қарап жатпай бөлімшелерде үш айлық курстар ашып, қысқа мерзім ішінде қажетті мамандарды дайындап алып жүрдік. Ең қиыны өтті, ендігісі түк емес.

– Ішкі әскер жауынгерлерінің басқа сарбаздардан өзгешелігі неде? Оларға қойылатын негізгі талап қандай болуға тиіс?

– Ішкі әскер жауынгерлері көбінесе түрмелерді күзетеді, милициямен бірге көше тәртібін сақтауға катысады. Темір тордың арғы жағындағы адамдардың пиғылдары әртүрлі болады. Міне, солардың алдау арбауына түсіп қалмау үшін алдымен адам психологиясынан жан-жақты хабардар болуың керек. Сонымен қатар, жауынгерлердің жеке бас қасиеттері, мінез-құлқы, тәрбиесі, білімі, әлеуметтік жағдайы, тағы басқа ерекшеліктері назарға алынады. Біздің бөлімшелерде жақсы қызмет еткен жігіттердің көбісін соңында жолдамамен Ішкі істер министрлігіне жұмысқа жібереміз. Былайша айтқанда, тыныштық сақшыларына үздіксіз кадр дайындап отыратын мекеме сияқтымыз. Осымен ішкі әскер туралы біраз мағлұмат бердім-ау деймін.

– Рахмет. Дегенмен, соңғы сұрақ. Бұдан бес жыл бұрын сізден бір интервью алғанымда алғашқылардың бірі болып «Ұлттық армия құру қиын емес» деп батыл үн қатқан едіңіз. Сол мақсат толығымен орындалды деп ойлайсыз ба? Кейбір қолбасшылар сол кезде мұндай сұрақтарға жауап бере алмай мүдіргенде, сіздің осылай сеніммен сөйлеуіңізге не себеп болды?

– Ұлттық армия дегенді тек қазақ ұлтынан тұратын армия екен деп түсінсек, қателескеніміз. Қазақстан көп ұлтты республика болғандықтан, кез келген салада бірнеше ұлттың өкілдері қызмет етуі заңды құбылыс. Ұлттық банкте, Ұлттық комитетте, тағы басқа осындай мекемелерде бір-ақ ұлттың өкілі қызмет істеймейтіні белгілі ғой. Мен ұлттық армия құру қиын емес дегенді осы мағынада айтқам. Бұл армия толық құрылғанына бүгінде әрқайсымыздың көзіміз жетіп отыр. Тіпті, озық елдердің әскерімен иық теңестіретін кез де алыс емес сияқты. Соған жеткізсін деп тілейік. Тәуелсіз еліміз барда бізге жалтақтауға негіз жоқ. Бұрын айтқан сөзімді бүгін де айтам, ұлттық армия құрып қою ғана аз, айдарынан жел ескен айбынды армия құруымыз керек. Ал бұл қиын емес.

– Айтқаныңыз келсін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӘСІБИ АРМИЯСЫН ҚҰРА АЛДЫҚ

Бұдан 15 жыл бұрын Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған кезде ең бір күрделі мәселе – еліміздің ұлттық армиясын құру ісі болғанын қазір екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Кеңестік әскерден қалған қару-жарақтарды игеретін мамандарымыз да жоқтың қасы еді. Білікті офицерлердің көбісі өз елдеріне кетіп жатты.

1992 жылдың 7 мамыр күні Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы Жарлыққа қол қойды.

Сол кездегі қалыптасқан ахуалға байланысты Ел Тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және оның дамуын қорғау мақсатында кәсіби армия құру үшін жағдайлар жасалынды. Оның нәтижесі бүгінде қандай, неге қол жеткіздік, неден ұтылды, алда қандай мақсаттар тұр? Осы және басқа сауалдар төңірегінде Қорғаныс министрі М.Алтынбаев газет тілшісімен ой бөліскен еді.

– Мұхтар Қапашұлы, ҚР Қарулы Күштері құрылуының мерекесі қарсаңында Елбасы Жарлығымен сізге «Халық қаһарманы» атағы берілді. Құтты болсын!

– Рахмет. Азды-көпті елге сіңірген еңбегімді бағалаған халқыма, Қазақстан Президенті, Жоғарғы Бас қолбасшыға алғысымды білдіремін. Бұл ең жоғары атақ – маған алдағы уақытта бұдан да зор міндеттер жүктейді. Тәуелсіз Қазақстанға қалтқысыз қызмет студент басқа арманым жоқ.

– Әскери саясаттың негізгі мазмұны, әскери құрылыстағы бағыты 1993 жылы қабылданған Әскери доктринада айқындалған болатын. Әңгімемізді осы төңіректен бастасақ...

– Иә, ол кезде Қарулы Күштерді құрумен қатар мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін саяси-дипломатия-

лық сипаттағы шаралар жүзеге асырылып жатты. Біздің еліміз ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылды. Осы кезеңде Президент бастаған республика басшылығы уақыт талабына сай басқа да ерекше шешімдер қабылдауға тиіс болды. Аймақта ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру жөніндегі жұмыстардың аясында Қазақстан ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартына қосылды. 1993 жылы қабылданған әскери доктрина бұл саладағы міндеттерді орындады деп ойлаймын. Бірақ, өмірдің бір орнында тұрмайтыны белгілі. 2001 жылғы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штаттарындағы қайғылы оқиғалардан және одан кейін жалғасқан антитеррорлық акциялардан соң әлемдегі және соның ішінде Қазақстанның айналасындағы геосаяси ахуал түбегейлі өзгерді. Аймақтағы ахуалды тұрақсыздандыратын және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін жаңа факторлар пайда болды. Ұлттық қауіпсіздікті және бірінші кезекте оның әскери құрамдас бөлігін нығайту мәселелері жаңа әскери доктринаны қабылдауды талап етті. Қазірдің өзінде осы маңызды құжатты жасау жолында белсенді түрде жұмыс жүргізілуде.

– Доктрина, бағдарлама қабылдау қиын шаруа емес. Қағаз жүзінде бәрін жасауға болады. Шын мәнінде Қазақстан Қарулы Күштері толық қалыптасты деп нық сеніммен айта аласыз ба?

– Мемлекет басшысының жан-жақты қолдауының арқасында еліміздің өз Қарулы Күштері қалыптасып болды деп айта аламын. Олардың даярлығы, құрамы, орналасу жағрапиясы уақыт талабына жауап береді және бүгінгі күннің шындығына сәйкестендірілген. Армиямыз жаңа сипаттағы, соның ішінде халықаралық лаңкестіктен туындайтын қауіп-қатерлерге тепең жауап бере алатын қажетті деңгейге жетті. Одақтас елдермен бірлесіп кез-келген күрделі міндетті шеше алады. Елбасы Жарлығымен енгізілген Штабтар бастықтарының комитеті, Қарулы Күштердің түрлері мен Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Астана аймақтық қолбасшылықтары, сондай-ақ, Жоғарғы Бас қолбасшының резерві болып табылатын Аэроұтқыр әскерлер іс

жүзінде өздерінің тиімділігін көрсетті. Ең бастысы, біз Қарулы Күштерімізді дамытудың жаңа кезеңін аяқтадық және кезең-кезеңмен кәсіби негізге көшу үшін жағдай жасадық деуге болады.

– Қысқа мерзімді қызмет ететін жауынгерлер мен кәсіби, яғни келісім-шарт негізінде қызмет ететін жауынгерлердің әскери шеберліктерінде айырмашылықтар байқалып тұратын шығар?

– Өткізілген оқу-жаттығулар, соның ішінде «Іле-2006» оқу-жаттығуы кәсіпқойлардың өзгелерден мықты екенін растады. Бұған әуе қорғанысы күштерінің, Аэроұтқыр әскери бөлімдерін мысалға келтіруге болады. «Қазбат» бітімгершілік батальоны толықтай келісім-шарт бойынша жасақталған, қазіргі заман талаптарына сәйкес жарақтандырылған және бітімгершілік қызметтерде іс жүзінде тәжірибе жинақтады. Қорғаныс министрлігі бітімгершілік күштерін дамытудың бағдарламасын әзірледі. Қол қойған меморандумға сәйкес «Қазбат» Біріккен Ұлттар Ұйымының «көгілдір телпектілер» құрамына кірді. «Қазбаттың» маңыздылығы – Қазақстан мен оның Қарулы Күштерінің халықаралық абырой-беделін нығайтуға үлес қосты. Ел Парламентінің 2003 жылғы тамыздағы шешімі бойынша «Қазбаттың» инженерлік-саперлік жасағы Иракта бітімгершілік міндетін атқаруда. Біздің саперлеріміз 3,5 млн данадан астам оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды залалсыздандырды. Бұдан басқа, бітімгершілер 500-ден астам ирактық азаматтарға медициналық көмек көрсетті. Сонымен қатар, жасақ Ирак қауіпсіздік күштерінің мамандарын даярлаумен шұғылдандуда. Бүгінгі күнге дейін 100-ден астам ирак әскери қызметшілері оқытудан өтті. Жасақтың қызметі коалицияның мемлекет басшылары мен Коалициялық күштер қолбасшылығының, сонымен бірге, Ирактың жаңа басшылығының жоғары бағасын алғандығын айта кетудің артықтығы болмас.

– Кейінгі кезде сіздерде «аймақтық қорғаныс» деген термин пайда болды. Мұны қарапайым тілмен қалай түсіндірер едіңіз? Былай қарағанда әр аумақтың өз әскері жасақталған сияқты.

– Қорғаныс министрлігінде аумақтық қорғаныс мәселелеріне ерекше көңіл бөлетіндігін атап өткен жөн. Қазақстан Республикасы Президентінің еліміздің аумақтық қорғанысын құру жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында бұдан бұрын аймақтық қолбасшылықтарда аумақтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша қуатты құрылымдардың өкілдерін қатыстыра отырып жиындар өткізілген болатын. Олар мемлекет ауқымында аумақтық қорғанысты жоспарлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік берді. «Аумақтық қорғаныс туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Жоспарға сәйкес өткен жылдың тамыз айында «Шығыс» аймақтық қолбасшылығының полигонында Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының аумақтық қорғаныс құралымдарын жұмылдыра отырып «Шығыс-2005» арнайы оқу-жаттығуы өтті. Осындай оқу-жаттығулар басқа аймақтық қолбасшылықтарда да болды. Оларда қуатты құрылымдардың аумақтық қорғаныс құралымдарымен заңсыз бандылық топ құрушыларға тосқауыл қою және жою жөніндегі өзара іс-қимылдарына қатысты мәселелер пысықталды.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын әскери мамандар даярлау ісі күн тәртібінде тұрды. Қазіргі жағдай қалай? Әскери мамандардың әлеуметтік жағдайы бұрынғыдан қаншалықты жақсарды?

– Жоғарыда айтып өткенімдей, Қарулы Күштерді құрудың бастапқы кезеңінде ұлттық әскери кадрлардың жетіспеушілігі өзекті мәселеге айналған. 1992 жылы Қазақстанда жалғыз әскери оқу орны – Алматы жоғары жалпыәскери командалық училищесі (АЖӘКУ) ғана болған еді. Сондықтан да, Президент біздің алдымызға отандық әскери білім беру және ұлттық кадрларды даярлау жүйесін түбегейлі қайта құру жөнінде міндет қойды.

Бүгінгі таңда бұл міндет табысты жүзеге асырылды деп айтуға болады. Қазір елімізде отандық білім беру жүйесі толық қалыптасты. Ұлттық қорғаныс университеті, Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, ҚР Қорғаныс

министрлігінің Шетел тілдері әскери институты, әскер түрлерінің оқу орындары (Құрлық әскерлерінің институты, Әуе қорғаныс күштерінің институты және Әскери-теңіз институты) жемісті жұмыс істеуде. Бұдан басқа кәсіпқой сержанттар даярлайтын Ш.Уәлиханов атындағы Кадет корпусы – біздің мақтанышымыз.

Өйткені, осындай оқу орны ТМД елдері арасында тек бізде ғана бар. «XXI ғасыр офицері» тұжырымдамасының аясында «Штаб офицерлерін даярлау бағдарламасы» әзірленді. Біздің негізгі мақсатымыз – әлемдік стандартқа сай келетін, білімді, шетел тілдерін жетік меңгерген, әскери және техникалық даярлықтың шебері болып табылатын мамандарды, бір сөзбен айтқанда, нағыз әскери элитаны даярлау.

Жас офицерлердің бітіріп шығу салтанатты рәсімдеріне Мемлекет басшының қатысуы игі дәстүрге айналды. Бітірушілермен кездесулердің бірінде Жоғарғы Бас қолбасшы офицерлік корпусқа баға берді. «Офицер – армияның абыройы, ол жәй ғана мемлекеттік қызметші емес, ол көптеген адамдардың тағдыры сеніп тапсырылатын мемлекет адамы. Офицер – армияның тұрақты мәні, орталық тұлғасы, әскердің миы, ұрыстың ұйымдастырушысы және жеңістің жасампазы» деген болатын. Елбасының тікелей нұсқауы бойынша тұңғыш рет Қарулы Күштерді кепілді бағдарламалық мақсатта қаржыландыру принципі қабылданды. Жыл сайын әскери құрылыс мұқтаждарына бюджеттен ішкі жалпы өнімнің 1 пайызы мөлшерінде қаражат бөлінеді. Бір сөзбен айтқанда, әскерилер Жоғарғы Бас қолбасшы тарапынан көрсетілген орасан зор қамқорлықты ұдайы сезініп келеді. Офицерлердің, әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің тұрғын үй проблемалары табысты шешілуде. Олардың әлеуметтік қорғалу деңгейі артып келеді. Соңғы үш жыл ішінде әскери қызметші отбасылары мыңнан аса пәтерге ие болды.

– Қазіргі кезде Қазақстан мен АҚШ әскерилерінің арасында тәжірибе алмасу, әсіресе кіші командирлерді оқыту ісі қолға алынғаны жиі айтылады. Осы жайында айтып берсеңіз?

– Кіші командирлердің білім деңгейін, беделін көтеруге Қазақстан мен АҚШ сержанттары арасындағы тәжірибе алмасу жақсы әсер етті. Мысалы, Қазақстан мен АҚШ арасындағы бес жылдық әскери ынтымақтастық жоспарын іске асыру шеңберінде ҚР Қарулы Күштерінің бес сержанты АҚШ-та қызметтік іс сапарда болып, онда сержанттық құрамның жұмыс істеу әдістерімен танысып қайты.

2004 жылғы қыркүйектен бастап ҚР ҚК Құрлық әскерлері әскери институтында американдық тараппен ҚР ҚК сержанттық құрамының курстық дайындығы өтуде. Өткен жылғы қыркүйекте аймақтық қолбасшылық әскерлерінің, ҚР ҚК нұсқаушы-сержант буынындағы сержант-майорлардың курсы алғаш рет өткізілді. Курстық даярлықты аяқтаған кәсіпқой-сержанттарды бөлім қолбасшылығы қамқор, талапшыл, ілтипатты командирлер ретінде сипаттайды. Елбасы наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін ҰҚШҰ және ШЫҰ шеңберінде бірлескен оқу-жаттығулардың, сондай-ақ, НАТО мен бірлесе лаңкестікке қарсы бастамалармен операциялардың өткізілуіне қатыса отырып Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ынтымақтастығын нығайтуымыз қажет» дей келе, діни экстремизмге қарсы тұруға және халықаралық лаңкестікпен, есірткі саудасымен күресуге бағытталған саяси бағдарларды нақты айқындап берді. Осыған байланысты төл Қарулы Күштерімізді жаңғырту мүддесіндегі мемлекеттің ішкі саясаты Қорғаныс министрлігі қызметінің негізгі жұмысы болып табылады. Жетекші мемлекеттер – Ресеймен, Қытай, АҚШ-пен, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт формасында және НАТО бағдарламалары шеңберінде екі жақты әскери ынтымақтастық табысты дамыды.

– Ресей мен арадағы әскери қарым-қатынасты қалай бағалар едіңіз?

– Қазақстан мен Ресей екі жақты ынтымақтастықтың мейлінше тиімді үлгісін көрсетіп отыр. Екі мемлекет басшыларының әрбір кездесуі оны жаңа идеялармен, нақты істермен

жоғары деңгейде байыта түсуде. Екіжақты ынтымақтастық мәселелерінің арасында әскери-техникалық байланыс – ең маңыздыларының бірі екені сөзсіз. Жалпы алғанда, Әскери ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде бірлескен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінің кең шеңберін қамтитын 60-тан астам екіжақты құжаттарға қол қойылды. Әскери құрылыс саласындағы тәжірибе алмасу ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып табылады.

Атап айтқанда, Ресей тарапы біздің жетекші әскери жоғары оқу орнымыз – Ұлттық қорғаныс университетіндегі тыңдаушылардың даярлығын көтеру мақсатында Ресей Федерациясынан келген профессорлық-оқытушылық құрамына, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің қорғаныс ведомстволарының өкілдері тартылған оқу ісіне жоғары баға берді. Ресей Федерациясымен әскери кадрлар даярлау жөніндегі уағдаластықтар іске асырылуда. Үстіміздегі жылғы сәуір айының басында Мемлекет басшысының Мәскеуге сапары барысында жеті құжатқа қол қойылды. Оның ішінде төртеуі Қазақстан аумағындағы ресейлік әскери және ғылыми полигондар мен орталықтарды пайдалануға қатысты. Нақты нәтижелер екі елдің қорғаныс ведомстволары арасындағы екі жақты әскери ынтымақтастық шеңберінде, сонымен бірге ҰҚШҰ, ШЫҰ шеңберінде қол жеткізілген қарым-қатынастардың жоғары деңгейін растайды.

– Қытаймен де әскери-техникалық ынтымақтастығымыз артып келе жатқан сияқты...

– Қытай Халық Республикасымен әскери және қорғаныс саласындағы ынтымақтастық жоғары сенім деңгейімен сипатталады. Ортақ шекара аудандарында сенім мен қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету және әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары болып табылады. Соңғы уақыттардың өзінде қытай тарапы түрлі автомобиль техникасын және басқа мүліктерді жеткізіп бергендігін атап өткен жөн. ҚХР-дың жетекші әскери оқу орындарында біздің 30 әскери қызметшіміз оқып шықты. Әскери -техникалық ынтымақтас-

тыққа келетін болсақ, оның шеңберінде америкада шығарылған жаңа әскери техниканы жеткізу жөніндегі жоба табысты жүзеге асуда. Түрлі үлгідегі «Хаммер» автомобильдерін көп мөлшерде жеткізу аяқталып келеді. АҚШ Конгресі Қазақстанға «Хьюи-2» тікұшақтары партиясын жеткізуді мақұлдады. Жоспарда сондай-ақ «С-130» әскери-көлік ұшақтарын жеткізу көзделген. Әскери-техникалық жобалардың ерекшелігі, біз техниканы жеткізумен бірге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі орталықтарды құрып жатырмыз. Сондай-ақ, ұшу құрамының техникалық мамандарын даярлау жүргізілуде.

– НАТО-мен арадағы әріптестік іс-қимылдары туралы айта кетсеңіз.

– НАТО-мен ынтымақтастық қазіргі уақытта Әріптестік іс-қимылдарының жеке жоспарын қабылдауға байланысты жаңа маңызды кезеңге көшті. Аймақта бірінші болып бізде НАТО-ның байланыс офицерінің орналасқандығы ынтымақтастық деңгейінің және біздің еліміздің аймақтағы рөлінің жоғарылығына дәлел бола алады. Елімізде бірқатар аймақтық орталықтар құру көзделіп отыр – бұл күшейтілген инженерлік-саперлық құрамдас бөлігі бар бітімгершілік орталық, тілдік даярлық орталығы, сондай-ақ офицер-верификаторлар даярлау жөніндегі орталық. Айта кетер болсақ, оның базасында алдағы уақытта аймақтық деңгейдегі алғашқы курстар өтеді. Биылғы жылы тіл курстарында аймақтағы кейбір мемлекеттердің әскери қызметшілерін даярлау жүзеге асырылатын болады. Түркиямен, Ұлыбританиямен, Германиямен, Франциямен, Нидерландымен, Оңтүстік Кореямен және басқа да елдермен ынтымақтастық тұрақты дамып келеді. Бұл бағыттағы жұмыс бұдан кейін де жалғасын таба береді.

– Әңгімеңізге рахмет!

«Президент және Халық» газеті,
12 мамыр, 2006 жыл.

ШЕКАРАДАҒЫ БІРЛЕСКЕН ЖАТТЫҒУ

ШЫҰ бүгінде лаңкестік пен сепратизмге, экстремизм мен заңсыз есірткі бизнесіне қарсы күрес жолында да жаңа жетістіктерге қол жеткізе бастады. Соның бір айғағы 6 тамыз күні Үшарал қаласының жанында басталған ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің «Өзара іс-қимыл-2003» деп аталатын әскери жаттығулары болып табылады. Бұл жаттығуға бес мемлекет (Өзбекстаннан белгілі себептерге байланысты өкілдер келе алмаған) Қарулы күштерінің ең ұтқыр да ұшқыр құрылымдары қатысуда. «ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында лаңкестікке қарсы бірлескен шабуылдар жасау» деп аталатын тақырыпта өтіп жатқан осынау әскери жаттығу бұған дейін Қазақстан жерінде өткен халықаралық әскери жаттығуға қарағанда өзгешелеу.

Жаттығу мазмұны төмендегідей: көрші елдердің бірінен жолаушылар ұшағы ішіндегі адамдарын кепілдікке алып, Қазақстанның әуе жолдары арқылы Қытай мемлекетіне өтпекші болған лаңкестердің жолы осы Үшарал қаласының маңында кесіледі. Қиын жағдайдан шығу аталмыш бес мемлекеттің әскерилері үшін үлкен сын. Таңертеңгілік Үшарал әскери әуе базасына жиналған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің әскерилері, қонақтар, журналистер – бәрі іштей тынып, көк аспанның жүзіне көз тіккен еді.

Жарты сағаттай уақыттан кейін Қазақстан әуе жолдарына «заңсыз кірген» жолаушылар ұшағын жерге қондыру әрекеттері басталып кетті. Талдықорғандағы авиа-базадан ұшып шыққан екі әскери жойғыш ұшақ оны Алакөл ауданының маңында қуып жеткені хабарланды. Сәлден кейін «лаңкестер» басып алған жолаушылар ұшағын қақпақылдап әкеліп, Үшарал қаласының әуежайына қонуға мәжбүр етті. Ұзаққа созылған келісім нәтижесінде кепілдікке алынған 15 жолаушының ішіндегі бес

әйел босатылды. Қалғандары «келісім» бойынша «лаңкестерге» берілген автобустың ішіндегі «тұтқын» күйлерінде көрші мемлекеттің шекарасына қарай әкетілді. Бірақ, олар ұзаққа бармады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің «Арыстан» атты арнайы жасақтарының аса шеберлікпен ұйымдастырылған шабуылы нәтижесінде қас-қағым сәтте қалай қолға түскендерін өздері де сезбей қалды.

Автобус тоқтатылды да, әп-сәтте оның терезелері быт-шыты шықты. Атыс басталды. (Көз ілеспес шапшаңдықпен жүзеге асқан бұл операцияның қалай ұйымдастырылғаны, оларға кімдердің қатысқаны жөніндегі жан-жақты әңгімені алдағы уақытта толық баяндаймыз).

Ойлағандай-ақ лаңкестердің жолы Қазақстан жерінде кесіліп үлгерді. Енді оларды «келіссөз бойынша» Қытай жеріне алып бара жатқанда жолда күтпеген жағдайға тап боламыз. Шекарадан бері қарай жасырын жолмен өтіп, ұшақ айдаушыларды күтіп отырған ол жақтағы «лаңкестер тобы» ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер жауынгерлерінің алдағы жоспарларын өзгертуге мәжбүр етеді. Міне, бұл тамыз күндері Қытай жерінде өтетін әскери ойындар күнделігінің бір көрінісі.

ШЫҰ-ның біріккен қарулы күштер тобы аса бір түсіністікпен жіті қимылдағанына тек сүйсіне қарап, таңданудан басқа амал жоқ.

Ең бастысы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы дүние жүзі мойындаған белді ұйымдардың біріне айналып келе жатқанына көзіміз жетті. Жаттығудың қалған бөлігі Қытай жерінде жалғасатыны белгілі. Әзірге Ұшарал жеріндегі әскери жаттығуды Ресей мен Қазақстан әскерилері жүзеге асыруда. Қытай әскерилері бәрін бақылаумен ғана шектеліп жүр. Олар өз өнерлерін енді бір күннен кейін өз жерлерінде көрсетеді. Шетелдік әскерилердің пікіріне қарағанда, Қазақстанда үлкен ауқымда өткен бұл халықаралық әскери ойындар шеберліктің нағыз үлгісін көрсеткен сияқты.

– Ең бастысы,- деді әскери жаттығулардың алғашқы ашылу рәсімінде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының қорғаныс

министрі, армия генералы Мұхтар Алтынбаев, – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерінің басшылары бекіткен бағдарламалар ойдағыдай жүзеге асуда. Бұдан он жылдай бұрын дәл осы жерде осы мемлекеттердің әскерилері бірігіп жаттығу өткізуді ойлаудың өзі мүмкін емес еді. Алдағы уақыттарда бір-бірімізбен тек әскери жаттығуларда кездесуге ғана жазсын. Қытай мен Ресей Қарулы Күштерінің өкілі ретінде келген округ қолбасшылары, генерал-лейтенант Ли Цяньюань мен Ресей әскерінің генерал-полковнигі Александр Барановтың пікірлері де осы арнада тоғысып жатты.

Әскери жаттығу 12 тамызда, Қытай жерінде аяқталады. Оның ең қызықты сәттері әлі алда екені анық. Бұл халықаралық жаттығу Қазақстан Қарулы Күштері Шығыс әскери округінің базасында өтіп жатқанын айта кетуіміз керек. Округ қолбасшысы генерал-майор Нұрлан Жоламановтың айтуына қарағанда, мұнда барлаушылар батальоны, байланыс батальоны, артиллерия полкі, тағы басқа әскери сала жасақтары жұмылдырылған. Шығыс әскери округінің штаб бастығы Бақтияр Сыздықов бастаған сардарлар тобы осы әскери ойынның ойдағыдай өтуіне бар күш-жігерлерін жұмсағаны көрініп тұрды.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
8 тамыз, 2003 жыл.**

1.2. ҰЛТ ҰЛАНЫН ҰЛЫҚТАП



АНТЫҢДЫ АРЫНДАЙ САҚТА

«Жігіттің екі сөйлегені – өлгені» деген сөздің өзі-ақ ер-азаматқа қандай жауапкершілік артылғанын аңғартса керек. Ал бүкіл елдің алдында салтанатты түрде ант беріп алып, кейін сол үддеден шыға алмай жатсаң ше? Одан асқан масқаралық болмайтын шығар, сірә.

Әскери ант беру – бағзы заманнан бері келе жатқан қасиетті дәстүрлердің бірі. Бұл қай халықта да бар. Әсіресе, жаугершілікті басынан көп өткерген қазақ халқының асыл ұлдары бір ауыз серт жолында ештеңеден тайынбаған. Егер тарихқа көз жіберсек, ата-бабаларымыз жоңғарларға алғаш тойтарыс берген Аңырақай қырғынына аттанар алдында қазіргі Отар стансасы тұрған жерде бас қосып, хан алдында әскери ант қабылдаған екен. Міне, сол жерде қазір әйгілі гвардиялық дивизия орналасқан. Өкінішке орай, кейінгі жылдары осы дивизия туралы әртүрлі пікірлер жиі айтылады.

Өткен жексенбі күні Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарына жаңадан қабылданған жауынгерлердің әскери ант беру рәсіміне байланысты мұнда да үлкен салтанатты жиын өтті. Әскер қатарына алынғанына бір ай ғана уақыт болған ұлдарының серттесу сәтін көруге алыс-жақын жерлерден көптеген ата-аналар да жиналыпты. Аты-шулы гарнизонның ішкі өмірімен жететанысу мақсатында бір топ журналистер ертеңгі ант қабылдау қарсаңына орай түнемелікке келген едік. Дивизия командирінің саяси жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Е.Садықов қонақтарды көңілсіздеу қарсы алды. Сөйтсек, осыдан жарты сағат бұрын ғана мұнда тағы бір кісі өлімі болыпты. Жап-жас прапорщик өз үйінде асылып қалған. Соған қарамас-тан, ертеңгі салтанатқа дайындық қызу жүріп жатты.

Танкшілер полкінің командирі подполковник Руслан Әлімбаевтің бөлімшелеріндегі жағдайлар көрген адамды

кәдімгідей риза етеді. Жатар орындар жылы. Сарбаздардың көңілі көтеріңкі.

Ертеңінде ант қабылдау рәсімінен кейін дивизия командирі генерал-майор Ә.Жарболов мырза сарбаздардың ата-аналармен жүздесіп, сұхбаттасты. Бір таңқаларлығы – олардың көбісі балаларын бұл жерден басқа жаққа ауыстырмауларын жалына өтінді. Себебі, гарнизондағы жағдай қысқа мерзім ішінде қатты өзгерген. Бұған дейінгі келеңсіз құбылыстар да ашық айтылды. Қазіргі олқылықтар да ортаға салынды. Қысқасы, біз бұл жолы Отар гарнизонын мүлдем басқа жағынан танып қайттық. Ол жайында алдағы уақытта кеңірек баяндаймыз. Бұл әңгіменің басқалардан орны мүлдем бөлек болайын деп тұр.

«Егемен Қазақстан» газеті,
23 желтоқсан, 1997 жыл.

АРМАН БОЛҒАН АҚ БҰЛТТЫҢ АРҒЫ ЖАҒЫ

Бала кезінде шетсіз-шексіз көк аспанның тұңғиығына көз тіге отырып, ақша бұлттың арғы жағын қиялымен кезбеген жеткіншек сирек шығар. Осынау арманға жету екінің бірінің ғана емес, жүздің, тіпті одан да көптің бірінің маңдайына жазылмаған бақыт екенін біле бермеуіміз де мүмкін. Ал, сол бақытқа қолы жеткен кейбір адамдармен жиі-жиі араласып, олардың қиын да, қызықты, әрі қатерлі мамандықтарының қыр-сырын зерттей түскен сайын олардың өздерінің де адами болмыстарын жете тани түседі екенсің. Мен бұл жерде әскери ұшқыштар жөнінде айтпақпын.

Былтырғы жылдың тамыз айында Алматының маңайында орналасан әскери ұшқыштар полкіндегі кезекті жаттығулардың бірінен репортаж жазғаным бар еді. Ол жолы Қазақстан Әскери әуе күштерінің қолбасшысы, генерал-майор Мұхамеджан Ибраев, оның орынбасары Қадыржан Байжігітов, тағы басқа жоғары шенді сардарлар кейінгі жастарға жаңа техниканы меңгерудің үлгісін көрсетіп, көк аспанда небір «ою-өрнектер» жасағанының куәсі болғанбыз.

Бұл жолы Талдықорған қаласының маңындағы әскери ұшқыштар полкіне Қадыржан Байжігітов бізді өзі бастап келді. Жолда, мәшиненің ішінде ол кісі ұшқыш-мерген, ұшқыш-жаттықтырушы полковник Николай Рубановпен таныстырды. «Болар елдің баласы бірін бірі батырым дейді». Бұл сөз осы екеуіне арналып айтылғандай. Жастары елуді алқымдап калған азаматтар өздерін «кәрі қырандар» қатарына қосатын көрінеді.

– Қолбасшының саяси істер жөніндегі орынбасары дегенге сіз полковник Қадыржанды қағаз кемірушілер мен қызыл сөзді судай сапырушылардың сапынан екен деп қалманыз. Ол кісі отыз жыл бойы аспан төсін тілгілеп, жер шарының апшысын қуырып өткен сайыпқыранның өзі,- дейді ол дос туралы пікіріне ешқандай қалжың қоспай.

Жалпы, шынайы әскери тәрбиені көріп өскен адамдар біреудің алдында көлгірсуді білмейді, жақсыны да, жаманды да бетке айтып қарап отырады. Біздер көзге мақтауды көбінесе білдірмей көпшік қою деп түсінеміз. Кейбір жағдайда ол солай болып та жатады. Ал, қос полковниктің бірін-бірі маған ресми таныстырған түрлері осы.

– Бір жылдай болды, Ресейден жаңа әскери ұшақтар сатып ала бастадық. Ұшқыштарымыз оны қайта оқып үйренуде. Бұдан бұрын қорғаныс министріміз Мұхтар Алтынбаев Ресей жерінде өз еркімен осы ұшақты оқып, меңгеріп қайтқан. Ілешала Талдықорғандағы полк командирі Александр Сорокин де жаңа ұшақты сол шақта үйреніп үлгерді. Ал, Қазақстан жерінде бұл әскери ұшақты алғаш рет аспанға көтерген адам – осы Николай Григорьевичтің өзі. Одан кейін Талдықорғандағы полк командирінің орынбасары, подполковник Кенже Даркулов. Сонымен, «СУ-27» деп аталатын бұл әскери ұшақпен көк аспанда қалықтаған қазақстандықтардың саны әзірге төртеу-ақ – деп Қадыржан алдағы сапардың мәнісін түсіндіріп өтті.

«СУ-27»

Бұл әскери ұшақтың сыртқы тұрқын суреттен байқағаным болмаса, оның жанына жақындап, ішіне кіріп көремін деген ойымда болған емес. «Егер қазір мына біз сияқты қарапайым адамның біреуін артқы жақтағы штурманның орындығына отырғызып алып, осы ұшақпен көк аспанды бір шарлап қайтсаңыздар қайтер еді?» деген әріптестеріміздің әзіл-шыны аралас сұрағын тура қабылдаған Николай Григорьевич:

– Дыбыс жылдамдығынан да бірнеше есе көп жылдамдықпен ұшатын бұл ұшақпен ұшуға екінің бірінің жүрегі шыдамайды, жарылып кетуі мүмкін,- дейді. Ендеше, мына жанымызда жүрген әскери ұшқыштардың қай-қайсысының да туа біткен қасиеттері бізден бөлектеу жандар екенінде дау жоқ. Соған қарамастан бұлар өте қарапайым. Өздері туралы ештеңе жарытып айта алмайды және айтқылары да келмейді, Ал, «СУ-27» туралы сұрасаң, сарнап қоя береді. Тіпті осы ұшақты өзінің

туған баласындай мәпелеп сипай тұрып, оның әр шүріппесінің мәнісі мен қызметін, өзіндік ерекшеліктерін сипаттағанда бұл дүниеде осы техникадан қасиетті ештеңе жоқтай әсерге түсесің.

«СУ-27»-мен аспанда қалай «ойнақ саламын» десең де бұл ұшақ ырқына көне береді екен. Тіпті, ұшқан құстың өзі оның қимылдарын қайталай алмайды. Бұрынғылармен салыстырғанда жанармай да екі-үш есе аз жұмсалады. Ұшу ұзақтығы да екі-үш есе көп. Жақыннан да, алыстан да атады. Аспанда да, жерде де қыбыр еткен нәрсе мұның қарауылынан құтылмайды. Себебі, оның бойында атыс құралдарының бәрі – бомба, ракета, оның автоматты түрде басқарылатындары, зеңбірек, пулемет, тағы басқа құпия қарулар орналасқан.

Бұл – бұған дейінгі «СУ»-лардың бесінші ұрпағы. Ресейден осы ұшақтың қаншасын сатып алғанымызды әзірге айтпаймыз. Олардың әрқайсысының құны да әжептәуір, Таза ақшаға емес, баспа-бас айырбасқа алыппыз. Бірақ, Ресейде бұдан да мықты әскери ұшақтар өмірге келген. Олардың ұшқыштары да қазіргі кезде сол жаңа техникаларды оқып, үйрену үстінде. Бұл күнгі ұшу-жаттығу жұмыстарын басқаруды полк командирі кезекті еңбек демалысында жүргендіктен оның орынбасары, подполковник Кенже Даркулов қолға алған. Ұшар алдында ұшқыштардың барлығы дәрігерлік тексеруден өтті. Одан кейін дайындық класына кірген олар бүгінгі ұшуға кімнің қаншалықты әзірлігі бар екенін мәлімдеді. Байланыс, ауа-райы, техника қауіпсіздігі, тағы басқа қызметтерге жауапты мамандар командирге кезек-кезек жағдайды баяндауда.

Сосын түгелдей сыртқа шығып, сонау жақта қаз-қатар қаңтарулы тұрған «СУ-27»-лерге қарай бет түзеді. Біраздан кейін бұл ұшақтар дүр сілкініп, қанаттарын қомдап, кезекпен орындарынан қозғалды. Ұшқыштардың жартысына жуығы қазақтың жас жігіттері. Полковник Николай Рубанов өзі баулып жүрген шәкірттерімен таныстырды. Олар – Дәурен Хасенов, Марат Едігеев, Тұралы Қойшығұлов, Владимир Княгин, Александр Ульянов, тағы басқалар. Шәкірт деген аты ғана болмаса, бұлардың бәрі бүгінде жоғары шенді сардарлар, тәжірибелі ұшқыш-

тар. Мәселен, «СУ-27»-нің томағасын сыпырар алдында оны қырандай баптап жүрген Тұралының жасы 30-дан жаңа ғана асқанымен, ол әскери авиация подполковнигі, эскадрилия командирі. Әскери академияны тәмамдаған. 1980 жылдан бері талай әскери ұшақтарды «бағындырған».

Енді, міне, біраз күндерден кейін «СУ-27»-мен көк аспанды көктей өтпекші. Кезінде Ауғанстан аспанын да шарлап, «интернационалдық» борышын өтеп қайтқан. Сонда да қанатын өртке шалдырмапты.

– Әскери ұшқыштар күнделікті оқу-жаттығумен шұғылданып, білімі мен тәжірибесін жетілдіріп отырмаса, ұшақты басқара алмайды. Бұл ретте ұшқыштардың мамандығын скрипка аспабында ойнайтын музыкантшымен салыстыруға болады. Біраз уақыт үзіліс жасасаң, скрипкада қолың жүрмей қалады. Ұшақ басқару да сондай. Ал, ұшқыштың өмірі аспандағы қасқағым сәтпен өлшенетінін жақсы білесіздер,- дейді ол бізбен әңгімесінде. Иә, оған ешкімнің шүбәсі жоқ.

Жер шарын 14 рет...

Өзін «Подполковник Илин Владимир Михайлович» деп таныстырған азамат Әскери әуе күштерінде автомобильшілер батальонын басқарады. Қолбасшының орынбасары Қ. Байжігітов оны бізге мақтауын келістіріп-ақ таныстырды. Бірақ комбат өзі туралы ештеңе айта алмайтындардың қатарынан болып шықты. Бірдене сұрасаң, қалай жауап берерін білмей қысылатыны соншалық, екі беті қызарып кетеді.

– Былтырғы Жеңіс күні қарсаңында Алматыда өткен республикалық әскери ән-би конкурсында Владимир Илиннің жігіттері жеңімпаз атанған,- деп полковник Сапар Жағыпаров үялшақ подполковниктің аузына сөз сала бастаған.

– Казармаларында жылу да, жарық та бар. Сарбаздарға қажетті жағдайлардың бәрі де жасалынған. Өздерін өздері камтамасыз етіп алған, маңайындағыларға тәуелсіз жандар осылар,- деп Қ. Байжігітов те сөзге араласты. Подполковник басын изеп, олардың сөзін растағандай ишара танытты.

– Қарапайым халыққа жағдай жасай алмай зар илеп жүрген кейбір жергілікті әкімдер бәлкім әскерилерден үйренуі керек шығар. Сірә, игі істің көбісі темір тәртіпке байланысты болса керек?

– Әкімдермен қарым-қатынасымыз жақсы. Қажет кезінде көмектесіп тұрады. «Кім жоғын іздесе, бәрібір табады» деген рас. Жер шарын 14 рет айналып шығудың арқасында осындай жетістіктерге ие болдық,- деген подполковниктің соңғы сөзінің сырын түсіне алмадым. Кейіннен білдім, автобаттағы мәшинелердің бір жыл ішінде жүріп өткен. жолдарының ұзындығы жер шарын 14 рет орап өтуге жетіп жығылыпты. Владимир Михайлович өзінің іскерлігін «образды тілмен» жеткізгендегі түрі осы.

Ұшатын тәрелке» және ұшқыш

Қайтар жолда қос полковниктер К Байжігітов пен Н. Рубановты ортаға ала қызу әңгімеге кіріскен әріптестерімнің әр сөзіне анда-санда ғана құлақ түріп, артқы орында маужырап келе жатқанмын. Бір кезде әмбебап ұшқыш Николай Григорьевичке:

– Сіз әскери ұшақ біткеннің бәрін бес саусағыңыздай меңгерген адамсыз. Өміріңіздің көбісі-ақ бұлттардың арғы жағында, көк аспанның кең төсінде өтіпті. Өзіңіз атқыш, мерген ұшқышсыз... Ал, енді шындығын айтыңызшы, басқа әлемнен біздің жерге анда-санда келіп-кетіп тұрады-мыс дейтін «ұшқыш тәрелкелерге» кездескен, немесе оның соңынан қуған кезіңіз болды ма? Ондай жағдайда алдымен атқа мінітін әскери ұшқыштар ғой...- деп қойылған сұраққа еріксіз құлақ түрдім.

– Енді, ол мәселе туралы өзі... қалай айтсақ екен?– деп жан жағына сенімсіздеу бір қарап алғаннан кейін полковник:

– Жалпы, мен «ұшатын тәрелкелер» бар дегенге сенбеймін. Оны бұлтартпас дерек ретінде көрсетпеген соң, құр сөзге бәрібір ешкім иланбайды,- деп жалтара сөйлегендей әсер қалдырды. Осы әсермен келіп, аспанда жұлдыздары, көшелерінде шамдары жарқыраған түнгі Алматының құшағына келіп кірген едік.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
1 сәуір, 1998 жыл.**

ӘСКЕРГЕ АҚЫЛ-АЙЛА, ӘДІС КЕРЕК

Осы аптаның екінші жартысында, дәлірек айтсақ, маусымның 4-і мен 6-сы күндері аралығында АҚШ Әскери әуе күштерінің генералы Джозеф У.Ральстон мырза ресми сапармен Алматыда болды.

Штаб бастықтарының біріккен комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқаратын бұл генерал АҚШ Қарулы Күштерінде екінші өкілетті адам деп есептелінеді.

Алғаш келген күні ол Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі, генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевпен кездесіп, келіссөз жүргізді. Келіссөз басталардан бұрын АҚШ генералы мен біздің қорғаныс министріміз журналистермен баспасөз мәслихатын өткізді.

– АҚШ сияқты алып елдің апайтөс әскерімен құрылғанына бес-ақ жыл толған Қазақстан Қарулы Күштерінің қоянқолтық араласа қоятындай қандай себеп болды екен?– деген әріптестеріміздің астарлы сұрағына алдымен М.Алтынбаев мырза жауап қайтарды.

– Егер күшті адам «мен күштімін» деп ешкіммен араласпай тоң-теріс жатып алса, ол кімге керек? Өмірдің мәні – бір-бірімен араласуда, тәжірибе алмасуда ғой. Онсыз даму да болмайды. Міне, Джозеф мырзамен кездесудегі біздің мақсатымыз осындай ізгі мұраттарға негізделген. Әскерге ең алдымен ақыл-айла, әдіс керек. Қазақстан Қарулы Күштері әлі жас болғанымен буыны бекіді, аяғынан тік тұрды деп сеніммен айта аламын. Әрине, кәрі тарланның орны бөлек, бірақ жас перімен де санаспаса болмайтынын өмірдің өзі талай рет дәлелдеген. Сондықтан, үлкен-кіші демей, Қазақстан мен АҚШ Қарулы Күштері бір-бірінен үйрене жүріп, бірін-бірі жетілдіре түседі,– деп министр ойын ашық айтты.

Биылғы күзде НАТО Қарулы Күштері мен ТМД елдері Қарулы Күштері бірге отырып, бұрын тарихта болмаған аса ірі

әскери жаттығу өткізетіні белгілі. Сол әскери жаттығулар алдымен Қазақстан жерінен басталады. Генерал Джозеф пен министр М.Алтынбаев мырзалар осы ірі оқиғаның болашақ жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салатындары сөзсіз.

Осыған қарамастан кейбір журналистердің көкейіндегі күдікті сұрақтар бәрібір сейілмегендей.

– Сіздің Қазақстанға және Орта Азияға қарай бет түзеген бұл сапарыңыз Ауғаныстандағы жағдайға байланысты емес пе? Егер Ауғаныстандағы соғыс өрті кенет арнасынан асып, осы елдерге қарай лап қойса АҚШ қандай бағыт ұстамақшы?

Джозеф мырза бұл жөніндегі ойын жасырмады:

– Оның бетін әрі қылсын! Соғыс ешкімге бақыт әкелмейді. Тіпті ол жөнінде сәуегейлік жасағым да келіп тұрған жоқ. Менің бұл жақа қарай сапарға шығуымның себебін әріптесім, сіздердің қорғаныс министрлеріңіз де жаңа айтып өтті ғой. Оны енді несіне қайталайын. Мана әуежайдан келе жатып, зайыбым Диана Ральстон екеуміз сіздердің әсем қалаларыңызға қатты қызықтық. Уақыт болса бәрін аралағымыз-ақ келеді, дей келе АҚШ генералы небір құйтырқы сұрақтарға байыппен жауап қайтарды.

Өзі Әскери әуе күштерінің сайыпқыраны болғандықтан ба, министріміз М.Алтынбаевтың да Әуе шабуылынан қорғаныс күштерінің білікті маманы екеніне сүйсініп, егер ол кісі қаласа шынайы достыққа шақырғысы келетінін білдірді. Ал, біздің қорғаныс министріміздің жүзінен қазақы ақжарқындық пейіл мен кімге де болса ашық дос көңіл онсызда менмұңдалап тұрған еді.

Бұдан кейін Джозеф мырза Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің хатшысымен, сыртқы істер министрімен, тағы басқа ресми адамдармен кездесті.

5-мамыр күні 28-Панфиловшылар атындағы саябақтағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды. Сол күні генералдың жұбайы Диана ханым Қазақстан ғылыми зерттеу педиатрия институты мен балалар хирургиясы орталығында болды. Бұл

орталыққа АҚШ Қорғаныс департаменті 1994-жылы ізгілікті көмек ретінде бірнеше дәрігерлік құрал-жабдықтар және дәрі-дәрмектер жіберген. Сондықтан, Диана ханым үшін бұл мекеменің орны бөлек.

Қонақтар қаламыздың сәулетті жерлерімен , әскери академиядағы оқу барысымен, ондағы болашақ сардарлардың өмірімен жете танысты. Бұдан кейін біздің елден аттанып кетті.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
16 маусым, 1997 жыл.**

ӘСКЕРДЕГІ АЛТЫНШЫ КҮН

Алматы қаласының маңына орналасқан әскери байланысшылар дайындайтын оқу орталығына таңғы сағат 9 шамасында келдік. Қазақстан Республикасы Байланыс департаментінің, әскери байланыс қызметінің бастығы генерал-майор Мүбәрек Орынбеков мырза журналистерді өзі қарсы алды.

– Таңертеңгі асымызды ішпей, әдейі сіздерді күтіп тұрмыз. Мына сап түзеген сарбаздардың әскер қатарында қызмет еткендеріне бүгін алты күн болады. Қазір бұлар асханаға барады, сол жерден бастап бәрін өз көздеріңізбен көріңіздер,- деп генерал мырза солай қарай беттеді.

Оқу орталығының курсанттары салтанатты түрде адымдап жүріп келеді. Аяқ алыстарына қарағанда әскери тәртіпке әлі бой үйрете алмай жатқандары да байқалып қалады. Сержанттардың әмірлі бұйрықтары нық естіледі. Әскери асхананың бастығы прапорщик Ботагөз Жолдыбекова ханым сарбаздар тамағының күнделікті тізбесімен таныстырды. Мұндағы тамақ тарату әдісі де бұрынғыға қарағанда өзгешелеу. Әділдік сақтауы үшін әр сарбазға даяшылар өз қолдарымен астарын бөліп қоятын көрінеді. Ал, сарбаздар әр қайсысы өз тамағын олардың қолдарынан өздері алып ішеді. Бұдан кейін әскерлердің жатын орындары мен сабақ оқитын бөлмелерін аралаудың сәті түсті. Қайда қарасаң да тазалық пен темірдей тәртіптің белгісі алдыңнан шығады. Сержант Біржан Шегебаев осы оқу орнында жаңадан келген сарбаздарды тәрбиелеуде біраз жетістіктерге қол жеткізіпті.

– Әскерде қызмет еткеніме бір жарым жыл болды. Қарамағымда 30 сарбаз бар. Оларды енді жарты жыл тәрбиелегеннен кейін өзім де үйіме қайтамын. Осында алған мамандығымды елге барған соң да жалғастырсам деген ойдамын. Техниканың тілін білу үлкен өнер ғой. Нағыз азамат әскерде

шыңдалады,- дейді ол. Сапқа тұрып, әскери киім кигендеріне алты-ақ күн толған жастарды да сөзге тарттық. Берік Шәмшиденов, Максим Рыбалкин, Валерий Харламов сияқты жігіттер туған Отаны – Қазақстан үшін қызмет студі өздерінің асыл борыштары екенін мақтанышпен айтады.

– Бір өкініштісі,- дейді, генерал мырза, – кейінгі кезде әскерге тек жұмысшылар мен шаруалардың балалары ғана шақырылатынын байқап жүрміз. Сенбесеңіздер өздерінен сұраңыздаршы, қайсының әке-шешесі үлкен қызметтерде істейді екен. Оны да сұрап көрдік. Шынында да ауқатты адамдардың балалары мұнда кездеспеді. Әлеуметтік теңсіздіктің бір белгісі осылай менмұндалап шыға келді. Әскери комиссариаттағылардың әділдік үшін күресетін кезі келді-ау деп еріксіз ойға қаласың. Бір қуаныштысы, әскерде қызмет еткендеріне алты-ақ күн болған жастардың ойында әзірге ештеңе жоқ.

«Егемен Қазақстан» газеті,
14 қараша, 1997 жыл.

ӘСКЕРИ ҚЫЛМЫС ӨТЕ ҚАУІПТІ

Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы Серік Байбатыров «Қазақстан Республикасындағы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі туралы» алғашқы заң жобасын жасауға қатысқан авторлардың бірі. Одан бері де жиырма жылдан астам уақыт өтті. Заңға бірнеше рет толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Алдағы уақытта да заңдарымыз тәуелсіздігімізбен бірге толысып, жетіле бермек. Дегенмен, Серік Кәтенұлы сияқты бірегей заңгерлердің тәжірибелері бұл тұрғыда ауадай қажет. Сондықтан, әңгімеміздің әлқиссасын еліміздегі сот құрылысы, оның ішінде әскери соттың бүгінгі зәруліктері төңірегінен бастағанды жөн көрдік.

– Бұған дейін Талдықорған, Алматы облыстарында, Алматы қалалық сотында сот төрағасы, Астанада соттар әкімшілігі комитетінің төрағасы қызметін атқардым. Кезінде облыстық Әділет басқармасының төрағасы да болдым. Сол жылдары алғашқы сайланған Жоғарғы кеңестің депутаты ретінде «Қазақстан Республикасы сот құрылысы және судьялардың мәртебесі туралы» заң жобасын дайындау жөніндегі комиссия құрамында да жұмыс істегем. Бұл заңның кейбір баптарымен, тармақтарымен о бастақ келіспеген едім, әлі де келісе алмай жүрмін. Ұмытпасам, 1995 жылы-ау деймін, «Егемен Қазақстан» газетіне берген бір сұхбатымда Сот құрылымы Әділет саласына тәуелді болып отыр деген тұжырымдарға қарсы болғам, әлі де сол пікірдемін. Шындығын айтайын, жалпы, реформа үшін реформа жасауға қарсымын.

– Соттарды қазір Президент тағайындайды. Шешім, үкім шығарарда сот ісіне аралсуға ешкімнің құқы жоқ. Ал ішкі әкімшілік бағыныштылықтан ешкім тысқары тұра алмасы белгілі.

– Қай салада болсын сол ішкі бағыныстылықты жолға қоймай, шынайы заңдылыққа қол жеткізу мүмкін емес. Басшы

адамды жоғарыдан тағайындаудың тиімсіздігін өмірдің өзі дәлелдеуде. Жоғарыдан тағайындалған сот мерзімді уақыты біткенше жоғары жаққа жалтақтаумен күнін өткізеді. Төменгі жақтағыларға шекесінен қарайды. Соттарды Президент бекітеді дегенімізбен судьяларды аудандық, облыстық соттардың төрағалары ұсынады. Бұдан кейін қатардағы судьялар төрағаның айтқанын істемей көрсін. Оның үстіне тағы басқа ұйымдастыру, шаруашылық жұмыстарының бәрін төраға шешеді.

Көп елдерде соттың төрағасы қызмет өтіліне, тәжірибесіне, жасына байланысты тағайындалады. Сондықтан, олар ешкімге тәуелді емес.

Біздегі сот төрағаларын бес жылға сайлау да өзін ақтамады. Алғашқы екі-үш жылда жаңа басшы жан-жағына қарап, баспана мәселесін шешумен, тағы басқа тірліктерімен әуреленеді. Қалған уақытта жеке құлқынын ойлауға кіріседі. Соттарды бес жылға сайлау арқылы сыбайлас жемқорлықтың жолын кесеміз деген ниет қазір кері сипат алып бара жатқандай. Көрші Ресейде мұндай емес. Мәселен, кезінде бізден кеткен Чернов деген судья Краснодар өлкесінде он жеті жылдан бері сот төрағасы болып отыр. Соның арқасында өлкеде жемқорлықтың азайғанын естіп отырмыз. Жақында тағы да алты жылға тағайындалды.

— Тоқсаныншы жылдардың орта тұсынан бастап елімізде реформа жүргізу сәнге айналды. Алдымен Ішкі істер министрлігін екіге бөліп «ГСК» дегенді құрды. Оған прокуратура мен КНБ-дағы тергеу қызметтерін әкеліп қосты. Шекара әскерін біресе Қорғаныс министрлігіне, біресе КНБ-ға апарып теліді. Ішкі әскерді біресе ПМ-ға, біресе Қорғаныс министрлігіне берді. Оған қаншама қаражат жұмсалды. Ақырында бәрі баяғы қалпына қайта келді. Бұл аласапыран бюджет қаржысын қарпудың оңтайлы амалы екендігі сол кездері баспасөз беттерінде аз жазылған жоқ. Сіз қалай ойлайсыз?

— Тек өзім басқарып отырған әскери сот төңірегінен мысалдар келтірейін. Әділет министрлігіне бағыныстылықтан құтылғаннан кейін соттардың қаржы-шаруашылық мәселелері

соттардағы кеңсе меңгерушілеріне, яғни канцелярияға жүктеледі. Дұрыс дейік. Ал әскери сотта кеңсе меңгерушісі деген мүлде жоқ. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының әскери соты Алматы қалалық сотының кеңсе меңгерушісіне бағынады. Қалам-қағаздан бастап барлық қажеттіліктермен бізді қалалық сот қамтамасыз етеді. Заңда әрбір облыстық соттың өз кеңсе меңгерушісі болатындығы көрсетілген. Біздің гарнизондардағы әскери соттарымызды да облыстық соттардың кеңсесіне тіркеп қойған. Нәтижесінде олар да екіжақты бағыныстылыққа түсіп отыр. Заң бұзылды деген – осы.

– Бұрындары Жоғарғы соттың құрамында Әскери сот алқасы деген құрылым бар еді. Оның төрағасы Жоғарғы сот төрағасының орынбасары болып есептелетін. Қазіргі Қазақстан Республикасы әскери сотының төрағасына неге ондай мәртебе берілмеген?

– Дұрыс айтасыз, бұрын солай еді. Әскери сот алқасын қысқартып тынған. Екі адамның келіспеушілігі кесірінен... Аты-жөндерін айтпай-ақ қояйын. Соның салдарынан қазіргі Қазақстан Республикасының әскери сот аяғы бар, басы жоқ құрылымға айналып шыға келді. Атымыз дардай болғанымен ресми мәртебеміз қай деңгейде екендігін өзіміз де білмейміз. Оның үстіне әскери соттарда енді әкімшілік істер қаралмайтын болды. Қазақстан Республикасындағы азаматтық істер мен әкімшілік істерді қарайтын алқа бар. Бірақ олардан әкімшілік істер қарауды алып, жалпы сотқа берді. Бұл да әскери заңға қайшы. Жалпы сотта әскери адамның мәселесін қарау – әскери құпияны жария ету деген сөз. Ал әскери құпия – мемлекеттік құпия. Әскери адамдардың еңбек даулары да жалпы сотта қаралатын болды. Бұл да дұрыс емес. Мына тендерге байланысты, яғни қаржыға қатысты әскери істерді де экономикалық соттарға беріп қойды. Әскери қарулар тендер арқылы сатылып алынатыны белгілі. Бірақ ол қарулар мемлекеттік құпияға жататынын тағы да естен шығардық. Мәселен, Израиль мемлекетінен әскери қару сатып алу ісі бойынша жасаған жоғары шенді офицерлердің қылмыс-

тық ісін жалпы сотта қарауға бола ма? Әрине, жоқ. Себебі оның астарында қаншама мемлекеттік құпиялар бар. Әскери соттың өзі осы әскери құпияны сақтау үшін құралған. Онда әскери құпияны жария етуге неге асығамыз? Бұл – Отанды сатумен бірдей. Алдағы келе жатқан Қазақстан Республикасы судьяларының алтыншы съезінде осы мәселелерді де шешу керек.

– Қазіргі атышулы әскери қылмыстарға сосын тоқталармыз. Алдымен осы судьялар съезінде көтеретін мәселелердің басын ашып алайықшы.

– Ең бірінші, әскери құпияны көздің қарашығындай сақтау қажеттігін, ол үшін әскерге қатысты кез келген іс тек әскери сотта қаралуы керектігін мәселе етіп қойсам деймін.

Екінші, бізде судьялардың мүддесін қорғайтын «Жоғарғы сот кеңесі» деген арнайы құрылым бар. Кезінде мен де осы кеңестің мүшесі болғам. Оның құрамына аудандық соттардан, облыстық соттардан, Жоғарғы соттан екі-екіден судьялар кіретін. Қазір Жоғарғы сот кеңесінің құрамы тек Жоғарғы сот судьяларынан тұрады. Сонда төменгі соттардың мүддесін Жоғарғы сот кеңесінде кім қорғайды? Бұл да заңға қайшы. Үшінші, жоғарыда айтқан соттардың кеңсе меңгерушісіне байланысты. Заңда көрсетілген, әрбір соттың пленарлық отырысында судьялар кеңсе меңгерушісінің есебін тыңдап, оның жұмысына баға береді, алда қандай істер атқарылуы керектігі анықталады. Ал әскери соттарды мұндай құқықтан айыруға кімнің қақысы бар?! Заңға неге қарамайсыз! Айтудай-ақ айтып, қатынас қағаздарды жазудай-ақ жаздық. Нәтиже жоқ.

Бұдан да басқа жағдаяттар жеткілікті. Әзірге осылар оңды шешімін тапса да риза болар едім. Ал атышулы әскери қылмыстарға келсек, біздер 2009-2012 жылдар аралығында 1651 қылмыстық істерді, 7350 азаматтық істерді қараппыз. Қылмыстық істер жыл сайын азая түсуде. Мәселен, 2009 жылы оның саны 508-ге жетсе, 2012 жылы 338-ді көрсетіп отыр. Бұлардың ішінде генерал-майор А.Шойынбаевтың, генерал-майор К.Маермановтың, әскери қызметшілер – Челахтың, Фоминнің,

Қызылағаштағы қайғылы жағдайға кінәлі Қ.Бекеевтің істері қаралып, үкім шықты. Қазір «Қорғас», «Қалжат», «Достық» кедендеріндегі ұйымдасқан қылмыстарға қатысты істер қаралуда.

— Қоғамдағы әлеуметтік жағдайлардың дамуы мен өндірістік қатынастардың қалыптасуына орай қылмыс түрлері де құбылып тұратыны белгілі. Дегенмен, әскерилер қандай жағдайда, қандай елде қызмет етпесін, өз заңымен, яғни қатаң әскери жарғы талабымен өмір сүруге тиісті. Бүгінде қатардағы жауынгерден бастап ең жоғары шенді генералдарға дейін қылмыс жасайтын болды. Бұл құбылыстың сыры неде деп ойлайсыз?

— Бұрындары әскери тәртіптің, яғни әскери жарғының бұзылуына байланысты негізінен қатардағы немесе төменгі шенді әскери қызметшілер жауапқа тартылып жататын. Өкінішке қарай, қазір генералдар полковникке қол жұмсап, әлімжеттік жасайтынды шығарды. Айтуға ұят. Мемлекеттік қызметтің қадірін осындайлар кетіреді ғой. Әскери шенеуніктер сияқты халықтың маңдай терімен табылған қаржыны қымқыруға үйренді. Бәріне мынау «тендер» деген кінәлі екендігін ашық айтуымыз керек. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Бүгінде «шапкасыз» тендер ұтып алу мүмкін емес. Мәселен, Алматыға бір жерден машинаның резинасын әкелу үшін ұйымдар арасында «тендер» жарияланды дейік. Оны сонау Қызылордадағы біреу ұтып алады. Сөйтіп, мына жерде тұрған тауарды қиыр шеттегі біреу бізге тасып әкеліп береді. Неге? Себебі сол тендерді ұтып алған адам «шапкасын» көбірек төледі. Жоғарыда айтқан генерал-майор Маерманов дәл осындай әдіспен Қазақстан Қарулы Күштеріне Израильден қару-жарақтар сатып әкелген. Егер сол қару-жарақтар жарамсыз екендігі белгілі болып қалмағанда Маерманов бастаған сыбайластар қыруар қаржыны қалтаға басып жүре берер ме еді, кім білсін?! Сондықтан, мемлекеттік сатып алу дегенді доғарып, бұрынғыдай мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс жүргізген дұрыс сияқты. Бұл жерде әскери қылмыстарға қатысты ойларды ғана ортаға салуға тырыстым.

Әскери қылмыс – ең қауіпті қылмыс. Оған жол бермес үшін, алдымен, әскери соттың зәруліктерін дереу шешу керек. Жалпы, соттардың барлығында қордалаған мәселелер жетіп артылады. Әкімдердің де, министрлердің де, кез келген лауазымды тұлғаның заңсыз әрекеттері сот шешімі арқылы ғана қалпына келеді. Ертедегі римдіктерден «заңның бұзылғаны – әлемнің төңкерілгені» деген сөз қалған екен. Сол әлемді төңкеруден сақтайтын тетік – сот жүйесі ғана.

Заңның бұзылғанын немесе бұзылмағанын, күдіктінің қылмыскер немесе қылмыскер емес екендігін анықтап, оған жаза кесетін тек қана сот. Сот жүйесінде сәл ақаулық кетті деген сөз, бүкіл құндылықтарымыз құрдымға кетті деген сөз. Ал, адамдық пен адалдыққа көлеңке түскен қоғамда ешқандай қасиет қалмайды. Ендеше, азаттығымыздың алтын діңгектерінің бірі болып табылатын сот құрылымын үздіксіз жетілдіре берейік. Онсыз елдігімізді ешқашан асқақтата алмаймыз.

– Әңгімеңізге рақмет.

**«Айқын» газеті,
11 шілде, 2013 жыл.**

ӘСКЕРИ ТӘРТІП ӘЛПЕШТЕУДІ КӨТЕРМЕЙДІ

29 қараша күні Қазақстан Республикасы Қоғамыс министрлігінде тағы бір кеңейтілген баспасөз мәслихаты өтті. Бұның алдында жаңадан тағайындалған қорғаныс министрі журналистермен арнайы жүздесіп, Қарулы Күштеріміздің қазіргі жағдайы мен болашағы туралы кеңінен әңгімелегені есімізде.

Бұл басқосуға «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Президент Жарлығы себепкер болған. Заң күші бар жаңа Жарлық бойынша 1993 жылы қабылданған Қарулы Күштеріміз туралы Заңға біршама өзгертулер мен толықтырулар жүргізіліпті.

Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары генерал-майор Айтқали Есімқұлов, бас штабтың ұйымдастыру-жұмылдыру басқармасының бастығы Димитрий Пивин, осы министрліктің бюджет және қаржы жөніндегі басқарма бастығы Қайыркелді Құлыбаев мырзалар журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, Президент Жарлығының мәні мен мазмұнын, оның қазіргі Қарулы Күштер үшін қаншалықты маңызды екендігін түсіндіріп берді.

Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты бұрынғы қабылданған заңдарының көбісі соған сәйкестендіріліп, кейбіреуі түбегейлі өзгерістерге ұшырап жатқаны белгілі. Ендеше, Президент тарапынан Қарулы Күштер туралы заңның қайта жаңғыруы – табиғи құбылыс. Өйткені, Қазақстан Республикасының Президенті Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы да. Егер бұрынғы Заңға бүгінде енгізілген 31 өзгерту мен толықтырудың ең негізгісі қайсы дегенге келсек, алдымен азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру (14-бап) және әскери қызмет мерзімі (19-бап) туралы баптарды атар едік.

Әскерге шақыруды ұйымдастыру жұмыстары бұдан былай жергілікті әкімшілікке жүктеледі және соның қаржысынан жүзеге асырылады. Яғни, әскерге шақыру жөніндегі комиссиясының төрағасы – аудандық, қалалық әкімнің орынбасары болып табылады. Ал, әскери комиссар оның орынбасары болып есептеледі. Мұның өзі мемлекет қаржысын үнемдеудің бір жолы көрінеді. Бұрындары Қорғаныс министрлігі бөлген қаржы есебінен жүзеге асырылатын бұл жұмыстарға жергілікті әкімшілік немқұрайлы қарап келгені де рас.

Қатардағы жауынгерлердің әскери мерзімі жаңадан шақырылатындар үшін қайтадан екі жыл болады. Қазіргі заманның озық техникасын меңгеру үшін бұл мерзімнің өзі аздық ететінін несіне жасырамыз. Сондай-ақ, бір жарым жылдан гөрі екі жылда бір рет әскер қатарын толықтырып тұрудан тағы да қаржы үнемдей алады екенбіз. Бұл – әскери доктрина тұрғысынан алып қараған да, халықаралық шарттар мен қалыптар үшін де өзімізге оңай тиеді.

Бұдан былай әскер қатарынан қашып жүрген мезгіл әскери міндет мерзіміне кірмейді. Әскери училищелерінде тәртіп бұзып, оқудан шығып кеткендер де қатардағы жауынгер ретінде екі жылдық әскери борышын өтейтін болады. Ал, жоғары оқу орындарын бітіріп офицерлік шен алған азаматтар үш жылға әскер қатарына шақырылады. Командирлер сапы толық жасақталғанға шейін осылай амалдай тұруға тура келеді.

Қысқасы, әскери тәртіп бұдан бұлай күшейе бермек. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болуы үшін тек осындай қатаң шаралар қажет екенін уақыт өзі талап етіп отыр. Себебі, әскери өмір әлпештеуді көтермейді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1 желтоқсан, 1995 жыл.

ӘСКЕР – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

9 ақпан күні Алматыдағы Әскери академияда Бірінші бүкіл-армиялық кеңес өтті. Бұл жиынға Елбасы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы қатысып, еліміздің әскербасылары алдында сөз сөйледі.

Әскери академияның ауласына құрлықта қолданылатын ауыр қару-жарақтардан бастап, қолға ұстап ататын от қарулардың бірнеше түрлері қойылыпты.

Бір қарағанда кеңес армиясынан қалған ескі қару-жарақтар сияқты. Ал, олардың әрқайсысының жанында тұрған әскери мамандардың түсіндіруіне құлақ түрсең, бұл қарулардың ішкі сипаты мүлдем өзгеріп кеткенін байқайсың. Біздегі әскери техниканың инженерлері бұрынғы қаруларға сапалық өзгеріс енгізу арқылы жаңа қару түрлерін жасауға бейімделіп алыпты. Бұлардың бәрімен мұқият танысқан Жоғарғы Бас қолбасшы әскерилердің сәтті қадамдарын қоштайтындығын білдірді. Осы техникалар енді әскери зауыттарда көптеп шығарыла бастайды.

Бірінші бүкіл-армиялық кеңес жабық есік жағдайында өтті. Оның жөні де бар еді. Себебі, мұнда өткен жылы қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Әскери доктринасы негізінде әскери реформаның жаңа қадамдары жөніндегі нақты шаралар қаралды. Әскери құрылыс, әскерді басқарудағы жаңа тәсілдер, мамандар даярлау ісіндегі тың ойлар, шұғыл қимылдап, бет қаратпас шабуылдар жасауға бейім әскер тобын құру, әскери-аумақтық құрылымдарға өзгерістер енгізу, нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес армияны қайта жабдықтау, тағы басқа мәселелер күн тәртібіне қойылған көрінеді. Ендеше, бұл жөнінде оңаша ақылдасудың еш айыбы жоқ шығар.

Кеңес аяқталғаннан кейін Елбасы мен республика Қорғаныс министрі С.Токпақбаев журналистермен жүздесіп, олардың сұрақтарына жауап қайтарды.

– Тәуелсіздігіміздің он жылдығы қарсаңында әскеріміздің хал-ахуалын жаңа талап тұрғысынан бір саралап өтуді бүгінгі күннің мақсаты етіп қойдық. Себебі, әскер – елдің тәуелсіздігі мен тыныштығының кепілі,- деді Президент. – Ал біздің бейбіт елімізге сырттан қауіп төне қалса, оны қорғауға Қарулы Күштеріміздің шамасы жете ме, жетпей ме? Осал тұстарымыз қайсы? Оның себеп-салдары неде? Басқа елдердің әскерлерімен салыстырғанда біздің әскерлеріміздің тегеурінділігі қандай дәрежеде? Міне, осы және басқа сұрақтарға жауап беруге тырыстық, Қарулы Күштерімізді қайта құру ісін талқыладық.

Біздің әскеріміз бұдан он жыл бұрынғы КСРО әскерінің бір бөлігі екенін несіне жасырамыз. Қару-жарақтарымыз да, әскери мамандарымыз да сол КСРО-ның шекпенінен шыққан жоқ па? Ол кезде біздер үлкен соғысқа дайындалдық. НАТО-ны да, мына жақта Қытайды да жау тұттық. Қазір жағдай өзгерді. Жер бетіндегі үлкен соғыс мәселесі күн тәртібінен түсті. Енді терроризм, діни экстремизм, есірткі бизнесі деген қатерлер шыға бастады. Бұларға қарсы ауыр қару-жарақтармен күресудің өзі қиынға түсетінін басқа елдердегі қақтығыстар дәлелдеп берді. Олай болса біз неге бұрынғы соғыс құралдарын құшақтап отыра беруге тиіспіз. Әскери қаруларды жаңалауымыз керек. Бұрынғы қару-жарақтарды басқа елдерге заңды негізде сатады екенбіз, оның орнына жаңасын сатып алатын да боламыз. Ал, жаңа қаруды жаңа мамандар меңгереді. Ендеше, әскери мамандар даярлау ісін қолға аламыз. Сондай-ақ, саны көп, сапасы аз армияны ұстаудың қажеті бар ма? Әрине, жоқ. Қауіп қай жақтан төнсе, күшті солай қарай шоғырландыруға тиіспіз бе, тиіспіз. Сол себепті, Оңтүстік, Шығыс әскери округтерін құрдық. Батыс әскери округінің штабы жұмысына кірісті. Орталық әскери округі де құрылады. Әскерде келісім-шарт бойынша қызмет ету жөніндегі заң да Парламентте қаралуда. Міне, бүгін осы сияқты өзекті жайттарды талқыладық.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге қол қойған ТМД елдерінің Қарулы Күштерімен, НАТО-мен арадағы әскери

байланыстар алдағы уақытта да жалғасын таба береді. Қысқасы, әскерімізді күшейтуге еліміздегі барлық әкімшілік құрылымдар жұмыла кірісетін болады,- деп сөзін тиянақтады Елбасы.

Бұдан кейін журналистер сұрақтарына жауап қайтарған Қорғаныс министрі Сәт Тоқпақбаев әскерді қаржыландыру, олардың әлеуметтік жағдайларын көтеру жұмыстары туралы не істеліп жатқанынан хабардар етті. Министрдің айтуына қарағанда, алдағы уақытта әскерилерге бөлінетін мемлекет қаржысы барлық сұраныстарды өтейтін болады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
10 ақпан, 2001 жыл.**

ӘСКЕРІМІЗДІҢ МӘРТЕБЕСІ АРТА БЕРСІН!

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы ел әскерінің құрылғанына бес жыл толуы қарсаңында Алматының іргесінде орналасқан жаяу әскерлер полкінде болып, алдымен Қорғаныс министрлігіне, сонан соң аталмыш полкке жауынгерлік ту тапсырды.

Қазақстанды төтенше жағдайда кім қорғайды? Әрине, оның Қарулы Күштері. Сондықтан да, мемлекетіміздің басшысы, әрі Бас қолбасшы осы аталмыш мереке күні жауынгерлерге келді. Бас қолбасшыны қорғаныс министрі Мұхтар Алтынбаев бастаған генералдар күтіп алды.

Арнайы алаңқайда сап түзеген сарбаздар сілтідей тына қалыпты. Үлкен қақпадан кіре берістегі оң жақта мұздай қаруланған құрметті карауыл тобы тұр. Міне, жеңіл сырғып келіп Президенттің көлігі де тоқтады. Қорғаныс министрі М. Алтынбаев Бас қолбасшыға әскери тәртіпшен сәлем беріп, салтанатты сап түзеу рәсімі дайын екендігін мәлімдеді. Одан кейінгі жағдай белгілі...

Сардарлардың қазақша, орысша берген бұйрықтары, егемен еліміздің көк туын қорғаныс министрі мен полк сардары Бас қолбасшының қолынан алып жатқан тарихи сәттері, сарбаздардың сұр асфальтті жарып жібере жаздап шегелей басқан қадамдары... Қарап тұрып сүйсінесің, іштей тебіренесің, көкірегінді мақтаныш сезімі билейді.

Бас қолбасшы жауынгерлерді төл мерекелерімен, яғни Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына бес жыл толуымен құттықтап, өздеріне тапсырылған көк байрақты қашанда қас-терлеп, биік ұстап өтулеріне тілек білдірді.

Бұдан соң Президент сарбаздардың жататын орындарын, асханаларын аралап көрді. Бәрі мұнтаздай. Әрине, Бас қолбасшы келерде солай болуы тиіс те. Бірақ, бұл бөлімше Қарулы Күштеріміздің ішіндегі ең тандаулыларының бірі екендігін Елбасы сөз арасында арнайы ескертіп өтті. Жақсы нәрсені көзі шалып

қалса жанарынан нұр ойнап шыға келетін Президентіміз асханаға келгенде шеткеріректегі бір үстелден, сарбаздардың тамағынан дәм татты, Қасына Сағадат Нұрмағамбетов ақсақал мен қорғаныс министірін шақырды. Сонынан асхананың тамақтар тізбесі жазылған кітапшаға қол қойды.

...Президентті есік алдында күтіп тұрмыз. Сәлден кейін Елбасы Бас қолбасшы киімінде журналистер ортасына келді.

– Мен қазір полигонға барамын, біраз жаттығамын, ондағы қару-жарақтардың әрқайсысынан атып көремін. Сендер осында қала тұрасындар енді,- дейді күліп. «Әскери киім киген қандай екен, өзіңізді ыңғайсыз сезінбейсіз бе?» деген сауалға:

– Өркениетті елдердің көбісінде мемлекет басшысы Қарулы Күштердің Бас қолбасшысы болып саналады. Ол адамға әскери болу міндет емес. Ал тікелей техника мен соғыс қимылдарына басшылық жасайтын адам, яғни оның орынбасары әскери адам болуға тиісті. Біз де осы жолды таңдадық. Менің әскери шенім полковник. Одан басқасы қажет емес. Мына киім үлгісін өзім ұсындым. Жаттығу кезінде осылай жүргенім дұрыс емес пе?- деп бізге сұраулы жүзбен қарады. Бұл сөзді бәріміз қуана қоштадық.

– Түсіне білсеңіздер, – деді Президент, біздің елде бұған дейін тұрақты әскери күшіміз болмаған. Оны тарихтан білесіздер. Жаңа көрдіңіздер, енді ТМД елдерінің қай-қайсысымен де иық теңестіре алатындай айбынды әскер құрып алдық. Оның төл мерекесіне де бес жыл толып отыр. Ата- бабаларымыз аттың жалында, түйенің қомында жүріп, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап қалған ұлан-ғайыр жерімізді қорғайтын осылар емегенде, кімдер? Сондықтан, әскеріміздің мәртебесі арта берсін деп тілейік. Сонда ғана аспанымыз ашық болады,- деп Бас қолбасшы сөзін аяқтады.

Елбасы полигонға, әскери жаттығуға аттанды. Ал, біз Президентпен болған осындай сәтті оқырманға жеткізу үшін редакцияға асықтық...

«Егемен Қазақстан» газеті,
7 мамыр, 1997 жыл,

ӘУЕ КЕҢІСТІГІ КҮЗЕТІНДЕ

Таяуда Алматы маңайындағы Жетіген авиабазасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, армия-генералы Мұхтар Алтынбаев АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ларри Нэппердің қатысуымен «Хьюи» деп аталатын Американың тікұшағын қабылдап алу тұсаукесерін өткізді. Бұл, Америка мен Қазақстан арасындағы әскери ынтымақтастық негізінде қол жеткізген табыстардың бірі ғана. Алдағы уақытта «Шетелдік әскери қаржыландыру» бағдарламасы бойынша тағы бірнеше тікұшақ Қазақстан жеріне әкелінеді.

Өзірге мына тікұшақтарды біздің әскери ұшқыштар сынқтан өткізіп, олардың жаңа ортаға бейімделу қабілетін байқап көреді.

Негізгі мамандығы әскери ұшқыш болып табылатын М.Алтынбаев жаңа тікұшақтың штурвалына өз отырып, көк аспанның төрінде жиналғандарға біраз өнер көрсетті. Министрдің айтуына қарағанда, болашақта АҚШ бізге СИ-130 деп аталатын әскери-тасымалдау ұшақтарын бермекші. Сондай-ақ, Каспий теңізінде жүзетін әскери кемелер де осы елден алынбақшы.

Бұл күні Жетіген авиабазасына Луговой әуежайында орналасқан 600-ші авиабаза түпкілікті қоныс аударып, өздерінің жаңа міндеттеріне кірісті. Олардың міндеті – Алматы қаласының аспанын күзету. Қазір мұнда 40 әскери жойғыш ұшақтар шоғырланған.

– Жаңа әскери доктрина бойынша армиямызды жаңа қару-жарақтармен қамтамасыз ету ісі аяқталып келеді. Алайда оншақты жылдан кейін бұлардың өзі ескіріп қалады. Сосын қайта жаңарту жұмыстары басталады. Әскерді жаңа техникамен жабдықтауда біз тек басқа бір елге ғана тәуелді болып қалмауымыз керек. Өзімізде қолға алынып жатқан шаруалар аз емес. Ресеймен де бұл жөнінде келісім-шарттарымыз жеткілікті.

Алдағы уақытта Қазақстандағы кейбір әскери бөлімдер түгелдей қысқартылып, оларға жұмсалатын қаржыға жаңа қару-жарақтар сатылып алынады. КСРО кезіндегі кең ауқымды әскери докторина негізінде құрылған бұл әскери бөлімдер бүгінде өздерін ақтай алмайтынын өмір дәлелдеп берді. Сондықтан, шағын да ұтқыр армия құру ісіне толық бет бұрдық, – деді М.Алтынбаев.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
22 мамыр, 2003 жыл.**

ЕКІ ЖЫЛ БОСҚА ӨТПЕЙДІ

Әскери әуе шабуылынан қорғаныс күштері қолбасшының орынбасары полковник Сайлаухан Қабденов өзінен төменгі шендегі сардарлар мен сарбаздардың қамқоршысы деу аздық етеді. Әскер қатарында болғандар жақсы білуге тиісті, онда «зампотыл» деген қызмет болады. Қазақша айтқанда, полк бастығының тыл, шаруашылық жөніндегі орынбасары. Яғни, ол әскерді тамақпен, киіммен, төсек-орын, тағы басқа қажеттіліктермен қамтамасыз ететін адам. Қысқасы, әскердің әкесі де, шешесі де сол деген сөз.

Сайлауханмен әңгімеміз осы төңірегінде өрбитін шығар деп ойлағам. Күткендегідей болмады. Ол қазіргі сарбаздарды әскери өмірге тәрбиелеудің жолдарын, адамның ішкі жан дүниесін түсіну тәсілдерін айта бастағанда, бұл кісінің қызметі туралы алғашқыда жаңылыс естідім бе деген күдікпен қайта сұрадым. Иә, шаруашылық жөніндегі орынбасар.

– Сіз «замполит» болуға лайық адам екенсіз,- дедім сөзді ештеп әзілге бұрып.

– Қазіргі кезде бір міндетпен шектеліп жүре беруге болмайды. Өзім бала кезден қазақ ауылында өскендіктен бе, ауылдан келген қара домалақтарды көрсем, балалық шағым есіме түседі. Олармен қазақша сөйлесу аз, олардың өз тілінде сөйлесе білуі керек. «Смирно!», «Шагом марш!» деген сөздер құлақтарына түрпідей тиіп, көңілдеріне қаяу түсіретінін мен көздерінен оқитын сияқтымын. Сондайда жандарына келіп, негізгі мәселелерді өзімсіне, ағалық ақылмен түсіндірсең, одан кейін сенің сөзіңді ешқашан екі етпейді. «Бегом, марш!» дегеннен гөрі «Әй, ұл, жүгір анда!» десе қандай әсер етер еді. Арасы жер мен көктей емес пе,- деп, қазақша менен артық көсіле сөйлеген полковникті бәрібір өзінің негізгі міндеті – шаруашылық жөнінде айтуға жетеледім.

Бұл мәселеде Сайлауханды ауылшаруашылығының маманы ма деп қалғандайсың. Әскерге азық-түлік дайындау ісінде жергілікті әкімшіліктермен қалай тіл табысып, жұмыс істейтіні өз алдына бөлек әңгіме. Ауылдағы кейбір агрономдар мен экономистер біле бермейтін жәйттарды Сәкеңнің аузынан естігенде еріксіз таңғалдым.

– Біздер,– дейді ол кісі, – жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып, алдағы уақытта әскердің өзінде ауылшаруашылығына қажетті мамандар даярлау ойымызда бар. Бұл ойды міндетті түрде жүзеге асырамыз. Оның түк те қиындығы жоқ. Бұрындар әскер қатарынан қайтқан жастарды комсомолдық жолдамамен әртүрлі жұмыстарға жіберіп жататын. Қазір ол заман өткен. Әскерде қызмет еткендер екі жылым босқа өтті-ау деп өкінбей, еліне білікті бір маман болып оралса, қандай бір ғанибет! Сондықтан, әр бөлімшеде экономика колледжінің, бухгалтерлік колледждің, тағы басқа өмірге өте қажетті мамандар дайындайтын оқу орындарының филиалдарын ашамыз.

Әскерге келген ұлдар екі жылдың ішінде соғыс өнерімен қоса, өміріне қажетті мамандықты да игеріп шықса дейміз. Сонда ғана әскеріміз нағыз өмір мектебі болады. Әскер қатарында қызмет ету әрбір жастың арманына айналады.

Міне, құрылғанына бүгінде бес жыл толып отырған Қазақстан әскерінің білікті сардарының көкейіндегі ойлар осындай. Тек сарбаздарымыз осы талап-тілектен шыға білсін деңіз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
5 маусым, 1997 жыл.

ҚАЗІРГІ АРМИЯМЫЗ ҚАНДАЙ КҮЙДЕ?

КСРО тарап, тәуелсіздік алған алғашқы жылдарымызда «енді армия мәселесі қалай болады?» деген сауал бәрімізді қатты алаңдатқан. Баспасөз беттерінде Қазақстанның Ұлттық армиясын құру керектігі жайында мақалалар да жиі-жиі жарық көретін. Білікті әскерилердің кейбіреулері «бұл тіпті оп-оңай» десе, енді біреулері «ол мүмкін емес» деген күмәнді ойларын да жасырмайтын. Дәл сол кезеңде әскерден қашушылардың саны да көбейе түскен. Оның себеп-салдарына көз жеткізу үшін арнайы іс-сапармен әскери гарнизондарға талай рет барып қайтқанбыз. Шешімін күткен істер көп-ақ еді. Кейіннен байқасақ, Ұлттық армия құру үшін шынында да біраз уақыт керек екен.

Жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі Әлібек Хамитұлы Қасымов мырза өткен аптаның соңында журналистермен алғашқы жүздесуі кезінде бұл жөнінде кеңінен әңгімеледі.

Ол кісінің айтуына қарағанда, 1991-92 жылдар Қазақстан армиясы үшін өте бір ауыр кезең болған. Ол кезде біздің өз әскеріміз жоқтың қасы еді. «Айбынды» Кеңес армиясының Қазақстандағы өкілдерін сырттай иемденгенімізбен, оны бірден өзімізге бағындыру – арыстанды ерттеп мінумен бірдей екенін екінің бірі ол кезде түсіне қойған жоқ.

Министрдің айтуына қарағанда, басқару тізгінін қолға іліктірудің өзі сол жылдары қиынға соққан. Бұрынғы қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов ақсақалдың бұл кезеңдегі еңбегі ұшан теңіз екенін Әлібек Хамитұлы мақтанышпен атап өтті.

1993-94 жылдардың аралығында Қазақстан армиясының құқықтық негізін қалауға мүмкіндік туған. Ал, бүгінгі күні ол шаруа толық жүзеге асты деп айтуға болатындай. Ең бастысы, іргеміздегі көршілерміз – Ресей мен Қытай мемлекеттері Тәуелсіз Қазақстан армиясын ресми түрде мойындап, онымен тең

дәрежеде бірнеше келісімдерге қол қойды. Мұхиттың арғы жағындағы АҚШ-тың өзі армиямызбен тығыз байланыс орнатып, қажет жерінде материалдық-техникалық құралдар жағынан қол ұшын беруде. Ескі қарулар жаңару үстінде. Әскери тәртіп қатаң түрде қолға алына бастады. Әскерден қашу, тағы басқа да келеңсіз жағдайлар жөнінде кейінгі кезде сирек естиміз.

– Менің басты мұратым – алдымен әскерилердің тұрмыс жағдайын жақсарту. Онсыз айбынды армия құру мүмкін емес, – дейді министр. Ол осы пікірін журналистердің алдында жан-жақты дәлелдеуге тырысты.

– Бұған дейін ең қиыны – кадр мәселесі еді. Оны да толық шешетін күн алыс емес. Ресей әскери училищесімен таяуда ғана келісім жасалып, онда біздің әскери мамандар дайындалатын болды. Өзіміздегі әскери оқу орындарында қысқа мерзім ішінде мамандық алып шыққан кіші командирлер жыл сайын Қазақстан армиясының қатарына келіп қосылуда. Алайда, мұнымен тоқмейілсуге әлі ерте. Бұрын әскер қатарында болған, бүгінде жоғары білім алып, өндірісте жүрген азаматтар бізге ауадай қажет. Егер, ел қорғаны қызметіне өз үлесін қосқысы келетін, жүрегінің оты бар отаншыл ұлдар болса, мен оларды келісім-шарт (контракт) бойынша сап командирі етіп қабылдауға әзірмін, – деген министрдің сөзі жүрекке жылы тиді.

Бойында қайрат пен ақылдылық белгісі байқалып тұрған 41 жастағы генерал-лейтенанттың айтары әлі де көп сияқты әсер етті.

Бір кезде қалт-құлт күй кешкен қарулы күштеріміз енді ғана аяғынан нық тұрғандай. Ендеше, оны «аяқтан шалуға» ешқашан жол бермегеніміз жөн-ау.

«Егемен Қазақстан» газеті,
31 қазан, 1995 жыл.

ҚАЗІРГІ ӘСКЕР БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ

Таяуда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің баспасөз хатшысы, подполковник А. Дауренбековпен бірге Алматы қаласының маңында орналасқан әскери бөлімшелерде болып қайтқан едік. Сол сапардан жазылған бір-бір үзік әңгімелер бүгін назарларыңызда.

Бұл күні біздің алғаш жүздескен кісіміз Қазақстан Республикасы Байланыс департаментінің және Әскери байланыс қызметінің бастығы генерал-майор Мүбәрек Орынбеков болды.

Оңтүстік өңірде туып-өскен бұл кісінің бойынан қазақтылықтың, қарапайымдылық пен парасаттылықтың белгісін байқау қиын емес. Кейбіреулер әскери өмірінің көбісі шет елдерде, яғни, Ресейде өткендігін сылтау етіп, мемлекеттік тілде сөйлей алмайтындығын алдын ала аңдата бастайтын. Бұл кісінің қысқаша өмірбаянына назар салсақ, саналы ғұмырының көбісі Ресей Қарулы Күштеріне қызмет етумен өткен. Нақтырақ айтсақ, Ресей әскери академиясында кафедра меңгерушісі болған, әскери байланыс сабағынан дәріс оқыған. 1992 жылы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің шақыруымен осында келіп, өз еліндегі әскери байланыс қызметін жолға қоюға кіріскен.

– Қазіргі Қазақстан әскери академиясы ол кезде Жалпы әскери училище деп аталатын. Міне, осы жерден еліміздегі ең алғашқы әскери байланыс кафедрасын ашып, кейіннен оны факультет етіп қайта құрдық,- дейді генерал мырза. – Қазір мұнда 200-ден астам болашақ әскери байлансшылар оқып жатыр. Келесі жылы 90-ға жуық түлектер білікті сардарларымыздың санын көбейте түспек. Ал, мына өздеріңіз келіп тұрған оқу орнында кіші командирлер, яғни, сержанттар дайындалады. Қарулы Күштердегі байланыс торабын іске қосатын осылар болады. Өзірге бес ай ішінде 300-дей адам дайындауға ғана мүмкіндігіміз бар. Келешекте бұл оқу орны екі есеге ұлғаймақ. Әскерде

прапорщиктердің жетіспеуіне орай осы жылдың мамыр айынан бастап бұл жерде 40-қа жуық адам қосымша оқытылады. Олар 11 ай оқып, жоғары білімді әскери байланысшы мамандығын алады,- дей келіп, генерал мырза осы оқу орталығының бастығы подполковник Артур Әмірбекұлымен таныстырды.

«ДЖ» – айтылмаған бір әзіл

Артур – отыздың маңайындағы жас жігіт. Подполковник шенін таяуда ғана алыпты. Кезектен тыс берген. Кез келген сардардың маңдайына жазыла бермейтін сәттілік. Мұндайда «Не үшін?» деген сауал көкейге келеді. Оны сұраған дұрыс. Күдіктенгендіктен емес, азаматтың көңілін бір көтеріп тастау үшін, әрине. Ол жас та болса бас бола жүріп, осы оқу орталығын аяғынан тік тұрғызуға себепкер болған бірден-бір адам. «Қалайша?» дейсіздер ғой. Оның бәрін айтып шыққанмен, бәрібір сіздерге қызықсыз. Сондықтан, жас подполковниктің өз болмысына назар аударайық. Ол қазақша сөйлей алмайды. Бірақ мектепті қазақша бітірген сыңайлы. Әскери қызмет деген солай әне! Ол үшін жеке адамды кінәлаған дұрыс емес. Техника тілі тұрмақ қазақша ауызекі тілдің өзі мұнда көп қолданылмайды. Ойдағының бәрі бірден орындала қалса, қазақ тілін аспанға бірақ шығарғысы келетіндерді түсінеміз. Мына қарбалас кезең ештеңеге мойын бұрғызбай жатқанын көрмейсіз бе?

Жә, оған бола шаршамайық, уақыт бәрін өз орнына қоя жатар. Артурдың фамилиясын қойын дәптеріме «Жолдасбеков» деп жазып жатыр едім, ол менің «кателігімді» түзеп, «Джолдасбеков» деп жазғызды. Менің есіме «Иван мен Диванға» қатысты анекдоттың сап ете қалмасы бар ма.

Бірақ, ақылды да аңқау подполковникті ренжітіп аламын ба деп тілімді тістей қойдым. Ал, Артур менің тарапымнан әскери тақырыпқа байланысты тағы қандай сұрақ қойылады деп бетіме қарап, аңқиып тұр екен. Сөйтіп, «ДЖ»-ға байланысты бір әзіл айтылмай қалды.

Ауыл жігіттері әлсіз бе?

Артурдың, яғни полк командирінің тәрбие және құқық пен әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары майор Бақыт Қасымбеков деген жігітпен бір қағаберісте сөйлесіп қалған едік. 1989 жылдан бері әскер әміршісі, сардар. Онымен болған әңгіменің өзгешелеу тұсы мынау болды:

– Менің негізгі міндетім – жауынгерлерді отансүйгіштікке тәрбиелеу, тәртіпке, жинақылыққа үйрету болып табылады. Оқу-жаттығу жұмыстарын сарбаздардың 90 процентке жуығы толық орындайды.

– Қалған 10 проценті неге орындамайды?

– Мұнда келетін жігіттердің көбісі ауылдағы жұмысшы, шаруалардың балалары. Оларға техниканы меңгеру қалада оқыған балаларға қарағанда қиындау соғатыны жасырын емес. Шындығын айтайын, Қазақстан жастары кейінгі кезде тым әлсіз сияқты көрінеді маған. Мен өзім спортшымын. Ал, ауылдан келген жігіттердің көбісі тіпті турникке асыла алмағанын көргенінде бетіңнен отың шығады. Мұның өзі ауыл мектептерінде дене шынықтыруға, алғашқы әскери дайындыққа жете көңіл бөлінбейтінін аңғартса керек. Әрине, оларды қатарға қосамыз,. Әскери тәртіп босбелбеулікті көтермейді. Бірақ, соның бәріне командирдің қыруар күш-жігері жұмсалатынын білесіз бе? «Жігітті намыс өлтіреді» деген ғой. Ауылдағы азаматтар ренжімесін, мен бұл сөзді олардың намысын қайрау үшін айтып отырмын. «Болашақ сарбаздар, спортпен айналысыңдар!» дегім келеді.

«Сарбаздың анасы»

Гарнизондар мен бөлімшелерде «Сарбаздың анасы» деген арнайы қызмет ашылыпты деп естігеніміз болмаса, оның өзін көзбен көрмеген едік.

Ысқақова Назира Оразғалиқызының бұл қызметті атқарғанына жарты жылға жуықтап қалыпты.

– Менің негізгі мамандығым – мұғалім. Бірақ, бұл қызметті заңгер адам атқарғаны дұрыс сияқты,- дейлі ол кісі.– Өйткені,

жауынгерлердің мұң-мұқтажына жоғарыдағы басшылардың назарын аударып, мәселенің дұрыс шешілуіне ықпал ету үшін заңды білген дұрыс. Соған қарамастан осы уақытқа дейін екі баланың жағдайын шешуге көмектестім. Олардың екеуі де үйленген жігіттер екен, өздері тұратын жерге ауыстырылды. Қазір маған хат жазып тұрады. Алғыстары шексіз. Екі сөздерінің бірі «мамадан» басталады. Мұндағылардың бәрін балаларымдай жақсы көріп кеттім. Өз ұлым 24 жаста. Ал, бұлар одан да кішкентай ғой. 18-ге жаңа ғана толғандар...

Орысша «Солдатская мама» деп аталатын бұл қызметті кейбіреулер кезінде қажетсінгісі келмегенін де білемін. Оның үстіне әйел адамның әскерге қажеті жоқ деушілер де табылған. Себебі, сарбаздар бәрібір «мамасына» мұңын шақпайды, олай етсе, «мамин сыночек» атанып, жолдастарының алдында күлкіге қалады деген пікірлер айтылған.

«Сарбаздың анасы» бөлімшеде, гарнизонда қызмет еткенімен жергілікті командирлерге емес, тікелей министрлікке бағынады. Дегенмен, бұл жұмыстың жүйесі алдағы уақытта жетілдіріле түспек.

Күтпеген дабыл

Алматының маңында Қазақстан Республикасы Әуе шабуылынан қорғаныс күштерінің зенит-ракета бригадасы орналасқан. Бригада командирі – подполковник Оқас Сапаров. Жауырыны қақпақтай, ұзын бойлы, әдемі мұртты, қарасұр жігіт тек сардар болу үшін ғана жаралғандай. Көп сөйлемейді, қызмет жайында сұрай қалсаң: «Алға қойған жауынгерлік тапсырманы мүлтіксіз орындау жолында еңбек етіп жатырмыз» дегеннен әріге бармайды. Бізді мұндай қысқа жауап қанағаттандырмайтынын сезген соң ол орнынан атып тұрды да «Кеттік!» деді.

Комбригтің «УАЗ» мәшинесі алдымызда жүйтіп келеді. Біз соңында. Ойпандар мен қыраттардың арасына кірдік. Алдымыздан әскери бөлімше көрінді. Мықты күзет қойылған қақпалардан өттік. Штабқа жете бере тоқтадық. Полк командирі жүгіріп келіп

комбригке әлденелерді қысқаша баяндап өтті Комбриг «Көтер!» деп бұйырды. Сол-ақ екен маңайымыздың бөрі азынаған, гуілдеген дыбысқа толды да кетті. Жаңа ғана моп-момақан жатқан бөлімшенің іші абыр-сабыр, азан-қазан. Казармалардан атқып-атқып шыққан сарбаздар жан-жаққа шашырай, құйын-перен жүгіріп барады. «Отырыңдар, кеттік» деді Оқас өз мәшинесінің есігін асығыс ашып жатып. Біз өз көлігімізге қарай ұмтылды. Бір төбені айналып өтіп, екінші төбенің астына келгенімізде оның бүйіріндегі үлкен темір қақпаның есіктері жан-жаққа қарай жылжи ашылып бара жатты. Сол-ақ екен арғы жағындағы үңірейген қараңғылықтан мойнын созып, ертегілердегі динозаврдай әңкиген бір құбыжық техника шығып келе жатты. Рельстің бойымен жылжыған ол мойнын жоғары-төмен өңмендей созып қойып, бір орнында олай-былай шыркөбелек айналады.

– Ал, енді көргендеріңді жаза беріңдер,- дейді Оқас жымып. – Тек мына техниканы суретке түсіруге, оның қандай техника екенін газет бетінде жазуға болмайды. Біздің орналасқан жерімізді де атауға рұқсат жоқ!

«Келістік» деуден басқа амалымыз қайсы. Сөйтсек, бұл дабыл біздің келуімізге байланысты қолбасшының рұқсатымен арнайы көтерілген дабыл екен.

Керзі етіктің салмағы

Бұл бригадада жаңадан келген сарбаздар жетерлік. Олармен спорт сабағы жүріп жатқан жерде жүздестік. Кеуделеріне дейін жалаңаштанып тастаған жігіттер турникке бірінен кейін бірі асылып, әрқайсысы өз өнерлерін көрсетуде.

Айбеков Мұрат, Аманжолов Бауыржан, Федоров Максим деген балалар белтемірдің үстінде ұршықша үйіріледі. Әскерге мықты дайындықпен келгендері байқалып тұр.

– Сарбаздың етігі тым салмақты болады екен. Аяғыңды аспанға көтеріп, белтемірден айналып түсу үшін бұрынғыдан әлдеқайда көп күш жұмсауға тура келеді,– дейді олар күліп.

Иә, нағыз сарбаз болу оңай емес екенін әскерге келгенде ғана түсінесің.

«Дедовщина» туралы

Осы сұрақты капитан Сергей Белининге қойғанымызда ол:

– Қазір әр маусымда шақырылғандар әр жерде жеке-жеке қызмет етеді. Менің дивизионыма келгендер тек бір маусымның жігіттері. «Дедовщинадан» құтылу үшін әдейі солай жасалынған. Бірақ, сардарлардың арасында тәжірибе алмасу дәстүрі үзіліп қалды. Жас сарбазды соғыс ісіне үйрету оңай шаруа емес. Мәселен, сіздерде, яғни жәй өмірдің өзінде де жаңадан келген қызметкерлерді алдыңғы буын өкілдері өзіне тартып баулымаса, үйретпесе істің алға жылжуы қиын ғой. Әскерде де бұрын сондай еді.

«Дедовщина» егер, ол ақыл мен парасатқа құрылса, берері көп. Ал, тәртіпсіздіктің жөні бөлек. Бір маусымда шақырылғандардың арасында кикілжің болмайды деп ойлайсыз ба? Еркектер жүрген жерде күш сынасу, ептеп қағысып қалу кездеспей тұрмайды. Әлсіздер мен болбырларды ешкім сыйламайтыны тағы белгілі. Жалпы, «дедовщинаның» пәлсапасы тереңде жатыр. Оны бір сәтте, бір сөзбен түсіндіру мүмкін емес,– деген еді ол.

Бұл мәселе жөнінде біз кезінде жоғары шенді сардарлармен де пікірлескен едік. Әркім әртүрлі айтады. Біздің ойымызша, қатаң тәртіп бар жерде бұзақылыққа жол жоқ. Ал, «дедовщина» бұзақылықтың әскердегі жабайы түрі ғана, басқа ештеңе емес.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
6 желтоқсан, 1997 жыл.**

ТӘУЕЛСІЗДІК ҰЛАНДАРЫ

Ел рәміздерін Астанаға алып келу міндеті Қазақстан Республикасы «Ұланының» қолбасшысы Сәт Бесімбайұлы Тоқпақбаевқа жүктелген еді.

1992 жылдың 16 наурызында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен республика «Ұланы» құрылғанын білесіздер. Осынау арнайы әскери құрылым тікелей Елбасының өзіне бағынатындықтан бейресми жағдайда Президент «Ұланы» деп аталады,- деп бастаған еді алғашқы сөзін генерал-лейтенант С.Тоқпақбаев мырза. Бұдан кейін ол кісі әңгіме арнасын Астанаға көшу мәселесіне қарай бұрды.

1996 жылдың қазан айында ең алғашқылардың бірі болып Алматыдан бері қарай қоныс аударған әскерилер осы «Ұлан» екенін тағы бір рет еске сала кеткенміз дұрыс. Себебі алғашқы соқпақ қашан да ауыр. Сол ауырлыққа қарамастан жаңа жерде өз қам-қарекеттерін өздері жасап үлгерген «Ұлан» бүгінде елдің бәріне үлгі болып отырғанын байқау қиын емес.

– Арқаның қақаған қысы қыр астына келіп қалған шақ. Ең алдымен жауынгерлердің жатар орнын жылытып алуға кірістік. Бізге бұрынғы училищенің бір ескілеу ғимараты бөлінген екен, соны баспана тұтуға тура келді. Олардан қалған жатақхананы дереу қайта жөндеп, қызметкерлерге тұрғын үй ретінде бөле бастадық. Сол жылғы қазан айының 10-ы күні Елбасы Ақмоладағы жастармен жүздесуге келгені естеріңізде болар. Бұл сапарда ол кісі мұндағы біздің мекемелерге де арнайы бас сұғып, алғашқы жетістіктерімізге риза болып қайтқан. Әдетте, үлкен адамның бір ауыз жылы сөзі бойыңа таусылмас күш-қуат, қуаныш болып құйылып жатады ғой. Жігіттеріміз дүр сілкініп, қайта түлеп шыға келгендей күй кешті. Мемлекетке алақан жая бермей, өзіміз де жанталаса іске кірісіп кеттік. Көп шаруаны өз қолымызбен жасадық. Бүгін де соның жемісін көре

бастағандаймыз,- деп ақпарат беріп өткен қолбасшыға нақты сұрақтар берудің реті келді. Бұдан кейін Сәкең қысқа мерзімде қол жеткізген табыстарына, жұмыс тәсілдеріне тоқталды. Ал бұл істің басқаларға да сабақ боларлықтай жақтары жеткілікті екен.

Мәселен, бүгінде «Ұланның» жауынгерлері басқа әскерилер сияқты тұрмыстың қам-қарекеттері үшін бас қатырып жатпайды. Қолбасшының айтуына қарағанда, істің көбі шарттық (контракт) негізінде шешіліп жатыр. Тамақ, киім-кешек, құрылыс, техниканы жөндеу, тағы басқа толып жатқан шаруаларды атқаруға бұлар тендер жариялапты. Тендерден жеңіп шыққан фирмаларға бұлар мемлекет тарапынан өздеріне бөлінген біраз қаржыны төлеумен қоса фирмалардағы күзет жұмыстарын қолдарына алған. Сөйтіп, екі мекеме бір-біріне қажетті жерде қол ұшын беру арқылы-ақ есеп айырыса береді.

Бұл – біздерге тек қана әскери іспен шұғылдануға толық мүмкіндік туғызады. Тіршілік тауқыметімен бас қатырып әуреленбейміз. Қорғаныс, ішкі істер, шекара әскерлерінің өкілдері келіп, біздің тәжірибемізді зерттеп қайтты. Олар да осы әдісті болашақта өздерінде пайдаланбақшы. Жауынгерлерді нағыз жауынгер етіп тәрбиелеу үшін, оны тек Отан қорғау ісіне баулыған дұрыс. Меніңше, Алматыдан Ақмолаға мемлекеттік рәміздерді әкелудің арнайы бізге, яғни «Ұланға» тапсырылу себебі де осында жатыр ма деп ойлаймын. Ал, «Ұлан» Елбасының бұйрығын мүлтіксіз орындай білді. Қасиетті көк байрағымызды Қазақстанның дәл ортасындағы жаңа астананың төріне тіккен кездегі тарихи сәтті ешқашан ұмытпаймыз.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
10 маусым, 1998 жыл.**

ҚАЗАҚСТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

Олар ақ халаттарын кигенде кәдімгі дәрігерлерден айырмашылығы жоқ. Оны шешіп тастаса, сап-сарала әскери адам болып шыға келеді.

Әскери дәрігерлерді мен алғаш рет әскери жаттығуларда көргем. Оқ пен өрттің арасынан «жаралы жауынгерлерді» сүйреп шығарып, көшпелі госпитальда шұғыл дәрігерлік көмектерін көрсетіп жататын. Әскери жаттығулардың жөні бір басқа, ал нағыз өмірде олар қандай дегенге мән бермеппін.

Кейінгі кезде әртүрлі себептермен Алматыдағы Орталық клиникалық госпитальға жиі бас сұғуға тура келді. Бұл жерде мен медицина полковнигі Александр Владимирович Горчаевпен, медицина аға лейтенанты, Абат Әбуұлы Жұмағұловпен, аға медбике Наталья Петровна Сюбаевамен, тағы басқа жаны жайсаң адамдармен жақын танысуыма тура келді.

– Біздің негізгі мақсатымыз – мұнда келіп түскен аурулардың кім екендігіне, қандай қызмет атқаратындығына қарамастан қалайда ауруынан құлан таза сауықтырып, қайтадан сапқа қою болып табылады. Әскери адамдардың жарақаттануы да, аяқ астынан сырқаттануы да оңай. Сондықтан, кез-келген уақытта қандай да бір қиын операцияларға дайын тұруға тиіспіз. Әскери тәртіп осыны талап етеді,- деген еді Александр Владимирович.

Ал госпиталь бастығы, медицина полковнигі Әлиасқар Алпысұлы Сәменов мырза әскери адамға тән мінезбен әңгімені қашанда қысқа қайырады.

– Бізде проблема жоқ емес, бар. Бірақ ол жайында көпшілікке жария етпейміз. Мүмкіндігінше бәрін өзіміз шешеміз. Қатардағы жауынгерлерден бастап, жоғары шенді қолбасшыларға дейін біздің қызметкерлерге ризашылығын білдіріп жатса, одан артық жетістік бар ма?- дейді ол кісі.

Госпитальдағы медицина қызметінің бастығы, медицина полковнигі Серік Қабденұлы Нұрсұлтан мырзаның айтуына

қарағанда, мұнда клиникалық бөлімшелер де жұмыс істейді. Әзірге госпитальда алты медицина кандидаты бар. Х.Сағындықов, В.Салов, А.Соколов, В.Бондаренко сияқты әскери дәрігерлер мен М.Калайчиди, И.Болдовская, Э.Кошелова тәрізді медбикелердің есімін ол кісі мақтанышпен атады.

Иә, кім де болса алдымен өз денсаулығына алаңдамай қызмет еткенде ғана атқарған ісі жемісті болатыны белгілі. Ал күндіз-түні желдің өтінде жүрген жауынгерлер сырқаттана қалса, алдымен өздерінің әскери дәрігерлеріне арқа сүйетіндері сөзсіз. Ал олар Отан қорғау ісіне өз үлестерін қосуда ештеңеден аянбайды.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
6 мамыр, 2000 жыл.**

ҚАЛАМДЫ ҚАРУҒА АЙЫРБАСТАҒАН КҮН

Қазақстан Республикасының баспасөз күн қарсаңында Қазақстан Республикасының қорғаныс министрі Даниал Ахметов әскер тақырыбына қалам тартып жүрген баспасөз өкілдерімен кездесті. Алматының маңайындағы әскери полигонның бірінде қаламдастар мен қаруластар бас қосқан бұл мереке қызықты да мағыналылығымен, маңыздылығымен есте қалды.

Жаттығу алаңына келген журналистердің барлығына алдымен әскери киім кигізілді. Бұдан кейін қорғаныс министрі Д.Ахметов оларды төл мерекелерімен құттықтап, шағын сыйлықтармен марапаттады.

Қорғаныс министрімен бірге қолдарына қару ұстаған қаламгерлер кәдімгідей атыс ойындарына қатысты.

Қазақстан Қорғаныс министрі Д.Ахметов әскери адам емес екені белгілі. Бес-алты адам қатар тұрып, пистолеттен көздеп атқанда Даниал Кенжетайұлы нысананы бос жібермеді. Бұл кісінің мергендігіне таңдана да қызыға қарастық.

Қорғаныс министрі қасындағы адамдарды ежелден танытындай өзімсіне сөйледі. Осыны пайдаланып, кейбір журналистер көкейде жүрген сұрақтарының көбісіне ашық жауап алып үлгерді.

«Ирактағы бітімгершілік күштеріміз жайында кейінгі кезде ештеңе айтылмай кетті ғой. Құпия болмаса, оның сыры неде?», «Кәсіби армия құрамыз дегенімізбен оның 60-70 пайызын жаңадан шақырылған жастар құрайды деген сөз қаншалықты рас?», «Әскердегі әлімжеттікке, заңсыздықтарға мүлдем тыйым салу мүмкін бе?» деген тәрізді сан түрлі сауалдарға қорғаныс министрі әскери маманның тілімен емес, кәдімгі қарапайым адам ретінде қарапайым мысалдар келтіре отырып жауап қайтарды.

Ол кісінің айтуына қарағанда, Ирактағы бітімгершілік тек БҰҰ аясында өз міндеттерін атқаруда, ал кәсіби армияға

келетін болсақ, оның 60-70 пайызы шынында да жаңадан шақырылған жауынгерлерден жасақталады. Олай етпесек, әскери ізбасарлардан айырылып қаламыз. Қосымша күш қажет. Сонда ғана мықты әскер дүниеге келеді.

Жаңадан шақырылған жауынгерлер бір жыл ғана әскери борышын өтейді. Олар екі ай ішінде әскери дайындықпен қоса, оқиды. Кеңестік жүйеден қалыптасқан бұрынғы кертартпа әскери дәстүрлер бұрынғы құрылымдық өзгеріс нәтижесінде осылай өздігінен жойылады.

Қазақстан Қарулы күштерінде әскери армиядан басқалардың бәрі де жариялық ашық түрде жүзеге асатын болады. Жұртшылықтан жасыратын ештеңе жоқ. Тұтастай алғанда Қазақстан армиясы мемлекеттік құрылыстың маңызды әлеуметтік институты ретінде құрылып болды. Әскери жобалау жүйесі жетілдірілуде. Техникалық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың арқасында жауынгерлік әзірлік сапасы жыл сайын артып келеді. Әскери кадрларды қайта даярлау ісі жан-жақты жүріп жатыр.

Әскерге тұрақты көңіл бөлуінің нәтижесінде бұл саланы қаржыландыру жылдан жылға арта түсуде. Қорғаныс министрлігінің 2007 жылға арналған бюджеті 142 миллиардтан астам теңгені құрап отыр. Жаңа әскери техникалар сатып алу ісі қарқынды түрде жүзеге асып келеді. Алдағы уақытта тағы да көптеген жаңа әскери техникалар сатып алынбақ.

Қорғаныс министрі Д.Ахметов қолданыстағы әскери техникалардың жетістіктері мен кемшіліктері жайында да журналистерге әңгімелеп берді. Әдеттегідей, лаңкестерді қоршауға алып жойып жіберу, ауыр техникалармен жаудың негізгі шабуылына тойтарыс беру, су жолдары арқылы соғыс қимылдарын жүргізу сияқты күрделі ойындарды көру кезінде министрінің өзі әрбір әрекетке баға беріп, кемшін тұстарды көрсетіп отырды. Әсіресе ескірген техникалардағы кейбір икемсіздіктердің себеп-салдарын ашық айтты. Озық үлгідегі әскери техникаларды сатып алудың мәні мен маңызына тоқталды. Сол арада өзінің

орынбасары, генерал-лейтенант Болат Жаңасаевқа дәл осы мәселелер жөнінде нұсқаулар беріп жатты.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Б.Жаңасаев – 1991 жылы кеңестік жүйе күйреп қалған кезде Қазақстанның ұлттық армиясын қалай құру қажеттігі жөнінде өз ойын ашық айтқан білікті қолбасшылардың бірі. Енді осы адамның тағы бір жауапты кезеңде, әлемдік үлгіге сай ұтқыр әскер құру кезеңінде әскери биліктің жоғары сатысында жүргендігі қуантады.

Бұл жолы журналистер әскери қаруларды сырттай тамашалап қана қоймай, әрбір қарудан өздері де атып, мергендік пен шапшаңдықтың үлгісін танытты. Жеңімпаздарға «Қыран-көз мерген», «Сұр мерген», «Қайсар жауынгер» деген тәрізді атақтар берілді. Сөйтіп, қаламды қаруға айырбастаған күн көпшіліктің көкейінен шықты.

**«Президент және Халық» газеті,
20 мусым, 2007 жыл.**

ҚЫЗДАРҒА ОҚА ТАҚҚАН ЖАРАСПАЙ МА?!

Алматыдағы әскери академияның бастығы Абай Тасболатовтың кеңсесіне кіргенімізде генерал-майор біз іздеген 23 қызбен арнайы әңгіме өткізіп отыр екен. Алдымен мәселенің мәнжайынан өзі қысқаша хабардар етті.

– 1998 жылы Әскери академияға әскери инженер-байланысшы мамандығына 10 қыз қабылдау жөнінде қорғаныс министрінің бұйрығы шықты. Қабылдау емтиханы кезінде республиканың әр түкпірінен 140 қыз құжат тапсырды. Байқау өте жоғары дәрежеде өтті. 23 қыз сынақ емтихандарының бәрінен өте жоғары баға алды. Бұдан кейін осы 23 қыздың бәрін қабылдау жөнінде министрге ұсыныс жасадық. Ұсынысымыз қабылданды. Бүгін, міне, осы қыздар тобынан тұратын жеке взводты арнайы қабылдап, олардың кейбір өтініштерін тыңдаудамын.

Бізде шетел тілдері оқытылады. Осы шетел тілінің сағатын көбейтуді сұрайды. Оған әзірге мүмкіндік жоқ. Қазіргі сабақ кестесі бойынша-ақ төрт жыл ішінде кез-келген шетел тілін меңгеріп шығуға толық мүмкіндік бар.

Қыздар әдемілікті жақсы көреді ғой. Тозыңқырап қалған сыртқы киімдерін мерзімінен бұрын ауыстырып беруге рұқсат еттім. Бізде бір курсантқа күніне 140 теңгенің тамағы беріледі. Сондықтан, қыздарға бұл мөлшерді де аздап көбейтіңкіредік. Қысқы сынақ тақап қалды. Академияда үшпен оқуға ешкімнің қақысы жоқ. Оны қыздар жақсы біледі. Өздерімен жеке-жеке сөйлесіп көрерсіздер,- деп Абай Бөлекбайұлы бізге мүмкіндік туғызды.

Сыртқа шықтық. Суретке түстік. Оқу орындарымен таныстық. Алдымен бізді мемлекеттік тіл кафедрасына алып келді. Кафедра меңгерушісі Бәкімбаева Сәния, қазақ тілі мұғалімі Түсімханова Күлпәш ханымдар өз ісінің маманы екені көрініп тұр.

Бұдан бір жыл бұрын ғана ашылған бұл кафедраны бәрі мақтаныш тұтады. Әскери терминдердің барлығы қазақшаланған. Қыздар соны жақсы меңгергенін байқатып тастады. Бұдан кейін негізгі мамандық бойынша оқытылатын сабақ бөлмелерін араладық. Қыздар бізге инженер-байланысшы мамандықтарын қалай меңгергендерін көрсетті. Жатақхана бөлмелеріне де бас сұқтық. Бәрі жинақы, тап-тұйнақтай. Өзін Қалибаева Фарида деп таныстырған қыздың жасы 20-да. 1998 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы қазақ мектебін бітірген. Неге әскери мамандықты таңдадың деген сауалымызға ол:

– Кішкене кезімнен мені ата-анам ұл балаша тәрбиеледі. Сондықтан, шығар, әскери мамандықты таңдағаным. Бұған өзім өкінбеймін. Академияны бітіргеннен кейін тек осы мамандық бойынша қызмет етемін. Генерал болуды армандаймын,- деп соңын қазақы әзілге бұрған. Қыздың әр сөзі өзіне жарасып тұрғандай.

Келесі қыз өзін Тұяқбаева Нағима деп таныстырды. Мектепті 1994 жылы Тараз қаласында тәмамдапты. Мұнда оқуға түскенге дейін әскер қатарында келісім-шарт бойынша қызмет етіпті. Үйлеріндегі 4 қыздың ең кішісі өзі. Үлкен ағасы офицер. Сол ағасының жолына түскен сыңайы бар. Алдабергенова Амангүл деген қыз Алматы облысының Іле ауданынан келіпті. Мектепте қазақша оқыған. Қабылдау емтиханын орысша тапсырған. Ал Давыдова Наталья Орал қаласынан. Өзі оқу үздігі. Мирошкина Татьяна Алматы қаласынан. Бұл қыздардың бәрі биыл үшінші курста оқиды. Сержант Цупак Оксана Ақмола облысының Оқжетпес селосынан. Мектепті 1995 жылы бітірген. Былтыр ол «Хабардың» «Бабье царство» деп аталатын бағдарламасына қатысып, негізгі кейіпкер ретінде көпшілік құрметіне бөленіпті. 23 қыздың арасында әнші де, биші де, спортшылар да жеткілікті. 14 қыз академия бойынша оқу үздігі. Қыздар взводты жалпы оқу үлгерімі бойынша алдыңғы лекте келеді. Былтыр «Офицерское требование» деп аталатын кешенді спорт жарыстары кезінде осындағы 4 қызға бүкіл академия курсанттарының ешқайсысы ілесе алмапты.

Ол қыздар – Шөмішбаева Анар, Кайзер Татьяна, Алтынбекова Бибігүл, Тұрсынбекова Дидар екенін арнайы атап өткеніміз дұрыс. Екінші курсқа дейін бұл қыздар басқа курсанттармен бірге әскери қалашықтың ішінде, жатақханада тұрып келген. Үшінші курстан бастап Алматы қаласында тұратындарға кешкісін үйлеріне қайтуға рұқсат етіліпті. Ал басқа облыстардан келгендер төрт жыл бойы осы қалашықтың ішінде өмір сүреді. Әрине, демалыс күндері кезекпен қалаға шығуға рұқсат етіледі.

– Мұндағы курсант жігіттермен ара-қатынастарың қалай? Олардың ішінде ұнатқан жігіттерің бар ма?– деген әзіл-шыны аралас сұрақ қойдық.

«Әрине, бар!» Екі-үш қыз қатарласа жауап қайтарды.

Сөз реті келгенде тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмысы жөніндегі офицер, майор Марат Сәрсенбаевты әңгімеге тарттық.

– Қыздармен жұмыс жүргізу алғашқы кезде қиын болған шығар?

– Бұл қыздар жатақханада ғана бөлек тұрады. Ал сабақта басқа взводтармен бірге араласып, лекция тыңдайды. Соншалық бір қатал оқшаулық деген бізде жоқ. Кәдімгі студенттер сияқты, бұл қыздар бүкіл курсанттармен аралас-құралас жағдайда жүре береді,- дейді ол кісі.

– Кейбіреулері еркелік танытып, әскери өмірге тосырқай қараған кездері болды ма?

– Әрине, әйел затының өз ерекшеліктері жеткілікті ғой. Алғашқы кезде әртүрлі мінез көрсеткен қыздар болды. Қазір бәрі әскери өмірге ысылып алды. Әлі бұлардан талай мықты әскери басшылар шығатынына күмәнданбаймын. Әлия мен Мәншүк апаларындай оттай жанып, Отан қорғау ісінде ештеңеден тайынбайтын талшыбықтар ертең-ақ тамырларын тереңге жайып шыға келетіні сөзсіз. – деген жауап алдық.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
31 қаңтар, 2001 жыл.**

СОҒЫСТЫҢ «ҚҰДАЙЫ»

Біздерге, әскери қызметтен тысқары жүрген қарапайым адамдарға әсери киім кигендедрің бәрі бірдей көрінетіні рас. Ал егер олардың ішкі өмірлерімен жете таныса бастасақ, Қарулы Күштердің әр саласының өзіне тән дәстүрі, сарбаздар мен сардарлардың өздеріне тән мінез өзгешеліктерін байқар едік. Сол саланың бірі – артиллеристер мен ракеташылар туралы не білеміз? Жылда, 19 қараша күні бұл әскери саланың қызметкерлері өзінің туған күнін тойлайды. Биыл осы төл мерекелерін олар Алматыдағы әскерилер үйінде салтанатты түрде атап өтті.

Арнайы шақырған соң, газет атынан барып, сол кешке қатысып қайттық. Әдеттегідей жиналыс болатын шығар, бір басшы ұзағынан сілтеп, баяндама жасайтын шығар деп күткен едік. Жоқ, олай болмады. Салтанатты кеш сардарлар вальсінен басталды. Мұнда олардың жұбайлары да кеш райын әрлендіре түсті. Соғыстың «құдайы» атанған артиллерия мен ракета сонау соғыс жылдарында сыннан өтіп, ұлы жеңісті жақындатуға себепші болған, аса қауіпті шабуылдың тағдырын шешкен қаһарлы қару екенін түсіндіріп жату бұл жерде артықтау шығар. Осы қаруды егемен еліміздің әскерилері қандай дәрежеде меңгерген, олар біздің қауіпсіздігімізге қаншалықты кепілдік бере алады деген сауалдар төңірегінде ой қозғап көрейік. Қазақстан Республикасының артиллерия және ракета күштерінің бастығы полковник К.Маерманов мырзаның айтуына қарағанда, артиллерияны офицердің көмегінсіз іске қосу, пайдалану мүмкін емес. Оқу-жаттығу кезінде ғажайып шеберліктің үлгісін көрсеткен азаматтардың аты-жөндерін ол кісі мақтанышпен атап өтті. Олар – лейтенанттар К.Айтжанов, Е.Әбдірашев, аға лейтенанттар Е.Аманғожаев, А.Удовенко, А.Себеренков сынды сардарлар.

Салтанатты кеште Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-майор Б.Ертаев мырза биылғы қаңтар

айынан бастап «Қазақстан сарбазы» газеті жариялаған конкурстың жеңімпаздарын ақшалай-заттай сыйлықтармен марапаттады. Бұл конкурстың ережесі мен талаптарын орындау ердің еріне сын болған. Нысананы дәл көздеп, қаһарлы қарудың құлағында ойнаған офицерлер – В.Король, С.Воробьев, В.Сесенбаевтар генералдың қолынан сыйлық алып қана қоймай, осы кеште өздерінің өнерпаз азаматтар екенін де көрсете білді. Мұның бәрін неге айтып отырмыз? Себебі, басқа уақыттарда шаң бораған далада, жаңбыр мен желдің өтінде алас ұрып, оқу-жаттығудан басқаға мойын бұруға шамасы келмей жүретін осынау жігіттерді бүгін мына бір мерекеде басқа қырларынан танығанымыздың өзі бір қызық сияқты.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
21 қараша, 1997 жыл.**

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДЫ ЖАСЫРА АЛМАЙСЫҢ

1985-86 жылдары АҚШ пен КСРО мемлекеттері орта және жақын қашықтықтағы ракеталарды (РСМД) мүлде жою туралы келісімге қол қойғанын білеміз. Ал бұл келісімнің толық жүзеге асуы және аяқталу мерзімі 2001 жыл деп белгіленген. Сөйтіп жүргенде КСРО тарап кетті де, ядролық қарулар негізінен ТМД-ның төрт мемлекетінде – Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстанда қалып қойды. Бірақ бұл аса қауіпті қаруды бәрібір жою керек болатын. Сол себепті, өздерін ядролық державалармыз деп есептейтін бұрынғы КСРО мемлекеттері әрқайсысы өздерінде ракеталарды қысқартуды қадағалау жөніндегі орталық құрыпты. Мұндай орталық Қазақстанда алғашқылардың бірі болып жұмыс істей бастаған.

Осы орталықтың бастығы полковник Асылбек Мендіғалиев мырза АҚШ-тағы подполковник Хачинз мырзамен осы аптаның басынан бері Қазақстанда жүргізген жұмыстары жайында журналистерге әңгімелеп берді.

Мәселе былай екен. Жоғарыда аталған келісімге қол қойған мемлекеттердің өкілдері қалаған уақыттарында бірін-бірі тексере беретін көрінеді. «Мен сендерге барамын» деген хабарды жіберген соң он алты сағаттан кейін жетіп келіп, сол мемлекеттің қалаған аймағын тексеруге хақысы бар. Ал тексерілуге тиісті мемлекет тексерушіге барлық жағдайды тудыруға міндетті.

Қазақстанға келген Хачинз мырза алғашқы күнін мәдени шараларға арнапты. Келесі күні ол кісі Қазақстанның қай әскери нысанын таңдайтынын біздің мамандар білмеген. Сірә, Петропавлды немесе Балқашты таңдайтын шығар деп күтіп отырғанда ол кісі аяқ астынан Семейді атапты. Сөйтіп, екі күн бойы Семейдегі сынақ алаңдарын, ракеталар қалып қоюы мүмкін-ау деген ұңғыл-шұңғылдардың бәрін сүзе тексеріп шығыпты.

– Менің бұл сапардағы жұмысым өте сәтті болды, сіздерге рахмет!- дей келе, Хачинз мырза полковник Мендіғалиевке

өздерінің агенствосы куәлігін тапсырды. Бұл тексеріс АҚШ тарапынан 500-ші тексеріс екен. Куәлікте солай жазылған. Сондықтан да, олар бұл сапарларын тарихи сапар деп есептейді. «Сонда жалғыз АҚШ қана тексереді де, біз оларды тексермейміз бе» деген сауал әрқайсымыздың көкейімізге келіп қалған. Сөйтсек, Қазақстан да біраз мемлекеттерді тексеріп тастапты. Оның ішінде Батыс Еуропаның белді мемлекеттерімен қоса көрші мемлекеттеріміз де бар. Әлі де тексере береді. Ядролық қарулар мен қоса жай қарулар да назардан тыс қалмайды. Бұған, әрине қуануымыз керек. Түптің түбінде жер бетінен жойқын қарулардың бәрі жойылып жатса, тіпті ғанибет қой. Соған жеткізсін дейік.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
22 тамыз, 1997 жыл.**

БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

15 қыркүйек күні Қапшағай маңайындағы полигонда сегіз күнге созылған халықаралық «Ортазбат-2000» деп аталатын әскери жаттығулар аяқталды. Бұған дүние жүзінің 10 елінен, яғни Қазақстан, Өзбекстан, АҚШ, Ресей әскерлерінен бір-бір ротадан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Англия, Грузия, Монғолия, Түркия Қарулы Күштерінен бір-бір взводтан жауынгерлер қатысты. Франция мен Украина өздерінен бақылаушы ретінде өкілдер жіберіпті.

НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша бесінші рет өткізіліп отырған бұл оқу-жаттығуының биылғы ерекшелігі, мұнда алғаш рет терроризм мен экстремизмге қарсы біріккен күштер өз өнерлерін көрсетті. Себебі, осынау кесапат бүгінде халықаралық сипат алып барады. Сондай-ақ, есірткі бизнесін ауыздықтау әрекеттері де жүзеге асып жатты. Сөз реті келгенде айта кетейік, осы әскери жаттығудың соңғы күндері американдық жауынгерлер шын мәнінде үлкен көлемде есірткі заттарын жымқырып бара жатқан қылмыскерлерді қолға түсірді. Ал, өзбекстандық жауынгерлер түсті металдарды үлкен көлемде тасып бара жатқан шын мәніндегі баукеспелердің жолын кесті.

Қапшағай маңындағы полигондарда бұл күндері осы жаттығулармен қатар «Баланс-Каяк» атты әскери дәрігерлердің жаттығулары да өтіп жатты. АҚШ пен Қазақстанның әскери дәрігерлері облыс жұртшылығына тегін, әрі шұғыл дәрігерлік көмек көрсетіп, оннан астам ауыр хирургиялық операциялар жасады. Бұл іске Қазақстанның майталман дәрігерлері де қатысты.

«Ортазбат» бітімгершілік батальонының өзіндік тарихы 1995 жылдың 15 желтоқсанынан бастау алады. Сол жылы Тараз қаласында өткен Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикаларының үкіметаралық Кеңесінде үш елдің Президенттері

Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында осы үш елдің бітімгершілік батальонын құру туралы шешімге келген болатын. Алайда «Ортазбат» 1997 жылғы ақпанда құрылды. Сол жылдың тамыз айында бұл әскери жасақ АҚШ-тағы әскери жаттығуға қатысып қайтты. Бұдан кейін «Ортазбат-98-99», тағы басқа әскери жаттығулары өтті. Сөйтіп, бүгінде қанатын кеңге жайған «Ортазбат-2000» Қазақстан жеріндегі жаттығуға үлкен дайындықпен келді.

Жаттығудың бірінші кезеңінің басты мақсаты – командирлер мен штабтардың іс-қимылдарын шұғыл түрде ұйымдастыру болса, екінші және үшінші кезеңдерде бітімгершілік батальонының қақтығыс болып жатқан аймақтардағы атқарар істерін айқындау болып табылады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
19 қыркүйек, 2000 жыл.**

1.3. АҒА БУЫН АМАНАТЫ



АЖАЛДАН МӘНШҮК АРАШАЛАҒАН

Быттыр Жеңістің 60 жылдығы мерекесі Мәскеуде ерекше салтанатпен тойланды. Оған бұрынғы КСРО елдеріндегі соғыс ардагерлері де шақырылды. 9 мамыр күні Қызыл алаңда өткен әскери шеруге Қазақстаннан отыз ардагер қатысса, оның төртеуі Алматы қаласынан еді. Сол төртеудің бірі – Сұлтан Сүлейменұлы Жиенбаев. Таяуда ол кісіге арнайы жолығып, алда келе жатқан қос мерекесімен құттықтадық. Біраз әңгімелестік. Сұлтан Сүлейменұлынан естіген әңгімелерді ықшамдап, оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Алғашқыда Сұлтекен:

– Шырағым, мен өзім жайында айтуды ұнатпайтын адаммын. Егер мен туралы білгің келсе, мына кітаптың соңғы жағында мен жайында жазылған. Соны оқып шықсаң, бәрі де түсінікті болады,- деп «Сотоя казахская» деген кітапты қолыма ұстатты. Авторы – өзі. Кітаптың соңғы бөліміндегі «Слово об авторе» деп аталатын төрт парақ естелікті 100-ші атқыштар полкінің рота командирі С.Құнанбаев жазыпты. Кітапты оқып отырып, 100-ші атқыштар бригадасының құрамында соғысқан М.Мәметова, Сақтаған Бәйішев, Әзілхан Нұршайықов, Жекен Жұмаханов, Қасым Шәріпов, тағы басқа белгілі адамдардың суреттеріне көзім түсті. Сұлтан Сүлейменұлы 100-ші атқыштар бригадасының ерлік жолдарын өзімен қарулас жігіттердің бастан кешкендерін суреттеу арқылы жазып шыққанын аңғардым. Дегенмен, Сұлтекенді өзі жайында аздап болса да айтқызудың сәті түскен сыңайлы. «Мәншүкті қалай, қай жерде кездестірдіңіз?» деген сауал әңгіменің тиегін ағытып жіберді.

– Менің алдымда соғысқа аттанған екі ағамнан көп ұзамай қаралы хабар келді. Жүрегімдегі кекті тек жаумен соғысу арқылы ғана қайтара алатыныма көзім жетті. Ол кезде ҚазМУ-дің физика-математика факультетінің екінші курсына

оқитынмын. Өз еркіммен майданға сұрандым. Өтінішім қабылданды. Алматыда 100-ші бригада жасақталып жатқан. Комсомолдық жолдамамен қысқа дайындық курсына өткеннен кейін мені рота старшинасы ретінде тағайындады. Сол кезде Мәншүк те осы бригаданың құрамында еді. Медициналық институтта оқып жүрген ол алтыншы рет арыз жазып, әрең дегенде соғысқа баруға рұқсат алыпты. Жиі көремін. Қазақтың қарапайым қызы. 1942 жылдың 11 тамызында Алматыдан майдан шебіне аттандық. Мәншүк ол кезде әскери медбике.

Мен екінші рет қатты жараландым. Аждаһадай от бүркіп келе жатқан екі жау танкісінің күлін көкке ұшырғаннан кейін есімнен айырылып, құлап түсіппін. Бір кезде көзімді ашсам, сабан шөптің арасында жатыр екенмін. Жанымда Мәншүк отыр. «Сұлтан жарайсың! Енді сенсіз комбатқа қиын болады-ау. Жылдам емдел де, қатарымызға қайта орал!» деген сөздерді айтып, маңдайымнан сипады,- дейді Сұлтекең сол бір сұрапыл күндерді күрсіне еске алып.

Егер қазақтың қаршадай қызы еңгезердей жігітті ұрыс даласынан сүйреп шығып, жедел көмек көрсетпегенде, соңы не болары айтпаса да түсінікті. С.Жиенбаевтың кітабында Мәншүктің ерлігі мен еркелігі жайында жазылған естеліктердің көп болуы да содан болса керек.

100-ші бригаданың құрамындағы рота старшинасы болып әскери қызметін бастаған С.Жиенбаев комендант взводының командирі, рота командирі қызметіне дейін көтеріледі. Соғыстан капитан шенімен оралған. Сол кездегі бригада газетінің редакторы Қасым Шәріпов «Қатардағы Қаһарман» атты кітабында Сұлтан Жиенбаевтың соғыстағы ерлігі жайында кеңінен толғай жазғаны да белгілі. Сұлтекең тура келген ажалдан аман қалған мына бір сәтті әлі күнге дейін ұмыта алар емес.

Жаралылар тиелген эшалон Мәскеуге қарай жүйткіп келе жатқан. Кенет жау ұшақтары эшалонды бомбалауға кірісті. Вагондар шайқалақтай бастады. Мына қалыптарымен ұзаққа бармасын сезген бірнеше жауынгер пойыз жүрісін сәл аялдатқанда

вагоннан секірді. Олардың ішінде Сұлтекең де бар еді. Домалап барып, белуардан батпаққа бір-ақ кіреді. Жаралы аяғы бұрынғыдан да қатты сырқырағанын сезді. Жанұшыра қимылдап, алға ұмтылды. Әрең дегенде батпақтан шығып, вагоннан бірге секірген жігіттерге қосылды. Бұлар ілби басып, таң ата стансаға келгенде жайрап жатқан кешегі эшалонның үстінен шықты. Жаралылардың барлығы қырылған екен. Іздеп жүріп өздерін бастап келе жатқан медбикелердің өлі денелерін тапты. Олардың сөмкесіндегі дәрігерлік құжаттарын алғаннан кейін станса бастығына келіп, мән-жайды түсіндірді. Келесі күндері әрең дегенде пойызға отырып, Мәскеуге жетті. Мәскеуліктер бұларды ажал тырнағынан аман қалған батырлардай қарсы алды. Госпитальда бірнеше ай жатып емделгеннен кейін енді соғысқа жарамсыз деп табылып, елге қайтарылды.

Сұлтекең өзін ажалдан алып қалған Мәншүктің жақсылығын ешқашан ұмытқан емес. Бұдан біраз бұрын Кеңес Одағының Батыр қызы Мәншүк Мәметованың 80-жылдығын республика деңгейінде ресми атап өту жөнінде ұсыныс көтерген де Сұлтекең еді. Иә, Мәншүк Мәметованың 80 жылдық мерейтойы елімізде және одан тыс жерлерде дүркіреп өтті. Қазақстан делегаттары Мәншүк қайтыс болған Невель қаласындағы ескерткішіне барып, тағзым етті, гүл қойды. Невельдіктер де Мәншүкті қатты қастер тұтатындарына көздері жетіп қайтты.

Сұлтан Жиенбаев былтыр Жеңістің 60 жылдық мерекесі күні Мәскеуге барған қазақстандық 30 делегаттың қасынан табылды. Қызыл алаңда әскери салтанатпен кетіп бара жатқан қазақтарға Мәскеу халқының ілтипаты шексіз көрінді. Ертеңінде олар Волоколамск тас жолының бойында 28 панфиловшыларға арналған ескерткіштің ашылу рәсіміне қатысты. Бұл салтанатқа Қазақстан Президенті арнайы келді. Атақты қолбасшылар И.В.Панфилов пен Б.Момышұлының ескерткішіне қазақстандықтармен қоса, Ресей жұртшылығы да сүйсіне қарасты.

Сұлтекеңді әңгімеге тарта берсең, тірі тарих екендігін байқайсың. 25 жыл бойы Дінмұхаммед Қонаевпен өткізген күндер

жайындағы естеліктердің орны бөлек. Ал, бүгінгі Президентті сонау Теміртауда жүрген кезінен жақсы білетін көрінеді. Бір аулада көрші тұрған кездеріндегі аралас-құралас болған сәттерінің өзі бір бөлек әңгіме. Сұлтекеңнің жұмыс бөлмесінің өзі кішігірім мұражайға ұқсас. Ондағы әртүрлі сыйлықтар тарих беттеріндей әсер етеді. Мәселен, Сұлтекең ҚР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген кезде, Жуков, Брежнев сыйлаған қол сағаттар әлі күнге дейін сол қалпында сақтаулы. Ал шетел басшыларымен бірге болған сәттерді көз алдыға әкелетін фотолардың әрқайсысы бір шежіре.

Бүгінде Сұлтекең балалары мен немерелерінің қызығын тамашалап, күн кешуде. Ең кіші немересі шетелде оқып жатыр. Бар арманы – осы немересінің болашағы екенін ол кісі жасырмайды. Тақауда 85-ке толғалы отырған Сұлтекең әлі де жігіт қалпындай, тіп-тік сергек күйде. Қаламы да қолынан түспеген. Маржандай әріптермен өткен өмір жолдарынан естеліктер жазуда.

**«Президент және Халық» газеті,
5 мамыр, 2006 жыл.**

ӘРБІР ӘКЕ ӨЗ ҰЛЫН ӘСКЕРГЕ ӘЗІРЛЕУГЕ ТИІС
(Қорғаныс министрлігі Орталық әскери
клиникалық госпиталының бастығы,
медицина ғылымының кандидаты, полковник
Найман Қабыкенұлы Оқаповпен сұхбат)

Бұл кісімен осыдан біраз күн бұрын госпитальда алғаш рет денені кеспей жасалынған операция кезінде жүздескен едік. Академик Мұхтар Әлиевтің жетекшілігімен өткен осынау тұсаукесер рәсімінен кейін госпиталь бастығымен арамызда мынандай әңгіме өрбіген.

— Біздің госпиталь республикадағы әскери ауруханалардың көш басшысы болып есептеледі, — деген еді ол алғашқы сөзінде. — Себебі, мұнда басқа клиникалық ауруханалардағы сияқты кез келген ауру түрлерін түбегейлі, әрі жан-жақты емдеу тәсілдері жолға қойылған. Бізде сондай-ақ медицинаның барлық саласы бойынша мамандар жұмыс істейді. Оның ішінде медицина ғылымының кандидаттары — бесеу. Жоғары білімді, бірінші категориялы қызметкерлеріміздің саны алпыстан асады. Медбикелеріміздің көбісі жоғары білімді және бірінші категориялық қызметпен еңбек етеді. Денсаулық сақтау комитетіне қарасты ғылыми-зерттеу институттарының жиырмадан астам ғылым кандидаты мен докторлары біздің ресми кеңесшіміз болып тіркелген. Бұл госпиталь сонымен қоса жұқпалы ауруларды зерттейтін микробиология және эпидемиология ғылыми-зерттеу институтының, Алматы мемлекеттік дәрігерлер институтының тұрақты базасы болып табылады. Яғни, біздің аурулар олардың үнемі бақылауында болады деген сөз.

— Оның себебі неде?

— Себебі қауіп-қатердің көбісі басқаларға қарағанда әскери адамдардың басында көбірек ұшырасады. Соғыс өнерін оқып-үйрену оңай дейсіз бе? Күрделі техникалармен жұмыс істегенде,

олардың жаңа түрлерін сынақтан өткізу кезінде, тағы басқа жағдайларда әртүрлі дене жарақатын алып қалған азаматтарымызды жылдам арада емдеп шығару біздің Отан алдындағы міндетіміз. Әскери тәртіп ырғалып-жырғалуды көтермейді. Сырқаттың себеп-салдарын дереу анықтап, ем қолдана білмесең, әскери дәрігер болып қызмет жасаудың да керегі жоқ. Тәжірибені теориямен ұдайы ұштастырып отырудың бір жолы – ғылыми мекемелермен тікелей байланыс екені айтпаса да түсінікті. Сондай-ақ, ол жақтағы ғалымдар да біздегі ауруларды зерттеу арқылы өз білім деңгейлерін көтеріп, тәжірибе жинақтайды. Өзара байланысымыздың негізгі себебі осы. Мәселен, адамның бет-әлпеті кісі танымастай жағдайда жарақаттанғанда оны қалпына келтіру операциясымен айналысатын дәрігерлік мекемелер некен-саяқ. Ал, біздің госпитальда бұл іс түбегейлі жолға қойылған. Мана өздеріңіз куә болған алғашқы операция да сәтті аяқталды. Бұл, әрине айтуға ғана оңай. Шын мәнінде түбегейлі қайта жабдықтауға тура келді. Дәл осы үшін мен Қорғаныс министрлігіндегі басшыларымызға, министріміз Мұхтар Алтынбаевқа ұжымымыздың атынан алғыс айтсам, мұнымды ешкім артық санамас деп ойлаймын.

– Сіздерде тек қана әскерилер емделе ме?

Өткен жылы госпитальда мыңнан астам адам емделіп шықса, оның 50 проценті сарбаздар, 35 проценті сардарлар болды. Ал, қалған 15 проценті олардың отбасы мүшелері мен арнайы емдеуді қажет ететін қарапайым адамдар еді.

– Әскери емес адамдар сіздерге ақша төлеп емделетін шығар?

– Жоқ, мұнда ақша төлеу деген болған емес, болмайды да. Бәрі тегін жасалады.

– Қаржыны қайдан аласыздар?

– Бюджеттен бөлінген қаржыны үнемдеп жұмсаудан басқа амалымыз жоқ.

– Байқаймын, госпитальда емделіп жатқан қатардағы жауынгерлер көп сияқты, оның себебі неде?

– Несіне жасырамыз, қазақта нәуетек балалар көбейіп кетті. Өзіңіз қараңызшы, көбісі қыстан көтерем шыққан арық

тоқтылар сияқты. Бойы мен салмақтарының арасында алшақтық көп. Соның бәрі бала кезден шынығып, тамақты дұрыс ішпегендіктің салдарынан. Ұл туғаннан кейін әрбір әке оны болашақ жауынгер ретінде тәрбиелеуі керек. Жауынгер болу деген сөз – ол тек әскерге шақырылуымен ғана өлшенбейді. Кез келген еркек өзін Отан қорғаушысымын деп сезіне білмесе, несіне еркек.

– Өзіңіздің ұлыңыз барма?

– Бір ұл, бір қызым бар. Екеуі де офицер. Әмір деген төрт жасар немеремді өз қолымда тәрбиелеп жатырмын. Ол да өскенде кәмәндірі боламын дейді.

– Нәке, әскери дәрігерлер мен жәй дәрігерлердің бір-бірінен айырмашылығы қандай?

– Жәй дәрігерлерден біздің айырмашылығымыз – біз әскери жарғымен өмір сүреміз. Мәселен, мен полковникпін. Олай болса, менің әскери білімім, соғыс өнерін меңгеру машығым басқа полковниктерден артық болмаса, кем болмауға тиіс. Әскери оқу-жаттығуларға қатысамыз. Жаңадан шыққан қаруларды меңгеру, оны атып үйрену, соғыс жағдайында госпитальды көшіру, орналастыру, жау шабуылынан қорғану, шабуылдай жүріп алғы шепте жараланған жауынгерге дәрігерлік көмек көрсету, оны қоршаудан алып шығу, мұндайларды айта берсе көп енді. Ауғанстанда, тағы басқа соғыстарда оқ пен оттың арасында шыңдалып шыққан тәжірибелі әскери дәрігерлер бізде аз емес. Олар – медицина қызметінің полковниктері Е.Т.Таласбаев, Ф.Қ.Жәмиев, И.М.Нұрбеков, З.Г.Байгусиев, А.А.Соколов, С.С.Сафронов, Б.С.Сәкенов, подполковниктер Г.З.Балтынов, Д.К.Шәкенов, В.А.Цветков, тағы басқалар.

– Өзіңіз кезінде қандай оқу орнын бітіріп едіңіз?

– Менің бала кезімде әке-шешем бір күнде екеуі де апаттан қайтыс болып, жалғыз қарындасым Айман екеуіміз тұлдыр жетім болып өстік. Мектеп-интернатты бітіргеннен кейін, әйтеуір киім мен тамақты тегін береді ғой деп Томскідегі әскери-дәрігерлер дайындайтын институтқа бардым. Бағым жанып

түсіп кеттім. Оны бітіргеннен кейін 23 жыл шет елдерде әскери дәрігер болып қызмет еттім. Оншақты жыл Мәскеудегі госпитальдың бастығы болдым. 1986 жылдың желтоқсан айынан кейін ол жерден кетуіме тура келді.

– «Тура келді» дегеніңізге қарағанда Алматыдағы Желтоқсан оқиғасының салқыны сізге де тимесе игі еді?

– Ақпарат құралдарынан суыт хабарды естігеннен кейін мәселенің мән-жайын білмекші болып, Алматыдағы жолдастарға телефон шалуға тырысқам. Сөйтсем, менің телефондарымды түгелдей қиып тастапты. Қандай нөмірлерді тергенімді жиі қадағалап отырыпты. Кейін тексеру басталды. Соңында «Бұл жақта көбірек отырып қалдың, орын ауыстыр» деді. Қазақстанға барғым келіп еді, жібермеді. Сөйтіп, Байкалдың арғы жағынан бірақ шықтым. Әйтеуір қызметімді төмендеткен жоқ. Оған себеп те таба алмады. Одан кейін Моңғолияға қарай ығыстырды. 1989 жылы Қазақстанға әрең дегенде аяқ іліктірдім-ау. 1993 жылдан бері осы қызметтемін, – деп ол кісі сөзін аяқтады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
23 мамыр, 1998 жыл.**

МАЙДАНГЕР ОФИЦЕРДІҢ ПОЛКОВНИК ПЕРЗЕНТІ

Ол туралы жазылған мақала мен мына суреті үстелімнің тартпасында бірер айдай жатып қалды. Себебі де жоқ емес. Мақала – жоғары білімді әскери адамдарға ғана түсінікті тілмен жазылған екен. Басқаша жазсам деп ойлағам. Ол үшін өзімен кездесуім керек. Телефон арқылы хабарласқаннан кейін қолы қалт еткенде редакцияға бір соғып кететінін айтты. Уәде ұзаққа созылмады.

Полковник Сапаровтың бет-әлпетінен албырт жастықтың белгісі әлі қайта қоймаған сияқты. Елгезек те ширақ. Адамға тек жылы шыраймен қарайды. Жасы әлі қырыққа толмаған.

Мәлік ана тілінде сөйлейді. Ол кезінде Алматыдағы №4-ші қазақ мектеп-интернатын бітіріпті. Одан кейін Свердловскідегі Суворовшылар әскери училищесін тәмамдаған. Одан кейін Алматы жоғары жалпыәскери командылық училищесіне түсіп, оны да ойдағыдай аяқтап шыққан. Взвод, рота командирі, батальон, штаб бастығы қызметтерін атқарған. Яғни, жиған-терген білімін нақты әскери өмір тәжірбиелерімен шындай түскен. 1988 Фрунзе атындағы әскери академиясын тәмамдаған. Бұл әскери оқу орнында негізінен полк, бригада, дивизияны басқаруға тиісті офицерлерге білім беріледі. Әрине, алған білімді тәжірибемен ұштастыра білген үздік сап командирлері ғана бұл жоғары лауазымға ие бола алады.

Мәлік Сапаров 1988-95 жылдар аралығында батальон командирінен полк штаб бастығы, полк командирі қызметіне көтеріліп, Қазақстан Күштерінің Бас Штабы апаратында басшылық қызметтер атқарған. Ал биылғы жылы Ресей әскерінің Бас Штаб академиясын алтын медальмен тәмамдапты. Екінші академияны медальмен бітіруімен құттықтай отырып, полковникті әңгімеге тарттым.

– Сіз мені дұрыс түсініңіз,-деді ол сәл ыңғайсызданып, – мен жайында кейінгі кезде газеттер жиі жаза бастады.

Кейбіреулер сыртымнан мадақтап, тым әсірелеп жібергенін көргенде бетімнен отым шығады. Мен Ресей әскерінің Бас Штаб академиясын үздік бітіріп келгеннен кейін, өзіміздің қорғаныс министріміз Мұхтар Алтынбаев мырзаның алдында есеп бердім. Ол кісінің көңілінен шыққандай болдым. Баспасөз беттерінде мен туралы жазуға рұқсат берген екен, газеттерде біраз мақалалар жарияланып үлгерді. Сізге келген себебім, тек өз аузымнан шаққан сөздерді ғана қағазға түсіруді өтіну еді.

– Келістік. Екі академияны бітіруге недей жағдайлар себеп болды?

– Бұл екі академияның бір-бірінен айырмашылығы көп. Фрунзе атындағы әскери академияны салалық оқу орны десек түсініктілеу сияқты. Мысалы, ұшқыштар, танкистер, артиллеристер, тағы басқалар өз салалары бойынша тереңдей оқып, білім алып шығады. Оны мен 1988 жылы тәмамдағам. Содан 1995 жылы Ресей мен Қазақстан арасындағы әскери келісімшарт негізінде Ресей әскерінің Бас Штаб академиясына оқуға жіберілдім. Бұл жерде тек мемлекеттік деңгейде шешім қабылдауға лайықты ірі қолбасшылар дайындалады.

– Осы оқу орнын бітірген Қазақстанда қанша адам?

– Бұл уақытқа дейін үш-төрт адам болуға тиісті.

– Олардың ішінде алтын медальға бітіргендер бар ма?

– Әзірге мен ғана...

– Биыл ол академияны қанша адам бітірді және олардың нешеуі алтын медальға ие болды?

– Биыл 100 адам бітірдік. Оның ішінде үшеуіміз ғана алтын медальға ие болдық.

– Болашақта бұл оқу орнын біздің талай командирлеріміз бітіруі мүмкін ғой?

– Әрине. Бірақ бұл академияда шетел азаматтары тыңдауға рұқсат етілмейтін сабақтар да жүреді. Қазақстан мен Ресей арасындағы тығыз достықтың арқасында мен осы сабақтарға қатыстырылдым. Алайда, биылдан бастап ол сабақтарға қазақстандықтар да жіберілмейтін болды. Өйткені, онда Ресей мемлекетінің әскери құпиясы жөнінде оқытылады.

Міне, полковник Сапаровтың әзірге басқа полковниктерден өзгешілігі осында. Ол қазір Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінде белгілі бір сала бойынша қызмет етуде. Алдағы уақытта әскери жұмысын аяқтап, кандидаттық диссертациясын қорғамақшы. Одан кейінгісін тағы көреді.

Алматы облысы Талғар ауданы Қызылту совхозының №4 ауылында көп балалы отбасында 1958 жылы 15 қыркүйегінде дүниеге келген кешегі қаршадай ұл таяуда ғана 39 жасқа толды. Әкесі Мұқамеджан марқұм соғыс жылдарында артиллерия офицері болыпты. Ол жеңіс күніне аман-есен жетіп, бейбіт өмірде 11 баланы өсіріп, тәрбиелеген екен. Ал алтыншы ұлы Мәліктің осынау жемісін көре алмай кетті. Мәлік анасының бауырында ер жетіп, ана тәрбиесін көбірек алыпты.

Сонда да болса әке жолын қуып, әскери сардарлықты таңдады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
1 қараша, 1997 жыл.

ЖАСЫНДАЙ ЖАРҚЫЛДАҒАН ҒҰМЫР

1997 жылдың күзі еді. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министірлігінің баспасөз жөніндегі хатшысы редакцияға қоңырау шалып, таяуда Ресей Федерациясы Қарулы Куштері Бас штабының Әскери академиясын Мәлік Сапаров деген қазақ жігіті алтын медальмен бітіріп келгенін хабарлады. Бұған дейін ешбір қазақстандық бұл оқу орнын осындай табыспен аяқтамаған екен. Осы жөнінде көпшілікті құлағдар еткен артық болмас еді дегенді Қорғаныс министірінің өзі тапсырған көрінеді.

Сол мақаланың алғашқы бөлімін тұтастай, қайтадан оқырман назарына ұсынып отырмын. Оның себебін кейін түсінесіздер.

«Мәлік Мұхамеджанұлымен кездесу жайын ақылдаса бастап едім, ол редакцияға өзі келіп жолықпақшы болды.

Арада жарты сағат өткенде 39-жасар полковник Мәлік Сапаров екеуміз әңгімелесіп отырдық. Бет-әлпетінен албырт жастықтың белгісі әлі қайта қоймаған ол елгезек те ширақ көрінеді. Өзі қазақша таза сөйлейді. Кезінде Алматыдағы №4 қазақ мектеп-интернатында оқыпты. Сегізінші сыныптан кейін Свердловскідегі Суворовшылар әскери-училищесіне түсіпті. Одан соң Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесіне қабылданады. 1979 жылы оны бітіргеннен кейін Забайкалье әскери округіне қызметке жіберіледі. Мұнда ол взвод, рота командирі, батальонның штаб бастығына дейін көтеріледі. Сөйтіп жиған-терген білімін нақты әскери өмір тәжірибелерімен шындай түскен.

1985-1988 жылдар арасында М.В.Фрунзе атындағы Ресей Әскери академиясында оқиды. Бұл оқу орнына негізінен полк, бригада, дивизия басқаруға лайықты сардарларға білім береді. Алайда осы лауазымды қызметтерге қол жеткізу үшін алған білімді тәжірибемен ұтымды ұштастыра білуің қажет.

Мәлік Сапаров 1988-1995 жылдар аралығында батальон командирінен полктың штаб бастығы, полк командирінің

қызметіне көтеріліп, Қазақстан Қарулы Күштерінің Бас штабында жауапты қызметтер атқарған.

1995 жылы Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабы Әскери академиясына оқуға жіберілген. Екінші академияны үздік бітіруімен құттықтап, полковник Сапаровты әңгімеге тартқам.

– Сіз мені дұрыс түсініңіз, – деген еді ол сәл ыңғайсызданып, – мен жайында кейінгі кезде жиі айтылып, жазыла бастады. Кейбіреулер сыртымнан мадақтап, тым әсірелеп жібергенін көргенде бетімнен отым шығады. Мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабы Әскери академиясын үздік бітіріп келгеннен кейін, Қорғаныс министріміз Мұхтар Алтынбаевқа есеп бердім. Ол кісінің көңілінен шыққандай болдым. Сізге өзім келген себебім, тек өз аузымнан шыққан сөздерді ғана қағазға түсіруді өтіну еді.

– Келістік. Екі академияны бітіруіңізге қандай жағдайлар себеп болды?

– Бұл екі академияның бір-бірінен айырмашылығы көп. М.В.Фрунзе атындағы Ресей Әскери академиясын салалық оқу орны десек түсініктілеу сияқты. Мысалы, мұнда әкери ұшқыштар, танкистер, артиллеристер, тағы басқалар өз салалары бойынша тереңдей оқып, білім алып шығады. Оны мен 1988 жылы тәмамдағам. Содан, 1995 жылы Ресей мен Қазақстан арасындағы әскери келісім-шарт негізінде Ресей Қарулы Күштері Бас штабы Әскери академиясына оқуға жіберілдім. Бұл оқу онында тек мемлекеттік деңгейде шешім қабылдауға лайықты ірі қолбасшылар дайындалады.

– Осы оқу онын сізге дейін қанша адам алтын медальға бітіріп еді?

– Бұған дейін үш-төрт адам болуға тиісті.

– Биыл бұл академияны қанша адам бітірді және олардың нешеуі алтын медальға ие болды?

– Биыл жүзден астам адам бітірдік. Олардың ішінен үш адам ғана алтын медальға ие болды.

– Болашақта бұл оқу орнын талай командирлеріміз бітіруі мүмкін ғой.

– Әрине, бірақ Бас штаб академиясында шетел азаматтары тыңдауға болмайтын сабақтар да жүреді. Қазақстан мен Ресей арасындағы тығыз достықтың арқасында мен осы тыңдауға рұқсат етілмейтін сабақтарға да қатыстырылдым. Биылдан бастап бұл сабақтарға қазақстандықтар да жіберілмейтін болды. Өйткені, онда Ресей мемлекетінің әскери құпиясы жөнінде дәрістер оқылады. Сондықтан болар, менің Ресей Қарулы Күштері қатарында қалуымды өтінген жағдайлар да кездесті. Жоғары лауазым, жақсы жағдайлар жасауға уәде берді. Алайда, тәуелсіз елімнің өз Қарулы Күштері қайта жасақталып жатқанда оған бар білімімді сарп етіп қызмет етпесем, Отан алдындағы борышымды ақтағаным қайсы»...

Міне, сол жолы Мәлік маған осылай деп еді. Арада біраз уақыт өткен соң мен оны генерал-майор шенінде кездестірдім. Қызметі – Қазақстан Қарулы Күштері Бас штаб бастығының орынбасары. Қапшағайдың маңайында кезекті әскери жаттығу сабақтары аяқталған сәт еді. Мәлік 7-8 жасар ұлымен анандайда, дала жусанының арасында қуаласпақ ойнап жүр. Жанынан өтіп бара жатқан мені көріп, жымия амандасты. Өзімен жүргізілген жоғарыдағы интервьюді еске алды. Екі-үш жыл өтсе де ұмытпапты.

Быттыр Сарышағанда Елбасының қатысуымен үлкен әскери оқу-жаттығу өткені белгілі. Бұл кезде Мәлік Сапаров Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабының бастығы. Әскери шені – генерал-лейтенант. Қазақстан жеке мемлекет болғалы бұрын-сонды мұндай кешенді әскери жаттығу жүргізілмеген. М.Сапаровтың басқаруымен «дала соғыстары» мүлтіксіз жүзеге асты. Бір үзілісте Мәлікпен қарсы ұшырасып қалдық.

Бұрынғы қалпында жымия амандасып үлгерді. Өзі тым асығыстау еді.

2001 жылы Ресей Федерациясы Қарулы Күштері Бас штабы Әскери академиясын жүзден жүйрік озып Нұрлан Жоламанов деген генерал да алтын медальға бітіріп қайтты. Ол кісі туралы

да газетке жазғанбыз. Әңгіме арасында Нұрлан әскери такти-
каны Қазақстанда ең жақсы білетіндердің бірі Мәлік Сапаров
екенін айтып қалған. М.Сапаров бітірген Бас штаб академия-
сын өзі де үздік бітіріп келіп отырған Нұрланның бұл сөзі кіші-
пейілділік пен адалдықты аңғартып тұрғанында сөз жоқ. Соны-
мен қатар, Мәлік Сапаровтың шынында да қайталанбас тұлға
екенін Нұрланның осы сөзінен-ақ байқау қиын емес сияқты.
Сол азамат бүгінде арамызда жоқ дегенге сенгім келмейді.

Мәлікті жерлеу кезінде қаралы жиында Қазақстан Респуб-
ликасының Қорғаныс министрі армия генералы Мұхтар Ал-
тынбаев былай деген еді:

– Қазақстан жұртшылығы мен Қарулы Күштер бүгін орны
толмас ауыр қазаға душар болды. Мен өзімнің досымнан, бауы-
рымнан, кай кезде де жанымнан табылатын таяныш-тірегім –
бірінші орынбасарымнан айырылып, қабырғам қайысып тұр-
мын. Мәлік Сапаров біздің есімізде Қазақстан Қарулы Күштері
қаз тұрып, қайта жасақталу барысында оған ұшан-теңіз еңбек
сіңірген әйгілі қолбасшылардың бірі болып қала береді. Мен
марқұмның туған-туыстарына, әскери алқаға министірліктің
атынан және өз атымнан қайғырып көңіл айтамын. Мәлік Мұ-
хамеджанұлының иманы саламат болсын!

Иә, 14 жасынан бастап бүкіл ғұмырын әскери қызметке ар-
наған Мәлік Сапаровтың өмірі қысқа болды. 45 жасқа да толма-
ған ғұмырын ол жасындай жарқылдап жүріп өткізді. Кеудедегі
кішкентай жүрек кейде іштегі жалын күшке төтеп бере алмай
жанып кететін кездер де болады екен. Сол жалынды жүректің
тоқтағанын да бүгін, міне, 40 күн толды.

«Егемен Қазақстан» газеті,
25 шілде, 2003жыл.

**ОРЫС ӘСКЕРИЛЕРІН
ТАҢҒАЛДЫРҒАН ҚАЗАҚ ОФИЦЕРІ
биыл Ресей Қарулы Күштері Бас штабы Академиясының
қабырғасына өз атын алтын әріппен қашап жаздырып,
Алтын медальді кеудесіне тағып қайтты**

Бұдан тура бес жыл бұрын 39 жастағы полковник Мәлік Сапаров Ресей Қарулы Күштері Бас штабы Академиясын алтын медальмен бітіріп қайтқанда ол туралы осы газетке мақала жазып мақтағанбыз және ол үшін мақтанғанбыз. Себебі, бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің Бас штабы Академиясы бүгінде Ресей Қарулы Күштері Бас штабы академиясы деп аталады. Ал бұл оқу орнын дәл осылай бітіріп шығу екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін бақыт екенін тек әскери адамдар ғана түсінсе керек.

Әдетте, әскери училищені тәмамдағаннан кейін көптеген офицерлер өз мамандықтары бойынша (артилерист, зенитші, ұшқыш, тағы басқалар) арнайы әскери академияларды бітіріп жатады. Бірақ, Ресей Қорғаныс Күштері Бас Штабы Академиясының орны бөлек. Оны бітіргендер тек бір ғана мамандық бойынша емес, бүкіл әскери ілімнің барлығын меңгеріп, мемлекеттік деңгейде ойлайтын әскери маман дәрежесіне көтеріледі. Ресейдегі осы әскери Академияға арнайы келісім бойынша бізден әр жылдары екі-үш офицер барып, білім алып тұрады.

1996 жылы осы оқу орнын бітірген жүзден астам адамның ішінен 3 офицер алтын медальға ие болыпты. Оның бірі қазақ офицері Мәлік Сапаров еді. Ол азамат қазір Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары, генерал-майор.

Міне, дәл осындай оқиға биыл тағы да қайталанды. Бұл жолғы алтын медаль иесі – генерал-майор Жоламанов Нұрлан Айтманұлы.

Мен бұл кісімен 1999 жылы Алматыдағы шекара училищесінің бастығы кезінде танысқанмын. Қапшағай жақтағы әскери полигонға журналистерді алып барып, біраз «өнерлерін» көрсеткені есімде.

Шекара әскерлері қазір Қорғаныс министрлігінен алынып, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетіне қосылғаннан кейін Нұрлан Айтманұлы Қазақстан Қарулы Күштері Бас Штабы бастығының орынбасары қызметіне тағайындалды. Сол қызметте жүріп Ресей әскери Академиясына оқуға жіберілді. Нұрланмен негізгі әңгімені бастамас бұрын оны Алтын медалімен құттықтадық. Сосын сол медальді қолымызға ұстап біраз тамашаладық.

Генерал сол жақта жүріп түскен суреттерін көрсетті. Міне, мынау әскери Академия қабырғасына ілінген мрамор тақта. Онда төрт адамның аты-жөні қашап жазылыпты. Екінші нөмірдің тұсындағы «Жоламанов Нұрлан Айтманұлы» деген жазу көзімізге оттай басылды.

Ресей Қарулы Күштері Бас штабының Академиясы сонау бірінші Петр патшаның жарлығымен дүниеге келіген. Сол кезден бастап осы оқу орнын Алтын медальға бітіргендердің аты-жөнін алтын әріптермен тасқа қашап жазып, құрмет тақтасына іліп қою дәстүрге айналған. Тек Кеңес үкіметі кезінде ғана бұл дәстүр жалғасын таппапты. Биыл тұңғыш рет осынау тарихи дәстүр қайта жаңғыртылған. Сол алғашқы мрамор тақтаға біздің қандасымыздың да аты-жөні жазылғаны, әрине, мақтаныш сезімін тудырады.

– Ресей бас штабы Академиясын бітірген адамның білімі өзгелерден ерекше болатын шығар? Ол жақтан үйреніп қайтқандарыңызды ортаға сала отырыңыз, – деп Нұрланды әңгімеге тарттым.

– Сөз сыңайыңызды түсіндім. Ол жерде өзгеден ерекше бір білім дүниесін ешкімнің басына құя салмайды. Бұрыннан белгілі әскери ілімнің қыр-сырларына жаңаша қарауға ғана үйретеді. Соның әсерінен мына өмірде болып жатқан құбылыстарды еріксіз басқаша пайымдауға бейімделеді екенсің. Бұрын

мән бермеген жайттардың астарына өзіңше үңілесің. Сөйтіп, іштей толысасың. Бары осы,- деп ол әңгімені қысқа қайырды.

Әрине, әскери адам әскери Академияда оқыған-тоқығандарын түгелдей жайып салмасы белгілі. Мемлекетаралық келісім бойынша қаншама қаржы жұмсай отырып, орыстың соғыс өнерінің қыр-сырын зерттеп, зерделеп қайтқан бауырымызға ашыла сөйлемедің деп кінә арту да орынсыз сияқты.

Бұдан кейін Қазақстан әскерінің қазіргі жағдайын тілге тиек еттік. Енді ол шешіле сөйледі, кемшіліктерді де жасырған жоқ. Әсіресе, 1995-1998 жылдар аралығында Қазақстанда өзі басқарған Әуе қорғаныс күштері басқармасы таратылып кеткеніне іштей қатты күйінетінін жасырмады.

Біздер қашан да бір нәрсені бүлдіріп тастап, сосын оны қайта жасақтауға үйірсек екеніміз рас. Енді сол таратылған Әуе қорғаныс күштері қайта жасақталып жатыр. Қаншама материалдар мен көрнекті құралдар, техникалар, қару-жарақтар ысырап болды десеңізші.

Әлі есімде 1998 жылы Қапшағайдың маңында Нұрлан басқаратын Әуе қорғаныс күштері кезекті жаттығуларын өткізіп жатқан болатын. Оны телехабардан байқап қалған Елбасы ертеңінде бұл әскери жаттығуға өзі арнайы келіп қатысқан.

Жоғары Бас Қолбасшының күтпеген жерден келуі кімге де болса оңай тимесе керек. Сол жолы Елбасы бұл әскери жаттығуға өте жоғары баға беріп, ризашылығын білдіріп қайтты.

Екі күннен кейін полковник Нұрлан Жоламановқа Елбасы өз қолымен генерал-майор погонын тапсырған. Содан кейін іле-шала Нұрлан шекара училищесінің бастығы болып қызметке ауыстырылған. Ол өзі басқарған сол Әуе Қорғаныс күштерін тастап кеткеніне өкінеді. Егер өзі сол жерде бастық болып тұрғанда оның таратылуына жол бермес пе еді, кім білсін. Дегенмен генерал бүгін қайта түлеп келіп отырғандай.

— Қазақстан әскеріндегі генералдардың саны көп, сапасы аз деген көзқарас кейінгі кезде көрші елдердегі әріптестеріміздің ауызынан естіліп қалып жүргенін несіне жасырамыз. Дәл осы

жолы сондайлардың аузына құм құйдық-ау деймін. Біздер биыл Қазақстаннан Ресей Қарулы Күштері Бас штабының Академиясына төрт адам – екі генерал, екі полковник оқуға бардық. Олар – генерал-майор Уәли Еламанов, полковник Болат Дарбеков, полковник Алмас Абдұлманов. Осы жолы 130 адам Бас штаб Академиясының дипломын алып шықты. Оның төртеуі алтын медальді иеленгенін айттық. Ал бес адам қызыл дипломға бітірді. Сол бес қызыл дипломның үшеуін жоғарыда аттары аталған үш қазақ офицері алып кетті. Бұған қалай масаттанбасың, – деп Нұрлан рахаттана күліп алды.

Нұрлан Айтманұлы Ресей жерінде, яғни Орынборда туып-өскен азамат. Жөн сұраса келе екеуіміз құрдас болып шықтық. Мұны білгеннен кейін ол қазақы қалжыңға басты. Біраздан соң үй-іші, отбасы жайында әңгіме қозғадық.

– Мектепті бітіргеннен кейін Орынбордағы С.Орджоникидзе атындағы зенитші-ракеташылар командирлерін дайындайтын училищеге түстім. Оны бітірген соң Теміртауда зенитші-ракеташылар расчетін басқардым. 1980 жылы Семейде, сосын Венгрияда қызмет еттім. 1986 жылы КСРО Әуе Қорғаныс Күштері Академиясының штаб бастықтарын дайындайтын факультетіне түстім. Оны жақсы аяқтаған соң Германияға жіберді. Ол жақта полктың штаб бастығына дейін көтерілдім. 1992-1993 жылдары Тамбовтағы зенитші-ракеташылар полкінің штаб бастығы болып жүрген жерден туған елге оралдым. Келе сала Аягөздегі зенитші-ракеташылар бригадасына командир етіп тағайындады. 1998 жылы Алматыдағы шекарашылар училищесінің бастығы болдым. Одан кейінгі өмір жолдарымды жоғарыда айтып өттім ғой, – деп Нұрлан өз жайында қысқаша қайырып тастады.

Бала-шағасы, туыстары жайында сұрадым.

– Әйелім Семейдің қызы. Руы – найман. Екі қызым бар. Әйгерімім ҚазМУ-де оқиды. Дариям биыл бірінші класқа барады.

– Генерал мырза, ұсталған жерің осы болды. Неге ру жайында әңгіме қозғайсың? «Траиализм» деген пәлені құртамыз деп жүрген жоқпыз ба? Әзіл-шыны аралас, бір жағынан құрдастығымды бетке ұстап тиісе кеттім.

Бар білетін қазақшасын сарқа сөйлеп отырған Нұрлан тым қазақы болып көрінемін деп, артықтау кеткенін енді байқағандай. Әйтсе де болар іс болды дегендей енді турасынан тартты.

– Оның несі бар екен? Мен өзім кіші жүздің баласымын. Руым – таз,-деп қойып қалды. Отырғандар ду күлдік. Өзі де мәз. Сосын дереу күлкісін жиып алды да, әскери адамға тән қатулықпен қайта сөз бастады. – Менің әкем марқұм «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп отыратын. Бізді солай тәрбиеледі. Жанұяда он ағайындамыз – төрт қыз, алты бала. Олардың бәрі Ресейде жоғары қызметтерде ел басқарып жүр. Былтыр елге барғанда әкемнің досы, сексеннен асқан бір қариядан бүкіл ата-бабамыздың шежіресін жазып алдым. Соңынан осының бәрін растап астына қолыңызды қойыңыз дедім. Қолын қойды. Қате болса келешек ұрпақ алдында өзі жауапты болатынын да ескерттім. Сөйтіп, мен қазір он бесінші ата-баба дейінгі шежірені жақсы білемін. Но этим кто злоупотребляет – тот настоящий подлый человек! Он – враг наций!– деп қызулана орнынан атып тұрған Нұрланды «сап-сап» деп орнына қайта отырғыздық.

– Бұл пікіріңді мен газетке жазамын,- деп тағы да оны әзіл-шыны аралас қажай түстім.

– Жаза бер. Не айттым, бәрін жаз! Айтпайтын нәрселерді бәрібір айтқаным жоқ. Ол, әрине, әскери құпия мәселесі екені түсінікті ғой,- деп Нұрлан әңгімесін аяқтағандай сыңай танытты.

Мен оның айтқандарының барлығын бұл жолы толықтай жеткізе алмадым. Ол – Қазақстан Армиясындағы Әуе Қорғаныс күштерінде қызмет етіп жүрген жігіттердің жанкешті еңбектері мен жетістіктері жайындағы пікірлері еді. Сәті түссе тағы бірде ол жігіттер жөнінде де жазармыз. Әзірге бары осы.

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 қыркүйек, 2001 жыл.

ҚАЗАҚ ГЕНЕРАЛДАРЫ

«Генерал» деген сөз латынша – ортақ, бәрінің басшысы деген мағынаны білдіретін әскери атақ.

Патшалық Ресей әскерінде бұл шен XVII ғасырдан бері бар. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орыс әскерінде генерал-майор, генерал-лейтенант, инфантерия-генералы атты жаңа атақтар пайда болды. Ал, 1940 жылдан бастап КСРО Армиясына – генерал-майор, генерал-лейтенант, генерал-полковник, армия генералы деген шендер кіргізілді. Халықаралық қалыпқа сай алынған осы үлгі қазірге дейін барлық мемлекеттерде, оның ішінде Қазақстанда да қолданылып келеді.

Біздің еліміз әскеріндегі қазіргі ең жоғары әскери атақ – армия генералы. КСРО кезінде бұдан жоғары әскери атақ – маршал болатын. Бұл шен сол кезде санаулы адамдарға ғана берілді. Ресей әскерінде қазір маршал атауы жоқ. Басқа шет мемлекеттерде де бұл әскери атақ қолданыстан шыққан.

Тарихта маршалдан да жоғары тағы бір әскери атақ болған. Ол – генералиссимус деп аталады. Бұл латын сөзінен шыққан. Ең жоғары басшы деген мағынаны білдіреді. Жалпы, дүние жүзіндегі ең жоғары әскери атақ – осы. Ресей әскеріне 1716 жылы енгізілген бұл атақты да санаулы адамдар ғана иеленген. Олардың ең соңғылары – А.В.Суворов және И.В.Сталин. Бұл әскери атақ та қазір ешбір елде қолданылмайды.

Таяуда Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен әскердің, Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генералдарынан басқа генералдардың бәрінен, яғни, кеден, прокуратура, темір жол, тағы басқа осындай жартылай әскери қызмет салаларынан генерал атақтары алынды. Дұрыс. Өйткені, генерал деген әскери шен о баста асқан ерлігі мен жаужүректілігі, әрі талантты қолбасшылығы үшін, біліктілігі мен білімдарлығы үшін берілетін жоғары әскери атақ болған.

Генерал шенді адамды кезінде Ресейде қатты қастерленген. Тіпті, қызметтен кеткеннен кейін патша өз өкімімен оларға арнайы жер бөліп, жағдайларын мемлекет тарапынан ұдайы назарда ұстаған. Егер, мемлекет аппаратындағы жоғары шенеуніктер өз қабылдауына келген генералды төрт минуттан артық күткізіп қойса, қатаң жазаға тартылған.

Енді осы тұрғыда біз қазақ ұлтынан шыққан атақты қолбасшыларымызды санамаласақ, тарихи тұлғалар – Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай бабаларымыз еске түседі.

Алайда, шын мәнінде генерал деген халықаралық әскери атақты иеленген қазақ қандастарымыздың жөні басқа. Кеңес дәуіріндегі орыс армиясында қанша қазақ генералдары қызмет етті? Қазір қаншасы қалды? Олар бұл өмірде бар болса, не бітіріп жүр деген сауалдар төңірегінде, тағы басқа деректер жөнінде ой қозғағанды жөн көрдік.

Патшалық Ресейдегі қазақ генералдары

Дәл қазір шетелдерде қазақ генералдары бар ма? Бұрын ол жақтарда қанша қандастарымыз қызмет еткен деген тақырыпта әңгіме өрбітіп көрейік. Бұл ретте біз тарих ғылымының кандидаты М.Әбдіровтың патшалық Ресей әскеріндегі қазақ офицерлері мен генералдары жайында жазған «Шенді шекпен» атты ғылыми мақаласын да («Ақиқат» журналы, 1997ж, №3) бір сәт назарларыңызға ұсынамыз.

Мұнда қазақтардың орыс армиясында әскери қызмет атқару кезеңі XVI ғасырдың аяғына жататынын айта келіп, сол кезден бастап 200-ге жуық жоғары шенді қазақ офицерлері қызмет еткені жазылған. «Кіші жүзден біздің есебімізше 4 генерал-майор шыққан, – дейді М.Әбдіров. – Оның біріншісі – Әбілқайырдың шөбересі, Ішкі Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бөкеев қазақ тарихындағы белгілі тұлға болып табылады. Генерал-майор атағы оған 1840 жылғы 1 желтоқсанда берілді.

Сол сияқты Әбілқайырдың немересі, Айшуақтың ұлы Баймұхамед Айшуақов та генерал поғонын тақты.

Баймұхамедтің (ел аузында және Махамбет жорықтарында Баймағанбет) баласы Мұхамеджан Баймұханбетов те генерал-майор болған». Бұл үш қазақ патша әскерінде тікелей қызмет еткен әскери адамдар болмаса да қазақы шекпендеріне генерал погонын тағып, ел ішіндегі ішкі әкімшілік жұмыстарды белсене жүргізген көрінеді. Ал, мына – төртінші қазақ генералының жөні бөлек. Жоғарыдағы мақаладан үзінді келтірейік: «Хан Жәңгір Бөкеев балаларының ішінен айрықша белгілілері – Ғұбайдолла Жәңгіров (Князь Шыңғыс) та Санкт-Петербургтегі Паж корпусын бітірген. Ол әскер тегіндегі толық генерал болған тұңғыш қазақ», - дей келіп, автор оның қызметі казак полкында лейб-гвардия корнетінен басталғанын, кейін ротмистр болғанын айтады.

Дон казак әскерлерінің сайламыш атаманының жанында аға офицер, 1868 жылы полковник, 1877-1878 жылдардағы орыс-түрік соғысына қатысқаны үшін генерал-майор, 1888 жылы генерал-лейтенант шенін алған. Сонымен қатар, Ғұбайдолла Жәңгіров патша министрліктері мен департаментінің біразын басқарған. 1894 жылы атты әскердегі кавалерия генералы деген жоғары шенге ие болыпты.

Бүгінде бұл әскери шен – армия генералына тең әскери атақ. Мұндай дәрежесі бар әскерилер жеке әскери округтарды басқаруға тиіс. Мәселен, атты әскер генералы, Жәңгіровтың замандасы Каульбарс деген генерал-лейтенант Одесса әскери округын басқарған. Ғұбайдолла Ресейдің көптеген наградаларымен қатар шетел ордендеріне ие болғандығы белгілі болып отыр.

Бұл – бүгінгі ұрпақ үшін мақтанарлық жайт. Патшалық Ресейге бодан елдің өкілі сол кезде оның өркөкірек офицерлерінің арасынан жарып шығып, өздеріне соғыс өнерін үйретуі екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екені түсінікті шығар.

Шетелдердегі қазақ генералдары

Журналист Жанболат Аупбаевтың «Таңғажайып тағдырлар» деп аталатын кітабын парақтап отырмын. Мұнда осы

мақаламның тақырыбына қатысты екі құнды дерек бар. Оның біріншісі – Моңғолиядағы қазақ генералы С.Зайсанов жайында жазылған қысқа хабар да, екіншісі – Қытайдағы қазақ генералы Қ.Рүстемұлы туралы дерек.

Енді кітаптағы екі генерал кім екенін оқырманға қысқаша жеткізуге тырысайын. Генерал Зайсанов қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан өңірінде өткен ғасырдың басында өмірге келіпті. Тоғыз-он жасында татар саудагерлерінің лаушысы болып, Моңғолияға барады. Қайтарда қожайындарынан көз жазып қалады. Уақыт өте келе сондағы бір ауылда асыранды балаға айналады. Кейін Моңғолия өкіметінің жіберуімен Кеңес Одағындағы әскери ұшқыштар училищесін бітіреді. 1939 жылы Халхин-Гол шайқасына қатысып, жапондардың талай ұшақтарын жер қаптырады. 1941 жылы Кеңес Одағындағы Ұлы Отан соғысына баруға сұранған екен. Моңғолия әскери басшылығы жібермепті.

Содан, ол Моңғолия Әуе қарулы күштерінің бас қолбасшысы болып тағайындалып, генерал-майор лауазымын иеленді. Авторға бұл деректі айтқан адам – тарих ғылымының докторы Зардыхан Қинаят. Моңғолиядан атамекенге қоныс аударған бұл қандасымыз әңгімесін: «Өмірінің соңғы жылдарында жан жалғыздығынан жәбір көрді-ау деймін, 1950 жылдары басқалқа іздеп Қазақстанға келіпті. Бірақ, ол кезде Мәскеуде тұратын Шәкір Жексенбаевтан басқа бірде-бір генералы жоқ атамекенге оның басы сыймапты. Жылай-жылай кері қайтқан.

Сөйтіп, бұл кісі 1965 жылы Улан-Батордағы аурухана бөлмесінде жападан-жалғыз жатып, өмірден өтті. Қазір Зайсановты білетіндердің қатары сиреп, есіл азаматтың аты ұмтылуға жақын-ау, сірә, деп ойлаймын іштей», – деп аяқтайды.

Биылғы тамыздың бірінші жартысында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдердің бірлескен әскери жаттығулары алғашында Қазақстан жерінде бастау алды да, кейін Қытай жерінде жалғасты. Осы шараға бірнеше журналист қатыстық. 10 тамызда шекарадан өткеннен кейін жол бойындағы бір елді

мекенде Қытай әскерілері ШОС-қа мүше алты мемлекеттің әскери делегацияларын салтанатпен қарсы алу рәсімін жасады. Бұл шаралардың бәрін ұзын бойлы, қарасұр, жасы елудің ар жақ-бер жағындағы генерал ұйымдастырып жүрді. «Қытай елінде де осындай ірі адамдар болады екен-ау» деп ойладым.

Тіпті, біздің және көрші елдердің әскерілерінің арасында дәл осындай бойшаң адам әзірге көзіме шалынған емес. Бәріміздің төбемізден төніп тұрғандай көрінген генералдың түсі тым жылы. Әсіресе, қазақтарға жымия қарап, басын иіп, анадайдан ілтипатпен амандасады. Шығыстық дәстүрдің бірі ғой деп біз де бас изесіп қоямыз. Келесі күні әскери жаттығулар басталды. Алты елдің қаптаған генералдарының арасынан кешегі генерал қарқарадай болып, анадайдан көзіме түсе берді. Ары-бері сапырылысқан адамдардың арасынан бірде қарсы ұшырасып қалдық. Тағы сол жылы жымиыспен амандасу рәсімін білдіріп өте шықты. Жаттығу аяқталған соң қайтар күннің қарсаңында ҚХР қорғаныс министрі Құлжа қаласындағы үлкен мейрамханада қонақтарына дастарқан жайды. Әр елден келген делегация жеке-жеке отырып, салтанатты кеш қыза түсті. Біраздан кейін журналистер отырған дастарқан басына менің көзіме жиі түсе берген сол ұзын бойлы генерал-майор мен тапал, төртпақ денелі генерал-лейтенант келді. Генерал-лейтенант қолындағы рюмкасын жоғары көтеріп тұрып, қытайша сөйлеп қоя берді. Қасымызда аудармашы болмағандықтан, бір-бірімізге қарап аңтарылып қалдық.

Сол кезде ұзын бойлы генерал-майор журналистердің арасындағы жалғыз қазақ – маған қарап:

– Бауырым, мына кісі Шыңжаң әскери округінің қолбасшысы. Мен – осы округ Штабы бастығының орынбасарымын. Бұл кісінің сөздерін саған қазақша жеткізейін. Сен жаныңдағы журналистерге орысша аударып тұр,- деді таза қазақ тілінде. Сөйтіп, округ басшының сөзін орыс тілді әріптестеріме сол күйінде аударып жеткіздім. Өз кезегінде журналистер де қолбасшыға жылы тілектерін білдірді. Мен оны қайтадан қазақшаға, генерал-майор қыташаға аударды. Екі жақ та риза көңілмен рюмкаларын босатып тастады.

Бұдан кейін мен көрші үстелде отырған Қазақстан Қарулы Күштері генералдарының біреуін қасыма ертіп, алпамса денелі қытай генералының жанына жақындадым. Жөн сұрастық.

– Есімім – Жәрке, фамилиям – Бекет, сіздерше айтқанда Бекетов. Қазақтың. 52 жастамын. Алтайда туғанмын. Үйлі-барандымын. Қызметімді жаңа айттым. Бұдан басқа саған өзім жайында ақпар бере алмаймын, бауырым,– деді, жылы жымысп.

– Қытай әскерінде сізден басқа қазақ генералдары бар ма?– деп сұрадым.

– Өзірге мен ғана. Бұрындары бір адам болған.

– Естелік үшін суретке түссек қайтеді?

– Бұл жерде болмайды ғой, бауырым. Ертең мен сендерді шекараға дейін қайта шығарып саламын. Сонда суретке де түсерміз. Жол бойы еркін әңгімелесерміз, деп, қолымды қос қолдай қысты. «Түсінесің ғой» дегенді осы ишарадан-ақ байқадым. Ертеңінде журналистер басқа бағытта, әскери делегация басқа бағытта қайтатын болып шешілді. Біз отырған автобус жүргелі тұр. Жан-жағыма алаңдап қарай беремін. Автобус енді жылжи бастағанда дәл мен отырған тұстағы терезенің алдына келіп ұзын бойлы генерал, яғни Жәрке ағамыз жымыя қол бұлғады. Мен де қол бұлғап кете бардым.

Жанболат Аупбаевтың «Таңғажайып тағдырлар» атты кітабында Қытайдағы қазақ генералы Хасен Рүстемұлы жайында жазылған мақаланы тағы бір оқып шықтым. Генерал-майор Жәрке Бекетовтың айтқаны осы кісі болса керек деп түйдім. Сондықтан, Х.Рүстемұлы туралы деректерді тағы да оқырман назарына ұсынғанымыз артық етпес деп шештім..

Х.Рүстемұлы – өткен ғасырдың басында Қазақстанның Шығыс өңірінен арғы бетке ауып барған Ыбырайым деген адамның ұрпағы. 1921 жылғы Гансу өлкесінде дүниеге келген Хасен тоғыз жасында тіршілік қамы үшін Жан Жия Мин деген қытай есімін иеленді. Жоқшылық пен қайыршылықтан құтылсам деген оймен, 12 жасында жаңадан құрылып келе жатқан Қытай қызыл армиясы қатарына кіріп, әуелі сырнайшы, сосын байланысшы қызметін атқарды. Бұл 1931-1933 жылдары еді. Хасен кейін

барлаушы болып, Янань бекінісіне жасалған шабуылда ерлік көрсетеді. 1936 жылы Қытай Коммунистік партиясы қатарына қабылданады. 1939 жылы партизандық соғыспен ұлы жорық жасап келе жатқан Мао-Цзе-Дунның оққағары әрі көмекшісі болып жұмыс істейді. Лю Син деген қытай қызына үйленеді. 1949 жылы Қытай Халық Республикасы құрылады. 1951 жылы полковник шеніндегі Х.Рүстемұлы осы елдегі танк армиясының құрушысы әрі 1-ші танк мектебінің бастығы болып тағайындалады.

1953 жылы мемлекеттік әскери істер комитетіндегі сауытты автомашина бөлімінің бастығы болады. 74 жылдық ғұмырының 54 жылын Қытай армиясын қалыптастыруға жұмсаған генерал Жан Жия Миннің 1983 жылғы соңғы қызметі – Мемлекеттік құрылыс армиясы бас басқармасы қолбасшысының орынбасары. Осы қызметтен отставкаға шығады да, 1984 жылы Іле қазақ автономиялы облысы құрылуының 30 жылдық мерекесіне орай оның орталығы Құлжа қаласына келеді. Сол жылдары генерал Жан Жия Мин өзінің ұлты қазақ екенін, әке-шешесінің азан шақырып қойған аты Хасен Рүстемұлы екенін жария етеді. Генерал Хасен қазір Пекинде тұрады.

Кеңестік қазақ генералдары

Жоғарыда Зайсановқа байланысты: «Мәскеуде тұратын Шәкір Жексенбаевтан басқа бірден-бір генералы жоқ атамекенге оның басы сыймапты» деген сөздер естеріңізде шығар. Иә, Шәкір кеңестік дәуірдегі алғаш қазақ генералы еді. Бұл 1943 жылы болатын. Одан кейін, әр жылдары Байкенов, Байтасов, Кереев сияқты генералдар шыққан. Бұл ағаларымыз ҚСЭ-ге толық кіргендіктен, кеңірек тоқталуды жөн көрмей отырмыз. Артық айтсам, оқырман кешірсін, мен үшін осы мақалада аттары аталған қазақ генералдары қамал бұзған қас батырлардай көрінеді де тұрады. Өйткені, бөгде елдің әскері қатарында жүріп, оның генералы болуы қамал бұзу емей немене. Енді осы орайда даңқты батырымыз Бауыржан Момышұлының әскери өмірін еске алайық. Баукең генералдық қызметті

атқарғанымен, яғни дивизия командирі болғанына қарамастан, ол кісіге генерал шені берілмеді. Орыс генералдары Баукеңді соғыс кезінде-ақ өздерімен тең тұтып, кейбіреуі, тіпті өздерінен жоғары қойса да империялық пиғылдағы кеңестік әскер басшылары оған генерал шенін қимады. Кеңес дәуірінде Ішкі істер министрлігінде, КГБ-да генерал погонын таққан қазақтар да болған. Олардың ішінде қызмет бабы бойынша тілдескендерім – Рүстем Хайдаров, Мұрат Қалматаев, Сләм Исабаев, Жүкен Марденов тағы басқалар. Бұл кісілер жайында кейінгі кезде жиі жазыла бастады. Таяуда осы генералдардың бірімен (аты-жөнін әдейі атамай отырмын) газет тапсырмасымен жолығуыма тура келді. Ол кісі қазір өзінің жеке күзет және қауіпсіздік деп аталатын фирмасын басқарады. Кезінде Ішкі істер министрлігінде жоғары лауазымды қызмет атқарған. Жоғарғы Кеңестің екі мәрте депутаты болған. Әйгілі «Желтоқсан оқиғасы» кезінде алаңдағы жастарға араша түскен генерал да осы кісі.

Сол үшін оны КСРО басшылығы ұлтшыл адам ретінде өздерінше «жазалап», Ауғанстандағы соғысқа жібергені де есімізде. От пен өрттің арасынан аман қайтқан генерал әлі тың екен.

Бірақ, көңілсіздеу сөйлеп отыр.

– Кеше аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бастығына өз жұмысымызға қатысты бір шаруалармен жолығайын деп барып едім, есігінің алдындағы хатшы қыз аты-жөнімді, әскери шенімді, қазіргі қызметімді жазып алып, ішке кіріп кетті.

Сәлден кейін шықты да: «Күте тұрыңыз», – деді. Күттім. 15 минут өтті, 20 минут өтті, әлі күтіп отырмын. Іште біреулер бар шығар деп ойладым. Жарты сағаттан асты. Хатшы қызға ескертіп едім, ол есіктен сығалады да, қайта жаба қойды. Іште кім бар екенін сұрадым. «Бастық телефонмен сөйлесіп отыр» дейді. Тағы күттім. Болмаған соң кіруге ыңғайландым. Хатшы қыз шырылдап кеп алдымды орады. Бар жауапкершілікті өз мойныма алатынымды ескертіп, ішке ендім.

Бастық дегеніміз бір дудар бас жас келіншек екен. Екі аяғын айқастырып қойып, телефон арқылы әлдекіммен қысыр

әңгімені судай сапырып отыр. «Шырағым, мен ...» деп өзімді таныстыра бергенім сол еді:

– Генерал болсаңыз қайтейін. Сіз мен үшін осы аудандағы жүздеген зейнеткерлердің бірі ғанасыз. Қане, шығыңыз бөлмеден! – деп ызбарлана орнынан тұрып, есікті нұсқады. Бұдан әрі шыдай алмадым. Ақыры әлгі көргенсіз әйелді сабасына түсіруіме тура келді, – деп генерал ағамыз әңгімесін аяқтады. Көңіл күйі соған байланысты бұзылып отыр екен.

«Генералдар кеңесі»

2001 жылдың қаңтар айында Алматыда «Генералдар кеңесі» деп аталатын қоғамдық бірлестік құрылғанын екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Бұл ұйымның құрамы кезінде Қорғаныс министрлігінде, Ішкі істер министрлігінде, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, прокуратурада қызмет етіп, зейнетке шыққан генералдардан тұрады. Негізгі мақсаттары – Қазақстан Республикасының Президенті жүргізіп жатқан реформасының, оның ішінде құқықтық реформаның жедел жүзеге асуына қолдарынан келгенше көмектерін тигізу болып табылады. Олар сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен қарақшылыққа, халықаралық лаңкестікке қарсы күреске өз үлестерін қоса отырып, тәртіп сақшылары мен Отан қорғаушыларының жаңа буынын қалыптастыру жолында тәжірибелерімен бөлісу, әлем елдеріндегі озық қару-жарақ түрлерін оқып-меңгеру ісіндегі ізденістерді бір жүйеге түсіру, қызмет бабында жарақат алған жауынгерлерге әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қолға алу, ең бастысы, болашақ ұрпақтың отансүйгіштік сезімін ояту, тағы сол сияқты ізгі ниеттерді мұрат тұтыпты. Иә, қазіргі кезде тәуелсіз Қазақстанның өз генералдары бар. Еліміздің ішкі-сыртқы қауіпсіздігін сақтау жолында олардың алар орны ерекше екендігіне сөз жоқ. Ертең олар да зейнеткерлікке шығады. Сонда өздерінің бай тәжірибелерін осы «Генералдар кеңесі» қоғамы арқылы болашақ ұрпаққа жеткізуге мүмкіндіктері болады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
26 қараша, 2003 жыл.**

ҚАҺАРМАННЫҢ ҚАБАҒЫ НЕГЕ КІРБІҢ?

**Әйгілі партизан Қасым Қайсеновтың
әскери шені қандай еді!?**

«Өзге емес, өзім айтам»... Биылғы жылдың 26-27 ақпан күндері «Егемен Қазақстан» (№39,40) газетінің беттерінде осындай тақырыппен көлемді екі мақала жарық көрді. Авторы – бұрынғы партизан отрядының командирі, Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов. Газетті жаздырып алатын оқырмандардың бәрі осы мақаланы түгелдей оқып үлгірмеуі де мүмкін. «Қасым ағаның ерлік жолдарына бұрыннан қанықпыз ғой» деп көңіл бөлмей өткендер болса, сол күнгі газетті тауып алып қайта оқуға кеңес берер едім.

Таяуда Шерағаң (Шерхан Мұртаза) елдің құлағына үйреншікті болып кеткен зор даусымен мені мынадай сұрақтардың астына алды:

– Сен әйгілі партизан Қасым Қайсеновты білесің ғой?

– Білем, білем...

– А-ал, ендеше кезінде сол полкқа парапар партизан отрядының командирі болған, бүгінде Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтың әскери шені қандай екенін білесің бе?

– Үндей алмай қалдым.

– Білмесең айтайын. «Қасым Қайсеновте «ефрейторлік» шен де жоқ» дейтіндер бар көрінеді. Жеңістің 50 жылы қарсаңында Жазушылар одағы майдангер жазушылардың біразына әскери шен беру жөнінде Қорғаныс министірлігіне ұсыныс жасапты. Солардың ішінде Қасым Қайсеновке «полковник» шенін беруді сұрапты. Қорғаныс министірлігіндегілер «Қ. Қайсеновте о баста офицерлік шен болғандығын дәлелдейтін құжат жоқ» деп бұл ұсынысты қанағаттандырмапты. Сонда қатардағы жауынгер полк басқарған ба?! Осы жағын зерттеп көрші,– деп сөзін аяқтады.

«Өзге емес, өзім айтам»... атты мақаланың не үшін жазылғанын, оның астарында не жатқанын енді ғана түсінгендеймін. Халық Қаһарманы өзінің әскери шені туралы бұл жерде ештеңе айтпайды, тек Чапаев атындағы №8 партизан құрамасында (дивизиямен бірдей) отряд (полкпен бірдей) комондирі болғанын жеріне жеткізе дәлелдеген. Сөйткен де қалғанын өздерің білесіңдер ғой, яғни әскери шен жөнінде әскерилерге бұдан артық түсіндірудің қажеті не деген оймен тұспалдап қана өте шыққан сыңайлы.

Халық Қаһарманымен осы мәселе жөнінде арнайы жолыққанымда ол кісі Қорғаныс министірлігі кадр бөлімінің бастығына қатты ренжіп отырғанын жасырмады. Мәселе былай болғанға ұқсайды.

Қ. Қайсеновке «полковник» шенін беру жөнінде Қазақстан Жазушылар одағынан ұсыныс жасалғаннан кейін Қорғаныс министірлігіндегілер ол кісінің құжаттарын мұқият қарап шықса керек. Ал бұл құжаттарда шынында да Қ. Қайсеновтің ешқандай әскери шені көрсетілмеген. Ендеше, ол қатардағы жауынгер болып саналады. Бұл жерде ешкімге кінә қоя алмайсыз. «Қатардағы жауынгер бірден «полковник» шенін бер деп елді неге мазалайды?». Қасым Қайсеновке телефон шалған генерал сұрақты дәл осылай қойған сияқты. Бұл қаһарман партизанның төбесінен жай түскендей әсер етіпті. Өйткені, ол ешкімнен әскери шен сұрамаған. Жазушылар одағы өзіне «полковник» шенін беру жөнінде ұсыныс жасағанынан да бейхабар. «Мына балалар мені шынымен-ақ қатардағы жауынгер деп ойлайды екен-ау. Менің әскери шенім «майор» екенін, партизан отрядының командирі екенімді олар қайдан білсін?». Міне, осындай ойға келген қаһарман сексенге қараған жасында тағы да қолына қалам алып, өзі туралы өзі айтуға кіріскен.

«Егемен Қазақстанда» жарияланған мақаланың дәл ортасында Қ. Қайсенов пан А. Тканко деген полковник екеуі қатар түскен сурет жарияланыпты. Бұл суретке олар былтыр, 1996 жылы қараша айында Қазақстанның Украинадағы күндері

кезінде түсіпті. Ол кезде бұл екеуін елдің бәрі майдандас достар деп ойлаған. Суретке қараған адам да солай ойлайды. Бірақ, полковник Тканко қанды соғыс кезінде алаяқтықпен айналысып, Қ. Қайсеновке тиесілі Совет Одағының батыры деген атақты иеленіп кеткенін екінің бірі біле бермейді-ау. Яғни Днепр өзенінен өтіп, өшпес ерлік көрсеткен партизан отрядының командирі мен едім деп жоғары жаққа барып өтірік мәлімдеген. Бұл жайында Қ. Қайсенов аталған мақаласында өзі егжей-тегжейлі баяндағандықтан, оған тоқталмаймыз. Осы шындыққа көз жеткізгісі келген мамандар «Днепр – река героев» (17-бет), «Украинская ССР в годы Великой Отечественной войны Советского Союза» (346-бет). «Штурм восточного вала» (авт. Тарих ғылымдарының кандидаты Г. М. Уткин 148-бет), «Через карпаты» (авт. А. А. Горечко (215-бет) деген кітаптарды сәл парақтап шықса, Қ. Қайсеновтің кім екеніне көздері бірден жетер еді.

Сонда олар 1943 жылғы қыркүйектің 21-нен 22-не қараған түні 600-ден астам адамды басқарып, қантөгіспен Днепр өзенінің биік жағасына жау шебін бұзып өткен адам А. В. Тканко емес, қаһарман қазақ Қ. Қайсенов екенін білер еді. Қ. Қайсенов жоғарғы жақтан келген: «Днепрге өткел салып жатырмыз, күндізгі сағат бірге дейін жау шабылуына төтеп беріңдер!» деген бұйрықты жанталаса орындап жатқанда Тканко деген оның орынбасары Хрушевтің (Украин майданының қолбасшысы) қабылдауына барып: «Григоревка селосы тұсынан Днепрден бірінші болып өткен Чапаев партизандар отрядының командирі – мен» деп мәлімдеген. Сөйтіп, оның қолынан «Алтын жұлдызды» алып кеудесіне таққан.

Міне, осы жәйттердің бәрін таяуда қорғаныс министрінің тәрбие және құқық пен әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, генерал-майор Әмірбек Әнуәрбекұлы Тоғысов мырзаға түсіндіруге тырыстым.

Ол кісі Қ. Қайсеновке байланысты құжаттардың шекесіне «Мүмкіндігінше қанағаттандыруға тырысыңдар!» деп қол қойыпты.

– Өкінішке орай, Қасым ағамыздың әскери шені жөнінде ешбір құжат таба алмадық,– дейді Әмірбек Әнуарұлы. Рас, Қасым Қайсеновтың әскери шені көрсетілген ешбір құжат жоқ. Алайда ол 1941 жылдың 20 қарашасынан 1942 жылдың 6 желтоқсан аралығында Украинадағы жасырын партизан ұйымының жетекшісі болғанын, 1943 жылдың 1 қыркүйегіне дейін топ командирі, 1943 жылдың 1 қыркүйегінен 1944 жылдың 8 қазанына дейін Чапаев атындағы партизан отрядының командирі болғанын айғақтайтын куәлік бар.

Куәліктің жоғарғы жақ бұрышында «СССР Украинский штаб партизанского движения. Декабрь 1944 г. №2836» деген жазу тұр. Төменгі жағына дөңгелек мөр соғып, штабтың кадр бөлімі бастығы қол қойған. Партизан Қасым Қайсенов соғыстан қайтқанда тек осы құжатты ғана қолына алып кете барған. Қорғаныс министріндегілер бұл құжатқа аса мән бермеген тәрізді. Генералдың орынбасары М. Ж. Шәмпиев мырзаның қабағынан осыны аңғарып қалдым. «Партизан отрядының құрамы әртүрлі болады. Бәлкім ол 10 адамнан, 100 адамнан, тіпті 1000 адамнан тұруы мүмкін» дегендей немқұрайлылық танытқандарына көңілім толмады. Жоғарыдағы кітаптарды қарап шығуға кеңес бердім. Қ. Қайсеновтың «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалаларын көрсеттім.

– Қасым Қайсеновтың барлау мектебінде оқығандығын, оған кезінде «лейтенант» шені берілгендігін растайтын құжат жіберуді өтініп, Падольск қаласындағы Ресей қорғаныс министірлігінің орталық архивіне хат жазғанбыз. Жауап жоқ. Қажет болса, тағы да сұрау салайық,– дейді полковник М. Шәмпиев мырза.

– Қанша сұрау салсаңыздар да ол жақтан күткендегідей жауап болмайды. Себебі, Қ. Қайсеновтың айтуына қарағанда 1939 жылдан бастап ол оқыған барлаушылар мектебі жылжымалы жағдайда жұмыс істеген. Яғни, бірде Мәскеу түбіндегі әскери гарнизондарда, бірде Калининск, бірде Падольск қалаларының маңындағы әскери бөлімдері құрамында сабақ өткіз-

ген. Осы мектепте үш жыл оқығаннан кейін, 1941 жылдың қараша айында бітірушулерге «лейтенант» шенін беріп, әрқайсысын диверсиялық ротаның командирі етіп тағайындап, жау тылына парашютпен тастаған көрінеді. Қолдарына ешқандай құжат ұстатпаған.

Партизан отрядының командирі болып жүргенде Қ. Қайсен-овке «майор» шені берілгені жөнінде орталық партизан штабынан рация арқылы хабарланған. Оған куә адамдар жазбаша дәлелдемелерін жазған. Ол дәлелдер күні бүгінге дейін сақтаулы тұр. Елге тек біржапырақ қағазды ғана алып қайтқан партизан Қ. Қайсенов әскери шен туралы мәселені еш жерде бұған дейін көтермепті. Бейбіт өмірде оның қажеті қанша деп ойласа керек. Бүгінде қайта сөз болып отырған осы мәселеге тек тарихи шындық тұрғысынан келмесеңіздер, көз жеткізу қиын,- деп Қасым ағаның маған айтқан көп әңгімесінің бірін осы арада тағы қайталап үлгердім. Айтқанымнан не пайда, бұл жігіттер «Падольскіден екінші рет сұрастырып көрейік» деумен шектелді.

Генералдан шығып, баспалдақпен төмен қарай түсіп келе жатқанымда қарсы қабырғадағы бір топ суретке көзім түсті, Батырлардың портреттері. Ішінен Қ. Қайсеновті іздедім. Көзіме түспеді. Сөйтсем, бұлар Совет Одағының батырлары екен. Қазақстан Халық қаһармандарына олардың қатарынан орын жетпегендей. Сонда, Қазақстан Армиясы тек Совет Одағының батырларын ғана құрмет тұта ма деген ой келді.?

Сыртқа шықан соң Қасым ақсақалдың мына бір сөзі есіме түсті.

– Қарағым, сен мені дұрыс түсін,- деп еді ол кісі осының алдында жолыққанымда. – Мен біреуден шен сұраппын ба? Қорғаныс министірлігіндегі балалардың қарадан-қарап үйде жатқан маған телефон шалып: «Сен қатардағы жауынгерсің, ешқандай офицерлік шенің жоқ» деп тиіскендері несі? Менің «майор» деген шенім болған, сол жетеді. Оны ешкімге дәлелдегім де келмейді. Ал, оған күмән келтіргендер бұл мәселені зерттеп, зерделеріне сәуле түсіріп көрсін!- деп батыр ағамыз дүр сілкініп барып басылған.

Шынында, зерттеп, зерделеген адам сонау КСРО-ның қаңсығы болып қалған архивке қайта-қайта хат жазып әуре болмай-ақ, тайға таңба басқандай көрініп тұрған тарихи шындықты басшылыққа алып, өз қаһарманының бұрыннан бар әскери шенін тағы бір асқақтата салса қайтер еді? Бір кездегі атағы әлемге әйгілі КСРО қорғаныс министірі А. А. Гречко марқұм Қ. Қайсенов 120 партизанмен қоса, 400 ден астам әскерилерге басшылық жасағанын, сөйтіп Днепрден өтуде Кеңес әскерлеріне жол ашқанын баса көрсеткен жоқ па өз кітабында.

Сонда отрядтың құрамындағы батальон, рота, взвод командирлеріне қатардағы жауынгер Қ. Қайсенов басшылық жасады деп түсінеміз бе? Бұл ақылға сыймайтын құбылыс. Взвод командирінің әскери шені «лейтинанттан» басталса, батальон командирлерінің тіпті ең ары барғанда «подполковникпен» аяқтауға тиіс. Сонда оларға бұйрық беріп тұрған қазақ азаматы Қ. Қайсеновтың әскери шені қандай дәрежеде болуға тиісті?

Сондықтан, Қазақстан Қорғаныс министірлігіндегі бауырларымыз өздері мән бермей келген бұл қисынсыздықты тез арада жөндеп, тарихи шындықты басшылыққа ала отырып, мәселені оң шешеді деп сенгіміз келеді.

Түсінген адамға, бұл әскери шен қаһарман Қасым Қайсеновке емес мына бізге, бізден кейінгі ұрпаққа керек.

Тарихи шындықты бұрмаламай, батырларымыздың рухын төмендетпей, ерлікті қастер тұту үшін керек.

«Егемен Қазақстан» газеті,
5 сәуір, 1997 жыл.

ҚЫРАН ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

«Қаһарманның қабағы неге кірбің?» атты мақала «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көргеніне он күндей өткен соң Қасым ағаның өзі редакцияға телефон шалды. Аман-саулықтан кейін:

– Қорғаныс министрлігінен не хабар бар? Әй, олар қазақша газетті оқиды дейсің бе? Министрдің өзі қазақша біле ме екен,– деді.

– Сондағы баспасөз қызметінде істейтін жігіттердің айтуына қарағанда, министр мырза қазақша өте жақсы білетін сыңайлы.

– Онда неге бір жауабын бермейді?!

– Қалайда бір жауабын береміз деген, күтейік, ақсақал.

– Ертең сол министрің майдангер жазушы, журналистермен арнайы кездеспекші көрінеді. Мені сонда шақырды. Ал, мен сені сол жиынға арнайы шақырамын.

Ақсақалға рахметімді айтып, трубканы қоя бергенім сол еді, телефон қайта шырылдады. Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметінің бастығы майор Алтынбай Дәренбеков екен. Ол ертең, яғни 16 сәуір күні Алматыдағы ардагерлер сарайында майдангер жазушы, журналистермен Қорғаныс министрлігінің өкілдері кездесу өткізетіндігін, соған ресми түрде шақырылатынымды хабарлады. Сөз соңында Қ.Қайсеновке байланысты «Егемен Қазақстанда» жарық көрген «Қаһарманның қабағы неге кірбің?» атты мақалаға жауап күтіп отырғанымызды ескерттім.

– Мәселенің оңымен шешілетініне күмәнім бар. Сол күнгі газетті министрдің алдына жеткіздім. Кейін бір жауабын береміз,– деп ол кісі менің үмітімді үздіре сөйледі.

Ертеңінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен Алматыдағы ардагерлер үйінде Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер жазушылармен, бүгінде әскери-патриоттық тақырыпқа қалам тербеп жүрген

жазушы, журналистермен кең ауқымда бас қосқан семинар-кешке келдім.

Тәуелсіз Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына бес жыл толуы және Ұлы жеңістің 52 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған мұндай жиын бұрын-соңды республика өмірінде болмаған. Қазіргі қиыншылықтар жөнінде сөз қозғала қалса, көз жасын көл ете қоюға даяр тұратын қарапайым жұртшылық әскерилердің мойнындағы қиыншылықтардың жүгі жеті баспан екенін қайдан білсін. Өйткені, жоқтан өзгені шағыну, жалбарыну дегенді әскерилер үшін ең сорақы мінез, жат қылық болып есептелінеді. Ондай азаматтардан ел қорғаны шығуы да мүмкін емес. Бәріне іштей тынып, Отан үшін жан пίδαға бел буған әскери адамдардың ішкі сырын екiнiң бiрi түсiне бермейдi. Міне, осы тұста оларға қол ұшын беретін, көкейлеріндегісін дәл тауып, жан сарайларын ашып көрсететін қаламгерлер болса, кәнеки.

Мәжілісте баяндама жасаған қорғаныс министрінің орынбасары, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы, тағы басқа майдангер жазушылардың ойлары осы бір арнада тоғысып жатты. Сөз Қасым Қайсеновке берілді. Осы кісі өзіне дейін сөйлеген адамдардың пікірлерін қуаттай келе, соңына таман Қорғаныс министрінің басшыларын сынаңқырап өтті.

– Сендерде темірдей тәртіп жетіспейді. Генералдардың өзі қылмыс жасайды екен, басқадан не сұрайсындар,– деп даусын көтере сөйлегенде залда тіпті шыбын дыбысы шықпай қалғандай. Біраздан кейін жұмсарып, әкелік ақылын айтып барып басылды. Сөйтті де сахна төріндегі өз орнына жайғасты.

Бұдан соң Қазақстан қорғаныс министрінің бұйрығы оқылды. Қорғаныс министрінің орынбасары №1 бұйрықпен әйгілі партизан, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновке «полковник» әскери шені берілгендігі жөнінде хабарлағанда залда отырғандар орындарынан тұрып, дүркірете қол соғып жіберді. Генералдан «полковник» поғонын алып тұрып ақсақал оларға шын ризашылығын білдірді. Газет дабылына мұқият құлақ тұрып, ондағы шындыққа көз жеткізген министр мырза мұндай әділ де батыл шара қолдана білгеніне жиналған қауым тәнті болды.

Үзілісті күтпестен сытылып шығып, редакцияға асықтым. Келе Шерағаңмен қуанышты бөлістім. Мұны естіген редакторымыз Уәлихан Қалижанов мырза да балаша мәз.

– Бұл – газетіміз үшін абырой, бедел. Ертеңгі нөмірге Қарманнан сүйінші сұрап мақала жаз!– деді. Ертеңіне «Асса-лаумағалейкум, полковник Қайсенов!» деген шағын құттықтау мақала жарық көрді.

Жеңіс күні – 9 мамыр қарсаңында Қорғаныс министрлігіндегілер Қасым ағаға «полковник» погоны тағылған әскери киім әкеліп кигізіпті. Мұны ести сала фото тілшімізді ертіп біз де жеттік. Ақсақалға әскери киімді қайта кигізіп, ол кісімен бірге суретке түстік. Қасекен қайта түлеген қырандай болып, арамызда асқақтап тұрды.

**«Партизан Қасым Қайсенов»
кітабынан үзінді,
1997 жыл.**

**АССАЛАУМАҒАЛЕЙКУМ,
ПОЛКОВНИК ҚАЙСЕНОВ!
Әділет салтанат құруына
«Егемен Қазақстан» газеті атсалысты**

Ертеңінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұйымдастыруымен Алматыдағы ардагерлер үйінде, Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер-жазушылармен, бүгінде әскери-патриоттық тақырыпқа қалам тербеп жүрген жазушы, журналистермен кең ауқымды басқосқан семинар-кеңеске келдім.

Тәуелсіз Қазақстан Қарулы Күштерінің құрылғанына бес жыл толуы және Ұлы жеңістің 52 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылған мұндай жиын бұрын-соңды республика өмірінде болмаған екен. Қазіргі қиыншылықтар жөнінде сөз қозғала қалса, көз жасын көл ете қоюға даяр тұратын қарапайым жұртшылық әскерилердің мойынындағы қиыншылықтардың жүгі жеті батпан екенін қайдан білсін.

Өйткені, жоқтан өзгеге шағыну, жалбарыну дегендер әскерилер үшін ең сорақы мінез, жат қылық болып есептелінеді. Ондай азаматтардан ел қорғаны шығуы да мүмкін емес. Бәріне іштей тынып, Отан үшін жан пидаға бел буған әскери адамдардың ішкі сырын екенің бірі түсіне бермейді. Міне, осы тұста оларға қол ұшын беретін, көкейлеріндегісін дәл тауып, жан сарайларын ашып көрсететін қаламгерлер болса, кәнеки.

Мәжілісте баяндама жасаған қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Әмірбек Тоғысов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірініші хатшысы Нұрлан Оразалин, жазушы Бақытжан Момышұлы, тағы басқа қаламгерлердің ойлары осы бір арнада тоғысып жатты.

Біраздан кейін Қазақстан қорғаныс министрі, генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевтың қазіргі әскери тақырыпқа үзбей

қалам тартып жүрген қаламгерлерді марапаттау жөніндегі бұйрығы оқылды. Бұл жердегі біздер үшін ең қуаныштысы – партизан Қасым Қайсеновке «полковник» погоны салтанатты түрде тапсырылғандығы еді. Өйткені, биылғы жылдың 5 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Қаһарманның қабағы неге кірбің? Әйгілі партизан Қасым Қайсеновтің әскери шені қандай еді?» деген тақырыпта мақала жариялап, күні бүгінге дейін назардан тыс қалып келген тарихи шындықты қалпына келтіруді Қазақстан Республикасы қорғаныс министрінің назарына ұсынғанбыз. Арада он шақты күн өте салысымен газет дабылына мұқият құлақ түріп, ондағы шындыққа көз жеткізген министр мырза мұндай әділ де батыл шара қолдана білгеніне жиналған қауым ризашылықтарын білдіріп жатты.

Сонымен, қанды майданда қол бастаған батыр Қасым Қайсенов 80-ге қараған жасында екінші рет әділдіктің салтанат құрғанына куә болып, батыл інілерін мейірлене құшақтап, бауырына басты. Қуанышыңыз көбейе берсін, арамызда асқар таудай болып жүре беріңіз, Халық Қаһарманы!

**«Егемен Қазақстан» газеті,
17 сәуір, 1997 жыл.**

БАТЫРДЫҢ АЛТЫН ЖҰЛДЫЗЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Биылғы жылдың 7 мамыр күні Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы берілген болатын.

17 маусым күні Алматыдағы Президент резиденциясында марқұмның зайыбы Рахила Сейдахметқызы Яхина апайға батырдың Алтын Жұлдызын Президент өз қолымен тапсырды.

– Әрине, осынау жоғары атақ Рақымжан Қошқарбаевқа сонау соғыс жылдарында, ерлік жасаған сәтте-ақ берілуі тиіс еді,- деді Президент. – Уақыт саясаты бірақ оған жібермеді. Горбачевтың кезінде өзім бірнеше рет ұсыныс жасап жүріп Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын алып беруге ықпал еткенмін. Енді міне, Рақымжан Қошқарбаевқа тәуелсіз еліміздің ең жоғары атағы беріліп отыр. Мұның бәрі алдымен келешек ұрпақты ағалар ерлігінен үлгі алуға тәрбиелеу үшін қажет. Сұрапыл соғыс кезінде жүздеген ұлттармен бірге қан майданға кірген қазақтардың ерлік рухы өте асқақ болғанын осыдан-ақ байқаймыз. Енді соғыс болмасын, бірақ нағыз батырларымыздың қаһармандығы біздің жадымызда мәңгілік сақталсын,- дей келіп, Президент Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып ту тіккен батыр ерлігін тағы бір еске алып өтті.

Президент қолынан Алтын жұлдызды алып тұрып, Рақанның зайыбы Рахила апай Елбасына шексіз алғысын білдірді, зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі.

Бұдан кейін Рақымжан Қошқарбаевпен соғыстың соңғы сәтіне дейін бірге болған, оның өшпес ерлігін өз көзімен көрген майдангер Жанша Жанасов ақсақал сөз алды:

– Бауыржан Момышұлы соғыста қаһарман қолбасшы болудың ерен үлгісін танытса, Рақымжан Қошқарбаев қатардағы сап командирі ретінде бұйрықты бұлжытпай орындаудың үлгісін көрсетті. Оған бүгінде көзі тірі мына мен куәмін. Бұл жоғары атақ Рақымжан Қошқарбаевпен қоса қазақ халқына да берілген жоғары атақ деп білген жөн, – деді.

«Егемен Қазақстан» газеті,
18 маусым, 1999 жыл.

ҚҰПИЯ СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАНДАР ШЫНДЫҚТЫ ЕНДІ ЖАСЫРМАҒАНДАРЫ ЖӨН

«Егемен Қазақстан» газетінің бетінде «Газет – заң кеңесшісі» деген айдармен беріліп тұратын сауал-жауаптың соңына «заңгер Нұржан Байжанұлы» деп қол қоятын адамды көзі қарақты оқырман әзірге ұмыта қойған жоқ деп ойлаймын. Сол кісі бірде редакцияға «Шетел соғыстарының мүгедектері» деген тақырыппен мақала әкеліп тастады. Онда 1917 жылдың қазан төңкерісінен бастап дүниеге келген КСРО мемлекетінің жер бетіндегі әр түрлі соғыстарға қанша рет қатысқандығын айғақтайтын деректер келтіріліпті. Біз білетін КСРО-ның басынан өткізген соғыстары –Финляндиямен соғыс, Ұлы Отан соғысы, Ауғанстандағы соғыс. Сөйтсек, әр елдің аумағында болып жатқан қанды қырғындарға кеңес армиясының мұрын тықпаған кезі сирек екен. Осы тізімді газетке бірден жариялаудан бұрын бұл деректердің қайдан алынғандығын анықтай түскім келіп отырғанда Нұржан Байжанұлы өз редакцияға телефон шалған.

– Шындығын айтсам, осындай құпия соғыстың біріне өзім де қатысқан едім. Бірақ ол жайында айтуға рұқсат етілмейтін. Құпияны ашпау жөнінде қолхат бергенбіз.Енді айтуыма болатын сияқты,- деді.

Телефон арқылы әңгімеден қысқаша ұққаным – ол кісі соғыстан кейін, елуінші жылдардың ортасында, Германияда шоғырланған Кеңес армиясының құрамында әскери борышын өтеген. Мұндағы Кеңес Қарулы Күштерінің сол кездегі атауы да құлаққа түрпідей естіледі. «Группы советских оккупационных войск в Германии». Өздерін-өздері осылай «басқыншылар» деп атағаны да қызық. Бірақ бірер жылдан кейін бұл атау дереу өзгертіліпті. Міне, осы жылдары Н.Байжанұлы әскери құрамның 207-полкінде батарея командирінің орынбасары болып жүргенде Германияның Штендель деген қаласында Кеңес үкіметіне

қарсы көтеріліс бұрқ ете қалған. Кеңес әскерлері көтерілісті күшпен басқан. Осы жорықта Н.Байжанұлы басынан қатты жарақат алыпты. Қазір соғыс мүгедегі деп есептелінеді. Бұл жайында кеңірек әңгімелеспекші болып келістік. Өкінішке орай, арада бір апта өтпей жатып ол кісінің кенеттен қайтыс болып кеткендігін естідім. Сонымен, бір құпияның шет жағасын ғана шығарып үлгерген Нұржан ақсақал ол жайында толық айта алмай, өзімен бірге о дүниеге ала кетті.

Кеңес Одағы кезінде әскер қатарында тиісті міндеттерін атқарып жүріп, басқа елдер аумағындағы соғысқа қатысып, жаралы болу, контузия, дене зақымын алу және ауруға шалдығу, нәтижесінде мүгедек болғандар Ұлы Отан Соғысы мүгедектері сияқты жеңілдіктерді пайдалануға қақысы бар екенін бүгінде екіншісі біле бермеуі мүмкін. Сондықтан, Н.Байжанұлы беріп кеткен осы деректерді газетке ұсына отырып, бұл соғыс кестелері 1995 жылдың 28 ақпанында Ресейдің «Труд» газетінде жарияланғанын ескерте кеткім келеді. «Трудтың» жазуына қарағанда, аталған соғыстардың мезгілі мен мекені (мекеме аттары) Ресейдің «Ардагерлер туралы» заңына қосымша ретінде әдейі тіркеліп берілген көрінеді. Алайда, Ресей Федерациясы Заңының қазақстандықтарға қандай қатысы бар деген сұрақ тууы мүмкін. Мәселе мынада.

1994 жылдың 15 сәуірінде Мәскеу қаласында 12 мемлекет келісімге қол қойды. Бұл келісімде Ұлы Отан соғысы және шетелдегі соғыстар кезінде өз азаматтарының басына түскен ауыртпалықтарды бірігіп көтеріп, оларға тиісті жеңілдіктерді барлық елдерде бірдей қолдануға міндеттемелер алған болатын. Осы келісімге қол қойғандардың қатарында Қазақстан Республикасы да бар. Сонымен, төмендегі тізімді оқырмандар назарына ұсынамыз:

Испаниядағы соғыс қимылдары – 1936-1939 жылдар;

Финляндиямен соғыс – 1939 жылдың 30 қарашасы мен 1940 жылдың 13 наурызы аралығында;

Жапониямен соғыс – 1945 жылдың 9 тамызы мен 3 қыркүйегі аралығында;

Басмашыларды құрту жолындағы соғыс қимылдары – 1922 жылдың қазан айы мен 1931 жылдың маусымы аралығында;

Хасан көлі маңындағы соғыс – 1938 жылдың 29 шілдесі мен 11 тамызы аралығында;

Халкин-Гол өзені бойындағы соғыс – 1939 жылдың 11 мамыры мен 19 қыркүйек аралығында;

Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны КСРО-ға қосу жолындағы соғыс – 1939 жылдың 17-28 қыркүйегі аралығында;

Қытай жеріндегі соғыстар:

1924 жылдың тамызы мен 1927 жылдың шілдесі аралығында;

1937 жылдың шілдесі мен 1944 жылдың қыркүйегі аралығында;

1945 жылдың шілде-қыркүйек айлары аралығында;

1946 жылдың наурыз айы мен 1949 жылдың сәуір айы аралығында;

1950 жылдың наурыз-мамыр айлары аралығында (әуе қоғамысы құралдарының қатарындағы әскери адамдар үшін)

1950 жылдың маусым айы мен 1953 жылдың шілде айы аралығында (Қытай жерінде орналасып, Корея жөніндегі соғысқа қатынасқан бөлімшелердегі әскери адамдар үшін).

Даманскі аралындағы шайқас – 1969 жылдың наурыз айы;

Жалаңашкөл аймағындағы шайқас – 1969 жылдың тамыз айы;

Венгрия еліндегі соғыс – 1956 жыл;

Алжир еліндегі соғыс – 1962-1964 жылдар;

Египеттегі (Біріккен Араб Республикасындағы) соғыстар:

1962 жылдың қазан айы мен 1963 жылдың наурызы аралығында;

1967 жылдың маусым айынан басталып, 1968 жыл толығымен кіреді;

1969 жылдың наурыз айы мен 1972 жылдың шілдесі аралығында;

1974 жылдың маусым айы мен 1975 жылдың ақпаны аралығында (Суэц каналын миналардан тазалап, зиянсыздандыруға қатысқан Қара теңіз, Тынық мұхит теңізшілері үшін).

Иемен Араб Республикасындағы соғыстар: 1962 жылдың қазан айы мен 1963 жылдың наурызы аралығында; 1967 жылдың қараша айы мен 1969 жылдың желтоқсан аралығында;

Вьетнамдағы соғыс-1961 жылдың қаңтар айы мен 1974 жылдың желтоқсаны аралығында;

Сириядағы соғыстар: 1967 жылдың маусым айы, 1970 жылдың наурыз-шілде айлары, 1971 жылдың қыркүйек-қараша айлары, 1973 жылдың қазан айы.

Анголадағы соғыс – 1975 жылдың қараша айы мен 1979 жылдың қарашасы аралығында;

Мозамбиктегі соғыстар: 1967-1969 жылдар аралығында;

1975 жылдың қараша айы мен 1979 жылдың қарашасы аралығында;

Эфиопиядағы соғыс – 1977 жылдың желтоқсан айы мен 1979 жылдың қарашасы аралығында;

Ауғанстандағы соғыс – 1978 жылдың сәуір айы мен 1989 жылдың 15 ақпаны аралығында;

Камбоджадағы соғыс – 1970 жылдың сәуір-желтоқсан айлары аралығында;

Бангладештегі соғыс – 1972-1973 жылдар аралығында;

Лаостағы соғыстар: 1960 жылдың қаңтар айы мен 1963 жылдың желтоқсаны аралығында;

1964 жылдың тамыз айы мен 1968 жылдың қарашасы аралығында;

1969 жылдың қараша айы мен 1970 жылдың желтоқсан аралығында.

Ливан мен Сирия жерлеріндегі соғыс – 1982 жылы.

Кезінде жоғарыда көрсетілген соғыстарға қатынасқан Кеңес үкіметінің азаматтарынан (көбісі Орта Азия мен Қазақстаннан шақырылғандар) құпияны ашпау жөнінде қолхаттар алынып, тиісті құжаттарында қызмет ететін жері көрсетілмейтін. Сол «құпияларды берік сақтап» өздерінің тиісті құқықтарын пайдалана алмай жүргендер арамызда әлі де кездесуі әбден мүмкін. Ондай адамдар өздері тұрған жерлерде әскери комиссариаттарға барып, осы мәселені қарау туралы өтініш жасауларына болады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
26 сәуір, 1997 жыл.

ҚҰПИЯ СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАНДАР ШЫНДЫҚТЫ ТОЛЫҚ АЙТА АЛМАЙ ЖҮР

1997 жылғы 26 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде «Құпия соғысқа қатысқандар шындықты енді жасырмағандары жөн» деген тақырыпта мақала жариялаған едік. Арада біраз уақыт өткен соң бұл мәселеге қайта оралуымызға тура келді. Мұның себептері де аз емес. Ол жайында кейінірек. Алдымен алғашқы мақаланы жазуға түрткі болған жайттарға тоқтала кетейік.

Бірде редакцияға Нұржан Байжанұлы деген адам мақала алып келгенін жазғанбыз.. Онда заң ғылымының кандидаты Юрий Жуков деген азамат «Льготы инвалидам войны в свете нового закона «О ветеранах» деген тақырыппен Ресейдің жаңа заңына түсініктеме бергендігі, сонымен қатар, 1994 жылдың 15 сәуірінде Мәскеу қаласында осы құжатқа байланысты келісімге бұрынғы КСРО құрамында болған 12 мемлекет өкілдері қол қойғандығы айтылған. Бұған Қазақстан жағы да қол қойған. Олай болса, мұндағы жеңілдіктер қазақстандықтарға да қатысты деген сөз.

Себебі, 1917 жылдың қазан айынан бері КСРО қандай соғыстар жүргізсе, соның бәрінде өзіміздің отандастарымыздың да көптеп қатысқандығы анық. Ал тарих оқулықтарынан белгілі соғыстар – 1917 жылдан кейінгі ақ пен қызылдар қырғыны, 1939-1940 жылдары Финляндиямен болған соғыс, 1938-39 жылдардағы Хасан көлі мен Халкин-Голдегі қақтығыс, 1945 жылғы Жапониямен соғыс, 1969 жылы Даманскі мен Жалаңашкөлде өткен шайқастар, Ауғанстандағы соғыс... арғы жақтары беймәлімдеу.

«Труд» газетіндегі ресми мәліметтер бойынша 1924 жылдан бастап 1969 жылдар аралығында тек Қытай жерінде ғана 8 рет ірілі-ұсақты қарулы қақтығыс өтіпті. Олардың бәріне КСРО қатысқан.

Польша, Испания, Венгрия, Алжир, Египет, Йемен, Вьетнам, Сирия, Ангола, Эфиопия, Камбоджа, Бангладеш, Лаос, Ливан жеріндегі соғыстардың ешқайсысы КСРО-ның қатысуынсыз өтпеген. 1944-51 жылдар аралығында Украина, Беларусь, Латвия, Литва, Эстония жеріндегі қарулы көтерілістерді басуға КСРО құрамындағы ұлттардың көбісі қатысқан. Әсіресе, Азия мен Таяу Шығыстағы соғыстарға Қазақстаннан, Орталық Азия республикаларынан әскерлер көптеп тартылған. Бұл соғыстарға қатысқан азаматтардан мемлекеттік құпияны ашпау жөнінде қолхаттар алынған. Құжаттарында қай жерде соғысқандары туралы жазылмаған.

Шындықтың шеті

«Шетел соғыстарының мүгедектері» жайында редакцияға мақала әкелген Нұржан Байжанұлы көп ұзамай дүниеден өткені туралы да жазғанбыз. Бірақ, ол кісі мына бір шындықты айтып үлгерген: «Осындай соғыстардың біріне өзім де қатыскам. Кезінде КСРО-ға қалтқысыз қызмет еттік. Бұл құпияны ашпау жөнінде қолхат та бергенбіз. Енді ол мемлекет келмеске кетті. Сондықтан, шындықты айтуға болатын сияқты. 1950 жылдардың ортасында Германияда шоғырланған Кеңес армиясының құрамында әскери борышымды өтедім. Мұндағы Кеңес Қарулы Күштері «Группы советских оккупационных войск в Германии» деп аталатын. Біраз уақыттан кейін бұл атау өзгертілді. Сол жылдары осы әскери құраманың 207-полкінде батарея командирінің орынбасары қызметін атқардым.

Бір күні Германияның Штендель деген қаласында Кеңес үкіметіне қарсы қарулы көтеріліс бұрқ ете қалды. Әскери дабылмен атқа қондық. Немістер жағы өліс-пей беріспейтін сынайлы. Бірнеше күннен кейін көтеріліс күшпен басылды. Екі жақтан да адам шығыны болды. Мен осы жорықта басымнан қатты жарақат алдым. Қазір соғыс мүгедегі деп есептелемін. Ал мына «Труд» газетіндегі айтылғандар бойынша шетелдерде соғысқандар үшін арнайы жеңілдіктер қарастырылыпты. Біздің

отандастарымыз одан әлі бейхабар. Сондықтан, да бұл жөнінде газетке жазуды өзімнің азаматтық, әрі заңгерлік парызым деп білдім...».

Анголаның аспаны мен жерінде...

Биылғы жылдың 7 мамыр күні «Казахстанская правда» газетінде «Гранда шеф-инженерий» деген атпен шағын мақала жарияланды. Онда генерал-майор Сармантай Нұрғожин Ангола жерінде «интернационалдық борышын» қалай атқарғаны жөнінде ашық айтыпты. 1975 жылы басталған Анголадағы соғыс сексенінші жылдардың екінші жартысына дейін толастамағанын екінің бірі біле бермейді. Ал, қазақ генералы соның бәріне өзі куә болған. 1987 жылы ол КСРО Қарулы Күштері Бас штабының 10-басқармасында қызмет етіп жүргенде Қорғаныс министрлігіндегілер Анголаға іссапарға баруды ұсынады. Әскери адам бұйрықтан бас тарта алмайды.

Анголаның астанасы – Луандаға келгенде жағдай өте күрделі екендігіне көзі жетеді. Оппозициялық күштер мен үкімет әскері арасында қарулы қақтығыс өршіп тұр. Мұндағы кеңес жауынгерлерінің міндеті – Анголаның заңды үкіметіне көмектесу. Араларында мәскеулік ұшқыштар, португал тілін жақсы меңгерген аудармашылар, әскери кеңесшілер, тағы басқа мамандық иелері жетіп артылады. Сармантай Нұрғожиннің негізгі мамандығы – әскери ұшақтар мен тік ұшақтар саласының инженері. Оқ тиіп құлаған ұшақтарды қалпына келтіру үшін талай рет орман арасында, оқ пен өртің астында тер төкті. Бұл басқаратын инженерлер бригадасы жұмыс істеп жатқанда жауынгерлер оларды аспан мен жерден келетін шабуылдан қорғап тұрды. Құрал-саймандарын тастай салып, өздері де талай рет жауға қарсы ұмтылған сәттері аз емес. Ангола соғысында өткізген үш жылы ішінде қырыққа жуық ұшу техникаларын қалпына келтіріп, қаншама жергілікті ұшқыштарды жаңа мамандыққа үйретті десеңізші. Осы ерлігі үшін ол «КСРО Қарулы күштерінде Отанға қызмет еткені үшін» ордені мен III дәрежелі «Ерлігі

үшін» медалін кеудесіне тақты. Ал Ұлы Жеңістің 65 жылдығы мерекесі қарсаңында «Ресей Президентінің атынан» деген жазуы бар алтын сағатпен марапатталыпты.

Жаралы жігітті іздеу

1980 жыл. Дуылдап өтіп жатқан студенттік шақ та соңына тақап қалған. Сол жылы мен үйлендім. Біздің жатақханаға сүліктей сұр «Волгамен» бір жігіт жиі келетін. Естуімше, Алматыдағы бір бастықтың жүргізушісі. ҚазМУ-де сырттай оқиды. Бөлмедегі жігіттердің біреуінің сыныптасы ма еді, әлде жерлесі ме еді, дәл қазір есімде жоқ. Есімдегісі – сол ақкөңіл азамат сұр «Волгасымен» менің тойымның бір жағын көтеріскені. Аяғын сылтып басатын. Абыр-сабыр кезінде «Бұл жігіт Даманскідегі соғысқа қатысыпты» дегенді естіп қалғам. Одан кейін кездеспеппіз. Енді мен осы мақаланың бір кейіпкері болуға тиісті сол жігітті іздеуге кірістім. Курстастардың біразына хабарласқаннан кейін ғана оның аты-жөні анықталды – Ербол. Ұялы телефонын да таптым. Сөйлестік. Маған жасаған жақсылығын да, өзімді де нақты есіне түсіре алмады. Тек екеуміздің ортақ таныстарымыз ғана әзірге арамызды байланыстырып тұр. Баяғы ақкөңіл қалпынан айнымағаны дауысынан аңғарылады. Бүгін-ертең кездесейік дедім. Себебін сұрады. Түсіндірдім. Сөйтсем, ол Даманскіде емес – Дамаскіде болыпты, яғни Сириядағы соғысқа қатысқан.

Естелік-дерек

1967 жылы Араб елдері мен Израиль арасындағы соғыста арабтар жеңіліп, біраз жерлерінен айырылып қалғаны тарихтан белгілі. 1973 жылы Египет пен Сирия осы жерлерді қайтарып алу үшін Израильге қарсы соғыс ашты. Бұл соғыста Израильді әдеттегідей АҚШ қолдаса, арабтарды Кеңес үкіметі қолдады. Египет әскері Суэц каналын кесіп өтіп, Митла-Гидди-Мелес асуы арқылы 25-30 шақырымға дейін алға жылжуды мақсат етті. Ал Сирия Голанд биігін бағындырып, Иордан

өзеніне иек артуды көздеді. Израильді толықтай талқандауға Америкадан қорықты.

1973 жылдың 6 қазан күні шабуылға шыққан арабтар алғашқы сәтте Израиль әскерін кәдімгідей тықсырып жіберді. Бірақ бұл жеңіс ұзаққа бармады. 15 қазаннан бастап Израиль әскері арабтардың екпінін басты. Сөйтті де алға жылжыды. Тіпті Сирияның астанасы – Дамаскінің түбіне дейін келіп қалды. Израильдің әуе шабуылына қарсы тұратын қару арабтарда жоқтың қасы еді. Ал КСРО-да ондай қарулар жетіп артылатын. «Байтал түгілі бас қайғының» кебін киген «одақтастарына» КСРО жасырын түрде көмек бере бастады (Бұл деректер осы соғысқа қатысқан подполковник, тарих ғылымдарының кандидаты О.А.Белослудсев пен Г.Л.Плоткиннің естеліктерінен қысқартылып алынды. С.Ж.).

Көңіл кілті

Ербол бірден шешіле қоймады. Мемлекеттік құпияны ашпау жөнінде қолхат бергенін алға тарта берді. Қайтадан жақынырақ танысып, жөн сұрастық. Құрдас екенбіз. Екеуміз де 1973-1975 жылдар аралығында әскер қатарында қызмет етіппіз. Мен – Қиыр Шығыста танкист, ол Одесса маңында зенитші, яғни Әуе шабуылына қарсы күштер (ПВО) құрамасында болған. Туған жері – Атырау облысы Қызылқоға ауданы. Тоқсаныншы жылдардың басында ол ауданға да жолым түскен. Тағы да ортақ таныстардың аттары аталды. Қиыр Шығыста өзім қызмет еткен полктің танкистері 1969 жылы Қытай мен Кеңес әскерлерінің Даманскі аралы үшін өткен қанды қырғынға қатысқанын, санаулы уақыт ішінде дұшпанды жер қаптырғанын, сол соғыста ғана сыры ашылған, оған дейін құпия қару қатарында саналған «Т-62» атты алып танкіні жүргізгенімді сәл мақтана жеткіздім. Әскери бөлімшедегі саябақтың ортасында Даманскіде қаза тапқан Кеңес жауынгерлеріне арналған ескерткіш тұратынын. Мереке күндері қаруластарды ресми түрде еске алып, гүл шоқтарын қоятынымызды да еске алдым. Олардың арасында қазақ

жігіттері де жатпағанына кім кепіл? Кезінде «Дамаскіні» «Даманскі» деп ұққан мен Ерболдан солар жайында бір шындық біліп қаламын ба деп үміттенгенімді де жасырмадым. Ол жүзіме барлай қарап, сәл ойланды. Шын ниетімді енді түсінген сияқты. Кейіпкерімнің көңіл кілтін тапқандаймын.

Жерорта теңізін жарып өтіп...

— 1973 жылдың көктемінде әскерге алынған біздер Украинаның Одесса қаласының түбіндегі зенитшілер полкіне келіп түстік. Қатарымызда қазақ балалары да аз емес еді. Күзге қарай өз мамандығымызды толық игерген біздер сақадай сай сарбаз болып шыға келдік, — деп бастады ол әңгімесін. — 6 қазан күні полкті әскери дабылмен көтеріп, Одесса қаласына алып келді. Сол жерде бүкіл қару-жарақтарымызбен жолаушылар кемесіне тиелдік. Әскери киімдерімізді кәдімгі қара костюм-шалбар мен ақ көйлекке ауыстырды. Қолымызға бір-бір дипломат ұстатты. Төрт қабаттан тұратын алып кемеңіздің астыңғы екі қабатында Әуе шабуылына қарсы күштердің әскерилері орналасқанын былайғы жұрт әріне білмейді. Ірі портты қалаларға жақындағанда біз де ештеңе полубаға шығамыз. Грецияны артқа тастап, Жерорта теңізін жарып өттік. Бір аптадан соң Сирияның астанасы — Дамаскі қаласына жеттік. Қайтадан әскери киімдерімізді кидік. Әрқайсымыз өз қару-жарақтарымыздың қасында бұйрық күтіп отырмыз. Кемеңіздің соңғы жағындағы үлкен қақпа ашылысымен сыртқа қарай ұмтылды. Мен — қорабында зениттік артиллерия қондырғысы орналасқан «Зил» машинасының жүргізушісімін. Күн екіндіге ауған кез. Сап түзей ағылған бүкіл полктің әскери техникасы біраз жүргеннен кейін қалың орманға кірді де, бұйрық бойынша шабуылға дайындалды. Сәлден кейін Дамаскіні бетке ала ұшқан Израильдің әскери ұшақтары мен тікұшақтарының дауысы естілді. Әбден еркінсіп алған олар тіпті жерден қауіп келетінін ұмытқан сияқты. Біздер бүкіл орманды күркірете аспанға қарай оқ жаудырғанда бірде-бір ұшақ құтылмады. Қара түтінге оранған олар қалбалақтап барып, жер құшып жатты...

Естелік-дерек

Ресейлік М.В.Разников деген азаматтың интернеттегі естелігі Ерболдың айтқандарымен дәл келеді. Назар аударайық: «Мен 1973 жылдың қазанында болған араб-израиль қарулы қақтығысына қатыстым, бәрін өз көзіммен көрдім,- деп жазады сол кездегі әскери аудармашы қызметін атқарған ол. – КСРО Қорғаныс министрлігіндегілер алғаш рет шетелге іссапарға шыққандарды қара костюммен, плащпен, бір түсті бас киіммен киіндіретін. Сириядағы кеңестік байланыс бөлімшесіне келгенімізде есік алдында тұрған өзіміздің жауынгерді көрдік. Ол бізді қатаң тексеруден өткізгеннен кейін ішке кіргізді...

Бұл кезде Израиль әуе күштері Сирия аспанында еркін ойнай беретін. Сирияның әскери нысандары мен Дамаскі маңындағы палестиндердің лагерлерін кез келген уақытта бомбаның астына алу олар үшін түкке тұрмайтын. Себебі Сирияның Әуе шабуылына қарсы күштері әлі толық жасақталмаған. Сирияға көмекке келген Кеңес Әскери әуе шабуылына қарсы күштер басқарма бастығының орынбасары, полковник Виктор Петрович Шевчук бізге өте сақ болуды, аспаннан қатер төнгенде окопта қалай жасырыну керек екендігін түсіндірді...

Соғыстың екінші күні Израиль ұшақтары біздің әскерлердің қорғауында тұрған әуежайды астан-кестең бомбалап өтті. Әскерлер қаруларына қарай ұмтылды. Дереу зенитканы іске қосып, бірнеше ұшақты атып түсірді. Қалғандары зуылдап өте шықты. Біз – Беловцов Кузьма Архипович, Бутков Виктор Петрович, тағы бірнеше взвод командирлері бар, оңтүстік жаққа көз тіктік. Ол жақтағы «Хальхле» әуежайын қорғап тұрған кеңестік зенитшілер полкінде менің курстасым Шергилов Миша бар. Аман болса игі еді. Сондай-ақ Сирия әскерінің құрамындағы Степанов Юра, Поликанов Володя, Суворов Валера, Гордеев Боря, Чувашов Володя, Руденко Саша деген жігіттер есіме түсті. «Меззе» әуежайындағы Крылов Сашаның, «Дмейр» әуежайындағы Агапов Виталийдің, Сирия Әскери теңіз флотының штабында қызмет етіп жүрген Тарасов Игорь, әскери

кеңесшілер Евтюхин Женя, Бакаев Саша, Жданов Игорь, Биби-ков Валера, тағы басқа жігіттердің жағдайы нешік деген ойлар мазалай берді».

Белгісіз батырлар

Менің бұл мақаланы жазудағы мақсатымды түсінгеннен кейін Ербол:

– Сексенінші жылдардың соңына таман бұл жөнінде Горбачевке дейін жазғам. Біраз жеңілдіктерді де пайдаланғам. 1989 жылы Қызылқоға әскери комиссариаты арқылы «КСРО Үкіметінің тапсырмасын мүлтіксіз орындағаны үшін» деп аталатын куәлік пен «Интернационалист жауынгер» деген кеуде белгісін, Горбачевтің қолы қойылған КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының грамотасын тапсырды. Ол қағаздардың қазір қайда қалғанын да білмеймін. Қысқа қайырып айтар болсам, әскердегі екі жылым Сирия жерінде өтті. Үйге қайтарда сол бұрынғы жолмен, бұрынғы әдіспен Одессадағы бөлімшемізге алып келді. Кемеден түсерде кеңестік әскери киімімізді қайта кигізді. Түк болмағандай елге қайттық. Ол соғысқа менен басқа да талай қазақ жігіттері қатысқан. Айта берсе әңгіме көп. Енді мені қинама. Егер бұл жөнінде жазсаң, аты-жөнімді көрсетпей-ақ қоярсың,- деді. Сондықтан, да мен ескі досымды шартты түрде «Ербол» деп атадым. Сөзіне де, ісіне де берік мұндай жігітті басқадай қалай атарсың.

Сөз соңы

Жоғарыда орыс офицерлері мен әскери аудармашы М.Разниковтың естеліктерінен үзінділер келтірудегі бірінші мақсат – Сириядағы соғыстың бүгінде ешқандай құпиясы да, мемлекеттік маңызы да жоқ екендігін дәлелдеу еді. Екінші – біздің кейіпкеріміздің тұспалдай айтқан әңгімелері тарихи шындықпен дәл келетіндігі. Үшінші – «Ербол» антқа берік азамат па, әлде бірдеңеден жасқана ма? Бір сөзінде «Бала-шаға ер жетіп қалды. Соларға зияным тиіп кетуі де мүмкін ғой» деген. Онысы

рас. Әскери комиссариаттағы кейбір белсенділер мазасын алмаса да, «еркектік сертің қайда?» деуден тайынбайды. Намысқой жігіт үшін оның өзі үлкен соққы. Бірақ бір нәрсенің басы ашық. Кеңес үкіметі келмесе кетті. Көп адам оның құрбанына да айналды. Әйтпесе, сонау Қызылқоғада жүрген қазақтың сонау бір құрлықта жағаласып жатқан араб пен еврейдің жыртысын жыр-татындай, ешқайсысына нағашы-жиендігі жоқ еді ғой. Жалғыз қазақ қана емес, басқа халықтың боздақтары да шет жерлерде бостан-босқа қан төкті. Бұған дәлел – марқұм Н.Байжанұлы мен С.Нұрғожиннің жоғарыдағы әңгімелері.

Олар өздерінің азаматтық борыштарын адал орындады. Әскери антын екі етпеді. Ендеше Ұлы Отан соғысына, Ауғанстанда соғысқандармен қатар, олар да соғыс ардагерлері деген жоғары мәртебеге әбден лайық. Ербол неге ерлігі үшін марапатталған кеуде белгісін ел қатарлы тағып жүре алмайды? Ұрпағына өзі жасаған ерлігі жөнінде ашық айтуға неге оның хақысы жоқ? Балалары неге әкесінің қаһармандығымен мақтана алмайды? Өздеріне тиесілі жеңілдіктерді Үкімет неге оларға жасырын түрде береді? Бұл жөнінде әңгіме қозғалғанда неге олар аты-жөндерін бүркемелеулері керек? Ресейлік әскерилерден олардың несі кем? Мәселен, М.Разников өзінің естелігінде «Орден шестого октябряны» маған бір жарым жылдан кейін, Бас штабтың 10-басқармасындағы бір бөлмеде жасырын түрде тапсырды» деп жаза келе, Ерболға берілген жоғары атақтарға ол да 1989 жылы ие болғанын мақтанышпен бар әлемге паш етеді. Ал Ербол ол жайында әлі күнге дейін ашық мәлімдей алмайды. Неге?

Разников тағы былай деп жазады: «Сириядағы соғыс қызып тұрған кезде Кеңес одағынан «Квадрат» деп аталатын зенитшілер полкі адамдарымен, бүкіл техникасымен көмекке келеді. Оның құрамы бірнеше ұлт өкілдерінен тұратын». Міне, бұл – Ербол қызмет еткен полк екендігі анық. Сирия мемлекетін Израильдің қанды құрсауынан құтқарған жауынгерлер – дәл осылар. Бірақ, бесенеден белгілі тарихи оқиғаны қазақстандық

жауынгерлер ашық айта алмайды. Себебі, олардың ерлік жолдары туралы көпшілік те, үкімет басындағылар да әлі толық білмейді. Ал, Ербол сияқтылар арамызда көп. Егер, Қазақстан Парламенті «Соғыс ардагерлері туралы» заңды қайта қарап, Ресейдегі сияқты, оққа кеудесін төсеген ұлдарын қандай соғысқа қатынасқандарына қарамастан бәріне бірдей «Соғыс ардагерлері» деген мәртебе берсе, тарихтың көлеңкесінде қалып бара жатқан әділетсіздік орнына келері сөзсіз. Себебі, олар капитализм мен социализмнің бітіспес күресінде социализмнің мүддесін қорғады. Ауғанстан, Сирия, Ангола, тағы басқа мемлекеттер сол тұста социалистік бағытты ұстанғандықтан да КСРО оларға көмектесті. Төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысында да әкелеріміз социализм үшін қан төкті. Ал социализм дегеніміз – КСРО, КСРО дегеніміз – Қазақстан, Қазақстан дегеніміз – әрқайсымыздың отбасымыз еді ол кезде. Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің жөні бөлек, әріне.

1994 жылдың 15 сәуірінде КСРО құрамындағы 12 республикамен бірге Ресейдің Ардагерлер туралы қаулысына Қазақстан да қол қойғандығын жоғарыда айтылды. Бірақ, өзімізде оны одан әрі заңдастыруға келгенде енжарлық танытыппыз. «Батыр – бір оқтық», «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деп данышпансығанда алдымызға жан салмаймыз. Сөйтеміз де «Е... Ауғанстанда соғысқан екен, е... шетелдердегі соғыстарға қатысыпты ғой, олардың бізге керегі қанша еді?» деп тағы да сылқ ете қаламыз. Пайымымыз төмен бе, әлде намыс-жігерді мүлдем жоғалтқанбыз ба?! Олай дегіміз келмесе, бұл тақырыпты қайта көтерейік, әділеттіліктің салтанат құруына атсалысайық. Сонда ғана азаматтық бет-бейнемізді толық сақтап қаламыз.

«Егемен Қазақстан» газеті,
30 шілде, 2011жыл.

ҚЫРАН ҒҰМЫРДЫҢ БІР КҮНІ

Николаев елді мекеннің маңында орналасқан авиация полкіне кіре берісте жұқалтаң, қара сұр кісімен жолығыстық. Жаттығу кезінде киетін киіммен жүргендіктен иығында погоны көрінбейді.

– Полковник Қадыржан Байжігітов, Қазақстан әскери әуе күштері қолбасшысының орынбасарымын. Қолбасшы біраздан кейін келеді. Оған дейін мен сіздерге мән-жайды түсіндірейін,- деп ұшақ алаңына қарай алып жүрді. Сыртқы түрі, сөз әлпетіне қарағанда қазақы ортада өскен азамат тәрізді.

– Отыз жылдан астам өмірім басқа елдің аспанын шарлаумен өтіпті. Қас-қағым ғұмыр деген осы. Енді туған елге қызмет етіп жатырмыз,- деп ол әскери ұшақтардың негізгі қызметімен, жалпы осынау соғыс құралының өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра бастады. Менің түсінгенім – бір адам аспанда жүргенде, жерде жүзден астам адам оның тілеуін тілеп, аяқтарынан тік тұрып қызмет етеді екен.

Қадыржан қызық, «мұның бәрін газетке жазу міндет емес» деп қойып, техника тілімен сөйлеп кеп береді. Алдарында тұрған журналистердің арнайы техникалық білімі жоқ екенін, тіпті әр нәрсені бүге-шігесіне дейін жазам десе де олардың бұл мәселеге тістері батпайтынын ескермейді.

Құтылыпты

– Сіз мені қатардағы жауынгерлердің тірлігімен таныстырсаңыз,- дедім біраздан кейін айтқандарының бәрін түсініп алғандай сыңай танытып. Қайыржан маған таңдана қарады.

– Самолетпен қатардағы жауынгерлер ұшпайды, офицерлер ғана ұшады. Ол үшін арнайы әскери училищені тәмамдау керек.... Сіздердің мұнда келген мақсаттарыңыз – біздегі жаңа бағдарлама бойынша жүргізілетін бүгінгі ұшу-жаттығу өнерімен танысу емес пе?

– Әрине, дегенмен ...

Дегенмен, қатардағы жауынгерлердің өмірімен де жете таныстық. Мұнда бар-жоғы бір батальон ғана сарбаздар сапы бар. Олардың негізгі міндеті: ұшақтарды жөндеу, тазалау, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету, байланыс жұмыстарын қадағалау, тағы басқа ұсақ-түйектер болып келеді. Сарбаздар – Баймағамбетов Жеңіс, Гадюков Владимир, Дәуітов Аманжол, Рябцов Сергей сияқты жігіттермен әңгімелескенімізде олар әскери ұшақтамен бірге Отан алдындағы борыштарын өтеп жүргендеріне шын көңілдерімен қуанышты екендерін жасырмады.

– Өте татумыз. Біз «дедовщина» дегеннің не екенің білмей кетіп барамыз. Өйткені, мұнда бір мезгілде бір жерден шақырылған жігіттер ғана қызмет етеміз,- дейді.

– Шынында солай,- дейді Қайыржан. – Мына балардың бәрі Орал облысынан келгендер. Бұлардың орнын кейін басқа облыстан шақырылғандар басады. Бәрін бірдей үйретіп, бірдей үйлеріне қайтарамыз. Соның арқасында «дедовщинадан» мүлдем құтылды.

Шарықтау

Қазақстан Республикасы әуе күштерінің қолбасшысы генерал-майор Мұхамеджан Ибраев келе сала үстіне асай-мүсейлерін асынып, ұшуға дайындалды. Ұшаққа отырар сәтте, тепкіштің дәл қасында онымен тілдесудің сәті түсті.

– Сізге ұшу міндетті ме?- деген сұраққа ол:

– Маған ең жоқ дегенде айына екі рет ұшу керек. Бүгінгі оқу-жаттығуымыздың өзіндік ерекшелігі бар. Ұшып келе жатып, атқылау мен бомбалаудың жаңа әдістерін үйренудеміз. Сондықтан, әрбір ұшқыштың жанында өзім отырып, үйретуіме тура келеді,- деп ол тепкішекпен жоғары көтеріле берді. Сәлден кейін қолбасшының ұшағы жерден қайқаң етіп көтерілді де, Алатаудың асқар шыңдарына қарай бет түзеді. Бір сәт торғайдай ғана болып көзге шалынған ол таудың төбесінде қалықтап жүргендей әсер етті. Сосын қайта бері қарай құлдилата саулады. Біз тұрған әуежайдың үстін жер бауырлай сүзіп өтіп, солтүстікті бетке алып кете барды.

– Қайда кетті, қашан оралады? – деген сұрағымызға:

– Полигонға барып, самолеттегі снарядтар мен бомбалардың бәрін «керекті жеріне» жұмсап қайтады,– деген жауап алдық.

«Абайландар, аспанда Бигелдинов!»

Кеңес Одағының екі мәрте батыры, генерал-майор Талғат Бигелдиновты көре сала журналистер оны лезде қоршап алды. Кеше ғана 75 жылдық мерекесін тойлаған ақсақалымыздың жүзі жарқын, көңілі шат.

– Тұу, мына жігіт өте әдемі, әрі жұмсақ қонды,– деп тамсанды ол құлдилап келіп, құйрығымен жер сыза қонған «Истеревительді» нұсқап.

– Бұл қонған қолбасшының орынбасары полковник Байжігітовтің өзі,– деп жатырмыз мана ұшып кеткен ұшақтың нөмірін есімізде сақтап қалғанымызды білдіріп.

– Қолдбасшының өзі қайда?

– Ұшып жүр,– деп мәлімдеді мұндағы әскерилер. Көлеңкеде тұрып батыр ақсақалымызды әртүрлі әңгімеге тартуға тырыстық. Арасында ептеп әзілдесіп те қоямыз.

– Соғыс кезінде «Аспанда Бигелдинов!» дегенді естіген немістердің зәре құты қалмайды екен деп естуші едік. Сонда олар сіздің аспанға көтерілгеніңізді қайдан біліп отырған?

– Білгенде қандай! Әрбір ұшқыштың өзінің құпия нөмірі болады. Мен «230-ші» нөмірлі едім. «230-ші, бомбала, тағы бір айналып, ұрып өт!» деген бұйрықтардың арасында кейде: «Бигелдинов, давай! Молодец еще раз!» деген тәрізді сөздер еріксіз қосылып кетіп жататын. Ал мұндай бұйрықтарды немістердің барлаушы байланысшылары қалт жібермей жазып отырады ғой.

Сорғалап келіп соққанда...

Қара жерді қақырата жарып жіберердей болып қонған ұшақтың үні сөзімізді естірмеді.

Қызықты әңгіме үзілді. Бұл қонған – қолбасшы Мұхамеджан Ибраевтың өзі еді. Сәлден кейін қарт қыран мен жас

қыранның бір-бірімен құшақтары айқасып, әңгіме төркіні әскери тілде өрбіді. Біздің түсінгеніміз: бүгінгі оқу-жаттығуда атқылау мен бомбалауды қатар жүргізу әдістері тұңғыш рет қолданылып жатқан көрінеді.

– Сонда қалай?– дейді Талғат аға таңданып.

– Сорғалап келіп, снарядтармен соғып өтеміз де, көтеріле беріп бомбаларды «босатып» қоя береміз».

– Бұл сұмдық екен?

– Мәселен, негізгі нысана осы Николаев селосы болса, оны қырық шақырым радиуста жүріп-ақ дәл көздеп атқылап, астанкестен етіп бомбалап тастау түкке тұрмайды,- дейді қолбасшы біздің таңырқауымызды одан сайын күшейте түскісі келгендей.

Қос генералдың әңгімесіне құлақ түре тұрып, біздің де көңілімізде бір мақтаныш сезімі ұялады.

Бұрын Ресей ұшқыштарының ғана қолынан келеді деп есептелетін мына соғыс өнерін меңгеріп жатқан жігіттер өзіміздің қандастарымыз. Оның үстіне келесі жылдан бастап өз республикамыздағы әскери ұшқыштар училищесін тәмамдаған түлектер қатарға қосылмақшы. Олардан әрине, бұдан да зорғысын күтуге мүмкіндік бар. Техниктер мен инженерлер, тағы басқа мамандар өзімізде дайындалуда.

Иә, Мұхамеджан, Қадыржан сияқты кезінде алып елдің (Ресейдің, С.Ж.) аспанын шарлап қайтқан апайтөс азаматтар тұрғанда Қазақстан аспанында әлі талай тастүлектер сорғалай берері сөзсіз.

Әне, Мұхамеджан Ибраев тағы тепкішекпен көтеріліп барады.

Бұл жолы ол штурманның орнына отырады.

– Қолбасшы неге өйтті?– деген сауалымызға:

– Командирдің қасында отырып, оны үйрету үшін,– деген жауап алдық.

– Әх, шіркін, көк аспанда тағы бір самғар ма еді. Әттең қыран ғұмыр жалт етіп өтіп өте шақты-ау!- деп Талғат Бигелдинов аспанға қарады. Ал бұл кезде аспанда жас қырандар «ойнақ салып» жүрген.

«Егемен Қазақстан» газеті,
16 тамыз, 1997 жыл.

МОЛАДАҒЫЛАРДЫҢ МҰҢЫ (Бауыржан Момышұлының жүрегін тыңдағанда)

Ұлы Отан соғысында жұдырықтай жұмыла фашизмге қарсы шыққан кеңес халқының өшпес ерліктері мен қаһармандығы жайында бұған дейін де талай айтылып, жазылған. Бірақ, кейінгі жылдары бұл тарихи оқиғаға басқаша сипат беруге тырысушылар да табыла бастады. Сондықтан, жас ұрпақты отан сүйгіштікке баулу мақсатында данқты аталарымыз бен әкелеріміздің шынайы бейнесін әр кезде әр қырынан көрсетіп отыру негізгі міндетіміз болса керек. Төменде әскери ғылымының докторы, полковник Ким Серікбаевтың Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы туралы тебіреніске толы әңгімесін тілшіміздің аудармасында назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының, бүкіл Қазақстанның мақтанышы. Оның есімі Қазақстаннан тыс жерлерде де танымал.

1941 жылдың күзінде фашистер Мәскеу түбіне ентелеп келіп қалды. Отанға қауіп төнді. Кескілескен ұрыста Қызыл Армияның мыңдаған қолбасшылары мен сарбаздары небір ерліктің үлгісін көрсетті. Міне дәл осы күндерде Бауыржан Момышұлының есім де айдай әлемге танылды. Батальон командирі Бауыржан Момышұлы жауынгерлердің алдында өз жұмыс картасын көрсетіп тұрып, оның Мәскеу қаласы көрсетілген тұсына дейінгі жартысын жыртып тастады. Сосын сапта тұрған жауынгерлерге: «Бұдан ары шегінуге жер жоқ. Мәскеу үшін қасық қанымыз қалғанша шайқасуға тиіспіз!» деп қырандай саңқылдады.

Осынау қанды шайқастағы Бауыржан Момышұлының арыстандай айбаты мен оның батальонындағы жолбарыс жүректі жауынгерлер жайында жазылған мақала 1941 жылы «Красная звезда» газетінде жарқ ете қалды. Көп кешікпей әскери жазушы

Александр Бектің «Волокалам тас жолы» атты деректі повесі жарияланды. Бұл шығармада Бауыржанның батыр бейнесі бұрынғыдан да жан-жақты сомдала түсті.

316-атқыштар дивизиясының (28-панфиловшы-ұландар) құрамындағы жап-жас батальон командирін өзінен 10-15 жас үлкен сарбаздар «Бауке!» деп аса құрметпен атайтын. Ер жүрек те алғыр, тығырықты сәттерде қиыннан жол таба білетін, қажет жерінде темірдей қатты, әділ де мейірімді командирлерін олар шын сүйетін. Сан жағынан өздерінен әлдеқайда басым жаудың қоршауында қалып, түгелдей қырылып кетердей қатер төнгенде тек Баукеңнің дұрыс шешім қабылдауы арқасында ғана шепті бұзып, аман шыққандарын жақсы түсінетін.

Майдангер жазушы Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» атты кітабында «Бауыржан соғыста өткізген 1418 күн мен түннің бәрінде тек ерлік көрсетіп отырды» деп жазғаны шынайы шындық еді.

Иә, Бауыржан Момышұлы батальон, полк, дивизия командирі бола жүріп, Қызыл Армияның ерекше дарынды қолбасшыларының бірі атанды. Бауыржан Момышұлы әскери істің білгірі, әскери жазушы, әрі философ екендігін дәлелдеп жатудың керегі жоқ. Оны өзі жазған «Соғыс психологиясы», «Артымызда Москва», «Ұшқан ұя» сияқты туындыларынан-ақ байқау қиын емес. Сондықтан да, ол шығармалар бүгінгі және келешек ұрпақ үшін аса құнды қазына болып табылады.

Өткен ғасыр жетпісінші жылдарының соңы болса керек, Кеңес Қарулы Күштерінің кезекті мерекесіне орай Қазақстан Жазушылар одағы мен Орта Азиялық әскери округтің саяси басқармасы бірлесіп ұйымдастырған ғылыми-практикалық конференция Жазушылар Одағының мәжіліс залында өтті. Бауыржан Момышұлы да осы жиынға қатысады дегенді естіп, ертерек келдім. Кең залдың ішінде ине шаншар жер жоқ. Бір кезде бір топ генералдар мен жоғары шенді әскерилер, соғыс ардагерлері сахна төріне жайғаса бастады. Сілтідей тына қалдық.

Төрде отырғандардың арасында біз күткен Бауыржан Момышұлы жоқ екенін бірден байқадым. Кіріспе баяндама

жасау үшін сөз сол кездегі САВО-ның саяси басқарма бастығына берілді. Генерал бір қалыпты жуан дауыспен сөйлеп тұр. Он минөттей уақыт өтті. Бір кезде залдың бүйіріндегі есіктен қолында таяғы бар, жартылай әскери киімдегі бір адам кірді. Алғашқыда оны ешкім байқамады.

Бұл кісі аяғын нық басып келіп, бірінші қатардағы орындыққа жайғаса бергенде Д.Снегин басын изеп, қолын былғап, өздері отырған төрге шақырды. Залдағылар осы кезде ғана ол кісіге назар аударды. Ыбыр-сыбыр көбейіп, зал гуілдеп бара жатты. Бірақ, генерал мұны байқамады ма, әлде байқағысы келмеді ме, баяндамасын сол екпінді қарқынында жалғастыра берді. Алдындағы қағаздан басын алар емес. Жартылай әскери киімдегі адам асықпай басып барып, Дмитрий Снегиннің қасына отырды. Залдағы гуіл үдеп барады.

Сәлден кейін әлгі адам орнынан тұрды да, оң қолын алға қарай көтере созды. Сосын ол: «Генерал, кәні тоқтат! Жазып берген мәтінді жақсы оқиды екенсің. Оның маған ұнайды. Бірақ, мына көпшілік сөзінді құлағына да қыстырмай отыр ғой. Оны неге байқамайсың?!» деп ақырып жіберді. Генерал сасып қалды. Көзілдірігін қолына алған ол жан-жағына қарап аң-таң. Өмірі ешкім дәл бұлай оның сөзін бөліп, тоқтатпағаны мына таңданысынан-ақ көрініп тұр. Денесін жартылай бұрып, төрде отырғандарға көз тастады. Үні өшкен. Төбесінен біреу жуан жұдырықпен ұрып қалғандай мең-зең күйге түсіпті.

– Мен Бауыржан Момышұлымын! – деді осы кезде әлгі адам жайлап қана. – Мені көпшілік біле бермеуі мүмкін. Сондықтан да, олар «мына шал кешігіп келгенімен қоймай, кердеңдеп төрге неге шығады?!» деп жазғарып отырған сияқты. Мені төрге өздері шақырып алды ғой!..

Баяндама жасап тұрған генерал мінберден жүгіре түсіп кеп Баукенді құшақтай алды. Ду қол шапалақтаған көпшілік орнынан дүр көтерілді. Қол шапалақтау соңы орысша-қазақша «Ба-ур-жан!», «Бауке!» деген айғай-шуға ұласты. Баукен деген мына құрмет пен махаббатты көргенде бойымда бір діріл пайда

болды. Генерал мінберге қайта көтерілді. Бірақ, залдағылар әлі қол шапалақтауда. Баукең орынынан тұрды да, дәл манағыдай оң қолын көтеріп қалды. Қол шапалақтау «су сепкендей басылды. «Рахмет! Орындарыңа отырыңдар! Генерал, сіз енді баяндамаңызды жалғастыра беріңіз!» деді Баукең сәл тебіреністі, бірақ қатқыл үнмен.

Үзілістен кейін Бауыржан Момышұлына сөз берілді. Залдағылар батырды ұзақ қол шапалақтаумен қарсы алды. Баукең мінберге тақап келді де, оның бұрышына оң жақ қолымен сүйене тұрып, сол қолымен «тынышталыңдар!» дегендей белгі берді. Зал тына қалды.

– Мен орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйлейтін, әрі жазатын адаммын. Бірақ бүгін орысша әңгімелесеміз. Бір философ айтқандай, өмір дегеніміз – қозғалыс. Мен жетпіске жетіп қалған адаммын. Соған қарамастан жаяу жүргенді ұнатамын. Бүгін маған тауда демалып жатқан жеріме машина жіберіпті. Оған отырмай, қайтарып жібердім. Сіздермен кездесуге жеті шақырым жаяу жүріп келдім. Уақытты дұрыс есептемегендіктен сәл кешіктім. Есесіне өзімді сергек сезініп тұрмын. Тіпті жасарып қалғандаймын.— деді. Залдағылар тағы ду қол шапалақтады. Баукең сөзін қайта жалғастырды:

– Генерал жақсы баяндама жасады. Ой салатын да, толықтыратын тұстары да баршылық. Мен бүгінгі әскери өмірге қатысты екі мәселеге сіздердің назарларыңызды аударғым келеді. Қозғалыс – шын мәнінде өмірдің өзі. Ал соғыстағы қозғалыс әскери құрамалардың ұтқырлығымен, шалымдылығымен өлшенеді. Соғыс алаңында кім жағдайға қарай жылдам бейімделіп, ұтқыр да шалымды қимылдаса, сол жеңіске жететіндігі айтпаса да түсінікті. Әрине, жеңіске жету жолында бұдан басқа да айла-тәсілдер көп. Бірақ мен қандай да бір қиын шайқастар мен қым-қуыт шабуылдардағы жеңіс кепілі – әскери құраманың ұтқырлығы мен шалымдылығы деп білемін,— деп Баукең залда отырғандарды өткір де ойлы жанарымен бір шолып өтті.

– Егер біз соғыстың алғашқы сәттерінде көптеген шығынға ұшырасақ, оның ең басты себебі менің ойымша,— деп ол оң

жақ қолының сұқ саусағын жоғары көтеріп, төрде отырғандарға бір сұстана қарап алды. Содан кейін отты жанарын залға қарай бұрды, – қолбасшылардың ұтқырлық пен шалымдылыққа көңіл бөлмеуінен деп білемін. Жылдам қозғалатын техникамыздың жоқтығын пайдаланған жау бізді қуып жетіп қана қоймай, басып озды. Соның салдарынан қаншама әскерлеріміз қоршауда қалып, қырылып кетті!

Мұны айтқанда Баукеңнің дауысы бәсеңсіп, көкейіне ащы өкініш тығылғандай болды. Меніңше ол күндіз-түні көз ілдірмеген қырық бірінші жылғы сол бір сұрапыл күзді, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының батальонындағы сол бір боздақтарды бір сәт үнсіз еске алып тұрғандай көрінді. Санаулы секөнттер ішінде ол дүр сілкініп, бастапқы қалпына қайта түсті. Сөйтті де сабырлы, жаймашуақ қалыпта сөзін жалғастырды:

– Сіздерге белгілі шығар, халықтың жанқиярлық еңбегі мен үкіметтің, Жоғарғы қолбасшылықтың арқасында 1942 жылдың соңы мен 1943 жылдың басында ғана жаңа танкілер, бронетранспортерлер, самоходкалар мен автомашиналарға қолымыз жетті. Осыдан кейін ғана ротадан бастап армияға шейін, тіпті бүкіл майдан алаңы ұтқырлық пен шалт қимылға көшті, барлық әскер күштері батыл шабуылға шықты. Жаңа техникалармен жабдықталған танкі бригадасы, дивизия, корпус, армиялар бізге жол ашып, жауды ту сырттарынан айналып келіп соғуға мүкіндік туғызды. Бұл жөнінде кеңірек тоқталуды қазір уақыт көтермейді және ол бөлек әңгіме. Естуімше, әскеріміз қазіргі кезде шапшаң қимылдайтын қаһарлы техникалармен толықтай жабдықталған. Бұл дегенің тамаша ғой!

Баукең сәл кідіріп, ойын жинақтап алды да, сұқ саусағын тағы көтерді:

– Алайда сол техникалар мүлтіксіз жұмыс істеуі үшін оны сүйген қызындай аялап, бабын таба білуің, одан кейін оны ептілікпен соғыс қимылдарына қоса білуің керек. Ол үшін әрбір жауынгер, әсіресе командирлер өз ісінің шебері болуға тиісті. Техниканы күндіз де, түнде де ұршықша иіріп, бұзылып қалғанда жөндеп алатындай білімің болмаса, бәрі бекер.

Әскери оқу орындарында сендер арнайы білім аласыңдар, әскери қызметте тәжірибе жинайсыңдар, ал әр жауынгердің техникаға деген сүйіспеншілігін оята біліу – командирлердің басты борышы. Мұның бәрі қолдан келетін іс. Бірақ сендерге қарап ойлаймын...- деп Баукең сәл жымыды да: – Сендерге қарап жас кезімді еске аламын. Қызығамын. Алайда сендердің жастарыңда мен қарыным қамшыып, тыртаңдап-борсаңдап жүрмеген сияқтымын. «Лысанқаға» (ақбоз аты) секіріп мініп, секіріп түсетінмін.

Әрине, бүгінгі машиналардың салмағы ауыр, әрі күшті екен деп өздерің семіре бергендерің жараспас. Әскери техниканың есігі тар екенін ұмытпаңдар. Торсиған командирдің одан кіріп-шығуы оңай емес. Соғыс ырғалып-жырғалуды көтермейді. Осы жағын да есте ұстаңдар, достарым!

Залдағылардың біразы орындарынан қозғалақтап, ыңғайсыдана бастады. Баукең мысқылдай күліп:

– Сіздерге артық салмақтан арылудың оңай жолын айтайын. Ол – қозғалыс. Жаяу көбірек жүріңдер, жүгіріңдер, сонда бәрі орнына келеді. Кәрі жауынгердің бұл сөзіне сеніңдер...

Бұдан кейін ол терезе жаққа қарап, сәл ойланып қалды. Түсі өзгеріп, сұстана бастады. Баукеңнің көкейінде тың ойлар туындап келе жатқанын байқадық. Манадан бері мінбердің қасында тұрған ол енді оған көтеріліп, микрофонға еңкейе сөйледі:

– Әрбір егде тартқан қазақ алдынан зират кезіксе, міндетті түрде тоқтап, құран оқиды, «Аллахуакбар» айтып, бетін сипайды. «Жатқан жерің жарық болсын!» деп бір уыс топырақ тастайды. Ата дәстүрі солай. Тірілер мен өлілер арасындағы мәңгілік байланыстың бір түрі осы.

Мұндай дәстүр тек қазақтарда ғана емес, басқа халықтарда да бар. Әрқайсысы әр түрлі. Мұны мен не үшін айтып тұрмын? Кейбіреулер: «Мына шал әруақтар мен зираттар туралы сөз қозғағаны несі?» деуі мүмкін. Кім өз өмірінің мәні жөнінде үстірт ойламаса, кім бүгінгі тірлікте қол жеткеніне масаттанбаса, кім өткенге құрметпен қарай білсе, ол мені түсінеді. Жоғарыда айтқандарым мен алда айтатындарымның арасындағы үзілмейтін байланыстарды да дөп басар еді.

Мәселе мынада, жеке адамның, бір топ адамның, тіпті бүкіл қоғамның мәдениеті мен тәрбиесі ата-баба әруағына тағзым ете білумен өлшенеді. Майдан даласымен талай шақырымдарды жүріп өттім. Көз алдымда жап-жас жауынгерлер қырылып жатты. Фашистер жайратып кеткен бейкүнә сәбилер мен әйелдердің, кәрі-құртандар мен жаралылардың өліктерін көргенде төбе шашың тік тұрады. Мұндайда небір қаһарлы жауынгерлердің де көзінен жас сорғалайды екен. Құдай енді ондайды ешкімге көрметпесін.

Осыншама қатыгездік пен жауыздық біздің сарбаздар мен сардарлардың жүрегіндегі мейірімді өшіріп, қанды кектің соңы жыртқыштыққа ұласып кетпесе екен деп мазасызданатынымын. Жоқ олай болмады. Жауынгерлеріміз өз Отанын ғана емес, бүкіл әлемді фашизмнен азат етті. Олардың ұрпақтары келесі ұрпаққа үлгі етіп, соғыс құрбандарына ескерткіштер мен тас мүсіндер орнатты, бауырластар бейітіне мәңгілік алау жақты. Әсіресе бауырластар бейітінің орны бөлек. Бұл жерде тілі бөлек – тілегі бір, жүзі бөлек – жүрегі бір әр түрлі халықтар мен ұлттардың өкілдері мәңгілік көрпесін бірге жамылып жатыр. Олар ортақ жау – фашизмге қарсы күресте ерлікпен қаза тапты.

Егер біз мұражайларда олар жайында екінші біреудің аузынан естіп, көрмелерде суреттеріне телмірсек, зиратқа, әсіресе бауырластар бейітіне келгенде мұндағы мұң мен қасірет үнін жүрегіміз бен тыңдап, бақилық пен мәңгілік зарын жанымызбен сезіне білуіміз керек. Мен өз елімізде де, басқа мемлекеттерде болғанымда да міндетті түрде бауырластар бейітіне барып, ондағы әруақтардың рухына тағзым етемін.

Бір жақсысы, бұл бейіттердің бәрі арнайы күтімге алынған. Адамдар күнде келіп, ондағы мәңгілік алауға гүл шоқтарын қояды. Өте дұрыс. Жеңіс мерекесі қарсаңындағы салтанатты жиындарды біздер тек үлкен сарайларда ғана өткізбей, қан майданнан қайтпай қалған боздақтар мен жеңіс күнін жақындатқан батырларымыздың ескерткіштері мен зираттарының басында да өткізгеніміз жөн. Сонда жан-дүниеміз бұрынғыдан да тазарып, азаматтығымыз, бір-бірімізге деген махаббатымыз арта түседі.

Баукең Мәскеу түбіндегі, Украин, Беларусь, Польша жеріндегі бауырластар бейіті жөнінде айта келіп: «Жастар, сендерге айтарым, соғыстан қайтпаған солдаттарды ешқашан естен шығармандар. Біздің осы дәстүрімізді ұдайы жалғастыра беріңдер!» деп сөзін қорытындылады.

Бұдан жарты жыл бұрын Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовке бір топ ардағарлер атынан Баукең Алматы қаласының ішінен ескерткіш орнату жайында ұсыныс айтқанбыз. «Баукең жаңадан ескерткіш қойылады!» деді әкім. Біз үшін бұдан асқан қуаныш бар ма! Әзірге ол ескерткіш тұрғызылған жоқ, бірақ тұрғызылатынына тіпті де күманданбаймыз. Мені қазір Баукеңнің ескерткішін қайда орнату керек деген ойлар мазалауда. Меніңше, оны 28 панфиловшылар саябағындағы генерал Панфиловтың ескерткіші қасына орнатқан дұрыс. Оның бірнеше себебі бар.

Біріншіден, талантты шәкірт өзінің ұлағатты ұстазының қасына келеді. Бауыржан Момышұлы соғыстағы сүйікті ұстазы – генерал Панфилов екенін айтып та, жазып та кетті. Мұны елдің бәрі жақсы біледі.

Екіншіден, бүкіл әлем жұршылығы іштерінен тынып, жау жоспарлағандай, Мәскеу жер бетінен қашан жойылып кетеді деп күтіп отырғанда орыс Панфилов пен қазақ Момышұлы дос құшақтарын айқастыра шабуылға шықты, Мәскеуді кеуделерімен қорғап қалды.

Үшіншіден, бұл ескерткіштер «Достық» деп аталатын даңғылдың дәл бастауында тұрады. Бұл сонымен қоса, қазақ пен орыс халқының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлы достығын да ұрпақтан ұрпаққа паш ете бермек. Келе-келе, бұл ескерткіштер нағыз ерліктің символына, халықтың мақтанышына айналады.

Алматыда Баукең ескерткіш орнатылады. Сөйтіп, халық батырының қайталанбас бейнесі келешектің көз алдында күннен күнге биіктей беретін болады. Мен бұған имандай сенемін!

«Президент және Халық» газеті,
20 желтоқсан, 2007 жыл.

ӨЗІМІЗ ЕМЕС, ӨЗГЕЛЕР БІЛГЕН БАТЫР ҰЛ **жеті рет жауды жайратып,** **көз жұмған қайсар қазақ кім еді?**

Ия, Ұлы Оан соғысы кезінде ол жеті рет ерлік жасапты. Қарап отырсаңыз, сол ерліктердің әрқайсысы үшін оның кеудесіне Алтын Жұлдыз қадауға болатындай екен. Бірақ, олай етпепті. Соңғы ерлігі үшін І-дәрежелі Даңқ орденімен марапаттаған да қойған. Оның өзінде өлгеннен кейін. Өкініштісі ол да емес, өкініштісі сол – бұл қазақ жігітінің аты-жөні Қазақстандағы ресми тізімдердің ешқайсысында тіркелмендігі. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де Қазақстанда оның аты еш жерде аталмаған, оны ешкім іздемеген, тіпті қай жерде туып, қай жерде өскені де белгісіз. Ата-анасы, туған-туыстары жайында да бір дерек жоқ. Ал, енді осы адамды кезінде толық анықтау мүмкін бе еді? Әрине, мүмкін еді...

Ұлы кіріп келердей...

– Мен 1944-45 жылдар аралығында Алқар Унгаровпен (қазақша Оңғаров немесе Үңғаров болуы мүмкін. Архивтен іздеуге оңай болу үшін кітаптағы тегімен (фамилиясымен) атағанды жөн көрдік. С.Ж.) бірге бір полкта қызмет ете жүріп, фашистерге қарсы соғыстым. Ол үшінші ротада комсорг еді де, мен танкке қарсы шабуылдаушы ротаның командирі едім, - деді өзін Юрий Лазаревич Ашкинази деп таныстырған ақшашты ақсақал.

Бұл кісінің айтуына қарағанда, А.Унгаров орта бойлыдан жоғары, отты жанары ойнақшып тұратын ашық-жарқын жігіт екен. Жанындағылармен әдемі әзіл-қалжыңын жарастыра білетін мінезі де салмақты болыпты. А.Унгаровтың бір ерлігін өз көзімен көрген Юрий Лазаревич ол жөнінде жақсылап баяндап берді. Сосын маған «Жизни своей не щадя» деп аталатын (авт. В.Н. Давидич) қызыл кітапты ұсынды. 1981 жылы

Мәскеуде, КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери баспасынан жарық көрген кітапта Баранович атындағы № 20-атқыштар дивизиясының Азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы жылдарында жүріп өткен қанды жорықтары жайында нақты жазылыпты. Ал біздің бұл күнге дейін белгісіз болып келген батырымызға автор В.Давидич жеті рет айналып соғып, кітаптың әр бетінде ол туралы «Қазақтың батыр ұлы» деп көрсетіп отырған және оның суретін кітаптың ішінде бірнеше батырлармен бірге жариялапты.

«Новое поколение» газетінің бетінен көрген М. Унгарова деген тілшінің фамилиясы ойымызға сап ете қалды.

Дереу телефон шалдық. Жиырмалардан жаңа ғана асқан әрі қалада өскен қыз сонау соғыс жылдары хабарсыз кеткен туыстарының аты-жөнін қайдан білсін:

— Әжем «Бір балам соғыста хабарсыз кеткен» деп отыратын еді,- деді.

— Сол туысыңның аты есінде жоқ па?

— Есімде жоқ, бірақ «А» әрпінен басталатыны анық.

— Әжең тірі ме? Неше жаста? Қайда тұрады?

Бұдан кейін ол дереу әжесіне хабарласты. Біздің келетініміз де ескертті. Арада екі-үш сағат өткенде Оңғарова Қойсын әжейдің есігін қақтық. Төргі бөлмеден абыр-сабыр күйде жүгіріп шыққан кейуана бізге аңырая қарап тұрып қалды. Сосын «Төрге шығыңдар, қарақтарым!» деді. Даусында діріл бар. Алғашқы сөзді бастаған Юрий Лазаревич әжейдің соғыстан қайтпаған баласы туралы сұрай бастады. Сөйтсек, оның аты Асылбек Оңғаров болып шықты. Сосын кітаптағы мына суретті көрсеттік. Жоқ, бұл басқа адам екен. Сонымен бұл жолы жіптің ұшы табылмады. Біз есікке беттеп бара жатқанда әжей көзіне жас алды.

— Сендермен бірге Асылбегім кіріп келердей қатты толқыдым. Хабарласып тұрыңдар, қарақтарым,— деп бізбен қимай қоштасты.

Алғашқы ерлік

Енді біз іздеп жүрген Алқар Унгаров деген азамат қандай ерліктер жасағаны жөнінде оқырмандарға ақпар бере кеткеніміз жөн.

– Мен Алқармен түнгі жорықтардың бірінде сапта келе жатып танысқанмын,- дейді Юрий Лазарьевич. – Ол жылқы малын өте жақсы көретін. Бірде біздің полк венгерлердің атты әскер дивизиясын талқандаған болатын. Содан олжа ретінде өзіне тарту етілген бір әдемі жүйрікті менің ротама алып келіп, оны бағып-қағуымызды өтінді. – Өйткені, біздің рота 67-полктің құрамына кіргенімен, азық-түлік, тағы басқа шауашылық мәселелерімізді өзіміз жеке жүргізетінбіз. Қолы босай қалғанда Унгаров қазақша бір әуенді ыңылдай айтып жүретін. Сосын, қалжындап, бізге «тиісіп» кететін. Ал, оның алғашқы ерлігі әлі күнге дейін көз алдымда.

1944 жылдың маусым айында Косиничи қаласы үшін ұрыс жүріп жатқан. «Фердинанд» танкілерін бетке ұстап немістің бір батальоны бізге қарсы қаптап келе жатты. Унгаров менен танкіге қарсы шабуылдаушы бір топ жауынгерді көмекке жіберуімді сұрап, хабаршы жөнелтіпті. Өтінішін дереу орындадым. Сәлден кейін комсорг Унгаровтың:

– Рота, менің бұйрығымды тыңда!– деген қаһарлы даусы естілді де, үшінші рота алға қарай лап қойды. Сөйтсем, бұл ротаның командирі мен взвод командирлерінің бәрі оққа ұшыпты. Офицерсіз қалған ротаны аға сержант Унгаров шабуылға көтерген екен...

Жоғарыда аталған «Жизни своей не шая» деген кітапта да Юрий Лазарьевичтің бұл айтқандары расталады. Онда былай деп жазылған: «Консиничи үшін болған ұрыста үшінші атқыштар ротасын жас коммунист, аға лейтенант А.А Вахрушев басқарды. Гитлершілер осы ротаны артиллерия мен минометтің астына ала атқылады. Екі рет жараланғанына қарамастан Вахрушев ротаны бастап жүрді. Тек үшінші рет жараланғаннан кейін ғана оны ұрыс даласынан алып кетті. Сәлден кейін взвод командирлері де жараланып, саптан шықты. Рота офицерсіз қалды. Жауынгерлердің шабуылы бәсеңсі түсті. Осы кезде рота комсоргі аға сержант А. Унгаровтың даусы естілді.

– Рота, менің бұйрығымды тыңда!

Ержүрек қазақ жігіті ептілікпен ротаны алға бастап, көздеген мақсатқа жете білді». (122 - бет), (ЦАМО, ф. 20 сд, оп. 3670, д. 1, л.61.).

Алғашқы орден

1944 жылдың 4 маусымында №20-дивизияның құрамындағы №67-атқыштар полкіндегі рота комсоргі аға сержант Унгаров тағы да көзге түсті,,- деп жазады В.Давидич. – Қарсы жақтан қарша бораған жаудың оғынан рота жауынгерлері бас көтере алмай қалды. Осы кезде Унгаров бірінші болып атып тұрды да: «Ел үшін, туған жер үшін, алға!» деп ұран тастап жауға қарай тұра ұмтылды. Ержүрек комсоргтің соңын ала барлық жауынгерлер көтерілді. Соның арқасында рота Цепра өзенін кесіп өтіп, арғы жақтағы тас жолға бекініп үлгерді. Унгаров сонымен қатар бекіністі бұзып өтпекші болған неміс мотоциклшілерін гранатамен жойып жіберді. Бұл ерлігі үшін аға сержант Қызыл Жұлдыз Орденімен марапатталды» (124 - бет), (ЦАМО, ф. 20 сд, оп. 1, д. 41, л. 12).

Тағы да сол

«6 маусым күні аталмыш дивизия Шару өзенін кесіп өтті,- деп жазылған кітаптың 126-бетінде. – Күндізгі сағат 2 кезінде №6 және №265- полктер жаудың №4-ші атты әскер полкін түгелімен жойып жіберді. Тек, кейбір жекелеген жау әскерлері жан сауғалап Нивище, Миничи елді мекендерінің маңайындағы орманға жасырынып үлгерді ». (ЦАМО, ф. 20 сд, оп. 1, д. 14, л. 82).

Міне, осы кескілескен ұрыстың дәл ортасында біздің кейіпкеріміз де жүргенін сезіп отырған шығарсыздар. Егер В. Давидичтің кітабының осы бетін соңына дейін оқысаңыздар (бірақ қарапайым оқырман оны оқи алмайды, өйткені Белоруссиядан Қазақстанға жеткен бұл кітаптың жалғыз данасы әзірге біздің ғана қолымызда. – С.Ж.) «Унгаров» деген фамилия тағы да алдарыңыздан шығады. «Беларусь жеріндегі ұрыста бұл дивизияның жауынгерлері жаппай ерлік жасады. 6 шілде күні бірнеше

ұлттың өкілдері қаһармандық көрсетті. Орыс Мануковпен бірге қазақ жігіті Унгаров, өзбек Яздонов, татар Ягофаров, грузин Бабулашвили, армян Журначян, украин Герасименко, тағы басқалар мемлекеттік наградалармен марапатталады» делінген онда.

17-сін тұтқындап, 7-ін жойыпты

28 шілдеде Брест қаласы фашистерден тазартылды. Брестке шабуыл кезінде №67-атқыштар полкінің жауынгерлері өте ептілік пен алғырлық танытқаны жөнінде бұл кітапта жан-жақты жазылып, бірнеше мысалдар келтірілген. Ал Унгаров жөнінде мынадай эпизод бар.

«№67 - атқыштар полкінің 1-батальонындағы №3-атқыштар ротасының комсоргі А.Д. Унграов тағы да ерекше көзге түсті. Оның басқаруымен (саптан шыққан взвод командирінің орнында) взвод жауынгерлері неміс атты әскерлерінің төрт шабуылына тойтарыс берді. Унгаровтың өзі 7 атты әскердің көзін жойды. Сосын өз взводымен орманды сүзіп шығу барысында жаужүрек комсорг, жан сауғалап тығылған жау әскерінің 17-сін тұтқыңға алды. Дивизия басшылары А.Д. Унгаровтың бұл ерлігі үшін оны III дәрежелі Даңқ орденімен марапаттады. Бұл – қазақ комсоргінің Белоруссияны азат ету жолындағы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін алған екінші ордені еді» (142-бет), (ЦАМО, ф. 20 сд, ор. 690155 д, 779, л. 60.).

Жаралы жолбарыстай атылғанда

1945 жылдың 20 қаңтары. Шығыс Пруссия жерінен гитлершілердің қанқақсай шегініп бара жатқан шағы. Аталмыш кітаптың авторы В.Н. Давидич соғыс барысын нақты деректер келтіре суреттей отырып, онда ерлік көрсеткен жауынгерлердің іс-қимылын архивқұжаттары негізінде қысқаша баяндап өтеді. Сонымен қоса архив құжаттарының шрифтарын келтірді. Біз жоғарыда оларды жақшаға алып отырдық. Алда да сөйтеміз.

«Аға сержант А.Д. Унграов тағы да өшпес ерлік жазады. Оққа ұшқан командирдің орнын басқан ол взводты

шабуылға көтеріп, өзі бірінші болып жаудың траншеясына секіріп түсті. Жауынгерлердің жіті қимылдауының арқасында әп-сәтте траншея басып алынды да, 113 гитлершінің көзі жойылып жіберілді. Унгаровтың өзі жараланғанына қарамастан ұрыстың соңына дейін взводты басқаруын тоқтатпады. Батырлығы мен алғырлығы және жаужүректігі үшін Алқар Унгаров II дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды» деп жазады В. Давидич (167-бет) (ЦАМО, ф. 20 ск, оп. 6861961, д. 5890, л. 168.).

Естімеген ерлік

Соғыстың соңғы көктемі. 25 наурызда дивизияның бүкіл артиллериялары арқырап қоя берген. 26-27 наурызда олар Кенигсбергтің түбіне жетеді. Бұл жердегі неміс армиясының санаулы ғана күндері қалған. Осы арада қазақ жігіті А. Унгаров екінің бірінің қолынан келмейтін тағы бір ерлік жасапты. «Ұрыс кезінде, – деп жазады автор өзінің кітабында, – № 67-атқыштар полкіндегі екі Даңқ орденінің иегері, аға сержант А.Д. Унгаров ерекше көзге түсті. Бір топ жауынгерлерді бастап ол жауға қарсы шабуылға шықты. Шеткі үйдің жерасты қабатынан жаудың пулеметі сарнап қоя берді. Жауынгерлер бас көтере алмай қалды. Унгаров осы кезде қолына граната алып, пулеметке қарай еңбектей жөнелді. Үйдің іргесіне тақай бергенде немістердің бір гранатасы оның дәл жанына келіп жарылмасы бар ма. Тәлтіректеп барып есінен танған Унгаровты жау жағы өлді деп ойлады. Сәлден кейін Унгаров есін жиып алды да, қайтадан жер бауырлай пулеметке жақындады. Сосын аға сержант тақап келіп үйдің жерасты қабатына қарай гранатаны тастап кеп жіберді, ол гүрс ете қалды. Жау пулеметінің үні өшті. Жатып қалған жауынгерлер бірден шабуылға көтерілді. Олардың алдында топ бастап Унгаров кетіп барады. Елді мекенге кіре сала ол төрт немісті автоматпен жайратты, 13-ін тұтқынға алды. Аға сержант Унгаров бастаған жауынгерлер тобы бұл ұрыста 38 жау әскерінің көзін жойып, 49-ын тұтқынға алды». (178-бет).

Жеңіске жетіп тұрып...

1945 жылдың 2 мамыр күні таңғы сағат 6-ларда Берлин толық алынып, фашистік Германия тізе бүккені, сол күні кеште Мәскеуде 324 қарудың түрінен 24 рет шашушоқ атылып, сол кездегі Кеңес елі жеңіс туралы қуанышты хабарды естіп үлгергені тарихтан белгілі. Алайда, осы сәтті көруге бар-жоғы үш-ақ күн қалғанда біздің батырымыз Алқар Унғаров Берлиннің көшесінде ерлікпен қаза тауыпты. Ол жөнінде В.Давидич өзінің жоғарыда аталған кітабының 197-198-беттерінде былай деп жазады:

«29 сәуір күні №67-полктің 3-ротасы алдында жаудың бес қабатты үйі алынбастай қамалға айналды. А.Д. Унгаров өз взводымен осы үйді шабылдауға кірісті. Кеудесіндегі екі Даңқ ордені мен Қызыл Жұлдыз ордендері қаһарман қазақ ұлын онан сайын асқақтата көрсеткендей еді. Берлин үшін ұрыста өз взводымен Унгаров тағы да алғы шепке шықты. Әлгі үйдің астыңғы қабатының ішіне ол лақтырған граната жарылысымен бір топ жауынгерлерді бастап өзі сол жерге кіріп барды. Унгаровтың қолындағы автоматтың оғы тірі қалған немістердің бәрін сол арада баудай түсірді.

Бірінші атқыштар батальонының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары капитан В.М. Семькин ертеңінде Алқар Унгаровтың бұл ерлігі жайында арнайы шағын газет (листок-молния) шығарып, шабуылда жүрген жауынгерлердің арасына қолма-қол таратып үлгерді. Бірақ жауынгерлер оны оқыған кезде қайтпас-қайсар старшина бұл өмірде жоқ еді. Осы ұрыста жаудың қаңғырған бір оғы батырдың өмірін жұлып кеткен. Взвод үгітшісі, қатардағы жауынгер Д.Н.Ягодиннің қолында жатып ол жан тапсырды. «Жолдасымыздың қазасы үшін қанды кекке!» деген взвод үгітшісінің жан айқайынан кейін бір кісідей шабуылға шыққан жауынгерлер сол күні мықты құрсауланған жаудың үш бекінісін тас-талқан етті.

1945 жылдың 27 маусымында СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен старшина А.Д. Унгаров қаза болғаннан кейін І дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды және осы ордендердің толық иегері атанды» (ЦАМО, ф. 382, оп. 8623, д. 123, л. 89).

Міне, осымен бітті... В.Н. Давидичтің «Жизни своей не щадя» деп аталатын кітабынан басқа ол туралы қолымызда әзірге басқа мәлімет жоқ. Алайда, бұл батырымыз туралы нақты деректер алдағы уақытта табылатынына күмәнданбаңыздар. «ЦАМО» деп басталатын ұзын-сонар цифрларды бекерге газет бетінде тізбектемедік. Ол – Қорғаныс Министрлігінің (КСРО-ның әрине) Орталық Архиві деген сөздердің орысшадан қысқартылып алынған түрі. Бұл архив қазір Ресейдің Подольск қаласында орналасқан. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіндегі азаматтар осы арқылы сол жаққа ресми түрде сұрау салса, марапаттау (наградтау) жөніндегі құжаттардан Алқардың бір дерегі шықпауы мүмкін емес. Егер оған дейін Алқардың мына суретінен оны танығандар немесе жақын-жуықтарының біреуі табыла қалып редакцияға хабарласып жатса, сүйіншісі бізден.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
6 желтоқсан, 1997 жыл.**

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚАРСЫ БАРЛАУДА жүргенде бір рет те мүлт кетпеген

Осыншама уақыт бойы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде қызмет етіп, бұдан он жыл бұрын зейнеткерлікке шыққан Қозыке Бишімбаев ақсақал таяуда 70-ке толды. Дәл осы қарсаңда өмірлік қосағы Гүлжамал апамызбен отасқанына да жарты ғасыр болады екен. Алтын той мен мерейтойдың тұспа-тұс келуі қуаныш үстіне қуаныш үстей түскендей.

Бүгінде ел азаматтары болып ер жеткен ұл-қыздары, олардан тараған немерелері жайында айта берсек – ол тіпті бөлек әңгіме. ҰҚК саласында Қозыке ақсақалдың алар орны ерекше екенін тек сондағылар ғана жақсы біледі. Ал көпшілік қауымға бұл кісінің есімі әлі беймәлімдеу.

Барлау мен қарсы барлауда қызмет жасайтындарды былайғы жұрт ауызекі тілде «үндеместер» деп те атайтынын естігенбіз. Ондай адамдардың құпия қызметі өмір бойы өз ішінде, өзімен бірге кетеді. Солай екенін біле тұра Қозыке ақсақалмен арнайы жолығып, әңгімеге тарттым. Қарт барлаушы әр нәрсенің басын шалып өтеді де, әріге баспайды. Дегенмен, майдан қыл суыртпақтағандай етіп отырып, бір кездегі аса құпия, әрі қызықты оқиғалардың біразын жазып алудың сәті түсті.

Алғашқыда жалпылама басталған әңгімеміз кейбір тұста тереңдеп бара жатқанын сезген Қозыкең қоңыр папка ішінен бірнеше парақтарды алып шықты. Ол кісі журналист тарапынан өзіне қойылатын сұрақтарды алдын ала құрастырып, өзі соған жазбаша түрде жауап та құрастырып қойыпты. «Сен маған былай етіп сұрақ қойсаң, мен оған мынадай түрде жауап берсем» дегенді аңғартатын болашақ интервьюдің жобасын оқып берді. Егер оны сол күйінде газет бетіне жарияласақ, онда ол Қозыке Бишімбаевтың өмірі мен қызметінен қысқаша ақпар беретін құрғақ деректер жиынтығы болып шығар еді. Сол деректердің

астарында небір қызықты оқиғалар жатқаны байқалып-ақ тұр. Оны Қозыкең де, мен де жақсы сезінудеміз. Бірақ, әр нәрсенің қатпар-қатпарын ашып, егжей-тегжейлі баяндау жағы қалай болар екен деген күдік те жоқ емес. Құпия қызмет қырларының «нәзік» тұстары көп. Әр сөзді аңдап айтпасаң, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп алуың оп-оңай. Дегенмен, мына бір оқиғаларды жеріне жеткізе баяндағанды жөн көрдік.

Соғыс кезі болатын

Қозыкең 15-16 жастағы бозбала кезінде-ақ, дәлірек айтсақ, 1942 жылы еңбек жолын бастапты. Мектепте оқи жүріп, аудандық газетте жауапты хатшы болып қызмет істеген. Соның өзінде орта мектепті өте жақсы бітірген. Сосын ҚазМУ-дың филология факультетіне келіп түскен. 1944 жылы бірінші курсты бітіргеннен кейін жасы 18-ге толуына байланысты әскерге, яғни соғысқа шақырылады. Бұл оған қуана келісіп, әскери комиссардың атына өтініш жазып, майданға аттануға дайындала бастайды. Сөйтсе, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегілер оны бір жылдан бері өз қатарларына алуға икемдеп, «сырттай сынақтан» өткізіп те қойыпты.

Жалғыз ұлы майданға кетеді деп ішікұса болып жүрген ата-анасы мұны естігенде, қатты қуанады. Міне, сол жылдардан бері, яғни 1944 жылдан 1982 жылға дейін Қозыке Бишімбаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінде үзбей еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан.

— Соғыстан кейінгі алғашқы жылдары Шымкент облысы Түлкібас ауданында қызмет жасадым. Бұл кездегі біздің негізгі мақсатымыз — қанды майданға төтеп бере алмай, отанын сатқан опасыздарды табу еді. Қауіпсіздік комитетіне жұмысқа тұрғаннан кейін мен Алматыдағы арнайы жоғары мектепте бір жыл оқып, тергеуші мамандығын алып қайтқанмын. Іске бел шеше кірісіп кеттік. Неміс армиясына қызмет еткен, кейіннен Германияның барлау мектебінен өтіп, бізге келіп астыртын жұмыс жасап жүргендер жайында біраз мәліметтер анықталды.

Солардың талайын әшкереледік қой,- деп қарт барлаушы бірнеше адамдардың аты-жөндерін атап өтті. Бірақ, оларды қандай жолмен қалай ұстағандары жөнінде сұрай бастап едім, Қозыкең тағы да жалт беріп кетті.

– Ой, бұлардың кейбіреуі тіпті партия, Кеңес органдарының басышысы қызметіне дейін көтеріліп алып, білдірмей ойранды салған ғой,- деп мені одан сайын қызықтырып қояды. Сөйтеді де, бұларға қатысы шамалы басқа бір оқиғаның басын шалады. «Бәлкім осы тұстан бір ұсталар ма екенсің» деп мен әр сөздің астарын бағамдауға тырысамын.

– 1947 жылы Түлкібас ауданы «Жұмыскер бригада» колхозында сұмдық бір қайғылы оқиға болды. Колхоз төрағасын әлдекімдер өлтіріп кетіпті. Жұрттың айтуына қарағанда, бұл кісінің өлімі сол маңдағы чешендерден келген сияқты. Соғыс жылдары, соғыстан кейін Қазақстанға жер аударылған чешендер Түлкібас ауданында ауыл-ауыл болып жеке отыратын. Ел іші дүрлігіп, ұлтаралық жанжал өршіп кететін түрі бар. Осы қылмысты ашуды тікелей маған жүктеді. Мен ол кезде әлі 20-ға жетпеген жас жігітпін. Соған қарамастан 3-4 күннің ішінде тапсырманы мүлтіксіз орындап шықтым. Колхоз төрағасын өлтірген – қазақтардың өздері екен. Рулық бақталастықтан шыққан көрінеді...

Қара қойдың басы

Қозыкең ойланып отыр...

– Сонымен кісі өлтірушілер кімдер болды екен? Қылмыс оңай ашылды ма?- деймін ой желісін үзіп алмауға тырысып.

– Жиырма шақты адам қолға түсті. Бәрі тиісті жазаларын алды. Қайғылы оқиғаның соңы ұлтаралық қанды қақтығысқа ұласып кетпеу үшін ауданнан, облыстан адамдар келді. Жергілікті тұрғындардан сұрастырсақ, бәрі чешендерге жабады. Сосын осы ауылдағы жасы 70-ке жақындаған бір қариямен ақылдасқанды жөн көрдім. Ол кісі: «Балам, қазақта ескіден қалған мынадай бір жаман дәстүр бар. Егер бірнеше адам бір

адамды өлтіреміз деп шешсе, олар қара қойды сояды да өзара бәтуаласып, бата жасасып, қойдың басын суға тастайды. Ішек-қарнын басқа жаққа апарып көмеді. Осыны еске сақтағайсың» деп сөзінің соңын жұмбақтай аяқтады. Байқаймын, қария маған тұспалдап бағыт беріп отырғандай. Өзі де бірдеңені білетін тәрізді. Бірақ ашық айта алмайды.

Бұл әңгімеден кейін ауылдың шетінде ағып жатқан өзеннің бойын шарлауға кірістім. Біраз жүргеннен кейін айтқандай-ақ жылғаның шетіне тамандау, тайыз жерде жатқан қара қойдың басын тауып алдым. Шал бекерден бекер бірдеңені меңзегеніне көзім жете бастады. Ауданнан келген прокурорға қойдың басын дерек ретінде іске тіркеттім. «Жіп ұшы» қолға іліккендей. «Енді не істеймін?» деп ойланып тұрдым да, тағы да алға қарай жүре түстім. Өзенді қиғаштай кесіп өтіп қарсы жағадағы белеске қарай өрлеген жалғыз аяқ жолдың сұлбасын байқадым. Ол жақта ел жоқ сияқты еді. Осы белес бір сырды бүгіп жатқандай әсер етті. Суды кешіп, жалғыз аяқ жолды бойлай белеске көтерілдім. Біраз жүргеннен кейін алдымнан жалғыз үй кезікті. Үй иелерімен сөйлестім. Ешқайсысы ештеңе айтқысы жоқ. Сосын ақырындап маңайды шолуға кірістім. Сөйтіп жүргенімде анадай бір елеусіздеу жердегі жас топырақ үйіндісін көзім шалды. Қаздырып қарағанымда жас сойылған қойдың ішек-қарын, өкпе-бауырлары шықты. Соңынан қара қойдың терісін де қолға түсірдік. Бұдан кейін бұл үйдегі ересек адамдардың бәрі қамауға алынды. Тергеу барысында олар түгелдей шындықты айтты. Билікке таласқан басқа рудың өкілдері сөйтіп жазықсыз жанның қанын төккен...

Қозыкенді «қазбалай» берсең, осыған ұқсас оқиғалардың сан алуан түрін әңгімелеуге бар сияқты.

1948 жылы Түлкібас ауданындағы тағы бір колхозда қанды ойран болыпты. Аудан орталығынан жұмысшылардың еңбекақысын алып келе жатқан кассирді, оның жанындағы колхоз төрағасы мен бас инженерді, жүргізушіні өлтіріп, әлдекімдер бүкіл ақшаны алып кеткен. Мұны да елдің бәрі чешендерден

көреді. Шұғыл түрде іске кіріскен Қозыкең көп кешіктірмей қылмыскерлерді қолға түсіріпті. Бұл жолғы қылмыс жасағандар, шынында да, чешендер екен.

Қарт барлаушы жастық шағын еске ала отырып, бұл оқиға жайында да егжей-тегжейлі баяндады. Алайда мен одан да маңыздылау мына бір жағдайды оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім.

Ат тағалаушы

Соғыс кезінде неміс армиясының құрамында «Түркістан легионы» атты арнайы жасақ құрылғаны тарихтан жақсы белгілі. Қазіргі кезде бұл ұйым саяси тұрғыда ақталғанымен, кезінде онда қызмет еткендер отанын сатқан опасыздар атанған. Дегенмен, соғыстан кейін оларға кешірім жасалынып, көбісі отандарына қайта оралды. Біразы кінәсін қалған уақытта адал еңбектерімен өтеді де. Бұлардың арасында «тонын теріс кигендер» де аз емес еді.

Германияның арнайы барлау мектебінен өтіп келіп, кеңес өкіметіне қарсы жұмыс жасап жүргендерді әшкерелеу сол кездегі басты міндеттердің бірі болды. Қ.Бишімбақтың осы бағытта атқарған жұмыстары ұшан-теңіз екенін бүгінгі ұрпақ қайдан білсін. Бала кезімізде қай-қайсымыз да «шпион ұстау» деген ойынды көп ойнадық. Сонда шпион ұстағандар біздің ұғымымызда нағыз жаужүрек, ең адал, әрі қырағы адам ретінде саналатын. Бала қиялымдағы сол адам бүгін міне алдымда отыр.

Ол кезінде өзі ұстаған шпиондардың аты-жөнін атап, санамалай келгенде оннан асып жығылды. Ұлттық құрамы жағынан орыс-қазағы аралас. Олардың қандай қызмет атқарғандарын да айтты. Кейбіреулері тіпті партия, кеңес құрылысының лауазымды қызметтеріне дейін өскенін естігенімде, еріксіз жағамды ұстадым. Солардың ішінде Мирошниченко деген фамилияға келгенде Қозыкең: «Бұл өзі бір қызық жағдай еді» деп мүдіріңкіреп қалды. Сірә, осы мәселені толығырақ айтқысы келді-ау деп мен де «түртпектей» түстім.

— Бір жерге іссапраға барып, атпен қайтып келе жатқам. Ол кезде машина қайдан болсын. Жолшыбай «Каменовка» деген селодағы ұста дүкеніне соғып, атымды тағалаттым. Ат тағалаушы бір орыстың жігіті екен. Өте сыпайы, елпілдеп тұр. Өтінішімді әп-сәтте орындап берді. Ойымда дәнеңе жоқ, алғысымды айттым да, атыма мініп жүріп кеттім. Бірақ жаңағы жігіттің бет-әлпеті көз алдымнан кетпей қойды. Бұрын бір жерден көрген сияқтымын. Қанша ойлансам да есіме түсіре алмадым. Содан үйге соқпастан бірден жұмысқа тарттым. Келе сала «Фотография изменников родины находящихся в розыске» деген шағын кітапшаны қолыма алдым. Аты айтып тұрғандай, мұнда кезінде отанға опасыздық жасаған, бүгінде іздеуде жүрген адамдардың суреттері мен олар туралы толық деректер жарияланған. Осы кітапшаны күнде бір парақтап отыру әдетіме айналған. Сол әдеттің міне пайдасы тиді. Мана ат тағалаған жігіттің суреті көзіме оттай басылды. Оны қайдан көрдім десем, осы кітапшадан көрген екенмін ғой.

Бұл Мирошниченко деген соғыс кезінде бөлімше командирі болған. Өз бөлімшесіндегі адамадардың бәрін атып тастап, немістер жағына өтіп кеткен. Әскери трибунал оның сыртынан үкім шығарып, баяғыда-ақ өлім жазасына кесіп қойған.

Кітапшадағы сурет мен көрген ат тағлаушы жігіттікі екенін анықтау үшін арнайы сараптау орнына жібердім. Соның өзі болып шықты. Жарты айдан кейін Мирошниченконы ұстап, іс-қағаздарымен бірге Мәскеуге жібердік. Өйткені, ол сол кезде Бүкілодақтық іздеуде жүрген еді.

— Сонымен үкімі орындалды ма?

— Әрине, үкім шығып қойған деп отырмын ғой. Тек соны орындау үшін Мирошниченконың өзін табу ғана қалған...

Пападопулостың жортуылы

Көпшіліктің қолына түсе бермейтін «Ответный удар» деген кітапта Қ.Бишімбаевтың «Вояж Пападопулоса» деген деректі повесі жарияланған. Онда Қазақстандағы гректермен Кеңес

еліндегі Греция елшілігі өкілдері ауыз жаласып, шпиондық әрекетпен айналысқандығы, соңында олардың қалай әшкереленгендігі жайында көркем тілмен баяндалады. Повесті оқып шыққан адам мұндағы кеңес тергеушісі кім екенін білгісі келетіні сөзсіз.

Бас кейіпкер Қозыкеннің өзі де болуы мүмкін-ау деген ой мені де мазалай берген. Өзінен сұрасам шындықты айтар ма екен деген ой мазалай берді. Ақыры сұрадым. Сөйтіп, бұл құпияның да сыры ашылды.

– Кентау – Қазақстандағы шағын қалалардың бірі,- деп бастады Қозыкен әңгімесін әріден қозғап. Осы қалада көптеген гректер тұратын. Соғыс басталған кезде бұлар Қара Теңіз жағалауынан осында көшірілген. Олардың кейбірулері соғыстан кейін өз елдеріне қайтты. Көпшілігі Қазақстанды туған елдеріндей санап, адал еңбек етті, қазір де ел қатарлы өмір сүріп жатыр. Бірақ, солардың арасында Георгий Дмитриевич Пападопулос деген жас жігіттің жүріс-тұрысы қауіпсіздік комитетіндегілердің көңіліне күдік туғызды. Өзі еш жерде жұмыс істемейді. Радиодан тек «Америка даусын» тыңдайды. Біраз байқағаннан кейін ол Мәскеудегі Греция елшілігімен астыртын жұмыс жасап жүргеніне көзім жетті. Көп кешікпей ол сондағылардың арнайы тапсырмасы бойынша шпиондық жолға түскені де белгілі болды,- дей келіп, қарт барлаушы мынадай бір жағдайды егжей-тегжейлі әңгімелесуге кірісті. Оның ұзын-ырғасы төмендегідей:

1959 жылдың сәуір айы. Пападопулос Мәскеудегі Греция корольдігінің елшілігіне келіп, қақпа алдында тұрған милиция қызметкеріне өзінің төлқұжатын көрсеткен. Онда Георгий Пападопулостың ұлты – грек және Греция азаматы екендігі, бірақ Кентауда тұратындығы жазылған. Ішке кіргеннен кейін ол Христос Констандопулос деген шенеунікке жолығады. Георгий оған Грецияға кеткісі келетіндігін, алайда Кеңес үкіметі рұқсат бермейтіндігін, Қазақстандағы жағдайлары адам төзгісіз екендігін айтып, шағына бастапты. Констандопулоске керегі

осы. Өйткені, ол елшілікте дипломат болып қызмет еткенімен, негізгі қызметі – барлаушы еді.

– Өтінішіңізді орындауға тырысамыз, бірақ алмақтың да салмағы барын білесіз ғой,- деп тұспалдай сөйледі.

– Не айтсаңыз да құлдық, тек айтыңыз,- деп Пападопулос елп ете қалады.

Мәскеуден қайтып оралғаннан кейін ол Кентаудағы гректердің арасынан өзіне сыбайластар іздей бастады. Химанидис деген ақсақал Георгийдің ұсынысын қуана қабыл алып, өзінің ағайындары мен ауылдастарының көбісін Кеңес үкіметіне қарсы үгіттеуге кіріскен. Соңы нәтижесіз де болған жоқ. Сөйтіп, бұлар Кеңес үкіметіндегі Греция елшілігінің сеніміне әбден кіріп алады.

Алайда, Қозыке Бишімбаевтың мұқият жүргізген барлау әрекеттерінің нәтижесінде Греция елшілігінің өкілі Констандопулос көп ұзамай Мәскеуде әшкереленіп қалды. Георгий Пападопулосты ұстауға ол асықпады. Қайта, оның еркін қимылдауына оның өзіне білдірмей мүмкіндіктер туғызып отырды.

Бұдан кейін Пападопулос Греция елшілігіндегі екінші хатшы – Венеционоспен «сыбайластыққа» көшті. Оңтүстік Қазақстан өңірінде тұратын гректерге қысым көрсетіліп жатыр деген жалған құжаттармен қоса, ол республикадағы әскери зауыттар жөнінде, тағы басқа мемлекеттік аса құпия жағдайлардың жолын тауып Греция елшілігіне жөнелте бастады. Ал елшіліктегілер екі мемлекеттің арасына от жағып, мәселені ушықтырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінберіне дейін жеткізуге күш салды. Кеңес үкіметіндегі қарсы барлаушыларға бұл бір тарихтың сын сағатындай әсер етті.

Шетел дипломаттарын қылмыскер ретінде ұстау оңай шаруа емес. Шпиондық әрекетінің дәл үстінен түсіп, қолма-қол әшкерелемесең, еңбегің еш кетті дей бер. Олардың шпиондық іспен айналысып жүргеніне көзің жеткенімен, тергеуге, қамауға ала алмайсың. Сондықтан бір-біріне құпия құжаттарды тапсырып жатқан кезде ғана тап басуың керек. Ол құжаттар Греция

елшілігіне әзірге Пападопулос арқылы келіп түсуде. Ендеше соның ізін аңду арқылы «қасқырдың апанына» жол таба аласың. Қ.Бишімбаев солай жасауға бекінді.

Пападопулос бірде Мәскеу-Новороссийск пойызына отырып, Оңтүстікке қарай жөнep берді. Купеде Елизавета деген әдемі келіншекпен танысып үлгерді. Мұндайды қалт жібермейтін Георгий бірте-бірте оның жүрегін жаулап алды. Бір ай бойы теңізге шомылып, күнге қыздырынып көңіл көтерді. Греция елшілігіндегілер осы сапарға арнайы бөлінген ақшаны судай шашты. Аңқау келіншекті талай жерде суретке түсірді. Бірақ Елизавета суретке түсіп тұрып, өзінің сырт жағындағы әскери құпия нысандарын байқамады. Ракета бөлімшелері мен әскери әуежайлар, ондағы ұшақтар тағы да басқа көріністер Георгийдің сурет таспасына түсіп жатты. Бір айдан кейін ол Мәскеуге қайта оралып, Греция елшілігіне кіре бергенде Қ.Бишімбаев бастаған топ оны тыпыр етуге шамасын келтірмей, қолын артына қайырды. Сөйтіп, шпиондық жұмысқа әбден әккіленіп алған Пападопулостың жортуылы осылай сәтсіз аяқталды.

Көп ұзамай Греция елшілігінің өкілі Венеционос пен Кентауда тұратын Химанидис те қолға түсті. Шетелдік дипломат-шпиондар дереу Кеңес үкіметінің аумағынан аластатылды. Ал, олармен ауыз жаласқан Пападопулос пен Химанидис заңды жазаларын алды. Осы істі мүлтіксіз орындап шыққаны үшін Қозыке Бишімбаев арнайы үкімет наградаларымен марапатталды. Бір айта кететін нәрсе, Қ.Бишімбаевтың тек осы Пападопулоске байланысты барлаушылық тәжірибесі негізінде КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті жоғары мектебінің екі азаматы екі кандидаттық диссертация қорғаған. Яғни, біздің жерлесіміз Қ.Бишімбаевтың барлаушылық өнері сол кездегі Кеңес үкіметінің барлаушылары үшін қайталанбас үлгі-өнеге, нағыз тапқырлық пен ержүректіліктің белгісі болып тарихта қалды деген сөз.

Қызылордамен шектелген қызмет

1970 жылы Қозыке Бишімбаев Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облыстық басқармасының бастығы болып тағайындалды. Алғашқыда екі-үш жылға ғана барсың деп жіберген Қозыкең зейнеткерлікке шыққанға дейін осы жерде тапжылмай қызмет етті. Мұндағы еңбек нәтижесін айта берсек, әңгіме көп. Соның бірі Байқоңыр кеніш айлағына байланысты болып келеді.

Әлемге әйгілі Байқоңырдың қыр-сырын Қазақстанда осы Қозыкеңнен артық зерттеген адам жоқ десек, қателеспейміз. Қозыкең сол кездегі ғарышкерлердің бәрін жақсы біледі. Осы жерден қанша ғарыш кемелері ұшырылса, біздің қарсы барлаушымыз соның басы-қасында жүрген. Өзінің айтуына қарағанда, кеңестік дәуірде бірде бір қазақстандық азамат Байқоңырға аяқ басып көрмепті. Тіпті Қазақстанның бірінші басшыларының өзін ол жерге жібермеген. Кейінгі бір жылдарда ғана Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті төрағасының өзі Қозыкеңнің көмегімен ғарыш айлағына бір рет бас сұғуға мүмкіндік алыпты.

— Сіздің ұзақ жылдар бойы облыстық басқарма басшысы қызметінде қалуыңызға осы Байқоңыр құпиясының «септігі тиген» шығар?— деймін әңгіме арқауын енді басқа жақтан жалғаймын келіп.

— Байқоңырдың бұған қатысы жоқ. Мен Қызылордаға келгенде МҚК-нің облыстық басқармасындағы жұмыс тіпті қожырап кеткен екен. Екі-үш жылдың ішінде өзімізге жаңадан ғимарат салғызып, жұмыс кеңсесін тұрғыздық. Оған одақтық МҚК басшысы тікелей өзі көмектесіп отырды. Қазақстандағы 19 басқарманың ішінде тұңғыш рет Мәскеудегі тікелей басшымыздың тарапынан қамқорлық көрген біз ғана шығармыз. Себебі, ондағы азаматтар мені жақсы білетін, сыйлайтын. Соның нәтижесінде қызылордалық чекистердің жағдайын бір кісідей түзей алдым деп ойлаймын. Ал қызметтің ұзақ жылдар бойы өзгермеуіне келсек, тамыр-таныстық арқылы кейбіреулер жолды

кесіп кетіп жатты. Оны айтып қайтеміз. Енді бала-шағаның қызығын көріп, қалған ғұмырды үйдегі жеңгеңмен бірге өткізсем, арманым жоқ,- деп Қозыкең әңгімесін аяқтады. Сөйтті де қоңыр папкадан алып шыққан қағаздарын қайта жинастыра бастады. Олардың арасында нотаға түсірілген бірнеше текстерді көзім шалып қалды. Мана бұл кісі маған: «Өзің ән айтасың ба, домбыра тартасың ба?» деп сұрағаны есіме түсті. Сұрақтың жайдан-жай қойылмағанын енді аңғардым.

– Сіз не, музыкамен де айналысушы ма едіңіз?– деген сауалды еріксіз қойдым.

– Иә, қол боста ән шығаратыным бар. Мынау солардың нотасы. Қап, домбыра болмай тұрғанын қарашы, саған бір ән айтып берер едім,– деп жан-жағына қарады.

– Домбырасыз-ақ айтып көріңізші,– деймін ол кісіні тағы қолқалап.

Ақын Дәуітәлі Стамбекұлының өлеңіне жазылған «Олар 28 еді» атты әнін қоңыр даусымен орындап шықты. Жап-жақсы. Стамбекұлы бізде қызмет жасайтынын айттым.

– Солай ма, онда мына ноталарды өзіне апарып көрсет. Ойнатып байқасын. Ұнаса, өзі білер,- деп нотаны қолыма ұстатты. Қозыкең бұдан басқа да отыздан астам ән шығарып, нотаға түсіріпті. Оның бәрін тыңдауға уақыт қайда?

«Егемен Қазақстан» газеті,
23 сәуір, 1996 жыл.

САҒЫНДЫҚ СЕНІ, «ҚАРАТӨБЕ»!

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті өз шекараларын айқындап алғалы да көп уақыт өте қойған жоқ. Әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан осы іске көптеген қайраткерлер қатысып, еңбек етті. Сондай айтулы тұлғалардың бірі – Биғали Тұрарбеков еді. Өкінішке орай, ол өмірден ерте кетті.

Ол алғашқыда ғылым жолын қуды, әдебиетпен айналысты, спортпен шұғылданды.

1950 жылы Алматы облысының Матай стансасында Ұлы Отан Соғысы ардагерінің отбасында дүниеге келген Биғали мектепті үздік бітірген соң Жамбыл гидромелиоративті институтына түсті. Оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін Шардара су қоймасының құрылысына жолдама алды. Жас маман аз уақыттың ішінде құрылыстың бас инженері дәрежесіне дейін өсті.

Көп ұзамай ол Мәскеуге барып, екінші жоғары білімін алып қайтты. Келе сала Қазақстан Сыртқы істер министрлігіндегі маңызды мемлекеттік қызметке тұрды. Кеңес Одағы күйреген кезде біздің республикамызда сыртқы саясат ведомствосының дардай атынан басқа ештеңесі жоқ болатын.

Биғали Шәріпқалиұлының басшылығымен Қазақстан консулдық қызметінің іргесін қалайтын негізгі құжаттар дәл сол кезде өмірге келе бастады. Биғали өзінің талапшылдығының, әділ де ашық мінезінің арқасында ұжымдағы беделді азаматтардың біріне айналды.

Биғали кішіге – аға, үлкенге – іні, өзі құралпыластарға дос бола білді. 1990 жылдары Б.Тұрарбеков еліміздің Қытайдағы алғашқы елшілігі құрамында саяси мәселелер жөніндегі кеңесші қызметін атқарды. Одан кейін Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығында «Астана», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

Сыртқы істер министрлігіне қайта қызметке оралған ол Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші ретінде мемлекеттік ше-

караны делимитациялау жұмыстарымен айналысты. Шекаралық мәселелер бойынша Ресей, Қытай, Түрікменстан және Өзбекстанмен арада өткен келіссөздердің барлығына дерлік қатысты. Сағаттап жалғасқан келіссөздерде бар күш-жігерін сала отырып, әрдайым Қазақстан мүддесі үшін нәтижелі шешімге қол жеткізе білген оны әріптестері бұл күндері мақтанышпен еске алады.

Келіссөздер аясында нағыз дипломатиялық шеберлікпен өз ұстанымын қорғайтын. Түйткілді жағдайлар туа қалса оңтайлы ымыра тауып, ұтымды шешімдер қабылдай білетін.

– Әсіресе, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі Келісімге қол қояр сәттегі Биғали Шәріпқалиұлының тапқырлығы біздерді әлі күнге дейін таңдандырады,- деп еске алады қазірде Сыртқы істер министрінің кеңесшісі қызметін атқаратын Бағыт Абылғазин.

2006 жылы Қ.Тоқаевтың жалпы жетекшілігімен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы жайлы шындық» атты авторлар топтамасы жарық көрді. Осы кітаптың бір тарауында Б.Тұрарбеков соңғы жылдары атқарған жұмыстары мен өзі бастан өткерген небір күрделі келіссөздер төңірегіндегі саяси ахуалдарды өте тартымды баяндаған.

2005 жылы Б.Тұрарбеков Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының лаңкестікке қарсы аймақтық орталығының Атқарушы комитеті құрамындағы Қазақстан СІМ-нің кеңесшісі болып тағайындалды. Бұл оның өміріндегі соңғы қызметі еді.

Биғали Шәріпқалиұлы Тұрарбеков 2006 жылдың 9 желтоқсанында аяқ астынан, күтпеген науқастан көз жұмды. Бірақ оның атқарған жұмысы, сіңірген еңбегі барша әріптестерінің жадында.

– Биғали қызмет жағдайымен шетелдерде іссапарларға жиі шығатын. Ол тағы сондай сапарлардың біріне кеткен сияқты мен үшін. Қайда жүрсе де барлық жолдас-жораларының, олардың бала-шағаларының туған күндерін ұмытпай, сыйлық дайындап, құттықтаудан шаршамайтын. Кейде екі қызы өзі шетелден

әкелген сыйлықтардан тыс қалып, реніш білдірсе, оларды жұбатып, көңілдерін көтеріп қоятын. Биғалидың шешесі өмірден ерте өтіпті. Соғыс ардагері, екінші дәрежелі мүгедек Шәріпқали ақсақал жалғыз ұлын өзі тәрбиелеп өсірген екен. Биғали спорттың талай түрімен айналысқан. Бос уақытында біздерге бильярд үйрететін. Сондықтан, жыл сайын оның туған күніне арнап біздер бильярдтан өзара сайыс ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық. Биылғы турниріміз 16 ақпанда Алматыдағы «On Time» бильярд клубында өтті. Оны ұйымдастыруға «Групп 4 Секурикор Қазақстан» ЖШС, «РКГП Казгеокарт», Шығыс Қазақстан облысының «Шығыс» атты ардагерлер ұжымы ат салысты, жолдастары мен достары қаражат жағынан қолдау көрсетті. Біз Биғалиды «Қаратөбе» деп атайтынбыз. Олай дейтініміз, дене бітімі қандай болса, жан-дүниесі де сондай ірі тұлғаның бірі еді,- деп еске алады оның қызметтес досы Ғабиден Бекмұхамедов.

Иә, азаматтың азаматтығын айғақтайтын белгілер көп. Ал оның өзімен бірге жүрген достарының оған деген шын көңілінің, сағынышының орны тіпті бөлек. Дос сағынышы деген де қиын-ау!

**«Президент және Халық» газеті,
16 қазан, 2008 жыл.**

СОҒЫСТЫ 12 МАУСЫМДА АЯҚТАҒАН

Ұлы Отан соғысының ардагері, белгілі жазушы, полковник Қалмұқан Исабаев ағамыз бүгінде сексеннің сегіріне шықса да әлі ширақ. Редакцияға жиі келіп тұрады. Қалағаңмен сөйлесудің өзі бір ғанибет. Нені айтса да жеңіл күлкіге орап айтады. Мереке қарсаңында ол кісімен арнайы жолығып, бұрын бейресми жағдайда өз аузынан естіген кейбір оқиғаларды енді ресми түрде қайта баяндап беруін өтіндім. Яғни ол кісіден интервью алмақшымын.

– Әй, сен анау-мынауды қоя тұр. Таяуда менің «Жас Алаш» газетінде жарық көрген «Қазақ қазақты неге іздемейді?» деген мақаламды оқыдың ба?!- деп сұрақты төтесінен қойды. Оқымағандығымды жасырмадым.

– Өне, сендер енді сөйтесіндер. Дегенмен шындығыңды айтқаның үшін де сенімен сөйлесуге болады,- деп бетіме жымия қарады да, әңгімесін одан ары жалғастырды.

– Ол мақаланы кейін оқып аларсың. Бірақ онда толық жазылмаған мына бір жайтты саған айтып берейін.

1945 жылдың 28 сәуірі күні мен Чехословакия жерінде жараланып қалдым. Венгрияның Меретхаза деген қаласындағы госпитальға әкеліп салды. Жеңіс күнін сол госпитальде жатып қарсы алдым. Соғыс біткенімен де жараланған жауынгерлер легі мұнда ағылып келіп жатыр. Сұрастырсам, Чехословакиядағы біздің 40-армия әлі соғысып жатқан көрінеді. Немістің Шредер деген генералы бастаған армияны сыбайластары Чехословакия арқылы Америкаға өткізіп жібермекші болған екен. Оларды жою біздің 40-армияға жүктеліпті. Кескілескен ұрыс нәтижесінде Шредердің армиясы 1945 жылдың 12 маусымында ғана толық талқандалыпты.

Госпитальда сол шайқаста болған бір орыс жігіті маған келіп, 9 мамыр күні Прага көшесіндегі атыста бір қазақ жігіті

асқан ерлік көрсетіп барып қазаға ұшырағанын өкіне отырып әңгімелеп берді. Дәл жеңіс күні болған бұл қанды оқиға көпке дейін санамнан шықпай қойды. Әлгі қазақ жігітінің келбетін өзімше көз алдыма келтіремін.

Шілденің соңында госпитальден шыға сала Прагаға қарай тартып отырдым. Чехословакияның шекарасына жеткеннен кейін мені әскери комендатураның өкілдері тексеріп, пойыздан түсіріп тастады. Венгриядағы госпитальден шыққан мен, енді тек сол жақтан ғана елге қайтуға құқылы екенмін. Соғыс біткен. Қаңғып жүрген офицерлер ол кезде көп. Асықпай Еуропаны бір аралап қалайын деп, мен де қаңғып кете бардым. Бір күні пойызға отырып қайтадан Прагаға қарай тарттым. Бар ойым – 9 мамырда Прага көшесінде ерлікпен қаза болған қазақтың кім екенін анықтау. Бұл жолы шекарадан өткізді. Праганың көшесінде жан-жағыма алаңдап келе жатқанымда әскери комендатураның жігіттері тоқтатып құжаттарымды тексерді. Заңсыз жүргенімді білгеннен кейін комендатураға алып келді. Шындықты айттым.

– Осында, дәл 9 мамыр күні бір бауырым ерлікпен қаза тапқанын естіген едім, соның қабірін іздеп жүрмін,- дедім. «Мейлі, туысканыңның сүйегі қайда жерленгенін көзімен көріп қайтсын» деп, олар мені жіберді. Ақыры таптым. Сөйтсем, ол 1944 жылы Днепрден өтуде асқан ерліктің үлгісін көрсетіп, Кеңес Одағының Батыры атағын алған старшина Мәжит Жүнісов деген қазақ азаматы болып шықты. Оның есімі бізге таныс еді. Томпойған топырағына шаншылған белгі тақтайға аты-жөні, қайтыс болған күні ғана жазылыпты. Тіземді бүгіп, білгенімше құран оқыдым. Содан бері, міне 60 жыл өтті. Марқұмның басына тағы бір барып қайтсам деген арманым орындалмай-ақ қойды. Өйткені, Мәжит Жүнісовтың зиратының басында болдық деген бір қазақты әлі естіген емеспін. Кім біледі, әлі солай томпиып жатыр ма екен, әлде жермен-жексен болып кетті ме. Барсам, жазбай табар едім,- деп Қалаған үнсіз отырып қалды. Қалағаның мұңайғанын көргенім осы.

Бет қатталып жатқан кезде:

4 мамыр күні Қазақ радиосынан Қалмұқан Исабаев аға қатысқан хабар берілді. Оның Мәжит Жүнісов туралы әңгімелеріне Прагадағы «Азаттық» радиосы қазақ бөлімінің қызметкері Әбдіғани Жиенбай араласып, Қалмұқан аға айтқан сілтеме бойынша Кеңес Одағының Батыры Мәжит Жүнісовтың қабыры табылғанын хабарлады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
6 мамыр, 2005 жыл.**

1941 ЖЫЛДЫҢ 22 МАУСЫМЫ

Дәл осы күні таңғы сағат 04.00-де фашистік Германия Кеңес Одағының жеріне опасыздықпен басып кірді. Арада бірнеше сағат өткеннен кейін Гитлер бейбіт елге қарсы соғыс ашқанын ресми түрде жариялады.

Бұл соғысқа Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қатысып, олардың 492-сі Кеңес Одағының Батыры атанды. Төрт адам осы жоғары атақты екі рет иеленді. Олар – Л. Беда, И. Павлов, Т. Бигелдинов, С. Луганский.

Жарты миллионға жуық жерлестеріміз майданда қаза тапты.

Қазақстаннан 14 атқыштар және атты әскерлер дивизиясы, 6 бригада жасақталынып, басқыншыларға қарсы соғыстың соңғы күніне дейін шайқасты.

Майдан шебіне жақын орналасқан жерлердегі 200-ден астам зауыт-фабрикалар Қазақстанға көшірілді.

Қазіргі кезде Қазақстанда 100 мыңнан астам Ұлы Отан соғысына қатысушылар, 31 мың 637 соғыс мүгедектері тұрады. Ал, соғыс кезінде тылда аянбай еңбек еткен адамдардың 120 мың 496-сы мемлекеттік наградалармен марапатталған. Майданда боздақтарын жоғалтқан қаралы отбасылардың саны 13 мың 731. Фашистік лагерьлерде 1 мың 116 адам тұтқында болған.

Өкінішке орай, қазіргі кезде жыл сайын Ұлы Отан соғысының 20 мыңнан астам сарбаздары арамыздан мәңгілікке кетіп жатыр.

Соғыс мүгедектерінің алатын зейнетақыларының ең төменгі мөлшері бүгінде 6 мың теңгені құрайды. Соғысқа қатысушылардікі – 5 мың, тылда еңбек етіп, мемлекеттік жоғары наградалармен марапатталғандардікі – 3 мың, соғыста қаза тапқандардың жанұясы – 2 мың 146, тұтқында болғандар 3 мың 300 теңге зейнетақы алады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
21 маусым, 1997 жыл.

II БӨЛІМ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА



2.1. ӨНДІРІС – ӨМІР ӨЗЕГІ



БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІККЕ САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТЕ АЛАМЫЗ!

Қазақстандағы сақтандыру қызметтерінің ел өмірінде алар орны ерекше. Ол экономика мен бизнестің дамуына да кәдімгідей ықпал ететін күрделі құрылымдардың бірі. Бұл саланың әлі толық ашыла қоймаған өзіндік қырлары мен сырлары да жетерлік. Шешім күткен мәселелер де аз емес. Төмендегі мақала «Алтын Полис» АҚ сақтандыру компаниясы басқармасының төрағасы Амандық Баймаханұлы Құлахмет осы жөніндегі өз ойларын ортаға салады.

Сөз басы

Мен өзім басқарып отырған «Алтын Полис» сақтандыру акционерлік қоғамы туралы айтпас бұрын жалпы отандық сақтандыру қызмет төңірегіндегі пікірлерімді оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім. Сонда ғана біздің қазіргі қол жеткен табыстарымыз бен өзекті мәселелеріміздің себеп-салдары өзгерге түсінікті бола түсетін сияқты.

Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы еліміздің әлеуметтік экономикасына, сақтандырушы мен сақтанушының төлем қабілеттеріне, сақтандыру қызметіне қатысты заңнамаларға, бұл саланы үйлестірудегі мемлекеттің басқару тетіктеріне тікелей байланысты. Сондай-ақ, оған сыртқы күштер де қатты әсер етеді. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге қатысты шаралар мен қатар Шығыс еуропа, ТМД елдеріндегі сақтандыру нарығының да ықпалы зор.

Отандық сақтандыру қызметінің бұған дейін жүріп өткен жолдарына талдау жасай отырып, оны үш кезеңде бөліп қарастыру керек. Мұның біріншісін – қалыптасу кезеңі десек, екіншісі әлеуметтік сақтандырудың дамуы, ал үшіншісі банктік сақтандырудың өркендеуі деп аталады. Ал төртіншісі

Қазақстан БСҰ-ға кіргеннен кейінгі шетелдік сақтандырушылармен бәсекелестік жағдайда дамуы.

Қазақстандағы сақтандыру нарығының қалыптасуы кезеңі тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы алты жыл аралығын қамтиды. 1992 жылы «Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы» Заңы қабылданды. 1994 жылы сақтандыру қызметі жөнінде Президент Жарлығы шықты. Ол еліміздегі сақтандыру қызметінің жаңа заманға лайық жұмыс жүргізуіне жол ашты. Осы уақыттан бастап сақтандыру қызметін мемлекет тарапынан үйлестіру жұмыстары қолға алынды. Сөйтіп, сақтандыру ұйымдарының капиталға қомақты қатысуына талаптар күшейе түсті, кәсіпкерліктен басқа қызметтерді сақтандыруға тыйым салынды, сақтандырушыларға тек жекелеген келісімдер бойынша ғана қызмет көрсету мөлшерлері белгіленді. Осылай мемлекеттік реттеудің нәтижесінде еліміздегі сақтандыру компанияларының саны 750-ден 71-ге қысқарды.

1998-2004 жылдар аралығында Қазақстан сақтандыру қызметінде сандық әрі сапалық өзгерістер айқын көрініс бере бастады.

Міндетті сақтандыру қызметі бойынша жиналатын сақтандыру сыйақыларының көлемі 2000 пайызға көтерілді. Бұл өсім автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру енгізумен тікелей байланысты болғаннан атап айтқан жөн. Келесі жылдары әлеуметтік сақтандыру қызметінің түрлері тоғызға жетті. Сақтандыру нарығы елімізде қанат жая түсті. Соған қарамастан сақтандыру компанияларының қатары сирей берді. Сақтандыру нарығын ынталандыру мақсатында мемлекет оларға барынша жағдай жасауға тырысты. 2004 жылы олардың саны тағы төмендеді. Дегенмен, осы жылдан бастап азаматтардың өз мүліктерін ерікті түрде сақтандыру есебінен сақтанушылар саны көбейе бастады. 2004 жылы олардың саны 33 пайызды құраса, 2005 жылы – 40, 2006 жылы 93 пайызды құрады. Осыған орай сақтандыру сыйақысы өсті. Банктердің халыққа несие беру ісінде жаңа әдістер өмірге келе бастады.

Мәселен, бір адам көлік немесе пәтер сатып алу үшін банктен несиені алғысы келсе, ол осы банктің еншілес сақтандыру компанияларының сақтандыру полисін сатып алуы міндеттелді. Олай етпесе несиені берілмейді.

Банктің сақтандыру ісі

Қазақстан Республикасы қаржылық бақылау агенттігінің мәліметіне қарағанда (2007 жылдың 1 қаңтары қарсаңында) еліміздегі сақтандыру сыйақысынан түскен қаржының көлемі 120,2 миллиард теңгені құрады. Яғни, 2005 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 79,1 пайызға арта түсті. Бұл өсім банктік несиенің өмірге келуімен тікелей байланысты. Атап айтқанда өзін ерікті түрде сақтандырушылар саны 65,4 пайызға, өз мүліктерін ерікті сақтандырушылар саны 93,3 пайызға көбейді. Бұлар банктік және ипотекалық несиені алып барып сақтанушылар қатарына жатады.

Ерікті түрде мүлікті сақтандыру қызметінде де дәл осындай жағдай қалыптасқан. Мұнда банктік несиенің корпоративті және жекелеген түрлері басымдық танытуда. Олар негізінен адамдардың әр түрлі қаржылық шығындарын, жылжымайтын мүліктерін, сондай-ақ, несиені алған автокөліктерін сақтандырады.

Міндетті сақтандыру ісі бойынша жиналған түсімдер аздау. Мәселен, 2002-2003 жылдары міндетті сақтандыру сыныптары бойынша өсу 100 пайызды құрса, 2004 жылы бұл көрсеткіш 56,5 пайызға, 2006 жылы 37 пайызға ғана көтерілді.

Ал, автокөлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру науқаны жаппай белең алғанына байланысты өткен жылы міндетті сақтандыру сыныптары бойынша өсім тағы 19 пайызға ұлғайды.

Сонымен қатар, міндетті сақтандырудағы өсімге жаңадан қосылған сақтандыру түрлерінің әсері көбірек тиді. Мәселен, жұмыс берушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ісінде 57 пайыздық өсім байқалды. Соған қарамастан сақтандыру өтемақыларында кереғар құбылыстар да қылаң берді.

Өткен 2006 жылы міндетті сақтандыру ісі бойынша өтемақы төлеу көрсеткіштері 50 пайызды құрады. Ал, ерікті сақтандыру ісіндегі бұл көрсеткіш әлдеқайда аз. Мәселен ерікті түрде жеке басты сақтандырушыларға берілген өтемақы көлемі 19 пайызды, ерікті түрде өз мүлкін сақтандырушыларға төленген өтемақы көлемі 23 пайызды құраған.

Нарық және банктік компаниялар

Банкі адамдарға несие беру кезінде өздерінің сақтандыру полисін қоса сату нәтижесінде отандық сақтандыру компанияларымен қатар «банкілік компаниялар» деген ұғым да өмірге енді. Бұлар әрине, осы банкілердің еншілес компаниялары болғандықтан ең алдымен солардың мүддесін көздейді. Халыққа несиеге берген қаржыларының дер кезінде әрі шығынсыз қайтарылуына қызмет етеді.

Ал сақтандыру нарығындағы басқа компаниялардың жағдайлары әр түрлі. Соған қарамастан олардың арасында өз қызметімен көптің көңілінен шығып жүрген сақтандыру компаниялары аз емес. Мәселен, автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру мен тасымалдаушы көлік иесінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөнінен «Алтын Полис» АҚ бәрінің алдында тұр. Дәрігерлік сақтандырудан «Интертич» сақтандыру компаниясынан озған әзірге ешкім жоқ.

Нарықтық сақтандыру компаниялары сақтанушыларға жыл сайын сақтандыру алымының 30 пайызын қайтарып отырады. Мұндай құбылыс әлеуметтік сақтандыруды қажет ететін топтар мен мекемелерді көбірек қамтиды.

Бұл арада мынадай теңсіздіктерді де атай кеткеніміз жөн. Мәселен, автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру ісіне жалпы сақтандыру қорының 85 пайызы бөлінеді. Мұны резерв деп атайды. Ол тек сақтанушылардың залалы үшін ғана жұмсалады. Қалған 15 пайызы агенттердің қызметіне төленуге тиісті. Бірақ 15 пайыз оған

жетпейді. Сол үшін жалпы түсімнің кем дегенде 30-35 пайызын тек осы қызмет үшін жасауымызға тура келеді. Сөйтіп зиян шегеміз. Себебі, резервтің 85 пайызынан алынған қосымша қаржыны құрылтайшыларымыз өз қалталарынан шығаруға мәжбүр. Сондықтан, көптеген сақтандыру компаниялары бұл әлеуметтік сақтандыру түрлеріне жоламауға тырысады. Ендеше сақтандырудың дәл осы түрлеріне мемлекет тарапынан ынталандыру тетіктерін қосқан жөн болар еді.

Көп жылдан бері нарықтық сақтандырушылар жекелеген сақтандыру түрлеріне тарифті көтеру қажеттігін айтудай-ақ айтып келеді. Сонымен қатар, сақтандыру резервін құрған кезде сақтанушылардан түскен жарналарды ғана есепке алмай, залалдың орнын толтыруға кететін шығындарды да есепке алған дұрыс. Себебі, ол сақтандыру резервінен алынады емес пе? Олай етпесек, отандық сақтандыру қызметінің қарышты дамуына жол аша алмаймыз.

Бұл жөнінде бұдан екі күн бұрын Парламентте «Сақтандыру іс-қызметі туралы» Заңға түзетулер енгізілді. Біз үшін бұл қуанарлық жағдай, әрине.

Банктік сақтандыру

Көптеген мамандар банкті нарықты біржақты дамыту – нарықты сақтандыруға және қаржы нарығына кері әсер ететінін айтып жүр. Себебі, банкінің еншілес сақтандыру компаниялары сол банкіге көп пайда әкелуге мүдделі. Алайда, олар қаржы нарығына ешқандай пайда әкелмейтінін былайғы жұрт біле бермейді. Бұл ақшаны бір қалтадан екінші қалтаға ауыстырып салғанмен бірдей әрекет екенін несіне жасырамыз. Нарықтық сақтандыру компаниялары әр аймақтан өз филиалдарын ашуға мүдделі болса, банктік сақтандыру компаниялары олай жасағылары келмейді. Нарықтық компаниялар тек осы істі ұйымдастыру жолында ғана жылына 34 пайыз шығын жұмсайды. Ал банктік сақтандырушылардың тек әкімшілік шығындарға бөлетін қаржыларының көлемі 14 пайызды ғана құрайды. Міне,

осындай теңсіздіктің салдарынан еліміздегі нарықтық сақтандыру компаниялары экономикаға қомақты үлес қоса алмай отыр. Себебі, сақтандыру қызметінен түскен қаржының көбісі банктің ішкі айналымынан шыға алмай қалады. Ал, шетелдердегі жағдай бұған мүлдем кереғар. Оларда алдымен нарықтық сақтандыру компанияларының дамуына баса көңіл бөлінеді. Ендеше бізде де осы отандық сақтандыру, яғни нарықтық сақтандыру компанияларының үстемдік етуіне жол ашуымыз керек. Сонда ғана бүкіл ел экономикасы үшін өз үлестерімізді қостық деуімізге толық хақымыз бар.

«Алтын Полис» туралы

Жоғарыда айтылған пікірлермен жалпы сақтандыру саласы бойынша көкейде жүрген ойлардың бір бастамасы ғана. Ал, енді өзім басқарма төрағасы болып табылатын «Алтын Полис» сақтандыру компаниясы тұрғысында айтсам, жетістіктеріміз аз емес. Бірақ тоқмейлісуден аулақпыз.

Бұл компания 1997 жылдың 22 қазанында мемлекеттік тіркеуден өткен. Сақтандыру сыныптарының 20 түріне лицензиямыз бар. Қазақстандағы заңды және жеке тұлғалардың барлық қажеттіліктеріне сақтандыру қызметін көрсете аламыз. Біздегі қызметкерлердің бәрі осы саланың жоғарғы білімді әрі білікті мамандары. Республикадағы облыстардың барлық аудандарында филиалдарымыз бен сақтандыру агенттіктеріміз жұмыс істейді. Сақтандыру тәуекелдері мен шығындарды сараптау құрылымдары түбегейлі жолға қойылған. Сақтандыру портфелі жөніндегі қызмет тұрақты жұмыс істейді. Басқарудың озық үлгілері де осы компанияда жүзеге асуда. Біздегі сақтандыру жұмыстары тек сенімділікпен тиімділікке негізделген. Өзімізге алған міндеттемелерді орындау – басты мұраттарымыз. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану ісіндегі жетістіктеріміз көпшіліктің көз алдында. Осы және тағы басқа артықшылықтарымыз туралы айта берсек, әңгіме ұзаққа созылар еді.

Қазіргі кезде міндетті сақтандыру жөнінде баспасөз беттерінде жиі айтылуда. «Алтын Полис» олардың жеті түрімен

айналысады. Олар: автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, жүргізушінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, нотариустардың, аудиторлар мен аудиторлық мекемелердің, туристік агенттіктер мен туристік операторлардың, нысан иелерінің үшінші тұлға келтірген залалын өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, жұмыс барысында өмір мен денсаулығына залал келген жұмысшы алдындағы жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру болып табылады.

Сондай-ақ, «Алтын Полиске» ерікті сақтандыру 13 сыныбына лицензия берілген. Олар: дәрігерлік сақтандыру, мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайларын сақтандыру, тағы басқалар. Осы салалардағы жетістіктер үшін «Алтын Полис» 2006 жылдың 27 қазанында халықаралық «Алтын құйма» наградасымен және Құрмет дипломымен марапатталды.

Өмірдерек

Амандық Баймаханұлы Құлахмет 1954 жылы туған. 1982 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша, 2005 жылы Қазақ аграрлық университетін «Мемлекеттік басқару» мамандығы бойынша бітірген. Сақтандыру қызметі саласында 1979 жылдан бері істейді. Қатардағы инспектордан бастап, Қазақ КСР Мемлекеттік сақтандыру басқармасы төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілген. 1991 жылы акционерлік коммерциялық «Демеуші» сақтандыру корпорациясының президенті болды. 1995 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен шетелдік сақтандыру қызметі бойынша жұмыс жүргізетін «Қазшестстрах» мемлекеттік компаниясының вице-президенті болып тағайындалды. 2003 жылдан бері «Алтын Полис» сақтандыру компаниясы басқармасының төрағасы. Жанұялы, алты баланың әкесі. Спортпен айналысып, шахмат ойнағанды жақсы көреді. Тарихи тақырыпта жазылған әдебиеттерді үзбей оқиды.

«Президент және Халық» газеті,
13 сәуір, 2007 жыл.

«АЛТЫН ПОЛИС» АЛАТЫН АСУЛАР АЛДА

Қазақстандағы сақтандыру нарығының дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикасына, сақтандыру қызметіне қатысты заңнамаларға және осы саланы үйлестірудегі мемлекеттік басқару тетіктеріне тікелей қатысты болып келеді. Кейінгі жылдары мемлекеттік реттеудің нәтижесінде еліміздегі сақтандыру компанияларының саны қысқарды. Қарапайым адамдар үшін түсінуге қиындау осы саланың қыр-сыры туралы айтып беруді біз «Ақ жол» партиясының атынан Парламент депутаттығына үміткер, «Алтын Полис» сақтандыру компаниясы басқармасының төрағасы Амандық Баймаханұлы Құлахмет мырзадан өтінген едік.

– Қазақстандағы сақтандыру нарығының қалыптасу кезеңі тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы алты жыл аралығын қамтиды,- деп бастады ол алғашқы сөзін. – 1992 жылы «Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы Заңы» қабылданды. Осы уақыттан бастап сақтандыру қызметін мемлекет тарапынан үйлестіру жұмыстары қолға алына бастады. Нәтижесінде сақтандыру ұйымдарының капиталға қомақты қатысуына талаптар күшейе түсті. Кәсіпкерліктен басқа қызметтерді сақтандыруға тыйым салынды. Сақтандырушыларға тек жекелеген келісімдер бойынша ғана қызмет көрсету мөлшері белгіленді. Осылай мемлекеттік реттеудің нәтижесінде еліміздегі сақтандыру компанияларының саны күрт қысқарды. Одан мемлекет те, қарапайым халық та ұтпаса, ұтылған жоқ

– Бұдан үш ай бұрын Парламент «Сақтандыру іс-қызметі туралы» заңға түзетулер енгізді. Бұған сіздер де көп ықпал еткендеріңізді білеміз. Осы жөнінде әңгіме өрбітсек...

– Нарықтық сақтандырушылар жекелеген сақтандыру түрлеріне тарифті көтеру қажеттігін талайдан бері айтып жүрген. Себебі, сақтандыру резервін құрған кезде сақтанушылардан түскен жарналарды ғана есепке алмай, залалдың орнын

толтыруға кететін шығындарды да есепке алу керек болатын. Өйткені, ол шығындар сақтандыру резервтерінен алынады. Олай етпесек, отандық сақтандыру қызметінің алға басуы екі-талай еді. Сондықтан, «Сақтандыру іс-қызметі туралы» Заңға өзгертулер енгізу – уақыт талабынан туған құбылыс болатын. Менің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутатығына үміткер болуыма осындай өзекті мәселелер себеп болып тұр. Алдағы уақытта сақтандыру саласын, сақтандыру жүйесінің қазіргі нарықтық қоғамға сай өз деңгейіне көтерілуіне ықпал етемін бе деген үмітім мол. Сақтандыру саласы нарықтық қатынастардың алғашқы кезеңінде қоғамда өз орнын таба алмай қалғанының бірден-бір себебі – Кеңес Одағы кезінде халықтың мұң-мұқтажын, әлеуметтік тұрмысын, жұмыс бабын, тағы басқа қажеттіліктерін тек Үкімет шешетін. Сондықтан да, халық сақтандыруды қажет етпеді. Ал қазіргі кезде төтеден келген қауіп-қатердің шығынын өтеуге елімізде қырыққа жуық сақтандыру компаниясы жұмыс жасайды. Бұл жүйенің де шешілмей жатқан мәселелері көп-ақ. Жаңадан ештеме енгізбей-ақ, өркендеген мемлекеттердің сақтандыру жүйесіне көз салсақ, олардың сақтандыру саласының дәрежесі мен алатын орны ерекше екенін байқау қиын емес.

– Осы ерекшеліктер жайында нақтырақ айта кеткеніңіз дұрыс болар еді...

– Мәселен, шетелдің Банк жүйесі мен сақтандыру саласын қатар қойса, сақтандыру саласының халыққа көрсететін қызметі, экономикаға қосқан үлесі әлдеқайда басым. Ал бізде керісінше, Банктер байи бастаса, еншілес сақтандыру компаниясын аша қояды. Ал Банктің өзі ашқан сақтандыру компаниясы халықтың игілігін ойлай ма, әлде Банктің мүддесін қорғай ма? Әрине, Банктің мүддесін қорғай отырып, оның одан әрі баюына мүмкіндік ашатын күшті құралына айналады. Олардың сыртқы және ішкі тәуекелдерін шетелдегі және өзіміздегі сақтандыру компанияларында қайта сақтандыру керек. Осыған орай, бір айта кететін пікір – миллиардтаған сомада активімен

қатар миллиардтаған сомада тәуекелі бар банкілер өзінің жанынан ашып қойған, қуат мөлшері әлде қайда өзінен төмен сақтандыру компаниясына өзінің тәуекелдіктерін, яғни қауіп-қатерлерін сақтандырып қояды. Мұндай тәжірибе дүние жүзінің ешбір елінде жоқ.

Біздегі сақтандыру қызметі Нарықтық және Банктік деп екі салаға бөлінетіні белгілі. Нарықтық сақтандыру компаниялары әр аймақтан өз филиалдарын ашуға мүдделі болса, банктік сақтандыру компаниялары олай жасағылары келмейді. Нарықтық компаниялар тек осы істі ұйымдастыру жолында ғана жылына 34 пайыз шығын жұмсайды. Ал банктік сақтандыру компанияларының тек әкімшілік шығындарға жұмсайтын шығындарының көлемі 14 пайызды ғана құрайды. Осындай теңсіздіктің салдарынан еліміздегі нарықтық сақтандыру компаниялары экономикаға қомақты үлес қоса алмай отыр. Себебі, сақтандыру қызметінен түскен қаржының көбісі ішкі айналымнан шыға алмай қалады. Ал шетелдердегі жағдай бұған мүлдем кереғар. Олар алдымен нарықтық сақтандыру компанияларының дамуына баса көңіл бөледі.

– Мына қалпымызбен Бүкіл дүние жүзілік сауда ұйымына мүше болып кірген кезде жағдайымыз қалай болмақ?

– Мені де толғандыратын мәселе осы. БСҰ-ға кіргеннен кейін шетелдік сақтандыру компаниялары біздің нарыққа енеді. Сонда біздің банктік сақтандыру компанияларымыз бәсекеге төтеп бере алады деп ойлайсыз ба? Әй, қайдам! Шетелдік сақтандыру компаниялары бәсекелестікте олардан озықтық танытса, жергілікті банкке қаржыларын сақтап қойғандар, қарыз бергендер бір күннің ішінде ақшаларын талап етуі мүмкін. Сонда өзінің сақтандыру компанияларына сенген банкілеріміздің күні не болмақ?! Бұл біздің мемлекеттік қауіпсіздігімізге де төнген қатер екенін ешкім ойлағысы келмейді. Мен осыған таңғаламын. Ауыл шаруашылығын сақтандыруда да көптеген кемшіліктер бар. Мәселен, ауыл шаруашылығына сақтандыру өтемі тек табиғат зардабынан туындаған шығынға төленуі

қажет. Ал, бізде астық түсімі орташа көрсеткішке жетпесе, шаруаларға сақтандыру өтемі төленеді. Өйткені, бұл жағдай сақтандыру оқиғасы болған деп есептелінеді. Ол халық арасында жалқаулық пен енжарлықты тудыратынын ескермейміз. Дәрігерлік сақтандыруды да міндетті түрде енгізу қажет. 1996 жылы міндетті дәрігерлік сақтандыру қоры (ФОМС) күйреуіне байланысты бұл сақтандыру түрі де алға жылжымай қойды. Жұмыс берушілердің жұмысшылар алдындағы жауапкершілігі де толығымен сақтандыруды қамти алмай келеді. Бұл – жұмыс кезінде жарақат алғандар немесе апатқа ұшырағандар сақтандыру өтемінен қағылды деген сөз. Сондай-ақ, экологиялық сақтандыруды, тұрғын үй кешендерін сақтандыруды да қолға алу керек. Жер сілкінсе, тағы басқадай жарылыстар болса бүкіл үй қирауы мүмкін. Бірақ бұл жағы әзірге назардан тыс қалуда. Айта берсе толып жатыр. Шешімін табуға тиісті осы сипаттағы сұрақтарды мен заң шығару деңгейіне көтеруге өте ынталымын.

– Қазіргі кезде міндетті сақтандыру жөнінде жиі айтылады. Өзіңіз басқаратын «Алтын Полис» бұл бағытта қандай жұмыстар атқарды?

– «Алтын Полис» міндетті сақтандырудың жеті түрімен айналысады. Олар: автокалік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, жүргізушінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, нотариустардың, аудиторлар мен аудиторлық мекемелердің, туристік агенттер мен туристік операторлардың, нысан иелерінің үшінші тұлғаға келтірген залалын өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігін, жұмыс барысында өмірі мен денсаулығына залал келген жұмысшы алдындағы жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру болып табылады. Сондай-ақ, «Алтын Полиске» ерікті сақтандырудың 13 сыныбына лицензия берілген. Олар дәрілік сақтандыру, мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайлардан сақтандыру, тағы басқалар. Осы саладағы жетістіктері үшін «Алтын Полис» 2006 жылдың 27 қазанында халықаралық «Алтын құйма» наградасымен

және Құрмет белгісімен марапатталған. Бүгінгі күнге дейін бір миллионнан астам адаммен сақтандыру шарттарын жасасып үлгердік. Сол бір миллионнан астам сақтанушыларым, яғни клиенттерім 18 тамыз күні мен үшін дауыс беретініне сенемін. Өзім мүшесі болып табылатын «Ақ жол» партиясы ел мүддесін қорғайтын саяси ұйым екенін осылай дәлелдемекшіміз.

– Егер құдай оңдап, депутат бола қалсаңыз, Парламенттің күн тәртібіне сақтандыру саласы бойынша қандай жаңа ұсыныстар енгізуге күш салар едіңіз?

Ондай жағдайда:

1. Банктің құрылымындағы сақтандыру компанияларын олардың ішінен алып, жеке, тәуелсіз сақтандыру компанияларына айналдыруды ең алдымен қолға алар едім.

2. Қазіргі заңнамаларда көрсетілген міндетті сақтандыру қызметтері мен Сақтандыру төлемдері кепілдік қорының жұмыстарын одан ары жетілдіре отырып, міндетті сақтандырудың жаңа түрін өмірге әкелуге күш салар едім.

3. Өзара сақтандыру құрылымынан бүгінгі өмір талабына сай заңдық негізін жасау керек. Бұл қазір жеке сақтандыру компанияларының назарынан тыс қалып келе жатқан кейбір сала қызметтері үшін өте маңызды шаруалардың бірі.

4. Қарапайым халықтың өмірін сақтандыру ісін реттеудегі заңнамалардың көбіне уақыт талабына сай толықтырулар мен өзгерістер енгізетін кез келді. Мұны жолға қоймай халықты әлеуметтік қорғау қосымша инситуттарын жасай алмаймыз.

5. Салық туралы заңдар қайта жаңартуды қажет етеді. Жеке адамдар мен жұмыс берушілердің өмірін, денсаулығын сақтандыру төлемдерінен толық көлемде салық алу жағын да қарастыратын мезгіл жетті.

6. Табиғи апат қатерлерінен сақтандыру компанияларын құру қажет. Мұндағы мақсат – табиғат апаттарын жою кезінде ұлттық сақтандыру нарығы банкротқа ұшырап қалмау үшін екінші деңгейдегі қосымша сақтандыру құрылымын жасақтау болып табылады.

7. Пруденциалды реттеуді жетілдіру қажет. Тәуекелдердің шектен тыс шоғырлануына жол бермеу үшін сақтандыру мекемелерінің күллі жұмыс ауқымында біртекті тәуекелдерді барынша сүзіп қалуды көздейтін норматив енгізген дұрыс.

8. Сақтандыру қызметінің қазіргі заңнамаларына мемлекеттік компаниялардың сақтандыру іс-қызметін сатып алуы туралы өзгерістер енгізу керек.

9. Сақтандыру саласының кәсіби мамандарын даярлау ісінде шешімін күткен істер көп. Жоғары оқу орындарында сақтандыру қызметі бойынша мамандық беру ісі кенжелеп қалғанын несіне жасырамыз.

10. Қаржы институттарын капитализациялауды одан ары көтеру керек.

11. Шағын және орта бизнесті сақтандырудың мемлекеттік бағдарламасын жасау да Парламенттің күн тәртібінде тұруға тиісті.

— Өзіңіз туралы қысқаша айта кетсеңіз...

— Мен сақтандыру қызметі саласында 1979 жылдан бері істеймін. Кезінде қатардағы инспектордан бастап Қазақ КСР Мемлекеттік сақтандыру басқармасы төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілгенмін. 1991 жылы акционерлік коммерциялық «Демеуші» сақтандыру корпорациясының президенті болдым. 1995 жылы ҚР Үкіметінің қаулысымен шетелдік сақтандыру қызметі бойынша жұмыс жүргізетін «Қазшетсак» мемлекеттік компаниясының вице-президенті болып тағайындалдым. 2003 жылдан бері «Алтын Полис» сақтандыру компаниясы басқармасының төрағасымын.

— Әңгімеңізге рахмет.

«Президент және Халық» газеті,
27 шілде, 2007 жыл.

ТЕНДЕРДЕГІ ТЕҢСІЗДІКТЕР

Редакцияға арыз жазған Жақсылық Әбішев Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында 2000, 2002, 2004 жылдары жолаушыларды тасымалдау қызметін ұйымдастыру жөнінде ашық тендер өтетінін, бірақ комиссия төрағасының міндетін атқарған аудан әкімінің орынбасары Серқожа Ыдырысов заң талаптарын өрескел бұзғанын, әлі де әділетсіздік пен бұрмалаушылықтарға жол беріліп отырғанын айтыпты. Осы арызға қосымша тіркелген сот шешімдері мен прокурор ұсыныстарын, салық комитетінің шешімдерін, тағы басқа құжаттарды саралай қарағанда, жергілікті атқарушы билік өкілі С.Ыдырысов тарапынан көптеген заңсыздықтарға жол берілгені байқалды. Төменде осы құжаттар негізінде әзірленген материалды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Сот шешімі

Онда былай делінген: Сот тараптардың, куәлардың жауаптарын тыңдап, іс бойынша жинақталған құжаттарды зерттеп, талапкер «Мерей» АҚ-тың талабы төмендегі негіздер бойынша толық қанағаттандыруға жатады деп есептейді:

1. Қызылорда облысы аумағында автомобиль көліктерімен жолаушылар және жүк тасымалдау Ережесі бойынша... (ары қарай ереже) тендер комиссиясы міндетті түрде табиғи монополияны реттеу мен бәсекені қорғау коминетінен, тұтынушылар қорғау қоғамынан өкілдер қатынастыру қажет деп көрсетілген. Ал осы жағдайда жоғарыда екі мекеменің өкілдері комиссия мүшесі ретінде мүлдем қатыспаған.

2. Жаңа бағыт ашу үшін осы Ереженің 3-тарауында көрсетілгендей бағыттың тиімділігін анықтау үшін кемінде үш ай мерзім берілуге тиіс. Яғни сол жаңадан ашылған маршрут бойынша үш ай мерзімге ол маршруттың тиімділігі есепке алына отырып ашылуға тиіс деп бекітілген. Бұл ереже де сақталмаған.

3. Сотта анықталғандай, осы комиссия құрамы тендерге толық қатыспағандығы көрінеді. Атап айтқанда, автобустарды қарап, зерттеген кезде кейбір комиссия мүшелері тендерге мүлдем қатыстырылмаған.

4. Тендерге ұсынылған автобустардың көбісі басқа маршруттарға қойылғандығы анықталды... Мұндай жағдайда аудан әкімшілігінің жолаушыларды тасымалдау үшін өткізген 2000 жылғы 28 шілдеде тендерлік комиссияның жұмысы Ереже талаптарына сәйкеспейді. Сондықтан, тендер шешімі заңсыз деп танылып, бұзылуға жатады.

Төрағалық етуші судья С. Аудабеков.

Салық комитетінің мәлімдемесі

Онда былай делінген: Жаңақорған ауданы бойынша салық комитеті «Ғасыр тұлпары» ЖШС-нің директоры Ж. Әбішевтің жазған арызындағы салық комитетіне байланысты жайға төмендегі жағдайды мәлімдейді:

«Мерей» АҚ-ның бюджетке жалпы 19179,0 мың теңге берешек болуына байланысты Салық кодексінің 48-бабына сай аталған акционерлік қоғамның мемлекеттік нөмірі 362-АО, 361-АО, 368-АК маркалы автобустарының тұмшаланғанын, алдағы уақытта Салық кодексінің 54-бабына сай, тұмшаланған мүліктің бюджет алдындағы берешектерді өндіру мақсатында аукционға сатуға шығарылатын мәлімдейді.

Жаңақорған ауданы бойынша

салық комитетінің төрағасы А. Жұматов.

Прокурор ұсынысы

Онда былай делінген: Жүргізілген тексеру барысында аудан әкімшілігінде 2004 жылдың 13 шілдесінде Жаңақорған ауданы көлемінде жолаушыларды автокөліктермен тасымалдау құқықтарын жеңіп алу үшін «Ғасыр тұлпары» ЖШС мен жеке кәсіпкер «Ә. Шайқов» арасында ашық конкурстың нәтижесі туралы,

2 санды хаттама жасалып, ашық конкурста ҚР көлік және коммуникациялар министрлігінің 10.05.2004 жылғы №113-1 бұйрығымен бекітілген жолаушыларды және багажды тасымалдау ережесінің талаптары бұзылып, комиссия мүшелері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипаттағы құқық бұзушылыққа жол бергендігі анықталды. Аудандық прокуратура тарапынан көрсетілген заң бұзушылықтарды алдағы уақытта болдырмау жөнінде 14.10.2005 жылы аудан әкімінің атына ұсыныс енгізілді.

Аудан прокуроры Е. Қожанов.

Арыздан үзінді

Онда былай делінген: Осы жоғарыдағы аталған 2000, 2002, 2004 жылдары өткізілген үш тендердің бәрінде С.Ыдырысовтың басшылығымен, сыбайлас жемқорлыққа өзі араласып, саналы түрде өз мүддесі үшін жол бергендігі арнайы тексерген лауазымды органдардың шешімдері мен тұжырымдамалары арқылы дәлелденіп отыр. С.Ыдырысовқа тиісті органдар заң талабына сай шара көреді деп сенемін.

Арыз иесі Ж. Әбішев.

Қорытынды

Көріп отырғанымыздай, 2000 жылы өткен тендерде С.Ыдырысов «Мерей» АҚ-ның құқығын аяққа таптаса, 2002 жылы «Ғасыр тұлпарын» «Мерейге» жығып беріп отыр («Мерей» мемлекетке 19179,0 мың теңге қарыз бола тұра көзжұмбайлыққа барып, тендерге қатыстырылғаны аудандық салық комитетінің мәлімдемесінде жоғарыда айтылды). Ал 2004 жылы «Ғасыр тұлпарын» жеке кәсіпкер «Ә.Шайқовқа» жығып беріпті. Бұл қақпақылдың астарында не жатқаны айтпаса да түсінікті. Түсініксізі – Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары С.Ыдырысов заңды қаншама рет белінен басса да сол баяғысынша өз дегенін жасап, жүріп жатқандығы.

«Президент және Халық» газеті,
26 мамыр, 2006 жыл.

ӨТІРІКТІҢ БАЛЫН ЖАЛАП КҮН КӨРГЕНШЕ...

«Президент және Халық» газетінің биылғы 26 мамырдағы №21 санында «Тендірдегі теңсіздіктер» деген тақырыпта сын мақала жарық көрген еді. Онда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында 2000, 2002, 2004 жылдары жолаушыларды тасымалдау қызметін ұйымдастыру мақсатында өткен ашық тендерде аудан әкімінің орынбасары Серқожа Ыдырысов тарапынан заң талаптары өрескел бұзылғандығы жөнінде Жақсылық Әбішевтің арызынан, аудандық прокурордың ұсынысынан, аудандық соттың шешімінен, аудандық салық комитетінің мәлімдемесінен үзінділер келтірілген болатын. Көп кешікпей Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары С.Ыдырысов газет редакциясына хат жазып, істің анық-қанығына көз жеткізуді, жарияланған мақаланы қайта қарап, оң бағасын беруді өтінді. Осыған орай редакция газет тілшісін іссапарға жіберген болатын. Ол Жаңақорған аудандық әкімшілігінде тараптармен кездесті, құжаттармен танысты. Екі жақтың да құқығын сақтай отырып, мәселенің мәнісіне оқырмандардың өзі-ақ көз жеткізу үшін төменде әкім орынбасарының хаты мен шағымданушы тараптың түсіндірмесін, сондай-ақ, журналистік түйіндемесін бірге жариялап отырмыз.

Әкім орынбасары С. Ыдырысов не дейді?

«Облыс әкімінің 2000 жылғы 28 ақпандағы «Қызылорда облысының 2000-2002 жылдарға арналған жолаушы көлік кешенін дамыту бағдарламасы туралы» №167 шешімін іске асыру мақсатында облыстық мәслихаттың 2000 жылғы 18 наурыздағы II сессиясында бекітілген «Облыс аумағындағы автокөліктермен жолаушы және жүк тасымалдау Ережесі» мен «Облыс бағыттарында жолаушыларға қызмет көрсетуге ашық тендер өткізу және ұйымдастыру ережесін» басшылыққа ала отырып,

2000 жылдан бастап аудан көлеміндегі жолаушы тасымалдау бағыттарында ашық тендерлер өткізіліп келеді.

2002 жылдың мамыр айының 17 жұлдызында аудан көлеміндегі жолаушы тасымалдау бағыттарында тендер өткізу жоспарланып, аудан әкімінің шешімімен комиссия құрылды. Комиссия құрамына менімен қатар аудандық ішкі істер бөлімі жол полициясының бастығы, аудандық салық комитетінің бастығы, аудандық көлік инспекциясының бастығы, «Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бастығы және басқа мамандар енгізілді.

Тендер өтетін уақыт жөнінде бір ай бұрын, яғни 15 сәуір күні аудандық газетке хабарландыру беріліп, жария етілді. Ереже тәртібіне сәйкес тіркеу 15 мамырда аяқталып, қорытындысында тендерге қатысуға «Ғасыр тұлпары» ЖШС мен жеке кәсіпкер «Ә.Шайқовтан» өтініш түсіп, тіркеуге алынды.

Тендерге қатысушылар тіркелгеннен кейін «Ғасыр тұлпары» ЖШС директоры Ж.Әбішев тендер комиссиясына өтініш жасап, автобустарды сырлап үлгіре алмауына байланысты тендер өткізу мерзімін бір аптаға ұзартуды сұраған. Тендерлік комиссия өтінішті қарап, 21 мамырда өткізуді белгілеген. 21 мамыр күні тендер комиссиясы толық құрамда жеке кәсіпкер «Мерей» акционерлік қоғамының 85% акциясын сатып алған. Автобустарды талапқа сай жөндеуден өткізуге және күнделікті байқаудан өткізуге барлық жағдай жасалған. Бақылаушы-механиктің және дәрілік бақылау бөлмесі толық талапқа сай. Тіркеу журналдары толтырылған. Сондай-ақ, «Ғасыр тұлпары» ЖШС-ның материалдық техникалық базасы мен автобустарының техникалық жағдайы зерттелді.

Зерттеу барысы көрсеткендей, «Ғасыр тұлпары» ЖШС-ның бұрынғы «Казсельхозтехника» мекемесінің базасы жалға алған автобустарының техникалық жағдайы жеке кәсіпкер «Ә.Шайқовқа» қарағанда төмен екендігі байқалды. Сонымен бірге, техникалық жөндеу шеберханасы жетімсіз, материалдық базасы өте нашар.

Келесі кезекте тендер ұсыныстары салынған пакеттерді ашқан кезде де жеке кәсіпкер «Ә.Шайқовтың» қойған бағалары «Ғасыр тұлпарынан» әлдеқайда төмен екендігі анықталды. Сондай-ақ, «Ә.Шайқов» 1-4 сынып оқушыларын, облыстық, аудандық, мәслихат депутаттарын, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, 8 наурыз күні барлық әйелдерді тегін тасымалдауды, жылына бір рет мүгедектерді Қызылорда қаласындағы диагностикалық орталыққа тегін апаруды, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсетуді міндетіне алған, жаңа автокөлік бекетін салуды ұсынған.

Ал, «Ғасыр тұлпары» еш жеңілдік ұсынбаған, ұсынған жолаушы тасымалдау бағалары «Шайқов» ұсынған мөлшерден жоғары. Сондықтан, комиссия осы жағдайларды саралап, барлық бағыттарда «Шайқовтың» басым екендігін ескеріп, оған 10 бағыт бойынша қызмет көрсету құқығы беріліп, «Ғасыр тұлпарына» 8 бағыт бойынша қызмет көрсету құқығы берілген.

Ж.Әбішев өз арызында «Мерей» акционерлік қоғамының салық алдында берешегі бар деген талаптарын алға тартады. Ал негізінен тендерге жеке кәсіпкер «Шайқов» қатысқан, Ә.Шайқов «Мерей» АҚ-ның 85 пайыз акциясын сатып алған. Салық комитетінен жеке кәсіпкер «Шайқов» салық алдында қарызы жоқ деген анықтама алған. Сондықтан, оның тендерге қатысу құқы бар (Салық комитетінің анықтамасы қоса жолданды)

Сонымен қатар салық алдында қарызы болып, мекеменің тұмшалағанымен мекеменің мүлкін сатуға хақысы болмағанымен, пайдаланып, табыс тауып, салық алдындағы берешегінен құтылуға хақысы бар..

Облыстық мәслихаттың 18.03.2000 жылғы II сессиясында бекітілген Облыс бағыттарында автокөлікпен жолаушыларға қызмет көрсетуге ашық тендер өткізу мен ұйымдастыру Ережесінің 5 бөлігінде: «Тапсырыс беруші» техника-экономикалық көрсеткіштер мен үлгілірді бекіткеннен кейін бағыт желісін құрып, тендерге шығады. Бағыт пакеттерін құруда оның маңыздылығы мен пайдалылығы ескеріледі. Бір пакетте 3 бағыт болуы

мүмкін» делінген. Ал, тендер өткізілерге дейін комиссиясының хатшысы Ә.Оразбаев тендерге қатысушы тараптар «Ғасыр тұлпарының» директоры Ж.Әбішев, Ә.Шайқов атынан Т.Сыздықов барлық бағыттар бойынша техника-экономикалық зерттеу жасап, әр бағыттың бір күнгі пайдасы мен зияны айқындалып, пайдасыз және зиянсыз бағыттар жоқ екені анықталды. Барлық бағыттар бойынша пайда табуға болатындықтан, әр бағыт жеке-жеке тендерге шығарылған.

Тендер өткізу барысында тендер комиссиясының хатшысы облыста өткен тендер құжаттарын көріп, қандай құжаттар қабылдау керек екендігін біліп қайтқан. Облыстық тендер комиссиясында да жүргізушілер медициналық тексеруден өткенде барлық жүргізушілерге бір ғана анақтама алғандығы, барлық жүргізушілерінен бір ғана келісім-шарт жасалынғандығы ескеріліп, ауданда да осы үлгіде құжаттар қабылданған. Ал, Кейден бағыты бойынша пайда табуға болатын болса да екі талапкер де ол бағыт бойынша құжат тапсырмаған. Тендер комиссиясы ол бағыт бойынша қызмет жасауға келісті. Тендер комиссиясының шешімімен «Ғасыр тұлпарының» директоры Ж.Әбішев те келісіп, 18 күн осы бағытта қызмет көрсетіп, 18 маусымнан бастап бұл бағыттарды өз беттерінше тастап кетті. Аудандық тендер комиссиясы жеке кәсіпкер «Шайқовқа» өтініш жасап, осы бағыттарда қызмет көрсетуді сұрағандықтан жеке кәсіпкер «Шайқов» 45 күн бойы осы бағыттарда жолаушы тасымалдады. 45 күннен кейін «Ғасыр тұлпары» жүргізушілері аудан әкіміне өздерінің жеңіп алған бағыттары бойынша қызмет көрсетуге өтініш жасап, өз жұмыстарына қайта қайта кірісті. 2000-2002жылдары өткізілген тендер қорытындыларына наразылық білдіріп Ж. Әбішев мырза облыстық, аудандық прокуратураға, аудандық сотқа, республикалық «Заң» газетіне арызданып, осы арыздар бойынша бірнеше мәрте тексерулер жүргізілді. Ж.Әбішевтің арызы бойынша «Заң» газетінің меншікті тілшісі Құттыбай Сыдық келіп тендер қорытындысы бойынша журналистік зерттеу жүргізіп, тендер қорытынды-

сымен танысып, екі қатысушының да материалдық базаларын көріп, қорытындысы бойынша «Заң» газетінің 2002 жылғы 18 желтоқсанындағы санында «Арыз» жазу үшін «Ақ та, сақ та болған жөн» атты мақала жарияланады («Заң газетінің сол саны қоса жолданады»). Белгілі журналист, марқұм Қ.Сыдықтың осы мақаласы ащы шындықтың бетін ашқан мақала деп ойлаймын. Өйткені, Ж. Әбішев осы мақала шыққаннан кейін 4 жылдай үндемей жүріп, ол қайтыс болғаннан кейін қайта көтеруін қалай түсінуге болады? 2002 жылы аудандық сотқа жазған арызын аудандық сот 2 ай қарап, тендер талаптарының бұзылмағанын ескеріп, екі тарап бойынша келісімге келуге байланысты талапкер Ж.Әбішовтың «тендер қортындысы бойынша енді қайта арызданбаймын, істі өндірістен қысқартуыңызды сұраймын» деп жазған арызына сәйкес, аудандық соттың судьясы К.Көпесова істі өндірістен қысқартты (Ж.Әбішовтің аудандық сотқа жазған арызы қоса тігілді).

Ал, 2004 жылғы аудан көлеміндегі жолаушылар тасымалдау бағыттарына өткізілген тендер комиссиясының құрамында мен болған жоқпын (Аудан әкімінің жолаушылар тасымалдау бағыттарында тендер өткізу үшін тендерлік комиссия құрған, комиссияның 2004жылғы 20 тамыздағы № 25 шешімі қоса жолданды).

Құрметті Бас редактор! Сіздің газеттің 2006 жылғы 26 мамырында жариланған мақаламен жоғарыдағы келтірілген дәйектерім негізінде келіспейтіндігімді білдіремін. Сондай-ақ, аудан әкімінің шешімімен құрылған комиссия құрамында менен басқа оншақты мекеме басшылары мен мамандардың болғанын ескермей, тек мені кіналауын, мен қатыспаған тендерге де менің қатысым бар деп айыптауын негізсіз деп есептеймін. Сондықтан, «Президент және Халық» газеті бетінде мен туралы жазылған мақаланы менің азаматтық құқығымды аяққа таптау деп білемін. Қандай да болмасын мақала жарияланбай тұрып, істің анық-қанығына көз жеткізген абзал. Өйткені, Сіздің газет бетінде жарияланған мақаланы аққа күйе жағу деп түсіне отырып, мәселенің мән-жайына тереңдеу үңіліп, шындықтың бетін

ашып, «Президент және Халық» газетінің әділдік жолында жаңылмауын қалаймын. Б.Момышұлы айтқандай «Өтіріктің ба-лын жалап күн көргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық».

Ж.Әбішев жалған ақпарат беріп, абыройыма нұқсан келтір-мек болып жазған арызына сәйкес «Президент және Халық» га-зеті бетінде жарияланған мақаланы қайта қарап, заңдылығына сәйкес оң бағасын береді деп сенемін».

Шағымданушы, «Ғасыр тұлпары» ЖШС директоры Ж.Әбі-шев не дейді?

«С.Ыдырысовтың: «Жеке кәсіпкер Ә.Шайқов бұрынғы жо-лаушы тасымалымен айналысқан аудандағы жалғыз мекеме – «Мерей» акционерлік қоғамының 85 пайыз акциясын сатып алған. Автобустарды талапқа сай жөндеуден өткізілген және күнделікті бақылаудан өткізуге барлық жағдай жасалған», - деп жазғаны жалған. Ә.Шайқов «Мерей» АҚ 29% акциясын сатып алғаны шындық. Мен 2000 жылға дейін «Мерей» АҚ вице пре-зиденті және басқармасының хатшысы болып қызмет атқарған болатынмын. «Мерей» АҚ-да 4211 дана акция болып, әр акция құны 2030 теңге ақша құраған болатын. «Мерей» АҚ гаражын-дағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін ТҚС (техникалық қызмет станциясы) 1999 жылы бұзылып, құралдары бөлшектенген, Жа-нақорғанға, қалғаны Алматы қаласына апарылып, сатылып кет-кен. Сол кездегі директорлар кеңесінің төрағасы Ж.Әшірбеков 3млн. Теңге құрайтын ТҚС-ны 1,2млн. Теңге есатқан. Сондық-тан автобустарды жөндейтін цехтар жоқ болатын. Ә.Шайқов «Мерей» АҚ акциаларының 100% сатып алғанымен не пайда, мемлекет алдында салыққа берешек 19 млн.179 мың теңге қа-рыз болған соң «Мерей» АҚ базасы мен ғимараты автобуста-рын түгелдей салық комитеті тұмшалап (арест) қойған. Оны аукционнан сатып алмай ешкімнің пайдалануға құқығы жоқ.

«Ғасыр тұлпары» ЖШС бұрынғы «Казсельхотехника» ме-кемесінің базасын жалға алған, автобустардың техникалық жағдайы жеке кәсіпкер Шайқовқа қарағанда төмен екендігі

байқалады. Сонымен бірге, техникалық жөндеу шеберханасы жетімсіз, материалдық базасы өте нашар» деп жазғанын талдайық. Бұрынғы «Казсельхозтехника» мекемесі аудан бойынша 7 күріш совхозын, 7 мал шаруашылығы савхозын және 2 жеміс-жидек совхоздарының техникаларын түгелдей күрделі жөндеуден өткізіп беріп отырған аудандағы жалғыз мекеме еді. Сол жөндеу шеберханалары, станоктары еш мекемеге сатылмай, қазір де орынында жұмыс жасап жатыр.

Ә.Шайқов 2002 жылы ашық тендерге қойған автобустарының басым көпшілігі 1978-1981 жылдары заводтан шыққан автобустар. Осыдан-ақ, кімнің автобустарының техникалық жағдайы нашар екені көрініп тұр. Ә.Шайқов сатып алды деген «Мерей» АҚ жөндеу шеберханасы жоғарыда айтылғандай 1999 жылы бұзылып, бөлшектеп, сатылып кеткен.

Ә.Шайқов 2002 жылғы ашық тендерге қойған автобустарының басым көпшілігі 1978-1981 жылдары заводтан шыққан автобустар.

Осыдан-ақ, кімнің автобустарының техникалық жағдайы нашар екені көрініп тұр. Ә. Шайқов сатып алды деген «Мерей» АҚ жөндеу шеберханасы жоғарыда айтылғандай 1999 жылы бұзылып, сатылып кеткен.

Біздің базаның аккумулятор цехына жеке кәсіпкер Ә.Шайқов автобустарының аккумуляторларын зарядтатып, тормыздық колодкаларын шегелетіп, жөндеу жұмыстарын біздің станоктарға келіп ақысын төлеп істетеді. Ж.К.Ә.Шайқов 2000, 2002, 2004 жылдарға 3 тендерде де жолаушылыр жол ақысына өте төмен баға қойып, тендер өткеннен кейін екі еседей жоғары бағамен тасымалдады. Атап айтқанда 2002 жылғы тендерде:

1. Қосүйеңкі бағытында жол ақысына 45 теңге қойып, 80 теңге жол ақысымен жолаушылар тасымалдады.

2. Байкенже бағытында жол ақысына 40 теңге қойып, 70 теңге жол ақысымен тасымалдады.

3. Қандөз бағытында жол ақысына 120 теңге қойып, 160 теңгемен тасымалдады.

4. Әбдіғаппар бағытында жол ақысына 30 теңге қойып, 50 теңгемен тасымалдады.

5. Түгіскен бағытындағы жол ақысына 70 теңге қойып, тендерден кейін 100 теңгемен тасымалдады.

Қалған бағыттарда да жол ақысы дәл осылай көтеріңкі бағамен тасымалданды. Қысқасы жеке кәсіпкер Ә.Шайқов тендерде жеңімпаз атанған бағыттарда жол ақысын көтеріп, жол жүру схемаларын өзгертіп, ойына келгенін істеп жүр. Аудан әкімінің орынбасары, аудандық тендер комиссиясының төрағасы С.Ыдырысов елді мекен тұрғындары автобус жол ақысына наразылық білдіріп жазған хаттарына жалған жауап беріп, жолаушылар құқығын аяққа таптап отыр. 2002 жылғы Қызылорда облысы бойынша бағыттарда жолаушы тасымалын ұйымдастыру үшін ашық тендер өткізу ережесінің 15 бабында «тапсырыс берушінің» келісім-шарттағы талаптары «орындаушыны» қанағатандырмаса, соның ішінде тасымал бағасына келіспесе, онда «тапсырыс беруші» жаңадан қайта тендер өткізуге тиіс» деп көрсетілген.

С.Ыдырысов айтқан, ашық тендерге қойылған бағыттардың техника-экономикалық сипаттамалары ешқандай шындыққа жанаспайды және жалған жасалынған.

Қосүйеңкі бағытында екі рейске 190 шақырым жол жүріп, 70 литр бензин жұмсалады. Сол кезде бір литр бензин құны 35 теңге болатынын ескерсек, $70 \times 35 = 2450$ теңге. Бұл тек ғана бензин шығыны. Бұған күнделікті жұмсалатын 1000 теңгелік шығынды қоссақ 3450 теңге құрайды. Сипаттамадағы бір күндік орташа табысы 720 теңге екенін ескерсек, Бірлік бағытынан күніне 2030 теңге зиянға түсетініміз анық көрініп тұр.

Шалқия, Жайылма, Жанарық, Сунақ-ата, Кейден, Байкенже, Әбдіғаппар т.б. бағыттардың техникалық-экономикалық мінездемелері түгелдей жалған жасалғаны кестеден бірден байқалады.

Жаңауыл, КТМ көше бағыттарындағы таза пайда өтірік жасалынған. Себебі, бір күнге 30 литр бензин жұмсалады. $30 \times 35 = 1050$ теңге, бұл бір күнгі бензин шығыны. Техникалық-

экономикалық сипаттама көше бағытында бір күндік орташа табыс 120 теңге екенін ескерсек, кешке дейін 20 рейс жасалынған кезде автобуска 6 жолаушы ғана міне ме? Бұл 120 теңге орташа табыс қандай есептен алынған?

Егер де С.Ыдырысов айтқандай, барлық бағыттар бойынша пайда табуға болатын болса, Әбдіғаппар, Шалқия, Қандөз, Келінтөбе, Байкенже автобус бағыттарын тек жеке Ә. Шайқов қана тендерде жеңіп алады. Неге Кейден, Қожакент, Қосүйеңкі, Жайылма автобус бағыттары «Ғасыр тұлпары» серіктестігіне үнемі бекітіліп беріледі? Заңда да 25.07.2002 жылғы № 7-13-02 санды облыс прокурорының міндетін атқарушы прокурор К.А. Сабденовтың Жаңақорған ауданы әкімі Н.Мұсабаевқа жасаған заң бұзушылықты болдырмау наразылығында да аталған ереженің 5 бөлігінде «әр пакетке зиянды және табысты, пайдалы маршруттар қосылуы тиіс» делінген. Сонымен қатар бір пакетке 3 маршруттан аспауы қажет. Алайда бұл тараптар тендер комиссия тарапынан орындалмай, 18 маршрут 18 пакетке салынып, өткізіліп, жоғарыда көрсетілген шешімнің талаптары бұзылған. С.Ыдырысов хатында «тендер өткізу барысында тендер комиссиясының хатшысы облыста өткен тендер құжаттарын қабылдау керектігін біліп қайтқан» дейді.

Заңда да 25.07.2002 жылғы 7-13-03 санды облыс прокурорының назарылығына да, тендер комиссиясы құжаттар қабылдау барысында тендерге түскен әрбір автобус жүргізушінің жеке медициналық анықтамалары, салық комитетіне тіркелгендігін анықтайтын жеке кәсіпкер куәлігі (патенті), еңбек шартының нотариуспен бекітілген көшірмесі болу қажеттілігін көрсеткен.

Ауданда тендер өткізу барысында комиссия бұл талаптардың бұзылуына жол берілген.

Тендер өткізу барысында, аудандық емхананың бас дәрігері Е.Ильясовтың қолы қойылып, олардың медициналық тексеруден өткендіктері жөнінде барлығына тізім жасалынып, бір анықтама берілген.

ҚР «Еңбек туралы» Заңының 9 бабы 1 тармағында еңбек шартында тараптардың реквизиттері көрсетілуі қажет, ал

жеке кәсіпкер Шайқов тендерге қатысқан жүргізушілермен 1 келісім-шарт жасап, жоғарыда аталған заң талаптарының бұзылуына жол берген.

Кейден бағыты бойынша, С.Ыдырысов айтқандай, біз 45 күннен кейін емес 4 айдан кейін 14 қазан 2002 жылғы сот ұйғарымы шыққасын бір күннен кейін, яғни 16-қазаннан бастап аудандық сотта Ә.Шайқов қайтарған Сунақ-ата, Байкенже, Қосүйеңкі бағыттарын қосып 9 автобус бағытында жолаушыларға ақылы қызмет көрсетудеміз.

С.Ыдырысовтың «2004 жылғы аудан көлеміндегі жолаушылар тасымалдау бағыттарына өткізілген тендер комиссия құрамында мен болған жоқпын» дегені де жалған.

2004 жылғы 15 шілде күнгі №04-10-31 санды хатында аудан әкімінің орынбасары, аудандық конкурстық комиссия төрағасы С.Ыдырысов былай дейді: «Аудандық конкурстық комиссия хабарлайды:

Осы жылдың 5 шілдесінде өткен Жаңақорған кенті мен елді мекендерді жалғастыратын тұрақты автобус маршрутына өткізілген ашық конкурсқа ұсынған өтініштеріңіз тексеріс қорытындысымен, жол полициясы берген хабарламаға сәйкес және ұсынған лоттарды бәсеке болмауына байланысты қабылданбады. Ашық конкурс нәтижесінде жеңімпаз анықталмауына байланысты аудандық баспасөз бетінде конкурс қайта жарияланды».

Осы Ыдырысов өткізген ашық тендер аудандық прокуратура тарапынан тексеріліп, аудан прокуроры Е.Қожанов Жаңақорған ауданы әкімі атына наразылық түсірді. Онда: «Жүргізілген тексеру барысында аудан әкімшілігінде жолаушыларды және багажды автомобиль көлігімен тасымалдау ережесінің талаптары бұзылып, комиссия мүшелері тарапынан сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылыққа жол бергендіктері анықталды » деп атап көрсетілген.

Аудандық прокуратура тарапынан ашық тендерде көрсетілген заң бұзушылықтарды алдағы уақытта болдырмау жөнінде

14.10.2005 жылы аудан әкімінің атына ұсыныс енгізген. Осы жоғарыдағы прокурор наразылығы С.Ыдырысов мырзаның 5-шілде күні өткізген ашық тендерге берген жауабы. Өзі тендер комиссия төрағасы бола тұра «мен тендер комиссия құрамында болған жоқпын» дегені ақылға сыймайды.

Аудан әкімінің орынбасары аудандық тендер комиссиясының төрағасы С.Ыдырысов 2000 ж, 2002 ж, 2004 жылдары өткізілген тендерлер заңды болса:

Онда аудандық соттың судьясы С.Әудековтың 2000 ж. №2-588 санды шешімін бұзсын.

2004 жылғы Жаңақорған ауданы прокуроры Е. Қожановтың 14.10.2005 ж. №171 н-05 санды назарлығын бұзсын.

Менің өткендегі көрсетіп жазған арызымдағы фактілер – тек жолаушы тасымалы тендеріндегі заң бұзушылықтар.

Егер Жаңақорған ауданы көлеміндегі С.Ыдырысов төрағалық еткен тендерлерді түгел тексеретін болсаңыз миллиондаған бюджет қаражаты желге ұшып жатқанына көзіңіз жетеді.

Мемлекеттік сатып алу заңының 10-бабы 3-тармағына сәйкес, тендер комиссия төрағасы міндетін бағдарлама әкімшісі атқару керек. Аудан әкімшілік аппараты мен аудан әкімінің орынбасары тендер комиссиясының төрағасы болуға құқықтары жоқ. Бірнеше жыл көлемінде аудан әкімінің орынбасары С.Ыдырысовтың аудандық тендер комиссия төрағасы міндетін атқарғаны заңсыз. Тек жоғарғы лауазымдарын пайдаланып, аудан көлемінде ойына не келсе соны істеп отыр».

Нүктесін құзырлы органдар қояды

Иссапар кезінде Жаңақорған аудандық әкімшілігінде аудан әкімінің орынбасары С.Ыдырысовпен, шағымданушы Ж.Әбішевпен көзбе-көз сөйлестік. Осы іске қатысты адамдармен тілдестік. «Ғасыр тұлпары» ЖШС мен «Мерей» АҚ-ның жұмыс орындарын аралап, мүмкіндіктерімен таныстық.

Жаңақорған аудан әкімінің орынбасары өз пікірін тиісті құжаттарға сүйеніп айтқан. Ол редакцияға жазған хатында

көрсетілген. Ж.Әбішевтың түсіндірмесіндегі деректер құжаттармен дәлелденген. Оның қолында қазбалай берсе әлі талай жайттардан хабар беретін қосымша құжаттард бар екендігі байқалды. Тендер заңға сәйкес әділ өткізілуі тиіс.

Газет редакциясы да заңдылық жағында. Алдын-ала қорытынды шығарып, біреуді ақтап, біреуді даттағымыз келмейді. Мәселенің нүктесін құзырлы органдар қояды. Сондықтан, ендігі жауапты ҚР Экономикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінен күтеміз.

**«Президент және Халық» газеті,
28 шілде, 2006 жыл.**

ҚАЗАҚСТАН «ҮЛКЕН СЕГІЗІККЕ» НЫҚ СЕНІММЕН БАРДЫ

Шілденің 16-17 күндері Санкт-Петербургте өткен «Үлкен сегіздік» саммитіне қатысқан Қазақстан Президенті еліміздің жаһандық энергетикадағы алатын орны мен рөлі туралы баяндама жасады. Бұл Қазақстанның жаһандық экономикалық және қауіпсіздік мәселесіне қосып отырған үлесін әлемдік деңгейде танытудың айшықты көрінісі болғанын барша жұрт мойындауда.

ТМД-ға төрағалық етуші ретінде Қазақстан Президентінің осынау үлкен басқосуға қатысуы тегіннен-тегін емес. Қазақстан энергетика көздерінің мол қорына ие мемлекет болуымен қатар оны өндіру мен тасымалдаудың жоғары дамыған құрылымдарын да жасақтап үлгерді. Сонымен қатар, біздің ел әр түрлі жобаларға қатысты мәселелерді шешуге қажетті қаржы, технология және зияткерлік ресурстарға ие ел болып табылады. Ал, 1975 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан «сегіздік» тобындағы Ресей, АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Канада, Италия сияқты алпауыт елдер тек осындай мемлекеттермен ғана иық теңестіргенді ұнатады. Ендеше тәуелсіздігін алғанына әлі ширек ғасыр да толмаған Қазақстан үшін бұл үлкен мәртебе екендігінде сөз жоқ. Дос сүйінетін, дұшпан күйінетін жағдай осындай-ақ болар.

«Сегіздікке» төрағалық ету билігі өз қолына тие салысымен ежелгі көршіміз – Ресей елінің басшысы Владимир Путин біздің Президентке:

«Сіздің ТМД төрағасы ретінде «Үлкен сегіздік» саммитіне қатысуыңыз пайдалы болады. Өйткені, бүгін талқыланып жатқан барлық мәселелер – энергетикалық қауіпсіздік, жұқпалы ауруларға қарсы күрес, білім мәселелері – Достастықтың барлық елдері үшін өте үлкен қызығушылық туғызатынына мен сенімдімін. Қазақстанға да осы мәселелер бойынша айтатын нәрселер жеткілікті. Сіз бен біз қазірдің өзінде бірнеше проблеманың шешілуіне аз да болса елеулі үлес қосатынымызды атап

өту ғанибет!» деп тілек білдіруінің өзі неге тұрады. Бұдан он бес жыл бұрын ТМД-ның құрылуына мұрындық болған Қазақстан Президенті де өз еңбегінің ақталғанына іштей масайрағаны сөзсіз. Президент АҚШ, ҚХР, ГФР басшыларымен кездеспес бұрын Ресей басшысы В. Путинмен жүздесіп, әңгімелесті.

– Бұл басқосуға шақырғаныңызға рахмет,— деді Қазақстан Президенті.

– ТМД-ның төрағасы ретінде шақырдыңыз. ТМД елдері энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өз үлестерін қосады. Енді бірер жылдың ішінде Қазақстан мұнай-газ экспорттауда әлемдегі алғашқы жетіліктің қатарына қосылады. Мұнай-газ экспортында біз Ресей аумағының көлік тасымалын пайдаланатын болдық. Біз өте маңызды альянсқа кіріп отырмыз. Оған бүгін қол қойылған құжат мысал болады.

Саммит барысында Қазақстан Президенті АҚШ Президенті Джордж Бушпен кездесіп, екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамыту жайында әңгімелесті.

Француз Республикасының Президенті Жак Ширакпен жүздесуінде осы заманғы дүниенің ең өзекті ұстанымдары тұрғысындағы екі елдің ұқсастықтары аталып өтті.

«Сегіздікке» қатысушылар ҚХДР-дағы зымырандардың ұшырылуы мен Ирандағы атом энергетикасын, Ливан мен Израил мәселелерін айналып өте алмады. Бұл жөнінде де Қазақстан Президенті өз пікірін ашық айтты.

– Менің елім – Қазақстан, тәуелсіздік алған сәттен бастап ядролық қарудан бас тартты. Қазір Иранның алдында тұрғандай біздің ұлттық қауіпсіздігіміз өткір қойылды. Сол кезде мен көп жақты және көп деңгейлі келіссөздер үдерісін бастадым. Ядролық державалардан қауіпсіздігімізге кепілдік ала отырып тығырықтан шыға білдік. Осылайша ядролық қарудан бас тарту – біздің экономикалық және саяси дамуымыздың, ішкі тұрақтылығымыздың маңызды бөлігіне айналды. Нақты жағдайға тура қарайтын кез жетті,— дей келе Қазақстан Президенті Иранның да ғылыми-техникалық зерттеулерді жүзеге асыру барысына мөлдірлікті сақтай отырып, оны халықаралық қоғамдастықтың бақылауына қалдыруға шақырды.

Сонымен қатар, Қазақстан Президенті халықаралық қоғамдастықтың Иранды күш қолдану үшін нысана ретінде қарастыруға қақысы жоқ екендігін, керісінше қоғамдастық бұл елге мүмкін болатын барлық бейбіт кепілдіктер берілуі тиістілігін, осындай көзқарас Солтүстік Кореяға да қатысты қолданылуы керектігін атап көрсетті. Қазақстан басшысының осындай тәуелсіз ұстанымы, оның халықаралық аренада дербес ойыншы екендігін алпауыт елдер басшыларының алдында тағы да дәлелдей түсті. Нақтырақ айтсақ, Үлкен «сегіздік» саммитіне алғаш рет шақырылып отырған Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың көз алдында өзінің азат та демократиялық мемлекет және әлемнің жетекші державаларының тең құқылы әріптесі мәртебесін алғандығын дәлелдей түсті.

Шынында да статистикалық мәліметтер көрсеткеніндей, Қазақстан қазірдің өзінде Еуроодаққа жуырда қабылданған Шығыс еуропалық елдердің экономикалық деңгейіне көтеріліп отырған жоқ па!

АҚШ вице-президенті Д. Чейни жуырда Астанаға сапары барысында Қазақстан туралы былай дегені есімізде: «Бізге Қазақстанды өз досымыз деп сезіну айрықша ғанибет. Біз Қазақстанға бүкіл әлемге жасаған нәрселердің бәрі үшін ризашылықтамыз. Тәуелсіз ел ретінде Қазақстанның болашағы зор екендігіне Америка сенімді. Бұл – даму мен қауіпсіздікке деген дұрыс жолда келе жатқан ел. Біз сіздердің стратегиялық әріптестеріңіз болып табылатынымызды мақтан етеміз».

Иә, бізге әзірге АҚШ пен толық стратегиялық әріптес болу оңай емес екенін жақсы білеміз. Тілек ретінде айтылған бұл пікірге алғысымызды айта отырып, нағыз стратегиялық әріптесіміз Ресей екенін ашық мойындауымыз керек. Әйтпесе Ресей Президенті В.Путин Қазақстан Президентін шынайы достық пейілмен осынау үлкен басқосуға басқаларға мақтан тұта шақырмас та еді ғой. Әйтеуір тіл мен көзден сақтасын дейік. Оны өмірдің өзі күн сайын дәлелдеп келе жатқан жоқ па?

«Президент және Халық» газеті,
21 шілде, 2006 жыл.

ҰЖЫМДАСЫП ІС АТҚАРУҒА ДА, ҚОРҒАУҒА ДА, ҚОРҒАНУҒА ДА БОЛАДЫ

14 мамырда Ұжымдық қауіпсіздік келісімнің мемлекет басшылары деңгейінде өткен басқосуы оны халықаралық аймақтық ұйымға айналдарды. Ал 13 мамырда Ресей мен Қазақстан Президенттері Каспийдің солтүстік бөлігінің табанындағы ресурстарды пайдалану мәселесін шешкен болатын.

Бұдан бұрын репортажымызда жазғанымыздай, Қазақстан Президентінің Ресей Президенті Владимир Путинмен кездесулері мен келіссөздерінің барысында екі елдің экономикалық қарым-қатынасына байланысты мәселелердің үлкен ауқымы қаралып, шешім қабылданды. Солардың ішінде Каспийдің Ресей мен Қазақстанға қатысты солтүстік бөлігінің қасындағы көмір сутегі шикізатын пайдаланудың мәселесі айрықша маңызды болып отыр. Бұл құжатты Қазақстан Президенті «Каспий жағалауындағы мемлекеттердің бәрі басшылыққа алатын бағыт» деп санады.

Осылайша, 1998 жылдан бері екі мемлекеттің арасындағы өзекті мәселеге айналған Каспийдің солтүстік бөлігіндегі теңіз түбін қалай пайдалану керектігі енді айқын шешімін тапты. Құжатқа қол қойылғаннан кейін екі мемлекеттің басшылары журналистермен болған әңгіме барысында бұл оқиғаны Каспийді бірігіп пайдалану жөнінде қол жеткен табыстардың ең маңыздысы деп бағалады.

Ресей басшысы В.Путин бұл бірлескен хаттама Ресей мен Қазақстанның Еуропадағы, Солтүстік Америкадағы барлық әріптестері үшін байыпты ұстаным болып табылатынын, екендігі жерде олар Каспий қайраңын игеруді инвестициялау барысын белсенді етуіне болады деген пікір білдірді. «Инвесторларға өз көршілерімен даулы мәселелері жоқ әріптестерімен жұмыс істеу қай кезде оңай» деді ол.

Ашғабадтағы Каспий жағалауы мемлекеттері басшыларының кездесуінде ешқандай құжатқа қол қойылмауын еске алсақ, екі елдің кездесу барысында Мәскеуде қол қойылған келісім үлкен жетістік болып табылады. Екі ел арасында Каспий табандарын бөлу кезінде сызық үстін басып өтетін үш кенішке қатысты мәселе ашық күйінде қалған еді. Келісім бойынша Құрманғазы кен орнын игеруге бірлескен кәсіпорын құрылып, оның 50 пайызы Қазақстанға, 25 пайызы Ресейге тиесілі болады да, қалған 25 пайызы ресейлік компанияларға сатуға қойылады. Ал кеніш Қазақстанның құқықтық құзырында қалады.

Хвалынский және Центральний кеніштері Ресейдің құқықтық құзырында болып, пайдалану игілігін екі ел көреді. Алдағы уақытта республика Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетовтің Ресей Үкіметінің төрағасы Михаил Касьяновпен жүргізген келіссөздеріне сәйкес мамыр айының аяғында Қазақстан мұнайын Ресей мұнай құбырлары жүйесі бойынша тасмалдау туралы ұзақ мерзімдік келісімге қол қойылмақ. Сол секілді Екібастұздағы екінші ГРЭС базасында бірлескен кәсіпорын құрылмақ.

Тұтастай алғанда, еліміз басшылығының Ресей басшылығымен кездесулері мен келіссөздері екі мемлекеттің арасындағы байланыстар серпінді дамып келе жатқанын, соның арқасында Мәңгілік достық туралы шарт талаптарының ойдағыдай іске асып отырғанын көрсетіп берді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың осындай жоғары деңгейі Ұжымдық қауіпсіздік келісімінің саммитінде де ұйтқылық рөл атқарғаны сөзсіз.

«Егемен Қазақстан» оқырмандарының есіне сала кетейік, КСРО тарағаннан кейін көп уақыт өтпей-ақ 1992 жылғы 15 мамырда ТМД-ға мүше тоғыз елдің басшылары Ташкентте жиналып, Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге қол қойған болатын. Ал 1999 жылдың 2 сәуірінде осы келісімнің мерзімін ұзарту туралы хаттама бекітілді. Алайда, бұл жолы Әзірбайжан, Грузия және Өзбекстан республикалары әртүлі себептермен ҰҚК-ге бас таратқан еді. Сөйтіп, бұл мүшенің құрамында қазір

алты мемлекет- Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғыстан, Ресей, Тәжікстан бар.

Бүгін Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге он жыл толып отыр. Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің бұл саммиті он жылдыққа арналғаны туралы айта келіп, Ресей Президенті Владимир Путин кіріспе сөзінде: «...мұның өзі кейбір қорытындылар шығарып, алдағы жұмыстың бағдарын белгілеуге жақсы себеп» деп көрсетті.

Шынында да, талқыланған мәселелердің мәнісі бұл жолы өзгешелеу сипат алды. Себебі, кейінгі уақытта әлемдегі ахуал қатты өзгерістерге ұшырады. Әсіресе, былтырғы 11 қыркүйектегі Америкадағы орын алған қайғылы оқиғадан кейін өзгерістер ерен жеделдікке көшті. ҰҚК-ге мүше елдер осы заманғы қасірет – терроризмге қарсы күресте Америкамен бірге болатынын мәлімдеді. Сөйтіп, өз аймағымызға жақын жатқан Ауғанстанда бейбіт өмір орнату жөніндегі күреске қосылып кеттік.

Дегенмен, ҰҚК Еуропа елдерінің қауіпсіздігін қорғау мақсатында құрылған НАТО секілді әскери ұйым емес. Аймақтық, жергілікті жерлерде құрылымдары да құрылмаған. Олай болса, НАТО-мен ынтымақтаса іс-қимыл жасауға ешқандай бөгет жоқ. Өйткені, ҰҚК БҰҰ жанында ресми тіркелген ұйым.

Ахуалдың жедел өзгеруіне байланысты бүгінгі күні Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімді одан әрі нығайту міндеттері, оның тетіктерін ҰҚК-ге мүше елдердің бәрі бетпе-бет келіп отырған жаңа сынақтар мен қателіктерге бейімдеу қажеттілігі туындайды. Алдағы мерзімге Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып сайланған Ресей Президенті В.Путин осы жолғы басқосуда қол жеткізілген уағдаластықтар ҰҚК-ге қатысушы мемлекеттердің әскери-саяси ынтымақтастығының мазмұнын елеулі түрде толықтыруға мүмкіндік беретінін қадап айтты.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім халықаралық аймақтық ұйымға айналып отырған кезде ұжымдық қорғанысты нығайту мәселелері нақты шешім табатынына сенім мол. Бұл тұрғыда Орталық Азиядағы ұжымдық жедел коммунистік кор-

паративтік тобын қаржыландыру, сондай-ақ, бірлескен әскери штаб құру, әскери-техникалық саладағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелерінің қаралуы айрықша мәнге ие болды.

Қазақстан Президенті Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы аяқталғаннан кейін болған баспасөз мәслихатында бұл келісімді ұжымдық қауіпсіздіктің барлық мүшелеріне қатер төнген жағдайда пайдаланылатын қамсыздандыру полисі деп атады. Мәселен, Орталық Азия мемлекеттерінің оңтүстік шебінде сыртқы күштердің қаупі төнген кезде ұжымдық жедел әрекет күштері құрылып, оның құрамына барлық мүше мемлекеттерден 1500 әскери кірген болатын.

Қазақстан Президентінің пікірі бойынша Келісімге мүше мемлекеттер одан тыс қалған елдерге қарағанда, қолайлы жағдайда болатындай шешім қабылданды. Бұл тұрғыда ҰҚК-ге мүше елдердің қару-жарақ пен әскери техниканы бірінғай ішкі баға бойынша сатып алуына мүмкіндік беретін әскеи-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылғанын айтуға болады. Сондай-ақ, алты мемлекет өз әскери қызметшілері мен офицерлер құрамының біраңғай жүйесі туралы уағдаласты. «Бұл екі мәселе, – деді Қазақстан Президенті, – ҰҚК-ге кіретін мемлекеттерді жақындастыра түсті».

Жер шарының Күнді және өз өсінде тыншымай айналып тұруы секілді ондағы оқиғалар да үздіксіз алмасып жатады. Бүгінгі әлемде қауіп те, қатер де көп, алдан кесе көлденең дейтін сынақтар да жетіп жатыр. Солардың бәріне қарсы тұру үшін еліміздің қуатты болғаны керек. Ал мұның өзі Қазақстанға әлемнің барлық елдерімен эканомикалық қарым-қатнаста болуын қажет етеді. Ең бастысы – елдің ішкі тыныштығы, сонымен бірге сыртқы қауіптен қорғана алуы маңызды.

Бүгінгі таңда айрықша өзекті болып отырған бұл мәселе Қазақстан Президентінің Мәскеу сапарында оң шешімін табады деген ойдамыз.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
15 мамыр, 2002 жыл,
Мәскеуден**

ИНВЕСТИТОРЛАРҒА ҚАТАҢ ШАРТТАР ҚОЙЫЛУЫ ҚАЖЕТ!

Осы аптада Премьер-Министр Кәрім Мәсімовтің төрағалығымен өткен Үкіметтің кезекті отырысында биылғы 11 қаңтарда «Арселор Миттал Теміртау» АҚ көмір департаментінің «Абай» шахтасында болған алапат жарылыстың себеп-салдары сараланды.

Бұл оқиғаны түбегейлі зерттеу үшін үкіметтік комиссия құрылған болатын. Алдымен комиссия төрағасы, Төтенше жағдайлар министрі Владимир Божконың есепті баяндамасы тыңдалды.

Комиссия құрамына бірнеше министрліктің, Қарағанды облысы әкімдігінің, «Қорғау» көміршілер кәсіподағының, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының өкілдерімен қатар, отандық және ресейлік сарапшылар тартылған.

Жарылыс салдарынан 30 кенші қаза тауып, 14 кенші ауыр жарақат алды. Оқиға метан газының кенеттен тұтанып, оның арты дүлей өртке әкелуінің салдарынан орын алған.

Үкіметтік комиссия бірнеше бағыттар бойынша жұмыс істеді. Нәтижесінде «Абай» шахтасындағы жауапты тұлғалардың технологиялық операцияларды жүргізу барысында тиісті қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етпегендігі, «Арселор Миттал Теміртау» компаниясы бас директорының еңбектің қауіпсіздік жағдайын туғызбағандығы анықталды. Компанияның өндіріске қатысты жүргізген экономикалық саясаты еңбек өнімділігін арттыруға ғана бағыттталып, қауіпсіздік техникасының талаптары жеткілікті дәрежеде сақталмағаны белгілі болды. Мәселен, лаваның жылдық жүктемесі 2001 жылғы 759 мың тоннадан 2007 жылғы 1 миллион тоннаға дейін, яғни 49,3 пайызға арттырылса, тәуліктік жүктеме 210-260 тоннадан 370 тоннаға дейін көтерілген. Ал, өндірістегі құрал-жабдықтарды ауыстырып отыру ісі назардан мүлде тыс қалған. Соның

салдарынан құрал-жабдықтардың тозуы 70 пайызға дейін, желдеткіштердің тозуы 100 пайызға дейін, тұрақты конвейерлердің тозуы 90 пайызға дейін жеткен.

Бұған дейін де аталған компанияға қарасты шахталарда екі рет адам өліміне соқтырған апатты оқиға орын алғаны белгілі. Соған қарамастан бақылаудың қазіргі замандық жүйесін еңгізу жөніндегі міндеттемелер соңына дейін орындалмаған.

Үкіметтік комиссия тексеру қорытындысына байланысты бірқатар шаралар қабылдады. Нәтижесінде іске жауапсыздықпен қараған басшылар қызметтерінен босатылды. Компанияның алдына нақты талаптар жүктелді.

Қарағанды облысының әкімі Нұрлан Нығматулиннің мәлімдеуіне қарағанда, қаза тапқандар мен жарақат алған кеншілердің отбасына компания тарапынан көмек жасалынып жатқан көрінеді. Қаза тапқан кеншілердің он жылдық жалақысы төленген. Оның әрбірінің мөлшері 5-7 миллион теңге аралығында.

Асыраушыларынан айрылған отбасылардың мұнан кейінгі өмірлеріне қолайлы жағдай туғызу үшін пәтер алуларына 80 мың доллардан бөлініп, балаларының оқу шығындары өтелетін болады. Жарақат алғандарға да осындай жағдай туғызылуда.

«Арселор Миттал Теміртау» компаниясының бас директоры Сакиш Тапари де осы басқосуда сөз алды. Ол көмір өндірісінде көп адамның қайтыс болуы әлемдік деңгейдегі үлкен оқиғаға саналатындығын мойындады. Компания ендігі кезекте осындай апат қайталанбас үшін қауіпсіздік шараларын барынша қолға алуда. Арнайы бес жылдық бағдарлама қабылдап, құрал-жабдықтарды жаңалауға кіріспек. Қауіпсіздік шаралары жөніндегі америкалық жетекші компаниямен келісім-шартқа отырып, шахталарды газдан арылту жөніндегі технологияның жұмысын жаңа бағытта жүргізетінін айтты.

Бас директорға көптеген сұрақтар қойған үкімет мүшелері орын алған оқиғаға байланысты өз ойларын ортаға салды. Шетелдік инвестормен келісім-шартты бұзып, кен орындарын одан қайтадан алу қажеттігін де ашық айтты.

Отырысты Премьер-Министр М.Кәрімов өзі қорытындылады. Ол компания басшылығынан еңбек қауіпсіздігіне байланысты жүйелі өзгерісті талап етті. Арада жасалынған келісім-шартты қайта бір пысықтау қажеттігін ескертті. Елімізде жаңа Салық кодексі қабылданғанша, барлық келісім-шарттарды қайта қарау мәселесін уақытша тоқтату туралы шешім қабылданғанын, жаңа Салық кодексі күшіне енгеннен кейін талаптың күшейтілетіндігін ескертті.

Бұдан былай компанияның мойынына алған барлық міндеттемелерінің толық орындалуын Облыс әкімдігі мен үкіметтік комиссия қатаң қадағалайтын болады.

**«Президент және Халық» газеті,
22 ақпан, 2008 жыл.**

ҚУАНЫШЫ КӨП КҮНДЕР КӨБЕЙСЕ ЕКЕН

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны өткен жылы бұрынғыдан да қарқын ала түскенін Қазақстан Президенті биылғы халыққа Жолдауында жан-жақты көрсетті. Соған қарап төрт құбыламыз теңесті, алдымызда мамыражай өмір күтіп тұр деп арқаны кеңге салуға әлі ерте. Уақыт қатал сыншы. Үлкен мінберден үлкен-үлкен сөздер айтып, халықты құрғақ уәдемен қарық қыла салатын кездер келмеске кеткен. Уәде бердің екен, орында. Орындай алмасаң, себебін айт. Себебің солқылдақ болса, қолыңнан іс келмегені. Онда жолды басқаға бер. Президенттің талабы осындай. Сондықтан да, әкімдер мен сала басшыларынан қатаң есеп талап етіледі. Алдымен халықтың алдында. Басшының есебі көпшілік көңілінен шығып, жақсы бағасын алып жатса, нұр үстіне нұр. Өткен аптада Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтың бір жыл ішінде атқарған жұмыстары жөніндегі есепті жиналысқа арнайы қатысып қайтқан газет тілшісі осы төңіректе ой қорытады.

Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауы қашан да ел өмірінде зор маңызы бар елеулі оқиға болып келеді. Өткен жылғы Жолдауда Президент 2020 стратегиялық жоспарын көшбасшылыққа ала отырып, аймақтарда алдағы бір жылда мынадай нақты істер атқарылуы керек екендігін көрсетіп берген болатын:

1. Экономиканы дағдарыстан кейінгі дамуға әзірлеу;
2. Жедел индустрияландыру және инфрақұрылымды дамыту есебінен экономиканың тұрақты өсуіне қол жеткізу;
3. Адам капиталының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін болашаққа белсенді инвестициялау;
4. Қазақстандықтарды сапалы әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;
5. Ұлтаралық келісімді нығайту, ұлттық қауіпсіздікті арттыру, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

Біз Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің есепті баяндамасына осы тұрғыда назар салдық.

– Президентіміздің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы Жолдауы да алдағы 10 жылда және таяудағы уақытта атқаратын ауқымды істердің бедерлі бағдарламасы іспеттес. Бұл құжаттан еліміздің өсіп-өркендеуінің басым бағыттары мен келелі міндеттері, қалыпты даму үстіндегі қуатты Қазақстанның берекелі болашағы айқын көрінеді. Еліміз дұрыс бағытта өркендеп келеді.– деп бастады облыс әкімі Серік Үмбетов алғашқы сөзін.

Серік Әбікенұлының айтуына қарағанда, бұған дейін өткен ауылдық, кенттік, аудан және қала әкімдерінің тұрғындар алдындағы есеп беру кездесулері кезінде ауыз су, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол жағдайы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сату, мектепке дейінгі мекемелер жүйесін кеңейту, білім және медициналық қызмет сапасын жақсарту мәселелері қамтылған. Әкімдердің есептеріне тұрғындар негізінен оң баға берген. Ескертулер мен ұсыныстар да аз болмаған. Алдағы уақытта олардың бәрі назардан тыс қалмай, тиісті іс-шаралар жоспарына енгізілмекші.

Облыс әкімінің өткен жылдың ақпан айындағы есебі кезінде тұрғындар тарапынан 26 ұсыныс пен ескерту айтылған. Бүгінгі таңда олардың 24-і орындалыпты. Мәселен. Талдықорған қаласындағы 86 тұрғын үй тексеріліп, олардың шатырларын 2010-2012 жылдар аралығында жөндеуден өткізу үшін арнайы сметалық-жоба жасалған. 32 үйге жедел жөндеу жүргізілген, ол үшін облыстық бюджеттен 90 млн теңге бөлінген. Қазіргі уақытта көп қабатты 21 үйдің шатыры жөнделуде, жылдың соңына дейін бас-аяғы 60 үйдің шатыры қайта жабылады.

Президенттің биылғы Жолдауында да тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға айрықша назар аударылды. Осы орайда Балқаш ауданының Бақанас ауылында 40 орындық туберкулезден емдеу орны салынған.

Бытыр ауданға қарасты қала әкімдерінің ауыл және кент округтері әкімдерінің есептік кездесулерінде тұрғындар

тарапынан 1268 ескерту мен ұсыныс түскен. Олардың 1031-і (94 %) орындалған. Орындалуы ең төменгі көрсеткіштер Ақсу (27,5%), Алакел (70,1%) және Қаратал (81,8%) аудандарында.

Бұл – ең алдымен аталған аудандар әкімдері Ә. Дүйсембеков, Б. Қарасаев, Қ. Медеуовтердің жұмысты ұйымдастыруда кемшіліктерге жол бергендігінің айғағы. Облыс әкімі алдағы уақытта бұл мәселені бөлек қарайтынын ескертті...

Өткен жылы облыстың атқарушы органдары өз жұмысын мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында айтылған міндеттерге сәйкес жүргізген. Әкімнің қорытынды есебіне қарағанда, облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыпты даму үстінде екендігі байқалады.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның аясында өткен жылы облыс бойынша жалпы құны 18,3 млрд теңгені құрайтын 10 нысан пайдалануға берілді. Ал индустрияландыру картасынан тыс 34 жаңа нысан дүниеге келген. Осы бағдарлама аясында таяуда ғана Талғар ауданында Хюндай жүк автомобильдері мен автобустарын ірі тораптық құрастыру зауытының бірінші кезегі іске қосылғанын облыс әкімі ерекше атап өтті. Биылғы жылы да осындай тағы 10 жоба жүзеге аспақшы.

Өңірдегі «Ауыл шаруашылығын дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған» бағдарламасы бойынша өнім өндіру көлемі екі есеге өсіпті. Жалпы бұл сала бойынша облыс республика бойынша бірінші сатыда тұрғанын айта кеткеніміз жөн.

Жылдан жылға ауыл шаруашылығын мемлекет тарапынан қолдау көлемі артып келеді. Ал өткен жылы бұл мақсатта Алматы облысында он миллиардтан астам теңге игерілді, оның 8,6 млрд теңгесі, яғни 85,2 пайызы аграрлық өндірісті субсидиялауға жұмсалған. Ауыл еңбеккерлеріне бұрын-соңды мұндай көмек көрсетілген емес.

Президенттің биылғы Жолдауында 2016 жылға қарай 60 мың тонна етті экспортқа шығару межеленіп отыр. Бұл

тұрғыда Алматы облысында едәуір жұмыс жүргізілді. Мал басының саны көбейген, соның арқасында мал өнімдерін өндіру 11 пайызға дейін өскен. Бүгінде өңірде асыл тұқымды мал шаруашылығының 153 нысаны жұмыс істейді, нәтижесінде асыл тұқымды малдың үлес салмағы арта түсті. Мал қыстатуға қажетті мөлшерде жем-шөп даярланды.

Бүгінгі таңда облыста аграрлық сектор өнімдерін қайта өңдеу саласында 819 кәсіпорын бар. Оларда 17 мыңдай адам жұмыс жасайды.

Жетісу жерінде өндірілген өнім экспортқа да шығарылуда: ұн және темекі өнімдері – Ауғанстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстанға, консервіленген көкөніс, жеміс-жидек – Ресейге, иленген сиыр терісі – Түркияға, сүт өнімдері – Қырғызстанға, сыра ашытқысы – Өзбекстан мен Тәжікстанға жіберіледі.

Дегенмен әлі де шешімін күткен мәселелер жетерлік. Облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбековқа, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Б. Әлиевке, аудан әкімдеріне қант өндірісін арттыру, суармалы жерлерді ұтымды пайдалану, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсату бағытында неғұрлым белсенді, ұтқыр жұмыс жүргізілулері қажеттігі ескертілді. Үкімет тапсырмасына сәйкес 2011 жылы инфляциялық процестерді тежеу мәселесі айрықша бақылауда болады. Осыған орай аудандардың, қалалардың әкімдеріне тұрғындарды азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, жеміс-көкөніс сақтау қоймаларын көбейту және бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу міндеті жүктеледі.

Орта және шағын бизнес те одан әрі даму үстінде.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен Алматы облысына 1,5 млрд теңге бөлінсе, оның 509 млн теңгесі индустриялық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалған.

2010 жылы экономиканы дамытуға 325 млрд теңге инвестиция салыныпты.

Соңғы үш жылда тұрғындардың әртүрлі топтарына арналған 1 миллион 708 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Өткен жылы құрылыс жұмыстары облыста қарқынды дамыған. Бұл тұрғыда Алматы облысы республика бойынша екінші орында келеді.

Сонымен қатар, 237 шақырым инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салынған. Алда бұдан да ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Соған орай облыс әкімінің орынбасары А. Баталовқа құрылыс сапасын, нысандардың дер кезінде іске қосылуын қатаң қадағалау тапсырылды.

Соңғы үш жылда 5 шағын ГЭС іске қосылыпты. Таяуда индустрияландыру картасы аясында қуаты 300 мв-тық Мойнак ГЭС-нің құрылысы аяқталмақ. Балқаш жылу электр станциясының құрылысы жүргізіліп жатыр. Демек, таяу болашақта облыс электр қуаты тапшылығынан мүлдем құтылуға мүмкіндігі бар.

Елдімекендерді газдандыруға көп көңіл бөлінуде. Облыста 69 елдімекен табиғи газбен қамтылған.

Ағымдағы жылы Талдықорған қаласында газ қызметін ашуға 36 млн теңге бөлініп отыр. «Жол картасының» аяқталуына қарамастан, елдімекендердегі көшелерді жөндеу және абаттандыру жұмыстары жалғастырыла бермек.

Бұдан кейін облыс әкімі өткен жылғы есеп беру кезінде айтылған ұсыныстар мен ескертулерге тоқталды. Облыс әкімінің аппаратына түскен хат-хабарлар жайында да кеңінен қозғалды. Былтырғы жылы азаматтардан 3024 өтініш түсіпті. Бұлардың көбісі Талдықорған қаласынан, Қарасай, Талғар, Еңбекшіқазақ, Іле, Ақсу аудандарынан жолданыпты.

Өтініштердің негізгі мазмұны тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, әлеуметтік қамтамасыз ету, жер, тұрғын үй, несие алу және сумен, электрмен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты болыпты.

Ал, облыс әкімінің электронды сайтына тұрғындардан 866 хат-хабар түскен. Олардың барлығына дер кезінде тиісті жауап берілген. Облыс басшыларының жеке қабылдауларына 429 азамат келген. Соның ішінде 165 өтініш оң шешімін тапса, 264 мәселе бойынша түсінік берілген.

Облыс әкімдігі өз жұмысының ашықтығына үлкен мән беретініне көзіміз жетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілген келелі мәселелер назардан тыс қалмайды екен. Сонымен қатар, атқарушы органдардың мәжілістері, іс-қағаздары мемлекеттік тілде жүргізілетініне көзіміз жетті. Тіпті өзіміз қатысқан, екі жарым сағатқа созылған осы есеп беру жиналысында Серік Әбікенұлы баржоғы 7 минөт орыс тілінде сөйледі. Қалған жарыссөздер мен сұрақ-жауаптың бәрі мемлекеттік тілде өрбіді. «Өткен жылы 11 наурызда болған Қызылағаш оқиғасына тоқталмай кете алмаймын» деді облыс басшысы сол бір қаралы күндерді өкінішпен еске ала тұрып: «Қайғылы оқиғадан сон қысқа мерзім ішінде апат аймағында 542 үй салынып, 105 үй күрделі жөндеуден өтті, осы заманғы жаңа кент пайда болды. Тасқында қаза тапқан азаматтардың отбасына облыс өкімінің резервінен 500 мың теңгеден бір жолғы материалдық көмек көрсетілді. «Жансүгіров» қоғамдық қорына түскен қаржы есебінен әрбір отбасына қажетті жабдықтар мен жиһаздар берілді. Су тасқыны кезінде опат болған мал орнын толтыру үшін 151,8 млн теңге ақшалай өтемақы төленді. Осындай қиын кезеңде қолұшын берген барша азаматтарға, мекемелер мен ұйымдарға зор ризашылығымызды білдіремін» деп сөзін аяқтаған облыс әкімі енді көпшіліктің өтініш, сұрақтарына жауап беруге дайын екендігін білдірді. Алдымен қазіргі интерактивты техниканың көмегі арқылы облыс әкімімен байланысқа шыққалы тұрған шалғай аудан тұрғындарына кезек-кезек сөз берілді. Сұрақтар жаңбырша жауды.

Кербулақ ауданынан хабарласқан Амандос Жүсіпов деген азамат аудан орталығы Сарыөзектегі ауыз су зәрулігін алға тартты. Облыс әкімі бұл үшін арнайы қаржы бөлгендігін, биылғы жылы бұл жердегі ауыз су мәселесі толықтай шешілетіндігін мәлімдеді. Экранның арғы жағында елендеп тұрған қалың жұрт әкім жауабына дүркірете қол соқты. Текелі, Балқаштан хабарласқандар да ауыз суға қатысты сұрақтар қойды. Сондай-ақ, мал шаруашылығына субсидия бөлінсе деген өтініштерін білдірді.

Панфилов ауданындағы Сарыбел ауылының тұрғындары жаңадан салынып жатқан мектеп құрылысы тоқтап қалғанын айтып, облыс әкімінен көмек сұрады.

Қарасай ауданы Елтай елдімекенінің тұрғындары аудан мен ауыл арасындағы жол жөнделмей жатқанын жасырмады.

Сарқандағы айналма жолдың әурешілігі де жұртшылықтың жүйкесін жұқартқан сыңайлы.

Интерактив желісі арқылы оннан астам ауданмен байланыс жасалды. Сұрақтардың көбісі бір-біріне ұқсас шығып жатты. Облыс әкімі залда отырған аудан әкімдері мен тұрғындар сұрағына тікелей қатысы бар сала басшыларын орындарынан көтеріп, нақты тапсырмалар берді. Әрбір өтініш бойынша орындалған жұмыс нәтижесін алдағы уақытта өзі қадағалап отыратынын қатаң ескертті.

Былтырғы есеп беру кезінде өтініш айтып, сұрақ қойғандар өтініштерінің толық әрі дер кезінде орындалғаны үшін облыс әкімдеріне алғыстарын білдіруге әдейі келіпті. Аудандармен әңгіме аяқталғаннан кейін залда отырғандар әкімге өтініш-тілектерін білдіруге кірісті. Әкім оларды да ыждаһатпен тыңдады. Тыңдады да, көптеген түйткілді жайттардың түйінін сол жерде шешіп тастап отырды. Істің нәтижесі туралы қай күні мәлімет беретіндеріне дейін белгіленді. Жазбаша сұрақтар қарша борады. Олардың бәріне дәл осы жерде жауап беру мүмкін де емес еді. Ешбір өтініш орындалмай қалмайтынына көздері жеткен көпшілік облыс әкімінің былтырғы атқарған жұмыстарына ризашылықтарын білідірді, оң баға берді.

«Экономика» газеті,
24 ақпан-2 наурыз, 2011 жыл.

ӨНДІРІСТІК БӘСЕКЕ – ӨМІР ТАЛАБЫ

«Алматы құрылыс материалдары» зауытының жұмысы 1936 жылы ұйымдастырылған. Алғашқы кезеңде зауытта жылына 10 млн кірпіш шығарылса, 1948-50 жылдары зауыт өнімдері молайып, екі технологиялық желінің қосылуына байланысты өндіріс қуаты бұрынғыдан да арта түсті. Соның арқасында зауыт жылына 55 млн. кірпіш шығару мүмкіндігіне ие болды. 1959 жылы үшінші технологиялық желі іске қосылды. 1960 жылдан бастап жылына 64 млн кірпіш шығарыла бастады. Жыл сайын өндірістік қуаты арта түскен кірпіш зауыты 2005 жылы әлемдік стандартқа сай өнімдер шығаруды қолға алған болатын. Осы кезден бастап зауыт «Құрылыс материалы» болып өзгертілді. Қазіргі кезде мекеме аумағы 1,5 шаршы шақырымды құрайды. Темір жол желілері де іске қосылған.

Зауыттың ішкі өмірімен таныспас бұрын, мекеме басшысы Оралбай Нұридинұлы Абдрахмановқа жолығып, әңгімелескен едік. Ол кісі бұл зауытқа бұдан бір жыл бұрын ғана келіпті. Соған қарамастан, осы аз уақыттың ішінде біраз жетістіктерге жол ашқан көрінеді.

– Бүгінде зауыттың өндірістік көлемі 16,7 гектар жерді алып жатыр, – деп бастады директор алғашқы сөзін.

– Зауыттан шыққан құрылыс заттарын негізінен Алматыдағы ірі өндірістер тұтынады. Сонымен қоса, «Алматы құрылыс» Ұлттық холдингтік компаниясының салалық мекемелері де біздің тауарларға көптеп тапсырыс беруде. Мәселен, «Облтяжстрой», «Келешек», «Қуат» корпорациясы, «Қазақмыс» корпорациясы сияқты көптеген акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер тұтынушыларымыз болып табылады. Негізгі шығаратын өнімдеріміз кірпіш. Сонымен қоса, үйлердің, ғимараттардың сыртын қаптайтын әртүрлі плиталар, жылу жүретін құбырлардың сыртын қаптайтын

жұмсақ орамалар, жиектастар, үй құрылысына қажетті темірбетон өнімдері. Кірпіштің сапасын жақсарту мақсатында Алматының маңайындағы Қосқұдық деген жердің балшығын пайдалануға кірістік. Оның сапасы көптеген әлемдік технологияларды артқа тастайтыны белгілі болды. Соның арқасында кірпіштерімізді Қазақстаннан тысқары жерлердегі мекемелер де сатып ала бастады. Ал, бетон қоспасын дайындаудың жаңа үлгісін өндіріске енгізу мақсатында Германиядан арнайы қондырғы сатып алынды. Бұл – жұмысымызды әлдеқайда жеңілдетті және өндіріс қуатын бірнеше есеге арттырды. Қазір осының бәріне куә боласыздар, – дей отырып, бас директор өзінің орынбасары Иван Рябовқа цехтарды аралатып, көрсетуге тапсырды. Зауыт ауласында рет-ретімен үюлі тұрған құрылыс материалдарынан көз тұнады. Әсіресе, жылу құбырларын орайтын жұмсақ қаттамалардың қалай жасалатыны назар аударарлықтай.

Үлкен пештің бүйіріндегі қоймалжың бетон өнімдерін жөнелтетін цехтағы жаңа қондырғының жұмысымен жақынырақ танысудың мүмкіндігі туды. Мұндағы әрекеттердің барлығы компьютер арқылы басқарылады. Біз компьютермен жұмыс істеп отырған маманның жанына келіп, бұл жұмыстың мәңжайын сұрай бастағанымызда, үстінде үлкен бөшкесі бар бетон таситын көлік келіп тоқтай қалды. Жүргізуші терезеден бір жапырақ қағазды ұсынды. Онда қанша бетон қоспасы керектігі көрсетілген. Компьютерден қанша цемент, қанша су, қанша қиыршық тас, т.б. заттарға тапсырыс берілгеннен кейін, 10 минуттың ішінде әлгі өнімдер жоғары жақтан бетон таситын көлікке құйылып жатты.

Бұрындары бұл жұмыстардың барлығы қолмен атқарылып келген әрі талай уақыт алатынын еске алсақ, мына жаңа қондырғының қаншалықты маңыздылығын түсінеміз. Қысқасы, Алматыдағы «Құрылыс материалы» зауыты да алдағы уақытта дүниежүзілік стандартқа сай өнімдер шығаруға дайын екендігіне көзіміз жетті. Бұл – Қазақстан алдағы жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жолында кез-келген бәсекеге төтеп бере

алатындай отандық өнім өндіруді белсене қолға алғандығын байқатады.

Кішкене терезеден үлкен пештің ішіне үңілгенде от жалынының лебінен ұшқан ұсақ бұрқасындар көрдік. Өртүрлі химиялық қоспалардың нәтижесінде жоғары сапалы орама осылай жасалады екен. Темірбетон өнімдерін шығаратын цех бастығы Илья Сухонос мұндағы жұмыс ерекшеліктері жайында әңгімеледі. Бұл зауыттан шығатын өнімдердің сапасы өте жоғары әрі арзан көрінеді. Жолға, аулаға төселетін әртүрлі түсті кірпіштер өз әдемілігімен көз тартады. Үй төбесін жабатын түрлі-түсті қаңылтырлардың (черепицалардың) сан түрі бар. Ең батысы, бұған дейін Қытайдан тасымалданған осы сияқты құрылыс материалдары енді Қазақстан базарынан ығыстырылып жатқан көрінеді.

**«Президент және Халық» газеті,
6 қаңтар, 2004 жыл**

АКЦИЯ ҮШІН АРПАЛЫС

«Петро Қазақстан» төңірегіндегі дау-дамай үдеп барады. Газетіміздің өткен санында «Жер қойнауын пайдалану және Қазақстанда мұнай операцияларын жүргізу мәселелері туралы» Заңға түзетулер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін бұл төңіректегі дау жаңа бағытта өрбуі мүмкін екендігін айтқан едік. Солай болып шықты да.

Қазіргі кезде «ПетроҚазақстан» мен CNPC (Үндістан) компанияларының арасындағы келісім-шарт жайында әртүрлі пікірлер туындауда. «ПетроҚазақстанның» акционерлері барлық акцияны Қытайға 4,8 АҚШ долларына сатуға келісім беріп отыр. Бірақ, Ресейдің «Лукойл» компаниясы бұған қарсы. Олар бұл жөнінде Канаданың сотына талап-арыз түсіріп, акцияның 50 пайызын иемденуге қақысы бар екендігін білдірді. Себебі, «Лукойл» мен «ТорғайПетролиум» – бірлескен кәсіпорын. Ендеше, неге олар өз үлестерін қолдан беруге тиісті? Талап-арыз берумен қатар олар «ПетроҚазақстанмен» де келіссөздер жүргізе бастады. Ресейліктер «ПетроҚазақстанның» белгілі мөлшерде акцияларын иемденбекші болып отырған Қазақстанға да ешқандай қарсылық білдірмейді. Өйткені жаңа Заң бойынша енді Қазақстан өз жеріндегі шетелдік компанияларының акцияларына қожалық ете алады. Әйтсе де, CNPC компаниясы мол ақша төлеу арқылы «ПетроҚазақстанды» сатып алатынына сенімді. Бірақ, «ПетроҚазақстанның» бізге берешегі шаш етекпен. Кейінгі кезде ол тіпті өсіп кетті. Егер ол бұл берешегін төлемесе, Қазақстан оны сот арқылы өндіріп алуға толық қақылы. Ондай жағдайда іс ұзаққа созылады. Канадалықтар бұл берешекті қайтара алмай ұзақ діңкелейтіні сөзсіз. Мұндай жағдайда «ПетроҚазақстанның» сатылуы да ұзаққа созылады. Бұл кімге пайдалы, кімге зиян екендігі айтпаса да түсінікті. Дегенмен, бәрін ақшаның күшімен шешіп үйренген CNPC ентелей түсетіні анық.

Ал Қытай жағы әдеттегідей мыңқ етпейді. Мұндайда Қазақстан еріксіз CNPC-тан 1,3 млрд. долларға 33 пайыз акцияны сатып алуы да мүмкін. Ондай жағдайда монополияға қарсы заңдарды бұзғаны үшін канадалықтар Қазақстанға берешегімен қоса өтемақы төлеуге мәжбүр болады. Таяуда Қазақстанның Индустрия және сауда министірлігінің бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеттің белді өкілі «ПетроҚазақстанның» иесі кім болғанына қарамастан жоғарыда аталған берешек пен өтемақы бәрібірі төленуге тиісті екендігін аңғартты. Ал ресейліктер бұл жерде «ПетроҚазақстан» өздеріне «ТорғайПетролиум» компаниясы арқылы туыстас бола тұра бірден ара қатынасты үзуге тырысқан «ПетроҚазақстанға» ренішті екендіктерін де жасырмады. Соған қарамастан, CNPC пен «Қазмұнайгаз» компаниялары өткен сәрсенбіде меморандумға қол қойды. Онда «ПетроҚазақстанның» белгілі мөлшердегі акцияларына Қазақстан қожалық ететіндігі айтылған. Энергетика және минералды ресурстар министірі В.Школьник «ПетроҚазақстанның» сатуға қойған нысандарының бағасы нарық талабынан екі есе жоғары екендігін ескертті. Бұл дегеніңіз, Қазақстан өз жеріндегі мұнай компанияларына өзі иелік ете бастағанын аңғартады. Нәтижесінде, CNPC «ПетроҚазақстанның» қожайыны болғанның өзінде «Қазмұнайгаз» Шымкент мұнай өңдеу зауытын өз қол астына басып қалатыны белгілі болып отыр. Ал «Лукойл» Қазақстан мен Үндістанның арасында делдал бола жүріп, «ТорғайПетролиум» жөнінде Қазақстанмен келісім жүргізуге әзір екендігі байқалып қалды.

Әйтсе де «ПетроҚазақстан» АҚШ пен Канаданың сақтандыру және зейнетақы жинақтау қорын түгелдей иеленіп отырғанын да естен шығармайық. Қазақстанға инвестиция құйғандардың бәрі шаш етекпен пайдаға кенелетінін осы деректердің өзі-ақ аңғартып тұрған жоқ па?! Соған қарамастан олар бәрібірі «ПетроҚазақстанды» сатудан түскен пайданың бәрін өз қалталарына тоғытады деген болжамдар да айтылуда. Сонда кім ұтты, кім ұтылды? Бұл жағын тағы да уақыт көрсетеді.

**«Президент және Халық» газеті,
20 қазан, 2005 жыл.**

АЛДЫМЕН – ЭКОНОМИКА, ЕНДІ МІНЕ САЯСИ РЕФОРМА

Еліміз маңызды тарихи кезеңдерге аяқ басты. Кеше ғана Ата Заңымызға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Алда Мәжіліс сайлауы тұр. Бүгінде бастау алған саяси реформаларды мамандар экономикада табысты жүргізілген реформалармен байланыстырады. Осындай өзгерістердің бір көрінісі – 10 шілде күні қабылданған жаңа «Білім туралы» заң. Ел өміріне қатысты өзекті мәселелер жөнінде белгілі ғалым, экономика ғылымының докторы, профессор Рахман Алшанов газет тілшісімен ой бөліседі.

– Құрметті профессор мырза, Сіз Республика жоғары оқу орындары ассоциациясының төрағасы ретінде Білім туралы жаңа заңның ерекшеліктері туралы айта кетсеңіз?

– Иә, осыдан екі күн бұрын Парламент Сенаты жаңа редакциядағы Білім туралы Заңды қабылдады. Бұл заң шын мәнінде кешегі кеңестік кезеңнен сақталып келе жатқан білім берудің ескі моделін қолданыстан ығыстырады. Енді білім берудің жеті сатылы батыстық моделіне көшпекшіміз. Ол міндетті түрде мектеп алды әзірлікті қамтиды. Кәсіби білім беретін училищелер көбейеді. Жоғары білім беру ісі бакалавриат, магистратура, докторантура сияқты үш сатыдан тұрмақ. 1999 жылы қабылданған қолданыстағы заң, Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев Сенатта жасаған баяндамасында атап көрсеткеніндей, еліміздің бүгінгі даму қарқынына ілесе алмай қалды. Болонья декларациясына сәйкес мұндай қадам 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыру міндетінен туындап отыр. Жаңа заң бойынша ең күрделі жаңалық – 2008 жылдан бастап мектептерде білім берудің 12 жылдық мерзіміне көшу. Өз басым білім саласындағы реформа Қазақстан келешегіне қызмет етуге тиіс деп есептеймін.

– Білім саласындағы реформаларға экономикалық және саяси реформалар түрткі болғаны анық. Конституцияға өзгерістер енгізілді. Соның нәтижесінде Парламентке депутаттар енді партиялық тізім бойынша сайланатын болады. Бұл жалпы қоғамдық-саяси өмірімізге қандай өзгерістер әкелуі мүмкін?

– Иә, Қазақстанда саяси реформалар жүріп жатыр. Біз монополистік капитализм кезеңінен өтудеміз. Ондай кезде ат төбеліндей ақсүйектерден тұратын қаржы магнаттарының саяси және экономикалық үстемдігі жүретіні тарихтан белгілі. Билік те солардың қолына көшеді. Осындай жағдайда демократия ауадай қажет. Демократияның арқасында қазір көптеген мемлекеттерде социалистер, яғни халық қамын ойлаушылар билік басына келді. Бұл – шағын бизнес өкілдерінің өркендеуіне жол ашу деген сөз. Мәселен, Германиядағы «Фольксфаген» сияқты алып кәсіпорын 80 мыңдай шағын кәсіпорындармен тікелей байланыста жұмыс істейді. Осы шағын кәсіпорынның мүлтіксіз жұмыс істеуіне ол өте мүдделі. Себебі шағын бизнес өкілдерінің Парламенттегі рөлі жоғары. Елдегі олигархтар өз дегенін жасап, еркінсіп кетпес үшін солай жасалынған. Ертең ірі кәсіпорын аяқ астынан құлдырап тығырыққа тірелсе, Парламенттегі көпшілік дауысқа ие шағын бизнес өкілдері заңды өзгертуге көмектеседі. Көрдіңіз бе, алпауыттарды шағын бизнес өкілдеріне тәуелді етіп қойған. Біздегі парламенттік құрылым да осыған келе жатыр. Партиялық фракциядан тұратын Парламент депутаттары партия мүшелерінің алдында тікелей жауапты. Ал партиялардың құрамы олигархтардан емес, қарапайым халықтан, шағын бизнес, кәсіпкерлік өкілдерінен тұратыны белгілі. Сондықтан, еліміздегі соңғы саяси өзгерістер ең алдымен экономикалық қажеттіліктерден туындап отырғанын түсінуіміз керек. «Алдымен – экономика, сосын саяси реформа» деген қағидаты ұстанған Президенттің бұл әрекеті көрегендіктің бір белгісі екенін ашық айтуымыз керек.

– Қазақстанның қай салада болсын даму бағдарламасы айқындалды. Бұл жөнінде Президенттің «Жаңа әлемдегі жаңа

Қазақстан» атты биылғы жолдауында да, одан кейінгі ресми мәлімдемелерінде де нақты көрсетілді. Ал шын мәніндегі қазіргі даму қарқынымыз осы айтылғандармен қаншалықты үндесуде?

— Дамыған елу елдің қатарына кіру жөніндегі мақсатымызды бүкіл әлемге жария еттік. Енді осы бағытта жұмыс істеудеміз. Экономикалық интеграцияға бет бұрдық. Жағдайымыз жылдан-жылға жақсара түсуде. Бірақ біздер, экономистер нақты деректер төңірегінде ой қозғағанды ұнатамыз. Өзін шынайы экономика маманы ретінде сезінетін адам бүгінгі жағдайға түбегейлі талдау жасай отырып, ертеңгі күнге болжау жасауы керек. Осы тұрғыда мен мынаны айтқым келеді. Бізде қазір қағаз жүзінде 228 мың кәсіпорын бар. Олар қандай өнім шығарып жатыр? Арнайы зерттеп жатқан ешкім жоқ. Шындығына келсек, айтылған кәсіпорындардың жартысы ғана жұмыс істеп тұрғанын көпшілік біле ме екен? Бұлардың ішінде жақсы дамып келе жатқандарының саны 40 мыңдай ғана.

Қазір елдің бәрі кәсіпорын ашуға құмар. Дұрыс, кәсіпорын ашсын. Алайда алдымен не өндіретіндерін анықтап алу керек қой. Әркім өзінше нарық заңын зерттемек болады. Онымен ұзаққа бара алмаймыз. Бір орталықтан зерттеуді ұйымдастыру керек. Сонда ғана халықты түгелдей жұмыспен қамту мүмкіндігі туады. Әзірге өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етіп жүрген адамдардың саны Қазақстанда 2,5 миллион ғана. 600 мыңдай адам жұмыссыз жүр. Қалған халық сонда немен айналысуда? Ешкім білмейді.

Еліміздегі экономиканың өсімі мұнай саласындағы жеткен жетістіктерімізбен өлшенуде. Одан кейінгі орында теміржол тұр. Тек осы екі саланың етегінен ұстай отырып пұшпаққа жетпесіміз анық.

— Мәселен, бүкіл Еуропаның экономикалық тірегі шағын кәсіпорындар екендігі жиі айтылады. Біздегі шағын кәсіпкерліктің даму деңгейі Сізді қанағаттандыра ма?

— Еуропадағы кәсіпорындардың бәрі инновациялық технологиямен жұмыс істейді. Ал Қазақстандағы 228 кәсіпорынның

жартысы ғана әуірімдеп жұмыс істеп тұрғанын жоғарыда айттық. Онда да 76 мың тек автокөлік сатумен, оларды жөндеу, қосалқы бөлшектермен қамтамасыз ету, жанар-жағармай әкелу сияқты сауда-саттықпен айналысады. Қазіргі кезде елімізде 1 миллион 330 мыңдай автокөлік тіркеліп отыр. Болашақта оның саны 10 миллионнан асады деп күтілуде. Ал шағын кәсіпкерлік халыққа қызмет көрсетудің барлық саласын қамтығаны жөн.

– Дегенмен, экономиканың қай саласымен айналысса да кәсіпкерлік мемлекет қоржынын толықтыруға үлес қосады ғой...

– Кәсіпкерлер тек салық төлеумен ғана шектелмегені жөн. Оның шығарған өнімі мемлекеттің ішкі өнімінің өсуіне қызмет етуі қажет. Тек сауда-саттықтан түскен пайдамен күн көретін мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Кезінде «Ұлы жібек жолының» бойында орналасқан Отырар, Сайрам, Сығанақ, тағы басқа тарихи қалаларымыз тек моңғол шапқыншылығының салдарынан жер бетінен мүлдем жойылды десек, қателесеміз. Сол замандарда Қытайдан ағылып келіп, Орта Азия арқылы Еуропаға қарай ағылып жатқан тауарлар кенет Африка арқылы теңіз жолымен айналып, басқа жаққа бұрылып кетті. Сөйтіп жер бетінде жаңа қалалар пайда болды. Бұрынғы қалалар мүлдем өшті. Осындай жағдай алдағы уақытта қайталанбасына кім кепіл? Мәселен, Қырғызстан мен Өзбекстан «Жібек жолының» өздері арқылы өтетін бөлігіне өздері ғана иелік ету мәселесін кейінгі кезде жиі көтеріп жүр. Тәжікстан мен Иран да бұған таласатын сыңай танытуда. Ресей де біраз нәрседен дәмелі. Сондықтан, әкелінген тауарларды алып-сатудан түсетін пайдаға мәз болып отыра беруге болмайды.

Қазақстан Президенті өзінің «Қазақстан жолы» атты кітабында «... экономиканың кластерлі саласының талаптарына қарай көзделген білімді, талдамаларды және технологияларды қалыптастыруға, оларды трансферттеуге жағдай жасау керек» деп атап көрсетті. Ал 2003 жылы қабылданған Индустриялық инновациялық дамудың стратегиясы бізге бұл мәселені

шешуге көмектесетіні сөзсіз. Аталмыш стратегияны іске асыру барысында экономикалық кадрлық және технологиялық деңгейін анықтайтын негізгі фактор ретінде жоғары мектеп жетілдірілетіндігі де осы кітапта тереңдей көрсетілген.

– Біздегі ең бір өзекті мәселе – нарық қатынастарына сай, капиталистік қоғамның білікті мамандарын даярлау ісі әлі де ойдағыдай емес. Жоғарыда елімізде «Білім туралы» жаңа заң қабылданғанын айттық. Осы мәселе төңірегінде Сіздің пікіріңіз қандай?

– Мен бұл жөнінде көптен бері мынадай бір ойларды ортаға салып жүрмін. Дегенмен, оған әзірге ешкім мән беріп жатқан жоқ. Мәселен, шетелдегі студенттер 1-курстан бастап ғылыми жұмыстарға қатыса бастайды. Курс жұмыстарында белгілі бір ғылыми жобаны зерттеумен айналысады да, жоғары оқу орнын бітірер кезде, яғни диплом жұмысында сол өзі бұрыннан зерттеп жүрген жобаны қорғап шығады. Сөйтеді де ол жоғары оқу орынын бітіре сала жаңағы ғылыми жоба негізінде кәсіпорын құрады. Сөйтіп студенттер оқуын бітіре сала өздері жұмыс берушіге айналады. Ал біздегі жастар дипломдарын ала сала әр мекеменің табалдырығын тоздырып, жұмыссыздар қатарын көбейтіп жатқанымен ешкімнің шаруасы жоқ. Американың белгілі Массачусетс технология институтының ғалымдары осы оқу орнының жанынан тек студенттерден тұратын кәсіпорын ашқан. Сөйтіп институт түлектерінің өзі 260 млн доллар көлемінде өнім шығарады.

– Біздің жоғары орындары да сол дәрежеге жету үшін не жасауы керек?

– Жоғары оқу орындарына жағдай жасалу керек. Біздің оқытушы-ғалымдар студенттермен жылына бір-ақ рет курс жұмысын жүргізеді. Оның өзінде жүрдім-бардым ғана. Сосын бітірерде бірдеңе етіп дипломын қорғата салады. Мұнымен қайда барамыз? Меніңше білім саласын әбден зерттеп алып барып реформа жүргізген дұрыс. Студенттерді төрт жыл оқытамыз. Одан кейін олардың көбісі тағы екі жыл магистратурада оқиды. Аспирантурасы тағы бар. Осыншама бейнетті бастан өткеріп,

әбден шаршаған студент дипломын алған соң, енді қайда жұмысқа орналасам деп басын қатырады. Отбасын құру, баспана алу мәселесі де күтіп тұрады.

Президентіміз жаңа білімге жол ашу қажеттігін талап етіп отыр. Сондықтан, жаңа білімге барар жолды алдымен әлеуметтік-экономикалық мәселелерден бастаған жөн сияқты. Қазақша интернет мүлдем жоқ десе де болғандай. Елімізде қазір 776 мың студент оқиды. Оның 390 мыңы қазақ тілінде білім алуда. Қазақстандағы бүкіл жоғары оқу орындарының кітапханаларында қазір 50 миллионнан астам оқулықтар, ғылыми монографиялар бар. Соның ішінде 9 миллионы ғана қазақ тіліндегі кітаптар. Жалпы Қазақстандағы бүкіл жоғары оқу орындары тұтынатын интернет Еуропаның бір отбасы тұтынатын интернет көлеміне әрең жететін көрінеді. Ал ақпараттық технология дегеніңіз ай сайын өзгеріп жатыр. Студенттеріміз ол жағынан бейхабар. Шетелдердің ғылыми жаңалықтары аударылып бізге жеткенше 3-4 жыл өтіп кетеді. Ғылым саласы бойынша бүгін шыққан жаңалықты бүгін біліп отыруымыз керек. Жоқты бар етіп көрсету ұранынан әлі арылғанымыз жоқ. Білім саласындағы жауапты адамдар өз орындарынан айырылып қалмау үшін көзбояушылыққа баруға әбден үйренген, тіпті әккіленіп алған... Мен сізге бұл сұхбатты берудегі мақсатым – осы ойларым жоғары жақтағылардың құлағына жетер ме деген үміттен туындаған әрекеттердің бірі ғана.

– Сіз жоғары оқу орындарының жанынан студенттер өз кәсіпорындарын ашуы керек дейсіз. Жақсы идея. Сонда олар қаржыны қайдан алады, қандай банк студенттерге қаржы береді?

– Мен жоғарыдағы мысалдарды идея үшін айтып отырмын. «Жақсы идея» деп отырсыз ғой. Алдымен жақсы идея өмірге келеді. Ал ол түптің түбінде бәрібір жүзеге асады. Қазақстан ғалымдары жақсы идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелуден кенде емес. Бірақ оны жүзеге асырамыз деп ырғалып жүргенде шетелдіктер оны сол сәтте-ақ пайдаланып, жүзеге асырып үлгереді. Мәселен Америкада өндіріс орындарымен, яғни компания

мен институттың арасында аздаған қайшылықтар кездескенімен ортақ істе бірден тіл табысады. Компания басшылары студенттерге: «Сендер аяқтарыңның астында не болып жатқанын білмейсіңдер» дейді. Ал студенттер айтады: «Сендер аяқтарыңның астындағыдан басқаны көрмейсіңдер, ертең не болатынын білмейсіңдер» дейді. Бұл не деген сөз. Бұл – компанияға жұмысқа келетін студенттер ертең сол компанияларға жаңа идеялар әкеледі, ал компаниялар соның негізінде бәсекеге қабілетті қандай да бір жаңа өнім шығарады деген сөз. Олай болса, кәсіпорындар мен университеттердің арасында белгілі бір байланыс жүйесін құруды ойластыратын кез келді. Мұнымен қатар инвестициялық саясатты да өзгертпесе болмайды. Кім жоғары технологиялы кәсіпорын ашса, инвестиция соған салынсын дедік. Бірақ ешкім әзірге ондай кәсіпорын ашқан жоқ, ешкім инвестиция да салған жоқ. Жалпы кәсіпорындардың 5 пайызы ғана банктерден несиені алып отыр. Көпшілік шағын кәсіпорындар өздерін өздері қаржыландыруда. Сонда банктер қаржысын қайда жіберіп жатыр. Олар қаржысын үлкен экономикаға саламыз дейді. Дұрыс, салсын. Алайда олардың «үлкен экономика» дегендері кәдімгі үлкен сауда орталықтарынан басқа ештеңе емес. Сол сауда орталықтарында кімнің тауары сатылуда? Қытайдың арзан тауары, әрине. Мәселен, Қытай бізге 3-4 миллиард доллардың тауарын жібердік дейді. Ал біздегілер олардан 500 миллион доллардың тауарын алдық дейді. Қайсысына сенеміз? Тіпті оның арасында 2,5 миллиард доллардың тауары жең ұшынан жалғасушылардың үлесіне тиді-ау дегеннің өзінде қалған тауарлар қайда кетті? Қазір елдегі қаржының 80 пайызы базарлар арқылы өтуде. Олай болса табысымыздың 80 пайызы Қытайға кетіп жатыр деген сөз. Бұдан кейін мұнай сатудан пайда түсірдік деп кеуде кергеннен не пайда, түскен қаржы базарлар арқылы желге ұшып жатса. Банктер бұған тосқауыл қоюдың орнына қайта кері ықпал етуде. Себебі олар несиені жоғарыда айтқан үлкен сауда орталықтарына бергенді ұнатады. Ал өзіміздегі өндірістердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында

банктер оларға қандай инвестиция салды екен? Айтсын нақты деректермен. Айта алмайды.

– Әңгіме ауаны банк ісіне ауып бара жатқандай. Банктер кәсіпорындарға бір жылға өсімсіз несие береді. Осыны өздері тарапынан жасалып отырған жеңілдік ретінде қарастырады. Бұл жөнінде сіздің пікіріңіз қандай?

– Бір жыл – ұзақ мерзімдік несие емес. Кәсіпорын бір жыл ішінде жаңа өнім шығарып, одан пайда түсіре алмайды. Ал саудагерлер белгілі бір тауарлар легін алып келеді де, сатып жібереді. Дереву пайда түсіреді де, оны үсті-үстіне еселей береді. Міне, сондықтан да банктер ірі сауда орталығына несие беруге аса мүдделі. Бірақ қарапайым халыққа мұның пайдасы шамалы.

**«Президент және Халық» газеті,
13 шілде, 2017 жыл.**

ДАМУДЫҢ ДАҢҒЫЛЫНДАМЫЗ!

Ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздікке бір-ақ күнде қолымыз жеткенде, қуаныштан жүрегіміз жарылардай болды. Бірақ, көп кешікпей самсаған қиындықтар шықты. Оған дейін де қалт-құлт етіп тұрған ел экономикасы тығырыққа тірелді. Алайда, қазақ елі қиындықтарды жеңіп, дамудың жаңа жолына бет алды. Кезінде бел қайыстырған көптеген ауыртпалықтар бүгінде келмесе кеткендей. Алда енді не күтіп тұр, өткеннен қаншалықты сабақ алдық? Сол кезде жіберілген қателіктер мен қазіргі жетістіктеріміздің сыры неде? Тәуелсіз Қазақстан болашақта қандай жолмен дамуы керек? Экономика ғылымының докторы, профессор Рахман Алшанов газет тілшісіне берген сұхбатында осы, тағы басқа өзекті мәселелер төңірегінде ой қозғайды.

– Рахман Алшанұлы, Тәуелсіздігіміздің 15 жылдық мерекесі де, міне, келіп қалды. Кейбіреулер осы Тәуелсіздік өздігінен келгендей көретін сияқты. Қиналған сәттерде бұрынғы КСРО «жетістіктерін» айтып, оны мадақтайтындар да табылып калады. Кез келген саяси оқиғаға экономикалық ахуал себеп болатыны тарихтан белгілі. Сондықтан, әңгімемізді Тәуелсіздік қарсаңындағы КСРО экономикасына қысқаша шолудан бастасақ қайтеді?

– Қарсы емеспін. Иә, КСРО деген алып мемлекет жоспарлы экономика негізінде дамыды. Социализмнің заңдылығы солай. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Кеңес экономикасы құлдырай бастады. Ақша бар, тауар жоқ. Азық-түлік жетіспейтін. «Ғылыми-техникалық прогресті дамыту керек!» деген жалынды сөздер үлкен мінберлерден жиі айтылғанымен, ғылым жаңалықтары өндіріске енгізілмеді. Брежневтің әйгілі «Азық-түлік программасын» еске алыңыз. Одан да еш нәтиже шықпады. Халық табан ақы, мандай тердің қайда кеткенін түсіне алмады. Біздер, экономистер бәрін сезетінбіз. АҚШ пен КСРО қару-жарақ шығару сайысына түсті. «Жұлдызды соғысқа» дайындық

белсенді түрде жүрді. Тауарлар сұраныс бойынша емес, жоспар бойынша өндірілді. Жоспардың өзі «қосып жазу» ауруына ұшырады. Соның салдарынан «дефицит» деген пайда болды. Зәру тауарлар арнайы тізім арқылы, тамақ әркімге талон арқылы берілді. Дүкендердің сөрелері жылан жалағандай бос тұрды. КСРО-ны басқару қиындай түсті. Мәскеудегілер Одақтас республикаларға масыл баладай қарады. Горбачев мемлекет басына келе салысымен шаруашылық есеппен жұмыс істеу әдісін ұсынды. Бұл – әр республика өз қотырын өзі қасысын, Орталықтың мойнына мінбесін деген ойдан туған әрекет еді. Бұдан да ештеңе шықпады. Әр республиканың өзіне толық саяси билік тимейінше іс алға баспайтыны белгілі болды. Бірақ, Мәскеу өзіне бағынышты елдерді уысынан шығарғысы келмеді. Қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып тұрған кезде «Қазақстанның миллиардтаған астығы қайда кетіп жатқанын білмеймін, бізге ол жөнінде Орталық мәлімет берген емес» деп бірде ашық айтып қалғаны есімізде. Бұл – сол кездегі КСРО басшылығына деген қарсылықтың, Тәуелсіздікті аңсаған ұлттық сезім буырқанысының ішкі дүмпуі екенін кейін аңғардық қой.

– Бәрімізді «миллионер» қыла жаздаған орыстың сабан ақшасы – рубль инфляциясы да есімізде.

– Иә, Горбачевтің «хозрасчеті» елді гиперинфляцияға ұрындырды. Оның соңы КСРО-ның күйреуіне соқтырды. Қазақстан Президенті тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай отырып, бұрынғы Одақтастармен, әсіресе Ресеймен экономикалық байланыстарды сақтап қалуға бар күшін салды. Бірақ, Ресей оған көнбеді. Шаруашылық байланыстар түгелдей үзілді. Соның салдарынан барлық республикалар дағдарысқа ұшырады. Бұған дейін жұмыс жасап тұрған зауыт, фабрикалардың өнімдері өтпей қалды. Ірі өндірістер тоқтады.

– Ресейдің сол кезде бізден ат-тонын ала қашуының себебі неде деп ойлайсыз?

– Бізге экономикалық қысым жасай отырып, қайтадан өзіне бағынышты бодан ел ету үшін солай істеді. «Қазақстан тізерлеп

келіп Ресейдің табанын жалайды» деген болжамдар айтыла бастады. Бірақ, ол болжам құр қиял екенін өмірдің өзі дәлелдеді.

– Дегенмен, қазақстандықтар көптеген қиындықтарды бастан кешті. Қалада да, далада да жағдай ауыр еді ғой. Бұл сол кездегі экономикалық заңдылық па еді, білместіктен кеткен кәсіпкерлердің салдары ма?

– Нарыққа бірден көшеміз деп дағдарысқа ұрынғанымыз рас. Асығыстыққа да жол бердік. «Әрқайсың өз тауарыңды өндіріп сат. Сөйтіп, күнін көр» деген қағида өмірге келді. Мұның дұрыс емес екенін уақыт бізге жылдам дәлелдеп берді. Өйткені, елге айлық, зейнетақы төленбеді, бюджетке көк тиын түспеді. Ал шын мәнінде бұдан шығудың бірнеше жолы бар болатын. Дерееу сол жолға түстік. Оның біріншісі жекешелендіру еді. Алғашқы кезде дүкен, шаштараз сияқты майда-шүйделер жекеменшікке берілді. Ірі кәсіпорындарды жекешелендіруге жүрегіміз дауламады. Оның соңы неге әкеп соғары белгісіздеу көрінді.

Бұл жол да бізді тығырықтан шығара алмады. Бюджетке қаржы құятын – ірі кәсіпорындар. Ол кәсіпорындарды кімге береміз деген сұрақ туды. Өз ішімізден сатып алатын алпауыттар жоқ. Еріксіз шетелге жалтақтадық. Ол кезде Қазақстанды ешкім танымайтын. Сырттан келген кез келген инвесторсымақпен жұмыс жүргіздік. Ақыры мұнай саласына ең алғашқы ірі компания «Шеврон» келді. Олар Батыс Қазақстанның мұнайын игеруге кірісті. Кеңестер одағы сөндіре алмаған мұнай мұнараларындағы оттардың бәрін сөндіріп, жер астынан үлкен қысыммен атқақтап жатқан мұнай тасқынын ауыздықтады. Ол жерде мұнай қоры өте көп екенін білгеннен кейін «Шеврон» бізбен келісім-шартқа отырды. Мұны көрген басқалар да Қазақстанға қарай ағыла бастады.

– Олар біздің кәсіпорындар мен кен орындарымызды өте арзанға сатып алыпты деген сөздер күні бүгінге дейін айтылады. Мұның қаншалықты жаны бар?

– Капиталистер қашан да өз мүдделерін бірінші орынға қояды. Елдің әлеуметтік жағдайы қауіпті жағдайда тұрғанда ұзақ

саудаласуды біздің жағдайымыз көтермеді. Қойған шарттарына келістік. Осы келісім-шарттарға сай заңдарымыз да өзгеріске ұшырады. Бірақ, заң қабылдау ісіне сол кездегі Парламент шабандылық танытты. Парламенттің қайта-қайта таралуы осыған байланысты болатын.

– Парламент таралғаннан кейін Қазақстан Президенті заңдық күші бар Жарлықтарға қол қоя бастағаны есімізде. Бұл қаншалықты нәтиже берді?

– Нәтиже ұшан-теңіз болды. Қазақстанға дереу инвестиция құйыла бастады. Халыққа жалақы, зейнетақы төленді. Соның арқасында мұнай, мыс, темір, болат, қорғасын өндіру ісі жолға қойылды. Теңге тұрақтанды. Дегенмен, қателіктерге де жол берілді. Дәл сол кезде экономиканы мемлекет тарапынан қадағалау босаңсыды. Кеңес үкіметі кезіндегі бұрынғы кәсіпорындар енді монополистер қатарына қосылды. Бағаны еркін жіберудің салдары да ауыр соққы болып тиді. Әркім өз тауарларына сұраныстың жоғары екенін білгеннен кейін ойларына келген бағаны қойды. Мәселен, бидайдың алғашқы кездегі бағасы жүз есеге дейін шарықтап өсті. Ешкім тауар сатып ала алмады. Осы қиындықтар бастапқы кезде Тәуелсіз Қазақстанды біраз тұрала татты. Кәсіпорындар мемлекеттен ақша сұрады. Банкілер ақшаны ойланбастан несиеге таратты. Соның салдарынан теңгенің құны түсті. Бұл – Терещенко Үкімет басында отырғанда болған жағдайлар. Терещенко орнынан кеткеннен кейін Қажыгелдин Үкімет басына келді. Ол «монетаристік» теория бойынша жұмыс істеді. Яғни, ешкімге мемлекет ақша бермейді, әркім өзі өнім шығарып, оны сатып, өз күнін өзі көреді. Егер, тауарың өтпесе, басқа тауар шығар деді. Бұл теория да өміршең болмай шықты. «Етті өндіре алмасаңдар, Австралиядан қой сатып аламыз» деген әңгіме сол кезде туындаған. Әлеуметтік жағдай ушыға түсті. Әлемдік тәжірибе бойынша мұндай әдіспен жұмыс істеу үшін кәсіпкердің қосымша қоры болуға тиісті. Егер шығарған тауары өтпей жатса, оны дереу тоқтатады да, сұранысқа ие тауарды қолға алады. Сөйтіп, жұмысын жалғастырып

әкетеді. Шыққан шығынның орнын толтырады. Ал біздің кәсіпкерлерде ондай қор қайдан болсын? Қазақтар қолындағы бар малын сатып жіберді де, қол қусырып қалды. Тағы да тығырыққа тірелдік. Шу шықты, дау шықты. Осыған байланысты Қажыгелдин орнынан кетті. Үкімет басына Балғынбаев келді. Ол Америка экономикасында сынақтан өткен «кейнстік» теорияны өзімен бірге ала келді. Бұл сұранысты дамыту арқылы экономиканы көтеру жолын ойлап тапқан Кейнс деген ғалымның атымен тікелей байланысты теория еді. Ол бойынша мемлекет халыққа жалақыны көбірек төлеуге тиісті. Сөйтіп, халықтың сатып алу жағдайын жақсартады. Соның арқасында ауылды жерлерде өтпей жатқан жүн, тері, сүт, май тағы басқа тауарлар айналымға түсе бастады. Ауылшаруашылығындағы адамдардың жағдайлары түзелді. Қазіргі кезде осы жоғарыда айтқан үш теория да аралас-құралас күйде қолданылып келеді. Сонымен қатар, банк жүйесінде де көптеген өзгерістер жасалынды. Банктер енді бұрынғыдай кез келген адамға қарызға немесе тамыр-таныстықпен ақша беруді доғарды. Қайтарымы мол кәсіпорындарға несие берген банктер ғана бүгінде өз аяқтарынан нық тұрып келеді.

— Елімізде ірі кәсіпорындардың көбісі қайта жұмыс істей бастады. Олар жаңа техника мен технологияларды іске қосқандарын да көріп жүрміз. Мұның бәрі жоғарыда өзіңіз айтқан экономикалық реформаның дұрыс жүргізілгендігінен деп түсінеміз бе?

— Әрине, біраз эксперименттер жасалынды. Қазіргі кезде Қазақстан теріні өңдеп, сыртқа шығарудан дүние жүзі бойынша оныншы орында тұр. Бұрын жетпісінші орында болатын. Қазір біздер 130-ға жуық елдерге өз өнімдерімізді сатамыз. Олардан да бізге соншалықты өнімдер келеді. Бидай өндіру жағынан да солай. Алматының жанынан картон шығаратын зауыт ашылды. Қазір, оннан астам ел біздің картон қағаздарымызды сатып алады. Алдағы уақытта жиһаз, аяқ киім шығаратын өндірістеріміз өз өнімдерін сатып, пайдаға кенелетін күндер алыс емес деп

ойлаймын. Қант шығару ісі бойынша дүниежүзіндегі 19 елдің қатарындамыз.

– Әйтсе де мәселенің бәрі инновацияға байланысты екені белгілі. Бұл жөнінде әзірге мақтанарлық нәтижеміз көрінбейтін сияқты.

– Дұрыс айтасыз. Жаңа техника мен технологияларды өндіріске енгізбей әлемдік аренаға шығу мүмкін емес. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіреміз дейміз. Оған қандай тауарлармен барамыз, мәселе сонда. Мұндай жағдайда іс тетігін маман шешеді. Әлемдегі озық біліммен қаруланған жастар ғана елімізді алға сүйрей алады. Сол үшін де мемлекет болашақтың мамандарын шетелдерде оқытып жатыр. Әзірге оның саны 3 мыңдай. Ал, мына іргеміздегі Қытайда жылына 1 миллионға жуық бала әлемнің түкпір-түкпірінен білім алып қайтады. Елінің экономикасын көтеріп жатқан солар. Қазір кластерлік жобаны дамытуды қолға алдық. Топтасқан кәсіпорындар ең соңында бір ғана қажетті тауарды шығарып сатса, пайдаға шаш етекпен келеріміз сөзсіз. Мәселен, 500 мың доллар тұратын «Джип» автокөлігіне қажетті заттардың бәрі Қазақстанда бар. Бірақ біз оны жасай алмаймыз. Соған керекті – темір, мыс, алюминий, пластмасса сияқты заттардың бәрін біз шетелге өте арзан бағаға беруге мәжбүрміз. Ал, олардан жасалынған автокөліктерді 1000 есе қымбат бағаға сатып алудамыз. Түптің түбінде осылардың бәрін орнына келтірмесек, қайтадан тарих көшінің соңында қалып қоюымыз оп-оңай.

– Оған жол бермеу үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– Тағы да қайталаймын, ғылым-білімге катты көңіл бөлуіміз керек. Қазір біз Ұлы жібек жолының екінші сатысын бастан кешіп отырмыз. Қытай кейін тауарын басқа мемлекеттерге қарай бұрып жіберсе қайтеміз? Кезінде Қазақстандағы гүлденген Отырар, Сайрам, тағы басқа қалаларымыз Шыңғысханның таптауынан емес, Қытай мемлекеті өз тауарларын теңіз жолдары арқылы Еуропаға қарай бұрып жібергеннен кейін өз-өзінен өшіп тынғанын ұмытпағанымыз жөн. Тағы да солай болмасына

кім кепіл? Еуропа да бір күні әбден тойынған соң біздің шикізаттарымызды алудан бас тартуы ықтимал. Сонда, өзіміз ештеңе шығармасақ қалай күн көреміз? Қазақстан Президенті басын тауға да тасқа да ұрып жыл сайын жаңа бағдарлама жасауға неге тырысуда? Оның мәнісі тереңде. Бүгінде әлемде әрбір сегіз ай сайын жана технология өмірге келуде. Оны меңгеріп үлгермесең, артта қаласың. Ендеше, мемлекет үлкен экономиканы қайтадан қолға алғаны дұрыс. Онсыз ештеңе шешілмейді. Бізге тоқмейілсуге әлі ерте.

- Ашық пікір білдіргеніңізге рахмет. Мереке құтты болсын!
- Бірге болсын!

**«Президент және Халық» газеті,
8 желтоқсан, 2006 жыл.**

АЛМАТЫНЫҢ АЛПАУЫТ БАЗАРЛАРЫ

Тауар бағасы тек сұраныс пен ұсыныс негізінде анықталатын заманға көштік. Бұл жерде тауарды өндіруге сіңірген еңбек, яғни экономика тілімен айтсақ, «өзіндік құн» деген мәселелер ескерілмейді. Сол себепті кейінгі жылдары елдің бәрі саудагерлерге айналды.

Тоқсаныншы жылдарға дейін Алматыда 3-4 қана базар бар еді. Қазіргі кезде мұнда 72 ірі базар, 18 кіші базар, 3 көтермесауда базарлары жұмыс істейді.

Алматыға келген адамдардың осы базарларға соқпай кететіндері кемде-кем шығар. Өзіміз де негізгі керек-жарақтарымызды осы базардан аламыз.

Бүгінде «Супермаркет» деп аталатын сауда дүкендері дүниеге келе бастады. Олар болашақта қара базарды «жұтып қояды» деген болжамдар айтылуда. Солай-ақ болсын дейік. Бірақ, ауыл адамдарының тұрмысы әзірге базарға қарап тұр. Ал олар үшін өндірген өнімдерін қалаға әкеп сату қиынның қиыны.

Алматы қалалық прокуратурасы бұған дейін Алматы базарларын арнайы тексеріп, бірнеше заңсыздықтардың бетін ашқан. Ол жөнінде жасалған қорытындының көшірмесі біздің қолымызда.

Дегенмен, базарлардағы осы келеңсіздіктерді өз көзімізбен көріп қайту ниетімен таяуда Алматының Орталық базарына арнайы бас сұқтық.

Жеміс-жидек, көкөніс бағаларына үңілдік. Мұндағы бағалар қаланың шет аймақтарындағы бағадан екі-үш есе жоғары екенін байқадық. Сұрастыра келсек, тауарларды осындағы тұрақты сатушыларға әлдекімдер әкеліп береді екен. Қаншама қолдан өтіп келсе, тауарға соншама баға қосылған.

Ет, сүт, жұмыртқа өнімдері де сондай.

Ет сатып тұрған бір адамды сөзге тартып, егер елдегі бір ағайындарым осы базарға ет әкеліп сатса, істі неден бастау керек

екенін сұрадым. Сөйтсек, қақпадан бері өткеннен бастап етті өлшеткені үшін, мал дәрігерінің рұқсаты үшін, тоназытқыш пен лифті қызметін пайдаланғаны үшін, ол етті мүшелеп шабу, сатылатын жерге жеткізу, тағы басқа толып жатқан әрекеттер үшін кем дегенде 4-5 мың теңге төлеу керек екен.

Мұның бәрі ауыл адамдары үшін қиямет-қайым құбылыс. Сондықтан, олар бірден базар алдында тұрған делдалдарға әкелген затын арзан бағаға сатып кетуге мәжбүр.

Базар әкімшілігінен естігенім: ауылшаруашылық өнімдері алдымен қаланың күнбатыс жағындағы «Алтын Орда» деп аталатын базарға жеткізілетін көрінеді. Орталық базардағылар бұл өнімдерді сол жақтан сатып алып, үстіне баға қосып сатады. Орталық базарға тікелей ауылшаруашылық өнімдері әкелінбейді. Оған қатаң тыйым салынған.

Осыны естігеннен кейін тікелей «Алтын Ордаға» қарай тарттық. Жолда «Жұлдыз», «Рахат», «Қайрат», «Мирас», «Тас-тақ» базарларына соқтық. Ондағы бағалар да Орталық базардағыдай шарықтап кеткен.

«Алтын Ордада» жеміс-жидек пен көкөністердің бағасы екі еседей төмен екен. Тағы да жоғарыдағы әдіспен бір-екі сатушыны сөзге тарттым. Бұл жерде шет аймақтардан көкөніс алып келіп сату үшін кем дегенде 2-3 мың теңгедей төлеу керек болып шықты. Бір айырмашылығы – мұнда тазалық деңгейі өте төмен. Күлімсі иіс қолқанды қабады.

Енді осы Алматы базарларындағы заңсыздықтар мен олқылықтар жөнінде қалалық прокуратурасының ресми деректері негізінде баяндағанды жөн көріп отырмыз. Себебі, онда айтылғандар мен өзіміз көргендер өте ұқсас.

Прокуратура ашқан былықтар

Базардағы сатушыларға берілетін рұқсат қағаз – бір жолғы талонды бұрын Мемлекеттік кіріс министрлігі бекітуге тиіс болатын. Бірақ бұрынғы министрлік те, қазіргілер де әлі күнге дейін бұл істі нақтылап, оның заңдық негізін жасамаған. Талонның өзі жоқ. Осыны ұтымды пайдаланған Алматы қала-

лық әкімдігінің сауда-өнеркәсіп департаментінің қызметкерлері базар әкімшілігімен бірге ауыз жаласып, сатушылардан алына-тын алымды өздері сыпыра жинауда. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңын көпе-көрнеу бұзу деген сөз.

«Айнабұлақ», «Дархан», «Айгер» ЖШС, «Жұлдыз», «Рахат», «Қайрат», «Мирас», «Тастақ» базарларының қожайындары өздерінің маңайындағы мемлекетке тиесілі жерлерді басып алып, заңсыз пайдаланып отыр.

Сондай-ақ, «Алатау», «Саудакент», «Орда», «Аян», «Кәрім» деп аталатын базарлардың аумағы белгіленген аумақтан асып, шығып кеткен. Осы заңсыздықтарының кесірінен жол қатынастарына бөгет жасалуда. «Аян», «Аягөз», «Рахат», «Қайрат», «Жаркент» базарларының қожайындары 2001 жылдың салығын төлемеген.

Санитарлық-эпидемиологиялық станса қызметкерлерінің тексеруі кезінде өткен жылы Алматы базарларындағы 44 тонна шетел азық-түліктері жарамсыз деп табылған. Сол тағамдарды пайдаланған 5 мыңнан астам адам қатты уланған. Осы уақыт аралығында Алматыдағы 16 базардың азық-түліктері ішіп-жемге жарамсыз, денсаулыққа қатерлі екендігі анықталған.

Өткен жылы Алматы базарларында 6 рет үлкен өрт шықты. Оның себеп-салдарлары жеткілікті: қоймадағы заттар көп жатып, шіріген. Өрт сөндіру құралдары жоқ. Өрттен сақтандыру шаралары жасалмаған. Базардағы өрт шыққан жерге баратын көлік жолдарына сөрелер қойылып, бітеліп тасталған.

Ет, сүт, жұмыртқа, балық, бал сияқты тағамдар ветеринарлық тексерусіз-ақ сатуға жөнелтілген.

Бұл құбылыс бүгінде әдетке айналған. Себебі, осы кемшіліктер үшін жауап беретін тиісті орынның қызметкерлері базардағылардан пара алып, тыныш жүр. Өйтпесе, неге мұндай сорақылықтарға жол беріледі деген сауалдар еріксіз туындайды.

Көргендерден түйгендер

Міне, Алматы қалалық прокуратурасы осы айтылған кемшіліктердің бәрін шұқып көрсете келе Алматы қалалық

әкімдігіне, бұрынғы Кіріс министрлігіне бірнеше рет наразылықтар келтірген. Бас прокуратураны да көмекке шақырған. Алайда мұның біріне ешкім пысықырып та қарамаған. Біз өз көзімізбен көріп қайттық.

Көшелердің әр бұрышында кір-қожалақ қолдарымен тағам сатып тұрған саудагерлерден жүрегің айнаиды. Вокзалдар мен автовокзалдардың маңайында тағы да сол өз тағамдарын ұсынып жүрген кездейсоқ адамдар. Олардың не сатып тұрғанын кім білсін. Тексеріп жатқан ешкім көрінбейді. Полиция қызметкерлері өздерінің қарындары ашқанда ғана оларды қуа жөнелетін сияқты.

Бүгінгі көше саудагерлерінің бәрі күнкөріс үшін қиналған ауыл адамдары екенінде дау жоқ. Оларға базардан орын тимейді. Өйткені, Алматы базарларын алпауыттар билеп алған, жолатпайды.

Кеңес өкіметі кезінде алыпсатарларға қарсы тәртіп өте қатал еді. Ол тәртіп жойылды. «Елдің бәріне іскерлікпен айналысындар, өз күндерінді өздерің көріндер» делінді. Нәтижесі осы.

Президенттен бастап ойландырып отырған осынау сұраққа нақты жауап әлі қайтарылған жоқ. Әдетте әр нәрсенің себеп-салдары ғана айтылады. Біраз шулағаннан кейін ол да басылады.

Осыған орай айтарымыз – Алматы қаласының әкімшілігіндегілер кейінгі кезде көздерін жұмып, құлақтарын тас бекітіп алғандай. Себебі – бұдан біраз бұрын тағы да сол Алматы қалалық прокуратурасының тексерулері негізінде «Жол жиегі жеке адамның меншігі емес» деген мақала жазғанбыз. Сөйтіп, оны әкімдіктің назарына, тағы басқа орындарға ұсынғанбыз. Күні бүгінге дейін ол жөнінде қыңқ етіп жауап қатқан ешкім жоқ. Жол жиектерінде қызыл кеудеше киген жігіттер тоқтаған көліктердің әрқайсысынан ақша сауып, сайрандап жүр. Ол қыруар қаржы кімнің қалтасына түсіп жатқанын да нақтылай жазғанбыз.

Міне, Алматы базар былық-шылықтары осындай. «Көп асқанға, бір тосқан» бар екенін шенеуніктер естерінен мүлдем шығарған. Кейін өкінеді-ау, өкінеді! Алдыңғыларға неге бір сәт көз салмайды екен. Сотталып жатыр ғой!..

«Егемен Қазақстан» газеті,
17 қыркүйек, 2002-жыл.

АРМАН БОЛҒАН АЛМАТЫ МЕТРОСЫ

Алматыда метро салу жөніндегі әңгіме өткен ғасырдың жетпісінші жылдары-ақ шыға бастаған. Себебі, сол кездегі астанамыз – Алматы жыл сайын емес, ай сайын қарқынды дамып келе жатты. Халық саны 1 миллионнан асты. Көшедегі көліктердің қозғалысы қиындай түсті. Ал олардың шығатын улы түтіндер қаланың ауасын лаस्ताды. Соның салдарынан адамдардың да денсаулығы нашарлап, қала табиғи көркінен айырылды. Бұдан кейін 1980 жылы КСРО үкіметінің Алматыда метро салу қажеттілігі туралы қаулысы жарыққа шықты. Оған да, міне 25 жылдың жүзі болып қалыпты. Қала халқының жұмысқа баратын, қайтатын уақытын «час-пик» яғни қозғалыстың ең шарықтау сәті деп атайды. Қазір Алматыда таңертеңнен кешке дейін көлік кептелісінен көз ашпайтын күйге түстік. Автокөлік тасқыны толастар емес. Алматы метросы жайында ара-тұра айтылатын кейбір қысқа ақпараттарға елендейміз де қоямыз.

Бүгінде метроға түсетін эскалаторлы жолдардың 190 метрге жуық ұңғыма дәліздері қазылды. Бірақ ол қашан іске қосылатынын әзірге ешкім анық білмейді. Қаланың бұрынғы әкімі В.Храпунов Алматыдағы метро құрылысын бітіру және жалқы рельсті жол тарту жобасы 2004 жылдың екінші жартысында жүзеге асырыла бастайды деген еді. Жаңа әкім И.Тасмағамбетов өткен жұмада бұл мәселені жабық есік жағдайында талқылағанын естіп қалдық. Оның алдында жер астындағы ұңғыма дәліздердің бір-бірімен қосылған көріністерін теледидардан тамашалағанбыз. Алматының астын үңгі жол салып жатқан жұмысшылардың әрекетін өз көзімізбен көргіміз келетіндігін «Алматыметроқұрылыс» ААҚ бас директоры Мұрат Өкшебаев мырзаға айтқанымызда, ол кісі бұл ниетімізді құп алды.

Райымбек пен Фурманов көшелерінің қиылысында салынып жатқан «Райымбек» метро бекеті – №1 бекеті болғандықтан, сол

жерге келдік. Жұмысшылардың киім ауыстыратын бөлмесінде үстіміздегі лыпадан басқаның бәрін шешіп, арнайы киімдер киіндік. Аяғымызға жаңа шұлық, шұлғау, резеңке етік берілді. Басымызда темір телпек, үстімізде жылы күпәйкі-шалбар. Жер астының ызғарын тек мұрнымызбен сезіп келеміз. «Райымбек» метро бекетінің жартысынан көбісі жер үстінде орналасқан болып шықты. Бірінші Алматы жақтан жер үстімен зулайтын метро пайызы дәл осы нүктеге жеткенде жер астына сүңгіп кетеді екен. Содан Фурманов көшесінің астындағы бір-екі бекетке тоқтап өткеннен кейін Абай даңғылының бойымен батысқа қарай жүйткіді. Біз «Райымбек» пен «Жібек жолы» метро бекеттерінің арасын жаяу жүріп өттік. «Райымбек» бекетінің астындағы жер асты суы кей тұста жер бетіне шығып кетіпті. Судың бетін басқа бағытқа бұруға тура келген. Сөйтіп метро бекеті салынатын жер толықтай құрғатылған. Сонау Сібірдегі БАМ құрылысы кезінде де мұндай төтенше жағдайлар аз кездеспеген ғой. Сондағы тәжірибелер мұнда кәдеге асыпты. Алып бөшке іспеттес үңгірдің қос қапталындағы қалың темір құрсаулар су өткізбейтін құралдардың бірі. Оның жіктерін дәнекерлеп жатқан жұмысшылардың айтуына қарағанда, бұл құрсаулар жер сілкінісіне де мызғымайтын беріктігін танытқан. Сол жақ қапталдағы қосымша дәліздерде ауа тазартатын қондырғылар, төтенше жағдайларда өртке қарсы қолданылатын құралдар орналастырылады.

Бас директор Мұрат Тәңкібайұлы жол-жөнекей мынадай әңгіме айтып үлгерді:

– Бұдан жиырма жылдай бұрын Алматыдағы метро құрылысы басталғанда бес мыңнан астам адам еңбек етті. Одақ тарағаннан кейін көптеген мамандар өз елдеріне кетіп қалды. Соған қарамастан 1992 жылы алғаш рет өзімізде ұңғыма жұмыстарының жасақтары құрылды. Бұған дейін метро құрылысы тек Алматы қалалық бюджетінен қаржыландырып келсе, енді тікелей республикалық бюджеттен қаржыландырыла бастады. Себебі, Президенттің өзі бұл іске қатты көңіл бөлуде. Соның арқасын-

да таяуда «Тұлпар», «Алатау» метро бекеттерінің арасындағы ұңғыма жұмыстары «Байқоңыр» бекетіне қарай бет түзеді. Жоғарыдан төмен экскалаторлы жолдар тарту үшін барлық жиыны 190 метрге жуық ұңғыма дәліздер қазылып үлгерілді. Метро бекеттерінің арасын қосатын барлық ұңғыма дәліздердің ұзындығы қазір 10 мың 100 метрге жетті, – деді ол кісі.

Ал күрделі құрылыс басқармасының бастығы Қаныбек Нұрмағанбетовтың мәліметіне қарағанда, осы уақытқа дейін ұңғыма дәліздердің төбесі мен қабырғаларына 29 мың 590 текше метр темір-бетон құйылып, 470 мың текше метр топырақтастар сыртқа шығарылыпты. Алматы метро құрылысының бір ерекшелігі – жер асты жыныстарын сыртқа шығаруда тек қана КамАЗ жүк машиналары қолданылады. Бұрынғы рельстердің үстімен жүретін техникалар санаттан шығарылған. Ал жер асты ұңғу жұмыстарына пайдаланылатын ең озық техника – «ПД-2» Алматыдағы «Массагет» зауытында жасалынатынын ерекше айта кеткен жөн. Оны ойлап тапқан өз мамандарымыз екенін екінің бірі біле бермеуі де мүмкін.

Биылғы жылы республикалық бюджеттен бөлінген 1,8 миллиард теңгеге 1066 метр ұңғыма жұмыстары жүргізіліпті. 2005 жылға 5,5 миллиард теңге бөлініп отыр. Ендеше, алдағы жылы Алматы метросының ұңғыма дәліздері 5 есеге ұзара түседі деп үміттенуге толық қақымыз бар сияқты. Өзірге метро құрылысының бірінші бағытында қарқынды жұмыстар жүріп жатыр. Ал бүкіл метро құрылысы үш бағыттан тұрады. Олардың бәрін санамалап жатпай-ақ, болашақта толық іске қосылуға тиісті Алматы метросының картасын назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік. Осы саланың білікті мамандары біздерді мұның бәрі алдағы төрт-бес жылда түгелдей жүзеге асады деп сендірді. Олай болса 1 миллионнан астам Алматы тұрғындары бұл игілікті еркін пайдаланатын сәт күн санап жақындап келе жатқаны анық.

«Қазақстан-Заман» газеті,
7 қаңтар, 2005 жыл.

АПК-НЫ ҚАЙТА ҚҰРУ – ХАЛЫҚҚА ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУ

Кеше Алматыда энергетиктердің төл мерекесі салтанатты түрде аталып өтті. Оған еліміздің Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің өкілдері, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Яков Заяц, «ҚазТрансГаз» ААҚ директоры Бақытжан Жақсылықов қатысты. «Алматы Пауэр Консолидэйтед» компаниясының бас директоры Марат Дұлқайыров баяндама жасады. Жылдың үздік энергетиктеріне пәтер кілттері, жеңіл автокөліктер, құнды сыйлықтар, сондай-ақ алғыс хаттар табыс етілді.

«Алматы Пауэр Консолидэйтед» компаниясы бүгінде Алматы және Алматы облысының бірқатар жерлеріндегі өндіріс пен өнеркәсіп орындарын, ауыл шаруашылығы мекемелері мен тұрғындарды жылу, электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған бірден-бір монополист мекеме.

АПК 1996 жылы еліміздің энергетика саласының жекешелендірілуі тұсында құрылды. 2005 жылдың 27 маусымынан бастап «ҚазТрансГаз» компаниясының басқаруына берілді. Ал «ҚазТрансГаз» – Алматы энергоқұрылымдарының бірқалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етіп отырған тәжірибесі мол, ірі мұнай-газ компаниясы екендігі белгілі. «ҚазТрансГаз» биылғы қысқы дайындыққа 3 млрд теңге шамасында қаржы бөліп отыр.

Жеті жарым мың жұмысшысы бар АПК мекемесі «ҚазТрансГаздың» қарамағына берілгелі мұндағы жағдай түбегейлі өзгеріске ұшырағаны шындық. Дәл осы кезден бастап жұмысшылардың әлеуметтік ахуалы жақсара бастады. Үстіміздегі жылы бұл мекемедегі жұмысшылардың еңбекақылары 40 пайызға дейін көтерілген. 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық жалақы 10 пайызға көтерілетіні белгілі болып отыр. «ҚазТрансГаз» өз жұмысшыларының кәсіби деңгейін арттыруға, менеджмент жүйесін сауатты жолға қою ісіне қатты көңіл

бөлуде. Жыл сайын бұл мекеме 4,8 млрд. квт сағат электр қуатын өндіреді. Қазіргі кезде АПК-да 7,5 мың адам еңбек етуде.

АПК-ның құрамына 11 департамент пен басқарма кіреді. Оның ішінде ТЭЦ-1 мекемесі 1931 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ал Алматы энергия құрылымына кіретін ТЭЦ-2 мекемесі еліміздегі ең ірі өндіріс орындарының бірі. Бұл мекемелерде жылу көзі ретінде негізінен Қарағанды мен Екібастұз көмірін және жанармай қолданады. Ал ТЭЦ-3 мекемесі 1962 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеуде. Ол жылына қуаты 200 мвт электр қуатын өндіреді. Сонымен қоса АПК-ның құрамында ең ірі Қапшағай ГЭС-і бар екенін айта кеткен жөн. Қапшағай ГЭС-ін салу 1965 жылдың өзінде-ақ жоспарлаған. Оның ең бірінші агрегаты 1970 жылы іске қосылды. Үлкен Алматы өзені бойында 10 ГЭС жұмыс істесе, тағы бірі Талғар өзенінің бойына салынған. Алматы қаласы аумағының ұлғаюына байланысты бірнеше қалалық аудандардың электр желілері жүйесі іске қосылды.

Алматы қаласындағы аудандық электр желілерін бөлу жүйесі қазір қаламен қоса Алматы облысының Қарасай, Жамбыл, Іле, Райымбек, Ұйғыр аудандарын да электр қуатымен қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде компания жылу энергиясын тұтынушыларға жеткізіп беру ісін де жолға қойған. Ал департамент жоғарыда аталған ТЭЦ-тарға темір жол арқылы тасылып келген отындарды түсіру, тарату ісін өз мойнына алған.

АПК-ның ең басты мақсаты – халыққа қызмет ету. Оның қарамағындағы департаменттер мен бөлімшелердің орасан тәжірибесі еліміздегі басқа да энергетика саласындағы мамандар үшін үлгі болып табылады.

Биылғы жылдың қыркүйек айында АПК Ақтөбе жылу электр орталығының мүлкін сату жөніндегі тендерге қатысып, жеңімпаз атанды. Ал Ақтөбедегі ТЭЦ- Екінші дүниежүзілік соғысы жылдары Харьков пен Ленинградтан осында уақытша көшірілген жылу электр станцияларының негізінде құрылған іргелі мекемелердің бірі болатын. Алғашқы кездегі оның басты міндеті – Ақтөбе кен қорыту зауытын жылумен, электр

қуатымен қамтамасыз ету еді. Кейінгі жылдары бұл мекеме Ақтөбе қаласымен қоса бүкіл облыстағы өндіріс орындарын жылумен, электр қуатымен қамтамасыз ете бастағанын ескерсек, АПК-ның күн өткен сайын қанатын кеңге жайып, алға қарай қарыштап бара жатқанын байқаймыз.

- «ҚазТрансГаз» қысқа дайындық үшін АПК-ға 3 млрд теңге қаржы бөлді.
- АПК-да қазір 7,5 мың адам жұмыс істейді.
- Жыл сайын 4,8 млрд. квт сағат электр қуаты өндіріледі.
- АПК Алматы қаласы мен Алматы облысын электр қуатымен қамтамасыз етіп отыр.

**«Президент және Халық» газеті,
23 желтоқсан, 2005 жыл.**

АСТЫҚТЫ МОЛАЙТУДЫҢ ӘДІСІ КӨП

Биыл елімізде астық өнімі жаман емес тәрізді. Қазақстан бойынша шамамен 15 млн. тоннаға жуық астық жиналды. Алматы облысында масақты дәнді-дақылдарды жинау көрсеткіші былтырғыға қарағанда әлдеқайда жоғары болды. Бұл игі істің мәнісін білу мақсатында біз Алматы облыстық Ауыл шаруашылығы департаменті бастығының орынбасары Сейіткәрім Қалтаевті әңгімеге тартқан едік. Ол кісі 2005 жылдың 3 қазанға дейінгі мәліметтерін алға тарта отырып, көптеген сандық көрсеткіштердің мән-жайын түсіндіруге тырысты.

– Алматы облысында 20 аудан бар екендігі белгілі. Биылғы көктемде осы аудандардың егістік жерлерінің 418 527 гектарына дәнді-дақылдар егілді. Ол жерлерден барлығы 759249 тонна астық жиналды. Былтырғы жылы әр гектардан 17,7 центнер астық алынса, биылғы жылы әр гектардың өнімі 18,1 центнерді құрады. Егер, осы жетістіктің нәтижесі неде деген сауалға келетін болсақ, оның ең басты көрсеткіші – жерді өңдеу және көктемде егілетін тұқымның сапасын жыл сайын жақсартып отыруға байланысты екендігін баса айтқым келеді. Әсіресе, Нарынқол, Кеген сияқты таулы аймақтардағы жерлердің сапасын жыл сайын тыңайтып отырмаса болмайды. Бұл жерлерге суыққа төзімді «Наз» деп аталатын бидай тұқымы егіледі. Соның арқасында биыл Райымбек ауданынан әр гектардан 17,5, Іле ауданынан 10,6 центнерден астық жиналды.

Ал жер қыртысының үстіңгі жағы сары топырақты болып келетін Қаратал, Алакөл сияқты аудандардың да өзіндік ерекшеліктері жетіп артылады. Бұл жерлерге жыл сайын арнайы тыңайтқыштар сеуіп, жаңартып отырмаса үш-төрт жылдан кейін мүлдем пайдаланудан шығып қалады.

Егер, Жерді өңдеу және өсімдік өсіру ғылыми-зерттеу институты бізге жаңа сортарды қалай алудың жолдарын жыл

сайын жеңілдетіп беріп отырса, Алматы облысы диқандары алдағы жылдарда бұдан да көп астық көлемін өсіріп, жинайтыны сөзсіз.

Алайда, қазіргі кезде жердің көпшілігі жеке меншік иелігінде. Фермерлер мен шаруа қожалықтары жылдам арада баю мақсатында жылда егістікті құнарландырып отыруды естен шығармаса екен деген тілек айтқымыз келеді. Өкінішке орай, үш-төрт жылдан кейін жарамсыз болып қалған жерлерге үсті-үстіне егін салып, өздері де шығынға ұшырайды, халыққа да зиянын тигізеді. Соған қарамастан жер қожайындарымен де тығыз байланыста жұмыс жүргізудеміз. Жоғарыда айтқан ғылыми-зерттеу институтының мамандары мен шаруа қожалықтары арасындағы байланысты нығайтуға да күш салудамыз. Әзірге нәтиже жаман емес, ал келесі жылы Алматы облысы бұдан да жоғары көрсеткіштерге жететіні сөзсіз. Өйткені, кейбір қара топырақты жерлерге де дақыл егуге мүмкіндіктер туып отыр. Бұл біздің масақты дәнді дақылдарды көбейтуге әбден мүмкіндік береді. Ендеше, бар жақсылықты алдан күтейік!

**«Президент және Халық» газеті,
28 қазан, 2005 жыл.**

ҚЫР-СЫРЫ КӨП «КВОиТ» немесе «Қазандық-көмекші құралдары мен құбыр желілері» зауыты жайында не білеміз?

Алматы қаласындағы ірі өндіріс орындарының көбісі Түркісіб ауданында орналасқан. Жалпы саны қырықтан асады. «КВОиТ», яғни «Қазандық-көмекші құралдары мен құбыр желілері» зауыты соның бірі. Зауыт 1960 жылы дүниеге келген. Қазіргі шығаратын өнімдері – құрылысқа қажетті темір құрсаулар, жоғары қуатты электр желілерін тарту үшін орнатылатын бағаналар, жылу жүйелеріне қажетті құбырлар мен дәнекерлеу құралдары. Сондай-ақ, жылу қуаты орталықтары мен мұнай-газ салаларының тапсырыстарын орындайды.

«КВОиТ» өндірісінің алып жатқан аумағы 12 гектар. Мұнда қазір 300-ге жуық адам еңбек етеді. Зауыттың бас директоры Сағит Жантүреновтің айтуына қарағанда, зауыт өнімдеріне Орта Азия елдері мен Ресейді былай қойғанда – Индия, Куба, Сирия, Ирак, Пәкістан, Монғолия, Вьетнам, Югославия, Франция, Бангладеш сияқты мемлекеттер зәрулік танытып отыр.

– Бұл жетістік оңайшылықпен келген жоқ, – дейді Сағит Сағынбайұлы, – Кеңес дәуірінде бүкіл одақты аузына қаратқан зауыт 90-шы жылдардың басында бұрынғы қарқынынан айырылды. 1996 жылы жекешелендірілгеннен кейін ғана оған қайтадан жан бітті. Шаруашылықты жаңаша ұйымдастыруға тура келді. Бұрынғыдай сырттан ешкім тапсырыс бермегендіктен, ішкі нарықты зерттеуге кірістік. Бірте-бірте бәрі орнына келді. Боралдай кентіндегі шыны зауытынан тапсырыс алдық. Екібастұз, Ермак, Қарағанды, Орал ГРЭС-тері өнімдерімізді алатын болды. Алматыдағы «Базис» корпорациясы «Нұрлытау» кешенді үй құрылысына қажетті бұйымдар шығаруымызды өтінді. Сөйтіп, біздің темір құрсаулардан тұрғызылған әдемі үйлер Алматыға ерекше сән бере бастады...

Иә, Сағит Сағынбайұлы айтса айтқандай-ақ, өздерінің арнайы кітапшаларындағы әшекейлі үйлердің суреті көз тартарлықтай екен.

Бас директордың орынбасары Александр Сергеевич Смирновпен бірге зауыт цехтарын түгелдей аралап шықтық. Марат Мұқұмов, Виктор Каменов, Нұрлан Қожабеков, Ольга Ильясова сияқты дәнекерлеушілермен, көтергіш кран маманы Мадина Кабировамен, оттегі цехының бастығы Аркадий Ли, тағы басқа жұмысшылармен жүздесудің сәті түсті. Ауладағы дайын бұйымдар осы зауыттың теміржол тұйығындағы вагондарға тиелуде. Оларды сәлден кейін тепловоз сүйрей жөнелді. Сырт жақтан елеусіздеу көрінетін мына зауытта әлемдік сұранысқа ие өнімдер шығарылып жатыр дегенге сенудің өзі қиындау. Айтпақшы, бұлар жоғары сапалы дәнекерлеу электронын жасауды да қолға алған. Бірақ, оның ішіне салынатын сымтемір тым қымбатқа түсетіндіктен әзірге ол цех тоқтап тұр. Таяуда бұл цехқа инвестор тарту жоспары да бар.

**«Президент және Халық» газеті,
3 ақпан, 2006 жыл.**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЛЫПҚА САЙ

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін әлемдік стандартқа сай тауар өндіруі керек. Ал бізде қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған зауыт, фабрикалар осы талап деңгейінен шыға ала ма? Шағын және орта бизнес өкілдері өндіріп жатқан дүниелердің сапасы қандай деңгейде? Егер шетел тауарлары дәл қазір еліміздің ішкі нарығына лап қойса, отандық өнімдеріміз олармен бәсекелесе ала ма? Осындай сансыз сауалдар бүгінде әркімді-ақ мазалайтыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасында алдыңғы қатарлы елдермен теңесу үшін алдымен дүниежүзілік қалыпқа сай тауар өндіру қажеттігін баса көрсетті. «Президент және Халық» газеті біздегі орта және шағын бизнестің даму деңгейі қандай дәрежеде екенін анықтап, индустриалық-инновациялық бағдарламалардың жүзеге асуын қадағалау мақсатында өндіріс орындарына көңіл аударып отыр. Еліміздегі құрылыс саласы қарқынды дамыған тұста темір-бетон материалдарын өндіретін Алматы көпір құрылымдары зауытының өніміне сұраныс арта түсуде. Кәсіпорын директоры Ахметжан Бакримұлы Шардиновпен сұхбат құрылыс нарығы туралы тақырыпты қозғайды.

– Ахметжан мырза, алдымен өзіңіз тікелей басқарып отырған зауыттың өткені мен қазіргісі жайында қысқаша айтып өтсеңіз.

– Бұл зауыттың тарихы 1963 жылдан бастау алады. Кеңес дәуірінде КСРО Жол-көлік министрлігі болатын. Бұл кезінде зауыт кезінде сол министрлік Алтай, Омск, Тюмень, Батыс-Сібір өлкесіндегі мұнай-газ кешендері құрылыстары үшін, Алматыдағы «Медеу» спорт кешенінің, Үлкен Алматы су арнасының, Алматы аэровокзалының, қазіргі Республика сарайының, тағы басқа көптеген ғимараттар, жолдар мен көпірлердің

құрылысына қажетті темірбетон құрылымдарын жасау үшін құрылған. Ол кездегі еңбектеріміз еленбей қалған жоқ. Қазақстандағы темірбетон жасайтын бірден-бір зауыт болғандықтан, мемлекеттік марапаттаулардың біразын иеленгеніміз де рас. 1991 жылы КСРО тарағаннан кейін бұрын жеті зауыттан тұратын кешенді бетон зауыты бөлініп-бөлініп кетті. Сол жылы біз осы Алматы жол құрылымдары зауытын жекешелендіріп алдық. Қазір мұнда 500-ден астам адам жұмыс істейді. Өнімдерімізді Қазақстаннан тысқары жерлердегі құрылыс мекемелері де сатып алуда.

– Алғашқы кезде КСРО-дан қалған ескі зауытты аяғынан тік тұрғызу оңай болмаған шығар. Осы төңіректегі өз тәжірибелеріңізді ортаға сала отырсаңыз...

– Мен бұл зауытта істегелі 25 жылдан астам уақыт болды. Істің мән-жайын бүге-шігесіне дейін білемін десем, артық айтқандық емес. КСРО тарай салысымен біздің зауытымыз да тоқтады. Цементті, арматураны Ресейден алатын едік. Тағы да басқа керекті заттар сырттан тасылатын. Дереву шара қолдану қажет болды. Бұған дейін дайындалған, әртүрлі құрылыстарға қажетті темір-бетон плиталарды Ресейге мұнайға баспа-бас айырбастадық. Ол елден әкелінген мұнайды сатып, қаржыға айналдырдық та, қайтадан цемент, арматура сатып алдық. Әйтеуір, зауыт жұмысын тоқтатпадық. Көп ұзамай Батыс Қазақстан өңіріндегі мұнай кәсіпорындарына шетелдік инвесторлар келді. «Аджи́п», «Қарашығанақ» сияқты кен орындарындағы құрылыс жұмыстарына біздің өнімдеріміз ауадай қажет екендігі белгілі болды. Дереву сол жаққа қарай адамдарымызды жіберіп, келісім-шарттар жасастық. Өнімдеріміз сұранысқа ие бола бастады. Қаржымыз молая түсті. Осы сәтте Президентіміздің «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы дүниеге келді. Осы құжат негізінде сәулет пен құрылыс және қала салу жөніндегі заң қабылданды. Осының арқасында біздің зауыттағы жұмыс жаңа сипатқа ие болды. Алматы көпір құрылымдары зауыты енді «Қазтрансойл», «Аксел»,

«Транстроймост», «Аларко» «Қазақойл», «Қазгермұнай», «Қаражамбасмұнай», «Маңғыстау мұнайгаз құрылыс», Каспий құбыр консорциумы /КТК/, «Ақтөбемұнайгаз», «Аджип PFD», «Теңізшевройл», «Қарашығанақ Петролеум Оперетенинг», «Трансмостгрупп» және тағы басқа бірлескен кәсіпорындармен келісім-шарттарға отырып, олардың сұранысына сай құрылыс заттарын шығара бастадық.

– Бетон, темір-бетон сияқты құрылыс бұйымдарынсыз бүгінде бірде-бір өндіріс орны жұмыс істей алмайтыны белгілі. Осынау құрылыс қажеттіліктері туралы тереңірек түсініктеме бере кетсеңіз...

– Бетон, темір-бетон құрылыс бұйымдарын шығару ісі әлемде алғаш рет 1923 жылдан басталғаны белгілі. Оны ойлап тапқан француздың әйгілі сәулетшісі Ле Корбюзье. 1930 жылы, дамыған елдерде алғаш рет темір-бетоннан құрастырылған құрылыс заттарын пайдалануға кірісті. Ал бұрынғы КСРО-да бұл шаруа 1939 жылы қолға алынған. Франциядағы Эйфель мұнарасы, Флоридадағы жабық стадион, АҚШ-тағы аспанмен таласқан зәулім үйлер, Лиссабондағы «Васко да Гамма» көпірі, тағы басқа аты әйгілі құрылыстардың барлығы осы темір-бетоннан тұрғызылғанын баса айта кеткеніміз жөн.

– Ал енді осындай бағалы дүниені шығарып жатқан Алматы көпір құрылымдары зауытының ішкі өмірін жақсы біле бермейміз. Сондықтан, енді өздеріңіз жайындағы әңгімеге көшсек.

– Алматы көпір құрылымдары зауытының аумағы 17 гектар. Өзіміздің вагондарымыз бен тепловоздарымыз бар. Солар арқылы зауыттан шыққан өнімдерді жер-жердерге жөнелтеміз. Ал ауыр құрылыс заттарын көтеретін крандарымыз аулада тұр. Олардың әрқайсысы 50 тоннадан астам жүкті көтереді. Өзіміздің жеке автокөліктеріміз арқылы 30 шақырым жерге дейінгі қашықтыққа жүктер тасымалданады. Біздің өнімдерімізге «ISO 9001» халықаралық сапа үлгісіне сай стандарттау сертификаты берілген.

- Зауытта қазір қанша цех жұмыс істейді?
- Зауытта оннан астам цех бар. Арматура цехы, бетон араластыру, қалыпқа құю, тағы басқа цехтармен қоса зертхана, жөнелту, қабылдау сияқты цехтар жұмыс істейді.
- Осы айтылып отырған цехтардың өзіндік ерекшеліктері жайында айтсаңыз. Мәселен, зертхана сіздерге не үшін керек?
- Зауыттан дайындалып шыққан бетон плиталардың сапасы зертханада анықталады. Үлкен плиталар құйылғаннан кейін олардың құрамынан шағын төртбұрышты құймалар қосымша құйылады да, зертханаға жіберіледі. Зертханада олардың сапасы анықталады. Егер біздің құрылыс өнімдерімізді пайдаланатын құрылыс мекемелерінен кейін оның сапасы жөнінде ескертпелер келіп түсіп жатса, біз осы зертханада анықталған мәліметтер бойынша оларға жауап беріп отырамыз. Өнімдеріміз кейде ауа райы аса суық немесе аса ыстық өңірлерде де пайдаланылады. Ондай жағдайларға төтеп беретін заттардың алғашқы сапасы да осы зертханада анықталады. Зәулім үйлер мен көпірлер ертең опырылып құлап жатса, оған алдымен жауапты біздерміз. Сондықтан, бұл жұмыста ешқандай кемшілік жіберуге болмайды. Егер сәл әсірелеп айтсақ, темір-бетон – өмірдің бір тірегі.
- Сіздердің тауарларыңызды күнделікті көріп жүргенбіз, мән бермейтін де болармыз. Алматы қаласы үшін сіздер қандай бұйымдар шығарасыздар?
- Жол жағалауындағы жиектас, көшелердегі су ағатын арықтардағы ернеутас, жол тораптарындағы көпірлер, су өтетін тасқұбырлар, бәрі-бәрі біздің өнімдеріміз болып табылады. Ал, Қазақстанның ірі-кіші өзендерінің үстіне салынған көпірлердегі ұзын да жалпақ плиталардың барлығы Алматы көпір құрылымдары зауытында құйылады. Өзірге ТМД-да теңдесі жоқ аспалы көпір Семей қаласын жарып өтіп жатқан Ертіс өзеніне салынғаны белгілі. Бұл көпірдің тіреулері мен негізгі бөлшектері бізде жасалынды. Алдағы уақытта Алматыда 18 жол торабы көпірлері салынбақшы. Осы құрылыстарға да біздер қажетті бұйымдар дайындап жатырмыз.

– Алматы көпір құрылымдары зауыты еліміздегі көпір құрылысына бұйымдар шығаратын жалғыз ғана мекеме болғаны ма?

– Жоқ. Бүгінде біздермен бәсекелес бірнеше зауыт бар. Олар Қапшағайда, Ақтөбеде, Оралда, Атырауда, Астанада, үшеуі Алматыда. Қазіргі кезде еліміздегі құрылыс саласына мемлекет қаржыны көптеп бөлуде. Сол себепті темір-бетонға сұраныс күннен-күнге арта түсуде. Бәсекелестеріміз үшін де, біздер үшін де жұмыс жетіп, артылады. Алдағы уақытта Астана-Бұрабай асфальт-бетон жолы салынбақшы. Ол жақтан да біздің өнімдерге деген сұраныс аз емес. Келесі жылы Шымкентте әуежай құрылысы басталмақшы. Осы жылдың қаңтар айында бұл жөнінде тендер өтеді. Оған қатысатын мекемелерге біздің тауарлар ұсынылады.

– Сіздердің өндірістеріңізге негізінен қандай мамандықтар қажет? Білікті мамандарды қайдан аласыздар?

Бізге бетон құюшы да, дәнекерлеуші де, электрик, жүргізуші тағы басқа да көптеген салалық мамандар қажет. Жұмысшылардың көбісі ауылдан келген жастар. Маңдай терін төгіп еңбек етемін деушілерге есігіміз қашан да ашық. Ең төменгі айлық жалақымыз 30 мынның үстінде. Ал, мұндағы инженерлердің көбісі бұрыннан істеп келе жатқан азаматтар. Жоғары білімді мамандарымыздың көбісі Алматыдағы Сәулет және құрылыс институтының түлектері. Зауытта бірнеше ұлт өкілдері еңбек етеді. Олардың барлығы мемлекеттік тілді үйренуге және өндірісте қолдануға ынталы. Сол себепті, жұмыстан тыс уақытта қазақ тілін үйренуге арналған сабақ жүргізіледі. Оған цехтарды аралап, жұмысшылармен кездескенде көздеріңіз анық жетеді.

Бұдан соң АҚКЗ ЖСШ директорының орынбасары Мұрат Раушанов бізді зауыттың ішкі өмірімен толықтай таныстырып шықты. Директор А.Б. Шардинов мырза ауызша айтып берген құбылыстарды, осы өндіріс орнынан шығап жатқан өнімдерді қолымызбен ұстап, көзімізбен көргеннен кейін бұл жерден мүлдем биік әсермен қайттық.

Жолда Мұрат Раушанұлы бұл зауыт 1999 жылы Швейцарияның Женева қаласында, 1997 жылы Германияның Франкфурт қаласында өткен халықаралық байқауларда «Жоғары сапа мен озық технология жүлдегері» деген марапаттарға ие болғандығын мақтана жеткізді. Біз бұл ұжымға алдағы уақытта да жемісті еңбек, мол табыс тілейміз.

**«Президент және Халық» газеті,
16 желтоқсан, 2005 жыл.**

2.2. ЫРЫС АЛДЫ – КІРІС



ДАМУЫМЫЗ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Таяуда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі 2005 жылдың бірінші жарты жылдығында еліміздің әлеуметтік-экономика саласында болған өзгерістермен қоса екінші тоқсандағы жұмыссыздық деңгейін, мамыр айындағы еңбекақының нақты көрсеткіштерін журналистердің алдында жария етті.

ҚР Статистика агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ю.К. Шокаманов пен әлеуметтік және демографиялық статистика департаментінің өкілі М.Е. Нығыманұлы журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, әрбір сандық көрсеткіштердің астарын ашуға тырысты.

Әлеуметтік-экономикалық жағдай

2005 жылы қаңтар-маусымда өнеркәсіп өндірісі көлемі қолданыстағы бағамен 2294,6 млрд теңгені құрады. Бұл 2004 жылғы қаңтар-маусымдағыдан 7 пайыз артық. Өндіріс көлемі 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде – 8,9 пайыз, өңдеу өнеркәсібінде – 5,4 пайыз, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 3,2 пайызға өсе түскен.

Ауыл шарушылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 167,2 млрд. теңгені құраған. Бұл 2004 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 4 пайыз көп екенін байқаймыз.

Жүк тасымалдаудың жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасымалдаған жүк көлемінің бағасын есепке алғанда) 844,5 млн. тоннаны құрапты. Бұл 2004 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 208 пайызға артық деген сөз.

Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтану айналымынсыз) 59202 млрд. теңгені құрап, 2004 жылғы

қаңтар-маусыммен салыстырғанда 10,8 пайызға арта түскен.

Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 821,9 млрд. теңгені құраса, 2004 жылғы қаңтар-маусымдағыдан 1,5 есеге жоғарылаған.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері бойынша ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 17445,9 млн. АҚШ долларын құрайды екен. 2004 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 51 пайызға өскені байқалады. Оның ішінде экспорт-10907,6 млн. АҚШ доллары (54,9 пайыз өсті), импорт-6538,3 млн. АҚШ доллары (45 пайыз) болған.

Баға

2005 жылғы маусымда тұтынушылар бағасының индексі 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 103,5 пайызды құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары мен тарифтері 4,6 пайызға, азақ-түлік емес тауарлардікі – 2,1 пайызға, ақылы қызметкерлердікі 2,8 пайызға өсті. 2005 жылғы маусымда өнеркәсіп өнімдерін өндіретін кәсіпорындардың бағасы 2004 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 11,2 пайызға артқан.

Жұмыссыздық

2005 жылдың екінші тоқсанында (алдын ала деректер бойынша) 15 және одан жоғары жастағы, экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 7,9 млн. адамды құраған. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 26,4 мың адамға немесе 0,3 пайызға көбейе түскендігін аңғартады.

Республика экономикасында аталған кезеңде 7,3 млн. адам жұмыспен қамтылыпты. 2004 жылдың екінші тоқсанына қарағанда олардың саны 46,1 мың адамға немесе 0,6 пайызға өскен. Жұмыспен қамтылғандардың 3,8 миллионы (51,8 пайыз) ер адамдар болса, 3,5 миллионы (48,2 пайызы) әйел адамдар болған.

Жалдамалы қызметкерлер ретінде 4,6 млн. адам жұмыспен қамтылған. Жалданып жұмыс істейтіндердің жалпы саны-

нан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 3,7 млн. адам (олардың жалпы санынан 80,5 пайыз) жеке тұлғаларда – 0,6 млн. (12,5 пайыз), шаруа қожалықтарында 0,3 млн. адам (7 пайыз) жұмыс істейді. Өз бетінше жұмыспен қамтылған халық саны 2,7 млн. адамды (36,4 пайыз) құрапты. Республиканың ірі және орта кәсіпорындарында 2,6 млн. адам немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санынан 55,4 пайызы жұмыспен қамтылған.

Жұмыспен қамтылғандардың 18 пайызы өнеркәсіп кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарында, 33,4 пайызы – ауыл және балық шаруашылығында, 48,6 пайызы – қызмет көрсету саласында жұмыс істейді.

Жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеген және жұмысқа кірісуге әзір болған 15 және одан жоғары жастағы адамдар) 2005 жылдың екінші тоқсанында 634,1 мың адамды құраған және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 19,6 мың адамға немесе 3 пайызға азайған. Жұмыссыздық деңгейі 8 пайызды (2004 жылдың екінші тоқсанында 8,3 пайыз) көрсеткен.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде есепке тұрған азаматтар саны 2005 жылғы маусымның соңында 110,6 мың адамға жетіп жығылыпты.

Жалақы

2005 жылдың мамырында бір қызметкердің орташа айлық жалақысы 31478 теңгені құрап, өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда 6,9 пайызға өскен.

Жалақының өсуі ағымдағы жылдың мамырында өткен жылдың тиісті айына қатысты экономикалық қызметтің барлық түрлерінен байқалады. Көлік және байланыс саласындағы қызметкерлердің еңбекақысы-16,8%, өнеркәсіптегі қызметкерлердікі-17,1%, құрылыстағы қызметкерлердікі-18,2%, ауыл шаруашылығындағы қызметкерлердікі-21,2 %, сауда саласындағы қызметкерлердікі-21,3%, коммуналдық саладағы қызметкер-

лердікі-25,5% көтерілген.

Қаржы қызметі қызметкерлерінің жалақысы-73998 теңге болып, ел бойынша орташа республикалық деңгейден 2,3 есеге асқан. Кен өндіру өнеркәсібіндегі қызметкерлердікі-60086 теңге (19 есеге), қонақ үй және мейрамхана қызметкерлерінікі-47037 теңге (1,5 есеге), көлік және байланыстағы қызметкерлердікі -46842 теңге (1,5 есеге) болған.

Білім беру саласында істейтіндердің орташа жалақысы 18287 теңге болды. Бұл – республика бойынша алынған орташа жалақыдан 41,9 пайыз төмен. Денсаулық сақтау саласындағылардікі-16104 теңге (48,8 пайыз), ауыл шаруашылығындағылардікі-14840 теңгені (52,9 пайыз) құраған.

Республикадағы ең жоғары жалақы Маңғыстау (58121 теңге) және Атырау (64779 теңге) облыстарында сақталып отыр. Мұндағы жалақы орташа жалақыдан 2 есе жоғары. Ең төмен жалақы Ақмола облысында (20622 теңге) көрінеді.

Міне статистика көрсеткіштері осындай. Бірақ ақшаның құнсыздануы биылғы 1-шілдеден бастап жалақыға қосылған үстемені әлдеқашан «жұтып» қойғанын қашанғы жасырамыз. Осы жөніндегі сұрақты Юрий Камировичке тікесінен қойғанымызда ол кісі «Әзірге ақшаның құнсыздануы өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда онша көбейе қойған жоқ» деген сияқты сырғытпа жауаппен шектелді. Алдағы уақытқа болжам жасау статистиканың міндетіне жатпайтынын да ескертіп өтті. Ендігі топшалауды өздеріңізге қалдырғанды жөн көрдік.

**«Қазақстан-Заман» газеті,
22 шілде, 2005 жыл.**

ҚАУЫМДАССАҚ, ҚАПЫ ҚАЛМАЙМЫЗ

Кеше Қазақстан Президенті Алматыда өтіп жатқан II Еуразиялық экономикалық саммитке қатысушылардың бірқатарын өз резиденциясында қабылдап, әңгімелесті.

Президентпен кездескеннен кейін қонақтар журналистердің алдына шығып, алған әсерлерімен бөлісті.

Ресей Премьер-министрінің орынбасары Виктор Христенко Қазақстан мемлекетінің басшысымен ТМД-ның басқару құрылымдары жөнінде пікірлескенін, алдағы 12-14 мамыр аралығында осы жөнінде арнайы басқосу болатынын айтты. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық ынтымақтастықтың Мемлекетаралық кеңесінің отырысын өткізу, жоғарғы деңгейдегі Ұжымдық қауіпсіздік жөніндегі келісімнің кезекті кездесуін ұйымдастыру шаралары тілге тиек етіліпті.

В.Христенконың айтуына қарағанда, Каспий теңізі жағалауындағы елдер басшыларының саммитіне қызу әзірлік бар. Ресей мен Қазақстан бұл басқосуға жоғары мән беріп отыр. Осы екі ел арасындағы келісім жобасы бітуге жақын. Бүгінгі кездесуде осы төңіректе кейбір мәселелердің тағы да тігісін жатқыза түсу мүмкіндіктері қарастырылыпты.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы Абдолрахим Гавахи Қазақстан басшысымен кездесуде былай деген:

– Нұрсұлтан Әбішұлының Экономикалық ынтымақтастық ұйымын бар ниетімен қолдайтынына риза болдым. Таяуда Алматы-Ташкент-Тегран-Ыстанбұл бағыттары арқылы жолаушы және жүк пойыздарын жүргізу ниетіндегі жоба аяқталғаны белгілі. Бұл істе Қазақстан басшысының еңбегі айтарлықтай. Азия аймағындағы ЭЫҰ-ға мүше елдердің бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуға бұдан артық қандай ізгі қадам керек. Биылғы жылы ЭЫҰ ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, индустрия министрліктері дейгейінде ауқымды кездесу ұйымдастыруды

жоспарлап отыр. Қазақстан тарапынан осы іске қолдау көрсетуін өтіндім. Президент бұл ұсынысымды қуаттай отырып, келелі ойлар айтты. Сол ойларын ол күзде Түркияда өтетін ЭЫҰ саммитінде де ортаға салады деп үміттенемін.

Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Жан Лемьер Қазақстан Президентімен болған әңгімеде аймақтағы энергетика, көлік, су ресурстары мәселелерін дамыту үшін Еуразия қайта құру және даму банкін жасақтау жөнінде ұсыныс жасағанын айтты. Бұл жөнінде Ж.Лемьер Тәжікстан, Қырғызстан басшыларымен де пікірлесіпті. Пікірлер бір жерде тоғысқан екен.

Ж.Лемьер біздің елді инвестиция салуға ең қолайлы мемлекет деп біледі. Өйткені біздің экономикалық дамуымыз тұрақты. Көңілге қонатыны осы. Сол себепті былтырғы жылы банк Қазақстанға 180 миллион доллардың инвестициясын салды. Алдағы уақытта 300 миллион доллардың инвестициясын тағы салмақшы.

«ШевронТексаконның» бұрынғы вице-төрағасы Ричард Мацке Қазақстан Президентімен жүздескеннен кейін:

– Сіздердің бақыттарыңыз сол – мықты мемлекеттік құрылымдарыңыз бар, – деп ағынан жарылды.

Бұл күні Қазақстан Президенті «ЛНМ»тобының төрағасы Лакшми Митталды да қабылдап, әңгімелесті.

«Егемен Қазақстан» газеті,
10 сәуір, 2002 жыл.

ЖҰМЫСШЫЛАР ЖАҒДАЙЫ БАСТЫ НАЗАРДА дейді «Асфальтбетон» зауытының бас директоры Герс Исламов

Алматы қаласындағы биыл 70 жылдығын атап өтіп отырған Жетісу ауданындағы іргелі кәсіпорындардың бірі – «Асфальтбетон» зауыты. Кәсіпорын 1967 жылы Битум және асфальтбетон комбинатының негізінде құрылған. 1992 жылы жекешелендіріліп, акционерлік қоғамға айналды. 2006 жылдан бастап «Асфальтбетон 1» ЖШС болып қайта тіркелді. Бұл – республика бойынша жол құрылысына қажетті материалдар шығаратын бірден-бір мамандандырылған өндіріс болып табылады. Негізінен мұнайлы битум мен асфальтбетонын шығарады. Төменде осы кәсіпорынның тыныс-тіршілігі туралы материал оқырман назарына ұсынылып отыр.

«Асфальтбетон» өнімдерінің барлығы әлемдік стандартқа сай. Қазіргі уақытта оның өнімдеріне берілген сертификат саны – 13. ТМД елдерімен қоса АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Оңтүстік Америка, Африка, Англия сияқты елдердің өзі Қазақстандағы «Асфальтбетонға» жиі-жиі тапсырыс беріп, өнімдерін қуана-қуана сатып алады.

Алматының төменгі жағында орналасқан бұл өндіріс орнына кірген адам кәдімгідей сергіп демалып шыққанын байқамай да қалады. Себебі, мұнда табиғи желектерді былай қойғанда гүл көшеттерінің өзі көздің жауын алады. Жолдар мен жол жиегіндегі гүлзарларға жиі-жиі су себіліп тұрады екен. Бұл – қала ішінде орналасқан ірі өндірістің экология мәселесіне қаты көңіл бөлетіндігін аңғартады. Ал жұмыс істеп тұрған цехтар мен ірі қондырғылардың маңайында шаң-тозаң, түтін деген атымен жоқ. Бүкіл цехтарды аралап шықтық. Өндірісте қазір 653 адам еңбек етеді. Оның 69-ы жоғары білімді мамандар. Арнайы орта білімді мамандар саны – 136. 448 жұмысшы орта

білімді. Өндірістің бас технологы Лидия Стефанова Германиядан сатылып алынған бетон жасағыш қондырғының жұмысымен таныстырды.

«Беннинг-хоффен» деп аталатын бұл қондырғы сағатына 160 тонна өнім береді. Басқару тетіктерінің барлығы компьютерлендірілген. Оның жанында Украинадан сатып алынған тағы да осындай қондырғы тұр. Ал оған жапсарлас орналастырылған үлкен қондырғы Қытайдан сатып алыныпты. Бұл қондырғылардың бұрынғыларынан өзгешелігі – ешқандай өндірістік қалдық шығармайды. Әсіресе мұнайдан алынатын «битум» деп аталатын қарамайдан бұрын неше түрлі улы заттар ауаға тарайтын. Қазір арнайы құбыр арқылы бөлініп шығып, арнайы жерде жағылып, мүлдем жоғалатын улы заттар ешкімге зиянын тигізбейді. Бұл жерден біздер асфальт жасаудың неше түрлі әдістерімен таныстық. Мәселен, тас қиыршықтарға арнайы ұнтақтармен қоса битум қосылғанда тақтайдай жолдың өзіндік қасиеттері арта түседі. Ыстық және суық қоспа, қарапайым және күрделі қоспа, ірі және ұсақ тастармен араластыратын қоспа деп кете береді. Ал бұларды қала көшелеріндегі жолдар үшін, жүк тасымалдары жолдары үшін, алыс қашықтыққа төселетін жолдар үшін пайдаланудың өзіндік қыр-сыры жетіп артылады. Сұйық қоймалжындарды арнайы көліктермен алысқа тасып апару ешқандай қиындық туғызбайды. Ал ыстық қоймалжындарды дереу пайдаланбаса, іске жарамай қалатын көрінеді.

Қазіргі кезде Алматы көшелеріндегі жолдар көз қуантарлықтай. Оған пайдаланатын құрылыс заттары осы асфальтбетон өндірісінен шығып жатқанын екінің бірі біле бермеуі мүмкін. «Асфальтбетон» ЖШС-ның қазіргі кезде үш филиалы жұмыс істейді. Оның бірі Талғар мен Новоалексеевка елді мекендерінде орналасқан. Ол жерде табиғи тастар үгітіліп, сорт-сортымен осы өндіріске жіберіледі. Ал қалған екі филиал Алматыдағы осы мекеменің өз ішінде орналасқан. Қазіргі кезде «Асфальтбетон» өнімдері Алматы қаласы мен Алматы облысына, Атырау, Жамбыл облыстарына жіберіледі.

Ал мұнай-битум өрімдері Алматы, Жамбыл облыстарымен қоса, Солтүстік, Оңтүстік, Шығыс Қазақстан облыстарына таратылады. Таза бетон өнімдері негізінен Алматы қаласы үшін шығарылады. Темір-бетонды пайдаланатындар – Атырау мен Ақмола облыстары және Алматы қаласы. Қиыршық тастарды негізінен Алматы облысындағы жол құрылысын жүргізетін мекемелер пайдалануда. Мұнымен қоса «Асфальтбетонның» қосалқы өндірістері де жеткілікті. Өздерінің жеке шаруашылықтары, асханалары, дәрігерлік тіректері мен дүкендері, демалыс орындары бар. Бұлардың бәрін аралап көріп, жұмысшылармен тілдескеннен кейін бас директор Герс Исламовпен жолығып, сөзге тарттық.

– Жас шағымнан бері еңбек етіп келе жатқан бұл мекеме менің туған үйімдей болып кеткен. Ұжымдағы қызметкерлердің барлығы өзімнің ежелгі достарым. Зейнетке шыққан ардагерлерімізді де ұмытпаймыз. Олардың жағдайларын жиі-жиі біліп, қажетті жағдайда көмек көрсетеміз. Мереке күндері ол кісілердің көңілін көтеру басты борышымыз деп білемін. Ал жас мамандарды тәрбиелеп, жұмысшы жастарды жаңа кәсіпке үйрету ісі де назардан тыс қалған емес. Өндіріске жаңадан келген мамандығы жоқ жастарды қысқа мерзімді курстарда оқытып, білікті азамат етіп шығаруды адами борышымыз деп білемін. Көлік және коммуникация институтында оқып жатқан жастарды осы зауытқа тарту ісінде де ойластырылған шаралар аз емес. Ақылы бөлімге түсіп, жақсы үлгерімге жетіп жүрген студенттерге көмек көрсетіп, бітіргеннен кейін өзімізге жұмысқа алуға, осы мекемеде мүлдем тұрақтап қалуына жағдай жасауға тырысамыз,- дейді Герс мырза.

Бұл өндіріс орны 1990 жылдардың басында біраз қиындықтарды да бастарынан өткерді. Бәрін жеңе білген. Ең алдымен инвестиция тарту ісін қолға алған. Оның жемісін енді көріп отыр. Биылғы жылы 308 млн теңге тек экологиялық ахуалды жақсарту мақсатына жұмсалмақшы. Шетелдерден қалдықсыз өнімдер шығаратын жаңа технологиядар әкелініп, іске қосылды. Былтырғы

жылы әлеуметтік мақсатқа 31,5 млн теңге жұмсалды. Жұмысшылар мен қызметкерлерімізге емделу орындарына жолдамалар беріліп, олардың балаларының жазғы лагерлерде еркін дем алуларына жағдайлар жасалады. Мерейтой иелерімен, соғыс ардагерлеріне, өз зейнеткерлеріне көмек ретінде 2,4 млн теңге қаржы бөлінген. Коммерциялық емес ұйымдарға ізгілікті көмек ретінде 8,8 млн теңге жұмсалған.. Мәдени шаралар үшін 7,4 млн теңге, жаңа жылдық мерекелерді өткізу үшін 3,0 млн теңге, демалыс орындары мен асханаларды, дәрігерлік тіректерді жаңарту үшін 6,3 млн теңге, жұмысшылардың денсаулығын байқаудан өткізуге 0,4 млн теңге, тағы басқа әлеуметтік жағдайлар үшін 0,2 млн теңге жұмсалған. Биылғы жылдың жарты жылдығында ғана 16,0 млн теңге еңбеккерлердің игілігі үшін игерілген.

–Біздегі жұмысшылардың орташа жалақысы 47032 теңгені құрайды. Өндірісімізден кеткен адамдардан келгенді көп. Биыл жаңадан 127 адам жұмысқа қабылданды. Жылдан-жылға ұлғая түсудеміз. Себебі, біздегі жұмысшыларға жағдай жасау қашан да басты назарда. Олардың еңбек қауіпсіздігін сақтау мақсатына ғана 2005 жылы 152,2 млн теңге бөлдік. Ал жұмыс киімі үшін 2,5 млн теңге, білімдерін көтеру үшін 0,3 млн теңге, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 2,2 млн теңге жұмсалынды. Менің ойымша ең алдымен жұмысшыларға жағдай жасау керек. Тамағы тоқ, киімі бүтін, жалақысын уақытында алып жүрсе, еңбеккерлердің көңілі көтеріңкі, жұмыс өнімділігі жоғары болады. «Еңбек ет те, міндет ет» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Мен үшін қол астымдағы әрбір адамның тұрмыс-тіршілігі жоғары болғаны қажет. Қарапайым халықтың жағдайы жақсарғанда ғана еліміздің ахуалы түзеледі. Ендеше ең алдымен қарапайым адамға қамқорлық жасай білуіміз керек. Өмірдің мәнісі осы,– деп сөзін аяқтаған Герс Исламов мырза ендігі әңгімені өзінің қаржы жөніндегі орынбасары Линара Бекбулатова ханымнан сұрауымызды өтінді.

Линара Арифұллақызы бізге зауыттың өткені мен бүгінгісі, болашағы жайында әңгімелей отырып, қолымызға көптеген

деректерді ұстатты. 2006 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл өндіріс 1 млрд 295 млн 200 мың теңгенің өнімін шығарғанын аңғардық. Бұл өндірісте ең алдымен өнім сапасына қатты көңіл бөлінетін көрінеді. Кез келген зат ең алдымен әлемдік қалыпқа сай болып шығарылуы – мұндағы ең бірінші мақсат. Ол үшін үш арнайы зертхана іске қосылған. Мәселен, Т.Губаренко, Н.Пудовкина еңбек ететін зертханада асфальтбетон өнімдері сынақтан өтеді. Оның ыстыққа, суыққа, ылғалға төзімділігі, тағы басқа сыртқы әсерлерге қарсы тұру қасиеттері сынға түседі.

Мұнай-битум өнімдерін сынақта өткізетін зертханада да жұмыс әдісі осындай. Ал химия зертханасында битум мен эмульсияның, асфальтбетонның құрамындағы заттар сарапталынады. Мекемеде таза бетон құюмен айналысатын цех бар. Оның бастығы Қордай Хамидуллиннің айтуына қарағанда, өздері шығарған өнімдер қазіргі кезде еліміздегі еңселі көпірлер мен небір сәулетті ғимараттарға тіреу болып тұр. Жалғыз елімізге ғана емес, бүкіл Орта Азия аймағының сұранысына ие болуда. Айта берсе өндірістегі жаңа технологиялар мен жаңа жұмыс әдістері жетерлік. Ең бастысы, бұлар өздеріндегі шикізатты өздері өндіру арқылы сыртқа сұранысқа ие өнімдер шығара білуінде. Сырттан ешнәрсе тасымайды. Ешкімге жалынып, ешнәрсе сұрамайды. Қолда бар техниканы жаңалап, қажеттісін шетелден сатып алып, отандық өнімдердің бағасын арттырып отыр. Ал дамыған 50 елдің қатарына қосылуға бағыт түзеген Қазақстанның негізгі мақсаты да осы емес пе еді. Отандық өнімге деген сұранысты арттыра білу – бұл мемлекеттің іргетасын мықтай түсу дегенмен бірдей.

Олай болса, Герс Исламов басқарып отырған Алматыдағы «Асфальтбетон» ЖШС Қазақстанды әлемге танытар өндіріс ошақтарының бірі болатыны анық. Біз осыған көзіміз жетіп шын қуандық.

Өмірдерек –

Исламов Герс 1941 жылы 30 мамырда Алматы облысы Ұйғыр ауданы Подгорная селосында дүниеге келген. 1958 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ технология институтына түсіп, 1963 жылы бітірген. 1963-1966 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеген. Әскерден кейін Темір-бетон орталығында инженер-технологтан бастап, аға инженерге дейін көтерілді. 1967 жылы Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы кентіндегі МКСО-да бас инженер болды. 1968 жылы Автокөлік жолдары министрлігінде, «Қаздорстрой материалдары» тресінде аға инженер, өндіріс бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. 1974 жылы Битум және асфальтбетон өндіру комбинатының бас инженері, 1978 жылы Асфальтбетон өндірістік бірлестігінің директоры болып тағайындалды. 1982 жылдан осы уақытқа дейін «Асфальтбетон» ЖШС Бас директоры. Бірнеше рет Алматы қалалық кеңесінің депутаты, Ленин аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. «Құрмет» орденінің иегері, «Құрметті жолшы» белгісімен екі рет, «Ерен еңбегі үшін», «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР Конституциясына 10 жыл» медальдарымен марапатталған. Екі қызы, екі немересі бар.

«Президент және Халық» газеті,
4 тамыз, 2006 жыл.

БІЛІКТІ МАМАНДАР – МАҚТАНЫШЫМЫЗ
дейді Алматы көпірлер конструкциясы
зауытының директоры Ахметжан Шардинов

АКҚЗ бүгінде республика бойынша көпір конструкцияларының 85 пайызын шығарады. Күніне құны 7,5 миллион теңгені құрайтын 170 текше метр темірбетон өндіріледі. Ай сайын 175 млн теңгенің 4,5 мың текше метр басқа өнімі өндіріледі. Соның арқасында 2005 жылғы салық төлемінің көлемі 300 миллион теңгені құрады. Ал 2006 жылдың бірінші жарты жылдығында бұл көрсеткіш 227 миллион теңгеге жетті. Еңбекшілердің орташа жалақысы былтырғыдан екі есеге өсіп, 62 мың теңге болды.

Еліміздегі жол құрылысы қарқынды дамыған тұста бұл зауыттың өнімдеріне деген сұраныс та жылдан-жылға арта түсуде.

Қазақстан Президенті биылғы халыққа Жолдауында алдыңғы қатарлы елдермен теңесу үшін алдымен дүниежүзілік қалыпқа сай тауар өндіру қажет екендігін баса көрсетті. Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін ең қажетті шарттың бірі осы екені белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде де АКҚЗ-дың мақтан тұтар жетістіктері аз емес.

1991 жылы Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болып отау тіккен кезде бұрын жеті зауыттан тұратын кешенді бетон зауыты бөлініп-бөлініп кетті. Сол жылы осы зауыт та жекешелендірілді.

– Біз 1999 жылға дейін талай қиындықты бастан өткердік, – дейді зауыт директоры Ахметжан Бәкримұлы. Ол кездерде жылына бар-жоғы 7 мың текше метр ғана темірбетон өндіруге шамамыз келді. Жұмысшыларға айлық төлей алмай қиналған кездеріміз қаншама. Айырбасқа да ештеңе ұсына алмадық, ештеңе сатпадық та. Жан-жақтан тапсырыс берушілер іздедік. Ресеймен, Қытаймен, Өзбекстан, Қырғызстанмен байланыс орната бастадық. Қолымызда барды айырбастап темір, цемент, тағы

басқа қажеттіліктерімізді алдық. 2001-2002 жылдары ісіміз алға жүре бастады. Сол қарқынды бәсеңдетпеуге тырыстық. Соның нәтижесінде зауыттағы жұмыс жаңа сипатқа ие болды.

Енді «Қазтрансойл», «ТеңізШевройл», «ПетроҚазақстан», «Аксел», «Қазақойл», «Қазгермұнай», «Аларко», «АджипҚСО» сияқты бірлескен кәсіпорындармен келісім-шартқа отырдық. Қазір ай сайын 4 мың текше темір-бетон өндіреміз.

2005 жылдан бастап теміржол көпірлері үшін жеті түрлі арнайы өнім шығарылды. 2006 жылдың соңына дейін 50 мың текше темір-бетон өндіруді жоспарлап отырмыз...

Зауыт бүгінде көлік жолы, темір жолдар үшін ғана емес, әуе жолдары үшін де қызмет жасай бастады. Нақтырақ айтсақ, олар қазір елімізде жаңадан салынып жатқан әуежайлардың құрылысы мен ұшақ алаңдарына төселетін плиталарды құюға кіріскен. Мұнай газ кешендерінің де тапсырыстарын орындайды. Темір-бетоннан құйылған мұнай құбырлары қазір қай жерде де сұранысқа ие. «Алматы аулалары» атты бағдарлама қазір де екпінді түрде жүріп жатқаны белгілі. Арықтар мен аула үшін жасалатын жиектастар да осы зауытта құйылады. Сондай-ақ, Алматыдағы оннан астам жолайырықтарындағы темірбетон құрылымдары да осы зауыттың өнімдері екенін айта кеткен жөн.

Зауыт жұмысшылары үшін жағдай жасалып, жаңа туған сәбиге арнайы көмек көрсетіледі. Сауықтыру орындарына жолдама да тегін. Сырттай оқитын жастар сессияға кеткенде жалақысы толық сақталады. Жұмысшылардың балалары жазғы уақытта лагерлерде зауыт есебінен дем алады. Қажет жағдайда қызметкерлерге пайызсыз несие беріледі. 2006 жылы Түркісіб ауданыдық әкімдігі ұйымдастырған ізгілікті шаралар үшін зауыт тарапынан 10 миллион теңге бөлінген.

Зауытта мемлекеттік тілдің қолдану аясы жылдан-жылға кеңейе түсуде. Арнайы жабдықталған қазақ тілі кабинетінде тіл үйренуге қажетті құралдардың бәрі сатылып алынған. Онда ҰҒА-дан шақырылған жоғары білікті тіл маманы еңбек етуде. Ал зауыттағы дәрігерлік тірек кішігірім емханаға бергісіз.

Мұндағылардың бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін жасалған дүниелер екендігі бірден көзге ұрады.

Алматы көпір құрылымдары зауытының аумағы 17 гектар жерді алып жатыр. Зауыттың өз вагондары мен-тепловоздары бар. Сол көліктер арқылы өнімдер жер-жерге жөнелтіледі. Автокөліктер арқылы зауыт өнімдері 30 шақырым жерге дейін тасымалданады. Бұл өнімдерге «ISO – 9001» халықаралық сапа үлгісіне сай стандарттау сертификаты берілген.

– Осы жетістіктердің бәрі біздегі жұмысшылар мен мамандардың табан ақы маңдай терінің нәтижесі. Қазір зауытта 500-ден астам адам еңбек етеді. Оның 20 пайызы 40 жылдан бері осы зауытта тапжылмай жұмыс істегендер. Менің сүйенішім де, мақтанышым да солар. Олар болмаса мына зауытта мен өзім жалғыз не бітіремін. Бұл азаматтар қиын мезеттерде менімен бірге болды, ауыртпалықты бірге көтерді. Маған сенді. Міне, енді бәрімізге сол бейнеттің зейнетін бірге көруге жазсын дегеннен басқа тілегім жоқ, – деген Ахметжан Бәкримұлының сөзі ойдағыдай орындалсын дей отырып, біз де әңгіmemізді аяқтағанды жөн көрдік.

**«Президент және Халық» газеті,
15 қыркүйек, 2006 жыл.**

БИЗНЕСТЕГІ БАҚ ПЕН СОР

Таяуда Алматы қаласы әкімшілігі шағын бизнес департаментінің директоры Серік Тұржановтың бөлмесінде бір топ кәсіпкермен бірге бас қостық. Жабық есік жағдайында өткен бұл жиында ащы пікірлер ашық айтылды. Бірақ, алдағы уақытта жүзеге асырылуға тиісті кейбір шараларды әзірге құпия ұстай туру жөнінде өтініштер білдірілді. Келістік. Ол жайында келешекте оқырманды міндетті түрде хабардар етпекшіміз. Әзірге осы отырыстан түйген ойлар мен пікірлерді назарларыңызға ұсынғанды жөн көрдік.

БҰҰ-ның соңғы зерттеулеріне қарағанда, Қазақстан халқының 25 пайызы кедейшілікті бастан кешуде көрінеді. Бұлардың қатары алдағы жылдары толығымен түсуі мүмкін. Олар – асыраушысынан айырылғандар, жұмыссыздар, денсаулығы нашарлағандар, тағы басқа себептермен тағдыр талкегіне түскендер. Сонда, Қазақстан халқының едәуір бөлігін кедейлер құрамақ. Ал, ондай мемлекетте жарқын болашақ жоқ екені айтпаса да түсінікті. Кейінгі жылдары Президент елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытпайынша мықты мемлекет құра алмайтынымызды қадай айта беруінің мәнісі енді түсінікті шығар. Шағын және орта бизнеспен айналысатын адамдар елімізде орта таптың қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Орта тап халықтың 70-75 пайызын құрағанда ғана мемлекетіміз аяғынан нық тұратыны белгілі. Мемлекеттің ресми өкілі болып табылатын департамент директоры С.Тұржанов орта таптың кім екеніне, олардың қоғамдағы орнына тоқтала келіп, бұл жөнінде былай деген еді:

– Орта тап өкілі дегеніміз – өзінің өмір сүру қажеттіліктерінің бәріне ие болған, тұрақты жұмысы, отбасын асырауға толық жететін жалақысы, баспанасы, арнайы білімі бар адам. Отанның нағыз патриоттары да солар. Себебі, бұл адамдар

мемлекет тұрақты дамығанда ғана өздерінің мүдделері қорғалатынын жақсы түсінеді. Тапқан табыстарынан салық төлеу арқылы мемлекет қоржынын толтыратын да солар. Ішкі, сыртқы нарық сұранысына сай тауар өндіретін де осы орта тап екенін ұмытпағанымыз жөн. Орта таптың 50-60 пайызын кәсіпкерлер құрағанда ғана дамыған елдердің қатарына қосыламыз. Сондықтан, ең алдымен орта таптың қалыптасуына мүмкіндік жасауымыз керек. Оның бірден-бір жолы – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

– Ал Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында нақты қандай шаралар жасалынуда? – деген сұрағымызға:

– Алматы қаласындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту туралы 2003-2005 жылға арналған бағдарлама бар. Соның негізінде қазір бұл салада 785 мың адам еңбек етіп жүр. Олардан жиналған салық көлемі соңғы жылы 135 миллиард теңгені құрады. Яғни, Алматы қаласы бойынша мемлекет қоржынына түсетін қаржының 65 пайызын осы кәсіпкерлер беріп отыр, – деп жауап берді.

– Соған қарамастан шағын және орта кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергілер аз емес...

– Кедергілер жетіп артылады. Қолында билігі барлардың бәрі кәсіпкерлердің табан ақы, маңдай терімен тапқан табыстарынан бірдеңе жымқырып қалуға тырысады.

– Кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын заң бар, заңды қорғаушы органдар бар емес пе?

– Бәрі сол заңдағы қитұрқылықтарға байланысты болып тұр ғой. Ал тексерушілер заң бұзудың алдын алудың орнына соның тезірек бұзылуын күтіп отыратын тәрізді. Айып салады, нәтижесінде өз қалталарына пайда түсіреді. Қалай дейсіз ғой, айтайын. Әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі кодексте алпауыт бизнес пен шағын кәсіпкерлікке салынатын айып мөлшерлері бірдей. Кәсіпкер ол айыпты төлей алмайтындықтан еріксіз тексерушіге пара беруге мәжбүр болады. Сондай-ақ, кәсіпкердің мүлкіне салынатын салық мөлшері де еңсе көтер-

тер емес. Мәселен, сіз бірінші қабаттағы тұрғын үйіңізге ай сайын 0,1 пайыз мөлшерінде салық төлейсіз. Енді сол пәтеріңізден дүкен немесе шағын цех ашсаңыз, тапқан табысыңыздың 1 пайызын салыққа бересіз. Бұдан кейін сіз әркімдермен жең ұшынан жалғаса жүріп әлгі үйіңізді қайтадан тұрғын үй ретінде тіркетесіз. Сөйтіп, қайтадан 0,1 пайыз мөлшерінде салық төлей бастайсыз. Мұны көлеңкелі экономика деп атайды. Бұдан сонда кім ұтты, кім ұтылды? Әрине ұтылған – мемлекет. Қолында кішкентай болса да билігі бар шенеуніктер мен тексеруші орган өкілдері сіз бен бізді осылай теспей сорып отыра береді. Көлеңкелі экономика белең алған сайын мемлекеттің экономикалық құрылымдарын басқару, оның дамуын болжау мүмкін болмай қалады да, соңы мемлекеттің іргетасының шайқалуына әкеліп соғады. Бір кездегі алып мемлекет КСРО-ның шаңырағы бір-ақ күнде ортасына түсуіне жегі құрттай әсер еткен осы көлеңкелі экономика екенін ашық айтуымыз керек.

– Бұдан бірер жыл бұрын кәсіпкерлерді орынсыз тексеруге шектеу қойылған сияқты еді ғой. Бір мекемеге қайта-қайта тексеру жүргізбес үшін кәсіпкерлер арнайы кітапшаға әрбір тексеру қорытындысын тіркеп қоюға тиіс болатын.

– Иә, ондай ереже болған. Бірақ тексеру кітапшасын жүргізу, жүргізбеу ісі кәсіпкерлердің өз еркіне берілген еді. Мұны бәріне бірдей міндеттеу үшін белгілі бір үлгіде, құжат түрінде тексеру органдарымен бірлесе отырып кітапша жасау қажет болды. Занда көрсетілмегеннен кейін бұл іс толық жүзеге аспады. Сондай-ақ, кәсіпкерді күтпеген жағдайда тексеру ережесі де Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітілген. Ол бойынша кәсіпкерлерді тексеруге бет алған тексеру органының өкілдері Құқықтық статистика және ақпарат орталығында тіркеуден өтуге тиіс деп көрсетілген. Алайда, салық органдары мен шұғыл іздестіру қызметі өкілдеріне, атқарушы билік пен азаматтық құқықтық қатынастарды реттеп отыратын мекеме қызметкерлеріне бұл ереженің қатысы жоқ болып шықты. Яғни, ереже бойынша олар жоғарыда айтылған орталыққа тіркелмей-ақ

тексеру жүргізе алады. Кәсіпкерлердің «шаңын қағу» үшін осы тексерушілердің біреуінің-ақ пысықтығы жетіп жатыр емес пе? Мұндай мысалдар көп. Бір сөзбен айтсақ, дұрыс қабылданған заңды жүзеге асыруға тиісті атқарушы билік өкілдері өздерінің қаулы-қарарларымен оны өздеріне қайта икемдеп алады. Осыған байланысты біз өз тарапымыздан ұсыныстар әзірлеп, жоғары жаққа жібердік. Нәтижесін алдағы күндер көрсетеді.

— Сәке, маған осы жерде ұлт мәселесіне байланысты біраз ойлар келіп отыр. Сіз менімен келісу, келіспеу жөніндегі пікірлеріңізді «иә» немесе «жоқ» деп қысқаша ғана білдірсеңіз. Қазір елімізде шағын және орта кәсіпкерлікпен 5,5 миллион адам айналысады екен. Оның 90 пайызы бір кезде ауылда еңбек еткен, бүгінде жұмыс іздеп қалаға сабылған жергілікті ұлт өкілдері екені айтпаса да түсінікті. Ендеше, шағын кәсіпкерлікті дамыту деген сөз қазақтың болашағына жол ашу деген сөз ғой. Осыған келісесіз бе?

— Иә...

— Қазақ ұлты нағыз кәсіпкерлікті меңгеріп, әлемдік сұранысқа сай кез келген тауарды өзі өндіре бастаса, уақыт өте келе кәсіпорындар мен өндірістердің тұтқасын өздері ұстаса, бірте-бірте жаңа техника мен технологияларды жетік меңгерсе, қазақ тілі де өндіріс тіліне, ғылым мен білім тіліне айналмай ма? Ғасырлар бойғы империялық тепкінің салдарынан ауыл-аймақ маңынан ұзай алмай жүрген ана тіліміз әлемдік сұранысқа ие тілдердің бірі болып шыға келсе... Мен тым қиялға беріліп кеткен жоқпын ба?

— Жоқ, жоқ...

— Айтпақшы, таяуда зиялы қауым өкілдерінің біразы Президентпен кездескенде тіл мәселесіне тебірене тоқталды. Сонда Елбасы қазақ жастарын кәсіптік-техникалық училищелерде оқытып, еліміздегі ірі өндіріс ошақтарына жіберу ісін қолға алып жатқанын айтты. Түсіне білген адамға бұл болашақта қазақ тілі мәселесін шешудің бір амалы емес пе? Жалпы ұлт тағдырының болашағын экономика шешетінін мойындауымыз

керек. Қазақ тілі неге өрге баспайды деп құрғақ сөзбен байбалам сала беруден ештеңе шықпайтынын түсінетін кез келді. Тіл қоғамдық құбылыс, ал оны қоғамның барлық саласында қажеттілікке айналдыру үшін алдымен орта тап, яғни орта кәсіпкерлерге жол ашсақ жетіп жатыр екен. Арғы жағы түсінікті ғой. Солай емес пе?

– Иә...

– Сіздің пікіріңізше еліміздің экономикасын, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамытып, орта тапты қалыптастыру үшін алдымен кәсіпкерлік туралы заңға өзгертулер енгізу қажет сияқты. Сондай-ақ, заңды жүзеге асырушылар мен тексеруші органдарды тәртіпке келтіру керек екен. Олай болса келесі жолы дәл осы мәселе жөнінде заң өкілдерінің бірін өзіңізбен пікірталасқа шақырсам, қарсы болмайсыз ба?

– Жоқ, қарсы емеспін.

– Жақсы, әңгімеңізге рахмет!

**«Қазақстан-Заман» газеті,
12 қараша, 2004 жыл.**

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚЫСПАҚТАУШЫЛАРҒА ДА ҚҰРЫҚ БАР

Газетіміздің өткен санындағы (12 қараша 2004 жыл) Алматы қаласы әкімшілігі шағын бизнес департаментінің директоры С.Тұржановпен болған сұхбатта тексерушілер кәсіпкерлерге көмектесудің орнына оларды теспей сорып жатқаны, ал құқық қорғаушылар осы саладағы заң бұзушылықтың алдын алудың орнына соның тезірек бұзылуын күтіп отыратыны айтылған болатын.

Осы мәселеге байланысты біз Алматы қаласының прокуроры Сәттібек Оңғарбаев мырзаның да пікірін көпшілікке ұсынғанды жөн көрдік. Биылғы жылдың 9 айы ішінде өздері тарапынан атқарылған істер жөніндегі деректерді тілге тиек ете отырып, прокурор былай деген еді:

– 2004 жылдың соңғы 9 айы ішінде Алматыдағы әр түрлі шаруашылық нысандарына қатысты 21 мың 928 рет тексеру актілері толтырылған. Ал 2003 жылдың осы мерзімге сәйкес 9 айы ішінде 11 мың 163 тексеру актілері толтырылыпты. Яғни былтырғымен салыстырғанда биылғы тексеру көрсеткіші 49 пайызға өсе түскен. Осы актілердің 15 мың 478-і шағын кәсіпкерлікке қатысты. 2003 жылы бұл көрсеткіш 7 мың 714-ке жетіп тоқтапты. Яғни кәсіпкерлерді тексеру ісі былтырғы осы уақыт мерзімімен салыстырғанда биыл 50 пайызға көтерілген. Енді мына деректерге назар аударайық. Бұл 21 мың 928 актіні Алматыдағы 38 тексеру органы жүргізген. Осы тексерушілердің жұмыстарын Алматы прокуратурасы қадағалау тәртібімен тексергенде кәсіпкерлер мен жеке адамдардың, заңды тұлғалардың құқықтары аяққа басылып, небір өрескелдіктерге жол берілгені анықталды. Сіздердің газеттеріңізге сұхбат берген С.Тұржановтың шырылдайтындай жөні бар.

– Ендеше осы заң бұзатын тексерушілердің аты-жөндерін атап, түсін түстеген де дұрыс шығар.

– Жақсы. Қалалық прокуратураға «Альфа-банк» деп аталатын ашық акционерлік қоғамдық төрағасы Алматы қаласы салық комитетінің үстінен шағым түсірді. Тексере келгенде мынандай келеңсіздіктер анықталды. 2003 жылдың 9-шы желтоқсанында Алматы қалалық салық комитеті «Альфа-банктің» жұмысын толықтай тексеру жөнінде ұйғарым шығарады. 2004 жылдың 23-ші қаңтарына дейін тексеру жұмыстарын жүргізген олар тиісті мерзімде тексеріп үлгермегендіктен бұл істі тағы отыз күнге созу жөнінде қосымша ұйғарым шығарыпты. 2004 жылдың 4-ші наурызынан 22-ші сәуірге дейін банктің жұмысын тоқтата тұру жөнінде тағы да қосымша ұйғарым шығарады. Бұдан кейін қалалық салық комитеті басқармасы бастығының орынбасары А.Шоқанов тексеру тізгінін тікелей өз қолына ала отырып тағы жиырма екі күн тексеру жүргізген. Ұзын саны «Альфа-банкке» сексен күн тексеру жүргізіліпті. Бұл – заңға сыйымды. Бірақ 2004 жылдың 25 мамырында қалалық салық комитеті тағы қосымша ұйғарым шығарып, тексеру жұмыстарын он күнге ұзартыпты. Бұл енді заң бұзушылықтың нағыз өзі. Дерееу наразылық келтірдік те, заңсыз тексеруді тоқтатқыздық.

Сондай-ақ «Мерей 2030» ЖШС-ның директордың Ш.Қалиева мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау қалалық департаментінің бастығы М.Әдібаеваның үстінен қалалық прокуратураға арыз түсірді. Тексере келгенімізде департамент бастығы М.Әдібаева қызметтік міндетін асыра пайдаланып Ш.Қалиеваның үйіндегі сауда орнын трактормен бұзғызып тастағаны анықталды. М.Әдібаеваның үстінен қылмыстық іс қозғалды. Ал О.Федоринаның арызы бойынша тексеру жүргізгенімізде Алматы қалалық кедендік бақылау департаментінің қызметкерлері Ж.Қалиев, Е.Уақбаев, Е.Мадиев, Ш.Байқадамов тарапынан «Саламат», «ЗЕР» кәсіпорындарына заңсыз тексерулер жүргізгені белгілі болды. Нәтижесінде кеденшілердің бір қызметкері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Осы арада аудандық прокурорлар жұмысына да тоқталып өтсеңіз?

— Қаладағы аудандық прокуратуралар тарапынан жүргізілген тексерулер жайындағы деректерді тізе берсек, газет беті көтермейтін шығар. Дегенмен, мына бір істерді айтпасақ болмас. Жеке кәсіпкерлерді немесе заңды тұлғаларды тексеруші органдар тексеруді бастар алдында оларды екі апта бұрын ресми түрде ескертулері керек. Тексеріп болғаннан кейін бұған дейінгі және қазіргі тексеру қорытындысымен қоса қолданылған шараларды да көрсетуге тиісті. Сонымен қатар, кәсіпкерлер бұл шешіммен келіспесе шағымдануларына құқылы екендіктері түсіндіріледі, бұл жөнінде тексеру кітапшаларына жазылады. Өкінішке орай, «Гофротара», «ПГ Пенопласт», «Сонар», «Жанна», «У Азизы» деп аталатын кәсіпорындарды тексерушілер заң талаптарын өрескел бұзған.

Түрксіб ауданының прокуроры осы аудандағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бес қызметкеріне тәртіптік шара қолданды.

Әуезов ауданындағы санэпидемиология қызметкерлері А.Әбішова, Д.Мақажанова, А.Ахметова, С.Смағұлова, Д.Сухамберлиева, тағы басқалар өз қалаулыларымен бірнеше шағын кәсіпорындарды жауып тастаған. Заң бойынша үш күнге ғана жабуға құқығы бар. Ал одан көп уақытқа жабу үшін сот шешімі керек. Жоғарыда аттары аталған тексерушілер сот шешімінсіз-ақ өз дегендерін жасап жүре берген.

— Кәсіпкерлерді тексерушілер жыл сайын қысқартылып жататын сияқты. Бірақ олардың саны жыл сайын көбейе түсетіні несі?

— Мына қызықты қараңыз. Елімізде сәулет-құрылыс жұмыстарын қадағалайтын арнайы мемлекеттік құрылыс комитеті бар. Үкіметтің қаулысымен 2002 жылы осы комитеттің Алматыдағы аумақтық басқармасы құрылған. Ал оның алдында Алматы әкімшілігінде мемлекеттік сәулет-құрылыс департаменті жұмыс істеп жатқан. Осы екі мекеменің міндеттері бірдей. Ендеше біреуі жойылып немесе екеуі біріктірілуі тиіс еді. Олай етілмеді. Қазір екеуі қатар жұмыс істейді. Бұл аз болғандай Алматы ішкі істер басқармасындағы санитарлық-ветеринарлық

және табиғат қорғау бөліміне де құрылыстарға тексеру құқығы берілді. Сөйтіп Алматыдағы құрылыс саласы нағыз былық-шылықтың ордасына айналды. Соңғысын прокурорлық наразылық келтіру арқылы жаптырдық-ау. Ал қалған екеуі сол қалпында «өз міндеттерін» атқаруда. Осындай егіз тексерушілер әлі де баршылық. Көбісін қысқарту немесе бір-біріне қосу қажет.

Ал енді кәсіпкерлікті тіркеу, рұқсат беру, тағы да басқа мәселелермен айналысатын «Жылжымайтын мүлік орталығы» деп аталатын мекемедегі қағаз бастылықтарға тыйым салатын кез келді. Олай етпесек жемқорлықпен жеңушынан жалғасу әрекеттері азаюдың орнына өрши түсетіні сөзсіз.

Соңғы айтарым – қазіргі лауазымды шенеуніктер үлкен мінберден немесе баспасөз беттерінде сөйлей қалса, бар кінәні басқалаға аударуға тырысатыны байқалып жүр. Мен Алматы прокурорларының жұмысында да кемшіліктер бар екенін жасырғым келмейді. Кәсіпкерлерге көмектесу ісінде енжарлық танытуға ешкімнің қақысы жоқ. Заңдылықтың сақталуын қадағалау прокуратураның басты міндеті. Олай болса әрқайсымыз заңды сақтау – арды сақтау деп түсінгеніміз жөн.

– Уақытыңызды бөліп пікір бөліскеніңізге көп рахмет!

**«Қазақстан-Заман» газеті,
26 қараша, 2004 жыл.**

КЕДЕЙ БОЛМАУҒА МҮМКІНДІГІМІЗ БАР

Қазіргі кезде шағын және орташа кәсіпкерлік саласы олигархиялық сипаттағы алпауыт қаржы-өнеркәсіп құрылымдарының тарапынан қатты қысым көріп жатқаны жасырын емес. Өндіріс пен экономиканың көп бөлігін кезінде ебін тауып иемденіп алған пысықайлар нарық айдынына өздерін басқаларға ескек салдырғысы келмейтіні түсінікті жайт. Тіпті мүмкіндік туса, бұл алпауыттар шағын және орташа кәсіпкерлікті жұтып қоюға қашанда әзір тұратыны белгілі.

Сондықтан да, Қазақстан Президенті шағын және орта кәсіпкерліктің елімізде кең құлаш жаюына жол ашу керектігін талайдан бері айтып келеді. Бірақ, істің айтарлықтай алға жылжымай тұрғаны ащы да болса шындық.

Осынау мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында бизнес саласының белді өкілдері биылғы жылдың 27 сәуірінде «Шағын және орта кәсіпкерліктің қоғамдық қозғалысы» деп аталатын республикалық қоғамдық бірлестік құрып, оны ресми тіркеуден өткізген болатын.

Кеше Алматыда осы қозғалыстың алғашқы тұсаукесер рәсімі болып өтті. Оған БАҚ өкілдері арнайы шақырылды.

Әзірге қозғалыстың құрамы 10 адамнан тұрады. Олардың бәрі о бастан-ақ қозғалыстың дүниеге келуіне атсалысқан бастамашы топ мүшелері.

Талғат Қожахметов, Нұрлан Нұрғазин, Абылайхан Саматдин – қозғалыстың тең төрағалары. Дастан Қадыржанов – атқарушы хатшысы. Бұлардың әрқайсысы тұсаукесер рәсімде баяндама жасады.

– Қазір Қазақстандағы кәсіпкерлердің қызметін бақылауға және тексеруге қырықтан астам мемлекеттік мекеменің өкілеттігі бар екен. Соның салдарынан шенеуніктердің озбырлығы, бюрократия мен сыбайлас жемқорлық деген тамырын

тереңге жайып алды, – деді қозғалыстың тең төрағаларының бірі А. Саматдин. – Қаржы полициясы мен криминалды полиция, прокуратура, кеден, сот органдары кәсіпкерлерді қыспаққа алуда ештеңеден қымсынатын емес. Ендеше, біздер өз құқығымызды қорғауымыз үшін күш біріктіруіміз керек!

Кәсіпкерлер қозғалысы тек қана заңсыздықтармен күресіп қоймай, мемлекеттің қозғаушы күші болып табылатын орта таптың қалыптасуы мен дамуына жол ашпақшы.

Орта тап дегеніміз – ғылыми-техникалық интеллегенция, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік қызметшілер мен әскери мамандар, тағы басқалар.

Ал бұлардың қолында қазір айлық жалақыларынан басқа ештеңелері жоқ. Сонда олар өмір бақи таршылық пен жетіспеушілікті бастан кешіп өтулері керек пе екен? Бизнеспен айналысуға олардың қызметтен қолдары босай бермейді. Қолдары босағанның өзінде кәсіпкерліктің қыр-сырынан бейхабар. Тіпті осының бәріне қол жеткізгеннің өзінде жинаған қорлары тағы жоқ. Банкіден кредит алайын десе, оның орнына кепілдікке не қоярын білмейді? Сонда бүгінде орташалар қатарына жататын интеллегенция ертең-ақ қайыршылар қатарынан бір-ақ шығатыны ақиқат.

Мұны мемлекет қауіпсіздігіне төнген қатер деп білген жөн. Сол себепті де Елбасының өзі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – өмір үшін күреспен бірдей деп бекер айтпаған шығар.

Сонымен жаңа құрылған кәсіпкерлер қозғалысы қолында ештеңесі жоқ қарапайым адамға нақты қандай көмек көрсетеді деген сауал қойдық. Бізге қайтарылған жауаптан түсінгеніміз:

«Кез-келген қарапайым адам өзінің қандай кәсіппен шұғылданғысы келетіні жөнінде қозғалыстың атына арыз жазып, нақты бағдарламасын ұсынады. Оны егжей-тегжейлі зерделегеннен кейін қозғалыстағы мамандар болашақ кәсіпкерге алдымен банктен кредит алуға көмектеседі. Кредиттің орнына қоятын кепілдемені кәсіпкерлер қозғалысы уақытша өз мойнына

алады. Алғашқы сәтте тәжірибесі аз кәсіпкердің жанына сол істің бүге-шігесін жақсы білетін кеңесші қосылады. Кәсіпкер өз тапқан пайдасының нақты бір мөлшерін кеңесшімен бөлісетіні айтпаса да түсінікті. Кәсіпкер уақыт өте келе іс тетігін әбден үйреніп алған соң өз шаруасын кеңесшісіз-ақ жеке атқаруға бет бұратыны тағы белгілі.»

Жаңадан құрылған шағын және орташа кәсіпкерлік қозғалысының ұйымдастырушыларының бәрі қомақты қоры бар тәжірибелі бизнесмендер екендерін естеріңізге тағы да сала кетейік. Олар елімізде орта тап дамымайынша, өздерінің де болашағы жоқ екенін түсініп, мемлекетпен бірге қоян-қолтық жұмыс жасауға бет бұрған азаматтар. Ендеше жаңа қозғалысқа қолдау көрсетейік. Бұл ең алдымен сіз бен біздің өзімізге қажет тіршілік екенін естен шығармайық.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
18 мамыр, 2002 жыл.**

КЕДЕН ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің төрағасы Ғани Қасымов журналистермен жүздесіп, осы саланың қыр-сыры туралы әңгімеледі.

Қазіргі кезде еліміздегі кеденшілердің жалпы саны 4 мыңнан асады. Олар 18 мың шақырым көлеміндегі шекара аумағында қызмет етеді. Шекарашылардың қатысынсыз, тек өздерінің бақылауындағы жердің көлемі 11,5 мың шақырымды құрайды. Ал, Каспий теңізінің үстімен өтетін Қазақстан шекарасының ұзындығы 1 мың шақырым.

Осы аралықтарда 126 кеден бекеттері орналасқан. Бұлардан тыс 14 халықаралық автокөлік бекеттері, 27 темір жол стансасы, 22 әуежай – кеден қызметкерлерінің құқындағы нысандар.

Өр жұмыстың өзіне тән ауыртпалығы болатыны ақиқат. Кеденшілер туралы дәл осылай айтсақ, кейбіреулердің көңіліне мысқыл ұялауы мүмкін. Өйткені, ол қызметке екінің бірі орналаса алмайтыны жасырын емес.

Дегенмен, елдің ішкі байлығын сақтайтын, сырттан келетін тауарлардың сапасы мен санын анықтап, зиянды заттардың бері өтуіне тосқауыл қоятын осынау сақшылардың мемлекетке тигізер пайдасын ойласақ, жоғарыдағы күдігіміз күпірлік сияқты көрінуі де мүмкін. Егер, өткен жылы кедендік тауар алдымен мемлекетке 18 миллиардтан астам теңге түсу керек болса, ол тапсырма 22 миллиардтан астам теңге көлемінде артығымен орындалыпты.

Қазір бұл салада тек қана жоғары білімді мамандар қызмет етеді. 1992 жылдан бері Қазақстан Бүкіл әлемдік кеден ұйымына мүше болып енген. Осының арқасында республика кеденшілері шетелдік әріптестерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізу мүмкіндіктеріне ие болған.

– Біздің кеден бекеттеріміз шекарадан 30-40 шақырым жерде орналасқан. Енді олардың барлығын шекараға көшіру керек.

Вагон-үйшіктерде үймелеп отыратын күн келмеске кетті, жаңа заманға сай ғимараттар сала бастадық. Тәртіп күшейді. Алайда кеденшілердің өміріне қауіп төндіретін оқиғалар жиілей түсті, – дей келіп, Ғ. Қасымов кеден бекеттерінде соңғы күндері болған қайғылы оқиғаларға да тоқтала кетті. Ол, әрине, арнайы әңгімені қажет етеді.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
18 наурыз, 1998 жыл.**

КЕДЕНГЕ КЕЛДІК, КӨП НӘРСЕ КӨРДІК

мұнда шешімін күткен істер көп екен

Журналистің бір жерге арнайы барып, жағдайды өз көзімен көріп мақала жазуына міндетті түрде бір нәрселер себеп болады. Кейде арыз-шағым тексерумен іссапарға шығасың. Кейде жағымды жаңалықты жария ету үшін қолға қалам аласың. Бұдан басқа да себептер табылып жатады.

Бол жолғы іссапарға шығуымызға Қорғас кеденіндегі баспасөз қызметінің аға инспекторы Ілияс Нарғозиев деген азаматтың өзі себепкер болды.

Осы кеденге Мәмбеталин Әлихан деген азамат бұдан екі-үш ай бұрын жаңадан тағайындалыпты. Ол кісі халықтың алдында жария түрде жұмыс әдісін таңдап алған сыңайлы. Бұған дейін баспасөз өкілдерін маңайына жуытқысы келмейтін кеденшілерге көпшіліктің алдында ашық жұмыс істеу жөнінде нұсқау беріпті. Соның себебінен болса керек, соңғы бір-екі айда кеденде тәртіп күшейіп, еңбек өнімділігі арта бастапты. Мәселен, соңғы жарты жылдықта Қорғас кеденінде мемлекеттік тапсырма орта есеппен 60 пайызға орындалған. Ал, әрбір айдың көрсеткіштері төмендегендей. Қаңтар – 38 пайыз, ақпан – 34, наурыз – 70, сәуір – 45, мамыр – 118, маусым – 98 пайызға жетіпті.

– Біздегі жағдайды өз көздеріңізбен көріп, шындықты жазғандарыңызды қалар едік. Өйткені, кеденшілер туралы қоғамда теріс пікір қалыптасып үлгерді. Кез келген салада адал қызмет істейтін адамдар аз емес. Ондайлар бізде де жеткілікті. Өзгерістер де көп. Қорғас кеденіндегі қызметкерлердің бәрі дерлік ауыстырылып, көп қызметкерлер басқа жақтан келді. Проблемалары да баршылық. Егер осы жағы сіздерді бейтарап қалдырмаса, бәрін көрсетуге даярмыз, – деген Ілиястың сөзін жерге тастай алмай, бір жағынан журналистік әуесқойлық жетектеп, жолға шықтық. Кедендік аймақтағы қарулы күзет біздің

жанымыздағы өздерінің баспасөз қызметкерін көрген соң құжаттарымызды тексермей-ақ үлкен қақпаны аша бастады. Дәл кеденнің өзіне келгенде тағы да қарулы күзет қарсы алды.

— Қытай елінен Қазақстанға қарай келе жатқан жүк көлігі кедендік аймақтан өткеннен кейін арнайы тексеру орнына қойылады. Жүктер түсіріліп, уақытша сақтау қоймасына өткізіледі. Сол жерде бәрі мұқият тексерілгеннен кейін кедендік баж, тағы басқа салықтар алынады, арнайы құжаттар толтырылады. Сосын еліміздің ішіне қарай жіберіледі. Ал егер, ол транзиттік тауар болса қызметкерлер оны шекарамыздың келесі шетінен өтіп кеткенге дейін ілесіп барып, шығарып салады...

Кеденнен әрі-бері өтіп жатқан жүк көліктерін тексеруде қолбайлау болатын жағдайлар да аз емес. Мәселен, өркениетті елдерде көліктегі қыруар жүкті түсіріп, сосын тексеріп, қайта тиеп әуреленбейді. Арнайы құралдар арқылы-ақ көлік қорабының ішінде қандай заттар жатқаның білу оларға түк емес. Ал бізде мұның бәрі қолмен жасалынады. Осылай еткеннің өзінде олар бүкіл тауарларды тексеріп шыға алмайды. Сонда мыңдаған қораптардың ішінде не кетіп бара жатқанын қайдан білеміз. Есірткі заттары, тағы басқа контрабандалық тауарлардың бері қарай өтіп кететіні сондықтан.

Осы жерде бізді тағы бір нәрсе ойландырды. Шетелден бері алып өтуге рұқсат етілген заттардың көбісінің бағасы кеден заңына сәйкес, құжаттарда көрсетілген. Ал көрсетілмегендері қаншама. Сол көрсетілмеген заттардан кеден салығы қалай алынады. Мұндайда ол заттардан базар бағасы бойынша кедендік баж алынады екен. Міне, пара алу мәселесінің түп тамыры қайда жатыр? Мәселен, Қытайдан әкелінген кейбір ұсақ-түйек заттардың бағасын базар бағасы бойынша 200 теңге деп те, 20 теңге деп те, 2 теңге деп те көрсете салу қиын емес. Сосын мұны тексеріп, дәлелдеп жатқан тағы ешкім жоқ. Қытай елінен шыққан қарапайым автоқаламның құнын құжатта 20 теңге деп көрсетіп, оның үстіндегі бағаның айырмасын зат иесімен келісе отырып қалтаға сүңгіте сал. Мұндай автоқаламның саны

бірнеше мыңға жететінін ескерсек, бір «операция» арқылы қаншама көлденең табыс түсетінін есептей беріңіз.

Кедендік бақылау және кедендік рәсімдеу бөлімінің бастығы Нұрлан Сыбанбаев мұндай жағдайлардың болуы мүмкін екенін жасырмайды. Сондықтан да, ол кедендік заңға өзгеріс енгізу қажет екенін баса айтады. Бұл ақниетті қолдау керек-ақ. Алайда осымен іс біте қояр ма?

Жолаушыларды тексеріп өткізетін бөлім бастығының міндетін атқарушы Виктор Кириченкомен әңгімелескенімізде ол кісі мұнда әзірге ешқандай проблема жоқ екенін алға тартты. Оның айтуына қарағанда, кеден арқылы әрбір адамға 100 килоға дейін тегін жүк алып өтуге рұқсат етілген. Одан асқаннан кейін кедендік баж алынады. Қол жүгін көтеріп өтушілердің арасынан Монғолиядан келіп-кетушілер көбірек заң бұзатын көрінеді. Себебі, Монғолия мен Қазақстанның арасындағы келісім бойынша кейбір азаматтарға визасыз ары-бері өтіп тұруға 90 күнге рұқсат етілген. Міне, осыны пайдаланып олар жиі-жиі тауар тасумен, оның ішінде тыйым салынған тауарларды тасумен айналысады. Оның соңы пара беру сияқты келеңсіз құбылыстарға әкеліп соқтырады. Кейінгі кезде «қылмысына қарай – парасы» деген әзіл-мәтелдің шығуы тегін емес. Заң бұзылған жерде міндетті түрде пара жүретін болып алды. Ал, «алтын көрсе періште жолдан таятыны» белгілі. Ендеше, осынау 90 күннің ішінде емін-еркін заң бұзып жүргендердің мәселесін қайта қарайтын да кез келген сияқты.

Бізбен ашық әңгімеде жоғарыдағы екі азамат осы жағын қинала айтқан. Олай болса, бұлардың әзірге жаны таза деген сөз. Адал қызмет етуге тырысады. Бұған шүбә келтіруге де болады. Пара ұсынса алмасын. Заңсыз тауарларды тиісті орындарға өткізсін. Алайда, сол заңсыз тауарларды тиісті орындарға өткіземін деп жүріп кеденшінің қаншама уақытын рәсуа ететінін, кейде ол тауарлар жоғалып кетіп, басы пәлеге қалатынын екінің бірі біле бермейді. Сондықтан да, бүйтіп басқа пәле тілегенше, ұсынған параны алып, тыныш жүретіндер аз емес. Бұл жайында

айта берсе әңгіме көп. Кеденшілер туралы қалыптасқан теріс пікірлер одан да көп. Біз бұл жерде оларды судан таза, сүттен ақ етіп көрсету ниетінен аулақпыз. Дегенмен, «бір қарын майды бір құмалақ шірітетіні» тағы шындық. Өздерінің таза екендіктерін дәлелдеуге тырысқан жігіттердің сөзін сол күйінде жеткізбесек, ол да біздің арымызға сын емес пе.

Кедендік тәртіпті қадағалау және қауіпсіздік бөлімінің бастығы Бекайдар Сәдуақасов та бұл жерге таяуда ғана басқа жақтан ауысып келіпті. Қару асынып, күзетте тұрған жігіттері әскери тәртіптің адамдары екені байқалады.

Ал контрабандамен күрес және кедендік ережені қадағалау бөлімінің бастығы Сапаровтың әңгімесі қысқа, әрі нұсқа шықты.

– Мен мұнда келгелі бірер айдың жүзі болды. Бұған дейін осы бөлімнің жоғары жаққа ұсынатын есеп беру кестесіне тек нөлдік сандар ғана жазылып келіпті. Яғни, кеденде ешқандай контрабандалық әрекет болмады деген сөз. Біз келгелі бері бұл сандар өзгеріске түсті. Қазір контрабанда жөнінде үш қылмысты іс қозғалды. Таяуда Қытайдан бері қарай жасырын әкеліне жатқан 2 тонна 160 литр спирт өнімдері ұсталғаны туралы хабарды естіген шығарсыздар. Алдағы уақытта әлі талай қылмыстар ашылатынына өз басым кепілдік беремін, – деген жігіт ағасының жұмысына сәттілік тіледік.

Түнде кеденші жігіттермен бірге олардың уақытша тұрып жатқан пәтерінде түнеп шығуыма тура келді. Бұлар таңертең тұра сала бәрі спорт алаңына қарай жүгіреді екен. Спорт сабағына кешігуге болмайтын көрінеді.

Кеден ғимаратына кіреберістегі кең дәліздің сол жағына шағын мешіт салыныпты. Діндар адамдар кезек күтіп тұрып қалған жағдайда олардың намазды қаза қылмай, діни рәсімдерді жүзеге асыруы үшін әдейі жасалынған шаруа көрінеді. Бұл да құптарлық жайт. Далаға шықтық. Соңғы тексеріп өткізу қақпасының алдында тіркемесі бар үлкен жүк мәшинесі Қазақстанға қарай бет алып тұр. Тауардың иесі өзін Садықов Зейнел деп таныстырды. Кәсіпкер көрінеді. Оңашалап алып шығып, сыр тарттық.

– Құдай алдындағы сөзім, мына алып өткен заттарым үшін бір тиын да пара бергенім жоқ. Бәрі заңды болса не үшін пара беремін? Мұнда кедендік рәсімдеу жұмыстары бәрі бір жерде атқарылады. Кезек күтіп сарылмайсың. Тек жүкті түсіріп, қайта тиеу жұмыстары қолбайлау болады. Басканың бәрі дұрыс. Кеденшілерге алғысымнан басқа айтарым жоқ, – деп ағынан жарыла сөйлеген азаматтың бұл сөзіне сенгіміз-ақ келеді.

Сағат 10.00-де Қорғас кеденінің бастығы Әлихан Мәмбеталиев бізді қабылдауға тиіс болатын. Бұл жолы дәл уақытында келдік. Бірақ ол дәлізде бізге қарсы ұшырасты. Тым асығыс.

– Менің сіздермен әңгімелесуге уақытым болмай тұр. Қазір жедел түрде Қытай жаққа өту жөнінде нұсқау келді. Кешірім өтінемін. Кешеден бері нені көрдіңіздер, соның бәрін түгел жаза беріңіздер. Кемшілікті де жасырмаңыздар. Көпшіліктің көзінен көлегейлейтін бізде ештеңе болмауға тиіс,– деп қолын ұсынып, шығар есікке қарай беттеген жігітпен біз де асығыс қоштасып қала бердік.

«Егемен Қазақстан» газеті,
23 тамыз, 2000 жыл.

ҚОРҒАС КЕДЕНІНЕ ҚАЙТА КЕЛДІК...

Бұдан екі жыл бұрын Қорғас кеденіне өздерінің шақыруымен барып қайтқан едім. Сол жылдың 23 шілдесінде газет бетінде «Кеденге келдік, көп нәрсе көрдік» деген мақала жарияланған. Кеден бастығының атына біраз жылы сөздер айтыппыз. Алайда, осы екі жыл ішінде дәл осы кеденде бірнеше бастық ауысып үлгерді. Себеп-салдары белгісіз. Әйтеуір, жақсылықтан емес. Сол екі жыл бұрынғы оқиға бүгін дәл сол қалпында қайталанып отырғандай. Бұл жолы да кеден бастығын мақтаймыз. Біраз уақыттан кейін ол да үн-түнсіз басқа жаққа ауысып кетпесіне кім кепіл?

«Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газетінің тілшілерін арнайы шақырған Қорғас кеденінің қызметкерлері бізді «Кеден аймағы» деп аталатын өздерінің шекарасында күтіп алды. Оған дейін үш рет шекара бекетінен өттік. Ондағылар ұзақ әрі мұқият тексерді. Бұрын өйтпеуші еді. Кеденшілер қонақтарын емін-еркін шекарадан өткізіп алатын. Тәртіптің күшейгені ме, әлде шекарашылар мен кеденшілердің арасында бір-біріне деген сенімсіздік орнағаны ма, кім білсін.

Қағаздың дірілі

Қорғас кеденінің бастығы, кеден қызметінің полковнигі Ерікжан Әбдірахмановтың бөлмесінде отырмыз. Әріптесімнің мүддесіне орай үшеуіміз орыс тілінде әңгімелесуге кірістік.

– Мен бұл қызметке биылғы жылдың қаңтар айында келгенімді естіген шығарсыздар. Алғашқы екі айда жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді. Оның себебін жақсы білесіздер деп ойлаймын. Тек наурыздан бастап қана толық жұмыс істеуге мүмкіндік туды. Бұл айда мемлекет бюджетіне 107 миллион 437 мың 226 теңге (107%) кіріс кіргізіппіз.

Сәуірдегі көрсеткішіміз 1 миллиард 86 миллион 473 мың 402 теңгеге (679%) жетті. Мамырда 837 миллион 880 мың

954 теңге болды. Себебі, бұл айда біздің өз мерекелерімізді қоспағанда, Қытай мемлекетінің 10 күндік мерекесі басталды. Ол күндері екі жақтың да кедені жабық тұрды. Осы үш ай ішінде барлық кіріс көлемі 2 миллиард 791 миллион 582 мың теңгені құрады, – деп Ерікжан Мырзамұқанұлы біраз деректерді алдымызға тосты. Енді соларды бір-бірімен салыстырып көрелік.

Қорғас кеденінде соңғы үш жыл ішінде жиналған кеден бажының, яғни мемлекет бюджетіне түскен кірістің барлық көлемі 1999 жылы – 900 миллион теңге, 2000 жылы – 840 миллион теңге, 2001 жылы – 720 миллион теңгені құраған. Мұны көріп, еріксіз жағанды ұстайсың. Айырмашылық жер мен көктей. Бюджетке түспеген қалған қаржының қайда кеткенін ешкім білмейді.

Кеден бастығы сөйлеп отыр. Кейде асыға-аптыға, тұтығып қалады. Ондайда қолындағы қағазының ұшы дірілдей бастайды. Бірақ оны өзі байқамайды. Сырт көзге салмақты көрінуге тырысқанымен, жүйкесі жұқарғаны байқалып тұр. «Екі ай бойы жұмыс істеткізбеді» деді. Каржы полициясымен арадағы қақтығыс барысы баспасөз беттерінде біршама жазылды. Теледидарда олардан қалыспаған. Өңгімені сол жаққа бұрып көріп едім, ол оқиғаны еске алғысы келмейтінін ашық айтты. «Егер өте қажет десеңіз, Қорғас кедені қызметкерлерінің үстінен қозғалған қылмыстық істі қысқарту жөнінде Бас прокуратура шығарған шешімнің көшірмесін берейін» деп, 11 беттен тұратын құжатты қолыма ұстатты. Ол туралы кейінірек. Әзірге кеденнің ішкі жұмысын сөз етейік.

Қаскөйлік

– Кеден – тек кеден салығын жинаумен ғана шектелетін орын емес, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін сақтауда аса қажет органдардың бірі.

Қазіргі кезде Қытай мемлекетінен күнделікті тұрмысқа қажетті арзан тауарлар легі бізге қарай қаптап келуде. Өзімізде сондай заттарды шығаруға болар еді. Бірақ олар қытай

тауарымен бәсекеге түсе алмайды. Себебі, бұған дейін ол тауарлардан алынатын кеден салығы өте төмен деңгейде алынып келді. Оған жоғарыдағы мысалдар дәлел. Егер бағасы 5 мың теңге тұратын бір пар аяқ киімнен 20 пайыз қосымша құн салығы алынса, оның базардағы құны Қазақстанда шығарылған дәл осындай аяқ киімнен жоғары болмаса, төмен болмайды. Өкінішке орай, олай емес. Мұндағылар, яғни, кедендегілер ол аяқ киімдерді қайдағы бір арзан құрылыс заттары ретінде тіркеп, болар-болмас қана қосымша құн салығын алып келген. Ал, шын мәнінде, сол тауардан алынуға тиісті құн салығының біраз мөлшері жеке адамдардың қалтасына түседі. Бұл дегеніңіз бір үзім нанға бола Отаныңды сатып, қарсы жаққа өтіп кетумен бірдей емес пе,— деп күйіне сөйлеген кеден бастығының сөзін бөлмей ұзақ тыңдадық.

Оның айтуына қарағанда, Қорғас кеденінен түсетін қосымша құн салығының бір жылдық көлемі ешқашан нақты анықталған емес. Оны анықтау бүгін, міне, өздерінің мойнына түскенін сезеді. Ол үшін тек келесі жылдың осы уақытына дейін тыныш жұмыс жүргізуге мүмкіндік туса болды дегенді айтады. Сосын нақты деректер Үкіметтің алдына ұсынылады. Соның негізінде мемлекеттің экономикалық бағдарламасы жасалынады. Ал бұған дейін кеденшілер Үкіметті алдап келген. Соңғы екі-үш жыл ішінде 700 миллионнан астам теңге мемлекет қоржынына түспеген. Оны анықтау, кінәліні жауапқа тарту құқық қорғаушылардың міндеті. Бірақ бұлар түк болмағандай, түк көрмегендей күн кешуде. Өйткені, өздері де сол қыруар қаржыға қолдарын былғап алғаны жасырын емес. Дәл осылай айтуға негіз бар.

«Қылмыскерге» хаттама

Биылғы жылдың 17 наурызында Қорғас кеденінде қаржы полициясы мен кеден қызметкерлерінің қақтығысы болғаны жайында жоғарыда айттық. Енді сол мәселеге қайта айналып соғуға тура келіп отыр.

«Кеден бастығы қамауға алынды!» деп байбалам салған басылымдар да бар. Мұның бәрі жалған еді. Оны біз Бас прокуратураның қорытындысынан анық көреміз. Онда 2001 жылдың 23 маусымында Қаржы полициясы агенттігінің төрағасы Көліктегі қаржы департаментіне тасымалдау көліктерінің барлық түріне тексеру жүргізу жөнінде бұйрық бергені жазылған. Осы бұйрықтың негізінде департамент бастығы С.Шамшидинов Оңтүстік-шығыс көліктегі қаржы полициясының аймақаралық басқармасына 2002 жылдың 20 ақпаны мен 20 наурызы аралығында Қорғас кеденінде және Қорғас-Алматы тас жолында тексеру жүргізу жөнінде ұйғарым (предписание) шығарып береді. Бұлай жасау заңсыздық екен. Себебі, қаржы полициясының ұйғарым шығару арқылы тексеру жүргізуге ешқандай қақысы жоқ көрінеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы кеден ісі жөніндегі заң бойынша кеден аймағына осы сала басшылығының арнайы рұқсатынсыз ешкім тексеру жүргізе алмайды. Соған қарамастан, қаржы полициясының қызметкерлері мұнда басакөктеп келген. Оған кеден қызметкерлері қарсы шыққан. Соңы қақтығысқа ұласа жаздаған.

Бұл жерде біз мына бір мәселеге ғана назар аударғанды жөн көрдік.

Ұйғарым бойынша өзін жауапқа тартуға келгендердің қолындағы «күдіктіні ұстау жөніндегі хаттама» сол жерде Е.Әбдірахмановтың қолына түсіп қалады. Оқып қараса онда «...күдікті адамның киімдерінен қылмыстың іздері анықталды» деп жазылыпты. Мұндай хаттама күдікті адамға тексеру толық жүргізілгеннен кейін ғана толтырылатыны белгілі.

Қаржы полициясы қызметкерлерінің мақсаты – тым талапшыл кеден бастығы Е.Әбдірахмановтың көзін құрту екені осыдан-ақ көрініп тұр.

Қысым қалай басталды

–Ақпан айында бірден 27 адамды жұмыстан шығардым. Себебі, олар бұған дейін Қытай жақтан жүк тиеп келген

КамАЗ-дардың әрқайсысының салмағын бар-жоғы 2 тоннаның маңайында, одан алынған кеден салығын 60 мың теңге көлемінде ғана деп көрсетіп отырыпты. Олай болуы мүмкін емес. Қазіргі кезде біз дәл осылай бір жүк көлігінен 1 миллион теңгеден астам кеден салығын алып жүрміз. Міне, осындай адамдармен қалай жұмыс істеп, оларға қалай сенім артасың.

Сөйтіп, бұл адамдар жұмыстан кете салысымен жан-жақтан телефондар шырылдап қоя берді. «Өлтіреміз, бала-шағанды кепілдікке аламыз!» деушілер де болды. Бірақ, алған бетімнен қайтпадым. Соңы қаржы полиция қызметкерлерінің қоқан-лоққысымен аяқталды,— деп Ерікжан бізді сыртқа ертіп шықты.

Ең үлкен қауіп

Неге екенін қайдам, Қорғас кедені бұрынғы үлкен өзен арнасының дәл ортасына салыныпты. Көктемде талай рет су тасқыны қауіп төндірген. Осы қауіптен қорғану үшін кеден қызметкерлері өз күштерімен екі жерден үлкен бөгет салыпты. Қазіргі кезде оның біріншісін су бұзып өтіп, екіншісіне келіп тіреліп тұр.

Егер оны да су шайса, Қорғас кеденін әп-сәтте жоқ қылады. Бұл тек кеденшілердің ғана емес, мұндағы жолаушылардың, екі елдің жүк тасымалдаушыларының да өміріне қауіп төндіретіні сөзсіз.

Сонымен қатар, Қазақстан кеден қызметіне де қыруар шығын келеді. Е.Әбдірахмановтың ендігі арманы — осы жерден мызғымас бір бөгет салдыру. Оған қаржы керек. Сол жағын газет арқылы жоғарғы жаққа жеткізсеңіздер екен,— дейді ол. Жеткізген деген осы. Ендігісін уақыт көрсетер.

Көп ойлардың қысқа нұсқасы

Кеден бастығымен болған әңгімеде мұндағы кадр мәселесін де қозғағанбыз. Қызметкерлердің жалақысы 15 мың теңгенің ар жақ-бер жағында ғана. Бірақ, бұл қызметке орналасқысы келетіндердің саны күннен-күнге өсе түсуде. Оның себебі неде деп сұрадық.

Е.Әбдірахмановтың айтуына қарағанда, олардың көбісі мұндағы жағдайдың күрт өзгергенінен әзірге бейхабар. Сондықтан, бұл жерге келіп байимыз деп үміттенгендер әлі баршылық болса керек.

Кадр мәселесіндегі тағы бір өзгеріс – Е.Әбдірахманов Қорғас кеденіне қызметке жергілікті адамдарды көбірек алған дұрыс деп есептейді. Себебі, олар басқа жаққа барып, уақытша тірлік кешуді қаламайды. Егер өз жерлерінде жүрсе, тұрақты жұмысынан айырылып қалмас үшін адал қызмет істеуге тырысады. Ал, басқа аймақтағы кеден қызметіне барса, ол жерде уақытша ғана істейтінін біліп, қалайда қалтасын қампитуды ойлайтыны белгілі. Бұл айтқандары көкейге қонатындай.

2001 жылдың 1 шілдесінен бастап кеден арқылы өтетін тауарларға салынатын қосымша құн салығының мөлшері 20 пайыздан 16 пайызға дейін төмендетілген. Соған қарамастан соңғы 4-5 айдың ішінде Қорғас кеденінен жиналатын кеден салығының мөлшері 3 миллиардқа жуықтап қалды. Жыл аяғына дейін дәл осылай кете берсе, мемлекет қоржынына біраз ақша түсетіні анық. Бүгінде бір-екі айдың ішінде ғана өткен жылдардың бір жылғы кеден табысынан артық кіріс кіргізген бүгінгі Қорғас кедені қызметкерлерінің еңбегі мақтауға лайық сияқты. Шын елін сүйген азаматтар ғана адалдық жолында ештеңеден тайынбайтынына осы жолы көзіміз жеткендей болды. Әйтеуір, ұзағынан сүйіндіргей.

«Егемен Қазақстан» газеті,
7 тамыз, 2002 жыл.

МҰНАЙ МАҢАЙЫНДАҒЫ ШУДЫҢ МӘНІСІ

Бұдан бірер ай бұрын Американы дүр сілкіндірген табиғат апатының салдарынан дүние жүзінде мұнай бағасы көтеріле бастағанда мұның бізге әсері тие коюы екіталай деп болжам айтқандар да болған. Бірақ мұнай бағасы барлық жерде біртіндеп өсе береді. Осы айдың басында Қазақстандағы жанар-жағар майдың бағасы тіпті аспандап кетті.

Парламент депутаттарры мұның себеп-салдарын анықтау үшін Премьер-министр Д.Ахметовты мінберге шақырды. Ол кісінің басқа шаруалардан қолы тимей жатқандақтан Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.Школьник шамасы жеткенше халық қалаулыларының алдында мәселенің мәнісін түсіндіруге тырысты.

Оның сөзінен түйгеніміз – сырт жақта мұнай бағасының өсіп кетуіне байланысты Қазақстанда мұнайға иелік етушілер оңай олжадан қарппып қалу үшін, мұнай өнімдерін сыртқа шығара бастаған. Министрдің айтуына қарағанда, бұл нарық заңына тән құбылыс көрінеді. Мұнай өнімдерінің біздегі қожайындары, яғни монополистер жанар-жағар майдың өсетіндігін ресми түрде үкіметке ескерткеннен кейін не істеймін десе де өз еріктері екен. Бұған дейін де осылай болыпты, бола беретін де көрінеді.

Қазақстандағы мұнайдың 16 пайызын өз компанияларымыз шығарады. 84 пайызын шетелдіктер өндіреді. Міне, мұнайдың үстінде отырып жанар-жағар майға жарымауымыздың бір себебі осы. Шетелдіктер өндірген шикізатқа қол сұғуға қақымыз жоқ. О бастағы келісім-шарт солай жасалған.

Ал біздегі әлгі 16 пайызды ғана өндіретін компанияларымыз да әлемдік нарыққа шығып, пайда тапқылары келеді. Анда-санда олар сыртқы бағаның өсу қарқынына орай ептеп ішкі өнімнің бағасын да көтеріп қояды.

Дегенмен, республиканың ішіне мұнай өнімдерін шығаратын зауыттарымыз толық қуатында жұмыс істемейтінін несіне жасырамыз. Мәселен, Павлодар мұнай өндеу зауыты өз қуатымен 38,7, Шымкент зауыты 55,5, Атырау мұнай зауыты 61,1 пайызға ғана жұмыс істейтінін екiнiң-бiрi бiле бермейдi. Бұл жөнiнде ашық айтуға министр В. Школьник жасқаншақтайтынын да көпшiлiк байқап қалғандай. Егер осы үшiн зауыт толық күш-қуатымен жұмыс iстесе, Қазақстан жанар-жағар майдың астында қалары анық. Ендеше, неге олар толық күш-қауымен жұмыс iстемейдi? Әлде iшкi нарықта оның өнiмдерiне сұраныс жоқ па? Бар, әрине. Бар болғандықтан да Ресейден мұнай өнiмдерiн сатып алып жатқан жоқпыз ба?!

Осынау ақылға қонымсыз жағдайды әзiрге ешкiм бүге-шігесiне дейiн халыққа түсiндiрiп бере алмай отыр.

Шымкент пен Павлодардағы мұнай зауыттары шетелдiктердiң иелiгiнде. Ал олар өз өнiмдерiн қай жаққа шығарамын десе де өздерi бiледi.

Бұған дейiн де олар дәл көктемгi, күзгi науқан кездерiнде осы екi зауыттың бiрiн әртүрлi сылтаулармен жауып тастап, жанар-жағар май бағасын көтерiп жiберетiн. Науқан аяқталғанның кейiн бағаны ептеп төменденкенсидi. Бiрақ ол баға ешқашан толықтай бұрынғы қалпына келген емес. Келесi жылы сол бағаның үстiне тағы баға қосылады. Сосын, тағы ептеп түсiрiледi. Қысқасы, бiздегi жанар-жағар май бағасы жыл сайын өстiп мысықтабандап көтерiлiп келедi, көтерiлiп келедi. Халық та оған үйренген. Соның салдарынан жыл сайын басқа тауарлардың да бағасы көтерiлiп, теңгемiз бiлiнбей құнсызданып барады.

Таяуда ғана Астанада «Қазақстан – 2030» стратегиясының жүзеге асырылуы» атты халықаралық ғылыми-тәжiрибелiк конференцияда сөйлеген сөзiнде Президент «Ел экономикасын өркендетудiң бастаушы күшi – мұнай секторын дамыту болып табылады. Бiздiң мақсатымыз – жеке мүдделерiмiздi ескере отырып, бұл секторды және ресурстарды тиiмдi пайдалану. Сөйтiп, елiмiздiң болашағы болып табылатын экономиканы құру» дедi.

Президент халықтың әл-ауқаты байлықтың табиғи молдығымен емес, оның әлемдік нарық бәсекелестігі нәтижесімен өлшенетіндігін баса айтты. Соған қарамастана соңғы 1 айдың ішінде жанар-жағар май мәселесі билікті де, халықты да кәдімгідей қобалжытып тастады.

Қарапайым есеп-қисап ережесіне жүгінгендер Қазақстандағы бензиннің бағасы АҚШ-тағы бензин бағасымен шамалас деп жүр.

Бұл – аландатарлық жағдай. Себебі, АҚШ-тағы орташа жалқы Қазақстандағыдан он есеге артық. Қазақстан үкіметі жанталаса қимылдайтын кез енді келді. Қимылдап та жатқандай.

Премьер-министр Д. Ахметов биылғы жылдың 31 желтоқсанына дейін Қазақстан аумағынан жанар-жағар май шығармау жөніндегі қаулысының мүлтіксіз орындалауын қадағалау ісіне қатысы бар барлық министрліктерге қатаң тапсырамалар берді. Таяуда сенаттың жалпы отырысында «Жер қойнауын пайдалану және Қазақстанда мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша» атты Заңға түзетулер мен толықтырулар енгізіліп, Елбасының қол қоюына жіберілді. Осынау Заң жобасының қабылдану себептерін Энергетика және минералдық ресурстар министрі В. Школьник былай деп түсіндіреді: «Шетелдіктер «ПетроҚазақстан» ашық компаниясын бізге айтпай сатуға кіріскенін үшінші біреулерден естідік. Осыған байланысты мен Канаданың Қазақстандағы елшісіне наразылығымды білдірдім. Себебі, олар бұл компанияны саудаға қояр алдында, әлемдік этика тәжірибесіне сай бізбен хабарласып, көзқарасымызды білулері тиіс еді. Бірақ өйтпеді. Сондықтан, жаңа Заң жобасын қабылдауымызға тура келді».

Бұл Заңға сәйкес Қазақстандағы шетелдіктер иеленетін компаниялардың акцияларын сыртқа сату жөніндегі мәселелер енді тек Қазақстан мемлекетінің рұқсатымен ғана жүзеге асатын болады. Қажет деп тапса, мемлекет ол компанияны тұтасымен өзі сатып алуға қақысы бар екендігі де көрсетілген.

Сонымен, мұнайға қатысты мәселенің басы ашылған сияқты. Тек үш нәрсе көңілге күдік ұялатады.

Біріншісі, биылғы жылдың 31 желтоқсанына дейін сыртқа жанар-жағар май шығармау жөніндегі үкімет қаулысына байланысты. Жымысқылардың қулығына құрық бойламайтыны белгілі. Олар мұнай өнімдеріне басқа тауарлардың атын қойып, оны құжаттап, шекарадан жасырын алып өтуі әбден мүмкін. Ендеше, осыған қатаң тосқауыл қойылсын.

Екіншісі, бүгінде жанар-жағар майдың бағасының шарықтап өсуін үкімет тоқтатқанымен, ол әлі төмендеген жоқ. Төмендесе де бұрынғы қалпына түсе қоюы екіталай. Үкімет ел сеніміне ие болғысы келсе, жанар-жағар майдың бағасын жылдам арада қалпына келтіруге тиісті. Әйтпесе, ұзын арқан, кең тұсауға үйренген біздің халық келе-келе қазіргі бағаға да шүкіршілік ете салуы әбден мүмкін.

Үшіншісі, еліміздегі Президент сайлауы қарсаңында кейбір қара ниетті топтар осынау бейберекетсіздікті әдейі ұйымдастырды ма деген күдіктер де айтылуда. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы бұл жөнінде қылмыстық іс қозғап, «ПетроҚазақстан» компаниясы басшыларының жасырын биржалардағы былық-шылықтарын әшкерелегені дұрыс. Сонда ғана мұнай маңайындағы шудың мәнісі көпшілікке белгілі болады.

**«Президент және Халық» газеті,
5 қазан, 2005 жыл.**

СУРЕТШІЛЕР НЕГЕ ПАЙДА ТАБА АЛМАЙДЫ?

Ол кісіні мен сырттай көріп жүргелі біраз уақыт болған. Аты-жөнін білмейтінмін. Білетінім – көктем шыға салысымен өз подъезінен бастап, маңайда тұрған сол ауладағы үйлердің маңын көгалдандыруға кіріседі. Ала жаздай өзі отырғызған ағаштарды баптап-күтіп жүргені. Сол кісінің арқасында қазір біздің ауламызда ақ қайындар баяу тербеліп тұр.

Таяуда әдеттігедей асыға басып жұмысқа кетіп бара жатқан мені ол тоқтатып жөн сұрады, өзін таныстырды. Аты-жөні Владимир Павлович Казаков екен. Мамандығы суретші. 1962 жылы Алматы көркемсурет училищесін бітіріпті. 1973 жылы Мәскеу полиграфия институтын тәмамдапты. 1988 жылдан бері Қазақстан Дизайншылар одағының мүшесі.

– Сіздің журналист екеніңізді білемін. Ал сіз Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі туралы естігеніңіз бар ма?

Сырттай естігенім болмаса, бұл оқу орнына бас сұғып көрмеппін. Владимир Павловичтің айтуына қарағанда, бұл оқу орнына биыл 60 жыл толады екен. Осы жөнінде газетке мақала жазсаң деген ойын сөз соңында жасырмады. Қапелімде тосылып қалдым. Мен қызмет істейтін газет қазақ тілінде шығатындығын ескертіп, құтылып кетсем бе деген «құлығымнан» да ештеңе шықпады. «Бізге керегі де осы еді ғой» деді.

Келесі күні таңертең Владимир Павлович екеуміз Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжіне қарай бет алдық. Студент кезімде өзім талай рет келіп жүрген консерваторияның жатақханасымен егіздің сыңарындай болып қатар тұрған бұл ескі жатақхананы оқу ғимараты – училище деп ойламаппын. Ішке кіріп, күңгірт дәлізді бойлай екінші қабатқа көтерілдік.

Бұдан 25 жыл бұрын мектепте бірге оқыған парталас досым Хасанов Хатиф деген бозбаланың осында оқуға түсуге талпынып жүретіні бар еді. Бірақ ол мектептен кейін Семейдегі пе-

динституттың суретшілер дайындайтын факультетін бітірген болатын. Мектеп-интернаттың жатақханасындағы екеуміз тұратын шағын бөлменің қабырғалары Айвазовский, Шишкин, Левитан, Репин картиналарының көшірмесінен көрінбейтін. Міне, сол досымның арқасында жинақтаған ескі «багаждың» пайдаға асар тұсы енді келді деп ойладым училище директоры Болат Сапарұлы Досжанов мырзамен танысып жатып. Бірақ, ол кісі қыштан жасалған, ақ тастан қашалған біраз «денелерді» көрсетіп, олардың мән-жайын айтып кетті. Бұл кісінің мамандығы мүсінші екен. Сосын колледждің тарихы туралы ұзақ-сонар әңгімеге ойысты. Бұл колледж сонау 1938 жылы КСРО Суретшілер Одағының жанындағы Қазақстан бөлімінің студиясы ретінде дүниеге келіпті. 1941 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қазақ мемлекеттік театр-сурет училищесі болып қайта құрылыпты. 1992 жылдан бастап Орал Таңсықбаев атындағы Алматы көркемсурет училищесі болып қайта құрылыпты. 1995 жылы Білім министрлігінің бұйрығымен «Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-колданбалы өнер колледжі» деген атқа ие болған.

Дұрыс-ақ дейік. Ал сонда Владимир Павловичтің мұнда мені шақырып келуіндегі мақсаты не екенін әлі толық түсіне алмай тұрғам. Ол кісі жол-жөнекей бір сөзінде бұл училище жабылып қалуы қарсаңында дегенді құлаққағыс еткен. Директор мырза ол жөнінде әзірге ештеңе демейді.

1963 жылдан бері мына жатақхананы оқу корпусы ретінде пайдаланып келеді. Қазақстанда ең алғаш суретші мамандарын дайындап, талай тарландарды түлеткен бұл оқу орны бүгінде осы саланың қасиетті қара шаңырағы іспеттес екенін өздері мақтанышпен айтады. Соған қарамастан әлі күнге дейін осынау құлағалы тұрған ескі үйді пана тұтуда. Бұл – Әнуар Мұжыбаев, Владимир Казаков сияқты түлектердің пікірі. Өздері бүгін зейнет жасына жетсе де ол азаматтар алтын ұяларын «қашанда» қызғыштай қоруга дайын екені көрініп тұр.

Болат Сапарұлынан бүгінгі зәру мәселелері жайында сұрап едім, ол кісі ептеп шешіле бастады.

– Шынында, 60 жылдық мерейтойымыздың қарсаңында Алматыдағы босап жатқан орташалау ғимараттардың бірін бізге берсе, ТМД-ның түкпір-түкпірінен жиналатын түлектерімізді ұялмай қарсы алар едік. Мерейтой қарсаңында қаржы жағынан қысылып тұрғанымызды айттық не, айтпадық не. Ал біздің студенттердің қолымен жасалған әсем бұйымдар бүгінде республика театрларының сахналарын безендіруге көп көмегін тигізуде. Егер осы өнер туындыларын халық алдына шығарсақ, әп-сәтте-ақ үлкен сұранысқа ие болатыны сөзсіз. Алайда өзіміз жасаған өнер туындыларын сатуға немесе тапсырыспен жұмыс істеуге бізге заң жүзінде рұқсат жоқ. Әзірге бәрін тегін орындаймыз. Болашақта осы жағын ойластыра отырып, өзімізді өзіміз ептеп қаржыландыру жұмысын жолға қойсақ, одан мемлекетке де, бізге де, жекелеген талантты шәкірттерімізге де пайдадан басқа зияны болмас еді,– дейді Болат Сапарұлы жеке бөлмеде жиюлы тұрған өнер туындыларын көрсетіп.

Мен ойға қалдым. Шынында да Білім департаментінде отырған білікті басшылар заман талабына сай талпыныс жасап, бір сәт жаңаша ойлауға тырысса, біраз нәрсенің көзі ашылайын деп тұр екен-ау. Ал, суретшілер мен қолөнер шеберлері бұл жөнінде өздері әзірге еш жерде үлкен әңгіме көтермепті. Көкейлеріндегі негізгі ойларын тұспалдап қылқаламмен, бояумен ғана жеткізіп үйренген бұл адамдарды сөйлетудің өзі маған оңайға түспеді. Ендеше, олардың ойындағысын басқалар қайдан білсін. Дегенмен, бұл мақала осы саланың үлкен басшыларына ой салар деген үміттемін.

«Егемен Қазақстан» газеті,
12 тамыз, 1998 жыл.

ҚҰРЫЛЫС – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ

Соңғы апталарда бағаның күннен-күнге өсіп бара жатқаны байқалады. Баспана бағасы да фантастикалық деңгейде. Оның ішінде құрылыс материалдарының құны да шарықтап тұр. Ипотекалық несие арқылы үй алу әзірге саябырсыды. Заңсыз салынған зәулім үйлер қиратылады деген сыбыс та тарап жатыр. Оның өтемақысы үшін мемлекеттен 4,5 миллиард теңге бөлінбекші. Таяуда «Президент және Халық» газеті мен «ТАМ құрылыс» инвестициялық құрылыс компаниясы бірлесе өткізген дөңгелек үстел басындағы сұхбатта осы және өзге де өзекті мәселелер ортаға салынды. Бұл сұхбатқа «ТАМ құрылыс» компаниясының президенті Сапарғали Құдайбергенұлы Нүкенов, Құрылысшылар Ассоциациясы президентінің кеңесшісі Виктор Александрович Тарасов, энергетика саласының маманы, профессор Кежек Бершенұлы Ысқақ, «Жерұйық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болатбек Төлепберген, тәуелсіз журналист Людмила Константиновна Шашкова, «ТАМ құрылыс» компаниясының сауда жөніндегі басқарушысы Павел Анатольевич Яковлев, «Президент және Халық» газетінің Бас редакторы Марат Тоқашбаев қатысты. Төменде дөңгелек үстел басындағы осы сұхбат оқырман назарына ықшамдалып ұсынылып отыр.

С.Нүкенов: – Елбасымыз өзінің жыл сайынғы Жолдауларында құрылыс – экономиканың локомотиві екендігін үнемі айтып келеді. Бұл шынында да солай. Біріншіден, бұл сала халықтың өсіміне тікелей ықпал ететін қажеттілік екені даусыз. «Үйі жоқтың күйі жоқ» деген сөз бекер айтылмаған. Екіншіден, өз баспанасы бар адам бүгінде орта тап өкіліне жатады. Егер біздер коттедж түрінде үйлер тұрғызып, оны қалтасы көтеретіндер сатып алып жатса, онда орта таптың дамуына жол ашқан болар едік. Бұл бір жағынан азаматтық қоғамның іргетасы қаланғандығын білдірері сөзсіз. Әлбетте жағдайы дұрыс адамның азаматтық

ұстанымдары да берік болады. Осыдан келіп ұлттық идея, ұлттық идеология деген келіп шығады. Алдымызда әлемнің дамыған елу елінің қатарына қосылу туралы міндет тұр.

Егер ұлттық мәдениетіміз бен әлеуметтік жағдайымыз сын көтермей жатса, айналамызға не бетімізбен қарамақпыз. Сондықтан, Қазақстан азаматтары әлемдік өркениет талаптарына сай баспанада тұру керек. Ол үшін кез келген қарапайым адам кез келген уақытта сатып ала алатын қолжетімді баспаналар тұрғызылғаны дұрыс. Бүгінде қанша адам баспанаға зәру екенін мен айта алмаймын. Бірақ, халықтың отыз пайызы қолжетімді баспана болса сатып алатын еді. Өкінішке орай, біздегі баспана нарығы қазір тоқырау үстінде. Америкада баспана үшін берілетін ипотекалық несиенің қайтарымдық пайызы уақыт өткен сайын кеми түсуде. Ал АҚШ-та ипотекалық дағдарыс нышаны қылтиып еді, бізде ипотекалық несиенің қайтарымы тағы да үш пайызға өсті. Бұл – баспанаға мұқтаждарды үркітіп тастады. Нәтижесінде ипотека арқылы үй алу қарқыны күрт бәсеңдеді. Жұрт осыдан кейін баспана бағасы төмендейтін шығар деп үміттенуде. Ол төмендеген жоқ. Күрт төмендейтін сыңайы да көрінбейді.

Себебі, біз бүгін қуат көздері үшін алты теңге төлесек, ертең жеті теңге төлейтін боламыз. Сөйтіп күн өткен сайын ол өсе береді. Құрылыс заттары арзандады ма? Жоқ, керісінше қымбаттап барады. Электр қуаты да солай. Тасымалдауға кететін шығындар да шығандау үстінде. Олай болса, баспана бағасы төмендемейді деген сөз. Сондықтан, біздің азын-аулақ жинаған қаржымызды жылжымайтын мүлікке салғанымыз дұрыс. Өкінішке орай, жұртшылыққа мұны түсіндіре алмай келеміз.

Осы орайда біздің «ТАМ құрылыс» инвестициялық компаниясы өз тауарымызды бір тиынға да қымбаттатпағанымызды айта кеткім келеді. Ең қажетті тағам – нанның өзі екі есеге қымбаттады. Осы орайда мен сіздерді электр қуаты, жылу, газ, тағы басқа өмірлік қажеттіліктер жайындағы әңгімеге шақырғым келеді. Мәселен, біз тұрғызып жатқан «Жаңа Қуат»

поселкесіндегі үйлерді жылыту үшін жел қуаты мен күн қуатын пайдаланамыз. Бүгінде әлемдегі жиырма миллионнан астам жекеменшік үй иелері осыны ұтымды пайдалануда.

Қазіргі кезде Алматының тау жағында заңсыз салынған үйлерді бұзып жатыр. Оның алдында «Шаңырақ» пен «Бақай» елді мекенінде де солай болған. Тау жақтағы заңсыз салынған үйлердің иелеріне мемлекет тарапынан төленетін өтемақының көлемі 4,5 миллиард теңгені құрайтыны белгілі болып отыр. Осыншама қаржыны босқа шашқанша біздің сапалы әрі арзан үйлерімізді сатып алса, үкімет те, үй иелері де ұтар еді. Өкінішке орай, ол әзірге ешкімнің ойына келер емес, «Жаңа Қуатта» ауыз су мәселесі де шешілген. Таяуда үш жерден бұрғылап су шығардық. Ондай таза су меніңше еш жерде жоқ. Поселкеге барар жолдар түгелдей асфальтталған. Су құбырлары, газ тартылған. Телефон байланыстары жұмыс істеп тұр. Бір орталықтан жылу беріледі. Осы қызметтер үшін біз өз бағамызды көтерген жоқпыз. Бірақ цемент бағасы соңғы айларда екі-үш есе көтерілді. Әлі де көтерілмек. Энергетика да солай. Бұл – үкіметтік деңгейде қарастырылатын мәселе. Ол жайында Кежек Бершенұлы айта жатар.

К.Ысқақ: – Біздегі қазір салынып жатқан үйлерді қарапайым жұрт сатып ала алмайды. Бағасы қымбат. Мен ардагер энергетик ретінде былай дегім келеді. Энергетика, яғни қуат көздері жайында кейінгі кезде ғана нақты мәселелер көтеріле бастады. Тәуелсіздік алған жылдардан бері бұл салада ешқандай ілгерушілік болған емес. Кейінгі екі айда Үкімет осы жөнінде бірдеңелерді қолға ала бастаған сияқты. Бірақ тұсау көп. Өйткені, энергетикалық нысандардың бәрі жекешелендірілген. Энергетика саласындағы білікті мамандардың көбісі басқа салаларға ауысып кетті. Енді оның орнын толтыру үшін біршама уақыт әрі қыруар қаржы қажет.

Жалпы Алматыны жылумен қамтамасыз ететін АПК деген мекеменің өзі кімге бағынатыны белгісіз. Электр қуатын кеңестік кезде тегін пайдаландық десек, артық айтқандығымыз емес.

Өйткені, бәрі мемлекеттің құзырында болды. Қазіргі жағдай мүлдем басқаша. Электр қуатының бағасы артқан екен, мемлекет халыққа соған сай өтемақы берсін. Сонда ғана нәтиже шығады. Мәселен, Жамбыл ГРЭС-і әлемдегі ең мықтылар қатарына жатады. Бірақ, оның беретін қуаты бүгінде өте қымбат. Неге? Кезінде ол станса тек газбен жұмыс істеген. қазір мазутпен жұмыс істейді. Егер, ол Екібастұз көмірімен жұмыс істесе, шығын әлдеқайда азаяр еді. Бұдан отыз жыл бұрын солай жасау жөнінде шешім қабылданған болатын. Ол қағаз жүзінде қалды.

Мұнымен кім айналысуы керек? Әрине, Үкімет. Бірақ, Үкімет қазір Жамбыл ГРЭС-нің қожайыны кім екенін де білмеуі мүмкін. Тәуелсіздік алғанға дейін елімізде жұмыс істеген электр қуат көздері сол күйінде жұмыс істей бергенде бүгінде электр қуатынан ешқандай тапшылық көрмес едік. Екібастұздағы ГРЭС-1-дегі сегіз блоктың тек жартысы ғана жұмыс істеп тұр. Оны сатып алған американдықтардан себебін сұрасақ, «Бізге солай еткен тиімді» деген жауап естідік. Сонда, біз шетелдіктердің мүддесі үшін өмір сүріп жатырмыз ба? Онда несіне электр қуатын жекешелендірдік? Оны сатып алған адам жақсы жұмыс істеу үшін, әрине. Жұмыс істемейді екен, қайтадан оны мемлекет меншігіне алған дұрыс. Жағдайымыз енді түзеліп келеді.

Екібастұздағы ГРЭС-2-нің жағдайы да дәл солай. Оны Ресейге бергенбіз. Сөйтіп, Екібастұз көмірінің қызығын қазір шетелдіктер көріп жатыр.

Л.Шашкова: – Алматының іргесіндегі өздеріңіз салып жатқан «Жаңа Қуат» поселкесі жылу көздерін қайдан алмақшы?

К.Ысқақ: – Облыспен, ауданмен, қаламен бұл мәселелер үйлестіріліп шешіледі. Келісімдер жасалған. Оған қазіргі жұмыс істеп тұрған стансалардың қуаты толық жетеді. Тек тоқтап тұрған техникаларды тез арада іске қосқан жөн. Егер, бүгін электр қуаты жетпесе, ол қолдан жасалынған қиындықтар деп білемін.

В.Тарасов: – Жоғарыда айтылғандардың бәрі шындық. Мұндай шешімін күткен жағдайлар еліміздегі көптеген

шаруашылықтарға тән құбылыс. Құрылысшылардың өз проблемасы, әлеуметтік саланың өз проблемасы жетерлік. Индустрия және сауда министрілігіне қарайтын құрылыс саласын өз алдына бөліп жеке министрлік құру жөніндегі жоғары жаққа ұсыныс та түсіргенбіз. Мұндай ведомство өте қажет. Өйткені, құрылыс саласы қазір ауқымын кеңге жайып барады. Басқару оңай емес. Министрліктің қарамағындағы басқа ведомстволардың өз зәруліктері шашетектен. Ұсынысымыз әзірге қаралу үстінде. Ал жаңадан салынған үйлер қымбаттап барады. Оған себеп – құрылыс материалдарының қымбаттауы. Цемент бағасының өсуі бәсеңдейтін емес. Мұның соңы неге апарып соқтырады белгісіз. Бұрынғы тоқтап қалған цемент зауыттары енді ғана іске қосылуда. Ал, құрылысқа қажетті заттардың бәрі сырттан әкелінеді.

П.Яковлев: – Біз төрт түрлі технология бойынша жұмыс істейміз. Оның біріншісі «Изодом» деп аталады. Бұл – технология бойынша арзан әрі сапалы бетон жасалынады деге сөз. Екіншісі – фин технологиясы бойынша құрастырылатын арзан қолды үйлер. Үшіншісі – пеноблоктан тұрғызылатын үйлер. Төртіншісі – темір құрсаулар арқылы тұрғызылатын үйлер. Біздер жер сілкінісі қаупі бар аймақта жұмыс істейтіндіктен осындай әдістерді қолданамыз. Жалпы мен осы тұста мемлекеттік бизнес пен жеке бизнес арасындағы байланыс, үйлесім жоқ екенін ашық айтқым келеді. Мәселен, жаңадан елді мекен салсақ та немесе балаларды ат спортына үйрететін кешенді мектеп салсақ та, оның бүкіл инфроқұрылымын өз мойнымызға аламыз. Сөйте отырып, бағаны тұрақты ұстауға тырысамыз. Экологиялық талаптарды да қатаң сақтаймыз. Өйткені, сол жердегі адамдар, біз тұрғызған мектепте оқитын балалар өз еліміздің азаматтары екендігін әркезде есте ұстаймыз. Сондықтан, бюджет туралы заңды, т.б. заңнамаларды бекіткенде мемлекет жеке меншік компаниялардың да мүддесін ескергені дұрыс болар еді. Тендер өткізуде көптеген заңсыздықтарға жол берілетіні рас. Қолжетімді үйлер саламыз деп кейбіреулер көз бояушылыққа жол беріп жатады. Әр шаршы метрі 350-450 доллар тұратын үйлер салу – құрылысшылар үшін тиімді емес және ондай

бағаға тұратын үйлер шын мәнінде болмайды. Бізге мемлекеттік тапсырыс бойынша салынатын үйдің бағасын айтсын. Соған сәйкес жап-жақсы үй салып шығу түк те қиын емес. Жақсы үйлер салу бізге де тиімді.

Тендерден ұтып алып, тұтас бір ықшам аудан салатын кездер де болады. Онда әлеуметтік жағдайлар, жол, жылу, көпір құрылыстары бәрі қарастырылған. Алайда, бұлардың ақшасын үкімет дер кезінде бермейді. «Сендер сала беріңдер, 4-5 жылдан кейін төлейміз ғой» деген сөз кімге керек?! Бұл аралықта баға өседі, ақша құнсызданады, бірақ ол ескерілмейді. Бұдан кейін іске деген құлшыныс кемиді.

Б.Төлепберген: – Алматы қаласының маңайында 32 елді мекен бар. Бұлардағы жағдайлар өте күрделі. Сөздеріңізді тыңдап отырсам, сіздерде де шешімін күткен мәселелер көп екен. Тендер жариялы түрде өтпейді дейсіздер. Құрылыс заттары қымбаттап жатқанын жақсы білеміз. Алматы қаласындағы біраз құрылыс компанияларының қалалық құрылыс департаментін сотқа береміз деген әңгімелері де көтерілуде. Ал, мына «Шаңырақ», «Бақай» елді мекендеріндегі жағдайларды қайтеміз? Сіздер салып жатқан үйлерді үкімет сатып алып, осы елді мекендегі үйлерді бұзып жатқан адамдарға неге өтемақы ретінде бермеске? Бұл жөнінде неге арнайы бағдарлама қабылданбасқа? Бәлкім сіздер мен біздер осы істі бірігіп қолға алармыз?

С.Нүкенов: – Мына қаладан шыға беріс жерлердің қазіргі нарықтық бағасы қандай? Мәселен, мына «Думан» шағын ауданындағы үйлер?..

Б.Төлепберген: – Бағасы жоғары деп естиміз.

С.Нүкенов: – Әр соттығы 50 мың доллардай бола ма?

Б.Төлепберген: – Мен осы маңайдағы елді мекендерге жиі барамын. Әр соттығы 100 мың доллардан тұратын жерлер де кездеседі.

С.Нүкенов: – Біздің «Жаңа қуат» поселькесінде 250 мың долларға 180 шаршы метрлік дайын үй сатып алуға болады. 2 қабатты, 6 соттық жері бар. Осы мәселелерді үкімет пен қалалық әкімшілікпен бірлесіп шешуге болады ғой?

Б.Төлепберген: – Олай болса, біз келесі жылы 60 гектар жерге 1000 үй салып берейік. Алматының жоғарғы жағындағы бұзылып жатқан үйлердің өтемақысы үшін үкімет 4,5 млрд теңге жұмсалады дейді. Біздің салған үйлерімізді соларға сатып әперсе, әлдеқайда арзанға түсер еді. Әрине, жоғарғы жақтағылар қалай қоймас, бірақ «Бақай», «Шаңырақтағылар» сөзсіз рахмет айтар еді. Жалпы біздің халық үшін коттедж үйлер тиімді. Егер, қаланың маңайынан сондай үйлер салсақ, қандай жақсы болар еді. Әрі әдемі, тұрмысқа да қолайлы, қосалқы шаруашылықпен айналысуға да мүмкіндік бар. Оның үстіне қазақтар ағайын туғандарымен бірге отырғанды жақсы көреді. Бала-шағалары да бірге, бір аулада өсіп жатса қандай ғанибет. «Жаңа қуат» поселкесінде 100 үйдің әрбір тұрғынына 60 жұмыс орынын ашпақшымыз. Облыс әкімі бұл ісімізді қолдады.

Қ.Ысқақ: – Көрші Ресейге қарайықшы, ондағы пример-министрдің орынбасары қашан көрсең де іс сапарда жүргені. Қай жерде кемшілік тапса, соны шұқып көрсетеді. Ал, біздің үкіметтегі басшылар орындарынан қозғалмайды. Алматыда 10-15 жыл бойы заңсыз салынған зәулім үйлерді жаңа ғана көріп, байбалам салуда. Оның өзінде Президент айтқаннан кейін ғана. Шындап тексерсе, сол былыққа жол берген дәл үкімет маңайындағы шенеуніктер екені анықталар еді. Ал «ТАМ құрылыс» компаниясы қазір біздің поселкеге жол салып бер деп ешкімге қолқа салып отырған жоқ. Соны өзіміз салуымызға мүмкіндік бер деп отыр. Көрдіңіз бе, әңгіме төркіні қайда жатқанын?

В.Тарасов: – Сөз басында жеке құрылыс министрлігін құру жөнінде ұсыныс жасағанымызды айттық. Ондай жағдайда қазіргідей Индустрия және сауда министрлігіне хат жазып, олардан жауап күтіп жүрмес едік. Бірден үкіметке шығатын мүмкіндік туар еді.

М.Тоқашбаев: – Енді әңгімемізді қортындылауға көшсек.

С.Нүкенов: – Мәселе тек жеке министрлік құрумен шешілмейді. Қай буында да басшылық қызметке білікті адамдар келсе дейміз. Кадр таңдауда әділеттілік жоқ екенін несіне жасырамыз. Батыстан үйренерлік нәрселер көп. Ұйымдастыру

ісіндегі қолайсыздықтар жетіп артылады. Мәселен, бір орталықтан жылыту барлық жерге бірдей керек пе? Қазір әрбір үйді жеке жылытатын шағын қазандықтар мен батареялар шығып жатыр, соны неге қолданбасқа? Қаншама шақырым жерден жылу құбырларын тартып әуреге түсудің қажеті болмас еді.

П.Яковлев: – Бұл жердегі бар кілтипан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында басталған жекешелендіру саясатының кемшіліктерінде жатыр. Мен Мәскеудегі жекешелендіру реформасын біраз зерттеп көрдім. Онда бәрі ашық әрі нақты көрсетілген. Заңының әр тармағы да терең зерттеліп жазылған екен. Соның арқасында Мәскеу 10 жылдың ішінде түбегейлі реформаға қол жеткізді. Кейінгі кезде халықаралық дәрежедегі қаржы мамандармен пікір алмасып жүрмін. Сонда көзім жеткені – доллар мен еуро сияқты валюталардың өзіне сенуге болмайтындығы. Өйткені, олардың бағамы (курсы) жылдам өзгеріп тұрады. Ал мәскеудегілер негізгі қаржыларын жылжымайтын мүлікке салу арқылы жинаған қорларының деңгейін ешқашан төмендеткен емес. Ал, біздің Қазақстан бай да байтақ ел. Тек мұнайды сату арқылы алысқа бара алмайтынымыз белгілі. Сондықтан, артық қаржымызды жылжымайтын мүлікке салсақ ұтылмаймыз. Жылжымайтын мүлікті көбейту жолы құрылысты өркендету болып табылады. Егер оны жолға қойсақ, отындық банктердегі қаржының бәрі өзіміздегі жылжымайтын мүлікке келіп құйылады. Сөйтіп, мемлекет қаржысы сыртқа кетпей, өзімізде қалады. Халық қолжетімді баспанаға ие болады. Осынау қарапайым қағиданы түсінетін кез келді. Ең бастысы, сөзбен істің бірлігі жетіспейді.

С.Нүкенов: – Қолжетімді баспанаға ие болудың жоспары жасалынбай тұрып нақты нәтиже болмайды. Үкіметке біз бұл жөніндегі ұсыныстарымызды да бердік. Бәрі енді жоғарғы жақтың қандай шешім қабылдауына байланысты. Меніңше, бұл тақырыпты қаузай түскен дұрыс. Бүгінгі әңгіме үлкен істің бастамасы ғана деп түсінген жөн.

«Президент және Халық» газеті,
5 қазан, 2007 жыл.

ТЕҢІЗГЕ ШЫҒАТЫН ЖОЛ

Бұл жиын Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының дәл осы мәселелерге байланысты №56-180 қарарына сәйкес өтуде. Конференция басталысымен БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннанның осы жиынға қатысушыларға арнаған құттықтауын БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – конференция жетекшісі, теңізге шығатын жолы жоқ кенжелеп қалған елдер, дамушы елдер және шағын аралдардағы дамушы елдер бойынша Жоғары өкіл Анварул Чоудхури оқып берді.

«Теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің айрықша қажеттіліктері мен проблемаларын қарастыру жөніндегі тұңғыш жаһандық конференцияға, Алматыға жиналғандардың барлығына өзімнің құттықтауымды үлкен қанағат сезімімен жолдаймын. Қазақстан халқы мен Үкіметіне осынау айтулы форумды өткізгені үшін алғыс айтқым келеді» деген Кофи Аннан:

– Егер даму процесі туралы сөз ететін болсақ, онда географиялық факторларға байланысты теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдер өте-мөте тиімсіз жағдайда. Теңізге кедергісіз шыға алмайтындықтан, көптеген әлеуетті рыноктардан оқшауланып қалса және теңіз жағалауына шығуға қажетті баламалы көлік инфрақұрылымы болмаса, олар айтарлықтай кедергілерге тап келуі мүмкін. Бұған қоса тауарларды жеткізу кезінде шекаралардан өтуге тура келгендіктен, ал транзит ресімдері көп ретте салмақ түсіретіндіктен, әсіресе көлік шығындары елеулі болып табылады. Мұның өзі бұл елдердің экспорттық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігіне ғана емес, сонымен бірге олардың өздеріне қажетті импорттық тауарларға қол жеткізуіне де салқынын тигізеді. Жүк тасымалы мен транзитке байланысты шығындар теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің халықаралық саудаға әлдеқайда кеңірек қатысуында, тіпті, тарифтерге қарағанда көп дәрежеде кедергі келтіреді. Транзиттік тасымалдың тиімді

жүйелерін құруда бұл елдердің әлемдік экономикаға интеграциялануы үшін өмірлік маңызы бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің ерекше қажеттіліктерін әлдеқашан-ақ мойындаған және олардың дамуы жолында тұрған елеулі кедергілерді еңсеруге көмек көрсету ісін бұрынғыша табанды түрде жақтайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының бүкіл жүйесі аясында біздің шешім қабылдау процесіне деген олардың алаңдаушылығын есепке алуды қамтамасыз ету жөнінде айрықша күш-жігер білдіруде. Бас Ассамблея теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің мүдделеріне орай халықаралық деңгейде келісілген шаралар қабылдануын үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін Жоғары өкіл басқармасын құрды. Бұған қоса «Мыңжылдықтар» декларациясында даму саласында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жөнінде өрістеткен науқанның аясында теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдердің айрықша қажеттіліктеріне көп көңіл бөлінуде. Бұл конференция теңізге шығатын жолы жоқ дамушы елдерге және транзиттің дамушы елдеріне, сондай-ақ жекеменшік секторын қоса алғанда даму процесі бойынша олардың әріптестеріне берік әріптестік байланыстарды, бұл мәселелерге өте қажетті назар аудартуды жолға қоюдың мүмкіндігін береді. Сіздердің маңызды жұмыстарыңызға табыс тілеймін». деп аяқталған БҰҰ Бас хатшысының жолдауы.

Бұдан кейін Қазақстан Республикасының Президенті конференцияға қатысушыларға арнап құттықтау сөз сөйледі.

— Біз үшін осыншалық маңызды да өкілетті халықаралық форумды қабылдау үлкен құрмет,— деп бастады сөзін Қазақстан Президенті. — БҰҰ бастамасы бойынша теңізге шығатын жолы жоқ елдердің үлкен тобының және транзит елдерінің барынша өткір проблемаларын жоғары саяси деңгейде талқылауға тиіс тұңғыш жаһандық шара болып табылатындығы оның айрықша маңызын айқындайды.

Еуразия кіндігінде орналасқан және зор транзиттік әлеуеті бар Қазақстан басқа қай елге қарағанда да көлік саласында ық-

палдасу қажеттігін өткір сезінеді және бұл салада жан-жақты әріптестікке әзір. Конференцияның қорытынды құжат ретінде қабылдануы жоспарланған жаңа жаһандық бағдарлама мүдделі мемлекеттердің транзиттік-көліктік ықпалдасуын нақты дамытуға қосылған баға жетпес үлес болады.

Осыған орай Президент бұл процестегі БҰҰ-ның өлшеусіз рөлін атап өтіп, теңізге шығатын жолы жоқ елдерге көңіл бөлгені үшін Ұйымға алғыс сезімін білдіре отырып:

– Теңізге шығатын жолы жоқ кенжелеп қалған елдер, дамушы елдер және шағын аралдардағы дамушы мемлекеттер бойынша Жоғары өкіл басқармасының құрылуы мұның жарқын дәлелі. Бұл жұмысқа сондай-ақ, экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өңірлік ұйымдар, көп салалы қаржылық мекемелер және жекеменшік сектордың өкілдері өз үлесін қосты. Конференцияға қатысушыларға, бәлкім, Азия-Тынық мұхиты өңірі мен Еуропа елдері арасындағы сауда айналымы жылына үш жүзден алты жүз миллиард долларға дейін жететіні жөніндегі сарапшылардың бағасы белгілі болар. Бұл ретте осы құрамдағы көлік шығыны 50-ден 120 миллиард доллар аралығында өзгереді, ал оның күтіліп отырған жыл сайынғы өсімі таяу болашақта жылына кем дегенде алты пайызды құрамақ,— деді.

Алайда, дамуға деген жалпы үрдіске және халықаралық сауда айырбасының ресімдерін қарапайымдандыруға қарамастан, жұмсартып айтқанда, транзит пен экспорттық-импорттық реттеу құралдары қолданылып келеді.

Содан пайда болатын орасан көлік шығындары көптеген елдердің әлемдік рынокка шығуы үшін елеулі, кейде еңсерілмейтін кедергіге айналуға.

Сонымен қатар, бізде тұрақты дамудың жаһандық тұжырымдамасына сәйкес халықаралық сауданың әлдеқайда әділ тәртібін орнықтырудың, бүкіл әлем қауымдастығының игілігі үшін осы заманғы көлік-транзит әлеуетін тиімді пайдаланудың мүмкіндігі бар.

Атап айтқанда, теміржол көлігінде белгіленетін халықаралық транзит тарифтерін жетілдіру керек.

Трансконтиненталдық бағыттар бойынша тасымалды жандандырудың тиімді тетіктерін жасау теміржол тасымалын дамытудың өзекті проблемасы болып табылады, деп қадап айтты Қазақстан Президенті.

Бұл міндетті шешу, ең алдымен, тасымалдың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдық, техникалық және экономикалық шаралар кешенін шеше отырып, осынау бағыттарға ықыласты елдердің өкілдерінен үйлестіруші орган құруды талап етеді.

Халықаралық көлік дәліздеріне кіретін автомобиль магистральдерінің халықаралық стандарттар талабына сай келмеуі тұтынушыларға жүкті жеткізу уақытының ұлғаюына соқтыруда.

–Көлік инфрақұрлымына инвестициялар тарту және жаңа көлік дәліздерін қалыптастыру, ең алдымен, бұл салымдар өтелуінің көп уақытқа созылуынан, өзекті проблема болып табылады. Нақ сондықтан да қатысушы мемлекеттердің де бірлескен үнқатысуы және шешімдерді бірлесе іздестіруі маңызды,– деп жалғастырды Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Президент Еуразия елдерінің транзиттік әлеуетін арттыруға және өзара сауданың өсуіне жәрдемдесетін жобаларға Қазақстанның белсенді түрде қатысып отырғанын атап өтті.

Мәселен, біздің еліміз АЛТИД (Азияда жердегі көлік инфрақұрылымын дамыту) және СПЕКА (БҰҰ-ның Орталық Азия экономикалары үшін арнайы бағдарламасы) бағдарламалары бойынша БҰҰ-мен ынтымақтасып отыр.

ЕурАзЭҚ пен Шанхай ынтымақтастық ұйымына кіретін елдердің өзара ықпалдасуы бағытында елеулі қадамдар жасалған. Қазақстан ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес өз аумағы арқылы өтетін көлік ағындарын ұлғайтуды мақсат етіп қояды. Оның үстіне біздің еліміз Еуразия континентінде керемет жерорталық жағдайда тұр.

Солай болса да, Қазақстан әлемнің барлық мемлекеттеріне қарағанда теңіз порттарынан ең шалғайда жатқан мемлекет болып табылады. Сондықтан да, біз үшін транзит-көлік әлеуетін дамыту мәселесі зор маңызға ие болып отыр.

Қазақстанның экономикасы бүгінде серпінді де тұрақты дамып келеді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, оның айтарлықтай транзит-көлік әлеуеті бар. Мұны іске асыру елді Азия мен Еуропа арасындағы жүк қатынасы жолындағы шешуші елге айналдырады.

Бізде ұзындығы төрт мың шақырымдай магистралдық автожолдарды салу мен жөндеу қауырт жүргізілуде. Бұл жұмыс 2005 жылы аяқталатын болады. ҚХР-мен келісім-шартқа сәйкес Қазақстанды Қытайдың Ляньюньган портымен жалғастыратын теміржол арнасы дамытылуда. Үш әуежайды және Каспий теңізіндегі Ақтау теңіз портын жөндеу жүргізілуде.

Өз еліміздің стратегиялық даму жоспарларына сәйкес біз БҰҰ-ның осы саладағы бастамалары мен шараларына қолдау білдіретін боламыз. Бізге де, сол секілді еуразиялық қауымдас-тыққа да, әлемнің басқа елдеріне де пайда келтіретін барлық жобаларға қатысатын боламыз.

Осынау өкілетті конференцияға қатысушылардың бәрі мұнда талқыланып отырған мәселелердің өздері үшін өмірлік маңызы бар деп санайды. Сөзінің соңында Президент конференцияға жемісті жұмыс тіледі.

БҰҰДБ әкімшілігінің көмекшісі Зефирин Диабре өз сөзінде халықаралық тауар алмасу жұмыстарында әлі де заңсыздықтар мен теңсіздіктер жойылмай отырғандығын баса көрсетті.

ЭСКАТО-ның атқарушы хатшысы Ким Хак Су: «...экспорт пен импорт операцияларында бір елді бір елдің мәжбүрлеу әрекеттері де орын алатынын жасырмады. Бұл дегеніңіз – сол тауардың ішкі де, сыртқы да рынокта бағасының қымбаттауына, сөйтіп, бір елдің қыруар шығынға ұшырауына әкеп соқтыратын құбылыс. Сондай-ақ, халықаралық тасымалдың, әсіресе теміржол тасымалдарының белгілі бір тарифтік жүйесін қалыптастыру қажеттігі де осы басқосуда жан-жақты талқыланды.

Теміржол тасымалында трансконтиненталдық бағыттарды көбейту қажеттігі бүгінде жиі айтылады. Ол үшін осыған сұранысты мемлекеттердің өкілдері бірігіп жүк тасымалының кешенді экономикалық жоспарын жасап, мықты бір үйлестіруші орган құрмаса, бәрі бос сөз болып қалуы мүмкін. ЕЭК-тің атқарушы хатшысы Бревита Шмегнерова, ЮКТАД бас хатшысының орынбасары Карлос Фортин, тағы басқа ресми өкілдердің пікірлері осы төңіректе бір-бірімен тоғысып жатты.

Жиынға төрағалық етуші Қазақстан Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев БҰҰ-ның Орталық Азия экономикасына арналған арнайы бағдарламасы жайында ой қозғады.

Ал Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Нағманов осы халықаралық конференцияда қабылдауға ұсынылып отырған «Алматы іс-қимыл бағдарламасына» егжей-тегжейлі тоқталып, оның мән-мағынасын жан-жақты түсіндіруге күш салады.

Біріншіден, бұл бағдарламада Орталық Азия елдеріндегі ықпалдастықты нақты жүзеге асыру үшін халықаралық қаржылық мекемелер алдымен осы өңірде су-энергетикалық, көлік және азық-түлік консорциумдарын құру керектігі айтылған.

Өздеріңіз білесіздер, 2003 жылдың 5 шілдесінде Алматыда Орталық Азия ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан) басшылары өздерінің үкіметтеріне халықаралық су-энергетикалық, көлік және азық-түлік консорциумдарын құруға тапсырма берді.

Бұл істерді жүзеге асыраудың қиындығына қарамастан таңдаған жолымыздың дұрыстығына сенеміз. Еуроодақ сияқты беделді де тәжірибесі мол ұйымының көмегіне арқа сүйейміз.

Екіншіден, халықаралық жүк тасымалын оңайлату үшін Қазақстан өзінің теміржолдардағы тарифтік саясатын қайта қарауға әзір.

а/ транзиттік жүк тасымалдары коэффициенттерін көтеруді уақытша тоқтата тұруға;

б/ теңізге шығатын жолы жоқ көрші мемлекеттің халықаралық жүк тасымалдарына қойылатын қажетті тарифтердің

көлемін 20 пайызға (қажетті пайда мөлшерін сақтай отырып) азайтуға;

в/ экспорт пен импортқа тауарлар шығару үшін теңізге шығатын жолы жоқ мемлекеттің жекелеген жүктеріндегі (мақта, астық, көмір т.б.) және халықаралық бағыттардағы контейнерлердің әртүрлі бағаларын ыңғайластыруға әзір.

Мұның өзі біздің экономикамызды жандандыруға, саяси ахуалды тұрақтандырып, Орталық Азия өңіріне халықаралық транзиттерді әкелуге жол ашады.

Үшіншіден, «Ұлы Жібек жолы» арқылы өтетін тауарлар легін жандардыру үшін Қазақстан оның өзіне тиесілі бөліктерін тең жағдайда бірігіп басқаруға қарсы емес.

Мұндай басқару әдісі бүкіл Орталық Трансация дәлізі арқылы жүзеге асуы мүмкін. «Ұлы Жібек жолы» бағдарламасын одан әрі өрістету үшін шетелдің озық тәжірибесін кеңінен пайдалануға Қазақстан қашанда мүдделі.

Төртіншіден, Орталық Азия өңіріндегі мұндай көлік базасының деректері құқықтық, техникалық және жедел ақпараттар жүйесін құрайтын болады. Сөйтіп, өңірлік көлік базасының жандық ақпараттық жүйеге айналып, қағаз толтырудан құтылуға, электронды құрылымдармен сауда жұмыстарын жүргізуге жол ашылады.

Бесіншіден, халықаралық транзиттік жүк тасымалдарындағы кедергілерді азайту үшін рұқсат беру жүйесін жеңілдету жолдарын қарастыруға Қазақстан қазірдің өзінде дайын.

Бұл қадам біздің ойымызша, өңірдегі елдердің бір-біріне деген сенімдерін нығайтып, олардың Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруге қызығушылықтарын тудырады деп білеміз.

Осының бәрі Алматы іс-қимыл бағдарламасының нақты өмір тәжірибесіне арналып жасалғанын дәлелдейді деген Қ.Нағмановтың сөзі жиынға қатысушыларға ой салғаны анық.

Қызу талқылау бүгін тағы да жалғасын таппақшы. Нәтижесі де бүгін белгілі болады.

«Егемен Қазақстан» газеті,
29 тамыз, 2003 жыл.

ТУРИЗМ ТАБЫС КӨЗІНЕ АЙНАЛАДЫ

22 сәуірде Дүниежүзілік туристік ұйымның бас хатшысы Франческо Франжиалли мырза Алматыға келді. Сол күні мәртебелі мейман Қазақстан-Британ техникалық университетінің оқытушы-профессор және студенттер құрамымен кездесіп, ДТҰ-ның әлемдегі алар орны мен маңызы туралы жан-жақты әңгімелеп берді. Университет ректоры Әділ Ахметов Алматыда туризм мамандығы бойынша білім алып жатқан жастар үшін бұл кездесудің алар орны ерекше екенін баса айтты. Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы Дәулет Тұрлықанов біздің еліміздегі туризмнің дамуы барысы туралы хабарлама жасады.

2000 жылдың басында Қазақстан Республикасының Президенті ДТҰ штаб-пәтерінде болып, осынау беделді ұйыммен байланыс арнасын салып берген еді. Содан бері Қазақстандағы туристік ұйымдардың әлем елдеріндегі туристік агенттіктермен байланыстары нығайып, туризм Қазақстандағы экономиканың белгілі бір саласы ретінде ресми түрде мойындала бастады.

2001 жылы Қазақстан Президенті «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Заңға қол қойды. Үкімет туризм саласы бойынша арнайы бағдарламалар жасады. 2002 жылы 2003-2005 жылдарға арналған туризм саласын дамыту бағдарламасы қабылданды.

Сырттан келген әрбір туристен біздің мемлекет қазынасына орта есеппен 700 долларға дейін ақша түсіруге болатынын ескерсек, тек осы жылдар аралығында ғана оның мөлшері 111 миллион 300 мың долларды құрайды екен. Сондықтан да, Қазақстанның Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Сыртқы істер министрлігі шетелге шығу және шетелдегі туристердің мұнда келуін оңайлату жолдарын қарастыруда. ДТҰ мен Қазақстан арасында қазіргі кезде «Ұлы Жібек жолы» бағдарламасы бойынша қызу жұмыстар жүріп жатыр.

– Парсы шығанағындағы кейінгі шиеленістер мен 2001 жылғы Америкада болған 11 қыркүйек оқиғасы, дүниені үрей құшағында ұстап отырған өкпенің өзгеше қабыну дерті ДТҰ-ның бұрынғы қарқынына біршама тежеу салды, – деді Франческо Франжиалли. Сөйтіп, бұл елдің экономикасы мен мәдениеті өркендейтін күндер алыс емес. Қазақстан жеріне тұңғыш рет келіп отырған мәртебелі мейманның бұл сөзі, әсіресе, студент жастардың жүрегіне жылы ұялады. Алдағы уақытта Ф.Франжиалли Қазақстан Президентінің қабылдауында болады деп күтілуде.

Сондай-ақ, 24-26 сәуір аралығында Алматыдағы «Атакент» іскер ынтымақтастық орталығында ашылатын «Туризм және саяхат» «КИТФ 2003» жәрмеңкесіне қатысады.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
23 сәуір, 2003 жыл.**

ТУРИЗМ – ТАБЫС КӨЗІ

Жақында Туризм және спорт министрлігінің алқа мәжілісінде туризмді табыс көзіне айналдыру үшін туризм кластері мен инфрақұрылымды дамыту, жаңа стандарттар дайындау шараларын қабылдау қажеттігі айтылды.

Жиынға қатысқан Премьер-министр К.Мәсімов, сондай-ақ, ауыл спортын дамыту, спорт кешендерін салу да әкімдермен бірлесе атқаратын жұмыс екенін баса көрсетті. Халықты жаппай спортпен шұғылдануға бейімдеу – тікелей осы министрліктің міндеті. «Егер дені сау ұлт болмаса, біз ешқашан да бәсекеге қабілетті мемлекет құра алмаймыз. Біз бала жастан салауатты өмір салтын қамтамасыз ете алмасақ, дені сау ұлт та болмаймыз», – деді К.Мәсімов. Бұл ретте ол мектептердегі оқу бағдарламаларына назар аудару қажеттігін, мүгедек адамдардың да спортпен шұғылдануына жағдай жасау қажеттігін тапсырды. Спортшылардың әлем чемпионаттары мен олимпиадалық ойындарда нақты нәтижелерге қол жеткізуіне министрліктің назарын аударды.

«Спорттың барлық түрін бір мезгілде дамыта алмауымыз мүмкін. Дегенмен, бұл жерде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатын спорт түрлерін өркендетуге күш жұмылдыру қажет. Мемлекет басшысы туризм мен спорт саласындағы проблемаларды шешуді көздейтін бағдарламаларға қол қойды. Осы бағдарламалар аясында қаржылық және басқа да мүмкіндіктер шешілетін болады. Әйтесе де саладағы негізгі салмақ министрліктің мойнында. Үкімет оны басты назарда ұстайтын болады», – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысының алдында қысқаша есеп берген Туризм және спорт министрі Темірхан Досмұханбетовтың айтуына қарағанда, 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда туристік индустрияны дамытуда оң үрдіс байқалады. Бұл аралықта

Қазақстанның сыртқа шыққан туристер саны 19 пайызға өсіп, 5 миллион 200 мың адамға жеткен. Елімізге сырттан келген туристер саны 30 пайызға артып, 3 миллион 900 мыңды құраған. Ал ішкі туризм 8 пайызға көбейген, яғни 3 миллион 555 мың саяхатшы ел аралаған.

Бытыр республика бойынша туристік индустрия кәсіпорындарының кірісі 14,6 пайызға ұлғайған. Сөйтіп, ол 35 миллиард теңгені құраған. Сондай-ақ, бюджетке 7 миллиард теңге аударылған. Бұл 2005-ші жылдағыдан 8 пайызға көп. Туристік фирмалар саны 2005 жылмен салыстырғанда өткен жылы 6,7 пайызға көбейген. Қонақ үй кәсіпорындары мен басқа да орналастыру орындары 385-тен 453-ке немесе 17,6 пайызға артқан.

«...Туризм саласында инвестициялық жобалар пакетін құрылымдау үшін өңірлердегі жобалардың ақпараттық базасы жасалды. Бесінші кезеңде 86 жоба жинақталып, сарапталды. Қазіргі таңда 20 жоба сұрыпталып, қарастырылу үшін «Қазына» тұрақты дайындау қорына жіберілді», – деді министр өзінің есеп беру баяндамасында.

**«Президент және Халық» газеті,
26 қаңтар, 2007 жыл.**

ТҰҒЫРЫ БИІК «ТРАНССИСТЕМА»

Өткен аптаның соңында Астана қаласында Қазақстан кәсіпкерлерінің форумы өткені белгілі. Форумның соңында «Қазақстанның іскер адамы» атты конкурс өткізілді. Бұл конкурстың өзі 10 номинация бойынша жүргізілді. Соның ішінен қызмет көрсету саласы бойынша Алматыдағы «Транссистема» жауапкершілігі шектеулі серіктестік те жеңімпаз атанды.

Осыған байланысты біз «Транссистема» ЖШС-нің бас директоры, техника ғылымының кандидаты Эдуард Каплан мырзаға жолығып, әңгімеге тартқан едік:

– Бүгінгі Қазақстан бизнесінің деңгейінен қарасақ, біз орта кәсіпкерлер қатарына жатады екенбіз. 1991 жылдың басында «Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөнінде» деп аталатын КСРО-ның арнайы қаулысы шықты. Ол кезде мен Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында қызмет ететінмін. Дереву іске кірісіп, Қазақстандағы көлік-тасымал жұмыстарын ғылыми тұрғыда зерттеумен айналысатын шағын кәсіпорын құрдым. Жұмыс жүріп жатты. Көп кешікпей Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. Тәуелсіздікпен қоса елімізге біраз қиыншылықтар да келді. Енді нақты іске көшкенді жөн деп білдік. Себебі, Қазақстан тауарларын сыртқа шығару, сырттан ішке тауар әкелу жұмыстары күн өткен сайын қиындай берді. Осы тауарлар бағасына қосылатын жол шығыны 20-25 пайызды құрады. Ал теңіз жолдарымен келетін немесе сыртқа кететін тауарларға 10 пайыздан астам жол шығыны қосылатын болды. Өстіп тауарлар құны шарықтап, онсыз да қиын жағдайдағы еліміздің экономикасын тұралата түсті. Теорияны былай қойып, транзиттік тауарларды тасымалдау ісін өз мойнымызға алудың жолдарын қарастыра бастадық. Нәтижесінде «Транссистема» ЖШС дүниеге келді, – дей отырып Эдуард Теодорович қазіргі қол жеткізген табыстары жайында әңгімеледі.

Оның айтуына қарағанда, бұл кәсіпорында қазір 150-ден астам адам еңбек етеді. Олар негізі біздің жеріміз арқылы бір елден басқа елге қарай жеткізілуге тиісті тауарларды автомобиль, темір жол, су жолдарымен шекараға дейін жеткізіп салу ісімен айналысады. Сондай-ақ, өзіміздің өндірген тауарларды басқа елдерге жеткізіп беру де осылардың міндетіне жатады.

Сондай-ақ, әуе жолдарымен тауар жөнелту, кедендік, терминалдық құжаттарды дайындау, жүктерді түсіру, тиеу, тағы басқа толып жатқан шаруалардың бәрін өздері мойындарына алған. Мұндай кәсіппен айналысу үшін бұларға қойылатын талап та өте жоғары. Дәлірек айтқанда дүние жүзі мойындаған «ISO 9000» сериалы сертификатты жеңіп алуға тиістісің. Мұндай сертификатқа қазіргі кезде Қазақстандағы санаулы ғана фирмалар қол жеткізіп отырған көрінеді. Сол сертификаттың біреу «Транссистеманың» қолында.

Қазір бұл кәсіпорында FIATA-ның (Ұлттық экспедиторлық ассоциацияның халықаралық федерациясы) жоғары білім дипломымен 14 маман жұмыс істейді.

Орта Азиядағы тауар тасу саласы бойынша ең ірі фирма болып есептелетін «Транссистеманың» Берлин қаласында, Мәскеуде, Алашанькоу, Үрімші қалаларында, Бішкекте, Ташкентте, Астанада, Атырау, Ақтау, Дружба қалаларында аймақтық кеңселері бар.

«Транссистема» әсіресе Ресейдің шағын және орта кәсіпкерлерімен тығыз байланыс орнатқан. ТМД елдеріндегі темір жол қатынастарында беделі өте зор. Балтық жағалауындағы елдермен, Батыс және Шығыс Еуропа, Түркия, Қытай елдеріне тауар жеткізу ісіндегі жетістіктері де қомақты.

Су жолдары арқылы Ақтау, Баку, Бандар-Аббас, Ильичевск, Калининград, Керчь, Клайпеда, Мариуполь, Поти, Ростов, Таллин қалаларына тауар тасиды.

Э.Каплан мырза бізді өз офісімен толығырақ таныстырды. Осы жерде «Транссистеманың» кейінгі жылдары халықаралық конкурстарда жеңіп алған сыйлықтарын көрдік. Бұл мекеменің

жігіттері спортпен де айналысады екен. Таяуда ғана Алматыда өткен әуесқой футболшылар лигасында «Транссистема» 16 команданың бәрін жеңіп, бірінші орынды иеленіпті.

«Транссистема» деп аталатын өздерінің ведомстволық газеттерінің де мазмұнды әрі қызықты шығатынын байқадық.

Мәжіліс залының төрінде тізіліп тұрған ондаған жеңімпаздық сыйлықтарының жанына соңғы, яғни осы жолғы конкурстан жеңіп алған әшекейлі сыйлықты қойып жатып мән-маңызы жағынан ең жоғары сыйлықтары осы екенін Эдуард қайта-қайта айта берді.

Бұдан кейін конкурсқа қандай шарттар бойынша қатысқандықтарын сұрадым. Ол 100 параққа жуық көлемді құрайтын конкурс шарттарын қолыма ұстатты. Ол шарттың бәрін санама-лап шығу оңай емес, әрине.

— Алдымен Астанада екі комиссия мүшесі келіп, осы шарттарға орай күнібұрын жіберген жауаптарымыздың нәтижесін тексерді. Тексере жүріп кәсіпорын жұмысының бүге-шігесіне дейін толық қанықтық. Нәтижесінде Қазақстан үкіметінің арнайы сыйлығын өз әріптестеріміздің арасында жеңіп алдық. Біздің қызметімізге бұдан артық бағаның керегі жоқ,— деген Э.Кап-ланың сөзінен мақтаныш пен қуаныш сезімі байқалып тұрды.

Ендеше, іске сәт, «Транссистема» демекпіз. Өйткені, орта және шағын бизнес көркейсе ғана республика халқының жағдайы жақсаратыны белгілі. Бүгін біздер осынау халықтық бағдарламаның алғашқы нәтижесін көріп отырмыз. Үлкен жетістіктердің бәрі алда екені даусыз.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
5 қараша, 2003 жыл.**

ШЫНЫТАЛШЫҚ – ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ЗАУЫТ

2003 жылдың қараша айында дүниеге келген Ақтау шыны-талшықты құбырлар зауыты «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Зауыт құрылған күнен бері мұнай, газ, коммуналдық шаруашылық қажеттіліктерімен қоса өзге де салалардың мұқтаждықтарын өтеумен келеді. Шыны-талшықтарынан құбыр жасау ісіндегі бұл алғашқы кәсіпорын аз уақыт ішінде Қазақстан нарығынан өз орынын ойып тұрып алды десе де болғандай. Бүгінге дейін шығарған өнімдерін ұзындық өлшемімен есептегенде үш жүз шақырымнан асып жығылады екен. Биыл Маңғыстаудағы іссапары кезінде осы зауытқа арнайы атбасын тіреген Президент мұндағы жұмыстарға жоғары баға берді. Таяуда біз осы зауыттың ішкі тіршілігімен жан-жақты танысып қайттық. Ал зауыт директоры Марат Николайұлы Молдағұлов бізге жаңа техника мен технологияның қыр-сыры жайында, өзі басқарып отырған ұжымның қазіргі жетістіктері мен болашақта бағындырар биіктері жайында әңгімелеген еді.

– Марат Николайұлы, әңгімемізді әдеттегідей зауыттың өзіндік ерекшеліктері мен алда тұрған мақсат-міндеттері төңірегінде өрбітсек...

– Мейліңіз, сөйтейік... 2002 жылы «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында инвестиция тарту жөніндегі жоба іске қосылды. Осы жоба негізінде өз жұмысын бастаған «Ақтау кәсіпорыны» деген мәртебеге ие болды. Бүгінде біз әлемдік стандарттарға сай технологиялармен жабдықталып, жұмыс жасап жатқан бірден-бір компаниялар қатарындамыз. Зауыт іске қосылған үш жылдың ішінде 6 миллиардқа жуық теңгенің тауарын өндіріп үлгерді. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» деп аталатын сыйлығына қолымыз жетті. Табысқа бастар жолдағы ерекше бір кезең біздер үшін осы деп білемін. Дегенмен, бұл отандық на-

рықты игерудегі алғашқы қадамдармыздың бірі ғана екенін де жақсы түсінеміз. Алдағы уақытта Орталық Азияның және алыс-жақын шетелдердің нарығына шығу басты міндет. Зауытта халықаралық «ИСО-9001» стандарттарына сай келетін сапа басқару жүйесі енгізілді. Мұның бәрі ұжымымыздағы жоғары дәрежелі кәсіби мамандар мен қарапайым жұмысшылардың еңбекқорлығының, ұйымшылдық пен ауызбірішіліктің арқасында қол жеткен табыстар екенін баса айтқым келеді. Тауарларымызға тапсырыс берушілердің талап деңгейінен шығу – негізгі міндет. Ал ол үшін қазіргі заманға сай технологияларды дер кезінде іске қосып, әр мүмкіндікті ұтымды пайдалана білуіміз керек. «Ақтау шыныталшықты құбырлар зауыты» сияқты басқа кәсіпорын бүгінде Қазақстанда жоқ екенін несіне жасырамыз. Себебі, мұндағы құрал-жабдықтар – бәрі Еуропаның ең жаңа технологиясы негізінде құрылғанын өзіңіз де көріп отырсыз. Бәрі сол жақтан әкелінді.

– Көрдік, әрине, Бұрын біздер зауыт дегенді түтіні будақтаған алып өндіріс ошағы ретінде білетін едік. Қазіргі зауыттар шағын ғана әрі тап-таза, жылы, жарық бөлмелерден тұратын көрінеді. Ал сіздің зауыттағы құбыр жасауға арналған шыны талшықтары фабрикадағы жіп иіру цехын еске түсіретіндей. Сол шыны талшықтары өз өсінде айналып тұрған ұзын белтемірге оратыла-оратыла келе жылтыраған құбырға айналып шыға келгенін тамашалаудың өзі қандай қызық. Сонда бұл құбырлардың темір құбырлардан артықшылығы неде?

– Өзім де осы жайында айтайын деп отыр едім. Мұның артықшылықтары көп.

Біріншіден, шыныталшықты құбырларды тат баспайды әрі темір құбырларға қарағанда әлдеқайда берік.

Екіншіден, химиялық әсерлер мен өзгерістерге қарсылығы күшті. Ондайда ешқайсысына дес бермейді.

Үшіншіден, кез келген табиғи ортаға төзімді.

Төртіншіден, шойын, болат құбырлармен салыстырғанда салмағы 4,5 есе кем. Бұл – құрастыру кезінде жұмысты көп жеңілдетеді.

Бесіншіден, сумен тотыққыштығы өте төмен. Соның арқасында құбырдың ішкі бетінде әр түрлі түзілімдер пайда болмайды.

Алтыншыдан, электрлік әсерге төзімді, таттанбайды.

Жетіншіден, бұл құбырлар адам ағзасына да, қоршаған ортаға да зиянсыз.

Сегізіншіден, ішкі беті өте тегіс, ал сырты жұмсақтау болғандықтан құбырлар бір-бірімен өте берік жалғасады.

Мұндай құбырлар әсіресе қысым мен ауыр салмаққа өте қолайлы. Сондай-ақ, жоғары және төменгі температурада жұмыс істеуге болады. Құрастырылуы оңай әрі икемді.

– Сөз басында Сіз мұндай кәсіпорын әзірге Қазақстанда жоқ екендігін айттыңыз. Енді оның игілігін қазір кімдер көріп жатыр?

– Біздің зауыт өнімдеріне тапсырыс берушілер негізінен отандық мұнай өндіру саласының мамандары. Осы уақытқа дейін біз «Қазполмұнай» ЖШС, «Ойлтег Каспиан» ЖШС, «Қазмұнайгаз БӨ» АҚ, «ҚазақстанОйлПродактс» ЖШС т.б. компанияларының тапсырыстарын қабылдап келдік. Жалпы, «Ақтау шыныталшықты құбырлар зауытының» іске асып, жұмыс жасауы Қазақстан химия өнеркәсібінің қайта жаңғыруына тікелей сеп болды десек, артық айтқандық емес. Сонымен қатар, ол Ақтау қаласындағы көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуге ұйытқы болды. АШҚЗ-ның арқасында тек жергілікті бюджет толығып қоймай, көптеген жаңа кәсіпорындар ашылды.

– Зауытты аралау кезінде, көзіме үлкен және кіші диаметрлі құбырлар жиі ұшырасты. Осы құбырлардың өзіндік ерекшеліктері, қызметі жайында толық білгіміз келеді.

– Зауытта екі өндірістік желі жұмыс істейді. Бірінші желіде диаметрі 100-400 миллиметр аралығында стандартты ұзындығы 9 метрлік құбырлар, сонымен қатар оларға сәйкес жалғанған бөлшектік-шықпалар, ұштармақ өтпеліктер, тағы басқа қосымша бөлшектер жасалынады. Бұл көбінесе коммуналды тұрмыс қажеттіліктер үшін пайдаланылады. Ал зауыттың екінші желісінде полэфирлі шайырлардың негізінде диаметрі

300-2600 миллиметр аралығында ұзындығы 12 метрлі құбырлар жасалынады. Олардың өзіндік қосалқы бөлшектері бар екендігін байқаған шығарсыз. Бұл құбырлар мұнай өнеркәсібінің түрлі құбырлық жүйелерінде және басқа салаларында кеңінен қолданылады. Егер, 2004 жылы зауыт 72756 метр құбыр жасап шығарса, 2006 жылы бұл көрсеткіш 16000 метрге жетті.

Қазіргі кезде АШҚЗ-ның өндірістік қуатының шақырымы өзіне лайықты өнімдерді құрап шығатын болады. Бір айта кететін нәрсе, бұл құбырлар мен олардың жалғағыш бөлшектері өзінің сапалық құрамы мен төзімділігі мен қатқылдығына, тағы басқа қасиеттеріне қарай бірнеше топқа жіктеледі. Алайда, біз көбінесе 1 мен 100 атмосфералық қысымға сәйкес құбырлар шығарамыз. Ал одан жоғары қысымға сәйкес тапсырыс берушілердің талабына үйлестіріле отырып немесе жобада қарастырылып, бекітілген мөлшерге сай өндіріледі. Тапсырыс берушілер жобаға сай деректерді ұсынғаннан кейін ғана іске кірісеміз. Олар дайын құбырды алғаннан кейін біздің мамандар құбырлар құрастырылып жатқан нысандарға бірге барып, құрастырудың сапалы іске асуын бақылайды, құбыржолдардың гидросынағын жүргізуге атсалысады.

— Дайын құбырларды өндірістік нысандарына барып қосылғанға дейінгі жауапкершілік те сіздердің мойындарыңызға жүктелгенін айттыңыз. Соған қарағанда зауыт мамандарының біліктілігі мен білім деңгейі басқалардан әлдеқайда жоғары екендігі айтпаса да түсінікті. Бұл мамандарды сіздер қайдан аласыздар?

— Зауыт жұмысшыларының жартысына жуығы жоғары білімді мамандар. Араларында экономика, химия ғылымдарының кандидаттары да бар. Мамандарды даярлау және қайта даярлау ісі жергілікті колледждермен және мамандар даярлау орталықтармен шарт жасасу негізінде жүзеге асады. Жаңадан жұмысқа алынған жастар алдымен Маңғыстау политехникалық колледжне жіберіледі. Сонда оқып, әбден ысылғаннан кейін ғана зауыттағы жауапты жұмыстарды атқара бастайды. Сонымен қатар, Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінде оқып жүрген

студенттер де өз мамандықтары бойынша осы зауытта тәжірибеден өтеді. Олардың көбісі оқуларын аяқтаған соң бізге жұмысқа келеді. Әрине, қатаң талаптар тұрғысында сұрыптаудан өткізіп барып жұмысқа қабылдаймыз.

– Сіздерде жұмысшыларға, оның ішінде жас мамандарға қандай жағдайлар мен жеңілдіктер жасалған?

– Зауытта жұмысшылар үшін барлық жағдай жасалған. Олардың жұмысқа келіп, қайту жолақысын өзіміз төлейміз. Үзіліс кезінде тегін тамақтандырылады. Барлығы арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Зиянды еңбек үшін үстемақы төленеді, қосымша еңбек демалысы беріледі. Бұл жерде еңбекті қорғау ісіне қатты көңіл бөлінген. Кәсіпорында еңбекті қорғауды басқару жүйесі қойылған. Техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі заң талаптары негізінде жүзеге асады. Қазір зауытта «ISO-14001» халықаралық стандартына сәйкес келетін экологиялық басқару жүйесін, сондай-ақ «OHSAS-18001» стандарты бойынша еңбекті қорғау және өндірістің кәсіби қауіпсіздігі саласында басқару жүйесін ендіру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Ал сапа менеджмент жүйесі халықаралық «ISO 9001-2001» стандарты бойынша сертификатталып та үлгерді. Зауыттың сынақ зертханасы мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінің талаптарына сай аккредитацияланған. Сонымен қатар, қазіргі зауытта американдық мұнай институтының стандарттарын енгізу бойынша жұмыстар жүзеге асуда. Қысқасы, біз бизнестің тұрақты әрі ұзақ мерзімді дамуы үшін бар мүмкіндіктерді пайдалануға тырысамыз. Сөйте отырып құрама материалдардан құбыр жасаушылардың көшбасшысы болуға белді бекем будық. Өз өнімдеріміздің қолданылу аясын кеңейту жолында кіммен болса да ынтымақтаса жұмыс жасай білетін сенімді серіктес екенімізді сіздердің газеттеріңіз арқылы көпшілікке паш еткіміз келеді.

– Әңгімеңізге рахмет!.

«Президент және Халық» газеті,
9 қараша, 2007 жыл.

ЕЛ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНГЕН

Алматы облысы Сарқан ауданында жеке кәсіпкерлік пен фермерлікті дамыту ісінде атқарылған шаруалар аз емес. Бүгінде заңды тіркеуден өткен кәсіпкерліктер саны мұнда бір мыңға жуықтап қалған. Олардың әрқайсысында ондаған адам еңбек етеді.

Аудандағы ірі кәсіпорындардың бірі – «Қанатжан и К» деп аталатын жолаушылар тасымалдау мекемесі. Мекеменің Бас директоры Жәлел Сасанбаев бұл ЖШС-ның бүгінгі жетістігін оның өткенімен, дәлірек айтсақ бір кезде екі жүзге жуық адам еңбек еткен АТП-ны 30 жыл басқарған Қанатжан Исабековтың есімімен байланыстыра әңгімеледі.

– Бұдан отыз жыл бұрын жұбайым екеуміз оқу бітіргеннен кейін Сарқан ауданына жас маман болып келдік. Баспанамен қамтамасыз ететін жұмыс орнының реті келе қоймады. Қанатжан аға біздің құжаттарымызбен танысқаннан кейін бірден өз мекемесіне жұмысқа шақырды. Көп ұзамай баспаналы да болдық. Содан бері осы кісінің тәрбиесіндемін. 1998 жылы денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шықаннан кейін мені орнына қалдырды. Қанатжан ағаның бір ерлігі сол – тоқсаныншы жылдардың басында шаруашылықтардың бәрі тоз-тозы шығып жатқанда Сарқан АТП-сын сол күйінде сақтап қалды. Кейіннен мен бұл мекемені жекешелендірдім. Жоғары жақтағылардың кейбір қарсылығына қарамастан ЖШС-ның атын «Қанатжан» деп жазғыздым,– деген Жәлел Сасанбаев қазір өзі басқаратын мекеменің өткені мен бүгінгісі, болашағы жайында ұзақ әңгімеледі.

Сарқан-Талдықорған-Алматы бағыттарына қатынайтын автобустардың біразы шетелдік көліктермен ауыстырылыпты. Кезінде Қанатжан Исабековтың арқасында салынған үлкен жабық гараж әлі де ел игілігі үшін қызмет етуде. Біз автокөлік мекемесінің әрбір цехын асықпай аралап, ондағы жұмысшылармен таныстық. Қасымызға Қанатжан ақсақалдың өзін ертіп алғанбыз. Ол кісіні көргенде мұндағы адамдардың қай-қайсысы

да туған әкесін кездестіргендей құшақтарын жая ұмтылысады.

Осы сапар барысында ғана танысып үлгерген Қанатжан Исабеков ақсақал алғашқыда маған күйгелектеу адамдай әсер қалдырғаны рас. Оның үстіне көп сөйлемейтін, тұйықтау сияқты еді.

Алматыдан шықаннан кейін бір күн Сарқанға қонып, ертең түстен кейін қайтамыз деп шештік. Мұны естіген Қанекен шала бүлінді. Ұялы телефон арқылы арғы жақтағыларды бидайдай қуырсын келіп: «Бүгін қайтамыз деген соң сақал қырғышымды, тағы басқа керек-жарақтарымды алған жоқпын. Көйлек те біреу-ақ. Үйге киетін жеңіл киімді қайтемін енді?!» деп абыр-жыған Қанекенді әрең сабасына түсірдік. «Бір күнге ештеңе етпейді, ақсақал. Дүкенде бәрі толып тұр емес пе. Сол жақтан-ақ ала саламыз. «Спортивка» да табылып қалар...».

Ептеп тыныштала бастаған Қанекен сәлден кейін қайта алаңдады. Телефонды алып, үйдегі апамызға біраз «ескертпелерді» төгіп-төгіп тастады.

«Жол жүргенде қолымнан тастамайтын ана қара сөмкені ала кет деп сен маған неге айтпайсың?!» деген сияқты өкпе-наздарды естіген қасымыздағы бір қушыкеш жігіт мұның соңын әдемі әзілге айналдырсын. Ақсақал өзінің мінезіне өзі күліп жіберді. Біраздан соң жадырап, өткен-кеткеннен салиқалы әңгімелер қозғаған.

Соның бірі мынадай: 1969 жылы Сарқан қаласында жолаушылар автобустары үшін парк салу жөнінде Қазақ КСР Көлік министрлігінің арнайы бұйрығы шығады. Оның директорлығына тағайындалған Қанатжан Исабеков қанша тырысқанымен құрылыс жұмысы мандымай қояды. Қаржы жоқ. Алақан жайып талай жерге барған. Басшылар біріне бірі сілтеуден жалықпайды. Бір күні Алакөл ауданына сайлаушылармен кездесу үшін сол кездегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов келе қалады. Қ.Исабеков кездесуден кейін өзін қызмет бабы бойынша арнайы қабылдауын өтінеді. Б.Әшімов келісімін береді. Белгіленген уақытта төраға қабылдайды. Қ.Исабеков бұйымтайын айтады. Б.Әшімов одан 150 автобуска арналған парк құрылысы үшін қанша қаражат керек екенін сұрайды. Құрылыс

жұмыстары үшін нақты қанша ақша қажет екендігін Қанекен бұған дейін ойланбапты. Сасқанынан мөлшерлеп «400 мың сом» деп қойып қалады. Кейін білсе, бұл жұмыстар үшін 250 мың сом қаржы қажет екен. Бірақ, Б.Әшімов маңайындағылардың қарсылығына қарамастан аталған қаржымен қоса парктің төбесін жабуға қажетті өте зәру металды да бөлгізеді.

Сарқан ауданының әкімі Талғат Өмірәлиевтің кеңсесіне кіре берісте біздің ақсақалымыз қолдан қолға тимей кетті. Мұндағы үлкенді-кішілі қызметкерлердің бәрі Қанатжан Құспанұлын өздеріне ұстаз тұтады екен. Олар әңгімесін «Мен Қанекеннің қол астында жұмыс істеп жүргенде...» деп бастайды. Сонда, үлкен қызметтерге бару үшін алдымен автокөлік мекемесінде тәжірибеден өту бұл жақта дәстүрге айналған ба деп те ойлауға болатындай. Мұның мәнісін де кейінірек түсіндік. Өмір болған соң адамдардың басында әртүрлі жағдайлар өтіп жатады. Жап-жақсы қызмет етіп жүрген кейбіреулер аяқ астынан қызметінен босап қалуы түк емес. Ол әркімге әртүрлі әсер етуі мүмкін. Шағын ауданда өзіңе сай қызмет таба қою оңай дейсің бе?! Міне, осындай сәттерде әлгі адамдарды Қанекен әдейі іздеп барып, ақылдасып, өз мекемесіне жұмысқа шақырады екен. Жұмыс күші жетпей жатса бір сәрі-ау. АТП-да адамдар сығылысып тұрғанына қарамастан бәрібір жұмыс тауып береді. Осы үшін аудандық басшылардан сөз естіген кездері де аз емес. Алайда, Қанекенді ықтыра қою екінің бірінің қолынан келмейтін шаруа. Халыққа жасаған сол жақсылықтары бүгінде алдынан шығып отыр. Бүкіл Сарқан жұрты Қанатжан ағаны қатты құрмет тұтады.

– Қанатжан ағаны мен туған әкемдей жақсы көріп кеттім десем, сіздер кезекті мадақ сөздердің бірі деп қабылдайтындарыңыз белгілі. Дегенмен, осы сөзді тағы да қайталаймын. Оның бірнеше себебі бар. Соның біріне көздеріңді жеткізейін, – деген аудан әкімі Талғат Әбенұлы үстелінің бір бұрышындағы қағаздарды ақтара бастады. «Огни Алатау» газетінің биылғы сәуірдегі бір санын алып, бізге ұсынды. Қанекен туралы мақала суретімен басылыпты. Әкім сосын тағы бір жеке суретті көрсетті. Бұл –

әкімнің әкесі екен. Салыстыра қарадық. Білмеген адам мына екі суретті бір адамның суреті ретінде қабылдайтыны сөзсіз.

– Мінездері де, ақыл-білімдері мен жастарға берер өнегелері де ұқсас көрінді. Қазір мен бұл кісіге аудан әкімінің жастар тәрбиесі жөніндегі орынбасары деген қызмет беріп отырмын. Өйткені, Қанатжан аға ресми түрде осы ауданның құрметті азаматы. Халық өзі шын көңілімен құрмет тұтады. Ал, көңіл құрметін сұрап та, сатып та ала алмайсың. Оған ие болған адамдар – нағыз бақытты жандар ғой,– деген әкім сөзі де шынайы көңіл айнасын танытып тұрды.

Қайтар жолда Қанатжан ағаны әңгімеге тарта отырып, біраз сыр суыртпақтадық. Ол кісінің әскер қатарындағы қызметі, Мәскеуде жол апатына ұшырап, қиналған сәттері туралы әңгімелер жеке-жеке бір хикая. Жол апатынан кейін бұл кісі клиникалық өлімді бастан кешеді. Мәйітханада есін жиып, қайтадан тірілер қатарына қосылған Қанатжан ағай біздіңше енді ұзақ жасауға тиісті. Лайым солай болғай!

Өмірдерек

Исабеков Қанатжан Құспанұлы 1939 жылы Алматы облысы Андреев ауданы Комсомол селосында дүниеге келген. Орта мектептен кейін 1959-62 жылдары әскер қатарында болды. 1968 жылы Қазақ ауылшаруашылығы институтын бітірген соң Талдықорған облысындағы мал бордақылау совхозында бас инженер қызметін атқарды. 1969 жылы Сарқан аудандық көлік тасымалы мекемесі бастығының орынбасары болып тағайындалды. 1970 жылдан 1998 жылға дейін жолаушылар тасымалдау мекемесі болып қайтадан құрылған осы мекеменің бастығы.

«Еңбек ардагері» медалімен, КОКП Орталық Комитетінің, Кәсіподақ Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол – Қазақстанның еңбек сіңірген көлік қызметкері және Алматы облысы мен Сарқан ауданының құрметті азаматы, «Қанатжан» ЖШС директорлар кеңесінің құрметті төрағасы. Үш баланың әкесі, сегіз немеренің атасы.

«Президент және Халық» газеті,
6 қазан, 2006 жыл.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЖӘНЕ МИЛЛИОНЕР ҒАЛЫМ

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2003-2015 жылдардағы индустриалды-инновациялық даму стратегиясы елімізде бәсекеге қабілетті өнім түрлерін өндіруге және экспорттың өсуіне жағдай жасауға бағытталған. Елбасы биылғы халыққа Жолдауында бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу міндетін алға қойды. Осы орайда зияткерлік меншік институтын ұлттық экономиканың қажеттілігіне тиімді пайдалану ісі баса көрсетілді. Бірақ, зияткерлік меншікті басқарудың, оны қорғаудың ғылыми жүйесі жүзеге аспайынша үлкен мақсаттарға жету мүмкін емес. ҚР Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік құқықтары жөніндегі комитетіне қарасты Ұлттық зияткерлік меншік институтының директоры Саят Нұрмұхамедұлы Нүсіповпен болған сұхбатта осы және басқа да өзекті мәселелер тілге тиек етілді.

— Сәке, алғашқы әңгіmemізді өзіңіз басқарып отырған институттың өткені мен бүгінгі жағдайынан бастасақ...

— Қазақстандағы Ұлттық патенттік қызмет 1992 жылы Президенттің арнайы Жарлығымен құрылған болатын. Ал біздің институт 2003 жылы дүниеге келді. Бұл – өнеркәсіптік меншік нысандарына өтінімдер қабылдауды, сараптамадан өткізуді, мемлекеттік реестрлерді жүргізетін және зияткерлік меншікке қатысты түскен қорғау құжаттары туралы мәліметтерді жариялауды жүзеге асыратын мемлекеттік ұйым.

Зияткерлік меншіктің өзі екі саладан тұрады. Оның біріншісі – авторлық және сабақтастық құқықтарды қорғау деп аталады. Бұған жазушылардың, суретшілердің, сазгерлердің, тағы басқа шығармашылық адамдардың авторлық құқықтарын қорғау ісі жатады. Екіншісі – біздің тікелей міндетіміз болып табылатын өнеркәсіптік меншік. Оған өнертабыстар, тауар белгілері,

өнеркәсіптің үлгісі, пайдалы модельдер, селекциялық жетістіктер, тағы басқалар жатады. Осы салалар бойынша бір жаңалық ашқан адам біздің институтқа өтініш беру арқылы өзінің тауар белгісін әлемнің кез-келген елінде тіркей алады. Себебі, Қазақстан – өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясына мүше елдердің бірі. Бұдан басқа да халықаралық ұйымдармен келісімдеріміз бар.

– Яғни, Сіздер тек өнеркәсіптік меншікке қатысты сараптама жүргізесіздер және сол меншік иесінің құқығын қорғайсыздар. Қарапайым адамдарға мұның бәрі түсінікті дей алмаймыз...

– Мысалы, бір адам бір өнертабысқа қол жеткізді дейік. Енді ол осы өнертабыстың авторы өзі екенін жариялап, заңдастырмаса, оны ертең басқа біреу пайдаланып кетуі мүмкін. Бізге осы жөнінде өтініш түскеннен кейін негізгі үш талап бойынша сараптама жасалынады. Біріншіден, ол өнертабыс дүниежүзі бойынша жаңалық болып табылуы керек. Екіншіден, бұл өнертабыстың деңгейі жоғары болуы тиісті. Мәселен, бұрыннан бар затқа кішкене ғана өзгеріс жасап әкеліп, оны өнертабыс деп ұсынушылар да кездеседі. Бұл дұрыс емес. Үшіншіден, ол міндетті түрде өндірісте пайдаланылатындай болуы қажет.

Сондай-ақ, тауар белгілеріне де куәлік беріледі. Мәселен, бір елде бір техника жасалынса, оның төлқұжаты қоса жасалынады. Оны басқа мемлекетте дәл сол атпен шығаруға рұқсат жоқ.

– Біздің өндіріс саласындағы ғалымдарымыз көбінесе өздері ойлап тапқан жаңалықтарын өндіріске енгізе алмай жүреді. Сондықтан, шетелге сатып жіберуге мәжбүр. Осы жөнінде не айтар едіңіз?

– Бұл басқа әңгіме. Ол инновация мәселесі ғой. Өздерінің ойлап тапқан жаңалықтарын өндіріске енгізе алмаса, оған мемлекет тарапынан қамқорлықтың аздығынан деп түсінген жөн. Біз өндірістік зияткерлікті заңдастырамыз және оны қорғаймыз. Институтта «Өнеркәсіп меншігі» деп аталатын бюллетень ай сайын шығып тұрады. Осы басылымда кімнің қандай жаңалық ашқаны және ол кімнің меншігі болып табылатындығы

жарияланады. Бұдан кейін ол зияткерлік меншік дүние жүзінде ашық болады. Егер шетелдіктерді Қазақстандағы өндірістік жаңалық қызықтырса, авторымен келісіп, сатып алады. Яғни, өз патенттерін береді. Мұны да қадағалаймыз. Сонымен қатар, шетелдік ведомстволар да бізге өздеріндегі жаңа патенттер туралы ақпарат жібереді. Оларға біз өзіміздің патенттеріміз жөнінде ақпараттар береміз.

– Зияткерлік меншікке патент беру мерзімі жөнінде әртүрлі әңгімелер айтылады. Осыны толығырақ түсіндіре кетсеңіз?

– Патенттің өзі екі түрлі болады. Оның біріншісі – алдын ала берілетін патент, екіншісі – тұрақты патент. Алдын ала патент бес жылға беріледі. Қажет болған жағдайда тағы үш жылға ұзартылуы мүмкін. Патенттің өзі 20 жылға беріледі.

– Алдын ала патент деген не?

– Қазақстанға жылына өнертабысқа қатысты 1700-дей өтініш түседі. Олардың барлығын бірден қарап шығып, сараптама жүргізу мүмкін емес. Сондықтан, өтінішті қабылдап аламыз да, сараптама жүргізе береміз. Бірақ, оның иесі алдын ала патент алады. Яғни, оның авторлық құқығы қорғалып тұр. Оның еңбегін енді басқа мемлекеттердегі өнертапқыштар өз атына жазып алуы мүмкін емес.

– Сонда Париж Конвенциясына мүше елдердің бәріне жаңадан берілген патент таратылады деген сөз ғой...

– Әрине. Париж Конвенциясына 169 ел мүше. Олардың әрқайсысындағы патенттік ведомство әр елге өз патенттерін үзбей жіберіп отырады. Қазақстанға бір жылда 1700-дей өнертабыстық өтініш түседі дедік. Олардың 1500-іне алдын ала патент береміз. Қалған патентті ұзақ уақыт сараптаудан өткізуге тура келеді. Мұның үстіне енді шетелдерден келетін патенттерді қоссаңыз..

– Алдын ала патент беріп, кейін сараптамадан өткізгенде ол патент жарамсыз болып жатса қалай болады?

– Ондайда патент жойылады. Мысалы, сіз жаңадан бір қаламсап ойлап таптыңыз делік. Оған берілген алдын ала патент бойынша сіз оның иесісіз. Жаңағы қалам өндіріске еніп, өнім

ретінде сатылып жатыр делік. Бірақ, кейін оның соншалықты жаңалық емес екендігі белгілі болды немесе басқа біреуден ұрланғаны анықталып қалды. Ондайда патенттің күші жойылып, патент иесі ерекше құқығынан айырылады. Бірақ, өндіріс тоқтамай, өнім пығарыла береді.

– Мұндайда патент иесі шыққан шығынды төлейтін шығар?

– Жоқ төлемейді. Өйткені, ол ешкімге бәлендей зиян келтірген жоқ. Тек ерекше құқығынан айырылады.

– Қазақстан өнертапқыштарының патенттерін басқа мемлекеттердің сатып алуы қалай жүзеге асады?

– Қазақстан өнертапқыштарының бұл жөніндегі жағдайлары онша емес. Ол жақтан патент сатып алу үшін біздегі патент иелері сол мемлекеттің патентін алулары керек. Бірақ шетелдердің патенттері қымбат. Ғалымдарымыздың қалталары оны көтермейді. Соның салдарынан Қазақстанда шетелдік патенттер үстемдік етеді.

– Басқа елге патентті өткізер кезде сараптамадан өтпей қалған патент шығыны иесіне қайтарылатын шығар?

– Жоқ, оған кеткен шығын қайтарылмайды. Себебі, сараптама жүргізілді, ол үшін ақша төленді. Ал патенттің дұрыс болмауы автордың кінәсі емес пе? Қазақстандық өнертапқыштар өз патенттерін шетелдегі патенттік ведомстволарға өткізе алмауы біздің мемлекет үшін үлкен сын, әрине.

– Мұны шешудің қандай жолдары бар?

– Бұған тек мемлекет тарапынан көмек көрсетілуге тиіс. Былтыр Президент Қарағандыға барған сапарында шетелдерден патент алуға мүмкіндігі бар ғалымдарға мемлекет тарапынан көмек көрсетілетіндігін айтты. Үкімет осы жөнінде арнайы бағдарлама қабылдауға кірісті. «Ұлттық инновациялық қор» мен Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Ғылыми қордан» қаржы бөлінбекші. Жалпы, қазақстандық ғалымдар өз өнертабыстары үшін шетелдерден патент алуға әзірге ешқандай мүмкіндік жоқ десек, артық айтқандық емес. Оның бір себебі – жоғарыда айтқан қаржы мәселесіне келіп тіреледі. Бұл саланы

жетік білетін мамандар да аз. Өндірісте өзінше жаңалық ашқан адам оған қалай патент алудың жолдарын да білмейді.

Егер ғалымдар өздері ойлап тапқан өнертабыстары ертең өзіне үлкен пайда әкелетіндігін білсе, ол барлық күш-жігерін соған жұмсар еді де, мына жаһандану дәуірінде тек зияткерлік меншік иелерінің айы оңынан туар еді. Бұл дегеніңіз бір кездердегі Абайдың: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл болсеңіз» деген сөзінің шындыққа айналғанын дәлелдейді.

– Егер зияткерлік меншіктің дамуына елімізде жағдай жақсалынса, бәлкім, үлкен зауыт, фабрикалар салмай-ақ, ғылымға қажетті шағын зертханалар жасау арқылы-ақ әлемдік нарыққа шығуға болар?

– Әрине, бұл үлкен қиялдың өзі. Бірақ, бүгінде Жапония, Америка сияқты елдерде ең алдымен зияткерлік меншікті қорғау ісі бірінші орында тұр. Мектеп оқушыларының өзі сәл бір жаңа нәрсе ойлап тапса, мейлі ол шығармашылық меншік болсын, бірден қорғауға алынады. Сөйтіп, әркім өзі ашқан жаңалыққа патент алу жолын қарастырады. Егер біздерде солай болса, алдағы жылдары еліміз алдыңғы қатарлы 50 елдің алдына шығып кетуі де ғажап емес. Себебі, бізде қорғалып жатқан диссертациялар көп. Сол диссертациялардың ішінен теріп отырып, небір өнертабыстарды анықтауға болады. Алдағы уақытта ең бірінші осыған назар аударылғанын қалар едім. Сонда ғана, зияткерлік меншік тауарға айналады. Біздің бар мақсатымыз – Қазақстаннан таяу жылдары бір миллионер ғалым шығару болып отыр. Аманшылық болса, оған да қол жеткізер күн алыс емес сияқты.

– Өңгімеңізге рахмет. Мақсаттарыңыз орындала беруіне тілектеспін.

**«Президент және Халық» газеті,
19 мамыр, 2006 жыл.**

ТАМСАНДЫРҒАН «VITA»-НЫҢ ТАҒАМДАРЫ

Соңғы жылдарда Қазақстанда соя дақылын өсіру мен одан адам ағзасына пайдалы ондаған азық-түлік өнімдерін өндіру дамып келеді. Холестерині көп мал өнімдеріне қарағанда оның артықшылығы әлдеқайда көп. Десек те, халықтың, әсіресе, қазақтардың соя өнімдерінің пайдасы туралы ұғым-түсініктері әлі де кемсін. Ал, дұрыс пайдалана білгенге оның пайдасы орасан. Еліміздің бұл саладағы көш басшы кәсіпорындарының бірі «VITA» компаниясы. Алматы қаласындағы Түрксіб ауданында орналасқан «VITASOY» зауыты акционерлік қоғамның бір мақтанышы. Онда соядан шығарылып жатқан «гуляш», «фарш», «майонез» тағамдары таныс болғанмен оның қыр-сырын жұрт біле бермейді. Осы компанияның Бас директоры Петр Михайлович Потаповпен сұхбат кәсіпорнының тарихы мен ертеңгі даму көкжиегі, шығарылған өнімдердің түрлері мен өндіріс көлемі туралы тақырыптарды қозғады.

– Петр Михайлович, негізгі әңгімеге көшпес бұрын «VITASOYдың» өткені мен бүгінгісі жайында қысқаша ақпар беріп өтсеңіз.

– Адам ағзасына қажетті заттардың бірі белок – соя өсімдігінің құрамында көп жиналған. Онда мақта, жүгері, күнбағыс, сафлор, қыша, рапс, тағы басқа көптеген өсімдік майлары бар екендігі белгілі. Бірақ, сояның орны бөлек. Сол себептен, бұдан 13 жыл бұрын Алматыда «VITA» акционерлік қоғамын құрдық. Ондағы мақсат Қазақстан нарығында соя белогынан жасалынатын тамақ өнімдерін көбейту болатын. 1994 жылдан бастап шырғанақ және күнбағыс майларын шығаруды қолға алдық. Сол кезден бастап Шығыс Қазақстан облысы «Новая Шульба» кентіндегі бұрынғы зауытты қайта іске қостық. Сонымен қоса, Ресейдің Алтай өлкесіндегі Раздольное кентінен де филиал ашқанбыз. Бірақ, 1993 жылы Ресей мен

Қазақстанда қаржы жүйесіндегі өзгерістерге байланысты ол филиалымыз жабылды. 1996 жылы Алматыдағы «Иртыш» сауда кәсіпорнын сатып алдық. 1997 жылы осы кәсіпорында ай сайын 190 тонна сары май шығара бастадық. Сонымен қатар, күнбағыс майын шығаруға да кірістік. Сағатына 11500 бір литрлік құты шығаратын жаңа қондырғы сатып алынды. 2001 жылы «VITA» компаниясы майлылығы аз «Майонез» өндірісін жолға қойды. Ал осы жылы Алматыдағы бұрынғы Темір-бетон зауытының қаңырап қалған ғимаратын сатып алып, сол жерден «VTASOY» зауытын аштық. Бұл зауыттың ішіне жылына 6 мың тонна соя өңдейтін жаңа қондырғылар қойылды. 2002 жылы Америкадан тағы да бірнеше жаңа қондырғылар әкелінді. Енді біздер жылына 30 мың тоннадан астам өсімдік майлары тұқымын өңдеу мүмкіндігіне ие болдық. 2004 жылы компания соя өсімдігін жартылай майсыздандырудың кешенді технологиясын іске қосты. Енді жылына 140 мың тоннадан астам соядан жасалған өнімдер шығаруға қол жеткізілді. 2004 жылдың екінші тоқсанынан бастап жылына 27 мың тонна соя майын, 70 тоннадан астам оның сығымдалған түрлерін, 30 мың тоннадан астам «ақ жапырақша» деп аталатын соя өнімдерін шығару мүмкіндігіне ие болдық. Әзірге мұндай өндіріс орны қазіргі ТМД елдерінің ешқайсысында жоқ. Біздер енді соя өнімдерін Еуропа елдеріне де еркін ұсына аламыз.

– Ара-тұра соядан жасалған тамақ өнімдері адам ағзасына зиянды-мыс деген сөздер де естіліп қалады...

– Бұл түбірінен қате. Ежелгі елдердің бірі Қытай, Оңтүстік Кореяның адамдары ежелден-ақ осы соя өнімдерінен жасалған тамақпен күн көріп келеді. Егер ол адам ағзасына зиянды болса, алдымен солар зардап шегуі тиіс еді. Қазіргі кезде екі келі сығымдалған соя өнімінің қуаттылығы бір келі сиыр етіне тең екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденіп отыр. Ал, соя өсімдігінің қалдығы араластырылған құрама жемді малға, құсқа бергенде етінің сапасы екі есеге арта түседі. Ең бастысы, соя өнімдерінде адам ағзасына зиянды майлар болмайды. Ал, соядан жаса-

лынған гуляштың дәмі тіл үйретінін тұтынушылар әлде қашан мойындаған. «Иртыш» өсімдік майы қазіргі кезде кез-келген асүйде тұрғаны баршаға мәлім..

– Не нәрсені де бастау қиын. Осынау өндірісті жолға қою үшін де қомақты қаржы қажет болған шығар?...

– Бұл өндірісті бастау үшін біз «Қазақстан даму банкінен» 20 миллион АҚШ доллары шамасында несие алдық. Бәрі дерлік зауытты жарақтандыруға кетті. Бір бөлігін соя тұқымына жұмсадық. Бізді соямен қамтамасыз ететін фермерлерге тыңайтқыштар сатып әпердік. Бүгінде зауытта оннан астам цех жұмыс істейді. Соның арқасында қазір екі жарым мыңға жуық жұмыс орны ашылды. 2000 жылы мұнда бар-жоғы 109 адам ғана жұмыс істейтін. Осының өзінен-ақ 5 жылдың ішінде қаншама алға жылжығандығымызды аңғару қиын емес.

– Сонда жылына Қазақстанның ішкі тұтынуы үшін қанша өнім қажет?

– Бір жылда тек еліміздің ішкі саудасына шығарылатын 150-200 мың тонна тағам түрлеріне 600 мың тоннаға жуық өсімдік белоктары қосылады. Ал нақты тамақ өндірістері үшін 140 мың тоннадай сояның белоктары қажет. Оның 60 пайызын соя ұны құрайды. Әсіресе, ет өнімдерін өндіретін салаға белок өнімдері қажет-ақ. Әзірге Қазақстандағы ет өнімдері зауытының 60 пайыздайы ғана соя белогын пайдаланады. Сонымен қатар, соя белоктары сүт тағамдары мен кондитерлік, нан өнімдеріне, балалар тағамдарына емдік мақсатта қолданылады.

– Болашақта адамзат тек соядан жасалатын өнімдермен ғана күн көре ме? Қуаты күшті ет, сүт, май сияқты тағамдар соядан жасалатын болса, мал шаруашылығымен әуреленудің қажеті болмай қалатын шығар?

– 1991 жылы әлем бойынша 100 млн. тонна соя өнімдері өндірілген екен. 2003 жылдан осы уақыт аралығына дейін ол өнім көлемі екі есеге дейін артыпты. Бірақ, мал шаруашылығы одан кеміген жоқ. Қайта өсе түсуде. Яғни, адамзат тек қана соя өнімдерінен жасалған тағамдармен күн көруге тиіс десек, асыра

айтқандық болар еді. Алайда, ЮНЕСКО-ның соңғы деректері бойынша егер жер бетіндегі мал мен құсты бір-ақ күнде сойып тастаса, ол бүкіл адамзатты үш-ақ ай асырауға жетеді екен. Яғни, қалай дегенде де сояны көбірек өсіруіміз қажет. Мұнымен қоса жүгері, бидай сияқты өнімдерді де шығару керек.

– Қазақстан негізінен астық өндіретін өлкеге жатады. Соя өсіретін алқапты ұлғайтудың мүмкіндіктері қаншалықты?

– Қазақстанда қазір 13 млн. гектар жерге бидай, 50 мың гектар жерге соя егіледі. Айырмашылықты салыстыра беріңіз. Ал, бір ғана Алматы облысында 1 млн. гектар жерге астық өнімдері себіледі. Оның ішінде суармалы егістіктер 0,5 млн. гектарды құрайды. Егер осы 0,5 млн. гектар жерге соя егетін болсақ, бір ғана Алматы облысының өзі бір жылда 750 млн. доллар пайда табады екен. Бірақ, бәрібір бұрынғы әдет бойынша бидай еге береміз. Ал, Оңтүстік өңірде өскен бидайдың сапасы төмен болып келеді. Сол себепті, біз оны ешқайда өткізе алмай қиналып жүреміз. Осы жағын мемлекеттік деңгейде шешкен дұрыс.

– Қазақстан алдағы жылдары Дүниежүзілік сауда ұйымына кірмекші. Сонда Сіздердің өнімдеріңіз нарық алаңынан ысырылып қалмай ма?

– ДСҰ бізге қорқынышты емес. Қырғызстан бұл ұйымға кіргелі 6 жылдай болып қалды. Ал, бұл елде біздің екі зауытымыз жұмыс істейді. Өзгерген ешнәрсе жоқ. Өнімдеріміз әлі күнге дейін жоғары сұранысқа ие.

– Оның себебі неде деп ойлайсыз?

– Теңіз жағалауынан аулақта жатқан елдерге ДСҰ-ның тигізер әсері шамалы. Мәселен, ең алыста жатқан сонау Аргентинадан Қазақстанға бір тауар әкелу үшін оған 20 доллар жұмсалды делік. Енді оны Қазақстанға темір жол арқылы жеткізу үшін тағы да 50 доллар қосылады. Ал, сол тауарды өзімізде шығарсақ, ол әлдеқайда арзанға түскен болар еді. Ендеше, ДСҰ теңіз жағалауына жақын елдерге ғана қорқыныштылау құбылыс па деп ойлаймын.

– Соя өнімдерін Сіздер өздеріңіз егесіздер ме, әлде фермерлерден сатып аласыздар ма?

– Біз өңдеушілерміз. Ал, сояның өзін фермерлерден сатып алу үшін жыл басында келісім-шартқа отырамыз. Соңғы үш жылды «Ауыл жылы» деп атап, ауылға мемлекет тарапынан көптеген қамқорлық көрсетілуінің арқасында фермерлердің жұмыстары да жолға қойыла бастады. Олар енді бұрынғыдай емес, аса сапалы тұқымдарды егуге кірісті. Соның арқасында біздің өнімдеріміздің де сапасы арта түсетіні сөзсіз.

– Сіздерде жұмыс істейтін жұмысшылардың айлық жалақылары өте жоғары шығар?

– Орташа жалақымыз 35 мың теңгенің ар жақ-бер жағында ғана. Мемлекет бізге көмек ретінде жер салығынан, қосымша құн салығынан, мүлік салығынан уақытша босатты.

– Әңгімеңізге рахмет. Еңбектеріңізге табыс тілеймін.

**«Президент және Халық» газеті,
2 желтоқсан, 2005жыл.**

ТАПСЫРЫСПЕН ЖАСАЛАТЫН ТЕХНИКА

Алматы қаласындағы Жол құрылысы техникаларын жөндеу зауыты бүгінгі күн талабына сай жұмыс істеуде. Аталмыш мекеменің тарихы 1948 жылдан бастау алады. Кеңес үкіметі жылдары мекеме Қаз.ССР Көлік жолдары министрлігінің құрамында болған. КСРО тарағаннан кейін зауыт үш жылдай тоқтап тұрды. Тек жекешелендірілгеннен кейін ғана зауытқа жан біте бастады. Небір қиындықтарды бастан өткерген зауыт ұжымы биылғы жылы өз өнімдерін 142,5 пайызға артығымен орындады. Келесі жылы бұл көрсеткіш екі есеге көбейтілмек. Зауыттың бас директоры Василий Ширяев газет тілшісіне зауыттың бүгінгісі мен болашағы жайында әңгімелеп берді.

— Алғашқы жылдары Қазақстандағы басқа да ірі кәсіпорындар сияқты біз де тығырыққа тірелдік. Жол құрылысына арналған техникалардың барлығы қосалқы бөлшектер жетпегендіктен тұрып қалды. Бұрынғы үзілген байланыстарды қайта жалғауға тырыстық. Әсіресе, темір плиталар жетіспеді. Олардың көбісін Ресейден алатынбыз. Қолда бар затты қолма-қол айырбастау арқылы өзімізге қажетті бұйымдарды ештеп ала бастадық.

Қарағанды металлургия зауыты да көп кешікпей іске қосылды. Енді олар да біздің тапсырыстарымызды орындауға кірісті. Сөйтіп, аз жылдың ішінде-ақ өз аяғымыздан тұрып кеттік,— деп әңгімесін бастаған Василий Иванович қазіргі кезде зауыт шығарып жатқан өнімдердің әрқайсына жеке-жеке сипаттама берді. Зауыт басшысының сөзінен көп мәселенің сырына қаныққандай болдық. Жол құрылыстары техникаларын жөндеу зауыты әртүрлі техникаларды сатып алады да, оны қажетті сұраныстарға орай қайта жасап шығарады. Мәселен, Батыстағы мұнайшыларға мұнай таситын ауыр жүк машинасы қажет болды делік. Олар Алматыдағы осы зауытқа тапсырыс береді. Зауыттағылар төрт дөнгелегі айналып тұрған «КамАЗ» машинасының қаңқасын са-

тып алады да, оған мұнай тасуға арналған цистерналар орнатады. Нәтижесінде, кәдімгі «Бензовоз» дүниеге келеді. Енді бір тапсырыс берушілерге құм немесе тас таситын машина керек болып жатады. Тапсырыс алғаннан кейін зауыт дереу іске кіріседі. Бел-темірлер мен дөнгелектері ғана бар машинаға аз уақыттың ішінде сұранысқа сай қорапты тіркемелер орнатылады.

Ал енді бір тапсырыс берушілер өздерінде бар бұрынғы машиналарын мұнда әкеліп қайта жасақтатады. Мәселен, бұрын жүк таситын қорабы үлкен «КаМАЗ»-дың үстіне енді битум таситын бөшке орнату керек. Ондай арнайы бөшке тек осы зауытта жасалынады. Басқа жерден оны сатып алу мүмкін емес. Болмаса, көше жуатын және сыпыратын машина жасау қажеттілігі туындайды. Оны бастан аяқ жасайтын арнайы зауыт жоқ. Тек осы Жол құрылыстары техникаларын жөндеу зауытына ғана тапсырыс беру арқылы қажетті техникаға қол жеткізуге мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, жолға мұз қатқан жағдайда оған құм шашатын, тағы басқа ерітінділер себетін техниканы қайдан аламыз? Оны да жасайтын осы зауыт. Бас директор Василий Иванович зауыттан шығатын техниканың міндеті мен маңызын, қалай жасалатынын, қосалқы бөлшектерді қай жақтан қалай алатындығын егжей-тегжейлі әңгімеледі. Қала көшелерінде цемент тиеп бара жатқан немесе құрылыс қоспаларын тасымалдайтын көзге оғаштау көліктерге екiнiң-бiрi назар аудара бермейдi. Тiптi, қоқыс төгетін қораптардың қайдан, қалай жасалынатындығынан да бейхабар.

Мұның алдында бетон зауытында болған едік. Сол бетонды құятын темір қалыптар да осы зауытта жасалынатын болып шықты. Бұдан соң зауыт директоры Василий Ивановичпен бірге цехтарды аралап шықтық.

«Жүз рет естігеннен, бір көрген артық» демекші, техникалардың қалай жасалынып жатқандығы шынында қызық екен. Ішіне жүк машинасы еркін кіріп кететін алып шанақ цемент сақтау үшін жасалып жатыр.

Ал, оның екінші басы қарындаштың ұшындай сүйірлене бітіпті. Төбесінде, бүйірінде дәкерлеушілер жұмыс істеуде. Ал, мына бір ұзын мұнара тектес құрылғы мұнайшылардың тапсырысы бойынша жасалынып жатқан су айдайтын сорап екенін білдік. Өз істеріне ынтасымен берілген жұмысшылардың жан-жаққа қарауға шамасы жоқ. Василий Иванович олардың үстіндегі киімдеріне дейін сипаттап шықты. Бәрін зауыт қамтамасыз етеді. Жылы аяқ киім, шалбар, күртеше киген жұмысшылардың қимылдары ширақ. Өздері көңілді.

– Біздегі жұмысшылардың көбісі дәнекерлеушілер, сондықтан, оларға міндетті түрде сүт тағамдарын үзбей ішу керек. Бұл да зауыттың есебінен іске асады,– дейді Василий Иванович

Бұл зауытта Кеңес үкіметінен қалған қондырғылар да аз емес. Солардың өзін бір-біріне құрастырып, кейбірін өзінше жетілдіріп, жаңа бір қондырғылар жасап шығарыпты. Темір кесетін, тесетін, қалың қаңылтырларды иіп әкеліп, жаңа бір қалыпқа түсіретін қондырғылардың біразын көрдік.

Темір жоңқалаушы қондырғыны ұршықша иіріп, неше түрлі бұйымдар жасап жатқан шебердің жанына келіп аялдаған зауыт директоры жұмысшыны бізге Иван Поткин деп таныстырды. Ол кісінің жасы қазір 73-ке шығыпты. 1958 жылдан бері осы кәсіппен үздіксіз айналысып келе жатқан қария көпке үлгі әрі ақылшы көрінеді.

– Амандық болса, екі жылдан кейін бұл кісінің мерейтойын дүрілдетіп өткіземіз,– деп көңілдене шығар есікке беттеген Василий Иванович аулада дайын тұрған техникалардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталды. Тапсырыс бойынша жасалынған машиналарды таяуда иелері келіп алып кетеді.

Ал Жол құрылыс техникаларын жөндеу зауыты әрбір мекеменің сұранысына орай өз өндіріс құралдарын қайта жасақтап отырады. Сондықтан да, бұл зауыттың жұмыс реті басқаларға қарағанда ерекше. Шығаратын өнімдері де өзгешелеу болатындығы, сондықтан.

«Президент және Халық» газеті,
23 желтоқсан, 2005 жыл.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖАҢА БЕЛЕСТЕ

Кеше Алматыда Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Мемлекетаралық тоғызыншы кеңесі үкімет басшалары деңгейінде өтті.

ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесі осы ұйымның ең жоғары органы болып табылады. Оның құрамына қауымдастыққа мүше елдердің мемлекет басшылары мен үкімет басшылары кіреді. Мемлекет басшылары деңгейіндегі кеңес мәжілісі бір жылда бір рет өткізілсе, үкімет басшылары деңгейіндегі кеңес бір жылда екі рет өткізіліп тұрады. Әлемде жаһандану үрдісі белең алған тұста Қазақстан Президенті халықтар арасындағы жаңа байланыстардың аса маңызды бөлігі ретінде Еуразия Одағы идеясын ұсынғаны белгілі. Алғашқыда бұған басқаша көзқараспен қарағандар да табылды.

Оларға бұл жаңа идея бұрынғы КСРО-ға бастап апаратын жаңа бір әдістей әсер еткені рас. Олай болса, таза Еуразиялық экономикалық қауымдастық құрайық деген идея тағы да Қазақстан Президентінің аузынан естілді. Сөйтіп, 2000 жылғы қазанда Астана қаласында ЕурАзЭҚ дүниеге келді. Алғашқыда оның құрамына Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, және Ресей кірді. Кейіннен біраз байқақтап барып Тәжікстан қосылды. 2002 жылы Мәскеуде өткен ЕурАзЭҚ-тың кезекті Мемлекетаралық кеңесіне Молдова бақылаушы ретінде қатысқаны есімізде. Сол сәттен осы жиынға төрағалық етіп отырған Қазақстан Президентіне Украина президенті Леонид Кучма телефон шалып, алдағы уақытта экономикалық қауымдастыққа бақылаушы мүше ретінде қатысуға өтінішін білдіргені де белгілі.

Ал бүгінгі қауымдастыққа ЕурАзЭҚ-қа Молдава мен Украина, Армения мемлекетінен өкілдер бақылаушы ретінде қатысып жүр. Бұл – ЕурАзЭҚ бүгінде қанатын күннен күнге

кеңінен жайып, өзінің өміршеңдігін әлем алдында таныта түскендігін айғақтаса керек.

27 ақпан күнгі жиынды Мемлекетаралық кеңес төрағасының орынбасары, Қазақстан Премьер-Министрі Данил Ахметов жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселелер бекітілгенен кейін жиынға қатысушылар ЕурАзЭҚ-тың бас хатшысы Григорий Рапота мырзаны 60 жасқа толу мерекесімен құттықтады. Ал мұның алдында Г.Рапотаны Қазақстан Президенті II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттаған болатын. Бұдан кейін көтеріңкі көңілде іске кіріскен ЕурАзЭҚ-қа мүше елдердің премьер-министрлері таяу арада біртұтас кеден аймағын құру жөніндегі пікірлерін ортаға салды. Биылғы жылдың көктемінде Тәжікстан астанасында өткен саммитте Қазақстан Республикасының Президенті ЕурАзЭҚ көлемінде біраз жұмыстар әлі де жүзеге аспай жатқанын ашық айтқан еді. Әсіресе, өзара сауда саттыққа шектеу шараларын қолданбау, темір жол тарифтерін оңтайландыру бойынша шешімін күтіп тұрған істер аз емес болатын. Бүгінгі басқосуда бұған қатысты бірқатар құжаттарға қол қойылды. Беларусь мемлекетінің ЕурАзЭҚ-қа мүше болып кіргеннен бергі уақыттағы экономикалық және әлеуметтік дамуы жөнінде баяндама жасаған Беларусь Республикасының Премьер-министрі С.Сидорский қазіргі жағдайлары қай салада да ілгері екенін нақты деректер арқылы көрсетіп өтті. Бұл ел 2003 жылы машина жасау мен электроника және энергетика салаларындағы жұмыстарын нақты жолға қойған көрінеді. Тамақ өнімдері мен жеңіл өнеркәсіп бойынша да біраз табыстарға қол жеткізіпті. Қазір өздерін ғана қамтамасыз етумен қоймай, сыртқа тауар шығарып, одан қырауар пайда түсіре бастағандарын да мақтанышпен жеткізді. Жалпы, былтырғы жылы Беларусьтің тауар айналымы 22 миллиард АҚШ долларын құрапты. Инвестиция тарту ісінде де ілгерілеушілік бар. Кеңес мәжілісінде ЕурАзЭҚ мүшелерінің Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру тәртібі де қаралды. Бұл төңіректе әлі де келісіп пішетін мәселелер аз емес.

Қазақстан Премьер-министрі Д.Ахметов БСҰ-ға кірудегі Ресей мемлекетінің ұстынымы бәрімізге үлгі болатын сияқты деген пікірін ашық айтты. Қауымдастыққа мүше елдердің үкімет басшылары да Ресей идеясы көңілдеріне қонатындарын жасырмады. Яғни, БСҰ-ға ЕурАзЭҚ мүшелері бәрі бір кісідей кіргені дұрыс деген ой бәріне ұнады. Сондай-ақ, ЕурАзЭҚ шеңберінде біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыру ісі жөнінде де жаңа құжаттарға қол қойылды.

Бұдан былайғы уақытта негізінен ТМД мен ЕурАзЭҚ-тағы интеграциялық ынтымақтастық тәжірибелері молынан пайдаланылады деп шешілді. Үзіліс арасында журналистердің сұрақтарына жауап қайтарған Ресей Федерациясы Премьер-министрінің міндетін атқарушы В.Христенко бұл елде үкімет басшысы ауысқанымен, ЕурАзЭҚ көлемінде бұған дейін қабылданған шешімдер мүлтіксіз орындалатынын мәлімдеді. Бүгінгі таңда газ бен мұнай ісіне қатысты Беларусь пен Ресей арасындағы сәл келіспеушіліктер ЕурАзЭҚ жұмысына салқынан тигізбей ме деген сауалдараға екі ел үкіметінің басшылары «бұл біздің ішкі экономикадағы өзара келісіп шешетін шауралар, қауымдастық жұмысына ешқандай да салқынын тигізбейді» деп бірден жауап қайтарды.

Сөз арасында Шардара су қоймасындағы ахуал да тілге тиек етілді. Бұған Қазақстан Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.Школьник егжей-тегжейлі жауап қайтарды. Қырғызстан мен Қазақстан ЕурАзЭҚ-қа мүше елдер ретінде осы іспен бірлесе айналысуда. Ал көрші Өзбекстанмен де келісу қиын емес сияқты. Алдағы уақытта бәрі оңымен шешіледі деген үмітке толық жауап естідік.

Қырғызстан Премьер-министрі Н.Танаев пен Тәжікстан Премьер-министрі А.Акилов энергетика саласында Қазақстанмен бірлесіп шешілуге тиісті жұмыстардың жобасы жөнінде нақты құжаттар жасалып жатқанынан хабардар етті. Оны жүзеге асыру ЕурАзЭҚ-тың әлеуеті мен мүмкіндігін көрсетіп, біздің бұдан былайғы ынтымақтастығымызды нығайта беретініне

сенімді екендіктерін білдірді. Қысқасы, бұдан төрт жылға жуық бұрын өмірге жолдама алған Еуразиялық экономикалық қауымдастығы қазіргі кезде өзіндік құрлымы қалыптасқан беделді халықаралық ұйымдардың біріне айнала бастағаны шындық. Оның осындай дәрежеге жетуіне Қазақстан Республикасы Президентінің қосқан үлесі зор екенін айта кетудің еш артықтығы жоқ. Бұған дейін ЕурАзЭҚ ТМД-ны алмастыру үшін құрылған жаңа ұйым шығар деген күдіктер де айтылып қалатын. Алайда, ТМД ерікті ұйым екенін, ал ЕурАзЭҚ қатаң түрде жарғыға бағынатын халықаралық қауымдастық екенін бүгінде дәлелдеп жатудың өзі артық, оны күн сайын өмірдің өзі дәлелдей түсуде. Ендеше, ЕурАзЭҚ бүгін жаңа белестерге қадам басты деп нықтап айтуға негіз бар деп ойлаймыз.

**«Егемен Қазақстан» газеті,
28 ақпан, 2004 жыл.**

СӨЗ СОҢЫ

Әскердегі реформа жайында «Алғы сөзде» біршама ақпарат айтылды. Бірақ ішкі құрылымдағы өзгерістер барысында бұл салада да қателіктер мен сәтсіздіктер орын алғанын ашық айтқанымыз жөн.

Соның бірі – ішкі әскер мен шекара әскеріне қатысты. Бұрындар Қазақстан Республикасының Ішкі әскері тікелей КСРО Президентіне бағынатын. 1986 жылғы көтеріліс кезінде жастарға қарсы пайдаланылған осы әскери құрылым Тәуелсіздіктен кейін Қазақстан Президентіне тікелей бағынды. Ел ішінде әлдеқандай дүрбелең орын ала қалса, тағы да осы әскер пайдаланылады.

Бұл – Президенттің қолымен от көсегендей болады, ол кісінің атына кір келтіреді делінді. Сондықтан, Ішкі әскеріміз Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне бағындырылды. Бірақ кейіннен қайтадан өз орнына келтірілді.

Шекара әскері де осындай шырғаланды бастан өткерді. Ежелден КГБ-ға қарасты бұл әскери құрылым Қазақстан Қорғаныс министрлігіне қосылды. Көп ұзамай қайтадан КНБ-ға берілді. Оның себептері баспасөзде көп айтылмады. «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде біз осы сала басшыларынан сұхбат ала отырып, өз ауыздарынан пікірлер айтқыздық. Дегенмен, олар көп мәселені тігісін жатқызып жеткізуден тайсақтады. Оған осы кітаптағы сұхбаттар мен талдамалы мақалалар дәлел бола алады деп ойлаймыз.

Сондай-ақ, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік те біраз «қақпақыла» түсті. Бірде «Агенттік» деп аталса, енді бірде Қорғаныс министрлігінің құрамына кіргізілді. Енді бірде Ішкі істер министрлігіне бағындырылды. Осылардың бәріне журналист ретінде куә бола жүріп, қолдан келгенше өз ойларымызды ортаға салған кездеріміз де аз емес. Оларды болашақ журналистер осы жинақтың ішінен тауып алып оқып жатса, біздің де еңбегіміздің ақталғаны деп білеміз.

Ал эконмикалық реформаларға келер болсақ, айтылар ойлар жетерлік. Тәуелсіздікке қол жетпей тұрған кезден бастап

құлағымыз үйренген нарықты экономиканың құйтұрқы әрекеттері жайында біраз жаздық. Әсіресе, жекешелендіру саясатын әшкерелейміз деп жүріп, сол кездегі Елбасына ұнамай қалған кездеріміз де аз емес. Ол кісінің «Алдымен экономика, сосын саясат» деген сөзін ұранға айналдыра жаздағанымызды несіне жасырамыз. Уақыт бәрін өз орнына қойды. Бүгін сол кезде жазған мақалаларымызды оқи отырып, өз басым еш қымсынбаймын. Барды – бар, жоқты – жоқ деп айта біліппіз. Иә, сол кездегі Президенттің аты-жөні әр жазбаның арасынан жиі көрінеді. Ол да өмір шындығы, әрі тарих. Ал тарихты танып, білу керек. Ендеше, көп журналистің бірі ретінде өмір шындығын өз қалпымен көрсеттім деп ойлаймын. Бұл сөзім шындыққа жанаспаса, келешек ұрпақ өз бағасын бере жатар деген үміттеміз.

С. Жұмабекұлы.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I. Бөлім. Әскери журналистика

I.1. Отаншылдық рухпен!

Ұлттық Армия құру қиын емес	8
Сарбаз неге саптан қашады?	12
Ұлттық армия құру	20
Әскеріміздің айбынын арттырайық!	26
Барыс елдің әскери болашағы.....	31
Жас офицерлер сапка тұрды	47
Жаттығуда қиын болса, ұрыста оңай	49
Соғыстар мен қақтығыстардың алдын алу.....	52
Қытай жеріндегі жаттығулар сәтті аяқталды	59
Отардағы жағдай оңала ма?	62
Өмір мүлдем өзгерді, ал әскер ше?	65
Сарышағын – ерлік сынағы.....	69
Сарышаған сынағынан есейіп шықтық	71
Туған жердің жиегін басып жүрген	82
Айдарынан жел ескен жасақ керек.....	87
Қазақстанның кәсіби армиясын құра алдық.....	90
Шекарадағы бірлескен жаттығу	98

I.2. Ұлт ұланын ұлықтап

Антыңды арындай сақта!	102
Арман болған ақ бұлттың арғы жағы.....	104
Әскерге ақыл-айла, әдіс керек	109
Әскердегі алтыншы күн	112
Әскери қылмыс өте қауіпті.....	114
Әскери тәртіп әлпештеуді көтермейді	120
Әскер – тәуелсіздігіміздің кепілі.....	122
Әскеріміздің мәртебесі арта берсін!.....	125
Әуе кеңістігі күзетінде	127
Екі жыл босқа өтпейді	129
Қазіргі армиямыз қандай күйде?	131
Қазіргі әскер бұрынғыдан өзгеше	133

Тәуелсіздік ұландары.....	139
Қазақстанға қызмет етемін!	141
Қаламды қаруға айырбастаған күн.....	143
Қыздарға оқа таққан жараспай ма?!	146
Соғыстың «кұдайы».....	149
Ядролық қаруды жасыра алмайсың	151
Бейбітшілік жолындағы серіктестік.....	153

I. 3. Аға буын аманаты

Ажалдан Мәншүк арашалаған	156
Әрбір әке өз ұлын әскерге әзірлеуге тиіс	160
Майдангер офицердің полковник перзенті	164
Жасындай жарқылдаған ғұмыр	167
Орыс әскерилерін таңғалдырған	171
Қазақ генералдары	176
Қаһарманның қабағы неге кірбің?.....	185
Қыран қайта түледі!.....	191
Ассалаумағалейкум, полковник Қайсенов!.....	194
Батырдың Алтын жұлдызы тапсырылды	196
Құпия соғысқа қатысқандар	197
Құпия соғысқа қатысқандар шындықты	201
Қыран ғұмырдың бір күні	211
Моладағылардың мұңы... ..	215
Өзіміз емес, өзгелер білген батыр ұл	223
Қырық жыл қарсы барлауда	231
Сағындық сені, «Қаратөбе»!.....	242
Соғысты 12 маусымда аяқтаған.....	245
1941 жылдың 22 маусымы	148

II. Бөлім. Экономикалық журналистика

2.1. Өндіріс – өмір өзегі

Барлық қажеттілік сақтандыру қызметін	250
«Алтын полис» алатын асулар алда	257
Тендердегі теңсіздіктер	263
Өтіріктің балын жалап күн көргенше... ..	266
Қазақстан «Үлкен сегізлікке»	278
Ұжымдасып іс атқаруға да	281
Инвесторларға қатаң шарттар... ..	285
Қуанышы көп күндер көбейсе екен	288

Өндірістік бәсеке – өмір талабы.....	295
Акция үшін арпалыс	298
Алдымен – экономика... ..	300
Дамудың даңғылындамыз!.....	308
Алматының алпауыт базарлары	315
Арман болған Алматы метросы	319
АПК-ны қайта құру-халыққа жарық пен жылу	322
Астықты молайтудың әдісі көп	325
Қыр-сыры көп «КВОбТ»... ..	327
Халықаралық қалыпқа сай	329

2.2. Ырыс алды – кіріс

Дамуымыз қай деңгейде?	336
Қауымдассақ, қапы қалмаймыз	340
Жұмысшылар жағдайы басты назарда... ..	342
Білікті мамандар – мақтанышымыз... ..	348
Бизнестегі бақ пен сор.....	351
Кәсіпкерлерді қыспақтаушыларға да құрық бар	356
Кедей болмауға мүмкіндігіміз бар	360
Кеден және келешек	363
Кеденге келдік, көп нәрсе көрдік	365
Қорғас кеденіне қайта келдік... ..	370
Мұңай маңайындағы шудың мәнісі	376
Суретшілер неге пайда таба алмайды?	380
Құрылыс – халық игілігіне.....	383
Теңізге шығатын жол... ..	391
Туризм табыс көзіне айналады	398
Туризм-табыс көзі.....	400
Тұғыры биік «Транссистема»... ..	402
Шыныталшық – теңдесі жоқ зауыт	405
Ел құрметіне бөленген	410
Зияткерлік меншік және миллионер ғалым.....	414
Тамсандырған «Vita»-ның тағамдары.....	419
Тапсырыспен жасалатын техника	424
Экономикалық қауымдастық жаңа белесте.....	427
Сөз соңы.....	431

Оқу басылымы

Серік Жұмабекұлы

**ЖУРНАЛИСТІК ШЕБЕРЛІК:
ӘСКЕРИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА**

Хрестоматия
2-том

Компьютерде беттеген және
мұқабасын көркемдеген *А.Т. Акылова*

ИБ №

Басуға 12.06.2025 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84/16. Көлемі 27,25 б.т.

Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №

Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды



Серік Жұмабекұлы

1982 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Бұдан кейін Қазақ ССР Республикалық кітап музейінде ғылыми қызметкер, «Жалын» баспасында редактор, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің органы «Халық Кеңесі» газетінде бөлім редакторы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің органы «На страже-Сақшы» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінде бөлім редакторы, Халықаралық «Қазақстан-Заман» газетінде бөлім редакторы, «Президент және Халық» газетінде Бас редактордың бірінші орынбасары, «Қазақстан» РТРК АҚ-да жетекші маман және редактор-сценарист қызметтерін қоса атқарды. 2011 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінде аға оқытушы.

Публицистикалық жанрда жазылған жеті жинақтың авторы. «Әр жылдар іздері», «Қыран қайта түледі», «Ұстаздың жан жылуы», тағы басқа кітаптарын кезінде оқырман жылы қабылдады.

Ол – ұзақ жылғы журналистік тәжірибесін теориямен ұштастырып, ғылыми айналысқа түсіру жолында еңбек еткен ұстаздардың бірі.

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПАҒЫ